Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ30VPY00029268
выдано
Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528

Бас редакторы – главный редактор
Жусупов Н. К.
д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора — Анесова А. Ж., *доктор PhD*
Ответственный секретарь — Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*
Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*
Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*
Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

Абдыханова Б. А., Касымова А. А., Жангалиева Д. А.
Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасындағы аргументтік құрылымның лингвистикалық сипаты (Аргумент теориясы негізінде).....7
Абужалитова А. Т., Ажгалиев М. К.
Филолог студенттердің лингводидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы «Case-study» әдісінің рөлі: тәжірибелік үлгі 26
Адильбаева Д. С., Шаймарданова С. К., Мукатаева Г. Е., Кривенко Г. А.
Современный медиатекст как образовательный ресурс: лингводидактический и компетентностный аспекты.....40
Аймұхамбет Ж. Ә., Сабыржан Н. С.
Қазақ әдебиетіндегі антропологиялық парадигма: эволюциясы мен көркем репрезентациясы 54
Акишева Ж. С.
XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясындағы лирикалық цикл: көркемдік тұтастықтың қалыптасуы.....70
Aminova L. A., Saurbayev R. Zh., Yerekhanova F. T., Kapenova Zh. Zh., Omarov N. R.
Linguodidactic aspects: formation of professionally-oriented dialogic speech in teamwork 85
Анесова А. Ж., Садығұл Т. Қ., Сулейменова А. К.
Цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесі: теориялық-әдіснамалық талдау.....99
Ashinova K. A., Sydykova B. T., Orynkhanova G. A., Murzagaliyevà M. K.
Lexical features of modal words.....115
Әбдісәмет Қ. Е., Мекебаева Л. А.
Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі кейіпкер темпераменті мен психотипі 130
Әбдуәлиұлы Б., Сыпатай С. Т.
Қазақстан трансшекаралық гидронимдері: тарихи-лингвистикалық талдау.....143
Әділбекова Ж. Б.
Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Джек Лондон мұрасының рецепциялық ерекшеліктері.....157
Байжігіт Б. С., Казакбаева К. Р., Қадыров Ж. Т., Шапауов Ә. Қ., Кадыров А. Ж.
Комическая функция авторского новояза в романе А. Кима «Посёлок кентавров» 172

Баймыш Л. Қ., Бәкірова Ш. Ә.
Қазақ поэзиясындағы әлемнің тілдік бейнесі: XX ғасыр контексінде.....184
Бейсембаев А. Р., Бахралинова А. Ж.
Слышать время: Наум Шафер и этика интерпретации 200
Бекен А. А., Балхимбекова П. Ж.
Лингвостилистические приёмы создания художественного образа
в англоязычной литературной сказке XX–XXI веков 218
Бертаева А. С., Андрющенко О. К.
Полифункциональность легенды «Честь»
в романе Р. Сейсенбаева «Трон сатаны» 231
Бирай Н., Нургожина Б. В.
Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы
ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің
лингвопрагматикалық ерекшеліктері.....246
Вахитова Т. Ф., Утешова З. Г., Мухтарова С. С.
Термины родства и их связь с лингвокультуремой степь:
ассоциативный и сопоставительный анализ.....262
Жорашова А. М., Айтуганова С. Ш.
Қазіргі қазақ прозасындағы баяндау композициясы:
құрылымдық ерекшеліктер мен көркемдік тәсілдер
(А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай шығармалары негізінде) 277
Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Аблаев А. С.
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Жақсы», «Надан», «Адасу» т.б.
сөздерінің қолданылу ерекшелігі 291
Жусупова Г. К., Бекбосынова А. Х., Жусупов Е. К.,
Емельбаева Э. Ж., Жанабекова Д. Б.
Исламдық мифтер мен пайғамбарлар тақырыбының
қазақ әдебиетіндегі орны.....301
Жүнісқали Ә. Қ., Юсупова А. Ш.
«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі
мифонимдердің этномәдени коннотациясы 313
Ибраева Ж., Четиндаг Суме Г., Эртисхан О.
Қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің түрлері
мен олардың тілдік көрінісі.....325
Ибраева Н. Б., Ерғалиев Қ. С., Ерғалиева С. Ж.,
Сарыбаева Б. Ж., Бердыбекова Ж. М.
Қазақ фразеологизмдеріндегі ұлттық құндылықтардың көрінісі 342
Исабекова Ж. А., Сейсенбиева Э. С.,
Аитова Ж. Ж., Бегманова Б. С.
Р. Мұқановаңың «Күнә» әңгімесінің көркемдік табиғаты
және нарративтік ерекшеліктері 355
Ихсан Д. М., Кемеңгер Қ. Р.
М. Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы
(XX ғасырдың 20 жылдарындағы түркістан баспасөзі негізінде) 368

Кадырова Г. Р., Килевая Л. Т., Джумашева А. Б., Арзиева Е. Р.
Лингвосинергетический эффект в перспективе
трансформации современной коммуникации 383
Калиев Б. Н., Ахметова Б. З., Тлеулесова А. Ш.,
Токсанбаева Т. Ж., Аяпбергенов Б. К.
Региональные особенности словообразования имен
в речевой практике Северного Казахстана.....398
Касенова А. К., Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С.
Ағылшын тілді бейресми коммуникацияда лингвистикалық
стратегияларды қолданудың гендерлік ерекшеліктері.....409
Клюшина З. В., Погожева Е. Ю., Журавлева Е. А.,
Мадеева А. А., Селезнева К. С.
Фразеологические единицы как отражение национального
характера в контексте межкультурной коммуникации.....425
Kozhas D. A.
Linguocultural and discursive aspects of the national image 440
Kos V. V., Zhumabekova B. K.
Nature as a metaphorical dominant in Ted Hughes' poetry 459
Koshimova B. A., Kenbayeva A. Z.,
Abisheva Sh. S., Zhumanbayeva R. O.
Semantics of coloronyms in the toponymic system
(Based on toponyms of Mangistau).....473
Құмар Л. Қ.
Б. Майлин прозасындағы гастропоэтикалық детальдар 488
Kurmanova B. Zh., Utegenova A.,
Kurman N. Zh., Zhumagulova A. A.
Language situation: definition and research approaches.....498
Мамыр С. Д., Демченко А. С.
Казахстанская городская повесть: жанровые особенности
и ключевые концепты 513
Мәди Б.
Қазақ тіліндегі эмоциялық етістіктердің
фреймдік-семантикалық моделі 524
Монгилёва Н. В., Медетова Э. Б.
Дискурсивные стратегии деприватизации гендерного
насилия в современном медиапространстве
(на материале интервью Жизель Пелико).....540
Muzhigova G. M., Auyesbayeva P. T., Zeinulina A. F.
The image of the youngest son in Kazakh fairy tales.....561
Мусаев Ә. С., Амангельдин Е. А., Алкебаева Д. А.
Жасанды интеллект құрастырған қазақ мәтіндерінің
грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктері.....572
Мұқият Д., Алимтаева Л. Т.
Билингв балалардың сөйлеуінде
фонетикалық интерференцияның көрінісі 589

Мұхиддинова Г. Ә., Есенова Қ. Ө.
Лингвоаксиология ғылымы: Prisma әдісімен жасалған
систематикалық әдеби шолу.....605
Нурмаганбетова Г. Б., Шоқым Г. Т.
Медиадискурстағы гендерлік асимметрия: дискурстық талдау 620
Отарбаева Ғ. Н., Жұмақаева Б. Д., Алпысбай Ә. Р.
Көркем мәтін интерпретациясы арқылы оқушылардың
эмоциялық зиятын (EQ) дамыту моделі.....632
Тлеулинова М. Б., Алпысбаева А. Е., Саргелтаева А. Қ.,
Олькова И. А., Манапбаева Ж. Ж.
Көркем мәтіндегі паралингвистикалық элементтер және олардың
аудармасы: Дулат Исабековтың «Гауһартас» шығармасы негізінде.....650
Khalym B., I. Baissydyk B.,
Ibragimov Zh. B., Tazhenova A. S.
Neurolinguistic characteristics of a child's personality.....665
Шүкенай Г. Т., Уәли Н. М., Мамырбек Г. М.
Қазіргі медиакеңістіктегі тілдік ауытқулар:
түрлері, себептері мен салдары 682

Авторлар туралы ақпарат
Сведения об авторах
Information about the authors.....697

Авторларға арналған ережелер
Правила для авторов
Rules for authors 738

Жарияланым этикасы
Публикационная этика
Publication ethics.....762

ҒТАМР 16.21.33

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/7-25

Б. А. Абдыханова[1], А. А. Касымова[2], Д. А. Жангалиева[3]
[1,2,3]Шәкәрім университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8076-2336
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8783-888X
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0005-8433-4263
*e-mail: baktygul.abdykhanova73@gmail.com

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ҮШ АНЫҚ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АРГУМЕНТТІК ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (АРГУМЕНТ ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда мәтінді аргумент теориясы тұрғысынан талдау маңызды әдіснамалық бағыттардың бірі болып саналады. Аргумент теориясы мәтіннің ішкі логикасын, дәлелдеу тәсілдерін, пікірді негіздеу механизмдерін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, аргумент және аргументация ұғымдарының түсініктемесі берілді, бұл ұғымдардың басқа ғылым салаларында қолданылып жүрген ұқсас терминдермен байланысы қарастырылды және аргумент пен аргументация ұғымдарының айырмашылығы көрсетілді.

Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасының өзегін құратын аргументтерді талдауға бағытталды. Қазақ ойшылдарының ішінде аргумент қолдану мәдениетін жоғары деңгейде пайдаланған тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармалары логикалық тұтастығымен, философиялық дәлдігімен және моральдық-этикалық уәждерінің беріктігімен ерекшеленеді. Бұл мақала Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасын аргумент теориясы тұрғысынан саралап, ақынның ойлау жүйесінің ерекшелігін ашуды мақсат етті. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасындағы аргументацияның лингвистикалық сипаты қарастырылады.

Шәкәрімнің аргументативтік стратегиялары ұлттық ойлау дәстүрінің логикалық сипатын көрсетіп, қазақ дәлел мәдениетінің

тарихи негізін тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, «Үш анық» шығармасы қазақ интеллектуалдық дискурсының аргументативтік моделін айқындайтын маңызды мәтіндердің бірі ретінде қарастыруға болады.

Кілтті сөздер: аргумент, аргументация, үш анық, аргументативті лингвистика, прагматикалық аспект.

Кіріспе

Аргумент теориясы ерекше пәнаралық сипатқа ие, ол лингвистика, логика, семантика, прагматика, риторика, когнитивті психология және философиядағы зерттеулер парадигмасын құрайды. «Аргумент теориясы – адамның қарым-қатынасы мен танымын зерттеуге арналған бірқатар ғылымдар түйіскен кешенді пән. Бұл ғылымдардың ішінде философия мен логика, тарих және әлеуметтану, лингвистика және психология және т. б. бар» [1, 6-б.]. Әр түрлі жанрдағы мәтіндердегі аргументтердің түрлері мен қызметін анықтау және сипаттау гуманитарлық ғылымдар үшін қызығушылық тудырады. Риторикалық дәстүрге сүйене отырып, қазіргі заманғы аргумент теориясы бір-бірін тиімді толықтыратын ұтымды түрде сендіру мен эмоционалды әсер ету әдістеріне негізделген.

Аргумент теориясының ерекшелігі, бір жағынан, оның негізі екі жарым мың жыл бұрын ежелгі грек ойшылы Аристотель, оның замандастары, тікелей ізбасарлары мен қарсыластары қалаған ежелгі ғылыми пәндердің бірі болып табылады. Екінші жағынан, аргумент теориясы ең жас ғылыми сала қатарына жатады, өйткені ол өзінің қарқынды дамуын XX ғасырдың ортасынан бастаған, бүгінде жаңа пәнаралық сипатқа ие болып, бірқатар ғылыми салалармен тығыз байланыста қарастырылып отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары қазақ руханиятында ерекше орын алады. Оның философиялық және поэтикалық мұраларында тілдік құрылым мен логикалық ойлау өзара тұтасып, күрделі аргументтік дискурс тудырады. Соңғы жылдары әлемдік лингвистикада аргументтік талдау маңызды бағыттардың біріне айналды. Шәкәрім шығармаларын аргументтік лингвистика негізінде қарастыру – ғылыми тұрғыдан өзекті мәселе деп есептейміз.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу материалдары ретінде аргумент теориясына қатысты теориялық еңбектер қарастырылды, аргумент ұғымын анықтау мақсатында түсіндірме сөздіктер қолданылды. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасының толық мәтіні қарастырылды және кең түсінік үшін және тұтастық үшін ақынның өзге еңбектері де есепке алынды. Зерттеу барысында мәтін ішіндегі аргументативті құрылымдарды анықтау үшін мәтіндік талдау

әдісі, ақынның философиялық дискурсындағы аргументация ерекшеліктерін сипаттау мақсатында сипаттама тәсілі, бағалауыштық мәндегі, дәлелдеуші тілдік бірліктердің мағынасын ашу үшін, аргумент түрлері мен тілдік маркерлерді топтастыру үшін жіктеу және жүйелеу әдісі қолданылды.

Куссе Х., Ottmers Cl., Beckermann A., Karl-Heinz Göttert, Heike Mayer, Ивин А. А., Тимофеев А. И. зерттеулерінде аргументация, риторика, логика терминдеріне жан-жақты талдау жүргізілген [13; 10; 11; 15; 16; 1; 17]. Мысалы, Klaus Bayer – «Argument und Argumentation: logische Grundlagen der Argumentationsanalyse» [14] еңбегінде аргумент пен пайымдаудың логикалық құрылымын қарастырады, Karl-Heinz Göttert – «Argumentation. Grundzüge ihrer Theorie im Bereich theoretischen Wissens und praktischen Handelns» [15] еңбегінде аргументация теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылған, ғылыми (теориялық) аргументация, саяси, моральдық аргументация, аргументтің әрекетке әсері, шешім қабылдау процесіндегі аргументтің рөлін қарастырады. Heike Mayer – «Rhetorische Kompetenz. Grundlagen und Anwendung» [16] зерттеуінде аргументация риториканың негізгі бөлігі ретінде, сөйлеушінің сендіру қабілеті, адресатқа әсер ету стратегиялары қарастырылған. Х. Куссе – «Агрессия и аргументация» [13] еңбегінде аргументация мен агрессивті коммуникацияның өзара байланысын зерттейді. Автор тілдік агрессияның қалай пайда болатынын, аргумент пен қысым, манипуляция арасындағы шекараны, дау, полемика, пікірталастағы агрессивті стратегияларды прагматикалық және дискурстық тұрғыдан талдайды. Аргументация логикалық дәлелмен шектелмейді, ол әлеуметтік-психологиялық әсер ету құралдарымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Аргумент теориясы пәнаралық сипатқа ие болғандықтан, ғылымның басқа салаларында аргумент түсінігін анықтаушы көптеген ұғымдар бар: тезис, дәлел, алғышарт, қорытынды, негіздеме, ақиқат т.с.с. Аргумент ұғымына қатысты түсіндірмелер осы ұғымдардың қосындысы немесе жиынтығы аргумент түсінігінің мағыналық сипатын беретіндігін көрсетеді: Аргумент (лат. argumentum – нәрсе, пән, белгі) – 1) философияда – пікір (немесе өзара байланысты пікірлер жүйесі) қандай да бір ойдың немесе теорияның ақиқаттығына келтіретін дәлел. Аргумент логикада дәлелдеудің негізгі алғышарты ғана емес, пікір мен идеяның толық негізі ретінде де қаралады. Оған қойылатын жалпы талаптар: ақиқаттылық, дәлелділік, айқындылық, бір мәнділік, сенімділік [2,74-б.]; «Аргумент – бұл алғышарттар мен тұжырымдардың жиынтығы»[3, 19-20-бб.]; ««...аргументті біз «Тезис + Алғышарттар + Дәлелдеу» кешені ретінде түсінеміз» [4,18-б.].»; «Негіздеме-аргументтің логикалық формасы, оның «логикалық каркасы» [5, 8–10-бб.]; «Аргумент қарым-қатынастың ажырамас элементі ретінде негіздер мен

дәлелдерді іріктеу мен талдауға бағытталған интеллектуалды әрекет» [6, 85-б.]. Аргумент ұғымына қатысты жоғарыда берілген анықтамаларға сүйене отырып, белгілі бір контексте «аргумент», «негіздеме», «дәлелдеме», «тұжырымдама» терминдерінің өзара алмастырылып қолданылып жүргенін түсіне аламыз.

Батыс зерттеулерінде «аргументация» және «аргумент» ұғымдарының аражігін ажыратып көрсетеді, мысалы Э. Блэр бұл екі терминнің жалпы мағынасын былай түсіндіреді: аргументация – «белгілі бір мақсат үшін аргументтерді табу және келтіру әрекеті, сондай-ақ осындай дәлел, негіздемелердің жиынтығы»; аргумент – «кез-келген іс-әрекетті дәлелдеуші бір немесе бірнеше негіздеме» [7, 72-б.].

Аргумент теориясы білім мәселесімен тікелей айналыспаса да, білімнің табиғаты мен мүмкіндіктерін, оның шегі мен мүмкіндіктерін және ақиқаттылық шарттарын зерттейтін эпистемологияға сүйенеді: «В эпистемологии само знание определяется как форма социальной и индивидуальной памяти, свернутая схема деятельности и общения, результат обозначения, структурирования и осмысления объекта в процессе познания» [8]. Аргумент теориясы, сонымен қатар, когнитивті психология деңгейінде ойлау, жад және білімнің зерттеу нәтижелеріне сүйенеді.

Аргумент теориясындағы маңызды мәселелердің бірі – дәлел, ол логикалық және риторикалық тұрғыдан тар және кең мағынада түсіндіріледі. Аргумент сөйлеу түрі ретінде кең мағынада мәлімдемелердің дұрыстығын анықтау процедурасымен байланысты түсіндіріледі, бұл жағдайда пропонент тікелей бұрыннан белгілі ақиқатқа, ережелер мен дәлелдерге немесе логика құралдарына жүгінеді. Лингвистикалық аспектіде пропонент тек ұтымды ғана емес, сонымен қатар прагматикалық мақсаттарды көздей отырып, аргументке құрылған әңгіме, сипаттама, түсініктеме, түсіндірме, түйіндеме, сұрақтар, үндеулер, талаптар сияқты функционалды-семантикалық сөйлеу түрлерін де қолдана алады [9; 10].

Сөздің тар мағынасында аргумент бастапқы ақиқат пайымдаулардан келесі ақиқат пайымдауларға ауысқан қорытынды түйіндер тізбегі деген түсінікті білдіреді [11; 12].

Аргумент теориясының негізгі ұғымдары: тезис, квесцио, аргумент, дәлел, конклюзия, қарсы аргумент және қорытынды түйін. Аргумент теориясы классикалық логика мен риторикаға негізделген. «Тезистен туындайтын дискуссия тудыратын сұраққа жауап (квесцио) тезистің өзінде беріледі, ол жауап одан ары аргументтеу процесінде толықтырылады немесе жоққа шығарылады. Аргументтің өзі – қарапайым сөйлеу актісінен айырмашылығы – кем дегенде үш әрекеттен тұратын кешенді коммуникативті әрекет, бірақ олардың барлығы нақты коммуникацияда эксплицитті түрде жүзеге асырыла

бермейді» [13, 26-б.]; «Аргумент қорытынды түйін (Konklusion) және бір немесе бірнеше алғышарттардан (Prämise) тұрады» [14, 87-б.]. Karlheinz Göttert аргументті «негіздемелердің нәтижесі» деп анықтайды [15, 3-б.]. Кейбір ғалымдар «Аргументтің мықтылығы негіздемелердің дәлелденуімен өлшенеді» десе, бұл пікірге тікелей қарсы болмаса да, бұл пікірмен жартылай келісетін келесі пікір бар: «Цицерон (argumentum сөзін бірінші болып қолданған), оған дейін Аристотельден және одан кейін Квинтилиан мен Боэций сияқты, аргументтің өзегі мәлімдеменің растығы, ақиқаттылығы немесе дұрыстығы емес, оның сенімділігі. Тиісінше, аргументтің мықтылығы сенімге (fides) қарағанда «негіздемелердің дұрыстығына» азырақ тәуелді. Дәлірек айтқанда, аргументте негізгі болжамдардың сенімділігіне, бірақ ең алдымен, аргументті келтіруші тұлғаға деген сенім маңызды. «Ақылға қонымды» (сондай-ақ «сендіретін» немесе «ықтимал») сөз объективті түрде болмайды, әрқашан субъективті бағалау сұрағы болып табылады, яғни ол сөздің қалай қабылданатынына, оны қалай сезінетініне, ойлайтынына немесе оған қалай сенетініне байланысты. Осылайша, айтылған ой белгілі бір сенімді тұлғадан шыққан соң сенімді естіледі, айтылған ойға келтірілген дәлелдерді адамдар оны сенімді дәлел ретінде қабылдайды. Қалай болғанда да, аргументтердің әсері аргумент келтіруші жеке тұлғамен тығыз байланысты» [16, 158-б.]. Шәкәрім шығармаларындағы аргументтерге қарап, осы екі пікірді де толықтай қостауға болады. Ақын шығармаларында нақты дәлелдер бере отырып, өз танымымен, өз ішкі ойларымен үздіксіз дискурс құра отырып, әлем философтары мен ойшылдарының білімін қамти отырып, салыстырмалы аргументтер негізінде, нәпсі, материализм, соқыр сенім туралы баяндалған қарсы аргументтерді келтіре отырып, нақты қорытынды түйін шығарып отырады. Бұл жоғарыда келтірілген бірінші пікірдің дұрыстығын көрсетеді, екінші пікір бойынша, аргумент келтіруші тұлғаның сенімділігі факторы тұрғысынан қарастырсақ, ақын Шәкәрімнің қазақ халқы үшін ғана ұлы тұлға емес, барлық адамзат үшін гуманист тұлға деп қабылдаймыз. Ақын шығармаларына ұлттық сипат емес, адамзаттық сипат тән. Оған дәлел ретінде, ақынның «Үш анық» шығармасындағы адамзаттық құндылық тұрғысынан келтірілген ойларын аргумент теориясы тұрғысынан сипаттасақ:

«... Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім». Мұндағы тезис: Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Бұл жерде: неге ұждан, неге басқа қасиет емес? неге ол екі өмірге де керек, басқа өмір бар ма, бар болса, ол өмірде ұжданның нендей керектігі бар? – деген даулы сұрақтар (дискуссия) туындайды (квесцио). Шәкәрім Құдайбердіұлы оның жауабы ретінде құндылық аргументін келтіреді: Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім. Бұл жерде, тезистің себебі түсіндіріліп тұрғандықтан, жауаптың

алдына себеп-салдарлық қатынасты білдіретін «өйткені» деген жалғаулық сұранып тұр, егер сөйлем: «Өйткені, ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» – деп берілсе дәлелді қабылданар еді. Бірақ, ақын ол жалғаулықты қолдануды қажет деп таппайды, жалғаулық тезис пен аргумент арасында имплицит күйде ғана қызмет етіп тұр, автор үшін «өйткені» жалғаулығы бұл жерде артық, себебі ақын тезистің анықтығына сенімді, оны аксиома ретінде беріп тұр, ақиқатына көзі жетіп айтып тұр. Демек, ақын екі өмірге де керекті іс ұждан екенін анық танып білген соң, ұжданды болуды шарт ретінде айтып тұр, ұжданды болу – арлы болудың белгісі (конклюзия). Егер ұждан дегенміз – ынсап, әділет, мейірім болса, онда ұжданды болуымыз керек. Яғни, бұл тезистің қорытынды түйіні. Ғалымдар ұждан деген мұсылмандық түсінік, ұждан, нысап, әділет, мейірім «Ар білімінің» құрылымдары дейді. Сонда, Шәкәрім шығармасының негізгі тезисінен шығатын қорытынды түйін – арлы болу, ақиқатқа жеткізетін ең дұрыс жол – «ар іліміне» негізделген ұждан.

«Басқа өмір бар ма, бар болса, ол өмірде ұжданның нендей керектігі бар?» деген сауалдың қорытынды түйінін беру үшін ақын терең философиялық зерттеу жүргізеді. Ары қарай ақын философиялық ізденісін: «Жақсылық іздеу – жаратылыстың берік жолы» – деген тезиспен бекітеді. Бұл тезистен «Жақсылық іздеу, жасау барлық жандыларға бірдей жаратылысынан берілген қасиет пе?» деген философиялық сұрақ (квесцио) туындайды. Жауап ретінде ақынның: «Осы дүниеде көзге ілінбейтін кішкентай жандылардан бастап адамдарға шейін бәрі өзі һәм нәсілдерінің жақсылықта болып өсіп-өнуіне қам қылады» деген негізгі аргументін көреміз. Яғни, жақсылық іздеу, жасау барлық жанға тән қасиет. Адам да жаратылыс, олай болса, ол да жақсылық іздейді. Дедуктивті логикаға сүйеніп, берсек:

Жақсылық іздеу – жаратылыстың берік жолы.

Адам – жаратылыс.

⟹ Олай болса, адам да жақсылық іздейді (қорытынды түйін).

Бұл ақынның адамгершілік философиясындағы моральдық дедукция, дедуктивті силлогизм.

Ақын бұл қорытынды түйінді ары қарай таратады, негізгі аргументті байланыстырушы және конвергент аргументтермен толықтырып, жақсылық іздеуші жандарды екі категорияға бөледі. «қайбірі өзі үшін жақсылық, бақ іздейді» (байланыстырушы аргумент 1) және қайбірі барша адам үшін жақсылық, бақ іздейді (конвергент аргумент 2). Осы аргументтерді келтіре отырып, «Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады» – деген негізгі қорытынды түйінді анықтап береді. Яғни, ақылы толық адам ғана барша адамға бақ іздейді. Абай ақын айтқандай, «Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ». Бұл жерде, екі ақынның философиялық ой-толғамындағы ортақ идея, ортақ пайымды көреміз.

Ақын «өзі үшін» мен «барша адам үшін» ұғымдарын қарама-қарсы қолдану арқылы адам жаратылысындағы айырмашылықты айқын көрсетіп тұр. Ақын қолданысындағы «ақылы толық адам», «ақылы сау адам» кім?, «ноқтасыз, науқассыз сау ақылдың» анықтамасы қандай? Ақын шығармасындағы бұл сұрақтардың жауабын табу өте күрделі процесс. Ақын өлгеннен соң өмір жолы бар-жоғын анықтауды «ақылы сау адамға» жүктейді. Ол адам материализм мен діншілдіктің ара-жігін ажырата алатын білім иесі болу керек, бұл жерде де «ар» негізгі күш болу керек. Жалпы, ақын философиясында адамның ішкі өлшемі арға бағынуы тиіс деген тезис бар, адамның ішкі өлшемі арға жүгінсе, онда заң сыртқы бақылаушы болғанда, ар – ішкі бақылаушы қызметін атқарады. Егер, ар – ішкі бақылаушыға айналса, онда ол сыртқы заңнан күштірек болады. Себебі, арлы адам арсыздыққа бармайды. Ақын шығармалары арқылы адамның психологиялық күйіне терең бойлай отырып, моральдық дилемма арқылы ардың қызметін ашады. Ақын шығармасында «Адам табиғаты тек нәпсіге негізделген» деген көзқарасқа негізделген қарсы аргумент те (контраргумент) бар. Бірақ ақын бұл аргументті арға негіздеп жоққа шығарады. Нәпсіні адам «ар» арқылы реттей алады деген логикалық түйін жасайды. Ақын үшін, ар ілімі – адамзат дамуының рухани негізі. Адами қарым-қатынастың негізгі мәселелерінің бірі объективті шынайы және әлеуметтік құнды деп санауға болатын негіздеме болып табылады. Шәкәрім шығармалары адами қарым-қатынаста әлеуметтік, адамгершілік құндылық болып саналатын ар іліміне негізделген. «Аргументтің мақсаты-ақпараттандыру емес, адамның білімін, пікірін, әдеттерін және т. б. өзгерту. Аргумент – бұл адамдардың көзқарастарына немесе мінез-құлқына әсер ету түрі. Бұл әсердің нәтижесі қандай болуы керек? Егер біз мінез – құлық, іс-әрекеттер туралы айтатын болсақ, онда бұл сұраққа жауап беру қиын емес: аргументацияның міндеті-адамды белгілі бір іс-әрекетті жасауға (бірқатар іс-әрекеттер) немесе кейбір әрекеттен (бірқатар әрекеттерден) бас тартуға шақыру» [17, 8-б.], «Аргумент – нақты бір адам әрекеті, ол нақты бір әлеуметтік контекстен туындайды және оның түпкі мақсаты білім беру емес, кейбір ережелердің, заңдылықтардың дұрыстығына көз жеткіздіру» [18, 255-б.] деген аргументтің табиғатын анықтаушы тұжырымдар ақын шығармаларының негізгі мақсатын айқындап береді. Ақын шығармаларындағы әр тезисін дәлелдеу үшін ғылыми дәлелдемелерге, адамзат болмысы, жаратылыс туралы өзі танып білген, ақиқат деп таныған біліміне сүйенеді. Мысалы, ақиреттің бар-жоғын анықтау үшін көптеген интеллектуалды дәлелдер келтіреді, жанның метафизикалық табиғаты туралы шығыс философиясы (Будда, Лао-Цзы), батыс философиясы (Платон, Спиноза, Кант) идеяларын салыстырады.

Аргумент ретінде дәлелдеу тек субъектімен, қызмет объектісімен, субъектінің санасында болатын іс-әрекет схемасымен ғана емес, сонымен бірге осы іс-әрекетті білдіруге жұмсалатын құралдармен де сипатталады. Интеллектуалды – сөйлеу әрекеті болғандықтан аргумент ауызша және жазбаша сөйлеу таңбаларынан тұратын белгілі бір хабарлама арқылы көрініс табады. Аргументтің логикалық құралдары мен риторикалық әдістері, оның лексикалық құрамы, психологиялық әдістер сияқты дәлелдеу құралдары деп аталатын осы факторлардың барлығы хабарлама арқылы жүзеге асады. Аргументативті тілдік маркерлер [19] ақын шығармаларында өте жиі кездеседі. 1 кестеде берілген аргументативті лингвистиканың негізгі объектілері ретінде саналатын тілдік маркерлер арқылы ақынның «Үш анық» шығармасындағы негізгі ойларын, тұжырымдарын іріктеп ала аламыз (1-кесте):

1-кесте – «Үш анық» шығармасындағы тілдік маркерлер

Себеп-салдарды білдіруші тілдік маркерлер: *себебі, өйткені, сол үшін...*	Қорытынды ойды білдіруші тілдік маркерлер: *демек, ендеше, әйтпесе, сондықтан...*	Шартты дедуктивті құрылым: *егер... онда...*	Қарсы қою қызметін атқарушы тілдік маркерлер: *бірақ, алайда...*
Себебі толымды нәрсенің, толымды болатын себебі, толымсыздық ісі де толымсыз болатынын ғалымдар түгіл, жабайы кісі де білсе керек.	Сондықтан барша адам шамасына қарай қайбірі өзі үшін, қайбірі барша адам үшін жақсылық, бақ іздейді.	Егер себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім – оларда қозғалыс бар, қозғалуда, жүрісінің өлшеуі бар.	Бірақ адамда жаралыс жолынан жоғары бір қуат барлығын сезетіндік бар болғандықтан, күн сайын бұрын сыры білінбеген нәрсе табылып, бұрын тіпті мүмкін емес дегендеріміз әншейін дағдылы нәрсе болып, оны күнде пайдаланып отырғандықтан, ол Конттың сөзіндей сөздер адамды жаралыс жолынан жоғары қуатты ойланудан тоқтата алмайды.

Себебі жанның бар екеніне жаннан шыққан ерік, талап, ой, мақсат, сезім, білім арқылы көзіміз жетсе де, оның денелерге қосылып кетуіне ешбір дәлелім жоқ.	Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек.	Егер осының бәрін істеп шығарып тұрған түк сезбейтін соқыр табиғат болса, онан мұндай мақсұт, білім, ерік, гармония тартып, жарасым таңдау жоғарылау шыға алмайды.	Бірақ менің, ойымша, тіпті заманынан тіпті олар да жанмен қосылып, сезімденуге жараса керек. Дәлелім: тас пен құм сүйектерге біткен қынаны алып қарасаңыз, қынаның астында тас пен сүйектің бетінде топырақ сияқты бір нәрсемен жабыстырылған болады.
Себебі егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады.	Әйтпесе, адам әдет, құмар нанымынан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады.	Егер жанды денеге кіреді десе, өз жанының бар-жоғын біле алмай жүргенде, оған тағы бір жанның не керегі бар? Егер жансызға жан болады десе, өлген адамның жаны тіпті жоғалмай, әр түрлі хайуан болып құбылып жүрген жоқ па?	Аңғару, ойлау ерікті хайуанның бәрінде бар. Бірақ оларда да бірінен-бірі есті, бірінен-бірі шебер, оны теріп жазбасаң да әркімге белгілі. Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық, терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес.
Себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай, өстіп ұждан-совесть, жанның екі өміріне бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды.	Сондықтан жаратушыны іздеп әркім әр түрлі ой жүргізген.	Егер Дарвин мен Маиеннің сөзі дұрыс болса, ол өсімдіктер де бірінен бірі туып, өзгерген болып табылады.	Менің ойымша, қанша айтып тәңіріні жоқ қыламын дегенімен, жанның сау ақылы тәңіріні мойнына салмай қоймайды. Бірақ дағдысынан оза алмай оны сезбейді.

	Сондықтан жан деген бөлек нәрсе жоқ.	Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, егер өтірік болса, оған әуреленбей, жалғыз ғана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса, бұл екеуін қалай тексереміз?	Бірақ ұқсастық бәрі бірінен-бірі туып, өзгергені жоқ. Жаралған себептерінің ыңғайына қарай біріне – бірі ұқсас не ұқсаңқырап, не тіпті ұқсамай жаралып жатыр.
	Сондықтан олардың түп себебі — себепсіз бар себеп, түп Жаратушы.	Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды.	Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды.
	Әйтпесе сол соқыр, ессіз деген жаратылыстың бір шыбынын, не бір тозаңын адам жарата алмайды.		
	Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез ой істерін керек қылады.		
	Әйтпесе Жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар!		

Жалпы, ақынның «Үш анық» шығармасы ақынның өз ішкі әлемімен, өз танымымен, әр елдің озық ойшыл, философ, ғалымдарымен дискурсына

құрылған. Жоғарыдағы берілген кестеде де сол дискурстың сұлбасын көруге болады.

Прагматикалық аспект тұрғысынан қарастырар болсақ, ақынның аргументтерін риторикалық сұрақтарға жүгіне отырып, құрғанын байқаймыз. Риторикалық сұрақтарды ақын көкейіндегі сұрақтардың жауабын беру үшін, болмаса не себепті белгілі бір қорытындыларға тоқталып отырғанын өз-өзімен дискурс құра отырып, өз пайымдарының анықтығын тексеру мақсатында қолданған сияқты әсер береді. Ақын қолданысындағы риторикалық сұрақтардың оқырманға әсері үлкен, ақынның риторикалық сұрақтары оқырмандарды да сол сұраққа жауап іздетеді, оқырманды да ойлау процесіне тартады, сондай-ақ, оқырман ақынның сұрақтарға берер дәлелін оқи отырып, ақын жауабының анықтығын тағы да ой сүзгісінен өткізеді. Яғни, «Үш анық» оқырманды интеллектуалды, философиялық тұрғыдан ойлауға жетелейді. Ақын қолданысындағы риторикалық сұрақтардың мазмұны терең логикаға негізделген, мысалы:

– Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе, мұны кім жасаған, бұл неге керек демей қоймайды?

– Басқы жаратушыда білім бар ма?

– Әлде түп жаратушы туралы біреу былай да айтар: түпкі жаратушы сіз айтқан себепсіз, бар себеп-ақ болсын, бірақ соның бар қылған атом сияқты негізден шығып жатқан сансыз нәрселердің бәрінде сол түп жаратушы жатыр ма дер?

– ...мен асқан білімді, өнерлі болып, керек нәрсенің бәрін жасап шығаратын зор машина жасасам, соның істеп шығарған нәрселерін мен жасады дейсіз бе, машина жасады дейсіз бе?

– Енді бәрінің түп иесі кім болады?

– Жан немене?

– Дене жаннан қалайша әсер алады?

– Сол топырақ сияқты нәрсені табиғат қайдан әкеліп отыр?

– Мәселен, жаратушысы соқыр сезімсіз табиғат болсын мейлі біліп жаратушы тәңірі болсын, қайсысы жаратса да, жаралыс жолында денелерді бір-біріне қосып, неше түрге түсіріп, ол құрауларды қайта шешіп, негіздерді бөліп, онан неше түрлі қасиеттерді шығарып отырған жоқ па?

– Адамдағы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосын айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Бұны істеп тұрған кім?

Ақынның «Үш анық» шығармасында риторикалық сұрақтар өте көп, олар сұрақ-зерттеу, сұрақ-қайшылық, сұрақ-дәлел, сұрақ-күмән, сұрақ-тұжырым, сұрақ-қабылдау, сұрақ-түйсік, сұрақ-таным сияқты күрделі процесстерге негізделген.

Ақын аргументтерінде прагматикалық аспект тұрғысынан жиі кездесетін тағы бір тілдік құрал, ол ақынның айтылған ойдың мәнін ашу, оны айқындау немесе екі құбылыс арасындағы айырмашылықты көрсету мақсатында қолданған антитеза тәсілі. Оны төмендегі мысалдардан көре аламыз:

– Сөйтіп, *соқыр кісіше* сандалып жүргенде *пайғамбар дегендер* шығып, барлықтың бәрін жаратқан ие бар, өлген соң бір түрлі тіршілік бар, осы өмірде қылған ісіңе қарай ол өмірде де өлшеусіз бақ қиын азап бар, мұны бізге сол жаратушы ие білдіреді дейді.


– Бұл сөзді маймылдан туғанға арланып айтып отырғаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанға қуанатын орным бар.

– ... Еуропа білімділерінің сөзі туралы менің ойым мынау, мен *жан* да бар, *жын* да бар, адамның өз жанының қуаты да бар деймін.

– Әрине, жанның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі *қуанышта* болып, жоғалуына нанған кісі *өкініште* болып, біржола жоғалдым-ау деп өлсе керек. Және ұждан-совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі *қиянат* қылғанына қатты кейіп, *жақсылық* қылғанына жете қуанса керек. Олай нана алмай, яғни ұждан – совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге *жақсылық* пен *қиянаттың* көп айырмасы жоқ болса керек.

Шәкәрім Құдайбердіұлының аргументтеріндегі параллелизмге келетін болсақ, «Үш анық» шығармасының өзі құрылымдық параллелизмге негізделген: Жаратушының бары анық, ар жолы анық, жанның мәңгілігі анық, ғылым жолы анық, мұсылман жолы анық. Осы ойларын салыстыру, құбылыстарды қатар-қою арқылы негіздейді. Мысалы, ар мен ұятты, ынсап пен қанағатты, ақыл мен нәпсіні, жан мен тәнді, дін мен ғылымды қатар қоя отырып, салыстыра отырып мағыналық параллелизм тудырады. Мұндай бинарлық параллельдер логикалық аргументтер құрудың дәстүрлі тәсіліне жатады. Сондай-ақ, ақын шығармасында өз аргументтерін шығыс философтары мен батыс философтарының дүниетанымдарын салыстыра отырып, дәлелдеу бар, яғни философиялық параллелде айқын берілген. Аргументтерді дәлелдеудегі келісі бір тәсіл – қайталау. Ақын келтірген ойларын бекіту мақсатында қайталанатын параллелдерге жиі жүгінеді.

Тіпті ақынның аргументті негіздеуде қолданған бағалауыштық мәндегі сөздер де параллелдерден тұрады (1-сурет):



1-сурет – Бағалауыштық тілдік бірліктер жүйесі

«Үш анық» шығармасындағы аргументтер шығарманың жалпы концепциясының ар іліміне негізделгенін көрсетеді. Ақын «ар» ақиқатқа жеткізетін ең анық жол екенін көрсетеді. Жанның мәңгілігін материалистік ілім мен діни ұстаным тұрғысынан параллель салыстыра отырып, қарастырады. Материалистік ілімнің жанның физикалық күйін түсіндіретінін, ал дінде соқыр сенімнің басым екенін көрсету арқылы екі ілімдегі шектеулікке көз жеткіздіреді. Ақын Жаратушыда білім бар, жан мәңгілік деп, ұжданды (ар ілімін) жан азығы дей келе, ұжданды адам нәпсісін реттеуші құрал ретінде анықтайды. Ақын үшін ұждан – ең жоғарғы моральдық өлшем. Жалпы, шығарма толықтай моральдық мазмұнға негізделген. Ар-ұждан – адам болмысының негізгі өлшемі, сау ақыл мен ғылым шындыққа жеткізеді деген тезистерінде аподиктикалық аргумент белгілері бар, яғни ақын бұл тезистерді ақиқат, категориялық тұжырым ретінде ұсынады.

Жалпы, ақын шығармаларында «Үш анық» ұғымынан бөлек, «Үш анық бақ», «Үш асыл қасиет» деген ұғымдар бар. Қазақ дүниетанымында 3 саны киелі, қасиетті және толымдылықтың белгісі, бірлік, жұптық және сол екеуінен туған өнім ретінде қабылданады. Қазақ дүниетанымындағы негізгі үштік ұғымдар мыналар: әлеуметтік құрылым: «Үш жүз» (Ұлы жүз,

Орта жүз, Кіші жүз), рухани құндылықтар: «Үш би» (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би); «Үш қуат» (ақыл, жүрек, тіл); өмірлік қағидалар: «Үш арсыз» (ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз); «Үш дауасыз» (мінез, кәрілік, ажал); «Үш байлық» (денсаулық, бақ-дәулет, ақ жаулық), «Үш ортақ» (ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ), «Үш жұрт» (өз жұртың, нағашы жұртың, қайын жұртың), Қазақ халқында «Үш» саны бірліктің, тұтастықтың және кемелдіктің символы болып табылады. Шәкәрім ақынның да шығармасы ұлттық дүниетаныммен, ұлттық қабылдаумен тығыз байланысты екенін көреміз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландырылатын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

«Үш анық» шығармасындағы аргументативтік құрылымдарды талдау Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық пайымдауы жүйелі логикалық дәлелдеуге негізделгенін көрсетеді. Бұл қазақ тілінің тек эмоционалдық-экспрессивтік емес, сонымен қатар абстрактілі-философиялық және аналитикалық ойды жеткізуге толық қабілетті екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасында аргументативтік құрылымның жүйелі және логикалық ұйымдасқанын көрсетеді. Мәтінде тезис, дәлел және қорытынды элементтері өзара байланысты түрде беріліп, автордың философиялық пайымдауы рационалды дәлелдеуге негізделгені анықталды. Бұл қазақ тілінің абстрактілі-аналитикалық ойды жеткізуге қабілетті екенін және ұлттық интеллектуалдық дискурста аргумент теориясының құрылымдық белгілері бар екенін дәлелдейді.

Зерттеу қазақ философиялық мәтіндерінің тек мазмұндық емес, сонымен қатар дискурстық аргументативтік ұйымдасуын талдаудың маңыздылығын айқындайды. Шәкәрімнің аргументативтік стратегиялары ұлттық ойлау дәстүрінің логикалық сипатын көрсетіп, қазақ дәлел мәдениетінің тарихи негізін тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, «Үш анық» шығармасы қазақ интеллектуалдық дискурсының аргументативтік моделін айқындайтын маңызды мәтіндердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Мақалада талданған «Ар ілімін» құрайтын негізгі тұжырымдар мен ақын философиясындағы Адам болмысы туралы сыншыл идеялар қай кезеңде де өзектілігін жоғалтпайтын мәңгілік тақырып.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ивин, А. А.** Теория аргументации. – М. : Гардарики, 2000. – 414 с.

2 Философиялық энциклопедия. – Алматы : Лантар Трейд, 2021. – 527-б.

3 **Брутян, Г. А.** Очерк теории аргументации. – Ереван, 1992. – 299 с.

4 **Васильев, Л. Г.** Аспекты аргументации. – Тверь : Тверск. гос. ун-т, 1992.

5 **Яскевич, Я. С.** Аргументация в науке / Я. С. Яскевич. – Минск : Университетское, 1992. – 140 с.

6 **Сорокина, С. Г.** Использование рекуррентности как средства аргументации при построении текстов научного содержания: дис. ... канд. филол. наук : 10.02.19. – М., 2016.

7 **Blair, J. A.** Argumentation as Rational Persuasion. Argumentation. – 2012. – Vol. 26. – № 1. – P. 71–78.

8 **Касавин, И. Т.** Знание // Энциклопедия эпистемологии и философии науки. – М. : Канон+ РООИ Реабилитация, 2009. – С. 246–247.

9 **Ивин, А. А.** Теория аргументации. – М. : Высшая школа, 2007. – 319 с.

10 **Ottmers, Cl.** Rhetorik. 2. Aufl. – Stuttgart, Weimar : J. B. Metzler, 2007. – 266 p.

11 **Beckermann, A.** Einführung in die Logik. 3. Aufl. – Berlin, New York : De Gruyter, 2011. – 383 p.

12 **Бочаров, В. А., Маркин В. И.** Введение в логику. – М. : Форум, 2008. – 554 с.

13 **Куссе, Х.** Агрессия и аргументация. / Х. Куссе; пер. с нем. М. Новосёловой. – Винница : Издательство ФОП Кушнир Ю. В., 2019. – 300 с.

14 **Bayer, Klaus.** Argument und Argumentation: logische Grundlagen der Argumentationsanalyse. – Opladen : Westdt. Verl., 1999. – 248 p.

15 **Göttert, Karl-Heinz** Argumentation. Grundzüge ihrer Theorie im Bereich theoretischen Wissens und praktischen Handelns. – Tübingen, 1978.

16 **Heike Mayer.** Rhetorische Kompetenz. Grundlagen und Anwendung. – Verlag Ferdinand Schöning GmbH&Co. – 237 p.

17 **Тимофеев, А. И.** Аргументация: теория и практика: Учеб. пособие / СПбГУАП. – СПб., 2005. – 80 с.

18 **Ивин, А. А.** Логика : учебник для гуманитарных факультетов / А. А. Ивин. – М. : ФАИР-ПРЕСС, 1999. – 319 с.

19 **Савчук, Т. Н.** Тактика эмоционального усиления аргументации в письменном научно-гуманитарном дискурсе // Вестник Томского государственного университета. – 2022. – № 478. – С. 30–43.

REFERENCES

1 **Ivin, A. A.** Teoriya argumentatsii [Theory of Argumentation]. – Moscow : Gardariki, 2000. – 414 p.

2 Filosofiyalyq entsiklopediya [Philosophical Encyclopedia]. – Almaty : Lantar Treid, 2021. – 527 p.

3 **Brutyan, G. A.** Ocherk teorii argumentatsii [Essay on the Theory of Argumentation]. – Yerevan, 1992. – 299 p.

4 **Vasilyev, L. G.** Aspekty argumentatsii [Aspects of Argumentation]. – Tver : Tver State University, 1992.

5 **Yaskevich, Ya. S.** Argumentatsiya v nauke [Argumentation in Science]. – Minsk : Universitetskoe, 1992. – 140 p.

6 **Sorokina, S. G.** Ispolzovanie rekurrentnosti kak sredstva argumentatsii pri postroenii tekstov nauchnogo soderzhaniya [The Use of Recurrence as a Means of Argumentation in Constructing Scientific Texts]: Cand. philol. sci. diss. – Moscow, 2016.

7 **Blair, J. A.** Argumentation as Rational Persuasion. Argumentation. – 2012. – Vol. 26. – No. 1. – P. 71–78.

8 **Kasavin, I. T.** Znanie // Entsiklopediya epistemologii i filosofii nauki [Knowledge // Encyclopedia of Epistemology and Philosophy of Science]. – Moscow : Kanon+ ROOI Reabilitatsiya, 2009. – P. 246–247.

9 **Ivin, A. A.** Teoriya argumentatsii [Theory of Argumentation]. – Moscow : Vysshaya shkola, 2007. – 319 p.

10 **Ottmers, Cl.** Rhetorik. 2nd ed. – Stuttgart; Weimar : J.B. Metzler, 2007. – 266 p.

11 **Beckermann, A.** Einführung in die Logik. 3rd ed. – Berlin; New York : De Gruyter, 2011. – 383 p.

12 **Bocharov, V. A., Markin, V. I.** Vvedenie v logiku [Introduction to Logic]. – Moscow : Forum, 2008. – 554 p.

13 **Kusse, Kh.** Agressiya i argumentatsiya [Aggression and Argumentation]. Translated from German by M. Novoselova. – Vinnytsia : Izdatelstvo FOP Kushnir Yu. V., 2019. – 300 p.

14 **Bayer, Klaus.** Argument und Argumentation: logische Grundlagen der Argumentationsanalyse. – Opladen : Westdt. Verl., 1999. – 248 p.

15 **Göttert, Karl-Heinz.** Argumentation. Grundzüge ihrer Theorie im Bereich theoretischen Wissens und praktischen Handelns. – Tübingen, 1978.

16 **Mayer, Heike.** Rhetorische Kompetenz. Grundlagen und Anwendung. – Verlag Ferdinand Schöning GmbH & Co. – 237 p.

17 **Timofeev, A. I.** Argumentatsiya: teoriya i praktika [Argumentation: Theory and Practice]. – Saint Petersburg : SPbGUAP, 2005. – 80 p.

18 **Ivin, A. A.** Logika: uchebnik dlya gumanitarnykh fakultetov [Logic: Textbook for Humanities Faculties]. – Moscow : FAIR-PRESS, 1999. – 319 p.

19 **Savchuk, T. N.** Taktika emotsionalnogo usileniya argumentatsii v pismennom nauchno-gumanitarnom diskurse [Tactics of Emotional Reinforcement of Argumentation in Written Scientific-Humanitarian Discourse]. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2022. – No. 478. – P. 30–43.

05.01.26 ж. баспаға түсті.
21.05.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Б. А. Абдыханова[1], А. А. Касымова[2], Д. А. Жангалиева[3]*
[1,2,3]Шәкәрім университеті,
Республика Казахстан, г. Семей.
Поступило в редакцию 05.01.26.
Поступило с исправлениями 21.05.26.
Принято в печать 10.08.26.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР АРГУМЕНТАЦИИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДЫУЛЫ «ТРИ ИСТИНЫ» (“USH ANYK”) (НА ОСНОВЕ ТЕОРИИ АРГУМЕНТОВ)

В современных гуманитарных науках анализ текста с точки зрения теории аргументов считается одним из важнейших методологических направлений. Теория аргументов позволяет раскрыть внутреннюю логику текста, способы аргументации, механизмы обоснования мнения. В статье дается объяснение понятий аргумент и аргументация на основе научной литературы, рассматривается связь этих понятий с аналогичными терминами, используемыми в других областях науки, и показано различие между понятиями аргумент и аргументация.

Статья была направлена на анализ аргументов, которые составляют основу произведения Шакарима Кудайбердыулы «Три истины» (“Ush anyk”). Среди казахских мыслителей одной из личностей, использовавших на высоком уровне культуру использования аргументов, является Шакарим Кудайбердыулы. Его произведения отличаются логической целостностью, философской точностью и прочностью морально-этических мотивов. Эта статья призвана дифференцировать произведение Шакарима Кудайбердыулы

«Три истины» (“Ush anyk”) с точки зрения теории аргументов и раскрыть специфику мышления поэта.

В статье рассматривается лингвистический характер аргументации в произведении Шакарима Кудайбердыулы «Три истины» (“Ush anyk”). Аргументативные стратегии Шакарима демонстрируют логический характер национальных традиций мышления и позволяют признать историческую основу казахской доказательной культуры. С этой точки зрения произведение «Три истины» (“Ush anyk”) можно рассматривать как один из важнейших текстов, определяющих аргументативную модель казахского интеллектуального дискурса.

Ключевые слова: аргумент, аргументация, три истины, аргументативная лингвистика, прагматический аспект.

**B. A. Abdykhanova[1], A. A. Kassymova[2], D. A. Zhangaliyeva[3]*
[1,2,3]Shakarim University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Received 05.01.26.
Received in revised form 21.05.26.
Accepted for publication 10.08.26.

THE LINGUISTIC NATURE OF ARGUMENTATION IN SHAKARIM KUDAIBERDIULY'S WORK "THE THREE TRUTHS" ("USH ANYK") (BASED ON THE THEORY OF ARGUMENTS)

In modern humanities, text analysis from the point of view of argument theory is considered one of the most important methodological areas. The theory of arguments allows us to reveal the internal logic of the text, the methods of argumentation, the mechanisms of substantiation of opinion. The article explains the concepts of argument and argumentation based on scientific literature, examines the relationship of these concepts with similar terms used in other fields of science, and shows the difference between the concepts of argument and argumentation.

The article was aimed at analyzing the arguments that form the basis of Shakarim Kudaiberdiuly's work "The Three Truths" ("Ush anyk"). Shakarim Kudaiberdiuly is one of the personalities among Kazakh thinkers who have used the culture of using arguments at a high level. His works are distinguished by their logical integrity, philosophical precision and the strength of moral and ethical motives. This article aims to differentiate

Shakarim Kudaiberdiuly's work "The Three Truths" ("Ush anyk") from the point of view of the theory of arguments and reveal the specifics of the poet's thinking.

The article examines the linguistic nature of argumentation in Shakarim Kudaiberdiuly's work "The Three Truths" ("Ush anyk"). Shakarim's argumentative strategies demonstrate the logical nature of national traditions of thinking and allow us to recognize the historical basis of Kazakh evidence culture. From this point of view, the work "The Three Truths" ("Ush anyk") can be considered as one of the most important texts defining the argumentative model of Kazakh intellectual discourse.

Keywords: argument, argumentation, three truths, argumentative linguistics, pragmatic aspect.

ҒТАМР 16.21.33

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/26-39

***А. Т. Абужалитова[1], М. К. Ажгалиев[2]**

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[2]Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Қазақстан Республикасы, Орал қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6251-7203
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0267-5231
*e-mail: akbarshyn@mail.ru

ФИЛОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «CASE-STUDY» ӘДІСІНІҢ РӨЛІ: ТӘЖІРИБЕЛІК ҮЛГІ

Филолог-студенттерді даярлаудың маңызды бағыты – олардың лингводидактикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру. Бұл құзыреттілікті дамытуда кейс әдісін қолдану өзекті мәселе болып табылады, әсіресе қашықтан оқыту жағдайында оның тиімділігі арта түседі. Осы зерттеудің мақсаты – филолог-мамандарды оқытатын білім беру бағдарламаларында лингводидактикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін кейс әдісін қолданудың тиімділігін анықтау және оны білім беру процесіне енгізу жолдарын негіздеу.

Зерттеу барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған кейс-тапсырмалар әзірленді және олардың тиімділігі бағаланды. Материалдар ретінде әдістемелік әдебиеттер, диагностикалық тестілер және студенттерге арналған сауалнама құралдары қолданылды. Зерттеу әдістеріне талдау, синтез, абстракциялау, құрылымдау, сауалнама, эмпирикалық бақылау және диагностикалық зерттеулер енді.

Нәтижелер көрсеткендей, студенттердің 93%-ы кейс әдісімен жұмыс істеуді оң бағалайды, өйткені ол ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға, кәсіби шешімдерді негіздеуге және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сауалнама нәтижелері кейс әдісінің студенттердің әдістемелік құзыреттілігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Студенттер жинақталған ақпараттың құрылымдалған түрде берілуін, мәселелерді шешуге арналған практикалық тапсырмалардың болуын және оқу материалының кәсіби қызметпен байланысын атап өтті.

8 **Иванова, А. П., Ягодкина, М. В., Вологова, Т. С.** Методический потенциал современных медиатекстов в аспекте преподавания русского языка как иностранного // Методика преподавания в современной школе: проблемы и инновационные решения. – Спб.: РГПУ имени А. И. Герцена, 2023. – С. 241–250.

9 **Финагина, Ю. В.** Язык средств массовой информации на занятиях по РКИ как важный фактор формирования лингвострановедческой компетенции при обучении студентов-иностранце экономического профиля // Научный журнал НИУ ИТМО. Сер. Экономика и экологический менеджмент. – 2014. – № 3. – С. 585–589.

10 **Хасанова, Р. К.** К вопросу о развитии лингвокультурологической компетенции в китайской аудитории на основе медиатекстов // Филология и культура. – 2024. – № 1 (75). – С. 178–184.

REFERENCES

1 **Solganik, G. Ya.** K opredeleniyu ponyatiy «tekst» i «mediatekst» [On the Definition of the Concepts «Text» and «Media Text»]. // Vestnik MGU. Seriya 10. Zhurnalistika. – 2005. – № 2. – P. 7-15.

2 **Kazak, M. Yu.** Sovremennye mediateksty : problemy identifikatsii, delimitatsii, tipologii [Modern Media Texts : Problems of Identification, Delimitation and Typology]. // Medialingvistika : Mezhdunarodnyy nauchnyy zhurnal. – 2014. – issue 1. – P. 65-76.

3 **Dobrosklonskaya, T. G.** Medialingvistika: sistemnyy podkhod k izucheniyu yazyka SMI : sovremennaya angliyskaya mediarech' [Media Linguistics: A Systematic Approach to the Study of Mass Media Language: Modern English Media Speech]. – Moscow : Flinta, Nauka, 2008. – 263 p.

4 **Smetanina, S. I.** Media-tekst v sisteme kul'tury (Dinamicheskie protsessy v yazyke i stile zhurnalistiki kontsa XX v.) [Media Text in the System of Culture (Dynamic Processes in the Language and Style of Journalism of the Late 20th Century)]. – Saint Petersburg : Izd-vo Mikhaylova V. A., 2002. – 383 p.

5 **Kazakov, A. A.** Manipulyativnyy potentsial polyarizovannogo politicheskogo teksta: variant izmereniya [Manipulative Potential of a Polarized Political Text: A Measurement Variant]. // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 10. Zhurnalistika, 2018. – № 6. – P. 75–93.

6 **Kress, G.** A Social Semiotic Approach to Contemporary Communication. – New York, 2010, – 212 p.

7 **Kuzmina, N. A.** Mediatekst kak ob»ekt medialingvistiki [Media Text as an Object of Media Linguistics]. // In Sovremennyy mediatekst. Omsk : Omskiy gosudarstvennyy universitet, 2011. – P. 11–55.

8 **Ivanova, A. P., Yagodkina, M. V., Vologova, T. S.** Metodicheskiy potentsial sovremennykh mediatekstov v aspekte prepodavaniya russkogo yazyka kak inostrannogo [Methodological Potential of Modern Media Texts in Teaching Russian as a Foreign Language]. // In Metodika prepodavaniya v sovremennoy shkole: problemy i innovatsionnye resheniya. Saint Petersburg, RGPU im. A. I. Gertsena, 2023. – P. 241–250.

9 **Finagina, Yu. V.** Yazyk sredstv massovoy informatsii na zanyatiyakh po RKI kak vazhnyy faktor formirovaniya lingvostranovedcheskoy kompetentsii pri obuchenii studentov-inostrantsev ekonomicheskogo profilya [The Language of Mass Media in Teaching Russian as a Foreign Language as an Important Factor

in the Formation of Linguo-Cultural Competence in Teaching Foreign Students of Economic Specialties]. // Nauchnyy zhurnal NIU ITMO. Seriya: Ekonomika i ekologicheskiy menedzhment. – 2014. – № 3. – P. 585–589.

10 **Xasanova, R. K.** K voprosu o razvitii lingvokul'turologicheskoy kompetentsii v kitayskoy auditorii na osnove mediatekstov [On the Development of Linguo-Cultural Competence in a Chinese Audience Based on Media Texts]. // Filologiya i kul'tura. – 2024. – «1 (75). – P. 178–184.

Поступило в редакцию 14.04.26.
Поступило с исправлениями 30.04.26.
Принято в печать 10.08.26.

**Д. С. Адильбаева[1], С. К. Шаймарданова[2], Г. Е. Мукатаева[3], Г. А. Кривенко[4]*
[1,2,4]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[3]РММ «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығы»,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
14.03.25 ж. баспаға түсті.
30.04.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ҚАЗІРГІ МЕДИАМӘТІН – БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ: ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада қазіргі медиамәтіннің білім беру ресурсы ретіндегі мүмкіндіктері оның лингводидактикалық әлеуетін жүзеге асыру және ұлттық топтағы білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі білім беру үдерісінде бұқаралық ақпарат құралдарының түпнұсқалық материалдарының рөлінің артуымен және білім алушыларда ақпаратты саналы түрде қабылдау мен талдау дағдыларын қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Қазіргі медиамәтіндер өзекті әлеуметтік маңызы бар үдерістерді бейнелейді, бұл оларды тек тілдік дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың медиасауаттылығы мен әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін дамыту құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу медиамәтінмен кезең-кезеңімен жұмыс істеуге бағытталған: мәтіналды, мәтіндік және мәтіннен кейінгі кезеңдер, олардың әрқайсысы белгілі бір білім беру

және тілдік міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді. Медиамәтіндік тәсілдің тілдік оқытуды өзекті әлеуметтік мәселелерді талқылаумен тиімді түрде ықпалдастыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Білім алушылардың жұмыс нәтижелері кестелерде тіркеледі, бұл алынған ақпаратты құрылымдау дағдыларын қалыптастыруға және медиамәтінді талдаудың эмпирикалық деректерін ұсынуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, ұлттық топтардағы студенттерге орыс тілі сабақтарында медиамәтіндерді мақсатты және жүйелі түрде қолдану аналитикалық оқылым дағдыларын дамытуға және тақырыптық сөздік қорды кеңейтуге ықпал ететіні анықталды.

Кілтті сөздер: медиамәтін, медиамәтіндік тәсіл, лингводидактикалық әлеует, орыс тілін оқыту, мәтінмен жұмыс кезеңдері.

**D. S. Adilbayeva[1], S. K. Shaimardanova[2], G. E. Mukataeva[3], G. A. Krivenko[4]*
[1,2,4]Toraighyrov University ,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;
[3]RSU «Training Center of the Ministry of Internal Affairs
of the Republic of Kazakhstan»,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 14.04.26.
Received in revised form 30.04.26.
Accepted for publication 10.08.26.

MODERN MEDIA TEXT AS AN EDUCATIONAL RESOURCE: LINGUODIDACTIC AND COMPETENCE-BASED ASPECTS

This article explores the possibilities of using media texts in teaching Russian to national (non-native) student groups, focusing on the realization of their linguodidactic potential. Within this work, a media text is defined as a mass communication text that conveys socially significant information to a wide audience, shapes the interpretation of events, and influences public opinion and value systems.

The relevance of this study is driven by the increasing role of authentic media materials in the educational process and the necessity of developing students' skills in meaningful perception and information analysis. Modern media texts reflect current socially significant processes, allowing them to be viewed not only as a means of building language skills but also as a tool for developing media literacy and sociocultural competence.

The study focuses on a staged approach to working with media texts, including pre-text, textual, and post-text stages, each addressing specific educational and linguistic objectives. Using a media text centered on the environmental situation in a specific city, a system of exercises and tasks is proposed to develop students' linguistic, communicative, and analytical competencies.

It is demonstrated that the media-text approach effectively integrates language learning with the discussion of pressing social issues. Students' results are recorded in tables, which aids in developing skills for structuring information and presenting empirical data from media text analysis. The study concludes that the purposeful and regular use of media texts in Russian language classes for national groups fosters analytical reading skills and expands thematic vocabulary.

Keywords: media text, media-text approach, linguodidactic potential, teaching Russian, stages of text analysis.

ҒТАМР 17.07.65

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/54-69

Ж. Ә. Аймұхамбет[1], *Н. С. Сабыржан[2]

[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7061-3000
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-2785-6132
*e-mail: sabyrzhannursultan@gmail.com

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА: ЭВОЛЮЦИЯСЫ МЕН КӨРКЕМ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада қазақ әдебиеттануындағы антропологиялық парадигманың қалыптасуы мен эволюциясы назарға алынып, фольклор, жыраулар поэзиясы және XX ғасыр әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің көркем репрезентациясын зерделеу арқылы тұлға болмысының өзгерісі айқындау мақсат етіледі. Зерттеу нысанына фольклор туындылары, жыраулар поэзиясы және жазба әдебиет мысалдары алынған. Талдауды жүзеге асыруда мифопоэтикалық, психоаналитикалық, герменевтикалық әдіс ұстанымдары пайдаланылды. Талдаулар әдебиеттанудың іргелі теорияларына сай жасалып, кейіпкер, бейне, болмыс тақырыбын қарастырған ғалымдардың ой-пікірлері бағыт-бағдар болады. Фольклорда кейіпкер бейнесі ұжымдық санадағы архетиптік сипатта танылса, жыраулар поэзиясында рух тұтастығы ретінде, XX ғасыр әдебиетінде тұлғаның ішкі қақтығысы мен «үнсіз адам» түрінде көрінетіні ғылыми дәйектеледі. Сондай-ақ кейіпкер бейнесінің ұжымдық санадан экзистенциалды деңгейге дейінгі эволюциясы жүйеленді. Кейіпкердің кезеңдер арасындағы өзгеріс динамикасы диахронды кесте арқылы нақтыланды. Нақтыланған деректер адам болмысының антропологиялық негізіне сай жүйеленіп, көркем репрезентациясы мен зерттеу нәтижелері көрсетілді. Ұсынылып отырған тұжырым қазақ әдебиетіндегі көркем антропологияның парадигмасын теориялық тұрғыдан нақтылап, адам болмысының рухани және мәдени деңгейлерін айшықтауға бағытталған. Алынған нәтижелер әдебиеттегі адам болмысын антропологиялық, семиотикалық, психоаналитикалық әдістерді ұштастыра отырып кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: әдеби антропология, репрезентация, фольклор, кейіпкер болмысы, тұлға эволюциясы.

Кіріспе

Адам болмысын құрылымдық зерттеу бағытындағы ғылым қалыптасу жолында күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Алғаш 1963 жылы басылған «Структурная антропология» еңбегінде француз структурализмінің басты өкілдерінің бірі Клод Леви-Стросстың пікірінше «егер антропология ғылымының өкілдері «құрылым» ұғымының мәні, оны қолдану ауқымы мен ол негізделетін әдіс жөнінде ортақ келісімге келе алған болса айтарлықтай табысқа жетер еді. Болашақта бұл сала дамуы үшін объективтілік, тұтастық және мағынаға ұмтылуы керек» [1, 424-б.]. Антропология ғылым ретінде қалыптасқан уақыттан бастап негізінен – биологиялық, физикалық, археологиялық, лингвистикалық, мәдени бағыттағы зерттеулер жасалып келді. Ғылымдардың өзара байланысы нәтижесінде әдебиеттану мен антропология өзара интеграцияланып, көркем туынды табиғатын, кейіпкер мәселесін жаңа көзқараспен зерттеу жолға қойыла бастады. Антрополог ғалымдар Джеймс Клиффорд пен Маркус Джордж «Writing culture: the poetics and politics of ethnography» еңбегінде «этнография – бұл әңгімелеудің бір түрі» деп санай келе, «әдебиет пен антропология адам өмірін баяндау арқылы түсінуге тырысатын тең салалы ғылымдар», – деген тұжырым жасайды [2, 6-б.]. Автор көркем туындыда адам өмірін баяндау барысында оның образын әртүрлі эксперимент арқылы мүсіндейді. Ф.ғ.д., профессор Жанат Аймұхамбет «әдебиет тарихындағы көркем туынды кейіпкерлері түрлі адамдар типі ретінде қарастырылады. Әлем әдебиеті тарихына көз салсақ, біз ерте темір дәуірі адамы, ояну дәуірінің кейіпкері, «артық адам», «кішкентай адам», «қарапайым адам», «нағыз адам», «құндақтағы адам», «зиялы адам», «бүлікшіл адам», т.б. көптеген типтерді кездестіреміз», – деп көркем туындыдағы адам бейнесінің көптүрлілігін нақтылайды [3, 21-б.]. Қазақ әдебиетіндегі антропологияны қарастыру мақсатында біздің зерттеуімізге негіз етіп отырған басты мәселеміз – кейіпкер бейнесінің фольклордан XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетіне дейінгі эволюциясын көрсету. Осыған дейінгі зерттеулерде адам болмысын рухани және мәдение репрезентация ретінде талдау жеткілікті деңгейде жүзеге аспаған. Сол себепті қазақ әдебиетіндегі кейіпкер эволюциясын антропологиялық парадигма тұрғысынан айқындау зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі мен осы мәселені жан-жақсы қарастыру керек екендігін көрсетеді. Әдебиеттану мен антропологиядағы жаңаша көзқарастарға сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі кейіпкер тұлғасының қалыптасу эволюциясын мысалдармен ұсынамыз.

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында «Қамбар батыр» жыры, Ш. Тіленшіұлының «Би Темірге бірінші толғауы», Бұқар жыраудың «Батырың өтті – Бөгенбай», Тәтіқара ақынның «Кебеже қарын, кең құрсақ», Үмбетей жыраудың «Жауқашарға», «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту» өлең-толғаулары, Ғ. Мұстафиннің «Қашқын», «Қан», «Алыптың кереметтері», Ж. Аймауытұлының «Елес» әңгімелері зерттеу материалдары ретінде алынды. Бұл көркем туындылар кейіпкер бейнесінің фольклордан XX ғасыр әдебиетіне дейінгі эволюциясы мен көркем репрезентациясын таныту мақсатында пайдаланылды.

Кейіпкер бейнесінің эволюциясын таныту үшін фольклор кезеңіндегі жыр мифопоэтикалық, жыраулар поэзиясындағы өлең-толғаулар герменевтикалық, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы қалыптасу жылдары жазылған әңгімелер психоаналитикалық әдістер арқылы талданды. Мифопоэтикалық әдіс эпос кейіпкерлерінің ұжымдық санамен байланысын, болмысын айқындау үшін пайдаланылды. Герменевтикалық әдіс жыраулар поэзиясындағы негізгі кейіпкерлер жырау мен хан, адам мен билік қатынасының рухани мәнін түсіндіру мақсатында қолданылды. Психоаналитикалық әдіс XX ғасырдың алғашқы жартысында жазылған қазақ әдебиеті туындыларындағы кейіпкердің бейсаналық қақтығысы мен ішкі күйзелісін талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері салыстырмалы кесте түрінде жүйеленіп, кейіпкер бейнесінің үш кезеңдегі эволюциясы антрпологиялық әдіс тұрғысынан зерделенді.

Нәтижелер және талқылау

Белгілі әдебиеттанушы Шәкір Ибраевтың пікірінше «антропологиялық зерттеулердің фольклортану үшін келесі бір маңызды мәселесі – байырғы адамдар мен қазіргі адамдардың психологиясындағы айырмашылықтарды тарихи тұрғыдан ажыратып беру» [4, 12-б.]. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер тұлғасының қалыптасу эволюциясын түсіну үшін алдымен фольклорлық кезең мен жыраулық дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын қарастырдық Осы мақсатта 1888 жылы У.Тухфатуллин жинақтаған «Қисса Қамбар» (Қамбар батыр) жырындағы Қамбар, Назым, Мақтымхан, Келмембет бейнелерінің идеялық жетілуіне назар аудардық. Әдебиеттанушылар А. Н. Атаханова мен Ғ. Б. Аяпованың «Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері» мақаласында «Адамдар образын құстарға қатысты көрсету дереккөзінде психологиялық параллелизм бар... Адам мен табиғаттың бір-бірінен бөліне бастауы – ақыл мен ойдың өсуінің белгісі. Бұл психологилық параллелизмдер мен метафоралық тәсілдердің туған дәуірі. Яғни, мифтен метафора, метафорадан теңеуге ауысу дәуірі», – деген тұжырым бар [5, 33-б.]. Жырдағы орталық кейіпкер – Назым. Оның бейнесін берудегі «Ақ сұңқар құстай толады», «тоты құстай түледі», – деген теңеулер жоғарыда атап өткен пікірді дәлелдейді [6, 50-51-бб.]. Оқиғаның көп бөлігі Назым қыздың айналасында жүріп

отырады. Европа әдебиетіндегі классицизм кезеңіндегідей «Қамбар батыр» жырында да ақсүйек отбасындағы қыз тағдыры суреттелген. Бұл жайында ф.ғ.к., әдебиеттанушы Ж.Рақыш «Қамбар батыр жырындағы әйелдер бейнесі» мақаласында: «Сұлу сипаты, ерке мінезімен қатар өзіне жар таңдаудағы батыл қадамдары Назым тұлғасын өзге жырлардағы әйелдер образынан ерекшелейді. ...Фольклор заңдылығына сәйкес болашақ жарының елден ерек тұлғасына Назым да қанық. Ол жырда: «Жұрт әуес болған сұлудың, Көңілі ауды сыртынан, Ер Қамбардың күшіне», – деп өрнектеледі. Назым үшін батырлық мінезбен қасиет киелі», – деген пікір білдіреді [7, 80-б.]. Әлеуметтік не болмаса адам тағдыры секілді мәселе көтермесе де, өз болашағын айқындау жолында бұл кейіпкер бойынан батылдық пен айлакерлікті байқаймыз. Ол әйелдікке күштеп аламын деп келген Мақтымханға қойған айла-шарғысынан танылады:

Келуші еді әуелі,
Күйеу үйден, қыз тыстан,
Ұстаушы еді білектен.
...Сексен күндей ой қылып,
Сексен күндей той қылып,
Үш сексен күн дегенде
Қыз, жігітті жатқызып,
...Ұзатушы еді атамыз,
Бұрынғы-соңғы жол қылып [6, 67-б.].

Бұл жолдардан елінің үш сексен күн уақытта бір амалын табарына, Қамбар батырдың бұның жайын естіп құтқаруға келеріне деген қыздың ішкі сенімі көрінеді. Келесі негізгі кейіпкер Қамбар тұлғасы Назымға қарама-қарсы. Біз оның қыздың жыр басындағы күйеу таңдаған сынына «өңкей тобыр ел» асырап жүргендіктен шақырылмай қалғанынан бастап, соңғы эпизодқа дейін кейіпкер ретінде өсу динамикасын байқай алмадық. Ғалым Г. Пірәлі «Ішкі монолог» монографиясында «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпан жайын талдай келе «Оның құпия ойын, жан сырын ұғар қасында жан жоқ. Сондықтан да ол өз ойын өзі, адам ішіндегі адаммен (человека в человеке), яғни санамен сырласу, ойласу арқылы ақиқатқа жол ашады», – деген пікір білдіреді [8, 29-б.]. Әдебиетке М. Пруст әкелді деп саналатын, XX ғасыр басындағы батыс әдебиетінде Джойс, Кафка, Толстой, Достоевский, қазақ әдебиетінде Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар шығармашылығы арқылы танылған психологизмді бейнелеу құралдарының алғашқы белгілері халық ауыз әдебиетінде байқалады. Мысалға, «Қамбар батыр» жырында батырды сыртынан көріп, құмартқан сұлудың ар-намысты жиып қойып, өзі сөз бастағанына Қамбардың «сөйлесе кетсем сұлумен, кетермін деп қызығып», – деп өзін-өзі қайрауы ішкі монологтың белгісі [6, 57-б.]. Бір жерде ұстамды көрінетін батыр «дәнемені көрмеген, жалаңбұт өскен заңғар-ау, алды-артыңа қарасам, кедейің қалың сор бар-ау», – деген қыз сөзіне «Бір

тілегім Құдайдан, кәпір алса олжаға, мінгізіп салса арбаға», – деп шамданып, еліне кетіп қалады [6, 59-б.]. Бұл жолдарда Қамбар бейнесінің ешкімге өздігінен соқтықпайтын, біреу намысына тиерлік сөз айтса аянбайтын мінезі байқалады. Жырдың кульминациясында Мақтымханның зорлығын, Келмембеттің жағымпаз қылығын көрген батыр бойында белгісіз күш оянып, тоғызыншы күні барамын деген хабар айтады. Осы жерде Қамбар батыр ханға өзінің кешігіп келу себебін ерекше түсіндірген: «үйден шығып келе жатқанымда бір қарға қазы қызыл алтай түлкіні алды, оған келіп бір қара төбет зорлық қылды, таласып жатыр екен, маған келіп жүгінді. Тазы сенің күнде алғаның түлкі, бір жолы қара төбетке байла, – деп төре бердім, үш күн айландым» [6, 79-б.]. Бұл Қамбардың батыр ғана емес халық даналығын бойына сіңірген ер екеніне жақсы мысал. Осы арқылы Мақтымханға «сен хансың, тазы, лашын, сұңқар тектессің, мен секілді қара төбет, қу, қара қарғаға бір мәрте жолыңды бер», – деген астарлы ой тастаған. Бұл ойды хан түсінген сыңай танытпағаннан кейін шабуыл жасап, елін де, сүйген Назым сұлуды да кәпірдің тұтқынынан босатады. Мақтымхан мен Келмембет бейне-болмыстары жырда озбырлық пен қулық тұрғысынан суреттелген. Екеуінің түп атасын жырда кәпірдің патшасы мен шалақазақ шоқындының баласы деп баян еткен. Жалпы, бай, батыр, ханның сұлу қызы барын естіп, алыс елден жаугершілікке аттану көптеген қазақ ертегі-дастанына ортақ сюжет. Бұл «Қамбар батыр» жырында да қайталанған. Ал Қамбарды «жағасынан сүйреп» әкелмегені үшін тілденген Келмембет бойындағы батылдығын жиып, «Қамбар сені өлтіріп, кемеліне келтіріп, сүйегіңді қасқыр кемірсін, майыңа қасқыр семірсін», – деген ызаға толы сөз айтып кетіседі [6, 81-б.]. Жырдың ортасында хан қайда жұмсаса сонда болатын жылпос мінезді Келмембет соңына қарай батыл бейнеге айналған. Мақтымхан – қазақ эпикалық дастандарында жиі кездесетін, екі ғашықтың қосылуы алдындағы сынағы, тосқауылы секілді архетиптік бейне. Жалпы алғанда, кейіпкердің фольклордағы эволюциясын зерделеуге алынған «Қисса Қамбар» жырындағы типтік бейнелердің жетілуі, болмысқа ұмтылуы солғын көрінеді.

Кейіпкер эволюциясын зерделеудің келесі сатысында жыраулар поэзиясын қарастырамыз. Академик Сейіт Қасқабасов «...жыраулар поэзиясында ең мәнді де, маңызды етіп қаһармандықты, елінің тәуелсіздігі мен мемлекетінің нығаюы үшін жан аямай күрескен батырлар мен қайраткерлерді мадақтап, көтермелеп жырлау дәстүрін қалыптастырды. Сөйтіп, жыраулар өз шығармаларында идеалды әміршінің бейнесін жасады», – деген тұжырым жасайды [9, 203-б.]. Шалкиіз Тіленшіұлы поэзиясындағы «Би Темірге бірінші толғауында» билеуші бейнесі мен ақын арасында параллельдер жасалған. Жырды белгілі ғалым Т. В. Цивьян жіктеген бинарлық оппозициялық жұптар тұрғысынан қарастыратын болсақ, әлеуметтік категорияға байланысты (ақылсыз дос – ақылды дұспан; сұлтан – құл; сұңқар – қу; жақсы – жаман; алтын – пұл; жібек – жүн) бірігіп келіп, тұтастық құрайтын таңбалық кешендерге сипаттауға болады [10, 6-б.].

Бұл өлеңде автор екі бейнені сомдаған. Біріншісі, құдіретті, Тәңірге ұқсас – би Темір болса, екіншісі билеушінің «көбең семіз торысы» мен «көп құлының» бірі ретінде көрінетін автордың өзі. Әмірші мен жыраудың көзге көрінбес тартысы. Бұл байланысты нақтылауда семиотикалық антропология тұрғысынан Пирстың «индекстік байланыс» теориясын қолданамыз [11, 338-б.]. Ол бойынша жырау өзінің төмен дәрежесіне қарамастан би Темірді алтынға, жібекке теңей тұра онымен тепе-тең дәрежеде екенін меңзейді (Саған дұспан – маған жау). Ал Жиембет жырларындағы Есім ханның бейнесінің би Темірден айырмасы – соңғысы билеушісін құрмет тұта отырып, өзінің одан ықпасын сездірсе, алғашқысының ханның атақ-дәрежесіне қарамастан қорықпайтынын ашық айтуында. «Еңсегей бойлы Ер Есімдегі» – «есірген», қол астындағы ақылшысын «сатып алған құлындай» жұмсайтын, «тасыған», «ұнамды қылығы жоқ» хан бейнесі орта ғасырдағы озбыр билік иесін сипаттайды. Тәтіқара жырларында Абылай бейнесі «артық туған» жан ретінде мойындалса да, жау шапқанда:

«Ит етектен алғанда
Ер Абылай қорыққан жоқ
Әншейін еңкейе бере жылысты» [12, 68-б.].

Бұл жолдарда жыраудың реніші көрінеді. Үмбетей жыраудың «Бөгембай қазасын Абылай ханға естіртуіндегі»:

«...Сол ерлікпен хан болдың,
Әлем асқан жан болдың».
«...Қалмаққа бітеу жұтылдың,
Үш ауыз сөзбен құтылдың
Ұмыттың ба соны, Абылай?!».
«Баба түкті Шашты Әзіз,
Содан бата алғанда,
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа Қыдыр қонғанын...» [12, 74-б.].

Бұл жолдарда Абылайдың батылдығы, «әлем асқан жан», «үш ауыз сөзбен құтылған шешен», «басына Қыдыр қонғаны» жинақталып, толымды хан бейнесі сомдалған. Бұқар жыраудың «Батырың өтті – Бөгенбай» жырында:

«...құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал-қорғаны»
«Қыс қыстайтын жеріңді
Аң етімен тау қылған,
Батырың өтті Бөгенбай!».
«Тұғыр болған сол еді
Сіздей төре сұңқарға» [12, 48-б.].

Аталған үзінділер арқылы «қазақтың қамал-қорғаны», «қыс қыстайтын жеріңді, аң етімен тау қылған» аңшылығы, орта жүздің тұғыры, еңбегі сіңген

ер екендігі айтылып, батыр болмысы бейнеленген. Жыраулар поэзиясының негізгі кейіпкері – классицизм дәуірі әдебиетіндегідей хан, әмір, би, батыр екенін ескерсек, ол кезеңдегі қарапайым халық бейнесі жырлардағы бірлі-жарым үзіндіде көрінеді. Мысалға,

«Мен, өлсе, құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген
Тілеуберді құлыңдай» [12, 40-б.].

Бұл жолдар ханның қаталдығы мен қол астындағы қызметшісіне деген қарым-қатынасын көрсетсе, Үмбетейдің «Жауқашарға» өлеңіндегі

«Бұрала біткен емендей
қисық туған адамсың»,
«ындыны жаман жетеуің
Қашты әне жалт беріп» [12, 71-б.].

Осы жолдардан ел ішін бұзған тентек бейнесі байқалады. Түптеп келгенде жыраулар поэзиясындағы кейіпкер бейнесінің эволюциясы фольклордан айырмасы аз, толыққанды дамымаған, өз кезегінде батырлық пен батылдықты сомдауға машықтанғандығы айқын көрінеді деген тұжырым жасаймыз.

Кеңестік тоталитарлық дәуір тұсындағы көркем бейне табиғаты күрделі өзгерістерге толы. Оны екі бағытта қарастырып көруге болады. Бірінші бағыттағы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж. Аймауыттың «Ақбілек», «Қартқожа», «Елес», М. Жұмабайдың «Шолпанның күнәсі», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» тәрізді классикалық туындыларындағы кейіпкер бейнесінің толысуы мен күрделі психологизмі біршама зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Екінші бағыттағы С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», «Миллионер колхоз» романдарындағы кейіпкерлер ертегі үлгісінде (кейіпкер ретінде толысудан гөрі қатар-қатар қиындыққа кез болу, оны жеңіп бақытқа жету) өмір сүрсе, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ ауылының жай-күйі баяндалған Б. Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді», «С. Мұратбековтің «Жусан иісі», «Жабайы алма» роман-повестерінде кейіпкер тұлғасы біршама тұрақталып, өмірі жеңіс пен жеңілістен тұратын қарапайым адам екендігі көрініс тапқан. Ғ. Мұстафиннің 1928 жылы жазылған «Қашқын» әңгімесі басынан соңына дейін Қуат есімді «қашқын» шалдың аузынан баяндалады. Жазылған уақыты мен идеясына қарай отырып, негізгі айтпақ ойын түсінуге болады. Жастайынан Малдыбайдың малайына айналған әкелі-балалы екеудің бастан кешкені сол жылдары жазылған біршама жазушының ортақ тақырыбы. Оқыста әкесінің көзі шығып, жан ашуы байды сабауға жеткізген Қуатты ары қарай дуандағы түрме күтіп тұрғанын оқырман анық бағамдайды. Алайда жолай урядниктерді біріне-бірін соғып, қашқын атануы оның кейінгі тағдырын түбегейлі өзгерткен. Әңгіменің соңында «қашқынымыз» жігіт шағынан қартайғанға дейін ұсталмастан жолына кезіккен бай атаулыны сабап, қаншама

рет абақты есігін көргенін баян етеді. Оқиға желісі патша үкіметі жылдары өтсе де, кейіпкер аузынан кеңес үкіметінің тезірек келуін аңсаған, соны асыға күткен леп сезіледі. Ал 1937 жылы жазған «Қан» әңгімесінде автор Бәлкен, Төкіш деген екі байдың жылқы қосына таласуы, кектескен Төкіштің бес-алты жігітті барымтаға жіберуі баяндалады. Мал ашуы жан ашуына айналған екі жақ сойыл сілтесіп, даудың соңы екі жігіттің қызыл ала қанға боялып, майдан даласында қалуымен аяқталады. Оқиғаны бастан-аяқ көріп тұрған баяндаушымыз қызық көрген көпшіліктің байдың малы үшін қан төккен екі жігітті сол күйі тастап кеткенін көріп, әңгіме түйінін осы әурешіліктің бәрі неге болды деген сұрақпен аяқтайды. Сол секілді «Алыптың кереметтері» әңгімесінде айналасы бір жылдың шамасында еңбектің арқасында жетістікке жеткен Нұртаза есімді жұмысшы жігіттің оқиғасы баяндалады [13]. Жоғарыда атап өткеніміздей, қарапайым зауыт жұмысшысының бір жылдың шамасында қалаға аты жайылып, әйгілі де сыйлы азаматқа айналуы – күн санап, сағат санап өсетін ертегі кейіпкерінің қалыптасу жолына ұқсайды. Бұл әңгімелер арқылы автордың кеңестік жүйеге берілгендігі, соның қорғаушысына айналғаны анық көрінеді. Қазақтың психологиялық прозасын негіздегі Жүсіпбек Аймауытұлының «Елес» әңгімесі біз талдаған Ғ. Мұстафин шығармашылығына қарама-қарсы. Қандай тақырыпта жазарын білмей отырған кейіпкерімізге кенет тап болған (өзінің ойынша – авт.) жас жігітпен арадағы диалог, бас-аяғы бес беттік әңгіменің көтерер жүгі ауыр. Жас жігіттің «Төңкеріс ақынын ақынын жолықтыра алмай жүр едім: жақсы киліктің ғой», – деген сөзінен-ақ автордың кеңестік билікті мысқылдап отырғаны түсінікті бола түседі [14, 69-б.]. Ал бастапқы кейіпкеріміздің аузына «төңкерістің берген бостандығын, теңдігін жазамыз», «еңбекшілерді тап күресіне шақырамыз», «ескі молдаларға, дінге, әдет-ғұрыпқа қарсы сөздер де жазылады» деген жолдарды салу арқылы революциядан бері алты-жеті жыл өтсе де кеңес билігінің өзіне қажетті тақырыптарды ғана жаздырып отырғаны сыналған. Өктем үнге айналған дауыс кейіпкерімізді алқымынан алып, төңкеріс жолында құрбан болған ерлер, ашаршылық, төңкерістен кейінгі қазақ тұрмысы, қазақ даласындағы соғыс майданының зардабы, революцияның алғашқы жылдарындағы заңсыздықтар секілді алуан тақырыптың барын айтып осыларды жаз, жазбаймын десең ендігәрі қалам ұстаушы болма деп шарт қояды. Осы жайында белгілі ғалым Г. Пірәлиева «бұл жерде адам ішіндегі адам, яғни адамның өз Ар-ұят елес болып алдыңғы қатарға шығады», – деген тұжырым жасайды [15, 91-б.]. Ж. Аймауытұлы шағын әңгіме арқылы кеңестік саясатты, оның қолшоқпарына айналған қазақтың ақын-жазушыларын аяусыз сынай отырып, не жазу керек, бұрынғы әдебиет үлгілерінен бас тартудың қажеті қанша деген сұрақтарға жауап іздейді. Әңгімедегі кейіпкер бейнесі жалтақ, қорқақ, бірақ түсінде өзінің ары, ішкі дауысы арқылы ағынан жарылады. Біз талдап отырған екі автордағы кейіпкерлер бейнесінің эволюциясы екі түрлі. Ғ. Мұстафин және XX ғасырда

өмір сүрген біршама қаламгер шығармашылығында билік өкілдерін жоғары тап көру мен отарлық саясатты, үстемдікті бейсаналы түрде қолдау басым. Ал жоғарыда аталған Ж. Аймауыт, М. Жұмабай, М. Әуезов шығармашылығы басқа бағыт алған.

Зерттеуіміз барысында қарастырған «Қамбар батыр» жыры, Шалкиіздің «Би Темірге бірінші толғауы», Жиембеттің «Әмірің қатты Ер Есім», Тәтіқараның «Кебеже қарын, кең құрсақ», Үмбетейдің «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту», Бұқар жыраудың «Батырың өтті Бөгенбай» өлеңдері мен Ғ. Мұстафиннің «Қан», «Қашқын», «Алыптың кереметтері», Ж. Аймауытұлының «Елес» әңгімелеріндегі кейіпкер бейнесінің өзгеру эволюциясы мен көркем репрезентациясы қазақ әдебиетіндегі адам болмысы жайлы біршама ақпарат береді. Алдымен талдауымыз негізінде көрінген кейіпкер болмысын не өзгерді деген сұраққа кесте түрінде жауап бере отырып қарастырайық:

1-кесте – Кейіпкер бейнесінің диахронды эволюциясы

Дәуір	Көркем шығарма	Кейіпкер бейнесі	Негізгі идеясы	Талдау тәсілі
Фольклор	«Қамбар батыр».	Қыз намысын қорғаған батыр	Ерлік	Мифо-поэтикалық
Жыраулар поэзиясы	«Би Темірге бірінші толғауы»; «Әмірің қатты Ер Есім»; «Кебеже қарын, кең құрсақ»; «Бөгембай қазасын Абылай ханға естірту»; «Батырың өтті Бөгенбай».	Әміршісіне иек артқан жырау; Ханынан сескенбес жырау; Ел қамын ойлаған батыр; Елі үшін қан төккен билеуші.	Ерлік, ер мен ел тұтастығы, қайтпас қайсарлық	Герменев-тикалық
XX ғасырдың алғашқы жартысын-дағы қазақ әдебиеті	«Қан», «Қашқын», «Алыптың кереметтері», «Елес».	Теңдік аңсаған, кім үшін өлгенін білмейтін бейне мен тұлғаның екіге жарылуы	Адам мен қоғам арасындағы қайшылық, кеңестік біртұтас адам идеясынан бейсаналы жеріну	Психо-аналитикалық

Бұл кесте арқылы қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің эволюциясын дәуірлік және әдіснамалық тұрғыдан жүйелеп көрсеттік. Әр дәуірдегі кейіпкер

бейнесі мен көркем туындының идеялық өзегі сол қоғамның дүниетанымдық көзқарасы мен рухани сұранысын бейнелейді. Фольклорлық дәуірдегі кейіпкер ел намысы мен қыз намысын жоғары қойған бейне ретінде қалыптасқан. «Қамбар батыр» жырындағы кейіпкерлер – ұжымдық сананың көрінісі. Батыр қиын жағдайға тап болған қоғамның қорғаушысы. Мифопоэтикалық және психологиялық талдау арқылы кейіпкер ерлігі, қыз тағдыры, адамдар арасындағы аярлық ұғымдары тұтас сипатта берілген. Жыраулар поэзиясында тұлға фольклордағы ұжымдық санадан бөлініп, саяси субъект дәрежесіне көтерілген. Жыраулардың толғау, өлеңдеріндегі ақын мен хан, билеуші мен батырдың қарым-қатынасы айқын. Герменевтикалық әдіс арқылы жыраудың билеушісінен қорықпауы, керісінше тең дәрежеде сөйлесе алатын қабілеті ашылған. Кеңестік кезеңдегі кейіпкер бейнесі ішкі күйзеліс, рухани жарылу үстінде танылады. «Қан», «Қашқын», «Елес» әңгімелеріндегі кейіпкер идеология мен жеке тұлға арасындағы қайшылықты көрсетеді. Бұл кезеңге психоаналитикалық талдау жасау арқылы кейіпкердің бейсаналы болмысын байқауға болады. Кестеде көрінгендей, қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесінің эволюциясы ұжымдық санадан жеке тұлғаның бейсаналы трагедиясына дейінгі жолды жүріп өткен. Фольклордағы кейіпкер қоғаммен біте қайнасып, ерлік, намыс идеяларымен шектелсе, жыраулар поэзиясында қалың қарашаның рухани өкілі ретінде танылған. Кеңестік кезеңдегі адам мен қоғам, сана мен идеология қақтығысы экзистенциалдық мазмұнға ие болды. Талдау әдістерінің де дәуір өткен сайын ауысып отыруы кейіпкердің өзін тану жолындағы рухани эволюциясын бейнелейді.

Келесі кестеде кейіпкер болмысын антропологиялық қабаттар бойынша қарастырайық.

2-кесте – Әдебиеттегі адам болмысының антропологиялық деңгейлері

Болмыс деңгейі	Әдеби кезең	Негізгі сипаты	Көркем репрезентациясы	Зерттеу нысаныны-ның нәтижесі
Табиғи	Фольклор	Табиғат пен тұтастық	Батырдың ел мен қыз намысын қорғауы	Ұжымдық сана қалыптасты
Рухани	Жыраулар поэзиясы	Елдік сана, рух	Жырау мен ханның қатынасы. Ел қорғаған батыр өлімін жоқтау	Адам мен билік қатынасы айқындалды
Психо-логиялық	XX ғ. алғашқы жартысындағы қазақ әдебиеті	Ішкі қақтығыс, бейсаналы үрей	Экзистенциалды көрініс	Тұлғаның екіге жарылуы мен идеологиялық қысым көру

Екінші кестеде әдеби кезеңдер бойынша кейіпкер болмысының табиғи, рухани және психологиялық деңгейлерде көркем бейнелену динамикасы көрсетілген. Бұл бірінші кестеде алынған нәтижелерді антропологиялық деңгейлер бойынша талдауға мүмкіндік береді. Фольклор кезеңінде адам мен табиғаттың тұтастығы батырдың ұжымдық сананы қалыптастырушы әрі қорғаушы тұлға ретіндегі әрекеті арқылы айқындалады. Бұл кезең адам болмысының табиғи және мифтік антропологиялық деңгейіне сай. Жыраулар поэзиясы кезеңінде адам болмысы рухани жағынан дами түскен. Жырау мен ханның диалогы арқылы халық, билік, жауапкершілік мәселелері алға шықса, батыр қазасын ханға естірту арқылы дәстүр мен жаңашырлықтың елдің рухы екені көрінген. Кеңестік кезең шығармаларында адамның ішкі әлемі мен бейсаналық үрейі байқалады. Бұл тұлғаның саяси, идеологиялық қысым жағдайында бұрынғы жыраулар поэзиясындай ойын ашық айта алмайтынын көрсетіп, соның әсерінен цензураны айналып өту мақсатында екіге жарылу, сана ағымы, бейсаналықты пайдаланғанын сипаттайтын психологиялық деңгей. Осылайша, әдебиеттегі адам бейнесінің тарихи эволюциясы табиғатпен тұтастықтан рухани үйлесімділікке, одан экзистенциалды күйзеліс пен өзін іздеуге дейінгі аралықтағы антропологиялық дамуын көрсетеді.

Қорытынды

Мақалада кейіпкер бейнесінің фольклордан кеңестік кезеңге дейінгі эволюциясы жан-жақты талданды. Әр кезеңге тән шығармалар негізінде кейіпкер бейнесінің өзгерісі нақты мысалдар арқылы дәлелденді. Адам мен ұжымдық сана, адам мен қоғам, адам мен «ішкі Меннің» арақатынасы антропологиялық әдіс тұрғысынан қарастырылып, болмыстың табиғи, рухани және психологиялық деңгейлері жүйеленді. Зерттеу нәтижелері негізінде фольклор кезеңіндегі кейіпкер бейнесінің батырлық идеясы арқылы көрінетіні, жыраулар поэзиясы кезеңінде рухани деңгейге көтеріліп, ел мен билік арасындағы жауапкершіліктің басты идея болатыны, кеңестік кезең әдебиетінде экзистенциалды сипаттың белең алып, бейсаналы күйзеліс пен идеологиялық қысым әсерінен өткен дәуірлерде өз ойын ашық айтатын тұлғаның «үнсіз адамға» айналатыны дәлелденді. Бұл нәтижелер қазақ әдебиетіндегі көркем бейне эволюциясының тарихи жағдайларға тәуелді өзгеріп отырғанын көрсетеді. Зерттеу барысында қолданылған мифопоэтикалық, психологиялық, герменевтикалық, психоаналитикалық талдау әдістері адам болмысының көпқырлы табиғатын кең көлемде қарастыруға мүмкіндік берді. Болашақта зерттеу аясын кеңейтіп, кейіпкер бейнесінің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа ғасыр тоғысындағы, жасанды интеллект кезеңіндегі өзгерісін, ер мен әйел тұлғасының бейсаналы және рухани әлемін талдау қазақ әдебиетіндегі көркем антропологияның жаңа парадигмасын қалыптастыруға жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Леви-Строс, К.** Структурная антропология [Текст] / К. Леви-Строс. – М. : Академический проект, 2008. – 560 с.

2 **Clifford J., Marcus, G. E.** Writing culture: the poetics and politics of ethnography [Text]. – London : University of California Press, 1986. – 306 p.

3 **Аймұхамбет, Ж.** «Абай поэзиясы: көркем антропология. Мотив және актант». Ғылыми-танымдық еңбек. – Семей : «Кудайбергенов», 2024. – 238-б.

4 **Ибраев, Ш.** Қазақтың ғұрыптық фольклоры. Т.2 - Түркістан: «Тұран» баспасы, 2025. – 189-б.

5 **Атаханова, А. Н., Аяпова Б. Г.** Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері [Мәтін] // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 2 (178). – Б. 29–35. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph4

6 Бабалар сөзі: Жүз томдық [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2007. – Т. 43: Батырлар жыры. – 416-б.

7 **Рақыш, Ж. С.** «Қамбар батыр» жырындағы әйелдер бейнесі [Мәтін] // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 1. – Б. 79–83.

8 **Пірәлиева, Г.** Ішкі монолог [Мәтін] : Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. – Алматы : Ер-Даулет, 1994. – 136-б.

9 **Қасқабасов, С.** Таңдамалы [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 2: Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – 344-б.

10 **Цивьян, Т. В.** Модель мира и ее лингвистические основы [Текст]. – 3-е изд., испр. – М. : КомКнига, 2006. – 280 с.

11 **Mertz, E.** Semiotic anthropology [Text] // Annual Review of Anthropology. – 2007. – T. 36. – P. 337–353. – https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.36.081406.094417

12 Жеті ғасыр жырлайды [Мәтін] : XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жыраулarының шығармалары / құраст. Е. Дүйсенбайұлы ; суретші Т. Мұқатов. – Алматы : Жазушы, 2004. – Т. 1. – 400-б. – ISBN 9965-701-61-X, 9965-701-62-8.

13 **Мұстафин, Ғ.** Өмір белестері : әңгімелер, очерктер, ой-пайымдар [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 2012. – 424-б.

14 **Аймауытов, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. Повесть пен әңгімелер, аудармалар [Мәтін] / құраст. Н. Қуантаев. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т. 3. – 384-б.

15 **Пірәлиева, Г.** Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері [Мәтін] : Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем / Г. Пірәлиева; жауап. ред. А. Ісімақова; ҚР БҒМ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы : Алаш, 2003. – 327-б.

REFERENCES

1 **Levi-Stros, K.** Strukturnaya antropologiya [Structural anthropology] [Text]. – Moscow : Akademicheskii proekt, 2008. – 560 p.

2 **Clifford, J., Marcus, G. E.** Writing culture: the poetics and politics of ethnography [Text]. – London : University of California Press, 1986. – 306 p.

3 **Aimukhambet, Zh.** Abai poeziyasy : korkem antropologiya. Motiv zhane aktant [Abai's poetry: artistic anthropology. Motif and actant] [Text]. – Semei : Kudaiybergenov, 2024. – 238 p.

4 **Ibraev, Sh.** Kazaktyn guriptyk folklory. Vol. 2 [Kazakh ritual folklore] [Text]. – Turkistan : Turan baspasy, 2025. – 189 p.

5 **Atakhanova, A. N., Ayapova, B. G.** Folklorlyk muralardyn genezisi, tarikhilygy, zhanrlyk belgileri [Genesis, historicity and genre features of folklore heritage] [Text] // In KazNU Bulletin. Philology Series. – 2020. – No. 2 (178). – P. 29–35. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph4

6 Babalar sozi: Zhuz tomdyk [Words of ancestors: One hundred volumes] [Text]. – Astana : Foliant, 2007. – Vol. 43: Batyrlar zhyry [Epic poems of heroes]. – 416 p.

7 **Rakysh, Zh. S.** «Kambar batyr» zhyryndagy aielder beinesi [Female images in the epic «Kambar Batyr»] [Text]. // In Al-Farabi Kazakh National University Bulletin. Philology Series. – 2017. – No. 1. – P. 79–83.

8 **Piralieva, G.** Ishki monolog: Ishki monologtyn keipker psihologiyasyn ashyudagy korkemdik kyzmeti [Inner monologue: the artistic function of inner monologue in revealing character psychology] [Text]. – Almaty : Er-Daulet, 1994. – 136 p.

9 **Kaskabasov, S.** Tandamaly. Vol. 2: Mifologiya. Folklor. Adebiet. Zertteuler [Selected works. Vol. 2: Mythology. Folklore. Literature. Studies] [Text]. – Astana : Foliant, 2014. – 344 p.

10 **Tsivyan, T. V.** Model mira i ee lingvisticheskie osnovy [Model of the world and its linguistic foundations] [Text]. – 3rd ed., revised. – Moscow : KomKniga, 2006. – 280 p.

11 **Mertz, E.** Semiotic anthropology [Text] // In Annual Review of Anthropology. – 2007. – Vol. 36. – P. 337–353. – https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.36.081406.094417

12 Zheti gasyr zhyrlaĭdy: XIV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezigine dein kazak akyn-zhyraularynyn shygarmalary [Seven centuries sing: works of Kazakh poets and zhyraus from the XIV to early XX centuries] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 2004. – Vol. 1. – 400 p.

13 **Mustafin, G.** Omir belesteri: angimeler, ocherkter, oi-paiymdar [Life milestones: stories, essays, reflections] [Text]. – Almaty : Ana tili, 2012. – 424 p.

14 **Aimauytov, Zh.** Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Vol. 3: Povestter pen angimeler, audarmalar [Collected works in six volumes. Vol. 3: Novellas, short stories, translations] [Text]. – Almaty : El-shezhīre, 2013. – 384 p.

15 **Piralieva, G.** Korkem prozadagy psihologizmnin keibir maseleleri: Tus koru, beiverbaldy isharattar, zattyk alem [Some issues of psychologism in fiction: dreams, nonverbal signs, object world] [Text]. – Almaty : Alash, 2003. – 327 p.

29.01.26 ж. баспаға түсті.
18.02.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. А. Аймухамбет[1], *Н. С. Сабыржан[2]*
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 29.01.26.
Поступило с исправлениями 18.02.26.
Принято в печать 10.08.26.

АНТРОПОЛОГИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМА В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ЭВОЛЮЦИЯ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ

В статье рассматриваются формирование и эволюция антропологической парадигмы в казахском литературоведении; посредством изучения художественной репрезентации образа героя в фольклоре, поэзии жырау и литературе XX века ставится цель выявить трансформацию человеческой личности. Объектом исследования послужили фольклорные произведения, поэзия жырау и образцы письменной литературы. В ходе анализа были использованы принципы мифопоэтического, психоаналитического и герменевтического методов. Анализ выполнен в соответствии с фундаментальными теориями литературоведения, при этом ориентиром послужили взгляды ученых, исследовавших проблемы героя, образа и бытия. Научно обосновано, что в фольклоре образ героя осмысляется как архетип коллективного сознания, в поэзии жырау – как духовная целостность, а в литературе XX века – как внутренняя конфликтность личности и феномен «молчаливого человека». Кроме того, систематизирована эволюция образа героя от уровня коллективного сознания к экзистенциальному измерению. Динамика изменений героя между историческими этапами

конкретизирована посредством диахронной таблицы. Уточненные данные систематизированы в соответствии с антропологическими основаниями человеческого бытия, представлены их художественная репрезентация и результаты исследования. Предлагаемая концепция направлена на теоретическое уточнение парадигмы художественной антропологии в казахской литературе и выявление духовных и культурных уровней человеческого бытия. Полученные результаты создают возможность комплексного исследования человеческого бытия в литературе с использованием антропологического, семиотического и психоаналитического методов.

Ключевые слова: литературная антропология, репрезентация, фольклор, бытие героя, эволюция личности.

*Zh. A. Aimukhambet[1], *N. S. Sabyrzhan[2]*
[1,2]L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 29.01.26.
Received in revised form 18.02.26.
Accepted for publication 10.08.26.

THE ANTHROPOLOGICAL PARADIGM IN KAZAKH LITERATURE: EVOLUTION AND ARTISTIC REPRESENTATION

The article examines the formation and evolution of the anthropological paradigm in Kazakh literary studies and aims to identify the transformation of human personality through the analysis of the artistic representation of the character in folklore, the poetry of the zhyrau, and twentieth-century literature. The research material includes folklore works, zhyrau poetry, and examples of written literature. The analysis employs mythopoetic, psychoanalytic, and hermeneutic methodological principles. The study is conducted in accordance with fundamental theories of literary studies, drawing on the views of scholars who have explored the concepts of character, image, and being. It is scientifically substantiated that in folklore the character is perceived as an archetypal manifestation of collective consciousness, in zhyrau poetry as a form of spiritual integrity, and in twentieth-century literature as an expression of the individual's internal conflict and the phenomenon of the "silent man". The evolution of the character's image from the level of collective consciousness to the existential dimension is systematized. The dynamics of the character's

transformation across historical periods are specified through a diachronic table. The refined data are systematized in accordance with the anthropological foundations of human existence, and their artistic representation and research results are presented. The proposed conclusions aim to theoretically clarify the paradigm of artistic anthropology in Kazakh literature and to highlight the spiritual and cultural levels of human existence. The obtained results enable a comprehensive study of human existence in literature through the integration of anthropological, semiotic, and psychoanalytic methods.

Keywords: literary anthropology, representation, folklore, character's being, evolution of personality.

ҒТАМР 17.07.41

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/70-84

***Ж. С. Акишева**
Satbayev University,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
ORCID: https://orcid.org/0009-0008-2899-6707
*e-mail: z.akisheva@satbayev.university

ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ЦИКЛ: КӨРКЕМДІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы лирикалық цикл құрудың теориялық және тарихи-әдеби аспектілері қарастырылған. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы әлемдік әдебиеттегі танымал жанрлық форма болып келген, лирикалық цикл мақалада осы кезеңдегі қазақ поэзиясы негізінде талданады. Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров циклдерінің өлеңдеріндегі лексикалық, синтаксистік, мотивтік, дыбыстық, интонациялық ұйымдастырылу деңгейінде цикл құраушы біріктіруші компоненттер анықталады.

Хронология, жазу мерзімі, тақырып, лирикалық кейіпкер, мәтіннің бейнелі құрылымы, лирикалық сюжет сияқты цикл құраушы компоненттерге ерекше назар аударылады. Лирикалық циклдер көркемдік уақыт көркемдік кеңістіктен бөлінбейді деген концепция арқылы сипатталған. Аталған шығармаларда циклқұраудың басты элементі ретінде жанрдың біртұтас кеңістігі алынады. Мақалада ақынның көркем әлемінің тұтастығы оның шығармаларындағы уақыт пен кеңістіктің бірлігін білдіреді. Ол қарастырылып отырған циклдік принциптердің бірі. Лирикалық циклдің біртұтас кеңістігін құру тұрғысынан өлеңдер арасындағы сындарлы элементтер ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, кеңістіктің құрамдас бөліктері де маңызды. Автор мақалада Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров лирикасының мысалында пейзаждық циклдерді ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталады. Мақалада Сәкен Сейфуллин циклдерінің құрамындағы өлеңдерінде негізделетін лирикалық циклдің жанрлық формасының субъективті-объективті ұйымдастырылуына назар аударылады. ХХ ғасырдың І жартысындағы қазақ поэзиясындағы лирикалық циклдің табиғатын білу, тән цикл құру компоненттерін анықтаудың маңыздылығы көрсетілген. Талдаудың аспектілері – лирикалық циклдің жанрлық формасының негізін құрайтын принциптер, олардың дамуы әртүрлі тәсілдер мен зерттеулерде көрінеді.

Кілтті сөздер: циклқұрылым, лирикалық цикл, қазақ поэзиясы, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, лирикалық кейіпкер.

Кіріспе

Ғылымда өлеңдер циклі ұзақ уақыт жеке мәселе ретінде қарастырылмаған. Көптеген зерттеулерде лирикалық циклді талдау лексикалық қайталауларды, идеялық-тақырыптық кешендерді, өлеңдер арасындағы байланыстарды табуды және сипаттауды мақсат етеді [1; 2]. Бұндай мәліметтердің қажеттілігі сөзсіз. Олар жалпы мағыналық тұтастық жасайтын, өлеңдер арасында пайда болатын байланысты көруге мүмкіндік береді. Сөйте тұра, лирикалық циклдің құрамындағы көрсетілген компоненттер циклдің жанрлық табиғатын анықтау үшін жеткіліксіз. Өлеңдердің арасындағы байланыс басқа контекстте де, мәселен, тақырыптық топтауларда немесе өлеңдер жинағында көрінуі мүмкін.

Өлеңдер арасындағы шынайы байланыс поэтикалық стильдің бірлігі, лирикалық баяндаудың белгілі формасы нәтижесінде пайда болады. Бұл жағдайда жанрдың шекарасы кеңейе түседі. Өлеңдер циклі туралы қазіргі көзқарастар тұрғысынан циклдің көркем әлемінің негізгі аясын қалыптастыратын және жалпы жанрды тудыратын факторларды анықтау өзекті болып табылады [3; 4].

ХХ ғасырдың басында лирикалық циклі әлемдік поэзияда белсенді жанрлық форма ретінде қарастырылған деп есептеледі. Қазақ ақындары шығармашылығындағы осы жанрдың теориялық және дара ерекшеліктерін қадағалаудың маңызы зор. Бұл мәселенің шешімі қазақ поэзиясының әлемдік поэтикалық кеңістікте өзіндік ерекшелігі мен енгендігін көрсете тұра жанрдың үстемдік ету үдерістерін анықтайды.

Отандық ғалымдар өлеңдер мен лирикалық жанрларды кешенді түрде зерттеуге көңіл бөліп отыр. Қазіргі зерттеулерде лирикалық прозаны, лиризмнің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін және жанрлық синтезді жан-жақты талдау жүргізілуде [4; 5]. Бірақ өлеңдер циклі қазақ әдебиеттануында жеке мәселе ретінде кең қарастырылмаған. Қазақ поэзиясындағы ірі формалардың табиғатын білу, өлеңдердің циклдерге бірігу принциптерін анықтау қажет.

Қазіргі әлем әдебиеттануы ғылымында цикл құрудың теориялық аспектілері зерттеушілердің назарындағы құбылыс. Бүгінгі таңда цикл

мәселесі кең мағынада қарастырылады . Ол лирикалық поэзияның көрінісі ғана емес, көркем шығармашылықтың барлық родтарында кездесетін құбылыс [1; 2]. Циклтану қарқынды дамып келеді, әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырылатын жаңа мәселелер пайда болуда. Цикл мәселесінің пайда болғанына аз уақыт өтсе де, қазір циклтанудың көптеген салалары терең әрі негізді зерттелген. Циклтанушылар лирикалық циклдің теориясын да, тарихын да қарастырып жүр. Циклтануда цикл теориясының үлкен саласы пайда болды. Оның негізін XX ғасырдың 30-40 жылдарында И. Мюллер мен Х. Манстрэд [6; 7] деген зерттеушілер салды. Орыс зерттеушісі Л. Ляпина лирикалық циклдің мынадай басты бес белгісін көрсетеді:

1. Шығарма құрылымының авторлық белгіленуі;
2. Цикл құрамындағы шығармалардың дербестігі;
3. Лирикалық цикл құрылымының орталыққа бағынуы;
4. Лирикалық цикл құрамындағы өлеңдер байланысындағы лирикалық принцип, лирикалық сюжет;
5. Бейнелеудің лирикалық принципі [8].

9 **Volodina, G. I.** The Stamps of Oral Spoken Language in Teaching Russian as Foreign Language [Text] // Polylinguality and Transcultural Practices. – 2017. – №14(3). – P. 460-465. – https://dx.doi.org/10.22363/2312-8011-2017-14-3-460-465.

10 **Yadaf, K.** The functional approach to language teaching [Text] // International Journal of Research in English. – 2025. – № 7(1). – P.90–92.

11 **Turlova, E. V.** English language teaching materials titles: linguopragmatic and functional aspects [Text] // European Proceedings of Social and Behavioral Sciences. – 2020. – https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.04.02.79

12 **Qamariah, H., & Hercz, M.** The Impact of Professional Development Programs on English as a Foreign Language Instructors in Higher Education Institutions [Text] // Education Sciences. – 2025. – № 15(8). – https://doi.org/10.3390/educsci15081071

13 **Гальперин, П. Я.** Умственное действие как основа формирования мысли и образа [Текст] // Вопросы психологии. – 1957. – № 6. – С. 111–118.

14 **Kabden, N. M., Niyazova, A. Y.** Formation of discursive competence of future foreign language teachers in conditions of professionally oriented communication [Text] // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы – 2025. – 30. – № 2(118). – P. 79–89. – https://doi.org/10.31489/2025Ped2/79-89.

15 **Skorikova, P.** To the publication of the monograph by A.V. Pavlova, N. D. Svetozarova «Phrasal stress in phonetic, functional and semantic aspects» [Text]. – Moscow : Higher School, 2020. – 127 p.

16 **Ammar, A., Al-Thani, N. J., Ahmad, Z.** Role of pedagogical approaches in fostering innovation among K-12 students in STEM education [Text] // Social Sciences and Humanities Open. – 2024. – № 9. – https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.100839

17 **Shynkevych, Y.** The role of dialogical speech in the formation of another language competence of younger school students [Text] // ScienceRise: Pedagogical Education – 2025. – № 3(64). – P. 43-48. – https://doi.org/10.15587/2519-4984.2025.334436.

18 **Kurylenko, V. B.** Continuous professionally oriented teaching of the Russian language to foreign physicians: theory and practice [Text]. Monograph. – Moscow : RUDN, 2017. – 352 p.

19 **Buronova, S. A.** The Role of Games in the Process of Teaching Foreign Languages [Text] // International Journal on Integrated Education. – 2025. – № 7(4). – P. 186–189.

20 **Zvarych, I., Magden, O., Kokhan, O., Mychailova, N., Nazarenko, N.** The effectiveness of using role-playing games to improve the speaking skills of university students [Text] // Revista EDaPECI. – 2025. – № 25(2). – P. 173–185.

REFERENCES

1 **McGreal, R.** Copying with Large Classes // The English Teaching Forum. – 1989. – № 27(2). – P. 17–19.

2 **Karpov, A. S.** Development of pedagogical communication skills of future teachers of a foreign language in the process of self– and mutual learning Dissertation for the Candidate of Pedagogical Sciences [Text]. – Moscow : Higher School, 1984. – 241 p.

3 **Akishina, A. A.** Formanovskaya, N. I. Etiquette of Russian writing [Text]. – Moscow : KomKniga Publ., 2007. – 202 p.

4 **Kapitonova, T. I., Shchukin, A. N.** Modern methods of teaching Russian to foreigners [Text]. – Moscow : Labyrinth, 1987. – 234 p.

5 **Bondarko, A. V.** Theory of functional grammar: Introduction, aspectuality, temporal localization, taxis [Text]. – Moscow : Labyrinth, 2017. – 268 p.

6 **Khomenko, O.** Defining professionally oriented foreign language training content from the perspective of professional linguodidactics. Modern Science. – 2025. – № 176. – https://doi.org/10.62204/2336-498X-2025-1-14

7 **Muratbekovna, M. B. Irgatoglu, A. Anatolievna, G. A. & Kumisbekovna, K. G.** Facilitating the formation of foreign language professionally-oriented competence through problem-based learning technology of non-linguistic specialty students // Novitas-ROYAL (Research on Youth and Language). – 2024. – № 18(1). – P. 112–128. – https://doi.org/10.5281/zenodo.10990367

8 **Tvinnereim, K. R.** Processes of subjectification through students' teamwork – openings for sound professional judgment // Uniped Tidsskrift for universitets- og høgskolepedagogikk. – 2025. – № 48 (1). – P.62–73.

9 **Volodina, G. I.** The Stamps of Oral Spoken Language in Teaching Russian as Foreign Language // Polylinguality and Transcultural Practices. – 2017. – №14(3). – P. 460–465. – https://dx.doi.org/10.22363/2312-8011-2017-14-3-460-465

10 **Yadaf, K.** The functional approach to language teaching // International Journal of Research in English. – 2025. – № 7(1). – P.90–92.

11 **Turlova, E. V.** English language teaching materials titles: linguopragmatic and functional aspects // European Proceedings of Social and Behavioral Sciences. – 2020. – https://doi.org/10.15405/epsbs.2020.04.02.79

12 **Qamariah, H., & Hercz, M.** The Impact of Professional Development Programs on English as a Foreign Language Instructors in Higher Education Institutions // Education Sciences. – 2025. – № 15(8). – https://doi.org/10.3390/educsci15081071

13 **Galperin, P. Ya.** Umstvennoe dejstvie kak osnova formirovaniya my`sli i obraza [Mental action as the basis for the formation of thought and image] [Text] // Voprosy` psixologii. – 1957. – № 6. – P. 111–118. [In Russian].

14 **Kabden, N. M., Niyazova, A. Y.** Formation of discursive competence of future foreign language teachers in conditions of professionally oriented communication // Қарағandy` memlekettik universitetinің xabarshy`sy`. «Pedagogika» seriyasy`. – 2025. – 30. – № 2(118). – P. 79–89. – https://doi.org/10.31489/2025Ped2/79-89 [In English].

15 **Skorikova, P.** To the publication of the monograph by A.V. Pavlova, N. D. Svetozarova «Phrasal stress in phonetic, functional and semantic aspects» [Text]. – Moscow : Higher School, 2020. – 127 p.

16 **Ammar, A., Al-Thani, N. J., Ahmad, Z.** Role of pedagogical approaches in fostering innovation among K-12 students in STEM education // Social Sciences and Humanities Open. – 2024. – № 9. – https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.100839.

17 **Shynkevych, Y.** The role of dialogical speech in the formation of another language competence of younger school students // ScienceRise: Pedagogical Education. – 2025. – № 3(64). – P. 43–48. – https://doi.org/10.15587/2519-4984.2025.334436.

18 **Kurylenko, V. B.** Continuous professionally oriented teaching of the Russian language to foreign physicians: theory and practice. Monograph [Text]. – Moscow : RUDN, 2017. – 352 p.

19 **Buronova, S. A.** The Role of Games in the Process of Teaching Foreign Languages // International Journal on Integrated Education. – 2025. – № 7(4). – P. 186–189.

20 **Zvarych, I., Magden, O., Kokhan, O., Mychailova, N., Nazarenko, N.** The effectiveness of using role-playing games to improve the speaking skills of university students // Revista EDaPECI. – 2025. – № 25(2). – P. 173–185.

Received 29.01.25.
Received in revised form 13.10.25.
Accepted for publication 10.08.26.

*Л. А. Аминова[1], Р. Ж. Саурбаев[2], *Ф. Т. Ереханова[3], Ж. Ж. Капенова[4], Н. Р. Омаров[5]*
[1,2,4]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[3]Орталық Азия Инновациялық университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;
[5]Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
29.01.25 ж. баспаға түсті.
13.10.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР: ҰЖЫМДЫҚ ЖҰМЫСТА КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ДИАЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл мақалада студент-мұғалімдер арасындағы топтық жұмыс аясында кәсіби бағытталған диалогтық сөйлеуді дамытудың лингводидактикалық қиындықтары қарастырылады. Авторлар болашақ шетел тілі мұғалімдері студенттерінің кәсіби және әдістемелік дайындығындағы рөлдік ойындардың, жағдайлық жаттығулардың маңыздылығын алға тартады. Бұл жаттығулар, өз кезегінде, шетел тілі бойынша практикалық сабақтардың ажырамас бөлігі болып табылады және сондықтан шетел тілін оқыту әдістері бойынша семинарларды немесе практикалық сабақтарды алмастырмауы керек. Кәсіби бағытталған студенттерді оқытудың мақсаты – шетел тілі бойынша практикалық сабақтарды күшейту және кәсібилендіру, сондай-ақ кәсіби және әдістемелік құзыреттіліктерді дамыту үшін осы сабақтардың әлеуетін барынша арттыру. Айта кету керек, бұл мақсат студенттердің алғашқы оқыту тәжірибесі кезінде вербалды педагогикалық қарым-қатынастың белгілі бір элементтерімен, сондай-ақ негізгі кәсіби және әдістемелік дағдылармен, атап айтқанда, ауызша қарым-қатынас түрлерін үйрету қабілетімен таныс болуын талап етеді. Вербалды қарым-қатынасты одан әрі кәсібилендіру үшін рөлдік сөйлеу жағдайларын жұпта немесе топта жаттығуға бағытталған жаттығуларды әзірлеу қажет. Мақала авторлары жағдайлық сөйлеу жаттығуларын талдайды және оларды білім беру үдерісінде қолдану бойынша ұсыныстар береді.

Кілтті сөздер: шет тілі, диалогтік сөйлеу, лингводидактикалық мәселелер, әдістемелік құзыреттілік, үдеріс, ұжымдық жұмыс.

*Л. А. Аминова[1], Р. Ж. Саурбаев[2], *Ф. Т. Ереханова[3],*
Ж. Ж. Капенова[4], Н. Р. Омаров[5]
[1,2,4]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;
[3]Центрально-Азиатский Инновационный университет,
Республика Казахстан, г. Шымкент;
[5]Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 29.01.25.
Поступило с исправлениями 13.10.25.
Принято в печать 10.08.26.

ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ: ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ДИАЛОГИЧЕСКОЙ РЕЧИ В КОМАНДНОЙ РАБОТЕ

В данной статье освещаются лингводидактические проблемы формирования профессионально-ориентированной диалогической речи в рамках групповой работы студентов будущих учителей. Авторами выдвигаются тезисы о значимости ролевых ситуативных упражнений в процессе профессионально-методической подготовки студентов – будущих учителей иностранных языков, которые в свою очередь являются неотъемлемой частью занятий по практике иностранного языка, а потому не должны заменять семинарские или практические занятия по методике обучения иностранному языку. Целью профессионально-ориентированной подготовки студентов является интенсификация и профессионализация занятий по практике иностранного языка и максимальное использование потенциала этих занятий для формирования профессионально-методических компетенций. Следует отметить, что такая задача заключается в том, чтобы к первой педагогической практике студенты уже были знакомы с некоторыми элементами речевого педагогического общения, а также с основными профессионально-методическими умениями, в частности, умением обучать устным формам общения. Для дальнейшей профессионализации речевого общения необходимо разрабатывать упражнения, направленные на отработку ролевых речевых ситуаций в парной или групповой работе. Авторы статьи анализируют речевые ситуативные упражнения и дают рекомендации по их применению в учебном процессе.

Ключевые слова: иностранный язык, диалогическая речь, лингводидактические проблемы, методическая компетентность, процесс, командная работа.

ҒТАМР 16.31.02

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/99-114

А. Ж. Анесова[1], Т. Қ. Садығұл[2], А. К. Сулейменова[3]
[1,2]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[3]Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2338-0996
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0006-8509-7535
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1216-7863
*e-mail: anesova_albina@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ: ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақалада цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесі теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырылады. Цифрлық қатысым жағдайында әлеуметтік, мәдени және ұлттық құндылықтардың қалыптасуы сипатталады. Зерттеудің мақсаты – цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесін теориялық және әдіснамалық қырдан зерделеп, ғылыми негіздерін айқындау, құрылымдық ерекшеліктері мен қалыптасу тетіктерін жүйелеу, цифрлық коммуникация кеңістігіндегі қызмет ету өзгешеліктерін анықтау. Теориялық және әдіснамалық талдаулар аксиологиялық, цифрлық дискурс және олардың өзара байланысы негізінде әлемнің тілдік бейнесін зерттейтін ғылыми зерттеу бағыттарын айқындайды, цифрлық дискурстағы дәстүрлі құндылықтық бағдарлар транформациясына, интернет-коммуникациядағы құндылықтық мағыналарды қалыптастыру мен оларды бейнелейтін тілдің рөліне баса назар аударылады.

Цифрлық дискурстың ерекшелігін, яғни жаңа коммуникативтік әрекеттер мен мағына құрастырушы құралдардың қалыптасу кеңістігін ашуда отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары пайдаланылды. Әлемнің құндылықтық тілдік бейнесінің қызмет ету өзгешелігін кешенді зерттеуді айқындайтын когнитивтік, лингвомәдени, дискурсивті және аксиологиялық бағыттар сараланды.

Зерттеу нәтижелері цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесі туралы қалыптасқан теориялық түсініктерді қорытындылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында шығарылған түйіндерді цифрлық лингвистика, медиалингвистика, дискурстық талдаулар, лингвомәдениеттану мен аксиологиялық лингвистика бағытында жүргізілетін ізденістерде қолдануға болады.

Кілтті сөздер: цифрлық дискурс, әлемнің тілдік бейнесі, интернет, теориялық-әдіснамалық талдау, аксиология.

Кіріспе

Интернеттің пайда болуы қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін қалыптастырды, бұл көптеген өмір салаларының жаһандық өзгерістерге ұшырауына әкелді. Интернет ақпаратты алу жолын ашып қана қоймай, жылдам әрі тиімді байланыс орнатуға да ықпал етті. Ол виртуалды кеңістікте уақыт пен пайдаланушылардың қалауынша байланыс ортасын құрды.

Зерттеушілердің «интернет – әлеуметтік коммуникациялар арқылы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік тудыратын адамның тіршілік ету ортасының жалғасы» деген пікірімен келіспеуге болмайды [1, 13-б.].

Бүгінгі күні интернет тек байланыс арнасы ғана емес, сонымен қатар дискурстың жаңа түрі – виртуалды қатысымды жүзеге асыруға негіз болатын, өздігінен құрылған әлеуметтік-мәдени кеңістік болып табылады. «Виртуалды дискурс – виртуалды шындықтағы қарым-қатынас жағдайына бейімделген мәтін. Бұл компьютерлік және цифрлық техника негізінде құрылған әрі кері байланыс принципін жүзеге асыратын символдық шындықтың түрі ретінде түсініледі» [2, 58-б.].

Зерттеудің мақсаты – цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан зерделеп, ғылыми негіздерін айқындау, құрылымдық ерекшеліктері мен қалыптасу тетіктерін жүйелеу, цифрлық коммуникация кеңістігіндегі қызмет ету өзгешеліктерін анықтау.

Зерттеу пәні – цифрлық дискурстағы әлемнің құндылықтық тілдік бейнесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, оның қалыптасуы, тілдік репрезентациясы және қызмет ету ерекшеліктері.

Зерттеу нысаны – цифрлық дискурс кеңістігіндегі тілдік-коммуникативтік үдерістер.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы, салғастырмалы талдау, сипаттамалық әдістер, жүйелеу, жинақтау, ғылыми еңбектерге шолу жасау, сондай-ақ лингвоаксиологиялық, когнитивтік және дискурстық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу материалдары ретінде цифрлық дискурс, әлемнің тілдік бейнесі, аксиологиялық лингвистика, когнитивтік лингвистика, медиалингвистика мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары, мақалалары мен монографиялары пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Кибермәдениет деп аталатын интернеттің виртуалды ортасының мәдениеті өзі жасап шығарушысының белгілеген мақсаттарына, түсініктері мен тілектеріне, өзіндік қасиеттері мен қатысым тіліне сәйкес ойдан шығарылған, құрастырылған «біртұтас көзқарас жүйесі, виртуалды дискурс қатысушыларының белгілі бір ұжымдық «философиясы» болып табылады. Аталған виртуалды әлемнің белгілі бір тілдік бейнесі болады, ол жалпы әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады» [3, 27-б.].

О. В. Лутовинова «әлемнің тілдік бейнесін қайта құрудың негізі түрлі лексемалар, грамматикалық формалар, сөзжасамдық құралдар, просодиялар, синтаксистік құрылымдар, фразалар, лексика-семантикалық үйлесімділік ережелері және т.б. тілдік номинациялар я «тіл фактілері» немесе олардың мазмұнын тікелей не жанама түрде бейнелейтін, нақтылайтын әрі дамытатын тілдік және тілдік емес құралдардың барлық жиынтығы болып табылатын мәдени концептілер болуы мүмкін» екенін айтады [3, 27-б.]. Тілші концептіні лингвомәдениет тұрғысынан «көпөлшемді семантикалық білім, құрылымына тұжырымдамалық, бейнелі және құндылық компоненттері кіретін мәдениет концентраты» деп санайды [3, 27-б.]. Ол «компьютер», «интернет» және «пайдаланушы» сынды базалық үш концептіден тұрады. «Біріншісі – виртуалды әлемге енуге және ондағы өзара әрекеттесу үдерісіне қосылуға мүмкіндік беретін құрал, екіншісі қалағанына жетудің құралы, тәсілі ретінде қызмет етеді, ал үшіншісі алғашқы екі концептіні біртұтас «тізбекке» «біріктіретін» виртуалды шындықты жасаушы және «тұтынушы» болып есептеледі [3, 29-б.].

Базалық концептілерді зерттеген О. В. Лутовинова виртуалды дискурс концептілерінің ішінде «пайдаланушы» концептісі ең негізгі болады, өйткені «виртуалды шындықты жасаушы әрі тұтынушы адамның жиынтық бейнесіне негізделеді деп түсінеді. Концептінің бұл түрі лингвомәдени бейне болып табылады. Аталған «адам типтері» гендерлік тұрғыда белгіленген. Зерттеушінің пікірінше, олар виртуалды мәдениетте белгілі бір құндылықты құрайды. Әр типті жан-жақты зерттеу виртуалды әлемнің тілдік бейнесін модельдеуге негіз бола алады, себебі олар қазіргі кезде шынайы әлемнің тілдік бейнесіне қарағанда толыққанды зерделенбеген.

А. Ю. Багиян мен А. Р. Аракелова ақпараттық технологиялар саласындағы қазіргі ағылшын тілінің жазбаша ғылыми-көпшілік дискурсын қарастырады. Бұл дискурс оның аксиологиялық салмағы мен кәсіби шарттылығы

тұрғысынан зерттеледі. Әлемнің кәсіби бейнесінің, тілдің және ол арқылы жүзеге асырылатын құндылық пен құндылыққа қарсы концептілердің өзара байланысы сараланады. Олардың дискурсивті-прагматикалық қарсылығы айқындалады. Аксиологиялық концептілер вербалданатын тілдік құрылымдар мен құралдарды анықтауға назар аударылады, сондай-ақ сәйкестендірілген концептілерді жүйелеу ұсынылады [4, 61-б.].

«Ақпараттық технология (АТ) саласының ғылыми-танымал дискурсына қатысушы әлемнің кәсіпқой құндылықтық бейнесі кәсіби қызметті, қарым-қатынасты (оның ішінде адресант – адресатты), мінез-құлық пен коммуникативтік модельдерді реттеуші ретінде қызмет ететін маңызды бағдарларды анықтайтын бірқатар құндылықтарды қамтиды. Мәтіндерде көрініс табатын аксиологиялық концептілердің рөлі айрықша, өйткені олар мәтін авторларының кәсіби негізделген дүниетанымдарын көрсетеді, адресатқа ықпал етеді. Адресаттың декодтауындағы құндылық және құндылыққа қарсы концептілер ақпараттық технологиялардың бейнесін қалыптастырады, АТ-ның қалай жұмыс істейтінін, дамитынын және қоршаған шындықты қалай өзгертетінін көрсетеді» [4, 71–72-бб.].

Т. А. Спиридонова тілдік тұлғаның белгілі бір типінің қалауы бойынша ақпараттық мазмұн арқылы жасалатын және толтырылатын мәтіндік жанрлардың алуан түрлілігін қамтитын интернет-коммуникацияның персоналды кеңістігін зерттейді. Ол жеке сайттар, жеке блогтар, интернет-түсіндірмелер, «әртүрлі формада толтырылуы мүмкін, ақпараттық хабарламаны семантикалық тұрғыдан ашу арқылы оқылатын эксплициттік және имплициттік: вербалды, бейвербалды ұсынылымның әр алуан түрлері, бағалаудың белгілі бір түрін білдіруге арналған әлеуметтік желілердегі парақшалар сынды персонды интернет-жанр түрлерін көрсетеді. Екінші жағдайда форманың көпмодальдылығы визуалды, дыбыстық және сенсорлық кескін арқылы жүзеге асырылуы мүмкін» [5, 129-б.].

Зерттеушілер дәстүрлі түрде бағалауды жеке адам немесе белгілі бір қоғам қабылдаған құндылық шкаласы бойынша сипатталған қасиеттердің сәйкес / сәйкес еместігін қарастырады, оларды эксплициттік және имплициттік сынды түрлерге ажыратады. Эксплициттік бағалау лингвистикалық еңбектерде жан-жақты сипатталған тілдік құралдардың әртүрлі репертуарынан көрінеді. Имплициттік бағалау, оның жанама берілуіне байланысты, имплициттік мағынаға енеді, сондықтан адресат тарапынан әдейі декодталады. Құндылық шкаласына негізделген бағалау адами құндылықтардың көрінісі болып табылады [5, 130-б.].

Жалпы адамзаттық құндылықтар ғасырлар бойы қалыптасады және адамдардың өзара әрекеттесу моделін құруда маңызды рөл атқарады. Егер жеке адамдар немесе қауымдастықтар озық құндылықтар ретінде жалпы

адамзатқа сәйкес келмейтін белгілі бір нәрселерді (заттарды) таңдап, оларды дәстүрлі құндылықтардың орнына белсенді түрде міндеттеп енгізе бастаса, құндылық ниеттерінің қақтығысы пайда болары сөзсіз. Осылайша, «бір жағынан, құндылық қақтығысы белгілі бір адамдардың, шағын немесе ірі әлеуметтік топтардың мүдделеріне әсер етеді; екінші жағынан, жеке адамдар немесе топтар тарапынан жалпыадамзаттық құндылықтарды жою жөніндегі іс-әрекеттері орныққан жалпыадамзаттық бағдарларға соққы береді» [5, 131-б.].

Л. М. Гриценко чат жанрына талдау жүргізе келе, ондағы әлемнің құндылық бейнесінің үзіндісін көрсететін прецеденттік мәтіндердің қолданылу ерекшелігін анықтайды. Мәдени құндылықтардың бірі ретіндегі кеңістік категориясын объективті ететін прецеденттік мәтіндердің пайдалану ерекшелігін басты назарға алады. Оның зерттеу нысаны үй, интернет, чат категорияларына бағытталады [6].

Белгілі бір этникалық қоғамдастық (жарнамалық, саяси, педагогикалық, медициналық, виртуалды және т.б.) әлемінің әрбір коммуникативтік бейнесі ерекше қасиеттерге ие болады, сонымен қатар коммуниканттар қауымдастығымен анықталған өзге дискурсивті бейнелермен қиылысады. Мәселен, интернет желісінің орыстілді сегменті (рунет) жүзеге асыратын виртуалды дискурс әлемінің моделі, бір жағынан, көпқырлы, өйткені ол осы дискурсты құрайтын көптеген жанрларда танылады. Екінші жағынан, әлемнің виртуалды моделінің әрбір фрагменті ұлттық ерекшелікке байланысты ортақ белгілермен сипатталады, себебі кез келген этникалық қоғам әртүрлі шындық фрагменттерін жеке-жеке көрсетеді.

Әлем бейнесінің фрагменттерін модернизациялау кезінде құндылық негізгі аспектілердің бірі болып табылады. Белгілі бір коммуникативтік ішкі кеңістіктегі қатысушылардың құндылық көзқарастарын зерттеу әлемнің дискурсивті бейнесінің құндылық фрагментін таңдауға мүмкіндік береді. Жұмыста виртуалды дискурс жанры ретіндегі чатта жүзеге асырылатын виртуалды коммуникация әлемінің құндылық бейнесінің моделі зерделенеді. Ол сұхбаттасушылардың шынайы уақыт режимінде интернет желісі арқылы жүргізілетін бейресми өзара әрекеттесуі барысында іске асады.

Л. М. Гриценконың айтуынша, «чат – карнавалдық бастауы бар, қарым-қатынаста қатысушылардың дүниетаным сипаты қолданылған ерекше әлеуметтік-мәдени қауымдастық. Чат әлемінің дискурсивті бейнесі жалпы мәдени құндылықтармен қатар, виртуалды қоғамдастыққа негізделген қауымдастықтың құндылық қатынастарын көрсетеді. Кез келген лингвомәдени топқа тән құндылықтардың болуы туралы айтуға болады, дегенмен әр қауымдастық өзінің құндылықтар иерархиясымен сипатталады» [6, 18-б.].

Интернеттің құндылық моделі заманауи сананың рефлекстейтін бағалауыштық түсініксіздігін көрсетеді, ол көп жағдайда интернетте сынау формасында жүзеге асады. Бір жағынан, қазіргі сана, әдетте, уақытпен, мәдениетпен және т.б. айқындалмаған, ойластырылмаған, тексерілмеген барлық нәрсені сүзгіден өткізеді, екінші жағынан, бұл чаттың демократиялығына, бейресмилігіне байланысты болады. Онда кез келген құндылықтар рефлекстеледі. Сонымен қатар чатерлер коммуникацияның осы түрімен, оның техникалық жағымен жақсы таныс, техникалық ақауларда көрінетін қарым-қатынастың аталған түрінің идеалды еместігін, бағдарламалық жасақтаманың толыққанды істелмегендігін және т.б. біледі. Бұл оларға өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді.

Қысқасы, виртуалды коммуникацияның «өзіндік» кеңістігі болады, онда пайдаланушылар жақсы және жаман аураны арқалайды. Коммуникативті ортада жұмыс істейтін құндылық бағдарларымен жүктелген мәтіндер арқылы дискурсивті кеңістік әлемінің құндылық бейнесінің фрагменттері қайта құрылады.

Әлем бейнесін құрастыруда құндылық базалық категория болып саналады. Құндылықтар конфигурациясы белгілі бір қауымдастықтың мәдени типін анықтайды. Виртуалды әлем жаңа әлеуметтік-мәдени орта болғандықтан, ол өзіндік құндылықтар жиынтығымен сипатталады. Әрине, аталған әлеуметтік-мәдени ортаның дәстүрлі әлеуметтік қатынастар мен тәжірибелерден толық тәуелсіз деуге, сонымен бірге оның кейбір анонимділігін де жоққа шығаруға болмайды. Іс-әрекет пен мінез-құлықтың қозғаушы мотиві мен нормасы ретінде қандай да бір құндылықтарсыз бірде-бір адами қауымдастық тіршілік етпейді. Құндылық тек әлеуметтік топтардың ғана емес, жеке адамдардың да қалауы мен мүдделерін бағдарлауға қызмет етеді. Адам өмірінде үлкен рөл атқаратын және олар үшін маңызды болып табылатын заттар, оқиғалар мен құбылыстар белгілі бір құндылықтар жиынтығына ие болады. Көп жағдайда виртуалды қатынас қатысым жағдайының белгілі бір шарттарына бағынбайтын, өз таңдауы бойынша жүзеге асатын байланыс болып табылады. Өзге адамдармен виртуалды өзара әрекеттесу процесіне қатысатын адам оны белгілі бір дәрежеде, қандай да бір себептермен қызықты, пайдалы, өзі үшін құнды деп санайды, әйтпесе ол оған жүгінбеуші еді [7].

О. В. Лутовинова зерттеу барысында виртуалды дискурстың құндылықтарын анықтайды. Ғалым виртуалды дискурстың ең басты құндылығы деп ақпараттың шексіз қолжетімділігі мен байланыстардың орнатылуын, талданған контекстердің 83 пайыздан астамы берілген виртуалды коммуникация мүмкіндігінің тартымдылығын көрсететіндігін айтады. Екінші орынға ол ақпаратты алу жылдамдығы мен байланыстарды

орнатуды қояды. Шынайы қарым-қатынасқа қарағанда виртуалды байланыс процесіндегі «осы жерде» және «қазір» болатыны әлдеқайда тиімді жұмыс істейді. Виртуалды ортадағы қарым-қатынастың құндылығы ретіндегі анонимділік талданған контекстердің 50 пайыздан астамында байқалады. Анонимділік виртуалды коммуникацияға қатысушыларға өзімен тәжірибе жасауға, белгілі бір себептерге байланысты әдеттегі өмірінде мүмкін емес жаңа рөлдерде өздерін сынап көруге мүмкіндік береді. Зерттеуші кеңістіктік шекараларының жоқтығын, сондай-ақ сөз, қатынас және т.б. арқылы білдірілетін қатысым еркіндігі мен демократиялықты да құндылық деп таниды [7, 48-б.].

«Әлем бейнесі» ұғымы, тұтастай алғанда, адамның ерекшелігі мен оның болмысын, әлеммен қарым-қатынасын, әлемдегі тұрмыс-тіршіліктің маңызды шарттарын көрсететін іргелі түсініктердің қатарына жатады.

«Әлем бейнесі» ертеден келе жатқан құбылыс болып табылады. Уақытпен алып қарағанда әлемнің алғашқы бейнесін жасау антропогенез процесіне сәйкес келеді. Дегенмен «әлем бейнесі» деп аталатын термин ғылыми-философия нысанына кейінгі кезде ғана іліккені белгілі [8, 7-б.].

«Әлем бейнесі» термині жайында ғылымда біршама анықтама қалыптасқан. В. И. Карасиктің айтуынша, «әлем бейнесі – қоғамдық санадағы шындық бейнесінің біртұтас жиынтығы... заттар мен құбылыстар туралы логикалық түрде жасалған жалпы ой сынды ұғым» [9, 88-б.].

Әлем бейнесі – әлем туралы біртұтас, ғаламдық бейне. Ол адамның қандай да бір қыры ғана емес, жалпы рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылады. Бұндай түсінік адамда әлеммен етене байланысқан кезде пайда болды. Онда «әлем бейнесі объективті шындықтың субъективті бейнесі ретінде символдық түрде беріледі» [8, 21-б.].

Әлем моделі – адам интеграциясының өзегі, адам өмірінің әртүрлі салаларын үйлестіру құралы, олардың өзара байланысы. Әлем моделі шындықтың біртұтас бейнесі ретінде адамның дүниені қабылдауы мен дүниені тануының барлық актілеріне делдал болады. Онда бір адам әлемнің бірнеше модельдерінің тасымалдаушысы бола алады: ғылыми, діни, саяси, экономикалық және т.б. Осылайша, әлем моделінің екіжақтылығы анықталады, яғни ол индивидуалды әрі әлеуметтік құбылыс болып табылады.

XX ғасырда тілдің әлем бейнесін қалыптастырудағы рөлі туралы мәселе зерттеушілер назарында болды. Тілдің қоршаған шындықты көрсету қабілеті жайлы мәселеде екі көзқарас туындады. Біріншісі тіл әлемді бейнелейді [10, 110-б.]. Тіл – адамның әлем туралы білімін қалыптастыру мен сақтаудың маңызды тәсілі. Тілдік формаларда көрініс тапқан білім жиынтығы әртүрлі тұжырымдарда «әлемнің тілдік көрінісі», «әлемнің тілдік моделі», «әлемнің тілдік бейнесі» деп аталады.

Ал Б. А. Серебренников мүлдем басқа көзқарасты ұстанады. Ол «тіл шындықпен белгі қатынасы арқылы байланысады. Тіл шындықты көрсетпейді, алайда оны белгі түрінде береді» [8, 6-б.]. Демек, тіл – әлем тұжырымдамасын жүзеге асыратын құрал.

Осыған орай әлем арақатынасы, оның санадағы бейнесі мен тілдегі бейнесі жайында сұрақ туындайды. Аталған мәселелер әлем бейнесінің тілдік және концептуалды сынды екі категориясын ажыратуға ықпал етеді. Г. А. Брутянның пайымдауынша, әлемнің тілдік және концептуалды бейнелерін көрсету «таным процесінде тіл мен ойлаудың өзара байланысын ашуға, адамдардың санасында әлем бейнесін қалыптастырудағы тілдің рөлін айқындауға, әлемнің шынайы бейнесін қайта құру кезінде сызбалықтан аулақ болуға және санамыздағы қоршаған шындық жобасын толық бейнелеуге» мүмкіндік береді [11, 108-б.].

Ю. Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесін анықтау мәселесі жайында өз ойын былайша баяндайды: «Әр табиғи тіл әлемді қабылдау мен жеткізудің (тұжырымдаудың) белгілі бір тәсілін көрсетеді. Онда көрсетілген мағыналар біртұтас көзқарастар жүйесіне, яғни барлық тіл тасымалдаушыларына міндетті түрде жүктелетін ұжымдық философияға айналады. Тілге тән шындықты тұжырымдау тәсілі әмбебаптығымен ұлттық ерекшелікті бойына жинақтайды, сондықтан түрлі тіл тасымалдаушылары әлемді өз тілінің объективі арқылы өзгеше көре алады. Екінші жағынан, әлемнің тілдік бейнесі «қарапайым» болып табылады, өйткені ол белгілі бір мәселеде «ғылыми» бейнеден ерекшеленеді. Сонымен қатар тілде бейнеленген қарапайым түсініктер қарабайыр емес: көп жағдайда олар ғылыми түсініктермен салыстырғанда күрделі әрі қызықты болады. Мысалы, ол – мыңдаған жылдар бойы ондаған ұрпақтың интроспекция тәжірибесін көрсететін және осы әлемге сенімді жеткізуші ретінде қызмет ете алатын адамның ішкі әлемі туралы түсініктер. Әлемнің қарапайым бейнесін білдіретін мағыналар біртұтас көзқарастар жүйесіне, яғни барлық тіл тасымалдаушыларына міндетті түрде жүктелетін ұжымдық философияға айналады» [12, 348–349-бб.].

Демек, әлемнің қарапайым бейнесінде белгілі бір тілде сөйлейтін адамдардың рухани және материалдық тәжірибесінің барлық жиынтығы көрсетіледі, ал тіл тасымалдаушыларының білімі санаға тәуелді болады [13].

Әлемнің тілдік бейнесі мен қарапайым тілдік бейненің арақатынасын зерттеу, ең алдымен, оның тасымалдаушыларының құндылық белгілерін көрсетеді және сипатталған тілдің ұлттық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік туғызады. Халық табиғаты мен дүниетанымы лексикалық деңгейде айқын көрінеді. «Лексика, сондай-ақ тілдің сөздік құрамы адамның әлем жайлы түсінігімен, оның әлеуметтік-тарихи тәжірибесімен және онда сөйлейтін тілдік топтың мәдени-ұлттық ерекшеліктерімен тікелей байланысты болатын

әлемнің қарапайым бейнесін, яғни сыртқы әлем туралы стихиялық түрде жинақталған, күнделікті тәжірибеде бекітілген түсініктерді көрсетеді» [8, 6-б.]. В. Б. Касевичтің пікірінше, «тілдік білім дегеніміз – тіл жүйесінің өзінде, яғни оның сөздігі мен грамматикасында кодталған осы этникалық әлемнің қарапайым бейнесінің құрамдас бөлігі. Шынында да, грамматикалық категориялар жиынтығы, лексиканы қалыптастыру тәсілі тілдік ұжымға тән әлемнің айрықша түсінігін білдіреді» [14, 99-б.].

Әр адамда концептуалды бейне әркилы болуы мүмкін және ол жалпыадамзаттық, ұлттық және жеке факторларға байланысты. Заман, әлеуметтік жағдай, белгілі бір тіл тобы, жас, білім деңгейі – барлығы әлемнің концептуалды бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Лингвистикалық зерттеулердегі әлемнің тілдік және концептуалды бейнелерінің арақатынасы туралы айтқанда, осы мәселені шешудің үш тәсілін атап өткен жөн. Г. А. Брутян құрастырған бірінші тәсіл бойынша әлемнің тілдік бейнесінің түсінігі концептуалды бейнеге қарағанда әлдеқайда кең [11].

Г. В. Колшанский әлемнің тілдік және концептуалды бейнелері өзара ұқсас болатынын айтады: «гносеологиялық тұрғыдан қарастырғанда, «тіл-ойлау» емес, «тіл-ойлау-әлем» қатынасы дұрыс. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесі туралы емес, әлемнің тілдік-ойлау бейнесі туралы айтқан абзал» [15, 37-б.]. Сонымен қатар ғалым әлемнің объективті бейнесіне қарағанда әлемнің тілдік бейнесі туынды болатынын мойындайды, сондықтан «мұндай туындылық тілдің ойлауға түбегейлі тәуелділігінен басқа ештеңе білдірмейтінін» жеткізеді [15, 40-б.].

Үшінші тәсіл бойынша әлемнің концептуалды бейнесінің түсінігі тілдік бейнеге қарағанда әлдеқайда бай әрі кең болады, өйткені әлемнің концептуалды бейнесін жасауға ойлаудың әртүрлі типтері қатысады. Бұл тәсіл З. Д. Попова мен И. А. Стерниннің еңбектерінде де қарастырылады. Олар тілде «концептосфераның барлық мазмұны қамтылмайды, концептілердің барлығы бірдей тілдік тұжырымдарға ие болмайды және қарым-қатынас нысанына айналмайды» деп түйіндейді [16, 6-б.].

Алайда әлемнің концептуалды бейнесін жасай отырып, адам қоршаған шындықтың белгілі бір объектілері мен құбылыстарына қандай да бір екпін түсіреді. Кейбіреулері оған көбірек, екіншілері азырақ қызығушылық танытады. Осыған орай тілдік қоғамдастық өкілдері өмірінің белгілі бір аспектілерінің құндылығы туралы мәселе туындайды. Өз кезегінде құндылық мәдениеттің негізгі принципі ретінде танылады (П. А. Сорокин), ал құндылықтар жүйесінің ерекшелігі мәдениеттер арасындағы айырмашылықты анықтайтын фактор болып табылады (Э. С. Маркарян, Ю. В. Бромлей, Ю. М. Лотман). Мәдени құндылықтар әрекет етуші субъектілердің бірегейлігін қамтамасыз етеді

(Ю. Хабермас), әлем бейнесін қалыптастыруда базалық категория ретінде қызмет етеді (Ю. Н. Караулов), осылайша әлемнің құндылықтық (аксиологиялық) бейнесін қалыптастырады. «Әлемнің құндылықтық бейнесі – белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғам идеологиясының, сенімдерінің, қажеттіліктерінің көрінісі» [17, 25-б.].

Лингвомәдениеттанымдық тәсіл аясында әлемнің аксиологиялық бейнесін зерделеуде Е. В. Бабаеваның ұсынған тұжырымдарын ескерген абзал: «1) құндылық <...> адам тәжірибесінің маңызды бөлігі болып есептеледі және тілде заңды түрде көрініс табады. Олардың тілдегі көрінісі жүйелі сипатқа ие және оны әлемнің тілдік бейнесінің бір қыры – әлемнің аксиологиялық бейнесі ретінде қарастыруға болады. Оның сипаттамасы жан-жақты болуы тиіс <...> 2) әлемнің құндылықтық бейнесін зерттеудің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – құндылықтарды өлшеудің әртүрлі параметрлерін іздеу <...> және көпөлшемді (голографиялық) модельді құрастыру. Тұжырымдамалық және дискурсивті тәсілдердің үйлесімі лингвомәдениеттің басым құндылықтарын анықтауға, олардың мазмұны мен өзара байланысын ашуға, әлемнің аксиологиялық бейнесі бірліктерінің иерархиясын анықтауға мүмкіндік береді. 3) әлемнің аксиологиялық бейнесін тілдік тұрғыдан сипаттаудағы негізгі бірлік лингвомәдени концептілер <...> болып табылады» [18, 15-б.], [19].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒжЖБМ қаржыландыратын AP32728035 «Ценностная языковая картина мира цифрового дискурса Павлодарского Прииртышья как отражение национальной идентичности» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қысқасы, әлемнің лингвомәдени бейнесін зерттеу принциптеріне сүйене отырып, әлемнің құндылықтық бейнесін анықтау әрі зерттеу үшін жеке тілдік тұлғамен қатар, ұжымдық тұлғаның (бұл жағдайда виртуалды қоғамдастық қатысушыларының) да құндылық жайлы түсініктер жүйесін құрайтын жеке тілдік қоғамдастыққа арналған маңызды концептілерді қарастыру қажет екенін атап өткен жөн. Мұндай концептілерді анықтау мәтіндегі олардың қолданылу жиілігінің принципі бойынша ерекшеленетін кілтті сөздер әдістемесі негізінде әлемнің құндылықтық бейнесін модельдеу арқылы жүзеге асырылады. Бір-бірімен байланысты аталған кілтті сөздер белгілі бір концептінің құрылымын құрайды, ол өз кезегінде әлемнің бейнесі деп аталатын жүйе элементі ретінде әрекет етеді. Демек, тілдік тұлғаның құндылық қатынастарын анықтау үшін мәтін сөзжасамы үдерісінде жасалатын концептуалдық кеңістікті қарастыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Бальжирова, Т. Ж.** Интернет как средство социальной коммуникации в условиях формирующегося в России информационного общества : автореф. дис. … канд. социол. наук [Текст]. – Улан-Удэ : Бурятский гос. ун-т, 2003. – 21 с.

2 **Розин, В. М.** Существование, реальность, виртуальная реальность [Текст] // Концепция виртуальных миров и научное познание / отв. ред. И. А. Акчурин, С. Н. Коняев. – Санкт-Петербург : РХГИ, 2000. – С. 56–74.

3 **Лутовинова, О. В.** Базовые концепты виртуального дискурса. «Пользователь» [Текст] // Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. – 2008. – № 5 (19). – С. 26–36.

4 **Багиян, А. Ю., Аракелова А. Р.** Концептуальное воплощение ценностей и антиценностей в научно-популярном дискурсе сферы информационных технологий как способ актуализации профессиональной аксиологической картины мира [Текст] // Научный диалог. – 2019. – № 10. – С. 61–78.

5 **Спиридонова, Т. А.** Оценка в персональном интернет-дискурсе политического лидера страны как отображение конфликтогенных зон в системе ценностей (на материале Твиттер-сообщений президента США Дж. Байдена) [Текст] // Иностранные языки в контексте межкультурной коммуникации. – № 8. – Саратов, 2021. – С. 128–134.

6 **Гриценко, Л. М.** Прецедентный текст как средство формирования ценностной картины мира (на материале чатов) [Текст] // Язык и культура. – № 1 (21). – Томск, 2013. – С. 16–23.

7 **Лутовинова, О. В.** Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса [Текст]. – Волгоград, 2009. – 515 с.

8 **Серебренников, Б. А.** Предисловие [Текст] // Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – М. : Наука, 1988. – 212 с.

9 **Карасик, И. В.** Языковой круг : личность, концепты, дискурс [Текст]. – Волгоград : Перемена, 2002. – 477 с.

10 **Почепцов, Г. Г.** Языковая ментальность: способы представления мира [Текст] // Вопросы языкознания. – 1990. – № 6. – С. 110–122.

11 **Брутян, Г. А.** Язык и картина мира [Текст] // НДВШ. Филосовские науки, 1973. – № 1. – С. 108–111.

12 **Апресян, Ю. Д.** Интегральное описание языка и системная лексикография: в 2 т. Т. 2. [Текст]. – М. : Языки русской культуры, 1995. – С. 348–349.

13 **Ченки, А.** Семантика в когнитивной лингвистике [Текст] // Фундаментальные направления современной американской лингвистики. – М. : МГУ, 1997. – С. 340–369.

14 **Касевич, В. Б.** Ударение и тон в языке и речевой деятельности [Текст]. – Ленинград : ЛГУ, 1990. – 99 с.

15 **Колшанский, Г. В.** Объективная картина мира в познании и языке [Текст]. – М. : Наука, 1990. – 108 с.

16 **Попова, З., Стернин, И. А.** Когнитивная лингвистика [Текст]. – М. : АСТ : Восток-Запад, 2010. – 314 с.

17 **Эмер, Ю. А.** Ценностная модель мира традиционного фольклора в жанровом воплощении [Текст]. – Вып. 297. – Томск, 2007. – С. 25.

18 **Карасик, В. И.** Культурные доминанты в языке [Текст] // Языковая личность : культурные концепты. Сб. научных трудов. – Волгоград–Архангельск : Перемена, 1996. – С. 3–16.

19 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B, Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space: The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language, No 11(3). 2023. – P. 87–96. – https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.705702.

REFERENCES

1 **Balzhirova, T. Zh.** Internet kak sredstvo social'noj kommunikacii v uslovijah formirujushhegosja v Rossii informacionnogo obshhestva : avtoref. dis. … kand. sociol. nauk [The Internet as a means of social communication in the context of the emerging information society in Russia : author's abstract. diss. … candidate of sociological sciences] [Text]. – Ulan-Ude : Buryat State University, 2003. – 21 p.

2 **Rozin, V. M.** Sushhestvovanie, real'nost', virtual'naja real'nost' [Existence, reality, virtual reality] [Text] // The concept of virtual worlds and scientific knowledge / ed. I. A. Akchurin, S. N. Konyaev. – St. Petersburg : RHGI, 2000. – P. 56–74.

3 **Lutovinova, O. V.** Bazovye koncepty virtual'nogo diskursa. «Pol'zovatel'» [Basic concepts of virtual discourse. «User»] [Text] // Bulletin of the Leningrad State University named after A. S. Pushkin. – 2008. – No. 5 (19). – P. 26–36.

4 **Bagiyan, A. Yu., Arakelova A. R.** Konceptual'noe voploshhenie cennostej i anticennostej v nauchno-populjarnom diskurse sfery informacionnyh tehnologij kak sposob aktualizacii professional'noj aksiologicheskoj kartiny mira [Conceptual embodiment of values and antivalues in the popular science discourse of the information technology sphere as a way of updating the professional axiological picture of the world] [Text] // Scientific dialogue. – 2019. – No. 10. – P. 61–78.

5 **Spiridonova, T. A.** Ocenka v personal'nom internet-diskurse politicheskogo lidera strany kak otobrazhenie konfliktogennyh zon v sisteme cennostej (na

materiale Tvitter-soobshhenij prezidenta SShA Dzh. Bajdena) [Evaluation in the personal online discourse of the country's political leader as a reflection of conflict zones in the value system (based on the Twitter messages of US President J. Biden)] [Text] // Foreign languages in the context of intercultural communication. – No. 8. – Saratov, 2021. – P. 128–134.

6 **Gritsenko, L. M.** Precedentnyj tekst kak sredstvo formirovanija cennostnoj kartiny mira (na materiale chatov) [Precedent text as a means of forming a value picture of the world (based on chats)] [Text] // Language and Culture. – No. 1 (21). – Tomsk, 2013. – P. 16–23.

7 **Lutovinova, O. V.** Lingvokul'turologicheskie harakteristiki virtual'nogo diskursa [Linguistic and cultural characteristics of virtual discourse] [Text]. – Volgograd, 2009. – 515 p.

8 **Serebrennikov, B. A.** Predislovie [Preface] [Text] // The role of the human factor in language : Language and picture of the world. – Moscow : Nauka, 1988. – 212 p.

9 **Karasik, I. V.** Jazykovoj krug : lichnost', koncepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse] [Text]. – Volgograd : Peremena, 2002. – 477 p.

10 **Pocheptsov, G. G.** Jazykovaja mental'nost' : sposoby predstavlenija mira [Language mentality : ways of representing the world] [Text] // Questions of Linguistics. – 1990. – No. 6. – P. 110–122.

11 **Brutyan, G. A.** Jazyk i kartina mira [Language and picture of the world] [Text] // NDVSh. Philosophical sciences, 1973. – No. 1. – P. 108–111.

12 **Apresyan, Yu. D.** Integral'noe opisanie jazyka i sistemnaja leksikografija: v 2 t. V. 2 [Integral description of language and systemic lexicography: in 2 volumes. V. 2] [Text]. – Moscow : Languages of Russian Culture, 1995. – P. 348–349.

13 **Chenki, A.** Semantika v kognitivnoj lingvistike [Semantics in cognitive linguistics] [Text] // Fundamental directions of modern American linguistics. – Moscow : Moscow State University, 1997. – P. 340–369.

14 **Kasevich, V. B.** Udarenie i ton v jazyke i rechevoj dejatel'nosti [Stress and tone in language and speech activity] [Text]. – Leningrad : Leningrad State University, 1990. – 99 p.

15 **Kolshansky, G. V.** Obektivnaja kartina mira v poznanii i jazyke [Objective picture of the world in cognition and language] [Text]. – Moscow : Nauka, 1990. – 108 p.

16 **Popova, Z., Sternin, I. A.** Kognitivnaja lingvistika [Cognitive linguistics] [Text]. – Moscow : ACT: Vostok-Zapad, 2010. – 314 p.

17 **Emer, Yu. A.** Cennostnaja model' mira tradicionnogo fol'klora v zhanrovom voploshhenii [Value model of the world of traditional folklore in genre embodiment] [Text]. – Issue 297. – Tomsk, 2007. – P. 25–32.

18 **Karasik, V. I.** Kul'turnye dominanty v jazyke [Cultural dominants in language] [Text] // Linguistic personality : cultural concepts. Collection of scientific papers. – Volgograd-Arkhangelsk : Peremena, 1996. – P. 3–16.

19 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B, Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space : The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – No 11(3). – 2023. – P. 87–96. – https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.705702.

30.07.26 ж. баспаға түсті.
30.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. Ж. Анесова[1], Т. К. Садыгул[2], А. К. Сулейменова[3]*
[1,2]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;
[3]Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлан,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 30.07.26.
Поступило с исправлениями 30.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

ЦЕННОСТНАЯ ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА ЦИФРОВОГО ДИСКУРСА: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

В статье рассматривается ценностная языковая картина мира цифрового дискурса с теоретико-методологических позиций. Описываются особенности формирования социальных, культурных и национальных ценностей в условиях цифровой коммуникации. Цель исследования заключается в теоретико-методологическом осмыслении ценностной языковой картины мира цифрового дискурса, определении ее научных оснований, систематизации структурных особенностей и механизмов формирования, а также выявлении специфики функционирования в пространстве цифровой коммуникации. Теоретико-методологический анализ, основанный на аксиологическом подходе, теории цифрового дискурса и изучении их взаимосвязи, позволяет определить основные направления научных исследований языковой картины мира. Особое внимание уделяется трансформации традиционных ценностных ориентиров в цифровом

дискурсе, роли языка в формировании и репрезентации ценностных смыслов в интернет-коммуникации.

Для раскрытия специфики цифрового дискурса как пространства формирования новых коммуникативных практик и механизмов смыслообразования использованы научные концепции отечественных и зарубежных исследователей. Проанализированы когнитивный, лингвокультурологический, дискурсивный и аксиологический подходы, определяющие комплексное исследование особенностей функционирования ценностной языковой картины мира.

Результаты исследования позволяют обобщить существующие теоретические представления о ценностной языковой картине мира цифрового дискурса. Полученные выводы могут быть использованы в дальнейших исследованиях в области цифровой лингвистики, медиалингвистики, дискурс-анализа, лингвокультурологии и аксиологической лингвистики.

Ключевые слова: цифровой дискурс, языковая картина мира, интернет, теоретико-методологический анализ, аксиология.

**A. Zh. Anesova[1], T. K. Sadygul[2], A. K. Suleimenova[3]*
[1,2]Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;
[3]A. Margulan Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 30.07.26.
Received in revised form 30.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

THE VALUE-BASED LINGUISTIC WORLDVIEW OF DIGITAL DISCOURSE: A THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ANALYSIS

The article examines the value-based linguistic worldview of digital discourse from theoretical and methodological perspectives. It describes the formation of social, cultural, and national values within the context of digital communication. The aim of the study is to provide a theoretical and methodological understanding of the value-based linguistic worldview of digital discourse, identify its scientific foundations, systematize its structural characteristics and mechanisms of formation, and determine the specific features of its functioning in the space of digital communication. The theoretical and methodological analysis, grounded in the axiological

approach, digital discourse theory, and the interrelationship between these domains, identifies the principal directions of research on the linguistic worldview. Particular attention is paid to the transformation of traditional value orientations in digital discourse and to the role of language in constructing and representing value meanings in Internet communication.

To reveal the specific nature of digital discourse as a space for the emergence of new communicative practices and meaning-making mechanisms, the study draws upon the theoretical concepts developed by both domestic and international scholars. Cognitive, linguocultural, discourse-analytical, and axiological approaches are examined to provide a comprehensive understanding of the functioning of the value-based linguistic worldview.

The findings of the study make it possible to generalize the existing theoretical understanding of the value-based linguistic worldview of digital discourse. The conclusions may be applied in further research in the fields of digital linguistics, media linguistics, discourse analysis, linguocultural studies, and axiological linguistics.

Keywords: digital discourse, value-based linguistic worldview, internet, theoretical and methodological analysis, axiology.

SRSTI 16.21.27

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/115-129

K. A. Ashinova[1], B. T. Sydykova[2],
G. A. Orynkhanova[3], M. K. Murzagaliyevà[4]
[1,2]Astana International University,
Republic of Kazakhstan, Astana;
[3]Kazakh National Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[4]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6938-2092
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0009-3215-9052
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1864-1802
[4]ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3595-6229
*e-mail: kunipa_almaty@mail.ru

LEXICAL FEATURES OF MODAL WORDS

The aim of this research is to develop a comprehensive and in-depth understanding of the modal phenomenon by exploring the commonalities, interrelations, and distinctions among lexical, grammatical, and modal meanings. This study seeks to examine the origins and historical development of modal words in the language and to identify their lexical features through systematic and targeted analysis. This is especially pertinent in Kazakh, where a number of elements currently classified as modal words are in fact borrowed concepts or lexemes that have shifted from other word classes over the course of linguistic development.

Қожа – әсершіл. Жанар оған нағыз періштедей көрінеді, әр сөзі, көзқарасы мен қимыл-әрекеті ерекше сезім сыйлайды. Қожаның оған деген бала сүйіспеншілігін мына үзіндіден байқауға болады: «Мен кейде сұрақ қоям өзіме өзім: «Жанарды неге ойлай берем? Оны көрмесем ала көңілденіп, тынышым кетіп тұратыны несі? Әлде осының өзі әлгі жұрт айтатын, кітаптарда жазылатын не... емес пе?» Япыр-ай, осы бір сөзді ойға алғанның өзіне селк ете қалам-ау. Егер мұны Майқанова білсе ғой. Не болар еді онда күнім? «Ә, Қадыров. Қаршадайыңнан қызға ғашық болып! Қарай гөр мұны! Бұл сұмдықты саған кім үйретті, ә?» Нағыз масқара, міне, сонда болар еді» – деген сөздерінен байқаймыз [11, 21-б.].

Шығармада Қожаның мінезі сангвиник типтеріне сәйкес құбылмалы, тұрақсыз болып сипатталады. Мұны біз повестің бесінші тарауында берілген Қожа мен Жанардың дойбы ойнаған сәтінен көреміз. Ол жайлауға кететін болып, Жанарды бір көргісі келіп, үйіне барады. Сол кездегі Қожаның сөзіне назар салсақ: «Өзегімді нұрлы сезім жарып өтіп, қолтығыма қанат біткендей болды» – деп сипаттайды автор [11, 22-б.].

Жанардың әжесі үйде жоқтығын пайдаланып, онымен дойбы ойнағанына мәз болған Қожа әуелде құрметтеп, әдейі жеңіліп отырады: «Жанардың бетпе-бет отырған сүйкімді жүзіне, иығына төгіліп көмірдей қап-қара әсем қолаң шашына алаң-елең қарап, толқып отырып, бірінші ойында қалай ұтқызып алғанымды байқамай қалдым. Бірақ Жанардың мәз болған кейпіне қарап бұл ұтылғаныма өзім іштей қуандым да» – деген ойлайды [11, 23-б.]. Алайда, қыздың оңай қарсылас емес екенін жеңілістен соң түсінген Қожа қулыққа көшеді: «Екінші ойынды әлгіндей емес, сағырақ ойнауға тырыстым. Үнемі қыздан жеңіліс таба беруге болмайды» [11, 23-б.]. Соңында екеуі таласып, Жанардың «мақтаншақ Қожа» деген сөздерін көтере алмай ренжісіп қалады. Сол күйі үйіне кетеді [11, 24-б.].

Автор оқиғаны бірінші жақтан баяндап отырғандықтан, Қожаның сезімі мен ішкі монологын да повесте беріп отырады. Жанардың үйінен шыққан соң Қожа істеген әрекетіне өкінеді: «Япыр-ай, Жанарды ренжітіп кеттім-ау.

Соншалық, неге егестім. Әй, осы қайсарлық мінезім мені абиырға жолдас етпейді ғой. Ұзын жолдан шығып, жеңіле салсам, нем кететін еді» – деген сөздері дәлел [11, 25-б.].

Қожа әрдайым көңілді, энергияға толы, қатты күліп, көпшіліктің назарында болғанды ұнататын кейіпкер. Повесть басталғаннан Қожаның өзін таныстыруынан оқырман оның әзілқойлығына, алаңғасарлығына және өмірге деген позитивті көзқарасына тәнті болады.

А. Личконың психотип жіктелімі бойынша Қожа гипертимдік типке жатады. Бұл типті адамдар қарым-қатынасқа тез түседі, тым көп сөйлеп кетуі де мүмкін, тез қимылдайды, шуақты. Сонымен қатар, бір орында отыра алмайтындығымен, белсенділігімен ерекшеленеді. Топты басқарғанды жақсы көреді, қызығушылықтары көп, бірақ ешқайсысын соңына дейін орындамайды. Өздеріне сенімді, жаңалыққа құмар, сәтсіздікке мән бермейді, ренішін тез ұмытады. Тәуекелге бейім. Күн секілді жарқырап шуақ шашып, үнемі көңілді жүргенді ұнатады, ситуацияға оптимистік көзқараспен қарайды.

Ал Жанардың образында сангвиник пен флегматиктік тип аралас.

Қожа Жанарды төмендегідей сипаттайды: «Осы повестің бас кейіпкерінің бірі болуға Жанар, біріншіден... кластағы ең бір ақылды қыз. Екіншіден, сұлу. Әсіресе қызыл береткасын киіп жүргенде, сондай құлпырып, жайнап кетеді. Даусы қандай шіркіннің, ән салғанда тыңдасаң. Басына үкілі тақия киіп, мың бұратылып, Қамажайға билегенін көрсең. Барып тұрған өнерлі қыз. Кластағы бірінші үздік оқушы» [11, 15-б.]. Қожаның сипаттауына көңіл бөлер болсақ, Жанардың мінез-құлқында сангвиниктік типті көреміз. Ал повестің басқа бөлімдерінде Жанардың флегматиктік қырын байқауға болады. Өйткені, флегматик «Іс-әрекетін байсалды, тиянақты орындайды, бастаған ісін қадағалап істейді, аяқтап шығады. Кісіге үйірлігі аз, өзі ешкімге тиісіп, соқтығыспайды» [5, 572-б.].

Жанар образы Личко тұжырымдамасы бойынша сенситивті типке жатады. Бұл психотиптегі адамдар басқалардың энергетикасын терең сезіне алады, басқаның қуанышын немесе қайғысын өз басынан өткендей күй кешеді делінген. «Менің атым Қожа» повесінен байқайтынымыз, Жанардың үздік оқушы екендігі, сабақтан тыс уақытта кітап оқиындығы, ұқыптылығы, жүрегінің нәзіктігі, сезімталдығы жан-жақты сипатталған, осыған қарап оның сенситивті типтің де белгілері бар екендігін көреміз.

Повестегі Сұлтан образында холериктік тип басым. «Холерик – қызу мінезді, жігерлі темперамент иесі. Эмоцияға берілуі шапшаң. Сезім күйлері оқыс ауытқып, құмарта көтеріліп кететін шыдамсыз, күйгелек кісі. Әп-сәтте қызып кетіп, күйіп-піседі. Ашуланса, бұрқ етіп, қызу екпіні сарқылып барып басылады, бастан кешкен сезімі санасында терең із қалдырады, қимыл-қозғалысы шапшаң. Икемсіз оқыс қылықтарына қарамастан, қызулы, жігерлі,

пысық және іс-әрекет атқаруға бейімді келеді. Жұмысқа құмарта беріліп, екпінмен істейді, анық, әсерлі, мәнерлі сөйлейді. Белсенді, батыл келеді, іске шапшаң кіріседі, бастаған іс-әрекетін аяқтап шығады, көп адам қатысқан ойындарға құмар. Өзі де ұйымдастырып, аяғына дейін белсене қатысады, шыдамсыз. Күйгелек, лезде өкпелейді, әп-сәтте ашуланады және ашуын ұзақ сақтайды» [5, 577-б.]. Сұлтанның қимыл-қозғалысының шапшаңдығын повестің сегізінші тарауында: «Сұлтекеңнің қимылына кез ілеспейді. Жүктің астындағы месті дереу суырып алып, аузын шешіп жатыр. Месті Сұлтекең көз ілеспейтін шапшаңдықпен орнына қайта байлап қойды» – деп жазушы кейіпкеріне баға беріп кетеді [11, 37-б.]. Сұлтанның пысықтығын Қожаның Сұлтанға деген көзқарасынан байқауға болады: «Әй, Сұлтан, Сұлтан. Сенің бойыңда кісі қызығарлық өнер-қабілеттер толып жатыр-ау. Асауға шалманы қалай дәл тастайсың. Неше саққа жүгіртіп, құйқылжытып, қалай тамаша ысқырасың. Бие сауғанда шөпілдетіп жібересің. Жолдасыңа қоң етіңді ойып беруден тартынбайтын батылсың да жомартсың. Бірақ арамдығың да бар: өтірік айтасың, ұрлық істейсің. Егер оқуды тастамасаң, әлгі айтылған лас қылықтарыңнан ада болсаң, сенен түбінде жаман азамат шықпас еді» [11, 60-б].

А. Личко тұжырымы бойынша Сұлтан тұрақсыз типке жатады. Мұндай адамдар тек қазіргі сәтпен өмір сүреді. Олар келешек туралы мүлде ойланбайды, сәйкесінше болашаққа жоспар құру, алдына мақсат қою дегенді білмейді. Жақындары туралы ойламайды, көңіл бөліп қарамайды, олардың тағдыры алаңдатпайды.

Тек осы сәттегі қызығушылыққа беріліп, уақыттың бағалы екендігіне көңіл бөлмей өмір сүреді. Шығармада кейіпкердің болашағын ойламайтыны, оның оқудан шығып кетіп, дала кезіп мал бағып жүрген әрекетінен байқауға болады. Әкесін ойламайтыны, алдау, арбау арқылы күнін көріп жүргені, сол әрекетімен Қожаның да басын қатерге тіккені арқылы оның тұрақсыз психотипке жататынын анықтаймыз. Осы психотипке тән Б. Соқпақбаев Сұлтанның аузымен оның негізгі сенімдерін, өмірге жеңіл қарауын: «Сұлтан кенет:

– Қара Көже, қарақшы болғың келе ме? – деп сұрады.

– Қайтіп?

– Осы араның бір жерінен көрінбестей етіп күрке жасап аламыз. Балықты мол етіп кептіріп жайып тастаймыз. Кейде, мүмкін, жолға шығып, кісі тонаймыз. Бұрынғы қарақшылар қайтіп өмір сүрсе, біз де сөйтеміз. …Қарашы, Қара Көже, тамаша емес пе. Бұл арада жүз жыл тұрсаң да, төбеңнен дәл келіп түспейінше, жан адам таба ала ма? ...Қатып кетті. Өмір деп, міне, осыны айт» [11, 64-б] деген үзінділерден байқауға болады. Ол тіпті оқудан шығып кеткеніне де өкінбейді: «Бұрнағы жылы жәкем де маған: «Оқуды тастайтын болсаң, жота теріңнен таспа тілмесем неғылсын, онда екі қолымды төбеме қойып, беземін сенен», – деп ант су ішуші еді.

Сол да түк істеген жоқ қой. Белбеуімен жотама екі осқанда: «Ойбай-ай, бүйтіп өмір сүргенше, суға атып өлейін!» деп, өзенге қарай тұра жүгіріп ем, екі көзі шарасынан шығып, өзінің зәресі ұшты. Артымнан қуып жетіп, құшағына алып: «Оқымасаң, оқымай-ақ қой, әйтеуір, тірі жүр, қу жалғыз», – деп аймалап, сүйіп, үйге әкелді. Содан бері қарай ләм деп аузын ашпайтын болды» [11, 63-б]. Талдау нәтижелері кестеде көрсетілді:

1-кесте – Повесть бойынша жасалған психоаналитикалық талдау нәтижелері

Кейіпкердің аты	Темпераменті	А.Личко бойынша сәйкес психотипі
Қожа	Сангвиник	Гипертимді тип
Жанар	Сангвиник-флегматик	Сенситивті тип
Сұлтан	Холерик	Тұрақсыз тип

Кейіпкердің психотипін біліп, ажырата алу автордың туындысын терең түсінуге, кейіпкер әрекеттерін бақылай алуға, психологиялық талдау жасауға, оқырманның кейіпкер әлемін терең қабылдауына жақсы әсер етеді. Әр түрлі психотиптерді қолданатын әдеби шығармалар адам табиғаты туралы түсінігімізді байытады және өзімізді және айналамыздағы адамдарды жақсы түсінуге көмектеседі. Осылайша, әдебиеттегі психотиптерді зерттеу біздің көкжиегімізді кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар адамның психологиялық әлемінің тереңдігін жақсы түсінуге көмектеседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, көркем шығарма кейіпкерлерінің психологиялық типтерін зерттеу – көркем мәтінді терең түсінудің, оқырман санасына әсер ету механизмдерін анықтаудың маңызды жолдарының бірі болып табылады. Ғалымдардың зерттеулері бұл бағыттың өзектілігін дәлелдейді және оны одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Психология мен әдебиеттану ғылымдары арасындағы пәнаралық зерттеу негізінде психотип пен темперамент тек адам болмысында ғана емес, көркем әдеби шығарма образдарында да болатыны дәлелденді. Психотиптер мен темпераменттерді талдау бізге кейіпкерлердің ішкі қақтығыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожа, Жанар, Сұлтан сынды кейіпкерлерге психологиялық талдау жасау арқылы олардың психотипі мен темпераменті анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Коржова, Е.** Психология личности в художественной литературе. //Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена, 100, 2009. – С. 77–87.

2 **Garuba, I. O.** Jung's psychological types and characterisation in Alex Laguma’s literary works. // Celtic : A Journal of Culture, English Language Teaching, Literature and Linguistics, 7(1), 2020. – P. 44–56.

3 **Jozwiak, B. P., Bogousslavsky, J.** Psychopathic Characters in Fiction. // Frontiers of neurology and neuroscience, 31, 2013. – P. 60–68.

4 **Садықова, Ә. Е., Төлегенова, С. Ш.** Психология пәні бойынша терминологиялық сөздік. – Қарағанды : Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013. – 35-б.

5 **Жарықбаев, Қ. Б., Саңғылбаев, О. С.** Психология : энциклопедиялық сөздік. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 617-б.

6 **Леонгард, К.** Акцентуированные личности: Перевод с немецкого. – Киев : Выща школа, 1989. – 375 с.

7 **Личко, А. Е.** Психопатии и акцентуации характера у подростков. – Питер : Трейд, 2018. – 304 с.

8 **Шекспир, У.** Гамлет. – М. : АСТ, 2018. – 384 с.

9 **Толстой, Л. Н.** Война и мир. – М. : АСТ, 2015. – 960 с.

10 **Хемингуэй, Э.** Старик и море. – М. : АСТ, 2009. – 320 с.

11 **Соқпақбаев, Б.** Менің атым Қожа. Повестер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 304-б.

REFERENCES

1 **Korzhova, E.** Psixologiya lichnosti v xudozhestvennoj literature [Personality psychology in fiction] [Text]. // Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. I. Gercena, 100, 2009. – P. 77–87.

2 **Garuba, I. O.** Jung's psychological types and characterisation in Alex Laguma’s literary works. // Celtic: A Journal of Culture, English Language Teaching, Literature and Linguistics, 7(1), 2020. – P. 44–56.

3 **Jozwiak, B. P., Bogousslavsky, J.** Psychopathic Characters in Fiction. // Frontiers of neurology and neuroscience, 31, 2013. – P. 60–68.

4 **Sadykova, A. E., Tulegenova, S. Sh.** Psixologiya pani bojynsha terminologiyalyk sozdik [Terminological dictionary on the subject of psychology] [Text]. – Karaganda : B. Bejsenov atyndagy Karagandy akademiyasy, 2013. – 35 p.

5 **Zharykbaev, K. B., Sangylbaev, O. S.** Psixologiya: enciklopediyalyk sozdik [Psychology: an encyclopedic dictionary] [Text]. – Almaty : Kazak enciklopediyasy, 2011. – 617 p.

6 **Leongard, K.** Akcentuirovannye lichnosti : Perevod s nemeczkogo [Akcentuirovannye lichnosti: Perevod s nemeczkogo] [Text]. – Kyiv : Vyshha shkola, 1989. – 375 p.

7 **Lichko, A. E.** Psixopatii i akcentuacii xaraktera u podrostkov [Psychopathy and character accentuations in adolescents] [Text]. – Peter : Trejd, 2018. – 304 p.

8 **Shekspir, U.** Gamlet [Hamlet] [Text]. – Moscow : AST, 2018. – 384 p.

9 **Tolstoj, L. N.** Vojna i mir [War and Peace] [Text]. – Moscow : AST, 2015. – 960 p.

10 **Hemingway, E.** Starik i more [The Old Man and the Sea.] [Text]. – Moscow: AST, 2009. – 320 p.

11 **Sokpakbaev, B.** Menin atym Kozha. Povester. [My name is Khoja. Stories] [Text]. – Almaty : Atamura, 2003. – 304 p.

14.05.24 ж. баспаға түсті.
24.06.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**К. Е. Абдисамет[1], Л. А. Мекебаева[2]*
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 14.05.24.
Поступило с исправлениями 24.06.25.
Принято в печать 10.08.26.

ТЕМПЕРАМЕНТ И ПСИХОТИП ГЕРОЕВ В ПОВЕСТИ Б. СОКПАКБАЕВА « МЕНЯ ЗОВУТ КОЖА»

Изучение психотипов личности и их влияние на поведение и характер персонажей в литературных произведениях является актуальной и важной задачей для понимания глубинных психологических аспектов литературных текстов. В статье рассматривается концепция темперамента, предложенная Гиппократом, и психологический тип (психотип) личности, классифицированный Карлом Леонгардом. По заданным концепциям будет проведен психоаналитический анализ персонажей повести Бердибека Сокпакбаева «Меня зовут Кожа». В повести раскрывается психологический портрет Кожа, Жанар, Султана, определяется тип личности и темперамент.

Психологическое изучение литературных произведений позволяет выявить скрытые мотивы и внутренние конфликты героев, а также их эмоциональные и психологические особенности. Понимание психических особенностей героев позволяет глубже понять суть произведения, а также расширить сферу применения психологических знаний в анализе литературы.

В практической части статьи были использованы различные методы исследования, включая литературный анализ, психоаналитический анализ и теоретический анализ, для выявления и анализа психотипов и темпераментов персонажей рассказа «Меня зовут Кожа». На основе этих приемов был проведен детальный анализ главных героев и поведения произведения, определен их психологический тип и темперамент.

Целью исследования является не только анализ психотипов и темпераментов персонажей, но и определение их роли в сюжете и общем контексте истории.

Ключевые слова: художественная литература, литературный персонаж, темперамент, психологический тип, психология.

**K. E. Abdissamet[1], L. A. Mekebaeva[2]*
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 14.05.24.
Received in revised form 24.06.25.
Accepted for publication 10.08.26.

TEMPERAMENT AND PSYCHOTYPE OF THE CHARACTERS IN B. SOKPAKBAEV'S NOVEL "MY NAME IS KOZHA"

The study of personality psychotypes and their influence on the behavior and personality of characters in literary works is an urgent and important task for understanding the deep psychological aspects of literary texts. The article examines the concept of temperament proposed by Hippocrates and the psychological type (psychotype) of personality classified by Carl Leonhard. According to the given concepts, a psychoanalytic analysis of the characters of Berdibek Sokpakbayev's novel "My name is Kozha" will be conducted. The story reveals the psychological portrait of Kozha, Zhanar, Sultan, determines the type of personality and temperament.

The psychological study of literary works reveals the hidden motives and internal conflicts of the characters, as well as their emotional and

psychological characteristics. Understanding the mental characteristics of the characters allows you to better understand the essence of the work, as well as expand the scope of psychological knowledge in the analysis of literature.

In the practical part of the article, various research methods were used, including literary analysis, psychoanalytic analysis and theoretical analysis, to identify and analyze the psychotypes and temperaments of the characters in the story "My name is Kozha". Based on these techniques, a detailed analysis of the main characters and the behavior of the work was carried out, their psychological type and temperament were determined.

The purpose of the study is not only to analyze the psychotypes and temperaments of the characters, but also to determine their role in the plot and the general context of the story.

Keywords: fiction, literary character, temperament, psychological type, psychology.

ҒТАМР 16.21.51

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/143-156

Б. Әбдуәлиұлы[1], *С. Т. Сыпатай[2]

[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1481-8850
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0004-6345-1981
*e-mail: qulabyzben@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ГИДРОНИМДЕРІ: ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Трансшекаралық гидронимдер – шекара сызығын кесіп өтіп жатқан су нысандары әрі тарихи-мәдени ақпаратты өн бойында сақтап, қазірге жеткен тұрақты тілдік бірліктер. Қазақстан аумағында бұндай біршама су нысандарының болуы және олардың атауларының бүгінге дейін толыққанды зерттелмеуі тақырыптың өзектілігін айғақтайды. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда олардың тарихи-мәдени негіздері, көпқабатты семантикалық құрылымы өзіне назар аударады. Мақалада трансшекаралық гидронимдердің шығу тарихы туралы пікірлер мен болжамдар талданады. Трансшекаралық географиялық нысандар бүгінде бірнеше мәдени кеңістіктерді қамтып жатқанымен, ертеректе түркі халықтары мекен еткен ландшафтта жатыр. Қазақ елінің географиялық орналасу ерекшелігін негізге алатын болсақ, шекараларды бөліп жатқан топонимдер саны көп. Сондықтан зерттеу жұмысы тиянақты болу үшін ең ірі әрі саяси-экономикалық маңызы бар су ресурстарының атауын талдаумен шектелдік. Каспий, Жайық, Іле деген гидронимдердің көне түркілік негізі, олардың көпнұсқалылығы мен трансшекаралық сипаттамасы жазылды. Тілдік және экстралингвистикалық факторлардың ықпалын ғылыми деректермен негіздеуге тырыстық. Іле гидронимінің этимологиясы туралы ғылыми болжамдарды арқау етіп, когнитивтік мазмұны туралы болжам жасадық. Зерттеу нәтижелері трансшекаралық топонимия ұғымын нақтылауға, трансшекаралық атауларды халықаралық құжаттарда біріздендіруге ғылыми негіз болады.

Кілтті сөздер: ономастика, топоним, трансшекаралық топоним, гидроним, көне түркі, этимология.

Кіріспе

Қазақ топонимиясының тарихы алыс ғасырлардан басталады. Топонимия халық тілінің, мәдениетінің, тарихының көрсеткіші бола отырып, мекендеген аймақтарының да көрсеткіші ретінде маңызды. Қазіргі қазақ шекарасы мен топонимиясының таралу аймақтарын салыстырсақ, олардың бір-біріне сәйкес келмейтінін көруге болады. Алыс тарихты айтпағанда өткен ғасырдың басында белгіленген шекаралардың сыртында жатқан көптеген топонимиялық атаулар бүгінге дейін сақталып келеді. Оларға қатысты зерттеулер жаңа ғана қолға алына бастады. Бұл жөніндегі зертеулерде «Трансшекаралық топонимия» ұғымы кең көлемде алғанда, яғни трансшекаралық аймақтардағы топонимия тұрғысынан шекараның екі жағындағы қазақ тілінде қойылған атаулардың барлығын қамтиды [1, 18-б.]. Қазақ тіліндегі топонимиялық атаулар, негізінен, халықтық географиялық терминдерден жасалады, екінші сөзбен айтсақ, географиялық нысанның түрлері мен сипатына қарай қойылады, сондықтан қай аймақтарда болсын ұқсас нысандарды атау кезінде бірін-бірі қайталап отырады. Мысалы, Ақсу атауы Қазақстанда да, Ресейде де, Қытайда да қайталанады. Олар өзара сабақтасу арқылы шекара сызығын кесіп тұрады. Бұндай байланыс топонимдердің шығуындағы ортақ уәждер мен ортақ модельдердің сипатынан да көрінеді. Тарихи топонимдердің тұтас болмысы ресми сызықтар арқылы бөлінгенмен, өзара сабақтастығы олардың мағынасында «транс» ұғымының тұрғанын айғақтайды. Сонымен «трансшекаралық топонимінің» мағынасы, кең көлемде алғанда, «шекара сызығының екі шетінде тұрған қазақ жер-су атаулары» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұл тұжырымдар трансшекаралық топонимдердің географиялық табиғатына назар аударады, алайда, екінші жағынан, бұл тарихи- лингвистикалық құбылыс екені белгілі. Топонимдердің тұтастығында тарихи-этимологиялық, семантикалық, грамматикалық және этнолингвистикалық факторлардың да орны үлкен.

Трансшекаралық топонимдер мәселесі соңғы жылдары қолға алынғанмен, жалпы «трансшекаралық өзендер» термині Тәуелсіздіктің алғашқы жылдардан бастап қолданылып келеді. Лингвистикалық немесе географиялық емес, мағынасында көбіне саяси-құқықтық-экологиялық сипат басым болды. Елімізге сырттан ағып келетін өзендерге байланысты нақты «трансшекаралық өзендер» тұлғасында қолданылған. Біз бұл орайда мақала мазмұнына сәйкес әрі терминнің жалпы су нысандарына ортақ мағыналық өрісін ескере отырып, «трансшекаралық гидронимдер» терминін қолдануды жөн көріп отырмыз.

Су нысандарының бірнеше елдің аумағынан өтуі немесе бірнеше елге ортақ болуы – көне замандардан бар тарихи мәселе. Трансшекаралық сипатқа ие макрогидронимдер – түркі әлемінің тарихи және этнотанымдық

кеңістігін бейнелейтін мәдени картасы, тілдің өзгеріске көп түспеген тұрақты және көне қабаттарын үйренуге мүмкіндік беретін дереккөздері. Түркілік тұтастықпен қатар, мемлекеттік шекаралар әдетте саяси әкімшілік сипатымен де ерекшеленеді. Осы қырынан қарағанда, трансшекаралық гидронимдер бір мезгілде бірнеше тілде өмір сүріп, әр тілде фонетикалық, графикалық және семантикалық ерекшеліктерімен көрінуі мүмкін. Қазақстан шекарасын батыстан, шығыстан, оңтүстігі және солтүстігінен кесіп өтіп жатқан мынандай өзендер бар: Ертіс, Сырдария, Талас, Шу, Жайық (Орал), Іле, Есіл, Тобыл, Аса, Арал, Каспий, Сарыөзен, Қараөзен, Ілек, Ор, Емел т.б. қазақ даласының қан тамырлары секілді бұл өзендер мен олардың атауларын тарихи-лингвистикалық және географиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Бұл атаулар бізді көне замандармен жалғастырады. Осы атаулардың ішінде мақала көлеміне шақтап, бірнешеуіне ғана тоқталдық.

Олардың тілдік тұлғалары мен семантикалық қалыптасу эволюциясы ұзақ уақыттар бойы жүзеге асқан, яғни су нысандары тұрған алапты мекен еткен этностар мен олардың тілдерінің өзара ықпалдасуының нәтижесінде пайда болған. Германиялық ғалым, карта жасаушы Сабине Витшастың пайымдауынша, топонимдердің бірнеше мемлекеттерді қамтуына байланысты «геодеректердің әртектілігі, көптілділік және географиялық атаулардың әр түрлі нұсқалары сияқты факторлар маңызды қиындықтар туғызады» екен [2]. Осыған байланысты трансшекаралық гидронимдерді зерттеу олардың көптілді кеңістікте қалыптасқан варианттылығын, геодеректердің әркелкілігін ескере отырып, жүйелі әрі салыстырмалы талдау жүргізуді қажет етеді.

Тақырыпты зерттеудің мақсаты – трансшекаралық гидронимдерді тек тілдік талдаумен шектелмей, пәнаралық тұрғыдан сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін мына міндеттер орындалады: трансшекаралық гидронимдердің географиялық орны, тарихы мен этнологиялық негізі анықталады, олардың шығу тегі мен қай тілдік қабатқа жататыны айқындалып, семантикалық талдау жасалады.

Материалдар мен әдістері

Қазіргі ресми картада берілген трансшекаралық гидронимдердің пайда болуы тым тереңде. Тілдік қолданысы барысында түрлі дәуірлерді басынан кешірген, бүгінде көбінің мағынасы көмескіленген. Олардың лингвистикалық негізін түсіндіру үшін салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-сипаттамалы, салғастырмалы-типологиялық және ареалдық әдістер қолданылды, тілдің даму заңдылықтарына сүйене отырып, тарихи жазба деректерге назар аударылды. Екі не одан да көп мемлекеттер шекарасын алып жатқан өзен-көл атауларындағы тілдік ерекшеліктерді анықтау үшін олардың статикалық қалпын ғана емес, ретроспектив бағыттағы даму жолы да қарастырылады.

Бұл бағыттағы тәсілге сүйеніп трансшекаралық гидронимдердің әр елдегі қолданысы мен ерекшеліктері анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвистика көнеден бастау алатын іргелі ғылым саласы болғанымен, тілді зерттеу әр дәуірде жаңаша мәселелері бар өзекті сала болып қала береді. Өйткені тіл тірі организм сияқты жаңарып, түлеп, өзгеріп тұрады. Сәйкесінше лексикалық қоры да өзгеріске түсіп, жаңа қырынан қарауды талап етеді. Сөздік қорының ең тұрақтысы да осы топонимдер. Топонимдердің бір тармағы трансшекаралық гидронимдердің тарихы мен лингвистикасы туралы сөз болады.

Қазақстан мен түркі тектес елдер Түркіменстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдерін кесіп өтіп жатқан трансшекаралық гидронимдердің ең ірілері – Каспий, Арал теңіздері, Сырдария, Аса, Шу, Талас өзендері. Қазіргі кезде тартылып қалғанмен, Арал теңізінің аумағы Қазақстан мен Өзбекстан аумағын қамтыған болатын.


Еуразия құрылығындағы Еуропа мен Азияны жалғап жатқан әлемдегі ең үлкен көл – Каспий теңізі. Теңіз солтүстік-шығысында Қазақстанмен, оңтүстік-шығысында Түркіменстанмен, оңтүстігінде Иранмен, оңтүстік-батысында Әзірбайжанмен, солтүстік-батысында Ресеймен шектеседі. Каспий теңізін ғылыми зерттеу 18 ғасырда Петр I бастамасымен басталып, алғашқы навигациялық нұсқауларды қамтитын Федор И.Соймоновтың теңіздің сипаттамасы және теңіз атласы 1731 жылы жарияланады [3]. Бұл зерттеулерде географиялық тұрғыдан жүргізілгенмен, лингвистикалық мәселелер назарға алынбады.

Бүгінде теңіз атауы бірнеше мемлекет аумағын қамтитын трансшекаралық нысан ретінде халықаралық құжаттарда Каспий теңізі (Caspian Sea) атауымен таңбаланады. Десек те әр елдің өз тілінде атаудың тарихи нұсқасын пайдалануы трансшекаралық топонимдердің бір мезгілде бірізді пішінде де, көпнұсқалылықты да сақтайтынын көрсетеді. Каспий теңізі (ескі тарихи атаулары: Каспи, Гиркан, Хвалын, Хазар т.б.) Каспий өңірі көптеген Еуразия халықтарының этностық және мәдени бастауының маңызды бір ошағы саналады, яғни тарихи-мәдени өлке болып табылады. Каспий өңірінің тоғыз жолдың торабы болуы ондағы этногенетикалық үрдістерге айтарлықтай әсерін тигізді [4, 428-б.]. ғалымдар пікірінің жаны бар. Теңізді айнала орналасқан Қазақстан мен Ресейде «Каспий» деп халықаралық карталардағы нұсқасы қолданылса, әзірбайжан тілінде «Әзер денизі», түрікмен тілінде «Хазар денизі», иран (парсы) тілінде Дария-е Хазар тұлғаларында, VII-X ғасырлардағы (650-969 жж.) Хазар тайпасының атауын әлі сақтап келеді

«Каспий» атауы тарихи лингвистикалық тұрғыдан күрделі, көпқабатты топонимдердің қатарына жатады. Өйткені ол тарихтың әр кезеңінде әр

түрлі тілде көптеген атаулармен аталған. Ғалымдардың пікірінше, жазба деректерде Каспий теңізінің 70-тен аса атауы бар екен. Антикалық грек, рим тарихшы-географтары (Геродот, Страбон, Птолемей) Гиркан теңізі (Хирканиум Маре) деп те, Каспий теңізі (Каспиум Маре) деп те атағанын байқаймыз. Бұл дегеніміз, атаудағы көпуәжділік құбылысын меңзеп тұр. Мысалы, Страбон өзінің «География» деген еңбегінде теңіздің оң жағалауындағы Гиркания аймағына байланысты бөлімде Гиркан теңізі деп жазған. Гиркан деген сөз Гирканск Гирканос, «Қасқырлар елі» деген атаудан шыққан деген пікір бар [3]. Астана қаласындағы ҚР Ұлттық мұражайында қойылған дүние карталарының ең ескісі Себастьян Мюнстердің 1540 жылы басылған Азияның шығыс аймағының картасында да «Гикания» жер аты ретінде, «Каспий» теңіз атауы ретінде көрсетілген. Оның басқа тарихи атауларының қатарында «Хазар» теңізі және «Хорезм» нұсқалары бар, бұл атаулар аймақтың бұрынғы халықтарының атымен байланысты болса керек.

Каспий атауының шығу тегі туралы ғылыми әдебиеттерде осы аймақты мекендеген «касп» тайпасының атымен байланыстырады. Ал белгілі ғалым Т.Жанұзақ атаудың құрамын «кас» және «пи» деп екіге бөліп қарастырады. Біздің заманымыздан бұрынғы VII-IV ғасырларда Каспий теңізінің жағалауы мен Маңғыстау төңірегінде қас тайпасы өмір сүрген. Атаудың түбірі осы кас тайпасының атауы, ал екінші сыңарындағы пи – тұңғыс-мажұр тобына жататын орочин тілінде *бийа (bija)* – «өзен, көл, бұлақ», эвенкі тілінде – *бирд (bird)* – «өзен», сол секілді самодий тілінде *ба* – «су, өзен», негил тілінде де *бийа (bija)* – «өзен, бастау» сөздерінің өзгеріске түскен нұсқасы. Ғалымдар бұндай түбірлердің қатарына қазақ тіліндегі «Бүйен» өзенінің түбірін, Ресей жеріндегі **Би**я, **Бий**хем, Сал**ба** гидронимдердің құрамындағы көне тұлғаларды жатқызады [5, 104-б.]. Иран энциклопедиясында: «Каспийлер Каспий теңізінің оңтүстік-батыс жағалауын мекендеген ежелгі халықтың атауы. Оның ізі Алборз тауларын асып өтетін жолдар торабындағы аймақта орналасқан Қазвин (Qazvin) < Каспен (Kaspen) (каспийлер мекені) топонимінде сақталған болуы мүмкін. Аталған этноним негізінде бірқатар географиялық нысандардың атауы қалыптасқан. Атап айтқанда, Каспий теңізі (he Kaspie talassa), Каспий таулары (ta Kaspia ore), яғни Кавказ жотасы, Эратосфеннің мәліметтері Страбон арқылы берілген, XI.2.15), сонымен қатар Каспий қақпасы (хай Каспиай/Каспиадес пилаай) деп аталатын өткелдер осы халықтың атымен байланысты қойылған деген [6]. Жоғарыдағы ғылыми жазбаларды негізге алып, Каспий атауы этникалық қауым атауынан туындаған этногидроним деген пікірге тоқталуға болады. Осыған дейінгі зерттеулерде Каспий теңізінің мынандай атаулармен аталғанын көреміз: Хвалин, Гуз, Хорасан, Табаристан, Алан, Дербент, Қыпшақ, Қозғун, Абескұн, Георгиев, Сарай, Бұхар, Хида, Гиркан теңізі, Каспий теңізі, Хазар, Хорезм т.б.



УКАЗЪ ЕЯ ИМПЕРАТОРСКАГО ВЕЛИЧЕСТВА
САМОДЕРЖИЦЫ ВСЕРОССІЙСКОЙ,
изъ Правительствующаго Сената

1-сурет

Теңіздің неге осынша көп атаулармен аталғандығының себебі белгісіз, дегенмен тілдік деректер мен топонимиялық уәж тұрғысынан алғанда теңіз жағалауында мекендеген (мүмкін уақытша тұрақтаған) түрлі этнос атауларының берілгені, трансонимдену жолымен өзге жер-су атауларының телінуі, жазба дерек авторларының өзінше атауы т.б. себептерді аңғаруға болады. «Каспий» атауының қалыптасуы мен дамуы тілдік факторлармен қатар, тарихи, саяси, этномәдени жағдайлармен де тығыз байланысты екенін көреміз. Гидронимнің әр түрлі нұсқалары оның көпқабатты семантикасын айқындайды. Нақтырақ айтқанда, атаудың мағынасы әр түрлі тарихи кезеңдерде қалыптасқан тілдік, этникалық, мәдени қабаттардың жиынтығынан тұрады.

Сонымен теңіз әр түрлі аталғанмен, қазақ еліндегі қолданысы Каспий нұсқасын сақтап келеді. Бұл атаудың этимологиялық табиғаты қазақ этнонимімен де сәйкес келетін секілді. Н. Мыңжанидың болжамы бойынша «қас» сөзі «нағыз» деген мағына береді, яғни «қас сақ – қасақ – қазақ» нұсқаларында дамыған болуы мүмкін. Каспий атауының құрамындағы «кас» пен «қасты» өзара салыстыруға болады. Қ дыбысының к дыбысына ауысуы ілгерінді ықпалдың нәтижесі, яғни атау құрамындағы «пи» жіңішке морфемасының алдыңғы буынға әсері. Қазіргі энциплопедиялық анықтамаларда «каспийдің» этнос атауы екенін растайды. Бехистуннан алынған текстің қалпына келтірілген бөлігін, ал одан кейін Накши-Рустем және Персеполь жазуларын антик деректемелерінің мәліметтерімен салыстыру негізінде – парадрайа сақтардың және «Соғдының ар жағындағы» сақтардың – массагеттерге, дайларға, каспилерге сәйкестігі туралы болжам

жасалды. [7, 161-б.]. Осы болжамдарға сүйене отырып, «Каспиді» көне дәуірлерден бері өзінің тарихи тұлғасын сақтап келе жатқан сирек атаулардың бірі ретінде санаймыз.

Каспий теңізіне құятын үлкен өзендердің бірі – **Жайық**. Бастауын Орал тауларынан алып, Ресей Федерациясының Башқұртстан Республикасы, Челябі облысы мен Орынбордан ағып келіп, Қазақ елінің шекарасын кесіп өтетін ең ірі трансшекаралық өзендердің бірі. Ресейде 1775 жылдың 15 қаңтарынан бастап Екатерина II бұйрығымен Орал деп атайды.

Жайық жағасы – қазақ халқының хандық құрып, тарих сахнасына шыққанына дейін де түркі тайпаларының құрамында көшіп-қонып, өсіп-өнген өз даласы. Ол туралы тарихи жазба деректерде жиі кездеседі. «Шежіре-и теракиме» еңбегінде: «Оғыз хан заманынан Шыңғыс хан заманына дейін Дон, Еділ, Жайық өзендерінің бойында қыпшақтардан өзге ел жоқ еді» [8, 134-б.]. Одан бөлек Қазақ газетінде басылған Қыр баласының «Қазақ» деген мақаласында: «Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері, 7 жүз жыл шамасында, жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрады. Бұл жердің айналасы мынау: темір қазықта – Жайық пен Тобыл, күншығыста – Ертіс, оңтүстікте – Түркістан таулары, мұның ең биігі – Хан Тәңірісі, күнбатыста – Амудария», – деп жазуы тегін емес [9, 125-б.]. Көріп отырғанымыздай, Жайық атауы антика кезеңінен бастап, шығыс саяхатшылары мен түркілік жазбаларда да, орта ғасырлардағы Еуропа картографтарының дүние сызбаларында да әр түрлі дыбыстық ерекшеліктерімен (Даих/Даикс/Джаих/Яик/Жайық) көрініс табады. Атаудың этимологиясы жөнінде қазақ тіл біліміндегі барлық топонимтанушылар: жай\йай «жайылу, жазылу» және ық (есім тудыратын жұрнақ, яғни Жайық «жайылып ағатын, кең су» деген мағына беретінін айтады. Біз де осы пікірді құптаймыз, өйткені атау түбіріндегі өзгерістер – түркі тілдер грамматикасында жиі кездесетін й мен ж дыбыстарының алмасып келу құбылысы, ал -ық – жаңа сөз жасаушы жұрнақ, көне түркі заманынан қолданылып келе жатқан өнімді қосымша. Сонымен, Жайық өзенінің аты табиғи сипатына қарай қойылған, көне түркілік қабатқа жатады деген тұжырым жасаймыз. Трансшекаралық атау ретінде өзге елде саяси факторға байланысты өзгеріске түскен.

Су ресурстары бойынша халықаралық маңызы бар ірі өзендердің бірі – **Іле.** Бұл өзен бастауын Қытай мемлекетіндегі Тянь Шань тауларынан алып, Қазақстан шекарасын кесіп өтіп, Балқаш көліне құятын Орта Азиядағы ірі трансшекаралық өзендердің бірі.

Іле гидронимі түркі кеңістігінде де ең көне өзен атауларының бірі саналған. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде: «Ыла / Іле – бір дарияның аты. Ол дария түрік жұртының Жайхұны...» – деп жазады [10, 121-б.]. Мұндағы «түрік жұртының Жайхұны» деген сипаттама Іленің

түркі дүниесінің кеңістіктік санасында ірі, бас өзен, өркениеттік өзек ретінде қабылданғанын танытады.

Қытай деректеріне сүйенген Әбілез Шәріпұлы хань әулеті дәуірінде (бұл – шамамен 2 мың жыл бұрынғы кезең) қытай тарихшылары Іле өзенін ханьзу жазуында Иле түрінде таңбалағанын айта келіп: «Ерте заманда осы алқапты мекендеген тайпалар Іле өзенінің және Іле алқабының аса қасиетті, бай елді мекен болғанын ардақтап, «елдің өзені», «халық өзені»деген ұғыммен аталғанын байқатады», – деген пікір білдіреді [11, 165-б.]. Ә. Шәріпұлы бұл атауды Солтүстік Қытай аймағында қалыптасқан Ғұн (Хун) империясымен байланыстырады. Негізгі тілі көне түркі тілі болған ғұндар біздің заманымызға дейінгі III ғасырда қазіргі Қазақстан аумағына ене бастаған; ал империя әлсіреп, ыдыраған кезеңде олардың солтүстік тайпалары біздің заманымыздың I ғасырында қазіргі Жетісу жерінде қалып қойғаны мәлім [11, 165-б.]. Осы тарихи-этникалық контекст Іленің түркілік (ғұндық) субстратпен байланысын күшейтеді.

Қазақ ономастикасында Іле атауына қатысты бірнеше ықпалды пікір бар. Солардың негізгілеріне тоқталайық. А. Әбдірахманов Іле атауын екі компоненттен тұратын и + ла құрылымы ретінде талдайды: и – түркі тілдерінде «ылғал», «су» мағынасында қолданылатын көне түбір; -ла – көне және қазіргі түркі тілдеріндегі өнімсіз жұрнақ, зат есімге жалғанып, жаңа сөз жасайтын формант. Ғалымның тұжырымы бойынша, Іле – бастапқыда Ила түрінде айтылған, кейінгі кезеңде жіңішкеру нәтижесінде Іле тұлғасына өткен көне гидроним [12, 202-203-бб.].

Т.Жанұзақ Іле атауының көне тұлғасы Ила болғанын, М. Қашқаридағы Ila (Ыла) нұсқасы да соны көрсететінін алға тартады Оның жіңішке тұлғада Іле болып айтылуы – кейінгі дәуірдің фонетикалық ықпалы екенін айтады [13, 73-б.].

Көне түркі тілінде ILA геогр. 1. Түркістандағы өзендердің атауы (МҚ III 235); 2. Өңір атауы (QBN 37) [ДТС]. Атаудың түркі тегіне тереңдей түссек IL- жіңішке нұсқасы «төмендеу, ылдилау, құлдилау» секілді мағыналарда қолданылған екен [ДТС]. Жазба мұралардан жуан және жіңішке тұлғаларды кездестіреміз. Мысалы, ILA мен ILE секілді, «төмендеу, ылдилау» мағынасындағы **iel-** мен **il-** нұсқалары да қатар қолданылады. Осы нұсқалардың мағынасы әуелгі морфеманың ағын судың табиғатын бейнелегені туралы болжамға жетелейді. Олай болғанда «ылди» зат есімі мен «ылдилау» етістігі де осы негізден тарамақ. Ал түркі тілдеріндегі ж мен й дыбыстарының сәйкестігін ескерсек, Е. Қойшыбаевтың этимологиясындағы «жылдаммен» бірге «жылысу», сонымен қатар «жылға, жылым» секілді гидрографиялық терминер де ортақ түбірге барып тоғысады. Сонымен Іле сөзінің құрылымы түбір мен қосымшаның (іл- + -е) бірігуінен жасалған.

Мағынасы судың еңіске қарай ағуын, яғни амалдың өту сипаты, бағыты, қарқыны, жылдамдығы туралы ақпарат береді. «Таудан төмен аққан су», – деп тұжырым жасауға болады.

Екіншіден, жоғарыда келтірілген этимологиялық жорамалдардың формалды айырмашылығы болғанымен, олардың бәріне ортақ семантикалық-концептуалдық өзек айқын байқалады: Іле – ірі, мол суы бар, басты өзен; ол – аймақ үшін өмірлік маңызы жоғары, қасиетті, бай алқаптың су көзі; кеңістіктік-когнитивтік жағынан Іле – «үлкен өзен», «мол су», «халықтың өзені» концептімен ұштасады.

Сондықтан Іле гидронимін жай ғана «өзен» не «су» деген жалаң атау емес, түркілік дүниетанымдағы «ірі өзен, мол су, ел мен халықтың өмірлік өзегі» деген күрделі когнитивтік концептінің тілдік таңбасы ретінде қарастыру орынды.

Когнитивтік бағыт тұрғысынан Іле атауын осылай түсіндіру – оның нақты морфемалық төркініне қатысты дау-дамайдан гөрі, ұжымдық тарихи жадта қалыптасқан «үлкен өзен» бейнесін алдыңғы қатарға шығарады және оны түркілік кеңістіктің ең көне, өзгеріссіз сақталған гидронимдерінің бірі ретінде танытады.

Жоғарыда аты аталған және талдау нысаны болған су ресурстары – еліміздің халықаралық қатынастарының негізгі нысаны. Осыған байланысты мұндай атауларды біріздендіру, тарихи қалыптасқан нұсқаларын ғылыми негіздеу мемлекетаралық келісімдерде қазақ тілінің орнын нақтылауға және заманауи картографияда оларды бірізді әрі дәл жазуға ықпал етеді.

Қорытынды

Трансшекаралық топонимдердің (гидронимдер) тарихы тереңнен бастау алады, шығу тегі туралы ойлана бастасақ, жер жаралып, оның бетінде тіршілік нәрі – сулар аға бастаған замандар көз алдымызға келеді. Ал суларға атау беру тарихы нақты қай кезден басталатынын елестету қиын. Осы тарихи кезең бойынша бізге белгілісі – атаулардың түрлі деректерде алғаш тіркеле бастаған уақыты мен нұсқалары. Атаулар пайда болғаннан бері де жер бетіндегі шекаралар сан рет өзгерді, ол жерлерді қоныстанушылар да тұрақты болды деп айту қиын. Дегенмен қазіргі қолданысымыздағы атаулардың лингвистикалық табиғаты қазақ этносының тілі мен тарихымен сабақтастыруға мүмкіндік беретін деректер ұсынады. Ономастикалық атаулардың тілдік ерекшеліктері, этимологиясы, лексика-семантикалық сипаты жан-жақты қарастырылып, біршама жүйеленді десек те, трансшекаралық атаулардың біздің тілімізге, еліміздің тарихына қатысты жақтары әлі де терең зерделеуді қажет етеді.

Трансшекаралық топонимдер еліміздің аумағын ғана емес, қазақ халқының мекендеген аймақтарынан, салты мен дәстүрінен, өзге этностармен

байланысынан хабар береді. Осының ішінде халықтың табиғатану әлемі мен атау беру принциптері де және осы принциптердің даму эволюциясынан да ақпараттар аламыз. Мысалы, талдаулар барысында жер-суға атау беру принциптері, біріншіден, географиялық нысанды сипаттай атау, тұрып жатқан этностың атауын беру, атауларды біріктіріп немесе жалғау жалғап, лингвистикалық тәсіл арқылы атау жасау т.б. секілді принциптердің көне дәуірлерден бастау алатынын шамалаймыз. Атау беру дәстүрі мен атау жасау тәсілдерінің осы үлгілері қазіргі уақыты да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Теориялық тұрғыдан алғанда, транскрипция, трансонимдену, атау беру уәждері секілді құбылыстардың сол көне замандардан сақталып келе жатқанын байқауға болады.

Сондықтан өткен дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік және этномәдени тарихынан мол дерек беретін трансшекаралық топонимдердің (ономастикалық бірліктердің) тілдің құрылымдық тарихын зерттеуде маңызы зор. М. Томанов: «Ономастикалық материал тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық даму жолдарының бірлікте болатынын дәлелдейді. Ономастикалық атаулар көбіне тілдің қалыптасқан сөз өзгеру жүйесінің аумағына сыймайды. Олар тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған болып келеді немесе ұмытылып кеткен мағынаны өз бойында сақтауы мүмкін», – деп жазады [14, 13-б.]. Бұл тұрғыдан алғанда тіліміздің өткен тарихы мен бүгінгі сипатының арасындағы даму барысында енген өзгерістер мен оның лингвистикалық терең сырларын саралауда ономастикалық атаулар жүйесіндегі ерекшеліктерді де назардан тыс қалдыруға болмайды. Атаулардың тарихын зерттеуде топонимиканың негізін құрайтын тіл білімі, тарих, география және археология ғылымдарының ішінде көбінесе тіл біліміне басымдық беріліп келеді. Трансшекаралық топонимдерді талдау барысында топонимиканың көптеген мәселелері тек тарихи тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, сондықтан экстралингвистикалық зерттеулерге де жүгінуге тура келеді. Зерттеудің бұл тәсілдері трансшекаралық топонимдердің тарихи-лингвистикалық болмысын айқындауда жаңа мүмкіндіктер беретінін көріп отырмыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан трансшекаралық аймақтарындағы топонимия : ұжымдық монография / жауапты ред.: Ж. Қоңыратбаева, Ә. Әбдуәлиұлы. – Астана : Булатов А. Ж., 2022. – 308-б.

2 **Witschas, S.** Cross-border Mapping : European Approaches. – Springer. [Electronic resource]. – URL: https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-642-03294-3 (Accessed: 02.07.2026).

3 Caspian Sea // Encyclopaedia Britannica. [Electronic resource]. – URL: https://www.britannica.com/place/Caspian-Sea (Accessed: 02.07.2026).

4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – Т. 4: Ж–Қ / бас ред. Ә. Нысанбаев. – 720-б.

5 **Жанұзақ, Т. С.** Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2010. – 356-б.

6 **Schmitt, R.** CASPIANS // Encyclopaedia Iranica. Published December 15, 1990. [Electronic resource]. – URL: https://www.iranicaonline.org/articles/caspians-gk/ (Accessed: 02.07.2026).

7 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 4 томдық. – Т. 1. – Алматы : Атамұра, 1996. – 544-б.

8 **Өлмез, З. К.** Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі». – Анкара : Şafak Matbaacılık, 1996. – 559-б.

9 **Сақ, Қ. Ө.** Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 2014. – Т. 1. – 400-б. – ISBN 9965-883-98-5.

10 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ, 1997. – 590-б.

11 **Каймулдинова, К. Д.** Топонимика: оқулық. – Алматы : РПБК «Дәуір», 2011. – 336-б.

12 **Әбдірахманов, Ә.** Топонимика және этимология. – Алматы : Ғылым, 1975. – 206-б.

13 **Жанұзақ, Т. С.** Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы : Өнер, 2011. – 496-б.

14 **Томанов, М. Т.** Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы : Мектеп, 1988. – 264-б.

REFERENCES

1 Qazaqstan transshekaralyq aimaqtaryndagy toponimiya : ujymdyq monografiya [Toponymy of the Transboundary Regions of Kazakhstan : Collective Monograph] [Text] / ed. by Zh. Qonyratbayeva, A. Abdualiuly. – Astana : Bulatov A. Zh. – 2022. – 308 p.

2 **Witschas, S.** Cross-border Mapping : European Approaches. Springer. [Electronic resource]. – Available at: https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-642-03294-3 (Accessed date: 02.07.2026).

3 Caspian Sea. Encyclopaedia Britannica. [Electronic resource]. – Available at: https://www.britannica.com/place/Caspian-Sea (Accessed date: 02.07.2026).

4 Qazaqstan. Ulttyq entsiklopediya [Kazakhstan : National Encyclopedia] [Text]. – Almaty : Qazaq entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy, 2002. – Vol. 4 : Zh–Q / ed. by A. Nysanbaev. – 720 p.

5 **Januzak, T. S.** Tarihi jer-su ataularynyn tuptorkini [The Origin of Historical Place Names] [Text]. – Almaty : Sozdik-Slovar, 2010. – 356 p.

6 **Schmitt, R.** CASPIANS. Encyclopaedia Iranica. Published December 15, 1990. [Electronic resource]. – Available at : https://www.iranicaonline.org/articles/caspians-gk/ (Accessed: 02.07.2026).

7 Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deıin) : 4 tomdyq. Vol. 1 [History of Kazakhstan (From Ancient Times to the Present) : In 4 Volumes. Vol. 1] [Text]. – Almaty : Atamura, 1996. – 544 p.

8 **Olmez, Z. K.** Abilgazy Bahadur khannyn «Turik shezhiresi»[Abulgazi Bahadur Khan's Genealogy of the Turks] [Text]. – Ankara : Shafak Matbaacilik, 1996. – 559 p.

9 **Sak, K. O.** Alash kosemsozi : Jer maselesi. Vol. 1 [Alash Publicistic Writings : The Land Issue] [Text]. – Almaty, 2009.

10 **Kashgari, M.** Turik tilinin sozdigi (Diuani lugat-it-Turik) : 3 tomdyq shygarmalar jinagy [Dictionary of the Turkic Language (Dīwān Lughāt al-Turk) : Collection in 3 Volumes] [Text]. / translated into Kazakh, foreword and scientific commentary by A. Yegeubai. Almaty : KhANT. – 1997. – 590 p.

11 **Kaimuldinova, K. D.** Toponimika : okuwlyk [Toponymy: Textbook] [Text]. – Almaty : RPBK «Dauir», 2011. – 336 p.

12 **Abdirakhmanov, A.** Toponimika zhane etimologiya [Toponymy and Etymology] [Text]. – Almaty, 1975. – 213 p.

13 **Januzak, T. S.** Jer-su ataulary (etimologiyalyq anyqtamalyq) [Place Names : An Etymological Dictionary] [Text]. – Almaty : Oner, 2011. – 496 p.

14 **Tomanov, M. T.** Kazak tilinin tarikhi grammatikasy [Historical Grammar of the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Mektep, 1988. – 264 p.

15.04.26 ж. баспаға түсті.
10.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Б. Әбдуәлиұлы[1], *С. Т. Сыпатай[2]*
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 15.04.26.
Поступило с исправлениями 10.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

ТРАНСГРАНИЧНЫЕ ГИДРОНИМЫ КАЗАХСТАНА: ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Трансграничные гидронимы представляют собой устойчивые языковые единицы, сохраняющие в себе историко-культурную информацию и дошедшие до наших дней. Актуальность исследования заключается в выявлении многослойной семантической структуры и историко-культурной функции подобных наименований. С этой целью анализируются мнения и гипотезы, касающиеся происхождения гидронимов, пересекающих государственные границы.

Несмотря на то что трансграничные географические объекты в настоящее время охватывают несколько культурных пространств, в прошлом они находились в пределах ландшафта, заселённого тюркскими народами. Учитывая географическое положение Казахстана, можно отметить значительное количество топонимов, разделённых государственными границами. В связи с этим для обеспечения научной обоснованности исследования мы ограничились анализом наименований наиболее крупных и политико-экономически значимых водных ресурсов.

В работе рассматриваются древнетюркская основа гидронимов Каспий, Жайык (Урал), Или, их вариантность и трансграничный характер. Предпринята попытка обоснования влияния лингвистических и экстралингвистических факторов на основе научных данных. На основе существующих научных гипотез об этимологии гидронима Или выдвинуто предположение о его когнитивном содержании.

Результаты исследования могут служить научной основой для уточнения понятия трансграничной топонимии и унификации трансграничных наименований в международных документах.

Ключевые слова: ономастика, топоним, трансграничный топоним, гидроним, древнетюркский, этимология.

*B. Abdualiuly[1], *S. T. Sypatay[2]*
[1,2]L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 15.04.26.
Received in revised form 10.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

TRANSBOUNDARY HYDRONYMS OF KAZAKHSTAN: A HISTORICAL AND LINGUISTIC ANALYSIS

Transboundary hydronyms are stable linguistic units that preserve historical and cultural information and have been transmitted to the present day. The relevance of the study lies in identifying the multilayered semantic structure and historical-cultural functions of such names. For this purpose, various viewpoints and hypotheses concerning the origins of hydronyms that cross state borders are analyzed.

Although transboundary geographical objects today encompass multiple cultural spaces, historically they were located within landscapes inhabited by Turkic peoples. Considering the geographical position of Kazakhstan, a significant number of toponyms divided by state borders can be observed. Therefore, in order to ensure the validity of the study, the analysis is limited to the names of the largest and most politically and economically significant water resources.

The study examines the ancient Turkic basis of the hydronyms Caspian, Zhaiyk (Ural), and Ili, as well as their variability and transboundary characteristics. An attempt is made to substantiate the influence of linguistic and extralinguistic factors based on scholarly evidence. Based on existing hypotheses regarding the etymology of the hydronym Ili, a hypothesis about its cognitive content is proposed.

The results of the study may serve as a scientific basis for clarifying the concept of transboundary toponymy and for the standardization of transboundary names in international documents.

Keywords: onomastics, toponym, transboundary toponym, hydronym, Old Turkic, etymology.

ҒТАМР 17.01.07

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/157-171

***Ж. Б. Әділбекова**
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-0109-7743
*e-mail: zhanara-snowy@mail.ru

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДЖЕК ЛОНДОН МҰРАСЫНЫҢ РЕЦЕПЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада Америка әдебиетінің классигі Джек Лондонның қазақ әдебиетінің біртуар қаламгері Мұхтар Әуезов шығармашылығына тигізген әсері қарастырылады. Әдебиет әлеміндегі қос алып – Мұхтар Әуезов пен Джек Лондон туындыларындағы идеялық және көркемдік үндестіктің сырын ашу – әдебиеттану ғылымының жаңаша зерттеулерін қажет ететін маңызды бағыт. Екі жазушының шығармашылық әлеміне терең бойлап, олардың арман-мұраттарының, дүниетанымы мен көркемдік шеберлігінің ортақ қырларын табуға ұмтылу – зерттеуіміздің негізгі нысандарының бірі.

Екі автор шығармаларындағы көркемдік, стильдік және терең идеялық ұқсастықтар талданып, табиғатты шеберлікпен суреттеу, адам мінезін шынайы бейнелеу және әлеуметтік күрес тақырыбындағы өзара байланыстар анықталады. Сонымен қатар екі қаламгердің өз заманының шындығын көркемдік тұрғыдан бейнелеудегі ерекшеліктері сараланып, олардың реалистік әдісінің ұқсас тұстары ашып көрсетіледі. Зерттеу барысында Дж. Лондонның озық идеяларының қазақ әдебиетіндегі интерпретациясы салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарастырылып, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы Лондон ықпалының көріністері әдеби-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Бұл зерттеу американдық және қазақ әдебиеттері арасындағы шығармашылық байланыстарды жан-жақты талдап, олардың әдеби дәстүр мен көркемдік әдіс тұрғысынан өзара ықпалдастығын тереңірек түсінуге септігін тигізеді.

Кілтті сөздер: рецепция, ықпал, Джек Лондон, Мұхтар Әуезов, салыстырмалы әдебиеттану, аударма, интертекстуалдылық.

Кіріспе

Әдебиет – адамзат жанының тереңінен шыққан, ғасырлар бойы жинақталған рухани қазынасы, сондай-ақ тарихтың тірі шежіресі, танымның көзі, әлемді көркем тілмен бейнелейтін қуатты құралы екені анық. Әлем әдебиетінің жауһар туындылары тек бір ұлттың ғана емес, бүкіл адамзаттың таным көкжиегіндегі ойлардан көрініс береді. Әр халықтың әдеби мұрасы бір-бірімен тығыз байланыста өсіп, дамып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, салыстырмалы әдебиеттанудың негізгі мақсаты – түрлі ұлттық әдебиеттерді салыстыра отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, өзара ықпалын және мәдени, тарихи байланыстарын анықтау.

Салыстырмалы әдебиеттану қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымында маңызды, күрделі әрі қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың қатарында. Бұл бағыт ұлттық әдебиеттерді жеке-дара емес, олардың өзара байланысы, типологиялық және тарихи ұқсастығы тұрғысынан қарастырады.

Әдебиеттанушы ғалым М. Х. Маданова «Введение в сравнительное литературоведение» атты еңбегінде бұл ғылым саласының қалыптасу жолын, негізгі ұғымдарын, терминологиясын жан-жақты саралайды [1, 15-16-бб.]

М. Х. Маданованың пікірінше, берілген салада көркем аударма, әдеби ықпал, ұлттық сипат, әлемдік сюжеттер мен образдық архетиптерді анықтау сияқты компоненттер маңызды зерттеу нысандарына жатады. Автор салыстырмалы әдебиеттану аясында мәдениетаралық қатынастар мен типологиялық байланыстарды, сондай-ақ көркем аударма мәселелерін зерттеу қажет екенін атап көрсетеді [1, 23-б.]

Әдебиеттер арасындағы мұндай байланыстарды тереңірек түсіну үшін қазіргі әдебиеттануда көркем шығарманы тек мазмұны мен құрылымы тұрғысынан емес, оны қабылдаушы реципиенттің көзқарасы арқылы бағамдаудың маңызы жоғары.

Қазіргі отандық әдебиеттануда көркем шығарманы «автор – мәтін – оқырман» байланысы арқылы рецептивті эстетика тұрғысынан зерделеуге деген қызығушылық артып келеді. Мұндағы «рецепция», яғни қабылдау ұғымы көркем шығарманы түсіну, оның автор мен оқырманға тигізген әсерін зерделеу мағынасында қолданылады. Көркем туындыға рецептивтік тұрғыдан баға беру, оны жасаушы автор мен қабылдаушы оқырман арасындағы қатынасты зерттеу – әдебиеттану мен психологияның тоғысқан тұсында жүргізілетін кешенді жұмыс.

Ресей ғалымы Н. Н. Левакин көркем рецепцияны қабылданған (оқылған, бастан кешірілген, көрген, ұғынған) дүниелер негізінде өз мәтіндерін (ойларын, идеяларын, әсерлерін, бейнелерін) қабылдау және қайта құру үдерісі ретінде түсіндіреді [2, 309-б.].

Осындай ұстанымдарға негізделген рецептивті немесе оқырманға бағытталған сын (receptive criticism, reader-response theory) 1970 жылдары АҚШ, Батыс Еуропа мен Германияда кеңінен таралып, әдебиетті оқырман санасындағы бейнесі арқылы бағалау үрдісін дамытты. Оның негізгі өкілдері – АҚШ зерттеушісі Стэнли Фиш және Констанц мектебінің ғалымдары: Вольфганг Изер, Ханс Роберт Яусс пен Р. Варнинг. [3, 872-б.]

Рецептивті сынның басты қағидаты – әдеби шығарманың мағынасы мәтінде емес, оны оқитын сананың белсенді жұмысында, яғни оқырманның тәжірибесі мен қабылдау ерекшелігі арқылы қалыптасады.

Осы тұрғыдан, әдеби шығарма статикалық құрылым емес, оқу процесінде «тірілетін», мағынасы оқырман тәжірибесімен тығыз байланысты құбылыс екенін АҚШ ғалымы Стэнли Фиш негіздей отырып, оқырман санасындағы «ішкі ережелер» жүйесі мәтінге мағына беретінін алға тартады [4, 130].

Ресей ғалымы С. Е. Трунинның пікірінше, көркем рецепция екі түрде жүзеге асады: тікелей (прямая) және жанама (опосредованная). Тікелей рецепцияда жаңа шығарма түпнұсқаға тікелей сүйеніп жасалады. Ал жанама рецепция жағдайында алғашқы мәтін мен жаңа шығарма арасында делдал мәтін пайда болады. Бұл делдал – түпнұсқа мен жаңа туындының аралығында жазылған кез келген көркем шығарма болуы мүмкін. Мұндай құрылымда рецепция екі жақты әсер береді: делдал мәтін әрі түпнұсқаға деген түсінікті, әрі жаңа шығарманың мазмұнын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады [5, 7–8-бб.].

Сондай-ақ, елімізде салыстырмалы әдебиеттану мен әдеби рецепция мәселелеріне Е. Исмаилов, З. А. Ахметов, Ш. Кереева-Канафиева, Ш. К. Сатпаева, Р. Н. Нұрғали, Б. Б. Мамраев, Н. О. Жуанышбеков, М. Х. Маданова, С. В. Ананьева, А.К. Тусупова, А. К. Машакова, К.А. Нарымбетова секілді зерттеушілердің еңбектері арналды. Бұл бағыттағы зерттеулер әдеби шығармалардың қабылдану ерекшеліктерін, көркемдік үндестік пен мәдени ықпалдастықты терең зерделеуге жол ашты.

Ғылыми ізденістерді басшылыққа ала отырып, жұмысымыздың мақсатына сәйкес рецептивтік талдау жүргізу үшін көркем шығарманы жасаушы автор туралы толық хабардар болуымыз керек. Осы ретте Мұхтар Омарханұлының туындылары әлемдік әдеби үрдістермен үндесіп, шетелдік классик жазушылардың шығармашылық мұрасымен тығыз байланыста дамығаны белгілі.

Зерттеудің мақсаты – Джек Лондон шығармаларының Мұхтар Әуезов туындыларына әсерін анықтап, олардың идеялық, тақырыптық және көркемдік ерекшеліктерін салыстыру.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеуде Мұхтар Әуезов пен Джек Лондон шығармаларындағы үндестік пен ерекшеліктерді анықтау мақсатында тарихи-салыстырмалы, компаративистикалық, интертекстуалдық, контент-талдау, лингвистикалық-стилистикалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеуші А. К. Машақованың пікірінше, қазақ әдебиетінің шетелде қабылдануы – төл туындыларымыздың жаһандық деңгейде мойындалуының айғағы. Бұл қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби кеңістікке еркін еніп, өз орнын иеленгенін білдіреді [6, 14-15-бб.].

Сондай-ақ, Мұхтар Әуезовтің жазушылық болмысының қалыптасуында оған әсер еткен арналарды рецептивтік тұрғыда қарастыру оның көркемдік ізденісін, өсіп-даму жолын түсінуге негіз болады.

М. О. Әуезов әлемдік әдебиеттен нәр алған, шығыс пен батыстың көркем мұрасын терең меңгерген кемеңгер жазушы ретінде танымал. Абайдың даналығынан сусындап, Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясына, Гоголь мен Толстойдың реализміне, Достоевскийдің психологизміне ден қойған. Сонымен қатар Шекспир трагедияларынан, Гете философиясынан, Бальзактың реализмінен шабыт алған. Джек Лондонның еркіндікке деген құштарлығы, Фолкнер шығармаларындағы күрделілік, Хемингуэй стиліндегі қарапайымдылық пен Стейнбектің әлеуметтік мәселелерді көтеруі – Әуезов шығармашылығына белгілі бір дәрежеде әсер еткені анық.

Осы суреткерлердің ішінде Мұхтар Әуезовке ерекше әсер еткен жазушы – Джек Лондон. Қазақ жазушысы Лондонның еркіндік пен күреске толы шығармаларын сүйіп оқып, оның идеялық ұстанымдарына мән берген.

Рухани жақындықтың жалғасы іспеттес 1960 жылы АҚШ-қа іссапары барысында кеңестік ақын, прозаик Степан Щипачев, Леонид Леонов, Олесь Гончар сынды жазушылар бастаған делегация құрамында Мұхтар Әуезов те Лондонның туған жерінде болып, жазушы өмір сүрген ортамен тікелей танысуға мүмкіндік алды [7, 5-б.].

Бұл сапарда Мұхтар Әуезов американдық әйгілі ақын, жазушы Карл Сэндбергпен сұхбаттаса отырып, өзінің «Америка әсерлері» атты аяқталмай қалған жолжазба очеркінде: «осындай кәрілікке жеткен жас шағында осы кісі айтқандай ауыр өмір, у зәрін ішіп-кешіп өткен Америка жазушысы, біздің халықтарға аса мәлім Джек Лондонды көріп отырғандай болдым», – деп, тебірене жазады [7, 162-б.].

Джек Лондон – Америка реализмінің көрнекті өкілі, адам мен табиғат арасындағы күрес, әлеуметтік әділетсіздік пен адамның ерік-жігері тақырыптарын тереңнен тербеген қаламгер. Оның «Мартин Иден» («Martin Eden»), «Тектік сарын» («Зов предков»/«The Call of the Wild»), Ақ азу («Белый

Клык»/«White Fang») сынды шығармалары – әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар.

Дж. Лондон шығармаларындағы адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, тағдырдың қатал сынына қарсы тұру, өмір үшін күрес пен еркіндікке ұмтылу сынды мәселелер қазақ әдебиетінің классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің де шығармашылығына арқау болған тақырыптармен үндеседі. Бұл ортақ тақырыптар қос жазушының дүниетанымы мен шығармашылық ізденістерінің бірлігін айшықтайды. Олардың әрқайсысы өз халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлап, адамзаттық құндылықтарды дәріптеуде өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Мұхтар Әуезовтің қаламынан шыққан туындылар адам мен табиғаттың ажырамас бірлігін, тұлға тағдыры мен қоғамның ықпалын тереңнен қозғайды. Әуезовтің «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» секілді шығармаларында табиғат көрініс үшін беріліп қоймай, оқиғаның өзегі, идеялық мұратымен біте қайнасып, ұштасады. Бұл құбылыс Джек Лондонның шығармашылық әлемімен үндесіп, қос жазушының әдеби мұрасындағы ортақ арналарды зерттеуге жол ашады. Екі автордың шығармашылығын салыстыра зерттеу әдебиет әлеміндегі тың ізденістерге алғышарт жасайды деп топшылаймыз.

Джек Лондонның суық Аляскасы мен Мұхтар Әуезовтің кең даласы адам мен табиғат арасындағы күрестің, үйлесімнің және трагедияның куәсі екені белгілі.

Қазақ прозасының классигі Әуезовтің туындыларында адам мен табиғаттың тылсым байланысы, тағдырдың жазуы мен адам жанының күресі жан-жақты бейнеленеді. Ал дүниежүзілік әдебиеттің көрнекті өкілі Джек Лондонның шығармаларында осы мәселелер американдық реализм мен натурализмнің әсерімен өрбіп, жаңа қырынан танылады.

Джек Лондон әңгімелерін 1899–1902 жылдар аралығында жазды. Автор шығармаларының қазақ тіліне аударылуы туралы зерттеулерге келсек, Америка жазушысының туындылары қазақ оқырманына алғаш рет Тұрағұл Абайұлы, Мұхтар Әуезов, Ж. Аймауытұлы, С. Нұғыман аудармалары арқылы таныла бастады деген деректер бар [8, 237-б.].

М. Әуезов орыс, Еуропа, Америка классиктерінің еңбектерін аудару арқылы ұлттық аударма мектебін қалыптастырғаны сөзсіз.

Ғалым Ә. С. Тарақов өзінің «Әлем әдебиеті және көркем аударма» еңбегінде Джек Лондонның шығармалары тұңғыш 1924 жылы орыс тілінде жарияланғанын, оған 1922 жылы А. Н. Кудрявцеваның аудармасы негіз болғанын, қазақ тілінде Джек Лондонның шығармаларының ішінде алғаш рет «Қасқыр» әңгімесі 1936 жылы М. Әуезовтің аударуымен латын қарпімен жарық көргенін атап өтеді [9, 240-б.].

А. Төнкер мен А. Болат «Джек Лондон шығармаларының қазақ тіліндегі көріністері» атты мақаласында қазақ әдебиетінде Лондон шығармаларының еркін аудармасы мен мағыналық дәлдігі арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді, сондай-ақ Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың Лондон шығармаларын аударудағы шеберлігін жоғары бағалайды [10, 279-б.].

Джек Лондонның шығармаларын қазақ тілінде сөйлеткен М. Әуезов пен Ж. Аймауытұлының еңбегі зор, олардың аудармалары арқылы қазақ оқырмандары жазушының мұрасымен таныста десек, қателеспейміз.

Дж. Лондонның «Brown wolf» әңгімесі орыс тілінде 1926 жылы Е. Ланидың «Бурый волк» [9, 240-б.] аудармасында жарық көрді.

Әуезов «Көксерек» шығармасын жазардың алдында Джек Лондонның «Brown wolf» әңгімесін тікелей ағылшын тілінен емес, аралық тіл – орыс тілі арқылы аударды. Қазақ қаламгері «Қасқыр» әңгімесінің мазмұнын қазақ оқырманына түсінікті әрі көркем тілмен бейімдеп жеткізді. Мұндай аударма тәжірибесі – көркем мәтіннің рецепциялық қабылдануына әсер ететін елеулі фактор бола отырып, жазушыға өз таным көкжиегіне сай жаңа шығарма жасауға түрткі болғанын айта кету керек.

Яғни, қасқыр табиғатын, оның адам мен қоғаммен қарым-қатынасын, дара болмысын тануға бағытталған ұлттық дүниетаным аясында жаңа көркем шындық жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, *жанама рецепция* аясында дүниеге келген «Көксерек» – төл авторлықтың, шығармашылық интерпретацияның нәтижесі ғана емес, әлемдік әдебиетпен сұхбат құрудың көрінісі ретінде бағаласақ орынды.

«Қасқыр» әңгімесі адам мен жануардың арасындағы байланысты, жануардың қожайынына деген адалдығы мен табиғи инстинкттерін көрсетуге арналған. Оқиғаның басты тақырыбы – жабайы табиғат (мұнда Жирен қасқыр арқылы көрсетілген) пен адамдар құрған өркениетті өмір арасындағы тартыс. Қасқырдың өз иелеріне деген адалдығы – бұл тек сүйіспеншіліктен туындаған сезім ғана емес, сонымен қатар оның генетикалық жадында сақталған, ата-баба алдындағы парызының көрінісі.

Яғни, Әуезов Дж. Лондонның әңгімесін аудару арқылы Жирен қасқырдың ішкі арпалысы арқылы еркіндікке деген құштарлықты, өмір үшін күресті қазақ халқына ұлттық бостандық, тәуелсіздік идеяларын сіңіруге бағытталды деп айтуымызға болады:

«...Қасқырдың қысылуы ұлғая берді. Мұның бір уақытта екі жерде бірдей болғысы келеді. Бұрынғы иесін де, жаңа иесін де қимады. Ал, бұл екеуінің арасы болса, алыстап барады. Иттің тынышы кетіп аласұрды. Бекіне алмай қиналғаннан, біресе онысына, біресе мұнысына ұмтылды. ...Бірақ енді бір азда Қасқыр қайта тұрды. Барлық қозғалысында бекінгендік белгісі бар. Қасқыр жүгіре жөнелді. Медж үйреншікті ысқыруына салып

қайтарып алмақ боп, ернін соза бастап еді. Қасқыр басында жортақтап бара жатыр еді, енді шаба жөнелді. Артына бір де бір қараған жоқ. Бұйығы қасқыр құйрықтанып созылып кетіпті. Мүйістен бір-ақ секіріп айналғанда, көзден ғайып болды.» [11, 29–32-бб.]. Берілген мәтінде қасқырдың еркіндік пен адамның бауырмалдығы арасындағы таңдауы терең психологизммен бейнеленген.

Лондонның «Ақ азу» және Әуезовтің «Көксерек» шығармалары арасындағы көркемдік байланыстарды қарастырған зерттеулер бар.

Әуезовтің шығармашылығы туралы кең ауқымды зерттеулер жүргізген Р. Нұрғали өзінің «Сөз өнерінің эстетикасы» атты еңбегінде М. Әуезовтің «Көксерек» пен Дж. Лондонның «Ақ азу» повестерінде «әуендес көріністер, үндес сарындар, реңдес бояулар» бар екеніне атап өтеді. Сондай-ақ, «бір жазушы екінші жазушыдан жиендік жасап, оп-оңай көшіріп ала салған дайын сюжет, өзгермес қалып емес, құбылыс сипатынан, объекті ерекшелігінен туған жалпы ұқсастық» екендігіне назар аудартады [12, 162-б.]. Ғалым «Көксеректі» ұлттық ауқымнан асып, әлемдік деңгейдегі көркем шығармалар қатарына енген туынды ретінде ерекше бағалайды [12, 166-б.].

Зерттеушілер З. О. Сахитжанова, Г. Ж. Әріпжанның Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» пен Джек Лондонның «Ақ азу» шығармаларындағы мотивтік ерекшеліктер» атты мақаласында «Көксеректегі» кейбір тұстар, мысалы, қасқырдың дербес ойлауы мен өзіндік «менінің» болуы «Ақ Азу» шығармасымен үндес, бұл ұқсастықтар кездейсоқ емес деп топшылайды [13, 4-б.]. Әдебиетте бір жазушының екіншісінен көшірме жасауы емес, әр суреткер алдыңғы бейнені негізге ала отырып, оны өз талғамы, түсінігі және талантымен толықтырып, жаңа бейне жасайтынын басшылыққа алады [13, 9-б.].

Ғалым Тұрсын Жұртбай «Адамды талаған тағыны тазыға жеңдіруінде үлкен философиялық астарлы ой» [14, 123-б.] жатқанын, Әуезовтің Дж. Лондон шығармаларын сүйіп оқып, түз тағысын бейнелеудегі шеберлігін талдағаны, «Ақ азуды» қазақшаға аудару еліктеушілік емес, кәсіби тұрғыда үйрену мектебі» болды деп тұжырым жасайды [14, 124-б.].

Әдебиеттанушы Н. А. Анастасьев: «Белый Клык», и «Серый Лютый» – это поразительная литературная анималистика, оба писателя великолепно знают и зримо передают повадки и психологию хищника. И в «Белом Клыке», и в «Сером Лютом» новорожденные сиротеют, только в одном случае волчат убивают люди, в другом – голод. Роднит оба рассказа ощущение воли, одновременно магнетически-притягательной и опасной [15, 178–179-бб.], – дей келе, екі автор шығармаларындағы ерекшеліктерге тоқталады.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» пен Джек Лондонның «Ақ азу» шығармаларында жыртқыш аң – қасқырдың болмысын, мінезін, түйсігін бейнелеуде айқын үндестік бар. Екі жазушы да түз тағысының ішкі әлемін

адамның психологиясына сала отырып, дәл, реалистік сипатта ашып көрсетеді.

Қос автор да қасқырдың табиғи шабуыл техникасын, айласы мен батылдығын нақты, көркем детальдармен суреттейді:

«Көксерек»: «Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті» [16, 404-б.].

«Ақ азу»: Ақ азу қалып қойғысы келіп, алғашқы мүмкіндігі болған кезде, ауылдан орманға жылысты. Қазірдің өзінде қабыршақ мұз тұра бастаған өзекшеден жүзіп өтіп, ізінен адастырды. ...Бөлтірік бірсыпыра мезгіл бостандықтың қуанышымен ағаш арасында ойнақ салды [17, 91–92-бб.].

«Көксерек»: «Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.» [16, 404-б.].

«Ақ азу»: «Оның алқымына жел толып, аузы ашылды, жалғыздық, қорқу, Кичті сағыну, барлық өткен уайым, қайғы, суық күн мен тарығудың алдағы сезімі – осының бәрі жиналып жан шошырлық ұлу боп құйылды. Бұл өзі мұңды, созылған ұлу боп шықты – бұл Ақ азудың көкірегінен жарып шыққан, қасқырлық ұлуының ең алғашқысы еді» [17, 93-б.].

«Көксерек»: «Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. ... Мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті» [16, 402–403-бб.].

«Ақ азу»: «Ақ азу тәжірибелі соғысшы болып алды. Ол есеппен таласады... Иттер оған қаңсылай ұмтылады. Сонда Ақ азу бір жаққа атқып түседі. Иттер одан көз жазып қалған кезде, Ақ Азу көзді ашып-жұмғанша оларға дүрсе қоя беріп, кез келгенін иығымен соғып, жалп еткізеді де тісімен тамағын орып жібереді.» [17, 120-б.].

Берілген шығармаларда қайталанатын, үндес тұстар қос автордың жануар психологиясын терең түсінгенін айғақтайды.

Шығармаға жануардың түсіне байланысты атау беру екі авторға ортақ ұқсастықты көрсетеді. «Ақ азу» мен «Көксерек» атаулары – символдық жүк арқалаған көркем бейнелер.

Лондон шығармасындағы «Ақ азу» атауы – кейіпкердің сыртқы болмысына, яғни оның жабайы тіршілігіне тікелей нұсқау жасайтын белгі. Бұл атау оның қасқыр тектес жаратылысын және табиғи мінезінің қаталдығын бейнелейді.

Мұхтар Әуезовтегі қасқыр – аң ғана емес, ұлттық рухтың, еркіндіктің және жат ортаға сіңе алмаған болмыстың символы. Әуезовтің «Көксерек» атауы физикалық сипат қана емес, мифологиялық және метафизикалық астарға ие. Қазақ дүниетанымында «көк» түс – көк аспан, тағдыр, бейбітшілік, бостандықпен сабақтас ұғым [18, 109-б.]. Қазақ мәдениетінде қасқыр – ерлік пен еркіндіктің, далалық рухтың белгісі. Ежелгі түркі мифологиясында қасқыр – тотемдік баба, көктен келген елші, Тәңірмен тікелей байланысты [19, 174-б.]. Көксерек атауы осы сакралды мәнді бойына сіңірген: ол – ежелгі жадының, киенің иесі, ұмытылуға қарсы тұрар рух иесі. Бұл да рецепцияның мәдени-менталдық ерекшеліктермен байытылған түрі.

Сондай-ақ, Лондон үшін Ақ азу – тіршілікке бейімделген күш иесі. Бірақ екі жазушы да жануар арқылы адамзат табиғаты, еркіндік пен шектеу, табиғи түйсік пен өркениет арасындағы күрес туралы ой толғайды.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер Джек Лондон мен Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әдеби үндестікті, аударма ерекшеліктерін, табиғат пен адам қарым-қатынасының бейнеленуін және әлеуметтік тақырыптарды талдауға негіз болады. Сонымен қатар компаративтік әдіс арқылы олардың шығармаларындағы концептілерді зерттеу ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың тоғысқан тұстарын айқындайды.

Қорытынды

Мақалада Мұхтар Әуезов пен Джек Лондон шығармаларындағы идеялық-көркемдік үндестік рецептивті эстетика, интертекстуалдылық, компаративистика әдістері негізінде сараланып, екі автордың дүниетанымдық жақындығы мен көркемдік ұстанымдарына мән беріледі. Шетел әдебиеті мен қазақ әдебиетінің тоғысында әдеби әсер мен рецепциялық қабылдау мәселесі қарастырылады.

Мұхтартанушы ғалым Г. Пірәлінің: «М. Әуезовтей шебер суреткер ешкімге елтіп еріп кете қоймасы хақ. Әлем әдебиетіндегі бар жақсыны сіңіріп, өзінше, өзгеше көркемдік құбылыс жасаған классик жазушы Мұхтар Әуезов ешкімге ұқсамайтын ұлы тұлға» [20, 190-б.], – деген көзқарасы қаламгердің даралығын айқындай түседі.

Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы Джек Лондон мұрасының рецепциясы еліктеу емес, шығармашылық тұрғыдан өсу, кәсіби даму жолы болғаны анық. Әуезов шетелдік автор идеясын ұлттық дүниетаным, тарихи сана және әдеби стиль тұрғысынан жаңаша пайымдап, қазақ әдебиетіне әлемдік кеңістіктегі терең мазмұнды туынды қосты.

Американың классик жазушылары, оның ішінде Джек Лондон, қазақ әдебиетіне тақырыптық ықпал етіп қана қоймай, жаңа көркемдік әдістердің дамуына әсер етті. Бұл американдық әдеби дәстүр мен қазақ прозасының

байланысын айқындап, әлемдік әдеби ықпалдастықтың маңыздылығын дәлелдейді.

Болашақта қазақ және шетел классиктері шығармаларын рецептивті эстетика негізінде кешенді түрде зерттеу – отандық әдебиеттануға тың серпін беріп, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көркем мәтіндегі трансформациясын тереңірек қарастырып зерделеуге жол ашады деп топшылаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Маданова, М. Х.** Введение в сравнительное литературоведение [Текст]. – Алматы : М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2003. – 252 с.

2 **Левакин, Н. Н.** Художественная рецепция как литературоведческое понятие (к вопросу понимания термина) [Текст] // Известия ПГЛУ имени В. Г. Белинского. – 2012. – № 27. – С. 308–310.

3 Рецептивная критика // Литературная энциклопедия терминов и понятий [Текст] / гл. ред. и сост. А. Н. Николюкин. – М. : Интелвак, 2001. – С. 872–875.

4 **Fish, Stanley.** «Literature in the Reader: Affective Stylistics» [Текст]. New Literary History. – Vol. 2. – No. 1. – 1970. – P. 123–162.

5 **Трунин, С. Е.** Рецепция Достоевского в русской прозе рубежа XX–XXI вв. [Текст] : автореф. дис. ... канд. филол. наук : 10.01.03. – М., 2008. – 20 с.

6 **Машакова, А. К.** Казахская литература в современной зарубежной рецепции [Текст] : автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. филол. наук : 10.01.02 – Казахская литература. – Алматы, 2008. – 30 с.

7 **Әуезов, М. О.** Америка әсерлері = Impressions of America : арнайы шығарылым [Текст] / құраст. : Д. Кин, Г. Пірәлі, Д. Қонаев. – Алматы : Service Press, 2021. – 318-б.

8 **Жұмақаева, Б. Д., Аманғалиева, З. Т.** Джек Лондонның «Киш туралы» әңгімесінің қазақ тіліндегі аударма нұсқалары [Текст] // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2016. – № 2 (56). – Б. 237–242.

9 **Тарақов, Ә. С.** Әлем әдебиеті және көркем аударма [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 355-б.

10 **Төнкер, А., Болат, А.** Джек Лондон шығармаларының қазақ тіліндегі көріністері [Текст] // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – № 2 (174). – Б. 275–279.

11 **Әуезов, М.** Қасқыр (Джек Лондон, аударған Әуезұлы Мұхтар) [Текст]. – Алматы : Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1936. – 32-б.

12 **Нұрғали, Р.** Сөз өнерінің эстетикасы : монография [Текст] / Рымғали Нұрғали. – Астана : Елорда, 2003. – 424-б.

13 **Сахитжанова, З. О., Әріпжан, Г. Ж.** Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» пен Джек Лондонның «Ақ азу» шығармаларындағы мотивтік ерекшеліктер [Текст] // ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы : ғылыми журнал. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – Б. 368–380.

14 **Жұртбай, Т.** Бесігіңді түзе. Хамса-бестаған. Толғау-әфсаналар. Екінші кітап [Текст]. – Алматы : Атамұра, 2024. – 224-б.

15 **Анастасьев, Н. А.** Мухтар Ауэзов [Текст]. – М. : Молодая гвардия, 2006. – 449 с.

16 **Лондон, Д.** Ақ азу [Текст] / Д. Лондон ; [ағылш. тілінен орыс тіліне ауд. Н. Волжина ; орыс тілінен қазақ тіліне ауд. Г. Себепов]. – Алматы : Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1948. – 201-б.

17 **Әуезов, М.** Қилы заман : повестер мен әңгімелер [Текст] – Алматы : Meloman Publishing, 2022. – 728-б.

18 **Тлегенова, Г. А., Шүкенай, Г., Демирай, Е., Ертаева, П. Қ.** Қазақ-түрік тілдеріндегі «көк» түсінің танымдық сипаты [Текст] // Eurasian Journal of Philology. – 2023. – Т. 192. – № 4. – Б. 76–83. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph10

19 **Смағұлов, Ж.** Тотемдік ұғымдар мен фольклордағы Көк Бөрі образы [Текст] // Үлкен Алтай әлемі = Мир Большого Алтая = World of Great Altay. – 2016. – Т. 2, №1(2). – Б. 171–185.

20 **Пірәлі, Г. Ж.** Қазіргі Мұхтартану : 2-кітап [Текст]. – Алматы : Елтаным баспасы, 2014. – 224-б.

REFERENCES

1 **Madanova, M. Kh.** Vvedenie v sravnitel’noe literaturovedenie [Introduction to Comparative Literary Studies] [Text]. – Almaty : M. O. Äuezov atyndagy Ädebiet zhäne öner instituty, 2003. – 252 p.

2 **Levakin, N. N.** Khudozhestvennaya retseptsiya kak literaturovedcheskoe ponyatie (k voprosu ponimaniya termina) [Artistic Reception as a Literary Concept (On the Question of Understanding the Term)] [Text] // Izvestiya PGLU im. V. G. Belinskogo. – 2012. – № 27. – P. 308–310.

3 Retseptivnaya kritika // Literaturnaya entsiklopediya terminov i ponyatiy [Receptive Criticism // Literary Encyclopedia of Terms and Concepts] [Text] / gl. red. i sost. A. N. Nikolyükin. – Moscow : Intelvak, 2001. – P. 872–875.

4 **Fish, Stanley.** Literature in the Reader: Affective Stylistics [Text] // New Literary History. – 1970. – Vol. 2. – No. 1. – P. 123–162.

5 **Trunin, S. E.** Retseptsiya Dostoevskogo v russkoy proze rubezha XX–XXI vv. [The Reception of Dostoevsky in Russian Prose at the Turn of the 20th-21st Centuries] [Text] : avtoref. dis. ... kand. filol. nauk : 10.01.03. – Moscow, 2008. – 20 p.

6 **Mashakova, A. K.** Kazakhskaya literatura v sovremennoy zarubezhnoy retseptsii [Kazakh Literature in Contemporary Foreign Reception] [Text] : avtoref. dis. na soisk. uchen. step. kand. filol. nauk : 10.01.02 – kazakhskaya literatura. – Almaty, 2008. – 30 p.

7 **Äuezov, M. O.** Amerika äserleri = Impressions of America : arnayı shyǵarylym [Impressions of America : Special Edition] [Text] / qūrast. : D. Kin, G. Piräli, D. Qonaev. – Almaty : Service Press, 2021. – 318 p.

8 **Žumaqaeva, B. D., Amangalieva, Z. T.** Džek Londonnıñ «Kiš turaly»äñgimesiniñ qazaq tilindegi audarma nusqalary [Kazakh Translations of Jack London's Story «To Build a Fire»] [Text] // Abai atyndaǵy QazŪPU Khabarshysy. Filologiâ ǵylymdary seriâsy. – 2016. – № 2 (56). – P. 237–242.

9 **Taraqov, Ä. S.** Älem ädebieti jäne körkem audarma [World Literature and Literary Translation] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2014. – 355 p.

10 **Tönker, A., Bolat, A.** Džek London šyǵarmalarynıñ qazaq tilindegi körinisteri [Representations of Jack London's Works in the Kazakh Language] [Text] // Äl-Farabı atyndaǵy Qazaq Ūlttyq Universitetiniñ Khabarshysy. Filologiâ seriâsy. – 2019. – № 2 (174). – P. 275–279.

11 **Äuezov, M.** Qasqyr (Džek London, audarǵan Äuezūly Muhtar) [The Wolf (Jack London, translated by Mukhtar Auezuly)] [Text]. – Almaty : Qazaqstan körkem ädebiet baspasy, 1936. – 32 p.

12 **Nūrǵali, R.** Söz öneriniñ estetikasy : monografiâ [The Aesthetics of Verbal Art: Monograph] [Text]. – Astana : Elorda, 2003. – 424 p.

13 **Sakhitžanova, Z. O., Äripžan, G. Ž.** Muhtar Äuezovtiñ «Kókserek»pen Džek Londonnıñ «Aq azu»šyǵarmalaryndagy motivtik erekšelikter [Motivic Features in M. Auezov's «Kókserek»and Jack London's «White Fang»] [Text] // QazHKHjäÄTU Khabarshysy : Ğylymi jurnal. Filologiâ ǵylymdary seriâsy. – 2024. – P. 368–380.

14 **Žūrtbaı, T.** Besigiñdi tyze. Hamsa-bestaǵan. Tolǵau-äfsanalar. Ekinši kitap [Correct Your Cradle. Hamsa-Bestagan. Reflections and Legends. Volume Two] [Text]. – Almaty : Atamura, 2024. – 224 p.

15 **Anastas'ev, N. A.** Muhtar Auezov [Mukhtar Auezov] [Text]. – Moscow : Young Guard, 2006. – 449 p.

16 **London, D.** Aq azu [White Fang] [Text] / D. London ; [aǵylsh. tilinen orys tiline aud. N. Volžina ; orys tilinen qazaq tiline aud. G. Sebepov]. – Almaty : Qazaqtyń birikken memleket baspasy, 1948. – 201 p.

17 **Äuezov, M.** Qyly zaman : povester men äñgimeler [The Difficult Times: Stories and Novellas] [Text]. – Almaty : Meloman Publishing, 2022. – 728 p.

18 **Tlegenova, G. A., Shükenai, G., Demirai, E., Ertaeva, P. Q.** Qazaq-türik tilderindegi «kök» tüsiniñ tanımdyq sipaty [The Cognitive Meaning of the Color «Kök» in Kazakh and Turkish Languages] [Text] // Eurasian Journal of Philology. – 2023. – Vol. 192. – № 4. – P. 76–83. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph10

19 **Smağūlov, Ž.** Totemdik ūǵymdar men folklordaghy Kök Böri obrazy [Totemic Concepts and the Image of the Blue Wolf in Folklore] [Text] // Ülken Altai älemi = Mir Bol'shogo Altaya = World of Great Altay. – 2016. – Vol. 2. – № 1(2). – P. 171–185.

20 **Pīrəli, G. Ž.** Qazirgi Muhtartanu : 2-kitap [Contemporary Mukhtar Studies: Volume 2] [Text]. – Almaty : Eltanym baspasy, 2014. – 224 p.

25.03.25 ж. баспаға түсті.
26.06.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Ж. Б. Адильбекова*
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 25.03.25.
Поступило с исправлениями 26.06.25.
Принято в печать 10.08.26.

РЕЦЕПТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ НАСЛЕДИЯ ДЖЕКА ЛОНДОНА В ТВОРЧЕСТВЕ МУХТАРА АУЭЗОВА

В данной статье рассматривается влияние классика американской литературы Джека Лондона на творчество выдающегося казахского писателя Мухтара Ауэзова. Раскрытие идейного и художественного созвучия произведений двух корифеев литературы – Мухтара Ауэзова и Джека Лондона – представляет собой важное направление в литературоведении, требующее новых исследований. Углубленное изучение творческого мира обоих писателей, выявление общих черт их мировоззрения, художественного мастерства и направленности – одна из основных задач данного исследования.

Анализируются художественные, стилистические и идейные сходства в произведениях обоих авторов, выявляются их мастерское описание природы, реалистичное изображение человеческих характеров и связь тем социальной борьбы. Кроме того, рассматриваются особенности художественного осмысления

действительности у двух писателей, выявляются схожие черты их реалистического метода. В ходе исследования влияние передовых идей Джека Лондона на казахскую литературу рассматривается посредством сравнительного анализа, а проявления этого влияния в произведениях Мухтара Ауэзова изучаются с литературно-теоретической точки зрения.

Данное исследование способствует всестороннему анализу творческих связей между американской и казахской литературами, углубляя понимание их взаимного влияния с точки зрения литературных традиций и художественных методов.

Ключевые слова: рецепция, влияние, Джек Лондон, Мухтар Ауэзов, сравнительное литературоведение, перевод, интертекстуальность.

**Zh. B. Adilbekova*
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 25.03.25.
Received in revised form 26.06.25.
Accepted for publication 10.08.26.

RECEPTIVE FEATURES OF JACK LONDON'S LEGACY IN THE WORKS OF MUKHTAR AUEZOV

This article examines the influence of the classic of American literature, Jack London, on the works of the outstanding Kazakh writer Mukhtar Auezov. Unveiling the ideological and artistic consonance between the works of these two literary giants –Mukhtar Auezov and Jack London – is an important area of literary studies that requires new research. A deep exploration of their creative worlds, identifying common aspects of their aspirations, worldviews, and artistic mastery, is one of the key objectives of this study.

The study analyzes artistic, stylistic, and profound ideological similarities in the works of both authors, highlighting their masterful depiction of nature, realistic portrayal of human character, and thematic connections in social struggle. Additionally, the study examines how each writer artistically reflects the realities of their time, revealing the similarities in their realist approaches. Through comparative analysis, the research explores the interpretation of Jack London's progressive ideas in Kazakh literature and examines the literary-theoretical manifestations of London's influence in Auezov's works.

This study contributes to a comprehensive analysis of the creative connections between American and Kazakh literature, fostering a deeper understanding of their mutual influence in terms of literary traditions and artistic methods.

Keywords: reception, influence, Jack London, Mukhtar Auezov, comparative literature, translation, intertextuality.

МРНТИ 17.82.31

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/172-183

***Б. С. Байжігіт[1], К. Р. Казакбаева[2], Ж. Т. Қадыров[3], Ә. Қ. Шапауов[4], А. Ж. Кадыров[5]**

[1,2]Таразский университет имени М. Х. Дулати,
Республика Казахстан, г. Тараз;
[3,5]Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Республика Казахстан, г. Петропавловск;
[4]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва,
Республика Казахстан, г. Астана.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5384-466X
[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0006-1927-7984
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5494-9105
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3709-4309
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-5066-8324
*e-mail: bota_bs90@mail.ru

КОМИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ АВТОРСКОГО НОВОЯЗА В РОМАНЕ А. КИМА «ПОСЁЛОК КЕНТАВРОВ»

В теоретической части статьи дается литературный обзор изучения категории абсурда в мировой и русскоязычной литературе Казахстана. Рассматриваются работы С. А. Харламовой, В. Ю. Чарской-Бойко, Г. М. Кружкова, W. Tigges, О. Д. Бурениной, Л. В. Сафроновой. Обозначается роль смеха в искусстве, которая исследуется опираясь на труды М. Бахтина, в области философии и карнавализации смеховой культуры. В данной статье рассматриваются методы и приемы выявления комического эффекта в романе-гротеске казахстанско-российского автора А. Кима «Поселок кентавров». Анализируются характерные особенности выявления комического в романном тексте на сюжетном, мотивном и языковом уровнях, а также в заглавии романа. Дана интерпретация авторского новояза (выдуманного языка, используемого в диалогах кентавров), анализ диалогов персонажей, и изображение художественных образов как авторский прием создания комического эффекта. Методами, используемыми в работе, являются: сравнительно-сопоставительный, метод имманентного анализа, герменевтический

метод, способствующий раскрытию смысла авторской игры с читателем. Материал исследования – эротико-гротескный роман А. Кима «Поселок кентавров». Результаты исследования могут быть использованы при изучении современного литературного процесса Казахстана в высшей школе и на послевузовских этапах обучения литературы в вузе.

Ключевые слова: комическое, абсурд, карнавал, мифологизм, авторский новояз.

Введение

Целью данного исследования является выявление комического эффекта на разных художественных уровнях в произведении А. Кима «Поселок кентавров». Основные задачи состоят в систематизации авторских приемов, используемых при создании комического оттенка в романном тексте. С позиции «комического» произведение российско-казахстанского автора не изучено, именно это и делает исследование актуальным и новым.

В философской концепции М. М. Бахтина центральное место занимает понятие карнавализации, которое мыслитель рассматривает как особую культурную форму проявления. В контексте карнавального искусства исследователь акцентирует внимание на значении смеха и его сопряженности с абсурдом, поскольку, по его словам, «карнавал – это время противоречивости, когда все то, что в обычной жизни несовместимо, может сосуществовать» [1, с. 13]. Таким образом, карнавал предстает как особое состояние культуры, при котором привычные социальные нормы иерархии нарушаются, а установленный порядок оказывается временно разрушенным. В этот период происходит инверсия ролей, отменяются ограничения, а человек получает возможность открытого и свободного самовыражения. Карнавальная атмосфера, насыщенная энергией и динамизмом, формируется в первую очередь благодаря смеху [2, с. 13].

Михаил Бахтин неоднократно подчеркивал, что смех обладает уникальной способностью открывать мир в его противоречивости, разрушать излишнюю серьезность и высвечивать многозначность бытия. Карнавальный смех не только выявляет и осмысляет абсурдное, но и становится инструментом преодоления противоречий и демонстрации непредсказуемости окружающей действительности. Элементы парадокса, инверсии, словесной игры создают атмосферу нелепости и способствуют разложению устойчивых логических структур. Особое внимание мыслитель уделял тому, что смех в карнавале направлен против официального знания, авторитета и догматизма, выступая способом иронического сомнения в привычных истинах и культурных конвенциях. В отличие от стремления к однозначности и последовательности, карнавальное искусство основано на неожиданном

сочетании противоположностей и парадоксов, что побуждает к смеховой реакции и открывает новые возможности осмысления мира [1, с. 13].

Исходя из этого, концепция Бахтина демонстрирует иной взгляд на феномен абсурда: смеховые и карнавальные практики не только создают атмосферу нелогичности и абсурдности, но и указывают на изменчивость, противоречивость и нестабильность мира, предлагая альтернативный путь освобождения от жестких нормативных систем [2, с. 13].

Важное методологическое различие между абсурдом и нонсенсом было отмечено W. Tigges: «в нонсенсе язык создает реальность, в абсурде язык представляет бессмысленную реальность» [3, p. 128]. Тем самым подчеркивается, что нонсенс возникает благодаря языковой игре и необычным способам использования слов, тогда как абсурд отражает бессмысленность самой действительности, репрезентированной через язык. Нарушение логики, парадоксальные ситуации и внутренние противоречия формируют в тексте ощущение нелепости, придавая повествованию комический оттенок [2, с. 17].

С. А. Харламова обращает внимание на специфику прозы Дж. Леннона, выделяя тексты, тяготеющие к нонсенсу, и произведения, близкие к абсурдистской традиции. Исследователь подчеркивает использование «поэтики ошибки» и «ошибочной повествовательной структуры», которые не следует воспринимать как дефекты, но рассматривать как сознательные художественные приемы, обладающие выразительной функцией [4, с. 166]. Под «поэтикой ошибки» понимаются различные отклонения на языковом и композиционном уровнях, направленные на создание эффекта абсурдного. Подобные стратегии включают грамматические несоответствия, нарушения синтаксиса, намеренные речевые искажения, игру звуков и слов, что формирует атмосферу нелепости и неожиданности.

Таким образом, по наблюдениям С. А. Харламовой, а также W. Tigges и Г. М. Кружкова [5], именно система таких «ошибок» и искажений становится значимым художественным механизмом в абсурдистском дискурсе: они не только порождают ощущение нелогичности и бессмысленности, но и выполняют комическую функцию, вызывая смех у читателя.

Материалы и методы

В данной научной статье в качестве материала исследования рассматривается эротико-гротескный роман Анатолия Кима «Посёлок кентавров».

Методологическую основу работы составляют следующие научные подходы:

• сравнительно-сопоставительный метод, применяемый для выявления общих и отличительных черт в проявлении комического и абсурдного в произведении по сравнению с аналогичными художественными практиками;

• имманентный анализ, позволяющий рассмотреть текст на уровне его внутренней структуры – композиции, стилистики, лексики, сюжетных и образных решений;

• герменевтический метод, направленный на интерпретацию смыслов, скрытых в авторской игре с читателем, и выявление глубинных уровней значения.

Результаты исследования могут быть использованы при изучении современного литературного процесса Казахстана в рамках высшего и послевузовского образования – в таких дисциплинах, как «Современный литературный процесс», «Теория литературы», «Актуальные проблемы современного литературоведения» и др.

Результаты и обсуждение

Российско-казахстанский писатель Анатолий Ким в романе-гротеске «Посёлок кентавров» [6] активно использует элементы языковой игры, создавая комический эффект на различных художественных уровнях. Одним из наиболее выразительных приёмов является введение автором вымышленного языка – так называемого «кентаврийского», используемого в диалогах персонажей-полулюдей.

Этот язык, не имеющий аналогов в реальных языках мира, представляет собой окказиональную языковую систему, не поддающуюся прямому переводу без помощи повествователя. Таким образом, читателю приходится полагаться на авторский «перевод» или интуитивно дешифровывать значения. Исследователь С. В. Ананьева в статье «Билингвизм и транслингвизм в новейшей литературе» отмечает, что, согласно экзистенциальной философии, подлинное творчество – это акт сопротивления хаосу, и задача писателя заключается в создании нового языка как формы художественного высказывания [7, с. 682].

В романе А. Кима это «новое» воплощается в авторском новоязе, насыщенном окказионализмами и стилистическими искажениями. Эти языковые особенности становятся не только элементами игрового письма, но и средством создания комического эффекта, вызывая у читателя ощущение абсурдности, нарушения логики и здравого смысла. Ниже представлена таблица с примерами новояза и их интерпретациями:

Таблица 1 – Интерпретация авторского новояза

№	Авторский новояз (кентаврский язык)	Интерпретация новояза
1	Ду! Прал! Пайн! Чимбо!	Один, два, три, четыре
2	Итанопо! Томсло!	там люди на лошадях
3	раккапи	навоз

4	серемет	битва
5	Хес-с!	Вперед
6	ипари няло кокомла, мяфу-мяфу	слова торжества и победы
7	серемет лагай	легкая смерть
8	ккапи	мочиться
9	томсло-танопо	как они себя называли
10	Хар-р-дон лемге!	Бранная лексика
11	чиндо бельберей лемге	Бранная лексика
12	кимпу	Корнеплоды, исцеляющие от множества тяжелых недугов
13	янто	Черная смола
14	елдорайцы	Кентавры
15	лачача	Растительная пища, корнеплоды
16	текус	Скважина
17	сулукве	Правда

Придуманная автором лексика усиливает комический и абсурдный эффект. Особую роль в восприятии текста играет повествователь-переводчик, поясняющий высказывания персонажей, что делает читателя участником своеобразной лингвистической игры.

Новояз продолжает своё развитие в следующем произведении Кима – «Радости рая» [8], где он используется в речах «прозорливцев». Таким образом, язык, изначально вводимый как пародийный и комически-абсурдный, эволюционирует в символический, наделённый миссией.

Комический эффект проявляется также в метафорических выражениях, использующих олицетворения, например: «стрела укусила», «меч укусил». Эти элементы гиперболизированной поэтики создают ощущение нарочитой нелепости и усиливают гротескность повествования.

Сюжетные элементы романа также строятся на аллогичной логике, свойственной абсурдистской традиции. Так, кентавры, не веря в добрые намерения людей, вступают с ними в войну, несмотря на помощь, предложенную после природного катаклизма. В ходе боёв кентавры уничтожают не столько врага, сколько сами себя: под предводительством военачальника отряд в 2500 особей теряет 1200 «голов», убитых... дубиной одного из своих.

Следующий эпизод усиливает трагикомический эффект. Оставшиеся без пищи кентавры съедают весь урожай за два дня, впадая в обжорство, которое делает их физически неспособными к движению. Этот пример демонстрирует алогичность поведения, превращающую трагедию в фарс.

Особое внимание в романе уделено сопоставлению кентавров и лошадей, которые традиционно занимают важное место в казахской культуре. В романе же именно лошади демонстрируют моральные и эмоциональные качества, противопоставленные жестокости и аморальности кентавров. Пример – трогательная сцена верности кобылы амазонки Оливии: «Долго стояла лошадь, нюхая останки своей подруги и всадницы, затем молча принялась рыть землю...» [6, с. 48]. Ниже представлена сравнительная таблица, иллюстрирующая различие в поведенческих моделях:

Таблица 2 – Сравнительная таблица лошадей и кентавров

Лошади	**Кентавры**
Лошадь амазонки Оливии сострадает своей хозяйке, не оставляет ее одну с врагами (кентаврами), хотя могла бы убежать	Кентавры безжалостно убивали друг-друга из-за любой провинности, иногда просто ради смеха
После смерти амазонки она оплакивает свою хозяйку и закапывает ее, чтобы кентавры не глумились над ее телом	После смерти или после войны тела кентавров просто оставались валятся на земле. Никто не хоронил соплеменников, даже их кровные братья
Мстит за смерть хозяйки, возвращаясь в поселок с табуном лошадей	Когда один кентавр, сражаясь за право обладать первым амазонкой Оливией, подло убивает одного из братьев, второй просто помочился и ничего не сделал убийце своего брата
Лошади ведут моногамный образ жизни (одна жена, один муж)	У кентавров не создаются семьи, они ведут полигамный образ жизни. Их кентаврицы свободны от семейных уз и сами воспитывают кентаврят. Генетические отцы в воспитании не участвуют
Когда кентавр убил лошадь (первая жертва войны), все остальные лошади заступились и начали нападать на кентавров	Кентавры неорганизованы, вместо того чтобы, заступаться друг за друга и защищаться от врагов, по своей глупости они перебили себя сами

Такие противопоставления усиливают сатирическую направленность романа и подчёркивают деструктивность и алогичность поведения кентавров как художественных образов.

Одним из кульминационных эпизодов, соединяющих комическое и трагическое, становится смерть кентавренка Ресятирикопаличека, случайно задохнувшегося в медном котелке, надетым на голову в шутку. Его мучительная гибель сопровождается смехом всей деревни, что превращает трагедию в черную комедию:

«…вся деревня, высыпав за глиняную ограду, с громовым хохотом следила до самого конца за его нелепыми прыжками и слепыми метаниями» [6, с. 190].

Комическое в образах персонажей проявляется также через их мифическую природу. Кентавры как «полулошади-полулюди» являются воплощением не целостности, а раздвоенности и внутреннего конфликта. Как отмечает Л.В. Сафронова, обращение Кима к образу кентавра – это стремление к новому мифу, способному выразить раздробленное состояние современного человека [10, с. 154].

Наконец, даже заглавие романа – «Посёлок кентавров» – содержит элементы комического, являясь лексическим оксюмороном. Слово «посёлок», связанное с устойчивой социальной структурой, объединено с образом мифических, агрессивных и неорганизованных существ. Таким образом, сам заголовок уже демонстрирует парадоксальность и ироничность авторского замысла.

Выводы

На основании проведённого анализа можно сделать вывод, что приёмы комического в романе-гротеске Анатолия Кима «Посёлок кентавров» реализуются на трёх основных художественных уровнях: сюжетном, образном и языковом. Каждый из этих уровней способствует созданию эффекта гротеска, абсурда и иронической дистанции между автором и изображаемой действительностью.

Таблица 3 – Приема комического в романе А. Кима «Поселок кентавров» на разных художественных уровнях

На сюжетном уровне	Комическое проявляется в нелогичности, бессмысленности и запутывании сюжетных линий.
На образном уровне	Персонажи А. Кима – кентавры, «недолюди и недокони», причем вобравшие в себя все отрицательные черты своих прототипов, образуют комические (нелепые) образы. У них короткие руки, короткая память, они совершенно неорганизованы, не умеют сочувствовать, помогать, ради любой мелочи могут убить, наблюдая за умирающим и могут громко смеяться, не имеют никаких моральных принципов, ведут аморальный образ жизни, на войне вместо врагов поубивали друг друга.

На языковом уровне	На языковом уровне комическое проявляется в использовании автором в диалогах персонажей несуществующего языка. Язык кентавров читателю невозможно самостоятельно понять и адекватно дешифрировать, что, в свою очередь, создает некий комический эффект. Дополнительно автор в речи персонажей использует оксюморон и нонсенс (т.е. сочетание несочетаемого), которые так же создают ощущение нелогичности сказанного.

Таким образом, роман А. Кима «Посёлок кентавров» демонстрирует целостную комическую стратегию, сочетающую элементы языковой игры, пародии, карнавальности и гротеска. Особо значимым представляется языковой уровень, поскольку именно он становится ключевым инструментом авторской иронии. Кентаврийский язык, не подчиняющийся нормам русского литературного языка, представляет собой уникальный пример авторского новояза, функционирующего как художественное средство, способное не только развлекать, но и дезориентировать читателя, провоцируя его на интерпретацию и рефлексию. Эта языковая деструкция подводит к более глубинным вопросам – о границах смысла, логики и человеческой разумности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Бахтин, М. М.** Искусство слова и народная смеховая культура (Рабле и Гоголь) : [Текст] // Литературно-теоретические исследования. – М., 1972. – С. 248–259.

2 **Байжігіт, Б. С.** Поэтика абсурда в литературе постмодернизма и методика ее изучения в вузе (на материале современной русской и русскоязычной прозы) : [Текст]. – Алматы : КазНПУ им. Абая, 2023.

3 **Tigges, W.** Anatomiya literaturnogo nonsensa [An anatomy of literary nonsense] [Text] (Vol. 67). Brill, 2022.

4 **Харламова, С. А.** К вопросу о трансформации поэтики нонсенса в английской литературе XX века (Льюис Кэрролл и Джон Леннон) [Текст]. – М., 2019.

5 **Кружков, Г.** Во-первых, во-вторых, в-третьих… : о некоторых лейтмотивах сказки Льюиса Кэрролла [Текст] // Звезда. – 2005. – № 7. – С. 201–207.

6 **Ким, А.** Сбор грибов под музыку Баха : [Текст] – М. : ЛитРес, 2021. – 112 с.

7 **Ananyeva, S. V.** Bilingvizm i translingvizm v sovremennoy literature. Polilingval'nost' i transkul'turnye praktiki [Bilinguism and Translinguism in Contemporary Literature [Text] // Polylinguality and Transcultural Practices.

– 2022. – Т. 19, – № 4. – P. 675–684. – https://doi.org/10.22363/2618-897X-2022-19-4-675-684

8 **Ким, А.** Радости рая : [Текст]. – М. : ЛитРес, 2018. – 162 с.

9 **Uskenbaeva, R. M., Zhanysbekova, E. T.** Қазақ мифологиясындағы жылқы бейнесі [Текст] // Bulletin of the Karaganda university. Philology series, 2023. – № 4 (112). 89-б. – https://doi.org/10.31489/2023ph4/89-96

Мақала қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер (disclaimers) мен форс-мажорлық ережелерді (force majeure clauses) лингвопрагматикалық тұрғыдан зерттеуді нысан еткен. Зерттеудің өзектілігі қазақ тіліндегі құқықтық дискурстың прагмалингвистикалық аспектіде жеткілікті зерттелмеуімен және тіларалық ықпалдастық жағдайында бизнес-келісімшарттардың құқықтық дискурстағы орны мен ерекшеліктерін анықтаудың қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – жауапкершілікті шектеу мен тәуекелдерді қайта бөлуді қамтамасыз ететін тілдік құралдар мен прагматикалық стратегияларды анықтау және жүйелеу.

Зерттеуде кешенді зерттеу әдістері қолданылады: прагмалингвистикалық талдау арқылы жауапкершілікті шектеудің коммуникативтік стратегиялары, модальдылық қызметі, ескерту, шектеу, міндеттеме алу сияқты сөйлеу актілерінің ерекшеліктері анықталса, салыстырмалы талдау арқылы екі тілде жазылған келісімшарт нұсқаларындағы трансформация мен калькалауға байланысты айырмашылықтар анықталады. Контент-талдау әдісі арқылы келісімшарт мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің қолданылу ерекшеліктері жүйеленеді. Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттың халықаралық құқықтық тәжірибелердің қағидаларын қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерімен ұштастыра отырып, құқықтық қатынастың өзіндік моделін қалыптастыратыны дәлелденеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тіліндегі келісімшарттарда ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің қызмет етуінің лингвопрагматикалық механизмдерін кешенді сипаттауда, сондай-ақ олардың құқықтық коммуникацияның өзіндік моделін қалыптастырудағы рөлін айқындауда көрінеді. Практикалық маңыздылығы нәтижелерді заңгерлік аудармада және іскерлік қазақ тілін оқытуда қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Кілтті сөздер: ескертпелер, форс-мажорлық ережелер, модальдылық, лингвистикалық талдау, прагмалингвистика, тіларалық өзара әрекеттесу.

Кіріспе

Шарттық қатынастардың құқықтық тұрғыдан сауатты рәсімделуінің маңызы зор. Бұл бизнес-келісімшарттарға тікелей қатысты. Бизнес-келісімшарттар іскерлік қызметті құқықтық тұрғыдан рәсімдеумен қатар оның тілдік және мәдени ерекшеліктерін де айқындайды. Мұндай келісімшарттардағы ескертпелер (disclaimers) мен форс-мажорлық ережелер (force majeure clauses) тараптардың міндеттері мен жауапкершілігін айқындап, ықтимал тәуекелдерді реттейді. Сондықтан құқықтық дискурсты прагмалингвистикалық тұрғыдан зерттеу маңызды.

Ағылшын тіліндегі құқықтық дискурс жақсы зерттелген. B. Blom, A. Trosborg [1], A.Trosborg [2; 3] зерттеулерінде ағылшын тіліндегі келісімшарттардағы құқықтық сөйлеу актілеріне талдау жасалған. Кейінгі кезеңде қазақ тілді ресми-іскерлік дискурстың функционалдық және стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылық артып келеді [4; 5; 6; 7]. Алайда қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттар прагмалингвистикалық тұрғыдан, әсіресе заңдық сақтық пен модальдылық тұрғысынан салыстырмалы түрде аз зерттелген күйінде қалып отыр. Отандық зерттеушілер қазақ тіліндегі құқықтық қатынастарға орыс және ағылшын тілдеріндегі құқықтық дискурс стилінің ықпалы жоғары екенін айтады. Құқықтық құжаттардың формальды құрылымы мен калькалық аудармалар форс-мажорлық ережелердің дәлдігіне және прагматикалық тұрғыдан дұрыс жеткізілуіне әсер етеді. Бұл өз кезегінде тараптардың жауапкершілігін белгілеуге ықпал етуі мүмкін [6; 7]. Сондықтан зерттеуде ағылшын және орыс тілді құқықтық модельдердің әсеріне баса назар аудара отырып, қазақ тілді бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық шарттардың лингвопрагматикалық сипаттамалары анықталады. Қазақ

тіліндегі құқықтық дискурстың жеткілікті дәрежеде зерттеумеуі зерттеудің өзектілігін танытатыны анық.

Зерттеу барысында нормативтік дәлдікті және «белгісіздік шеңберін» қалыптастыруды қамтамасыз ететін шартты конструкциялар, пассивті формалар, клишеленген терминология сияқты синтаксистік, лексикалық және модальды құралдар жүйеленіп, келісімшарттық ережелердің лингвистикалық ерекшелігіне талдау жасалады. Жауапкершілікті жеңілдетудің, тәуекелдерді қайта бөлудің және міндеттемелерді контекстік түсіндірудің прагматикалық стратегиялары қарастырылады. Қазақ тіліндегі құқықтық дискурсты қалыптастыруда тіларалық қатынас пен калькалаудың рөлін айқындау үшін анықталған ерекшеліктер орыс және ағылшын тіліндегі келісімшарттармен салыстырылады.

Зерттеудің нысаны – жазбаша қарым-қатынастың ерекше түрі ретіндегі қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттар.

Зерттеу пәні – келісімшарт мәтіндеріндегі құқықтық сақтық пен жауапкершілікті шектеу стратегияларын іске асыратын ескертпе, форс-мажор шарттары, модальды конструкциялар мен сөйлеу формулалары сияқты лингвопрагматикалық құралдар.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттарды құрылымдық және функционалды-прагматикалық ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты сипаттауға мүмкіндік беретін сипаттамалық, салыстырмалы және прагмалингвистикалық талдау әдістерін біріктіруді қамтиды.

Эмпирикалық материал ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталын қоса алғанда, ашық көздерден іріктелген бизнес-келісімшарттар корпусы (www.goszakup.gov.kz) мен ресми құқықтық ресурстарда жарияланған шарттардың үлгілік нысандары (adilet.zan.kz, minjust.gov.kz) пайдаланылды. Мәтіндерді іріктеу тараптардың жауапкершілігін регламенттейтін бөлімдердің болуы, форс-мажорлық мән-жайлар мен міндеттемелерден босату шарттарын қамтуды, сонымен қатар келісімшарт түрлері (жеткізу шарты, жалға алу шарты, мердігерлік шарт және т. б.) мен ресми іскерлік стильдің сақталуы бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеуде кешенді зерттеу әдістері қолданылды. Прагмалингвистикалық талдау арқылы жауапкершілікті шектеудің коммуникативтік стратегиялары, модальдылық қызметі, ескерту, шектеу, міндеттеме алу сияқты сөйлеу актілерінің ерекшеліктері анықталса, салыстырмалы талдау арқылы екі тілде жазылған келісімшарт нұсқаларындағы трансформация мен калькалауға байланысты айырмашылықтар анықталады. Статистикалық сипаттамалық талдау арқылы синтаксистік құрылымдар мен тілдік формулалардың

қолданылу жиілігі, контент-талдау әдісі арқылы келісімшарт мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің қолданылу ерекшеліктері жүйеленді.

Зерттеу барысында келісімшарт мәтіндеріндегі лингвистикалық құралдарға назар аударылды. Атап айтқанда, міндеттілік пен рұқсатты білдіретін модальды етістіктер мен синтаксистік құрылымдар («тапсырыс беруші тиісті құжаттарды ұсынуға міндетті»), іс-әрекетті орындаушыны емес, нені орындалғанын білдіретін ырықсыз етістер мен жақсыз сөйлемдер, сондай-ақ құқықтық дискурсқа тән тұрақты тілдік оралымдар («жауапты емес», «міндетті емес», «жұмыстан шығарылған жағдайда» т.б.) талданды.

Зерттеу әдістемесі тілдік формасы прагматикалық функциямен және құқықтық түсіндірумен тығыз байланысты келісімшарттық мәтінді кешенді талдау қажеттілігіне байланысты таңдалды. Келісімшарт институционалдық дискурс жанры ретінде келісімдерді бекітіп қана қоймайды, сонымен қатар міндеттемелерді бекіту, тәуекелдерді азайту және жауапкершілікті қайта бөлу стратегияларын жүзеге асырады. Түрлі әдістердің үйлесімді қолданылуы құқықтық сақтықтың құрылымдық-тілдік маркерлерін анықтауға және оларды тараптардың коммуникативтік міндеттерін ескере отырып түсіндіруге, сондай-ақ қазақ тіліндегі ресми-іскерлік мәтіндердің тілдік және функционалды-прагматикалық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Бизнес-келісімшарт – құқықтық нормаларға негізделген құжат. Сондықтан бұнда қолданылған құқықтық лексика мен грамматикалық құрылымдар шарт талаптарының дұрыс жеткізілуін, тәуекелдер мен тараптар міндеттерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардың тілдік ерекшелігін зерттеу барысында келісімшарттарда дәстүрлі түрде қолданылатын ескертпелер мен форс-мажорлық ережелерді егжей-тегжейлі қарастыру қажет. Шарттың осы бөлімдерінде сипаттамалық синтаксистік модельдер (шартты конструкциялар, пассивті формалар, бағыныңқы құрмалас сөйлемдер), клишеленген құқықтық лексика мен «мүмкін», «тиіс», «құқылы», «міндетті емес» сияқты модальдық бірліктер жиі қолданылады. Тіларалық қатынасқа орай ағылшын және орыс тілінен калькаланған құрылымдардың қазақ грамматикалық жүйесіне бейімделуі мен қызметін қарастыру да маңызды болып табылады. Мұндай тілдік құралдар құқықтық шектеулерді, тараптардың жауапкершілігін белгілеу мен тәуекелдерді нақты жеткізуге мүмкіндік береді.

Заңға қатысты зерттеулерде ескертпелер тараптарды жауапкершіліктен босатуға немесе олардың жауапкершілігін шектеуге бағытталған шарт талаптары ретінде қарастырылады. Ағылшын тіліндегі зерттеулерде disclaimer жауапкершілікті шектеуді немесе оның шегін анықтауды білдіретін лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдар ретінде

түсіндіріледі [8]. Ресейлік зерттеушілер ескертпелерді жауапкершілік шектерді нақтылайтын стандартты шарттық ережелер ретінде қарастырады [9]. Қазақстандық бизнес-келісімшарттарда да ескертпелер осындай функцияны атқарады. Олар қалыптасқан тілдік оралымдар («Тараптар осы шарт орындалмаған жағдайда жауапты болмайды...») мен «заңды», «міндетті емес», «құқылы», «тиіс» сияқты модальдық бірліктердің жиі қолданылуымен ерекшеленеді.

Форс-мажорлық ережелер (force majeure clauses) – келісімге келуші тараптарды төтенше және еңсерілмейтін қолайсыз жағдайлар туындағанда жауапкершіліктен босатуды көздейтін шарттар. Халықаралық тәжірибеде бұндай ережелердің негізгі қағидалары 1980 жылы қабылданған Vienna Convention on Contracts for the International Sale of Goods құжатында көрініс тапқан. Ресейдің құқықтық доктринасында форс-мажор «нақты жағдайларда төтенше әрі еңсерілмейтін мән-жайлар» ретінде түсіндіріледі (Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі, 401-бап). Қазақстан заңнамасында еңсерілмейтін күштің әсерінен міндеттемелерді орындау мүмкін болмағанда жауапкершіліктен босатылатыны көрсетілген (ҚР Азаматтық кодексі, 359–бап). Еңсерілмейтін күшке зілзала, әлемдік толқулар, әскери қимылдар және т.б. жекелеген адамға қатысты емес жағдайлар жататыны белгілі. Бұл оқиғалар тараптардың еркінен тыс болатын жағдайлар. Шартта осыған байланысты құқықтық терминдер мен тұрақты тілдік оралымдар кеңінен қолданылады.

Осылайша, бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелер жауапкершілікті қайта бөлудің заңды тетіктері ретінде ғана емес, сонымен қатар нақты сөйлеу стратегиялары ретінде де әрекет етеді. Лингвистикалық тұрғыдан олар стереотиптелген формулалар, модальды маркерлер және синтаксистік конструкциялар арқылы жүзеге асырылып, міндеттеме немесе одан босату шеңберін белгілейді. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, бұл элементтер сақтық шаралары ретінде жұмыс істейді. Ескертпелер тәуекелдерді шектейді және ықтимал талаптарды азайтады, ал форс-мажорлық ережелер шарттық баланстың белгісіздік пен болжанбайтын жағдайларда сақталуын қамтамасыз етеді [10]. Қазақ тіліндегі құқықтық дискурста бұл тілдік бірліктер тіларалық ықпал мен калькаланған құқықтық үлгілердің ұлттық семантика-грамматикалық жүйеге бейімделуіне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Бұл ерекшелік құқықтық дискурсты лингвопрагматикалық тұрғыдан талдау арқылы анықталады.

Форс-мажорлық ережелер тәуекелдерді қайта бөлу мен жауапкершілікті шектеудің заңды тетіктері болып табылады. Лингвистикалық тұрғыдан грамматикалық, лексика-семантикалық және модальдық тілдік құралдардың қалыптасқан тұрақты жүйесі арқылы беріледі. Осы арқылы сақтық пен

белгісіздіктің әмбебап категориялары қазақ тіліндегі заңдық дискурста көрініс табады.

Зерттеу келісімшарттардың ескертпе мен форс-мажор бөлімдеріндегі құқықтық дәлдік пен шарт талаптарының бірмәнді түсіндірілуі тұрақты тілдік құрылымдарға байланысты екенін көрсетті.

1. Синтаксистік ерекшеліктер

Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің синтаксистік түзілімі құқықтық мәтінге тән стандартты үлгісімен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде құқықтық дәлдікті қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бөлімде шарттық және себеп-салдарлық байланыстары бар сабақтас құрмалас сөйлемдер басым қолданылады. Жиі қолданылатыны: «егер … болса, онда …» үлгісі мен ықшамдалған түрі: «егер … болса …». Бұлар белгілі бір жағдайлардың туындауы мен соған байланысты болатын құқықтық салдардың өзара байланысын айқын көрсетеді. Осының нәтижесінде келісімшарт талаптарының орындалуы мен салдары анық та бірмәнді көрінеді. Сонымен қатар постпозициялық байланыстырғыштар арқылы жасалатын себеп-салдарлық құрылымдар «... байланысты, ... салдарынан» кеңінен қолданылады. Бұлар құқықтық факт пен оның салдары арасындағы байланысты нақтылап, шарттың логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Мысалы: «осы шарттың орындалмауына байланысты».

Қарастырылып отырған ережелердің айрықша белгісі – «жауапкершіліктен босатылады», «міндеттемелер орындалмаған деп есептеледі» сияқты ырықсыз етіс формаларының (пассив конструкциялардың) белсенді қолданылуы. Бұл құқықтық пайымдаудың деперсонализациялану үрдісін, яғни іс-әрекетті орындаушы тұлғаны емес, құқықтық мәні бар әрекет пен оның нәтижесіне басымдық береді. Осыған байланысты құқықтық әрекеттер объективті сипат алып, көпмағыналықты төмендетеді. Сонымен қатар бұлардың синтаксистік құрылымында тыйым салу, рұқсат ету және міндеттілік мағыналарын білдіретін деонтикалық модальдылық көрсеткіштері жиі қолданылады. Оларға «орындауға тиіс» (міндеттілік), «құқылы емес» (тыйым салу/құқықтың болмауы), «міндетті емес» (міндеттің болмауы) сияқты формалар жатады. Аталған құрылымдар мәтінде реттеуші қызмет атқарып, тараптардың құқықтық мәртебесі мен мінез-құлқының нормативтік шектерін нақты белгілейді. Осылайша, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің синтаксистік ерекшеліктері құқықтық пайымдаудың логикалық айқындығын, нормативтік нақтылығын және прагматикалық бағыттылығын қамтамасыз ететін жүйелі ұйымдасқан тілдік құралдар жиынтығын құрайды.

2. Лексика-семантикалық құралдар

Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің лексика-семантикалық деңгейі стандартталуымен, терминологиялық нақтылығымен, құқықтық және бірмәнді дәлдігімен сипатталады. Оның негізін құқықтық жағдайларды сипаттау және тараптар арасындағы қатынастарды регламенттеу үшін қолданылатын типтік формулалардың тұрақты корпусын қалыптастыратын клишеленген құқықтық лексика құрайды.

Ең жиі қолданылатын бірліктер қатарына форс-мажор жағдайлар, тараптардың міндеттемелері, жауапкершіліктен босату, табиғи апаттар сияқты лексемалар мен сөз тіркестері жатады. Бұлар құқықтық дискурстың терминологиялық тұрғыдан орныққан элементтері ретінде қызмет етеді. Мұндай бірліктерді қолдану келісімшарт мәтінін біріздендіріп қана қоймай, оны нормативтік құқықтық актілерде қалыптасқан үлгілік құрылымдарға сәйкестендіреді.

Маңызды ерекшеліктердің бірі – кірме және калькаланған терминдердің ұлттық баламаларымен қатар өмір сүруі және өзара әрекеттесуі. Осылайша, интернационализмдер мен кірме бірліктер (форс-мажор, дисклеймер) қазақ тіліндегі құқықтық дискурсқа белсенді түрде интеграцияланып, семантикалық ерекшеліктері мен халықаралық келісімшарттық практикамен байланысын сақтайды. Сонымен қатар олардың «ерекше жағдайлар», «жауапкершілікті шектеу» сияқты қазақ тіліндегі баламалар мен сипаттамалық құрылымдар арқылы бейімделуі байқалады. Мұндай параллельді номинация интертілдік өзара әрекеттесу үдерісін көрсетеді. Бұл арада тек терминдерді ғана қабылдау емес, сонымен бірге олардың функционалдық-семантикалық игерілуі жүзеге асады. Аталған ережелердің лексика-семантикалық ұйымдасуы семантикалық дәлдікке ұмтылуымен және көпмағыналылықты жоюмен де сипатталады. Бұл тар мамандандырылған мәні бар терминдерді қолдану, сондай-ақ контекстуалдық нақтылау және дефинициялық кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, форс-мажор ұғымы көбіне табиғи апаттар, мемлекеттік шектеулер сияқты релевантты жағдайларды тізбектеу арқылы нақтыланады және бұл кеңейтілген түсіндіруді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Құқықтық сақтау стратегиясын жүзеге асыратын лексикалық құралдарды қолдану да ерекше назар аударуды талап етеді. Оларға шектеуші-нақтылаушы семантикасы бар бірліктер («соның ішінде», «бірақ шектелмейді», «қоса алғанда») жатады. Бұлар құқықтық ұғымның көлемін кеңейту немесе, керісінше, тарылту функциясын атқарады. Сонымен қатар келісімшарт мәтіндерінде заң категорияларының жалпыланған сипатын көрсететін абстрактілі лексика («жағдайлар», «мәнжайлар», «себептер») жоғары жиілікпен қолданылған. Бұл абстракция

тұжырымдамаларды әмбебаптандыруға және олардың форс-мажорлық ережелер контексінде ерекше маңызды болып табылатын көптеген ықтимал жағдайларға қолданылуына ықпал етеді. Осылайша, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің лексика-семантикалық құралдары құқықтық дискурстың халықаралық бірізденуі мен ұлттық-тілдік ерекшелігі арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, дәлдік пен бірмәнділікті қамтамасыз ететін клишеленген және терминологиялық бірліктердің жүйелі ұйымдасқан кешенін құрайды.

3. Сақтандыру мәнді модальдық маркерлер

Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелерде модальдылық құқықтық сақтандырудың негізгі механизмі ретінде көрініс табады. Ол құқықтық салдардың міндеттілік, рұқсат етілу және ықтималдық дәрежесін реттейді.

Негізгі модальдық құралдар қатарына «мүмкін» (мүмкіндік/ықтималдық), «тиіс» (міндеттілік), «құқылы» (құқықтылық), «міндетті емес» (міндеттің болмауы) сияқты бірліктер жатады. Олар деонтикалық және эпистемиялық модальдылықтың әртүрлі типтерін көрсетіп, келісімшарт мәтінінде құқықтық нұсқамалардың міндеттілік деңгейін айқындайды. Қатаң және шартты түрде рұқсат етілетін әрекеттердің аражігін анықтайды. Мәселен, «тиіс» компоненті бар құрылымдар қатаң нормативтік міндеттілікті белгілеп, нұсқаманың императивтік сипатын айқындайды («тараптар хабарлауға тиіс»), ал «құқылы» формасы міндеттілікті емес, құқықтың бар екенін көрсетіп, тараптардың мінез-құлқындағы вариативтілік кеңістігін қалыптастырады («тарап талап етуге құқылы»). Болымсыз модальдық құрылымдарды («құқылы емес», «міндетті емес») қолдану арқылы міндеттемелер шектеледі немесе мүлде алынып тасталады. Ықтималдық пен жорамалды білдіретін модальдық маркерлер («мүмкін») белгісіздік элементін енгізіп, болуы ықтимал жағдайларды сипаттайды. Шарттағы құқықтық талаптар сақталған жағдайда шартта белгіленген талаптарды нақты жағдайларға қарай бейімдейді.

Модальдық құрылымдар синтаксистік және лексика-семантикалық құралдармен қатар құқықтық тәуекелдерді төмендету стратегиясын жүзеге асырады. Олар жауапкершілік шегін нақтылап, келісімшартты әртүрлі құқықтық жағдайға бейімдейді. Нәтижесінде құқықтық сақтық қамтамасыз етіліп, тараптардың мүдделері сақталады.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелер тараптардың белгісіздік, ықтимал тәуекел және сыртқы ортаның толық болжанбауы жағдайларында өз міндеттемелерін реттеуін қамтамасыз ететін мамандандырылған дискурсивтік құралдар ретінде қызмет етеді. Олардың

негізгі қызметі тек құқықтар мен міндеттерді бекітумен шектелмей, ықтимал жанжалды жағдайларда құқықтық тәуекелдердің алдын алады.

1. Жауапкершілікті жұмсарту және шектеу

Негізгі прагматикалық стратегиялардың бірі – шарт талаптары бұзылған жағдайда ықтимал құқықтық талаптарды барынша азайтуға бағытталған ескертпелер жүйесі арқылы жүзеге асырылатын жауапкершілікті жұмсарту және шектеу стратегиясы. «Тараптар жауап бермейді, міндетті емес» тәрізді формулалар алдын ала нормативтік «қорғау» функциясын атқарып, тараптарға жауапкершіліктің қолданылу шекараларын алдын ала айқындауға мүмкіндік береді.

2. Тәуекелдерді қайта бөлу

Форс-мажорлық ережелер сыртқы, бақылауға келмейтін және алдын ала болжанбайтын жағдайлар туындаған кезде тараптар арасындағы тәуекелдер мен міндеттемелерді қайта бөлу стратегиясын жүзеге асырады. Келісімшарт тараптары нақты әрі детальданған тұжырымдар арқылы міндеттемелердің қандай жағдайларда тоқтатылған, өзгертілген немесе күшін жойған деп танылатынын айқындайды («міндеттемелер тоқтатылады», «орындалмаған деп есептеледі»). Бұл дағдарыстық жағдайларда шарттық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Прагматикалық тұрғыдан мұндай құрылымдар белгісіздікті басқару құралы ретінде қызмет етеді.

3. Белгісіздікті тактика ретінде пайдалану

Келісімшарт мәтініндегі бақыланатын белгісіздік стратегиясы жалпыланған немесе нақты көрсетілмеген мағынаны білдіретін құрылымдар арқылы жүзеге асырылады («қажет болған жағдайда», «егер қолданыстағы заңнамаға сәйкес», «басқа жағдайларда»). Шартта әртүрлі жағдайларға бейімделу мақсатында әдейі кеңістік қалдырылады. Прагматикалық тұрғыдан бұл тәсіл құқықтық реттеудің икемділігін қамтамасыз етеді және ережелерді контекстуалдық нақтылау мүмкіндігі арқылы қатаң біржақты түсіндіру тәуекелін төмендетеді. Бұл жағдайда белгісіздік мәтіннің кемшілігі емес, керісінше, құқықтық дискурстың функционалды түрде шартталған элементі болып табылады. Ол дәлдік қажеттілігі мен әмбебаптық талаптарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін құрал ретінде қолданылады, келісімшарттық тұжырымдардың бейімделгіш әлеуетін сақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелер өзара байланысты прагматикалық стратегиялардың кешенін жүзеге асырады. Олардың жиынтық қызметі құқықтық дискурстың негізгі мақсатына – сыртқы ортаның объективті белгісіздігі жағдайында шарттық қатынастардың болжамдылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің лингвопрагматикалық сипаттамаларын қорытындылай келе, олардың ерекшелігі орыс және ағылшын тілдеріндегі келісімшарттардағы ұқсас құрылымдармен салыстыру барысында неғұрлым айқын көрінетінін атап өтуге болады. Салыстырмалы талдау құқықтық сақтандырудың әмбебап модельдерін (модальдық құрылымдар, жауапкершіліктен босату формулалары, клишеленген шарттық құрылымдар) де, сондай-ақ интертілдік ықпалмен, калькалаумен және құқықтық үлгідегі құрылымдарды ұлттық грамматикалық жүйеге бейімдеумен байланысты қазақ тіліндегі құқықтық дискурстың бірегей белгілерін де айқындауға мүмкіндік береді. Төменде аталған ерекшеліктердің үш тілдегі типтік үлгілері көрсетілген кестені ұсынамыз.

1-кесте – Ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің лингвистикалық ерекшеліктері мен прагматикалық функцияларының салыстырмалы кестесі

Тіл	**Тұжырым үлгісі**	**Лингвистикалық ерекшеліктері**	**Прагматикалық функциясы**
Ағылшын тілі	«The Company shall not be liable for any indirect, incidental, or consequential damages arising out of the use of the product»	shall not be liable формуласы + тәуекел санаттарын тізбектеу (indirect, incidental, consequential).	Жауапкершілікті қатаң алып тастау; тәуекел шектерін алдын ала айқындайды.
	«No warranty, express or implied, is given regarding the accuracy of the information»	no warranty is given теріс құрылымы; клишеленген құқықтық формула.	Кепілдіктерді алып тастау; тәуекелді басқа тарапқа жүктеу.
Орыс тілі	«Сторона не несёт ответственности за убытки, возникшие вследствие использования предоставленной информации»	«Не несёт ответственности» құрылымы; етістіктен жасалған зат есім (возникшие убытки)	Тараптың бақылауынан тыс салдарлар үшін жауапкершілікті алып тастау.
	«Подрядчик освобождается от ответственности за задержку исполнения обязательств в случае обстоятельств непреодолимой силы.»	«Освобождается от отвественности» формуласы + «обстоятельства непреодолимой силы» заңдық термині.	Фокусты тараптың кінәсінен сыртқы факторларға ауыстыру.

Қазақ тілі	«Тарап осы шарт бойынша берілген ақпаратты пайдаланудан туындайтын зияндар үшін жауап бермейді»	Терістелген етістік формасы (жауап бермейді); орыс тіліндегі модельдік калька.	Ақпаратты пайдаланудың салдары үшін жауапкершілікті алып тастау.
	«Мердігердің міндеттемелерін орындауы форс-мажорлық жағдайларға байланысты кешіктірілсе, ол жауапкершіліктен босатылады»	Шартты конструкция (- се), форс-мажорлық жағдайлар терминін алу;	Төтенше жағдайлар туындаған кезде жауапкершіліктен босату.
	«Егер Тараптардың бақылауынан тыс жағдайлар орын алса, міндеттемелерді орындау уақыты кейінге шегеріледі»	Шартты құрылым (егер … болса), сыртқы факторларға тәуелділік пен мүмкіндік мәнін білдіретін модальдылық.	Төтенше мән-жайлар туындаған жағдайда жауапкершіліктен босату.

Осылайша, салыстырмалы талдау ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің тілдік рәсімделуіндегі түбегейлі айырмашылықтарды көрсетеді. Ағылшын тіліндегі келісімшарттарда тұжырымдардың категориялылығы басым, ол императивтік клишелер (shall not be liable, is not responsible for) арқылы жүзеге асады. Мұндай құрылымдар құқықтық салдарды шартсыз түрде бекітіп, интерпретация вариативтілігі үшін іс жүзінде орын қалдырмайды. Орыс тіліндегі құжаттар, керісінше, нормативтілік пен детальдылыққа бейім келеді. Бұл құқықтық терминологияны және заңнамалық нормаларға сілтемелерді («тарап жауапкершіліктен босатылады», «… жағдайда») қолдану арқылы көрініс табады.

Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттар құқықтық дискурстың ерекше, гибридті типін құрайды. Бір жағынан, олар орыс және ағылшын тілдерінің елеулі ықпалын қалыптасқан құқықтық тілдік үлгілердің калькалануы арқылы көрсетсе («жауапты болмайды», «форс-мажор жағдайлар»), екінші жағынан, қазақ тілінің синтаксистік түзілімін сақтайды. Соңғысы шартты құрылымдардың («егер … болса, онда …»), сондай-ақ болымсыз етістіктердің («міндетті емес», «жауап бермейді») белсенді қолданылуынан көрінеді. Бұндай тілдік құралдар мәтіннің құқықтық мағынасын нақтылап, құқықтық

ұғымдарды қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктеріне және ұлттық тілдік жүйеге бейімдеуге мүмкіндік береді. Осылайша, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарт халықаралық құқықтық тәжірибелердің қағидаларын қазақ тілінің заңдылықтарымен ұшастыратын құқықтық қатынастың өзіндік моделін қалыптастырады.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарт құқықтық дискурс жүйесінде тіларалық әрі сонымен қатар дербес орын алатынын айтуға болады. Ол ағылшын немесе орыс тіліндегі модельдерді тікелей қабылдаумен шектелмей, халықаралық клишелерді калькалау мен оларды қазақ тілінің нормаларына бейімдеу арасындағы өзіндік тепе-теңдікті қалыптастырған. Сонымен қатар құқықтық сақтыққа бағытталған әмбебап стратегиялар ұлттық тілдік құралдармен ұштасып, келісімшарт мәтінінің бірегей ұйымдасуы мен көпқырлы қызметін қамтамасыз еткен.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелердің тілдік форма мен прагматикалық функцияның өзара тығыз байланысында жүзеге асатын интегралды мәтіндік механизмдер ретінде қызмет ететінін көрсетті. Лингвистикалық деңгейде синтаксистік модельдермен («егер … болса, онда …» типіндегі сабақтас құрмалас және шартты құрылымдар, ырықсыз етістің кең қолданылуы), клишеленген құқықтық лексикамен (форс-мажор жағдайлар, жауапкершіліктен босату және т.б.) және міндеттілік пен рұқсат ету дәрежелерін білдіретін модальдық маркерлермен («мүмкін», «тиіс», «құқылы», «міндетті емес») сипатталады. Аталған тілдік құралдар өзара байланысты екі нәтижені қамтамасыз етеді. Олар: мәтіннің нормативтік бірмәнділігін арттырады және нақты жағдайларға байланысты қолданылатын құқықтық тұрғыдан шектелген белгісіздікті қалыптастырады. Қазақ тіліндегі бизнес-келісімшарттардағы ескертпелер мен форс-мажорлық ережелер жауапкершілікті қайта бөлуге арналған құқықтық механизмдер ғана емес, сонымен қатар сақтық стратегияларын жүзеге асыратын тұрақты тілдік құрылымдар ретінде көрініс табады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Blom, B., Trosborg, A.** An Analysis of Regulative Speech Acts in English Contracts // Qualitative and Quantitative Methods. HERMES // Journal of Language and Communication in Business. – 1992. –№ 9. – P. 83–111.

2 **Trosborg, A.** Apology strategies in natives/non-nativest // Journal of Pragmatics. – 1987. – № 2. – P. 147–167.

3 **Trosborg, A.** Statutes and contracts : An analysis of legal speech acts in the English language of the law // Journal of Pragmatics. –1995. – № 1 – P. 31–53.

4 **Ергазиева, Н. И.** Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке: автореф.дис. … канд.филол.наук. – Алматы, 1972. – 29 с.

5 **Аймолдина, А. А.** Социокогнитивные и коммуникативно-прагматические особенности бизнес-корреспонденции (на материале казахского, русского и английского языков): дис… канд.филол.наук. – Астана, 2014. – 214 с.

6 **Буркитбаева, Г. Г.** Деловой дискурс: онтология и жанры. – Алматы, 2005. – 210 с.

7 **Ережепова, С. К.** Официально-деловой стиль в казахском и русском языках : прагмалингвистический аспект: дис… канд.филол.наук. – Алматы, 2002. – 166 с.

8 **Bargiela-Chiappini, F.** Business Discourse – Palgrave : Macmillan, 2006. – 168 p.

9 **Кашанина, Т. В.** Юридические документы. Чему не учат студентов. Как правильно понять и подготовить: учебник. – М. : Проспект, 2017. – 448 с.

10 **Gibbons, J.** Forensic linguistics: an introduction to language in the justice system. – Oxford, 2003.

REFERENCES

1 **Blom, B., Trosborg, A.** An Analysis of Regulative Speech Acts in English Contracts // Qualitative and Quantitative Methods. HERMES – Journal of Language and Communication in Business. – 1992. – № 9. – P. 83–111.

2 **Trosborg, A.** Apology strategies in natives/non-nativest // Journal of Pragmatics. – 1987. – № 2. – P. 147–167.

3 **Trosborg, A.** Statutes and contracts: An analysis of legal speech acts in the English language of the law // Journal of Pragmatics. 1995. – № 1 – P. 31–53.

4 **Ergazieva, N. I.** Formirovanie i razvitie oficial'no-delovoj rechi v kazahskom jazyke: avtoref.dis. … kand.filol.nauk [Formation and development of official business speech in the Kazakh language: author's abstract of dissertation... candidate of philological sciences]. – Almaty, 1972. – 29 p.

5 **Ajmoldina, A. A.** Sociokognitivnye i kommunikativno-pragmaticheskie osobennosti biznes-korrespondencii (na materiale kazahskogo, russkogo i anglijskogo jazykov): dis… kand.filol.nauk [Sociocognitive and communicative-pragmatic features of business correspondence (based on the Kazakh, Russian and English languages): diss… Cand. Philological Sciences]. – Astana, 2014. – 214 p.

6 **Burkitbaeva, G. G.** Delovoj diskurs: ontologija i zhanry [Business discourse: ontology and genres]. – Almaty, 2005. – 210 p.

7 **Erezhepova, S. K.** Oficial'no-delovoj stil' v kazahskom i russkom jazykah: pragmalingvisticheskij aspekt:… dis… kand.filol.nauk [Official business style in the Kazakh and Russian languages: pragmalinguistic aspect:… diss… candidate of philological sciences]. – Almaty, 2002. – 166 p.

8 **Bargiela-Chiappini, F.** Business Discourse - Palgrave: Macmillan, 2006. – 168 p.

9 **Kashanina, T. V.** Yuridicheskie dokumenty`. Chemu ne uchat studentov. Kak pravil`no ponyat` i podgotovit`: uchebnik [Kashanina T. V. Legal Documents: What Students Aren't Taught-How to Properly Understand and Prepare Them: A Textbook. – Moscow: Prospekt, 2017. – 448 p.] – Moscow : Prospekt, 2017. – 448 p.

10 **Gibbons, J.** Forensic linguistics: an introduction to language in the justice system. – Oxford, 2003.

05.07.26 ж. баспаға түсті.
10.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

Н. Бирай[1], **Б. В. Нургожина*[2]
[1]Университет Памуккале,
Республика Турция, г. Денизли;
[2]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 05.07.26.
Поступило с исправлениями 10.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОГОВОРОК И ФОРС-МАЖОРНЫХ ПОЛОЖЕНИЙ В КАЗАХОЯЗЫЧНЫХ БИЗНЕС-КОНТРАКТАХ

В статье рассматриваются оговорки (disclaimers) и форс-мажорные положения (force majeure clauses) в казахоязычных бизнес-контрактах с лингвопрагматической точки зрения. Актуальность исследования обусловлена недостаточной изученностью казахоязычного юридического дискурса в прагмалингвистическом аспекте, а также необходимостью определения места и особенностей бизнес-контрактов в юридическом дискурсе в условиях межъязыкового взаимодействия. Цель исследования – выявить и систематизировать

языковые средства и прагматические стратегии, обеспечивающие ограничение ответственности и перераспределение рисков.

В работе использован комплексный подход. Прагмалингвистический анализ позволил определить коммуникативные стратегии ограничения ответственности, функции модальности, а также особенности речевых актов предупреждения, ограничения и принятия обязательств. Сравнительный анализ применялся для выявления различий, обусловленных трансформацией и калькированием в двуязычных версиях договоров. С помощью контент-анализа систематизированы особенности функционирования языковых единиц в текстах контрактов. Доказано, что казахоязычные бизнес-контракты, сочетая принципы международной договорной практики со структурными особенностями казахского языка, формируют собственную модель правовых отношений.

Научная новизна исследования заключается в комплексном описании лингвопрагматических механизмов функционирования оговорок и форс-мажорных положений в казахоязычных контрактах, а также в выявлении их роли в формировании специфической модели правовой коммуникации. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования полученных результатов в юридическом переводе и преподавании делового казахского языка.

Ключевые слова: оговорки; форс-мажорные положения, модальность, лингвистический анализ, прагмалингвистика, интеръязыковое взаимодействие.

N. Biray[1]*, *B. V. Nurgozhina*[2]
[1]Pamukkale University,
Republic of Turkey, Denizli;
[2]Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 05.07.26.
Received in revised form 10.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

LINGUOPRAGMATIC FEATURES OF DISCLAIMERS AND FORCE MAJEURE CLAUSES IN KAZAKH-LANGUAGE BUSINESS CONTRACTS

The article examines disclaimers and force majeure clauses in Kazakh-language business contracts from a linguopragmatic perspective.

The relevance of the study is determined by the insufficient exploration of Kazakh-language legal discourse from a pragmalinguistic perspective, as well as by the need to identify the role and distinctive features of business contracts within legal discourse in the context of interlingual interaction. The aim of the study is to identify and systematize the linguistic means and pragmatic strategies that ensure the limitation of liability and the redistribution of risks.

The study employs a comprehensive methodological approach. Pragmalinguistic analysis is used to identify communicative strategies of liability limitation, the functions of modality, and the characteristics of speech acts expressing warning, restriction, and assumption of obligations. Comparative analysis reveals differences caused by translation transformations and calquing in bilingual contract versions. Content analysis is applied to systematize the patterns of language use in contract texts. The findings demonstrate that Kazakh-language business contracts combine the principles of international contractual practice with the structural features of the Kazakh language, thereby forming a distinctive model of legal relations.

The scientific novelty of the study lies in the comprehensive description of the linguopragmatic mechanisms underlying the functioning of disclaimers and force majeure clauses in Kazakh-language contracts, as well as in identifying their role in shaping a distinctive model of legal communication. The practical significance of the research is associated with the application of its findings in legal translation and the teaching of Business Kazakh.

Keywords: disclaimers, force majeure clauses, modality, linguistic analysis, pragmalinguistics, interlingual interaction.

МРНТИ 16.21.47

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/262-276

***Т. Ф. Вахитова[1], З. Г. Утешова[2], С. С. Мухтарова[3]**

[1,2,3]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актобе.

[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7473-4336

[2]ORCID: https://orcid.org/0009-0008-5476-2269

[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9441-1035

*e-mail: tanzilusha_v@mail.ru

ТЕРМИНЫ РОДСТВА И ИХ СВЯЗЬ С ЛИНГВОКУЛЬТУРЕМОЙ СТЕПЬ: АССОЦИАТИВНЫЙ И СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

В статье представлено сопоставительное исследование ключевых казахских и русских терминов родства на материале ассоциативного эксперимента с применением лингвокультурологического анализа. Выбор в качестве объекта исследования терминов родства обусловлен несколькими факторами: древним происхождением названной лексической группы, ее принадлежностью к ядру лексической системы любого языка, функционированием в речи как носителей национально-культурной информации. Родственные наименования дают представление о специфике семейных отношений, культурно-историческом опыте жизни семьи определенного этноса.

В связи с тем, что понятие семья неразрывно связано с домом – местом проживания родственных лиц, авторами была проанализирована лингвокультурема Степь/Дала, которая в национальном сознании казахстанского народа занимает важное место. Это объемное, имеющее исторический характер понятие обладает этнически маркированными чертами, позволяя понять своеобразие менталитета и ценности народа.

Выявление общих, универсальных и отличительных, национально-специфических характеристик терминов родства производилось на материале пословиц и поговорок. Данный исторически сложившийся фонд народной мудрости отражает систему стереотипов, норм поведения представителей разных лингвокультур, позволяет раскрыть

своеобразие национальной картины мира. Паремиологические единицы служат трансляторами культурных традиций и этикетных норм, а также способствуют пониманию этнокультурного кода.

Ключевые слова: термины родства, паремии, родственные отношения, картина мира, национальное сознание, лингвокультурология, ассоциативно-сопоставительный метод.

Введение

Система терминов родства принадлежит к наиболее древнему пласту лексического яруса языка и представляет собой уникальный объект для проведения исследования. Родственные наименования являются культурно-прагматическими единицами языка, совмещая лексическое значение и национально-культурный компонент, благодаря которому становится возможным понять этническую идентичность народа.

Актуальность данной работы обусловлена трансформационными изменениями в структуре важнейшего социального института – семьи, пересмотром взглядов на ее многовековые традиции и ценности. Интегрированный подход к изучению терминов родства, содержащихся в казахских и русских паремиях, позволит рассмотреть особенности названных единиц с позиции антропоцентрической парадигмы, приобретшей популярность в последние десятилетия. Выбор проведения исследования в сопоставительном аспекте объясняется современными тенденциями (процессы глобализации, расширение контактов, создание мультикультурных изданий, полилингвальных средств), а также непрекращающимся интересом ученых к сравнительно-типологическим исследованиям языков.

Результаты ассоциативного эксперимента, описание полученных ответов с применением лингвокультурологического комментирования имеют, на наш взгляд, практическую значимость и могут вызвать интерес исследователей, занимающихся контрастивным изучением языковых систем, изучающих междисциплинарные вопросы.

Материалы и методы

Цель данной статьи – выявление этнокультурных особенностей казахских и русских терминов родства, их связи с лингвокультуремой *Степь* путем проведения ассоциативного эксперимента и сопоставительного анализа паремий, а также определение универсальных и специфических характеристик в структуре модели семейных отношений казахского и русского народов.

Для реализации цели была использована комплексная методика, включающая методы: общенаучные, метод сплошной выборки, сравнительно-

сопоставительный, ассоциативный эксперимент, лингвокультурологический анализ, статистический метод.

Одним из основных методов, примененных нами, стало анкетирование с участием 140 студентов из Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова. В исследовании участвовали студенты разного возраста, обучающиеся на образовательных программах гуманитарного направления в группах с казахским и русским языком обучения. Участие в опросе носило добровольный и анонимный характер.

Опросник, созданный с помощью Google формы, включал следующие вопросы:

– Какие ассоциации у вас вызывают слова *отец, мать, брат, сестра, степь* (напишите по 2-3 ассоциации)?

– Какие вы знаете пословицы, поговорки, фразеологизмы, крылатые выражения, связанные с родственниками?

– Какие вы знаете пословицы, крылатые выражения, где упоминается степь?

Эмпирические данные информантов обрабатывались в качественно-количественных параметрах, были отобраны наиболее частотные реакции и единичные, уникальные. Использование ряда вышеперечисленных методов позволило раскрыть специфику этнокультурных единиц со значением родственных отношений.

Результаты и обсуждение

Издавна семья, являясь важным социальным институтом, осуществляла ряд функций: репродуктивную, воспитательную, защитную, регулятивную. Репродуктивная и воспитательная функции тесно связаны между собой, так как рождение детей, безусловно, подразумевает и их воспитание. Основой воспитания казахской семьи является соблюдение принципа «Үлкен – Кіші», учитывающий возраст членов семьи, а также их статус. Защитная функция проявляется разным способом: от ежедневной поддержки до оказания материальной помощи в различных ситуациях (чрезмерное происшествие, бракосочетание, оплата за обучение, опека над детьми, организация похорон и др.). Смысл регулятивной функции заключается в контроле старших членов семьи за действиями младших, наставлении в различных делах, обмене жизненным опытом. Народная мудрость, переданная с помощью пословиц, позволяет оценить безмерный вклад родственных связей в развитие гармоничной личности. Приведем несколько выражений, раскрывающих значение описываемой ячейки общества: каз.: *«Жақынынды жат етсең, Жатқа күлкі боларсың», «Ағайын бірде араз, бірде тату», «Ағайын – бір өліде, бір тіріде»* [1, с. 51]; рус.: *«Человек семьею крепок», «В семье дружат – живут не тужат», «Семья дает человеку путевку в жизнь»* [2, с. 76].

Создание семьи считалось серьезным событием. Сама лексема супруг/супруга обозначала в старославянском языке «запряженная вместе», что указывает на совместную жизнь и ведение общего хозяйства. И казахский, и русский народ издревле считал, что к выбору своей пары нужно подходить обдуманно, так как брак заключается единожды и на всю жизнь: *«Не торопись жениться, чтобы потом на себя не сердиться», «Женился на скору руку, да на долгу муку»; «Үйлену онай, үй болу қиын» («Жениться легко, а сохранить семью трудно»), «Өзің сүйгенді емес, өзіңді сүйгенді ал» («Женись не на той, которую любишь, а на той, которой сам ты мил»).* При выборе жены оба народа советуют обратить внимание на родителей: *«Анасына қарап қызын ал», «Гляди семью, откуда берешь жену», «Выбирай корову по рогам, а девку по родам»*.

Традиционная казахская и русская семья была патриархального уклада, где муж – глава семьи, добытчик, а жена – хранительница очага. Их роли прописаны в таких пословицах, как: *«Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі» («Жена – украшение дома, а муж – двора»), «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» («Сорок мужчин не могут наполнить дом, как способна это одна женщина»); «Муж возом не навозит, что жена горшком наносит», «Без мужа – что без головы, а без жены – что без ума»* [3, с. 835].

Продолжением рода, смыслом супружеской пары и помощниками считались дети *(«Детей нет – в семье пустоцвет», «Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар»)*. Их воспитанию уделялось большое значение. При этом учитывалась гендерная принадлежность. Так, мальчиков обучали ремеслам, уходу за домашней скотиной, а у девочек развивали умение вести домашнее хозяйство, смотреть за младшими. С раннего детства детей воспитывали в духе уважения к родителям: *«Отец и мать – священные слова», «Кто родителей почитает, тот вовеки не погибает»; «Ата – асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ», «Ата-анаға көрсеткенді алдыңнан көрерсің»*.

Исследование терминологии родства имеет многовековую историю, так как родственные обозначения, являясь универсальным социокультурным феноменом, во все времена вызывали интерес у ученых разных областей. Термины родства имеют древнее происхождение, по которому можно проследить эволюцию общества, брачно-семейных отношений, особенности этнокультурного развития народов [4]. Как единица языковой системы термин родства обладает семантикой и грамматической формой, может иметь словообразовательное гнездо *(бабушка – бабуля – бабуся – бабулечка), вступать в синонимические (отец – папа – батя)* и антонимические *(отец – мать)* отношения, образовать формы множественного числа

(сестра – сестры). Некоторые родственные наименования характеризуются многозначностью: зять – муж сестры или дочери.

О важной роли лексики родства, которая представляет собой источник этнокультурной информации и «зеркало» национальной ментальности, писал О. Н. Трубачев: «…история родственных отношений есть уже история общественных отношений» [5, с. 17]. Впервые на эту закономерность указал основоположник научного изучения системы родства Л. Г. Морган [6]. По тому, какие процессы – упрощения, слияния, замены или исчезновения – происходят с лексемами родства, можно сделать вывод, консервативным является общество или готово к изменениям строя, норм, уклада.

Первые специальные исследования терминов родства были опубликованы в конце XIX в. В. Диком, Б. Дельбрюком и Е. Тапполе, которых, в первую очередь, интересовал вопрос об этимологии родственных наименований. К середине XX в. уже имелось большое количество научных трудов, где предлагались классификации систем родства и описывались методы анализа [7, с. 28].

В последние десятилетия актуальность приобрел лингвокультурологический метод исследования, в соответствии с которым лексические единицы с компонентом родства изучаются во взаимосвязи с культурой народа. В данном случае первостепенное значение стали иметь вопросы экспликации национально-культурных стереотипов, этнокультурной специфики отражения национальной картины мира (В. В. Воробьёв, В. А. Маслова, Ю. Д. Апресян, И. Б. Качинская и мн. др.).

В целях описания особенностей языкового сознания или, так сказать, его «овнешнения» нами был использован свободный ассоциативный эксперимент, который, по мнению А. А. Залевской, позволяет отобразить в наглядной форме структуру и содержание человеческого сознания, проследить взаимосвязь между лексемами и концептами, понять восприятие мозга на слова-стимулы и возникновение слов-реакций [8, с. 94]. В результате появления ряда реакций на слово-стимул образуется ядро языкового сознания (термин Уфимцевой Н. В.).

Для определения отношения представителей казахской и русской лингвокультур к ключевым родственным наименованиям мы включили в структуру нашего опросника вопросы, связанные с подбором ассоциаций к лексемам отец, мать, брат, сестра.

По мнению Н. В. Дмитрюк, Р. А. Арынбаевой, семантика некоторых слов, взятых из разных языков, может совпадать, однако при этом возможны различия в ассоциативных значениях, что объясняется этническим восприятием [9, с. 14].

Мы сгруппировали наиболее часто встречающиеся ассоциаты, т.е. реакции на слова-стимулы *Отец и Мать* (Таблица 1).

Таблица 1 – Ассоциации к терминам кровного родства отец/мать в русском и казахском языках

Отец / Әке		**Мать / Ана**	
Русская группа респондентов	**Казахская группа респондентов**	**Русская группа респондентов**	**Казахская группа респондентов**
Защита (15 реакций)	Защита (22)	Забота (15)	Забота (23)
Опора (13)	Мудрость (9)	Любовь (12)	Тепло (20)
Глава семьи (5)	Ответственность (8)	Тепло (8)	Любовь (12)
Мудрость (4)	Опора (6)	Поддержка (4)	Нежность (5)
Кормилец (4)	Сила (4)	Уют (3)	Очаг (4)
Любовь (3)	Наставничество (3)	Нежность (3)	Уют (3)

Как показали результаты опроса, наибольшее количество реакций к термину *Отец* и у русских, и у казахских групп имеет ассоциация *Защита* (15/22 соответственно). Традиционно образ отца был надежным и способным защитить семью от различных бед и недоброжелателей. Среди совпадений к анализируемому родственному понятию можно указать такие реакции, как *Опора* (13 реакций в русских группах и 6 – в казахских) и *Мудрость* (4 – у русскоязычных респондентов и 9 – у казахоязычных). Среди единичных примеров-ассоциаций к термину «отец» следующие: *«мертвец», «дом», «как гора», «машина», «сладости»* (группы с русским языком обучения) и *«глава семьи», «кормилец», «друг», «уважение и гордость»* (студенты из групп с казахским языком обучения).

Для полного описания образа родителя мужского пола мы обратились к анализу ответов, содержащих пословицы и поговорки о роли отца. Русскоязычные студенты приводили примеры, где упоминаются оба родителя: *«Отец – голова, мать – душа», «Отец – опора, мать – тепло»*. Среди ответов респондентов, обучающихся в казахских группах, наиболее частотны были такие выражения, как *«Әке – аскар тау» («Отец – неприступная гора»), «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» («Лучше пусть от отца останется дерево, чем богатство»), «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» («Что сделаешь отцу, то и к тебе вернется»).*

В ходе подсчета реакций к термину *Мать* нами также было выявлено совпадение при определении наиболее частотных ассоциаций. Участники эксперимента из русских и казахских групп при упоминании лексемы *Мать* указали слово *Забота* (15 и 23 соответственно). В числе одинаковых ассоциаций к образу родительницы оказались:

Любовь – 12/12 (рус.-каз.),
Тепло – 8/20 (рус.-каз.),
Нежность – 3/5(рус.-каз.),
Уют – 3/3(рус.-каз.).

Таким образом, ассоциативный анализ термина родства Мама показал наибольшее совпадение реакций, которые оставили анкетируемые из групп с русским и казахским языком обучения, что подчеркивает значимость матери и одинаковое трепетное отношение к ней у представителей разной национальности.

Среди малочисленных ассоциатов, возникших при упоминании слова-стимула мама, у русскоязычных респондентов оказались следующие: *«борщ, блины», «солнце», «руки», «хозяйка»*. Ответы казахоязычных анкетируемых содержали такие примеры, как: *«самоотверженность», «мудрость», «подруга», «дом»*.

С целью составления полного портрета образа матери нами был произведен анализ паремий, посвященных родительнице. Наиболее распространенными пословицами в студенческой среде выступили следующие выражения: *«Лучше матери друга не сыщешь», «Всякой матери дитя мило», «При солнышке тепло, при матери добро»; «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың», «Ағайын – алтау, ана – біреу», «Анасын көріп қызын ал»*. Содержание приведенных пословиц и выражений свидетельствует о важности матери, которая достойна уважения и почитания за ее воспитание, доброту, дружескую поддержку, а также является образцом настоящей женщины при выборе спутницы жизни.

Важное место в жизни человека, кроме его родителей, занимают брат и сестра. Данные термины в казахском языке имеют разное наименование, в зависимости от возраста и линии родства. В русском языке к лексемам брат/сестра добавляются определения старший/младший. В казахском языке для обозначения старшего брата используется слово аға, младшего – іні. При обращении к старшей сестре употребляется термин апа, младшей – қарыңдас, сіңлі.

Рассмотрим наиболее распространенные ассоциации к упомянутым лексемам.

Таблица 2 – Ассоциации к терминам боковой линии родства брат/сестра в русском и казахском языках

Брат / Аға, іні		**Сестра / апа, қарындас, сіңлі**	
Русская группа респондентов	**Казахская группа респондентов**	**Русская группа респондентов**	**Казахская группа респондентов**
Поддержка (12)	Поддержка (26)	Поддержка (6)	Доверие (19)
Защита / защитник (9)	Дружба (18)	Доверие (6)	Близость (16)
Дружба / друг (8)	Соперничество (4)	Секреты (4)	Понимание (8)
Помощь (4)	Защита (4)	Забота (4)	Нежность (7)
Любовь (3)	Опора, Сила (3)	Любовь (4)	Забота (3)

Анализируя реакции к термину *Брат*, мы также обнаружили ряд совпадений у анкетируемых из разноязычных групп обучения. Так, ассоциация *Поддержка*, по нашим подсчетам, заняла лидирующую позицию, вызвав реакцию у 26 респондентов из казахской группы и 12 респондентов из русской группы. На втором месте по числу отметивших оказалась лексема *Дружба* с 18-ю реакциями у казахоязычных студентов. Однако в группах с русским языком обучения данную ассоциацию указали всего лишь 8 человек. В состав одинаковых ассоциатов попало слово *Защита/защитник*, которое вызвало 9 реакций в группах с русским языком обучения и 4 – в группах с государственным языком обучения.

Среди малочисленных реакций к слову-стимулу брат встретились: *«сила», «гора», «веселье», «драки», «величайшая роскошь для мужчины – иметь брата», «избалованный ребёнок, который не хочет реализовывать свое будущее»* – среди русскоязычных анкетируемых. У опрашиваемых из казахских групп: *«соратник», «детство», «шутки», «игры», «ум», «доброта», «честность»*.

При анализе ассоциаций к лексеме родства *сестра* наше внимание привлекли образные выражения: *«Вторая половина луны», «цветок», «пустой кошелек»*, а также эпитеты-характеристики: *способная, творческая, милая, нежная, ранимая, ум, решимость*. Приведенные ответы дали студенты из русских групп. Среди запоминающихся реакций казахоязычных опрошенных: *«вторая мама», «лучшая подруга», «совместные тайны», «фотографии», «выпечки», красивая, послушная, капризная (иногда)*. Наиболее частотными ассоциациями стали *Доверие* (19) и *Близость* (16) (каз.), *Поддержка / Доверие* (6) (рус.).

О взаимоотношениях между братом и сестрой и их роли в жизни индивида свидетельствуют следующие выражения, отобранные из нашего опросника: *«Ағасы бардың – жағасы бар, Інісі бардың – тынысы бар» («Старший брат – опора, младший брат – подмога»), «Аға бар – бауыр аман» («Когда есть старший брат, младший будет в безопасности»), «Брат за брата горой», «Сестра милее всех, если других нет»*.

Этническая самобытность казахского этноса базируется на семипоколенной экзогамной структуре – *Жеті ата,* которая включала родственников по линии отца до седьмого колена. Этнограф Н. Алимбай, исследовавший особенности кочевой общины казахов, назвал упомянутое понятие «главным средством самоорганизации кочевого социума» [10, с. 318], которое, во-первых, способствовало организации крупной общины для сплочения рабочей силы в условиях кочевого образа жизни, а во-вторых, помогало избежать кровосмешения и сохранить генетическую чистоту.

Знание своей родословной являлось обязательным правилом нравственного воспитания тюрков, древней традицией, которая нашла отражение в пословицах разных народов:

каз.: *«Жеті атасын білмеу – жетімдіктің белгісі» («Незнание своих семи предков – признак сиротства»);*

кирг.: *«Жети атасын билбеген кул» («Кто не знает своих предков до седьмого колена, тот раб»);*

башк.: *«Ете быуынын белмәгән – етем» («Не знающий своих семи предков – сирота»).*

Данные выражения служат доказательством значимости генеалогического древа для представителей тюркского народа, для которых имена предков и их деяния составляли основу этнической идентичности.

Неотъемлемой частью понятия семья является Дом, где под одной крышей собираются люди, связанные родственными отношениями. Значимость данной лексемы подтверждают такие пословицы, как *«Үйің болса, күйің болады» или «Үйі жоқтың – күйі жоқ»*, смысл которых сводится к обретению семейного счастья при наличии жилища. Словообразование казахского слова үйлену («жениться») также напрямую зависит от слова *үй* («дом») и имеет дословный перевод: «обзавестись домом».

Кроме терминов родства, в вопрос, затрагивающий ассоциации, мы включили и лингвокультурему *Степь.*

По определению В. Воробьева, лингвокультуремой называется межуровневая языковая единица, сочетающая в себе денотативное значение и культурный смысл (образ жизни, традиции народа, его мировоззрение и стереотипы), что позволяет сохранить культурную память и передать культурный код [11, с. 127]. Являясь своеобразным ключевым маркером, лингвокультуремы становятся средством кодирования национальной идентичности и национального самосознания [12, с. 116].

Лингвокультурема «Дала/Степь» является базовым компонентом для понимания специфики казахской картины мира. Это многоаспектное культурно-историческое понятие, вобравшее в себя множество смыслов и ассоциаций, среди которых ключевым можно считать Дом, так как казахский кочевой народ строил свое жилище – юрту в степи. Степные просторы служили не только местом для проживания, но и создавали условия для выпаса скота, который в то время обеспечивал людей едой, одеждой, предметами быта. Суровые климатические условия закаляли характер казахского народа и воспитывали в нем свободолюбие, независимость, умение жить в гармонии с природой, сострадание к тем, кто остался без крова в степи или потерпел джут [13].

Гостеприимство и щедрость, отзывчивость и доброжелательность, являющиеся характерными чертами казахского этноса, также связаны с жизнью в степи, где кочевники нуждались в поддержке в трудных ситуациях. Как писала Г. С. Косымова, «степь олицетворяла не только физическую

территорию, но и культурное пространство... Именно в степи формировались основные черты национального сознания казахов» [14, с. 150].

Степь является многогранным понятием, наделенным ассоциациями с различной коннотацией. На основании результатов проведенного ассоциативного эксперимента нами были отобраны наиболее частотные ответы-реакции на слово-стимул Степь: «Дом» (42), «Казахстан» (37), «Юрта» (35), «Кочевка» (26), «бесконечная» (25), «необъятная» (24), «кеңдала» («бескрайняя степь») (22), «широкая степь» (20), «пестрая» (19), «айдала» («безлюдное пространство») (15).

На вопрос «Какие вы знаете пословицы, крылатые выражения, гле упоминается степь?» студенты смогли вспомнить только два выражения: *«Далада қалғанша, панада қал!» («Чем в степи оставаться, лучше найди укрытие!»), «Степь да степь кругом...»*. Первая фраза содержит совет и напоминает, что степь может таить опасность, особенно в непогоду. Второе выражение указывает на безграничность территории.

Образ степи занимает важное место в казахском фольклоре и литературе. Писатели и поэты пишут о ней, используя образные выражения: «Дала – менің отаным», «Дала – менің үйім», «Құдай берген дала», «Своя мать-кормилица», «Степь моя – колыбель настоящей весны».

В русской литературе образ степи был представлен в произведениях А. Пушкина, Н. Гоголя, А. Чехова, С. Есенина, М. Шолохова и др.:

«...и вдруг вся широкая степь…улыбнулась…» (А. Чехов);

«Степь уходила в бесконечную даль…» (И. Тургенев);

«Черт вас возьми, степи, как вы хороши!» (Н. Гоголь).

В русском языковом сознании степь ассоциируется с простором, безграничностью, волей, свободой, вызывая разные эмоции, от восхищения до трепета и страха перед стихией.

В казахской языковой картине мира степь воспринимается не только как широкая равнина, а имеет сакральное значение. Это родной дом казахского народа, священное место, хранящее память о предках, источник силы и символ мужественного, непокорного, свободолюбивого духа тюркского этноса.

После обретения Казахстаном независимости понятие степь приобрело масштабное значение. Лексема вошла в народное название страны – «Ұлы дала елі» (Страна Великой степи), став символом культурного возрождения и возвращения к корням.

Таким образом, лингвокультурема «Дала/Степь» имеет не только план содержания, но и содержит экстралингвистические элементы, которые способствуют формированию уникального культурного кода казахского народа, передающего его историческое и культурное наследие.

Выводы

Семья – это фундаментальная структура общества, построенная на кровных и свойственных отношениях, связанная общими обязанностями. В родственном клане совмещается прошлое (почитание предков, передача их заветов) и будущее (воспитание нового поколения).

Понятие семья имеет как универсальные, так и национально-специфические характеристики. Общее для изучаемых лингвокультур заключается в выполнении значимых функций как социальной ячейки. Отличительные черты проявляются в иерархии родственных отношений.

Пониманию национально-культурных различий, содержащихся в терминах родства, и познанию специфики национального характера способствует богатый паремиологический фонд русского и казахского языков. В пословицах и поговорках отражается история и культура народа, содержатся ценные советы, передается жизненный опыт.

Результаты ассоциативного эксперимента, проведенного в сопоставительном аспекте с использованием лингвокультурологического описания, позволили сделать вывод о наличии у ключевых родственных наименований этноспецифичных характеристик. Все это способствует формированию национальной языковой картины мира, отражению мировоззрения этноса посредством различных лингвокультурных единиц.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Қазақтың мақал-мәтелдері / Жинап, құрастырған А. Т. Смайлова. – Алматы : «Көшпенділер баспасы», 2012. – 280-б.

2 1000 русских пословиц и поговорок / Сост. В. И. Даль, А. Н. Филиппов. – М. : Рипол Классик, 2010. – 346 с.

3 **Karagulova, B. S., Mulkamanova, A. Z., Salikhova, A., Vakhitova, T. F., Kadyrova, B. M.** The Linguocultural Feature of Phraseological Units of Kinship Terms (on the Materials of Kazakh, Russian, and English Languages) [Text] // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7. – P. 830–842.

4 **Read Dwight, W.** (2013). A New Approach to Forming a Typology of Kinship Terminology Systems : From Morgan and Murdock to the Present // Structure and Dynamics. [Electronic resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/260286245 (Дата обращения: 29.03.2026)

5 **Трубачев, О. Н.** История славянских терминов родства и некоторых древнейших терминов общественного строя [Текст]. – М. : Изд-во Академии наук СССР, 1959. – 202 с.

6 **Морган, Л. Г.** Древнее общество [Текст]. – М. : Рипол Классик, 2013. – 374 с.

7 **Wierzbicka, Anna.** The meaning of kinship terms: a developmental and cross-linguistic perspective. In Zhengdao Ye (ed.) [Text] // The Semantics of Nouns. – Oxford : Oxford University Press, 2017. – P. 19–62.

8 **Залевская, А. А.** Психолингвистические проблемы семиозиса [Текст] // Вопросы психолингвистики. – 2016. – № 3. – С. 93–103

9 **Дмитрюк, Н. В., Арынбаева, Р. А.** Ядро языкового сознания этноса в диахроническом аспекте : казахские ассоциативные словари [Текст] // Полилингвиальность и транскультурные практики. – 2020. – № 1. – С. 8–19.

10 **Алимбай, Н.** Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции [Текст] // Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена. – 2009. – № 96. – С. 317–326.

11 **Воробьев, В. В.** Лингвокультурология [Текст] – М. : Изд-во РУДН, 2008. – 340 с.

12 **Ногайбаева, Д. Т.** Компонентный анализ казахской системы терминов родства и проблемы ее типологического измерения [Текст] // Journal of history. – 2020. – № 3. – С. 115–121

13 **Mayes, E.** (2022) Secrets of the Steppe / E. Mayers // The Cambridge Language. [Electronic resource]. – URL: https://www.thecambridgelanguagecollective.com/columns?author=635520802a2a3d71105e6b52 (Дата обращения: 15.04.2026).

14 **Косымова, Г. С.** Концепт «степь» в мировоззрении кочевников [Текст] // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана, серия «Филологические науки». – 2022. – № 1. – С. 145–158.

REFERENCES

1 Kazaktyng makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] / Compiled by A. T. Smailova. – Almaty : Koshpendiler, 2012. – 280 p.

2 1000 russkikh poslovits i pogovorok [1000 Russian proverbs and sayings] / Compiled by V. I. Dahl, A. N. Filippov. – Moscow : Ripol Klassik, 2010. – 346 p.

3 **Karagulova, B. S., Mulkamanova, A. Z., Salikhova, A., Vakhitova, T. F., Kadyrova, B. M.** The Linguocultural Feature of Phraseological Units of Kinship Terms (on the Materials of Kazakh, Russian, and English Languages) [Text] // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7. – P. 830–842.

4 **Read Dwight, W.** A New Approach to Forming a Typology of Kinship Terminology Systems : From Morgan and Murdock to the Present // Structure and Dynamics. – 2013. [Electronic resource]. – Available at: https://www.researchgate.net/publication/260286245 (Accessed: 29.03.2026)

5 **Trubachev, O. N.** Isstoriya slavyanskikh terminov rodstva i nekotorykh drevneishikh terminov obschestvennogo stroya [History of Slavic terms of kinship

and some ancient terms of social order]. – Moscow : Akademyz nauk SSSR, 1959. – 202 p.

6 **Morgan, L. G.** Drevnee obschestvo [Text] – Moscow : Ripol Klassik. – 2013. – 374 p.

7 **Wierzbicka, A.** The meaning of kinship terms: a developmental and cross-linguistic perspective. In Zhengdao Ye (ed.) // The Semantics of Nouns. – Oxford: Oxford University Press, 2017. – P. 19–62.

8 **Zalevskaya, A. A.** Psikholingvisticheskiye problem semiozisa [Psycholinguistic problems of semiosis] // Voprosy psixolingvistiki. – 2016. – № 3. – P. 93–103

9 **Dmitryuk, N. V., Arynbayeva, R. A.** Yadro yazykovogo soznaniya etnosa v diakhronicheskom aspekte: kazakhskie associativnye slovari [The core of the linguistic consciousness of an ethnic group in a diachronic aspect: Kazakh associative dictionaries] // Multilingualism and transcultural practices. – 2020. – № 1. – P. 8–19.

10 **Alimbai, N.** Kochevaya obschina kazakhov: problemy etnosotsiologicheskoi rekonstruktcii [The nomadic community of Kazakhs: problems of ethnosociological reconstruction] // Bulletin of the Herzen State Pedagogical University of Russia. – 2009. – № 96. – P. 317–326.

11 **Vorobev, V. V.** Lingvokulturologiya [Linguoculturology]. – Moscow : RUDN. – 2008. – 340 p.

12 **Nogaibayeva, D. T.** Komponentnyi analiz kazakhskoi sistemy` terminov rodstva i problemy ee tipologicheskogo izmereniya [Component analysis of the Kazakh system of kinship terms and problems of its typological measurement] // Journal of history. – 2020. – № 3. – P. 115–121.

13 **Mayes, E.** Secrets of the Steppe // The Cambridge Language. [Electronic resource]. – 2022. – Available at: https://www.thecambridgelanguagecollective.com/columns?author=635520802a2a3d71105e6b52 (Accessed: 15.04.2026).

14 **Kosymova, G. S.** Koncept «step» v mirovozzrenii kochevnikov [The concept of «steppe» in the worldview of nomads] // Bulletin of the the KazUMR and WL named after Ablai Khan, series «Philological Sciences». – 2022. – № 1. – P. 145–158.

Поступило в редакцию 01.07.26.
Поступило с исправлениями 10.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

**Т. Ф. Вахитова[1], З. Г. Утешова[2], С. С. Мухтарова[3]*
[1,2,3]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.
01.07.26 ж. баспаға түсті.
10.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ТУЫСТЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАЛА ЛИНГВОКУЛЬТУРЕМАСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ: АССОЦИАТИВТІК ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада лингвокультурологиялық талдауды қолдана отырып, ассоциативтік эксперимент материалы бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі негізгі туыстық терминдерді салыстырмалы зерттеу ұсынылған. Зерттеу объектісі ретінде туыстық терминдерді таңдау төмендегідей бірнеше факторларға байланысты болды: аталған лексикалық топтың ежелгі шығу тегі, оның кез келген тілдің лексикалық жүйесінің өзегіне жататындығы, сөйлеуде ұлттық-мәдени ақпаратты жеткізуші ретінде қызмет ететіндігі. Туыстық атаулар белгілі бір этностың отбасылық қатынастарының ерекшелігі, отбасы өмірінің мәдени-тарихи тәжірибесі туралы түсінік береді.

Отбасы ұғымы туысқан адамдардың үйімен-тұратын жерімен тығыз байланысты болғандықтан, авторлар Қазақстан халқының ұлттық санасында маңызды орын алатын Степь/Дала лингвокультуремасын талдады. Бұл көлемді, тарихи сипатқа ие ұғым этникалық таңбаланған сипаттарға ие бола отырып, халықтың өзіндік менталитеті мен құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Туыстық терминдердің жалпы, әмбебап және ерекше, ұлттық-спецификалық сипаттамаларын анықтау мақал-мәтел материалдары бойынша жүргізілді. Халықтық даналықтың тарихи қалыптасқан қоры түрлі лингвокультуралар өкілдерінің мінез-құлық нормаларын, стереотиптер жүйесін бейнелейді, әлемнің ұлттық бейнесінің өзіндік ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді. Паремиологиялық бірліктер мәдени дәстүрлер мен этикет нормаларының трансляторлары ретінде қызмет етеді, сондай-ақ этномәдени кодты түсінуге ықпал етеді.

Кілтті сөздер: туыстық терминдер, паремиялар, туыстық қатынастар, әлем бейнесі, ұлттық сана, лингвомәдениеттану, ассоциативті-салыстырмалы әдіс.

*T. F. Vakhitova[1], Z. G. Uteshova[2], S. S. Mukhtarova[3]
[1,2,3]K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.
Received 01.07.26.
Received in revised form 10.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

KINSHIP TERMS AND ITS RELATIONSHIP TO THE LINGUOCULTUREME «STEPPE»: AN ASSOCIATIVE AND COMPARATIVE ANALYSIS

The article presents a comparative study of key Kazakh and Russian kinship terms based on data obtained through an associative experiment, employing a linguocultural analytical framework. The selection of kinship terminology as the object of study is motivated by several factors: the ancient origin of this lexical group, its status as part of the core vocabulary of any language, and its functioning in discourse as a carrier of national and cultural information. Kinship designations provide insight into the specific features of family relations as well as the cultural and historical experience of family life within a given ethnic community.

Given that the concept of the family is inseparably linked to the home as the place where related individuals reside, the authors analyze the linguocultureme Steppe/Dala, which occupies a significant place in the national consciousness of the people of Kazakhstan. This concept, broad in scope and historical in nature, possesses ethnically marked features that make it possible to understand the distinctiveness of the national mentality and value system.

The identification of common, universal, and distinctive, nationally specific characteristics of kinship terms was carried out on the basis of proverbs and sayings. This historically established corpus of folk wisdom reflects systems of stereotypes and behavioral norms characteristic of different linguocultures and makes it possible to reveal the specificity of the national worldview. Paremiological units function as transmitters of cultural traditions and etiquette norms, and they also facilitate the interpretation of the ethnocultural code.

Keywords: kinship terms, paremiae (proverbs and sayings), kinship relations, worldview, national consciousness, linguocultural studies, associative-comparative method.

ҒТАМР 17.82.30

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/277-290

А. М. Жорашова[1], С. Ш. Айтуганова[2]
[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6984-4779
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7619-4310
*e-mail: ayzhan.zhorashova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БАЯНДАУ КОМПОЗИЦИЯСЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР (А. АЛТАЙ, Р. МҰҚАНОВА, Д. АМАНТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы баяндау композициясының құрылымдық ерекшеліктері мен көркемдік тәсілдері А. Алтайдың «Түсік» және «Казино» әңгімелері, Р. Мұқановаңың «Өзің» және «Композитор» әңгімелері, сондай-ақ Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романын талдау негізінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтіндегі автор мен нарратор тұлғасын, баяндаудың логикалық құрылымын, автор қолданған көркемдік тәсілдердің ерекшелігін саралап, нарратологиялық призмадан зерделеу. Қазіргі қазақ прозасының стильдік ерекшеліктері мен нарративтік жүйесіне талдау жасау.

Зерттеу жұмысы нарратология, поэтикалық талдау, құрылымдық-семантикалық сараптама және салыстырмалы талдау әдістеріне сүйеніп жүргізілді. Автор қазіргі қазақ прозасындағы баяндаудың көпқырлы типтерін, олардың композициялық жүйедегі қызметін, мәтіннің көркемдік тұтастығын қалыптастырудағы рөлін айқындауды мақсат етеді. Нәтижесінде, әр жазушының баяндау моделіндегі ерекшеліктері, баяндаушының позициясы, кейіпкер-сана ағымы, хронотоп пен композициялық шешімдердің жаңашыл сипаттары анықталды. Зерттеу қорытындылары қазіргі қазақ прозасының нарративтік ізденістерінде ішкі монолог, сана ағымы, полифониялық баяндау және фрагментарлық композициялық шешімдердің кеңінен қолданылатынын көрсетеді.

Зерттеуде Ж. Женетт, К. Бремон, В. Шмид және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріндегі баяндау теориясы туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Кілтті сөздер: баяндау композициясы, наррация, авторлық интенция, нарратив түрлері, көркем мәтін, фрагменттік композиция.

Кіріспе

Баяндау композициясы – көркем мәтіннің композициялық тұтасығын негіздеп біріктіруші, ұйымдастырушы категориялық бірліктің ең негізі. Автор – көркем әлемді құрастырушы жасампаз тұлға. Шығарманың әрбір эпизодынан көрініс табатын автордың тұлғасы әр шығармада өзіндік баяндау стилі мен тәсілін құрып баяндау композициясын түзеді. Әрбір көркем мәтіндегі баяндау құрылымы ерекше болғанымен ортақ әдіс-тәсілдер де бар.

Қаламгер көркем туындының құрылымын құруда қандай тәсілге жүгінетінін алдын ала жоспарлайтыны анық. Авторлық баяндаудың қалыптасқан екі түрлі формасы бар. Дәстүрлі бірінші жақтан (мен) баяндау, әдебиеттану ғылымында «әңгімелеуші», «әңгімеші» деген терминдермен ұсынылады және үшінші жақтан (ол) баяндау, «баяншы» немесе «баяндаушы» деп беріледі.

Жалпы авторлық дискурс, баяндау стилі, тәсілі туралы орыс әдебиеттану ғылымында М. Бахтин («полифония теориясы» 1929), В. Виноградов («автор образы» 1971), Б. Корман («концептіленген автор» 1977), В. Хализев («мәтіндегі автор рөлі» 2005) сияқты зерттеулер маңызды орын алды. Сонымен қатар, Мәскеу-Тарту мектебінің өкілдері Ю. Лотман («семиотикалық кодтар» 1970), Б. Успенский («композиция поэтикасы» 1970), М. Каспаров («дәстүрлі тәжірибені пайдаланушы» 1984), В. Топоров («мифологиялық кодтарды тасымалдаушы» 1995), В. Иванов («мифопоэтикалық архетип» 1999) және басқалары өз тұжырымдарымен баяндау теориясының қалыптасуы мен дамуына үлес қосты. Батыс әдебиеттану ғылымында нақтырақ айтсақ постструктуралист ғалымдар Р. Барт («автор өлімі» 1967), Ц. Тодоров («құрылымдаушы күш» 1969), Ж. Женетт («баяндау дискурсы» 1972), В. Шмид («нарративтік модель» 2003) және тағы да басқалары баяндау тәсілдері мен нарратологиялық теорияның дамуына айтарлықтай ықпал етті. Айта кету керек, нарратология (баяндау теориясы) ғылымының бастауы 1920 жылдан бастап формализм мектебінің өкілдері – В. Шкловский, Б. Томашевский, В. Пропп, Б. Эйхенбаум зерттеулерімен тығыз байланысты.

Қазақ әдебиеттануында А. Байтұрсынұлы баяндау теориясына қатысты салмақты пікірлер білдірді. «Толғаушы», «сарындаушы», «әуезелеуші» [1] т.б. атаулар арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктеріне яки баяндаушы,

әңгімелеуші, баяндаушы-қаһарман позицияларын анық айқындап жазушының шығармашылық тұлғасын таныта алатын ұғымдармен көрсеткен болатын.

Әдеби сыншы А. Сүлейменов: «Парадокс: заман-заманнан бері прозаның идеялық өзегі де, герой да өзгеріп келеді, ал баяндау формасы – жоқ. Гомерден бері 25–28 ғасырды тарих тасқыны ағызып кетті, баяндауға байланысты біздің біліміз «мен» мен «ол» ғана» [2; 5-б.] – дейді.

Баяндау теориясының ғылыми негізі XX ғасырдың басында қалыптасқанымен авторлық баяндау (аңыздық, ертегілік, жыр-дастан үлгісіндегі баяндау т.б.) түрлері әдеби тектің жанр ретінде түзіліп пайда болуымен тығыз байланыста дамыды. Эпостық жанрдың кез келген үлгісінде белгілі бір сюжетті жеткізуші тұлғаның наррацияға жүгінетіні анық. Автор оқиғаны әңгімелеп не баяндап беруде диалог, ішкі монолог немесе сипаттау, суреттеу, пайымдау, сана ағымы, психологизм, символизм, ретроспекция сынды тәсілдер арқылы баяндау композициясын құрады. Дәстүрлі баяндау үлгілері қазіргі әдебиетте қаншалықты өзгеріске ұшырап, ерекшелене түскендігін салыстырып жүйелі зерттеу бүгінгі әдебиеттану ғылымы үшін маңызды болмақ.

Осы мәселені ескере отырып, зерттеу қазіргі қазақ прозасындағы баяндау композициясын А. Алтай, Р. Мұқанова және Д. Амантай шығармалары негізінде кешенді түрде талдаумен ерекшеленеді. Зерттеу нарративтік-композициялық тұрғыдан салыстырмалы талдау жүргізу арқылы бұрынғы зерттеулерді толықтырады. Сонымен қатар, фрагменттік баяндау, метабаяндау және полифониялық құрылымдардың қолданылуы жүйелі түрде қарастырылып, қазіргі прозаның көркемдік тұтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің теориялық негізінде батыс, орыс, қазақ әдебиеттану ғылымындағы нарратология, автор теориясы туралы ғылыми тұжырымдар салыстырылып, жинақтау тұрғысынан қарастыру қағидаты басшылыққа алынды.

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі жазушылар А. Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантайдың шығармалары алынды. Көркем мәтіндегі баяндау композициясындағы автор мен нарратор тұлғасы, олардың тұтастығын танытатын эпизодтар, тілдік элементтер, детальдар қарастырылып талданды. Зерттеуде анализ және синтез, салыстыру, жүйелеу, тұжырымдау, семиотикалық талдау сияқты ғылыми танымдық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Көркем мәтін құрылымындағы автордың баяндау қызметіне қатысты әдебиеттанушы ғалым Т. Есембеков: «Баяндаушы мен әңгімелеуші – көркем мәтіндегі құқықтары ұқсас, мүмкіндіктері әртүрлі негіздер дегенге тоқтау

керек. Мәселе мынада: бұлар – автордың мәтіндегі әртүрлі версиялары» [3, 173-б.] деген болатын. Авторлық дискурстың ең негізгі элементі нарратор (баяндаушы немесе әңгімелеуші) өзіне берілген жүкті қаншалықты орындай алғандығын тек автордың өзі біле алады. Оқырман – тек дайын көркем мәтінді қабылдаушы реципиент. Сондықтан да, олар автордың мәтіндегі әртүрлі версиялары деген тұжырыммен толық келісуге болады.

В. Шмид «Нарратология» (2008) еңбегінде автордың баяндау типтерін бірнеше категорияға бөледі. Оның пайымдауынша, баяндау стилі мен тәсілі негізінен автор мен нарратордың өзара қатынасына байланысты қалыптасады. Ғалым баяндауды екі негізгі типке бөледі:

1. ***Парадигмалық баяндау (paradigmatic narration)*** – бұл типте баяндау автор мен нарратордың ықпалдасуы арқылы белгілі бір нормалар мен үлгілерге сүйенеді. Яғни, баяндаушы оқиғаға сырттай бақылаушы ретінде қатысады, автордың шығармашылық бейнесін нақты көрсетеді.

2. ***Синтагмалық баяндау (syntagmatic narration)*** – мұнда баяндау сюжеттік құрылымға жақын, оқиға желісінің дамуына бағытталған. Нарратор оқиғаны жеткізуші ретінде белсенді рөл атқарады, баяндаудың композициялық тұтастығын қамтамасыз етеді [4, 50-55-б.]. Баяндау дискурсындағы парадигмалық және синтагмалық нарратив көпшілікке таныс бірінші және үшінші жақтағы немесе баяндаушы мен әңгімелеуші екендігі мәлім.

Сонымен қатар, В. Шмидтің «Narratology An Introduction» (2010) еңбегінде баяндаудың мынадай аспектілерін атап өтеді:

• *Баяндаушының көрінісі мен дәрежесі* – баяндаушы оқиғаның, көркем әлемнің ішіндегі баға беруші ме, әлде сырттай баяндайтын бақылаушы ма?

• *Баяндаудағы уақыт құрылымы* – баяндаудың хронологиялық немесе ретроспективтік категориясы;

• *Баяндаудың тілдік ерекшеліктері* – автордың стилі мен нарратордың дауыс ырғағы арасындағы үйлесімділік [5].

Автордың нарациялық қызметін жан-жақты талдап, баяндау дискурсын ғылыми негіздеген белгілі постструктуралист ғалым Ж.Женеттің «Фигуры III» (1972) еңбегіне сүйенсек, баяндау – бұл үлкен парадигмалық жүйе. Автордың баяндайтын оқиғасы мен баяндалатын уақыт категориялары ең маңызды компоненттер, себебі баяндау дискурсы осы аспектілерге негізделген.

Ж. Женетт баяндаудың уақыт жүйесі бойынша ретіне, ұзақтығына және жиілігіне жіті мән беріп маңызды тұжырымдар ұсынады. Оларды төмендегідей кестемен ұсынуға болады.

1-кесте – Баяндау категориялары

Категория	Сұрақ	Түрлері
Баяндалу реті	Оқиға, сюжеттер қандай сегменттер бойынша орналасқан?	Анахрония, аналепсис, пролепсис
Баяндалу ұзақтығы	Оқиға, сюжеттер, қанша уақыт баяндалады?	Анизохронии, резюме, сахна (сцена), пауза, эллипсис
Баяндау жиілігі	Қанша рет баяндалады? Жилігі қандай?	Сингулятивті, итеративті, мультипликативті

Баяндаудың қалыптасқан екі түрлі формасына Ж. Женетт грамматикалық ұғыммен («мен», «ол») емес, баяндалатын оқиғаға қатысты нарратордың қатысым деңгейі тұрғысынан қарастырады. Бұл тұрғыдан келгенде ғалым баяндаудың бірінші формасын гомодиегетикалық, яғни нарратор баяндалған оқиғада кейіпкерлердің бірі ретінде қатысуы және нарратор оқиғаға қатыспай тек тысқары тұрып бақылаушы ретінде көрінуін *гетеродиегетикалық* деп атайды. Ал автордың өз шығармасында басты кейіпкер ретінде баяндауын *автодиегетикалық* – ең жоғарғы деңгей деп түсіндіреді [6].

Сонымен В. Шмид пен Ж. Женетт баяндау мен баяндаушының позициясына, уақыт категориясы мен ішкі дауыс қатынастарына баса назар аударса, К. Бремон баяндаудың құрылымдық-композициялық жағын, әсіресе сюжеттік дамудың ішкі логикасын зерттеуге ден қойған.

К. Бремон В. Пропптың ертегі құрылымын зерттеген семиотикалық әдісінің негізінде барлық нарратив үшін әмбебап функциялар мен құрылымдық заңдарды анықтауды көздеді. Ол нарративтің «логикалық мүмкіндіктер картасын» сызып, авторлық шешімдер арқылы қалыптасатын мүмкін болатын жолдарды зерттеді.

Нарратология ғылымындағы К. Бремон еңбегінің басты ерекшелігі – құрылымдық заңдылықтар мен автордың (нарация үдерісінде) таңдау мүмкіндіктері арасындағы шиеленісті көрсетуінде еді. Ол нарративті статистикалық реттілік емес, таңдау желісі ретінде көреді. Әр функциядан кейін автор «іс-әрекетті іске асыру немесе асырмау» шешімін қабылдай отырып, оқиғаны түрлі жолмен дамыта алатындығын айтады. Ал әрбір функция үш фазадан тұрады:

1-фаза – әрекет мүмкіндігі

2-фаза – әрекетті орындау

3-фаза – сәттілік немесе сәтсіздік, яғни іске асқан немесе асырылмай қалған әрекеттің нәтижесі [7, 109-б.]

Жалпы алғанда В. Пропп орыс ертегілерінен бастап құрылымдық анализ жасап әлемде сюжеттері қайталанатын, ортақ сюжетті ертегілердің

болатындығы туралы тұжырым жасады. Ортақ композициялық сюжеттерді жүйеледі және жаңаша бастаманың негізін жасады. Семиотик ғалым ретінде К. Бремон да нарративтің осындай жүйесін жасағысы келгені анық. Алайда, ертегінің танымдық ерекшелігін ескерсек бұл жанр адамзаттың барлығына ортақ мифтік санадан туындады. Ал қазіргі әңгімелер керісінше авторлық сананың, көзқарасының әрқилы болуына қарай құбылып отырады. Сондықтан баяндаудың ортақ грамматикалық жүйесін жасау қаншалықты қисынды болды деген ой туындауы мүмкін. Әрине, К. Бремон барлық нарратив үшін әмбебап функциялар мен құрылымдық заңдарды анықтауды көздеді және ол нәтижелі болды деп айта аламыз. Оның баяндау логикасының жүйесі иілгіш, барлық нарративтерді қамтитын құрылымға негізделді. Сонымен қатар, әр сатыда автордың таңдауы арқылы тармақталатын оқиғалар және авторлық әртүрлілікті ішкі логика шеңберінде үйлестіре алуын көрсетті.

К. Бремон автор мен нарратордың функциялық ерекшеліктеріне де құрылымды түрде қарады. Ол нарраторға «басқарушылық құқық» берді. Б. Бремон пікірінше нарратор әр функциядан кейін оқиғаның бағытын таңдай алады: виртуалды күйін жалғастырады немесе іске асырады, нақты нәтижені баяндауы да немесе тоқтатуы да мүмкін. Нарратор процесті модельдейді, бірақ онда автордың жалпы көзқарасы мен мақсаты да бар. Оны оқиға құрылымының «қозғалтқыш күші» деп тұжырымдайды [8].

Нарратология ғылымында автор мен нарратордың ара жігін әлі де кеңірек зерттеу талап етіледі. Р. Барт «Автор өлімі» (1967), М. Фуко «Автор деген не?» (1969) сынды полемикалық тұжырымдар ұсынса, семиотик ғалымдардың біршамасы автор бағыт беруші, нарратор жалғастырушы, логикалық бірізділікті дамытушы ретінде қарайды. Автордың көзқарасы, идеялық, стилистикалық жүйесі көркем мәтін дискурсында көрініс табады, сондықтан да поструктуралист ғалымдардың негізгі функцияны жазу, мәтінге беруі де түсінікті. Бірақ, бұл жүйені іске асырып жатқан негізгі жасампаз тұлға автор, яки қаламгердің өзі. Сондықтан да, олардың ара жігін алшақтатудың қажеті жоқ деп білеміз.

Қазіргі қазақ прозасы жанрлық және стильдік тұрғыдан жаңарып, баяндау формалары мен композициялық құрылымдарда тың ізденістерге жол ашып отыр. Әдеби шығарманың көркемдік табиғатын терең түсіну үшін оның баяндау жүйесі мен композициясы басты назарда болуы тиіс. Баяндау формасының өзгеруі мен құрылымдық ерекшеліктер – жазушының идеялық-көркемдік бағытын, авторлық интенциясын айқындайтын маңызды элементтер.

Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік тәсілдер – автордың баяндау формасы мен композиция құрудағы ізденісін айқындайтын басты негіздер. Баяндау мен композициялық құрылым өзара сабақтасып, кейіпкер психологиясын, мәнмәтіндік негізін, авторлық ұстанымын жеткізеді. Мұнда психологизм, ішкі монолог, символ, ретроспекция сияқты тәсілдер кеңінен қолданылады.

Мәселен, бүгінгі қазақ прозасының көрнекті өкілі А. Алтайдың әңгімелері өзіндік баяндау композициясымен ерекшеленеді. Жазушының «Түсік» әңгімесінде автор психологизм, сана ағымын, ретроспекциялық тәсілдермен ерекше баяндау жүйесін құрған.

Әңгіме гетеродиегетикалық нарратор, яғни үшінші жақтан баяндалады. Бірақ гетеродиегетикалық нарратор оқиғаның барлығын көруші, кейіпкердің ішкі психологиясын жеткізуші «бәрін білуші нарратор» тұлғасында қызмет етеді.

Басты кейіпкер өзі жасаған қателіктің құрбаны бола жаздап, жатырға түсік болып түседі. Түс көру тәсілін сәтті пайдаланған автор кейіпкердің сана ағымын, қорқыныш сезімін, өліммен бет-бет келудің, жанның тұрақсыздығын шынайы бейнелеген. Әрбір риторикалық сауалдар арқылы тәңір алдындағы күнәларын сезінген кейіпкердің санасына толассыз ойлар келеді. Әңгіме бүгінгі қоғамның ащы шындығын көрсетіп, заман бейнесін аша түседі. Басты кейіпкер Бибол арқылы ер азаматтардың ез болып бара жатқан образын көркем бейнелеген.

Әңгіменің баяндау композициясы қайталау, түс көру және поэтикалық тәсілдерге құрылған. «Түлен түртті пендені…» [9, 124-б.] – деп басталатын баяндау әңгіме соңында да «Ол түлен түртіп оянғанын түсінді» [9, 134-б.] – деп аяқталады. Мұндай қайталау композициялық құрылымды түрлендіре түскен. Сонымен қатар, автор жатыр ішіндегі тажал түсікке қатысты эпизодта өлең жолдары арқылы нарративті күрделендіре түседі. Бұл поэтикалық тәсіл фольклорлық сарынның интерпретацияланған көркем үлгісі болмақ, себебі кейіпкер жаны қиналғанда сәби кезіндегі санасына сіңген сөз оралымдары оралады. Ол оралымдар ертегідегі мыстан кемпір мен Ерназар арасындағы диалогті еске салады. Автор баяндауда интермәтіндік құрылымды да жақсы пайдаланғанын көреміз.

Ал жазушының «Казино» әңгімесінде автор қоғамдағы құдайсыз, имансыздарға қатысты тақырыпты қозғайды. Әңгіменің басты кейіпкері ата-анасына жатбауыр болған Жошы образы арқылы бүгінгі қоғам шындығын көретініміз анық. Себебі әңгімеде нашақорлық, казино, құмарлық, арам ақша т.б. мәселелер көрініс тапқан. Кейіпкер есімдерінен де авторлық интенцияны көреміз. Тарих сахнасындағы Жошы мен бүгінгі күннің Жошысы, олардың айырмашылығы, контраст, паррадокс.

Әңгіме үшінші жақтан баяндалады. Гетеродиегетикалық нарратор оқиғадан тысқары тұрушы, бақылаушы тұлғасында. Баяндау алты бөлімнен тұрады. Баяндау композициясында ретроспекциялық тәсіл, ішкі монолог, символдық белгілер көркем сабақтасып берілген. «Сайтан-сапалақпен» кейіпкердің ішкі болмысы талас-тартысқа түскен әрбір эпизодтарда автор «будан ұрпақтың» ішкі психологиясын жақсы көрсете білген.

Жазушы Р. Мұқановаңың «Өзің» әңгімесінде де баяндау композициясы ерекшеленген. Бұл әңгіме қазақ әдебиетінде баяндаудың жаңаша бір

формасын түзеді. Екінші жақтан баяндалған әңгіме суретші кейіпкермен диалог түзіп шығарманың тұтас композициясын құрады. Автор бұл әңгіменің кіріспесінде кімге арнағандығын әдейілеп көрсеткен. Екі өнер адамының диалогі. Бірі – ұлы суретші, бірі – жас өнер адамы. Әңгімеде нарратордың екі тұлғасы көрініс тапқан. «Бірінші» және «екінші» жақтан баяндау. Екінші жақтан баяндайтын нарратор тұлғасы авторға жақын болса, бірінші жақтан баяндайтын нарратор көбінде кейіпкердің пайымдауларынан тұрады. Автор нарратордың «мен» және «сен» тұлғасын көркем үйлестіре білген .

«Өзің» деп аталатын әңгімесінде өнер адамының психолгиясы, ішкі дүниесі, толғаныстары мен түрлі сезімдерін жазады. Жазушы оқиғаны, идеяны ашу үшін алдымен адамның жан дүниесін ашып, шығарманы психологиялық тақырыпқа құрады» [10, 55-б.].

«– Сен маған жұмбақсың.

Таңдана қарап қалдың да:

Талай айттым емес пе? – деді сыбырлап. – Леонардо да Винчидің жердегі жанымын. Қиялым мен сезімім Көктің иелігінде. Мен алатын мәлімет те сол жақтан. Ол да Көкте… Леонардо да Винчиді айтам» [11, 24-б.]. Ұлы өнер адамының ішкі күйін суреттеуде автор психологизммен қатар қайталау тәсілін де ұтымды пайдаланған. Әңгімеде «Өзің», «Сен», «Мен» сөздері жиі қайталанады. Басы артық кейіпкері жоқ бұл әңгіменің басқа шығармалардан ерекшелігі де осында. «Мен» мен «Сеннің» үйлесім тауып баяндау композициясын құруы.

Қаламгердің «Композитор» әңгімесі де өнер тақырыбына арналған туындылардың бірі. Өнер адамының жер бетіне сыймай бұл дүниеден баз кешуін, ұлы өнер иесінің психологиясын ерекше суреттейді. Әңгіме гетеродиегетикалық нарратордың баяндауына құрылған. Ретроспекциялық тәсіл арқылы кейіпкер санасында өткен оқиғалар еске оралып, қазіргі ішкі күйімен сабақтасып баяндалады. Авторлық позиция саф таза құдіретті өнерді сақтап қалудың қаншалықты қиын екендігін, адамзаттың ішінде пендешілікке салынып өнерге қиянат жасалудың қандай болатындығынан көрінеді.

Әңгімеде аты аталатын бір ғана кейіпкер бар.Ол – композитордың музасы Айжарқын. Композиторға шабыт беретін де, оның құрдымға кетуіне себепкер болатын да өзі. Махаббаттың құрбаны болған өнер иесі ішкілікке салынып бойындағы өнерге деген құрметін жоғалтып алады. Адасушылық, өзін-өзі жоғалтқан тұлға – бүгінгі қоғамның басты мәселелерінің бірі.

Екі шығармада да автордың ерекше нарративтік стилі көрінеді. Ішкі монолог, көркем деталь, бөлшектенген сана, метафоралық образдар көркем мәтіннің баяндау композициясын құрылымдап, автор мен нарратордың ара жігін бірде алшақ, бірде жақындастыра түседі.

Жазушы Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романындағы авторлық баяндаудан қазіргі прозаға тән постмодернисттік сарынды көреміз. Автор мейілінше шығарманың композициясын еркін құрылымға негіздеп, жаңаша формада ұсынған. Шығарма композициясы үш бөлімнен тұрады. Бір-бірімен байланысу дәрежесі әртүрлі оқиғалар легі оқырманды шатастыруы мүмкін, алайда басты кейіпкердің айналасындағы болып жатқан құбылыстар арқылы сюжеттер арасындағы ортақ композициялық құрылымды көреміз.

Романның екінші бөліміндегі «жиырма бес» жырдан тұратын түркі халқының жер бетінде пайда болуы туралы бөлімде автор тұтас барлық ойды жай сөйлемдермен «үтір» арқылы беріп, ең соңында бір ғана «нүктені» қояды. Тұтас жыр сюжеті тізбектеліп үлкен бір құрылым түзеді. Сонымен қатар, бөлме ішін сипаттауда гүлдердің аттары мен кітаптардың, жазушылардың тізімдерін ұсынады. Бұл қазақ әдебиетінде бұрын кездесе бермейтін жаңаша бір форманың үлгісі болмақ деп білеміз.

Шығармада нарратордың екі түрлі қызмет атқарғанын көреміз. Біріншісінде Әлішер және оның айналасындағы болып жатқан оқиғаны жеткізсе, екіншісінде кейіпкердің жазып жатқан шығармасындағы баяндаушы нарратор. Мұндай нарратордың қызметін сембиоз нарратор деп айтуға болады, яғни баяндау құрылымында бірнеше функцияны атқарушы тұлға. Гетеродиегетикалық нарратор оқиғадан тысқары тұрса да, айналадағы болып жатқан оқиғаға қатысты пікірін, позициясын көрсететін тұстары да бар. Әсіресе «Автор» тақырыбында жазушылық өнер туралы өз тұжырымын білдіретін нарраторды анық көреміз. «Автор қайтыс болды. Ежелгі заманда кітаптардың авторы тасадан көрінбеуші еді, өнегелі классикалық кезеңде қолжазбаның артынан қаламгер қара көрсете бастады, енді бүгін жазушы қайыра көз жұмды. Кез келген мәтін – азаттықты аңсап, тырнақшаны тастап шыққан басқаның беймаза аласапыран ойы.

Мәтін иесіз өз бетінше өмір сүре береді. Адамның қолынан туған әрбір оқшау мәтін – бір-біріне әрі ұқсамайды, әрі тарихта бұрын сан мәрте қайталанған, ежелден келе жатқан көшпелі көзтаныс ой» [12, 55–56-б.]. Мұндай пікірлер арқылы авторлық интенцияны түсіне аламыз. Постструктуралист ғалым Р. Барттың тұжырымына қатысты пікір білдірген автор көзқарасы анық көрінетін бұл үзіндіде нарратор мен автор ара жігі бірден байқалады. Интермәтіндік интерпретация дискурсивті түрде өз жалғасын тапқан [13, 26-б.]. Шығарма соңында да автор қолжазбаларға өрт қойып о дүниелік болады, алайда кейбір бөліктерін Марфуға құтқарып қалады. Мәтін өз жаратушысынан азат етіліп, өзіндік өмір сүруін бастайды деген авторлық позиция осы тұста айқын көрінеді.

Басты кейіпкер Әлішердің жазып жатқан романы жер бетіндегі адамзаттың пайда болуы мен түркілердің арғы шежіресі туралы. Жазу

өнерінің қиындығы мен жауапкершілігін көрсеткісі келген жазушы «Автор» тақырыбына арнайы тоқталып өзіндік көзқарасын білдірген. Әлішердің шығарманы бітіруіне көп нәрсе кедергі болды. Ол кедергілердің барлығын автор көркем тәсілдермен берген. Ретроспекциялық тәсіл арқылы кейіпкер санасы өткен шаққа оралып отырады. Өзіне-өзі қол жұмсауды ойлағанда ішкі психологизмді сәтті пайдаланады. Тілегін Тәңір қабыл еткендігін бөлмесінде пайда болған көркем жаратылыс періште арқылы біледі. Періште символдық мәні бар – тұлға. Оның бөлме ішін сыпырып жүріп Әлішермен диалогке түсуі жақын арада кейіпкердің өз мақсатына қол жеткізетіндігінен хабардар етеді.

Шығарманың өн бойындағы әрбір көркемдік тәсілдер – баяндау композициясының маңызды элементтері болмақ. Олар тек тілдік көркемдеу құралдары ғана емес, баяндау логикасын, мәтін құрылымын, автор мен кейіпкер арасындағы шегараны айқындайтын тәсілдер ретінде де маңызды. Жазушының стильдік ерекшелігі мен көркемдік интенциясы дәл осы тәсілдер арқылы көрініс табады.

Мәтіндегі әр қилы баяндау типтері бірігіп тұтас баяндау композициясын құрайды [3, 176-б.]. Зерттеу нысанына алынған көркем мәтіндерден баяндау автор мен оқырман арасындағы шынайы немесе гипотетикалық қарым-қатынас арқылы жүзеге асатынын да көруге болады. Себебі, «баяндау коммуникациясы – бұл әлеуметтік-мәдени контекстке тәуелді дискурстық жүйе» [14]. Автор мен нарратор арасындағы шегара нақты емес, контекстке байланысты өзгеріп, түрленіп отыратындығы анық.

Қорытынды

Қазіргі қазақ прозасындағы баяндау композициясы – көркем мәтін құрылымының негізін құрайтын күрделі құбылыс. Зерттеу барысында анықталғандай, әр жазушы баяндау тәсілін өз шығармашылық стиліне сай таңдап, оны идеялық-мазмұндық тұжырыммен ұштастыра біледі. Бұл ретте баяндаушы тұлға мен автор бейнесінің арақатынасы, оқиға мен уақыт, кеңістік пен фокализацияның берілу ерекшелігі көркем туындының құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта баяндау теориясын ұлттық әдеби дәстүрмен сабақтастыра отырып, жанрлар аясында жүйелі зерттеу қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Байтұрсынов, А.** Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208-б.

2 **Сүлейменов, А.** Көп томдық шығармалар жинағы: IV том [Мәтін]. – Алматы : Қазығұрт, 2008. – 368-б.

3 **Есембеков, Т. У., Солтанаева Е. М.** Көркем шығарманы талдау әдістемесі: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті. 2023. – 260-б.

4 **Шмид, В.** Нарратология [Текст] // 2-е изд., испр. И доп.– М. : Языки славянской культуры, 2008. – 304 с.

5 **Schmid, W.** Narratology An Introduction [Text]. – Walter de Gruyter GmbH & Co. KG, Berlin/New York, 2010. – 258 p.

6 **Женетт, Ж.** Фигуры [Текст] // В 2-х томах. Том 1-2. – М. : Изд.-во им. Сабашниковых, 1998. – 944 с.

7 **Бремон, К.** Логика повествовательных возможностей [Текст] // Семиотика и искусствометрия: Сб. переводов под ред. Ю. М. Лотмана и В. М. Петрова. – М. : Мир, 1972.

8 **Берар, К.** Narrateur à l'action Étude de la nouvelle «Elles détestaient Madrid» de Guillaume Corbeil [Text]. – https://doi.org/10.7202/1013452ar

9 **Алтай, А.** Әңгімелер мен новеллалар [Мәтін]. – Алматы : Арда+7, 2022. – 400-б.

10 **Ағалиева, Н. Б., Арқалық, М. Ж.** Қазақ әдебиетінде Роза Мұқановаың алатын орны [Мәтін] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 3. – Б. 53–61. – https://doi.org/10.48081/ZUKG495210

11 **Мұқанова, Р.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] // Әңгімелер мен драмалық хикаяттар. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 304-б.

12 **Амантай, Д.** Қарқаралы басында [Мәтін]. – Алматы : Өнер, 2021. – 400-б.

13 **Байтанасова, Қ.** Мәтін теориясының кейбір мәселелері [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – № 4 (129) – Б. 24–31. – https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-24-31

14 **Dawson, P.** «Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model» [Text] // Journal of Narrative Theory. – Vol.42. – No. 1 (Winter 2012). – P. 91–116. – 26 p.[Electronic resource]. – https://www.jstor.org/stable/24484784

REFERENCES

1 **Baitursy`nov, A.** Ädebiet tany`tky`sh. Zertteu men olender [Literature reviewer. Research and poems] [Text].– Almaty : Atamura, 2003. – 208 p.

2 **Suleimenov, A.** Kop tomdy`k shy`garmalar zhinagy`: IV tom [Collected works: Volume IV] [Text]. – Almaty : Kazy`gurt, 2008. – 368 p.

3 **Esembekov, T. U., Soltanaeva E. M.** Korkem shy`garmany` taldau ädistemesi: oku kuraly` [Methodology of literary analysis: textbook] [Text]. – Almaty : Kazak universiteti. 2023. – 260 p.

4 **Shmid, V.** Narratologiya [Narratology] [Text] // 2-e izd., ispr. i dop. – Moscow : Yazy`ki slavyanskoi kul`tury`, 2008. – 304 c.

5 **Schmid, W.** Narratology An Introduction [Text]. – Walter de Gruyter GmbH & Co. KG, Berlin/New York. – 2010

6 **Zhenett, Zh.** Figury` [Figures] [Text] // V 2-h tomax. Tom 1-2. – Moscow : Izd.-vo im. Sabashnikovy`h, 1998. – 944 p.

7 **Bremon, K.** Logika povestvovatel`ny`h vozmozhnostei [The logic of narrative possibilities] [Text] // Semiotika i iskusstvometriya: Sb. perevodov pod red. Yu. M. Lotmana i V. M. Petrova. – Moscow : Mir, 1972.

8 **Berar, K.** Narrateur à l'action Étude de la nouvelle «Elles détestaient Madrid» de Guillaume Corbeil [Narrator in Action: Study of the Short Story [Text]. – https://doi.org/10.7202/1013452ar

9 **Altai, A.** Äŋgimeler men novellalar [Short stories and novellas] [Text]. – Almaty:Arda+7, 2022. – 400 p.

10 **Agalieva, N. B., Arkaly`k, M. Zh.** Kazak ädebietinde Roza Mukanovany`ŋ alaty`n orny` [The role of Roza Mukanova in Kazakh literature] [Text] // Toraigy`rov universitetiniŋ Habarshy`sy`. Filologiya seriyasy`. – 2020. – № 3. – B. 53-61. – https://doi.org/10.48081/ZUKG4952

11 **Mukanova, R.** Kop tomdy`k shy`garmalar zhinagy` [Collected works] [Text] // Äŋgimeler men dramaly`k xikayattar. – Almaty: Kazy`gurt, 2007. – 304 b.

12 Amantai, D. Karkaraly` basy`nda. [At the top of Qarqaraly] [Text]. – Almaty : Oner, 2021. – 400 p.

13 **Baitanasova, K.** Mätin teoriyasy`ny`ŋ keibir mäseleleri [Some issues of text theory] [Text] // L.N. Gumilev aty`ndagy` Euraziya ultty`k universitetiniŋmhabarshy`sy`. Filologiya seriyasy`. – 2019. – № 4 (129) – P. 24–31. – https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-129-4-24-31

14 **Dawson, P.** Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model [Text] //Journal of Narrative Theory. – Vol. 42, No. 1 (Winter 2012). – P. 91–116. – 26 p. [Electronic resource]. – https://www.jstor.org/stable/24484784

28.09.25 ж. баспаға түсті.
17.10.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. М. Жорашова[1], С. Ш. Айтуганова[2]*
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.
Поступило в редакцию 28.09.25.
Поступило с исправлениями 17.10.25.
Принято в печать 10.08.26.

НАРРАТИВНАЯ КОМПОЗИЦИЯ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПРИЕМЫ (ПО ПРОИЗВЕДЕНИЯМ А. АЛТАЯ, Р. МУКАНОВОЙ, Д. АМАНТАЯ)

В данной статье рассматриваются структурные особенности и художественные приемы повествовательной композиции в современной казахской прозе на основе рассказов А. Алтая «Аборт» и «Казино», рассказов Р. Мукановой «Ты сам» и «Композитор», а также анализа романа Д. Амантая «Цветы и книги». Цель исследования-изучение личности автора и нарратора в художественном тексте, логической структуры повествования, специфики художественных приемов, используемых автором, через нарратологическую призму. Анализ стилевых особенностей и нарративной системы современной казахской прозы.

Исследовательская работа проводилась на основе методов нарратологии, поэтического анализа, структурно-семантической экспертизы и сравнительного анализа. Автор стремится определить многогранные типы повествования в современной казахской прозе, их деятельность в композиционной системе, роль в формировании художественной целостности текста. В результате были выявлены особенности каждого писателя в повествовательной модели, положение рассказчика, характер-поток сознания, новаторские черты хронотопа и композиционных решений. Результаты исследования показывают широкое применение внутренних монологических, потоковых, полифонических повествовательных и фрагментарных композиционных решений в нарративных изысканиях современной казахской прозы.

В исследовании руководствовались выводами о теории повествования в трудах ученых-исследователей Ж. Женетта, К. Бремона, В. Шмида и др.

Ключевые слова: повествовательная композиция, наррация, авторская интенция, нарративные виды, художественный текст, фрагментарная композиция.

*A. M. Zhorashova[1], S. Sh. Aituganova[2]
[1,2]L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 28.09.25.
Received in revised form 17.10.25.
Accepted for publication 10.08.26.

NARRATIVE COMPOSITION IN CONTEMPORARY KAZAKH PROSE: STRUCTURAL FEATURES AND ARTISTIC TECHNIQUES (BASED ON THE WORKS OF A. ALTAI, R. MUKANOVA, D. AMANTAI)

This article examines the structural features and artistic devices of narrative composition in contemporary Kazakh prose, drawing on A. Altay's stories "Abortion" and "Casino", R. Mukanova's stories "Yourself" and "Composer", and an analysis of D. Amantai's novel "Flowers and Books". The aim of the study is to examine the author and narrator's personality in the literary text, the logical structure of the narrative, and the specific artistic devices employed by the author, through the lens of narratology. The article also analyzes the stylistic features and narrative system of contemporary Kazakh prose.

The research was conducted using methods of narratology, poetic analysis, structural-semantic analysis, and comparative analysis. The author seeks to identify the multifaceted types of narrative in contemporary Kazakh prose, their function within the compositional system, and their role in shaping the artistic integrity of the text. As a result, the author identified the distinctive features of each writer's narrative model, the narrator's position, the stream-of-consciousness character, and innovative features of the chronotope and compositional solutions. The results of the study demonstrate the widespread use of internal monologues, flow-like, polyphonic narrative, and fragmentary compositional solutions in narrative research in contemporary Kazakh prose.

The study was guided by the findings on narrative theory in the works of scholars such as J. Genette, C. Bremond, W. Schmid, and others.

Keywords: narrative composition, narration, authorial intention, narrative modes, literary text, fragmentary composition.

ҒТАМР 17.71.07

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/291-300

Н. Қ. Жүсіпов[1], М. Н. Баратова[2], А. С. Аблаев[3]
[1,2,3]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2111-6833
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7509-5652
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0004-2801-5818
*e-mail: nartai1970@mail.ru

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖАҚСЫ», «НАДАН», «АДАСУ» Т.Б. СӨЗДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада белгілі қазақтың ақыны, ойшылы, шығыстанушысы, фольклортанушысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы «жақсы», «надан», «адасу», «тасу» т. б. сөздерінің қолданылу ерекшелігі жан-жақты қарастырылды.

Сонымен қоса өз заманына дейін және қатарлас өмір сүрген ақындар мен ғалымдардың т. б. шығармаларында осы ұғымдардың қолданылуы салыстыра зерттелді. Атап айтқанда: Хорезми, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Шалкиіз Тіленшіұлы, Ақтамберді Сарыұлы, Бұқар Қалқаманұлы, Шал Құлекеұлы, Махамбет Өтемісұлы, Габдолла Тоқай т. б.

Мәшһүр Жүсіптің поэзиясындағы стильдік ерекшеліктерді саралау барысында ақынның эпитет, теңеу, метафора, метонимия сияқты бейнелеу құралдарын қолдануда өзіндік қолтаңбасы айқын аңғарылды. Бұл көркемдік тәсілдердің түпкі өзегінде Алланы тану идеясын дәріптеу, адамзатты изгілікке үндейтін рухани құндылықтарды насихаттау мақсаты жетекші орын алды. Ақынның көркемдік дүниетанымында Аллатану, ұлттық болмысты ардақтау, діни-имандылық қағидаларын дәріптеу және ұлттық нақышты айшықтау кейіптеу тәсілі арқылы да шебер жүзеге асырылды. Осы арқылы Мәшһүр Жүсіп поэзиясында діни-философиялық ой мен ұлттық көркемдік дәстүр өзара үйлесім тауып, авторлық стильдің басты белгілерінің біріне айналды. Көркемдік тәсілдердің қолданылу ерекшелігі ақынның стильдік даралығын және бейнелілік жүйесін айқындайды.

Кілтті сөздер: М.Ж. Көпейұлы, фольклор, дін, ұлттық өрнек, стиль.

Кіріспе

Мәшһүр Жүсіп стилі, оның сөз қолдану ерекшелігі дегенде, белгілі бір баламаларды тек ұғым айқындығы үшін емес, қайта алдымен Алланың ақ жолын ту етуге бағындырылғанын алдымен ескерген жөн.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінен көрінетін стиль сипатын қарастырғанда, оның: эпитет, теңеу, метафора, метонимия қолданудағы ерекшеліктеріне үңіліп, оның бәрінде дерлік алдымен Аллатану, соған бағындырылған ізгілік көздерін іздеу дәстүрі жетекші екеніне көз жеткіздік. Аллатану және ұлттың нақышты ту ету, дінді насихаттау және ұлттық сипаттағы өрнек үстемдігін қамтамасыз ету Мәшһүр Жүсіпте құбылтудың бір түрі кейіптеу арқылы да жүзеге асып отырған.

Материалдар мен әдістері

Мақала жазылу барысында аналитикалық, типологиялық, нарративтік, тарихи-функционалдық, тарихи-салыстырмалы т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Мәшһүр Жүсіпте де, оған дейін де «жақсы» алмастыруы қолданылғанда, адамның оң сипатын бөліп көрсету, оны әспеттеу ғана жүзеге асатын тәрізді. Әйтсе де сөз мағынасын жеке бөліп алмай, оны шығарманың басты идеясымен, ақын стилімен байланыстырып отырсақ, бұл өрнекті тұтынуда да «Алланың ақ жолы» әсерін қабылдау ұғымы жетекшілігін байымдай аламыз:

1. Жақсы да келер бұ көпке,
Жаман да келер бұ көпке [1].
(Шалкиіз Тіленшіұлы)

2. Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең [1].
(Ақтамберді Сарыұлы)

3. Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғасыз [2].
(Махамбет Өтемісұлы)

4. Жақсылар өтіп кетті бұрын бізден,
Біз адастық жақсылар салған ізден.
Ешкімге өкпе қылу дұрыс емес,
Не берсе, берді Құдай, пейіліміздің! [3]

5. Ниетің болу керек хаққа дұрыс,
Әркіммен жасай берме жанжал ұрыс,
Зынданда жалғыз жатқан сен емессің,
Әр түрлі жақсылар бар қылған қоныс [3].

6. Жуандар жіңішкерді болып қылдай,
Жақсыға – күн, жаманға – дәл бір жылдай! [4].
(Мәшһүр Жүсіп)

Өзіне дейінгілерден гөрі Мәшһүр Жүсіпте «жақсы» алмастыруы тек оң сипат ұғымымен шектелмей, көп ретте әсіресе соңғы үш үзіндіде белгілі бір адам сипатына баға беруде дұрыс ниетті «Алланың ақ жолы» идеясына бағындыру, яғни стильдің бағыттау әсері қоса өрілгені байқалады.

«Жақсы» ұғымына «жаман» сөзі мағынасы қарама-қарсы екені тәрізді «білімді» дегенге «білімсіз», «надан» сөздері мағыналары керісінше екені белгілі. Мұсылман дінін ту еткен түркі ақындарында «надан» алмастыруы келтірілгенде де, тек құбылыс сырын танымау ғана емес, алдымен сол білімсіздіктің қайнар көзі Аллатанудың жеткіліксіздігінде екенін аңғартуды атап айту керек:

1. Білімсіздер блімдіге жау болды,
Надандардың аңсағаны дау болды [5].
(Жүсіп Баласағұн)

2. Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса, тозақ та одан қашар [6].
(Қожа Ахмет Иассауи)

3. Наданның өз басына қылған ісін
Қылмайды ақылды адам дұшпанына! [7].
(Мәшһүр Жүсіп)

Мәселен «адасу» сөзін алсақ, ол мал бағумен күн өткізген, ат үстінде мал іздеуге т.с.с. көп уақыт жұмсаған қазақ үшін жиі кездесетін көрініс ұғымын береді. Демек бұл алдымен ұлттық өрнек үлгісі деуімізге болады. Әйтсе де табиғат аясындағы тура мағынадағы адасу ғана емес, өмірдегі өз жолын, дұрыс бағытын табуда да мүлт кету болатынын ескерсек, ақындардың көбінесе Алланың ақ жолынан тайып, қателесу ұғымдарына бұл сөзді де бағындырып отырғанына көз жеткіземіз:

1. Халайыққа жарық берер жарасып,
Жол көрсетер кейі[н] кетсең адасып [5].
(Жүсіп Баласағұн)

2. Төрт жасымда Хақ Мұстапа берді хұрма,
Жол көрсеттім, адасқанды салдым жолға [6]
(Қожа Ахмет Иассауи)

3. Адасып қалды жұртың бассыз қойдай,
Дүниеге кете бардың көңіл қоймай.
Болжалсыз ажал – тағдыр келіп қалып,
Шарапат дуаңызға қалдық тоймай [3].

4. Жалғанда әрбір түрлі қылған істің,
Адасар: оң – терісін пенде білмей [4].

5. Жылқыша изеп басын, ақылдасқан,
Біреудің адасуын біреу қоттап [7].
(Мәшһүр Жүсіп)

Сөз жоқ, мұндағы «адасу» сөзін пайдаланған мысалдар үнемі жансызға жандының, немесе жандыға жансыздың әрекетін беретін таза кейіптеу үлгілері емес. Әйтсе де табиғат аясындағы өз мағынасындағы адасу емес, дұрыс бағыттан ауытқу ұғымында қолданылған бұл сөздердің тура емес, тек ауыспалы мәнде пайдаланылғанын да ескермей болмайды. Біздің бұл орайда назар аудартқымыз келгені - ақындардың көбінесе бағыт таппау атаулының Алла жолынан ауытқуға байланысты туып отыратынын ескеруі дер едік. Алланың ақ жолын іздеу мұсылман ақындарындағы басты бағыт болды десек, Мәшһүр Жүсіптің осы басты бағыт, ортақ сарынға үлес қосудағы өзіндік ерекшелігі бар екенін діттеуіміз керек. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресейге бағынышты мұсылман елдерінде ислам дінін қолдаушылардың ашық та жабық та қатал қудаланып келгенін ескерсек, өзіне дейінгілерден гөрі Мәшһүр Жүсіпте мұң, торығу сарыны басым екендігіне көз жеткізуге болады. Алдымен «ұйықтау», яғни Алланың оң жолын іздемеу, күрестен мүлде шет қалу, әрекетсіздікке ұрынуымен де қателесуі сипатын жеке бөліп қарастырамыз:

1. Қатты ұйқыда бақытым қанша жатқай,
Кездесу шығысында таң да атқай [8].
(Хорезми)

2. Көпке дейін қалдық ұйықтап, ойланып, көз ашайық,
Ояна сап, өнер-білім өріне қадам басайық [9].
(Ғабдолла Тоқай)

3. Оянбас сұм жүрегім ұйықтап жатқан,
Күнәға мұңлық басым күнде батқан.
Өткіздім ұзын түнді ұйқыменен.
Малдай боп бауыздалмай арам қатқан [3].

4. Өмірімде ұйықтап өттім, болмай ояу,
Көп артық жаман аттан – жүрген жаяу.
Кісіге күтіп кимес киім болып,
Өң берген неше түрлі кетті бояу [3].
(Мәшһүр Жүсіп)

Әрі мұсылмандық түркі әдебиеті дәстүрін, әрі ұлттық нақышты, әрі дербес стиль әсерін ұштастырып қолдану үлгілері «төгу», «тасу» сөздері арқылы да кең көрінген. Алдымен «төгу» сөзіне байланысты өрнектерді келтірейік:

1. Айтолдыны еттім жыр-мархаббатты,
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың [5].
(Жүсіп Баласағұн)

2. «Инна фатханы» оқып мағына білдім,
Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім» [6].
(Қожа Ахмет Иассауи)

3. Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған [10].
(Бұқар Қалқаманұлы)

4. Қырдан қиқу төгілсе,
Еділге таман үңілсе,
Арғымақтың баласы
Шабушы еді безектеп [3].
(Махамбет Өтемісұлы)

5. Сол қызға төккендіктен Хақ өз нұрын,
Диуана салған Әдһам көздің қырын [3].

6. Февральдың он алтысы деген күні,
Құдайдың мол төгілген көрдік нұрын [3].

7. Мәшһүрдің дүр төгілер таңдайынан,
Пендені Хақ жарылқар қандайынан?! [7]
(Мәшһүр Жүсіп)

«Төгу» сөзі Мәшһүр Жүсіпке дейін де көбінесе ауыспалы мағынада тек бір құбылыс молдығын емес, сонымен бірге Алланың адамдарға деген ықыласы, қамқорлығының өлшеусіз екенін тұспалдауға арналған. Ал, Мәшһүр Жүсіпте мұсылмандыққа деген қысым әсерін сезіну, соған күйіну әсерінен де әділдік азаттық, тазалық т.с.с. идеясын әспеттей түсумен қатар соған үндеу, сол үшін не қиындық болса да күреске даяр екенін әйгілеу алға шыққан. Осы іспетті ерекшелікті ақындардың «тасу» өрнегін қолдануынан да анық байқаймыз:

1. Құтылды Елік бейнетінен тірліктің,
Көңілі тасып, татып балын бірліктің [5].
(Жүсіп Баласағұн)

2. Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып, дариядай тастым, міне [6].
(Қожа Ахмет Иассауи)

3. Жеткенін кәріліктің ескермейді,
Көңілі өсіп, мейманасы тасқан адам [1].
(Шал Құлекеұлы)

4. Кешегі жүрген Ысқақ судай тасып,
Ажалдан құтылар ма адам қашып?
Өлерін бұл аурудан білгеннен соң,
Сөз айтқан жаранларға ғарыздасып [3].

5. Өнерім, сөз сөйлесем, судай тасқан,
Сөзім бар тасқандардың көңілін басқан.
Мұбарак ғазизлардың көрдім жүзін,
Жерінен жүрген-тұрған шайтан қашқан [3].

6. Біздің жер мархаббаттан қашық жатыр,
Хайласы хакімдердің асып жатыр.
Халқына мархабатлы сөзін айтып,
Мейірі патша ағзам тасып жатыр [7].

7. Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас,
Екпіндеп өзі тасып, шашылмаса.
Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес,
Ғалідей орда жатып ашынбаса! [7].

8. Қағба[ға] жер ортасы, барар Мекке,
Ойна[п] – тасқан көреді көп мереке.
Сөйлейін Жақып сұлтан атаңызды,
Ту болған Орта жүзге жалғыз жеке [7].

9. Ит дүние жарға ойнаған лақтайсың,
Толқыған, кетеріңде, сынаптайсың!
Алланың береріне кез келсе егер,
Тасыған таудан аққан бұлақтайсың! [7]
(Мәшһүр Жүсіп)

Дәйектесек, бұл мысалдар шоғырында да ақындардың белгілі бір сөзді, «тасу» сөзін келтіргенде, байлық, не көңіл-күй т.с.с. сезім өрістеуін ғана емес, соған қанат берген ерекше күш, яғни Алла махаббаты әсерін сезінуді қоса себездесе, Мәшһүр Жүсіпте түрлі қысым жағдайында неғұрлым сирек пайдаланылатын осы бір өрнек ықпалы ерекше. Мәселен, алғашқы мысалда «кешегі» Ысқақтың судай тасуына бүгінгі өлімі қарама-қарсы қойылса, екінші үзіндіде өнердің судай тасуы адамды азғырудан шайтанның қашуының алдында берілуімен де неғұрлым әсерлі естіледі. Үшіншіде де патша ағзам мейірі тасуы алдындағы әкімдер айласы асуын ескерсек, бұл тасудың тез арада іске аса қоймайтыны қоса аңғарылады. Одан кейінгіде де әркімнің өзі әрекет етуі діттелсімен, кезінде дін жолындағы Ғалінің орда жатып ашынуы еске алынған. Ал, ең соңғыда белгілі бір құбылыс, не сезім тасуы алдында «ит дүниенің» алдамшы екенін әйгілеу кейін тууы мүмкін оң сезімнің қиын халін көзге ұрады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP26199787 «Мәшһүр Жүсіп және рухани құндылықтар»).

Қорытынды

Міне, мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің әрі өзіне дейінгі мұсылмандық игі дәстүрді дамытып, олармен үндестікте болғанын, әрі өзіндік бояу, жаңа жағдайдағы қинау торығуларды енгізу арқылы дербес стиль қалыптастырғанын дәлелдей түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1982. – 240-б.

2 **Өтемісов, М.** Өлеңдер жинағы [Мәтін]. – Алматы : ҚМКӘБ, 1958. – 219-б.

3 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2003. – Т. 1. – 436-б.

4 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2003. – Т. 2. – 384-б.

5 **Баласағұн, Ж.** Құтты білік [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1986. – 616-б.

6 **Қожа Ахмет Иассауи.** Диуани Хикмет [Мәтін]. – Алматы : Мұратас, 1993. – 262-б.

7 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО, 2004. – Т. 4. – 535-б.

8 **Хорезми.** Оғыз-наме. Мұхаббат – наме [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1986. – 208-б.

9 **Тоқай, Ғ.** Көңіл жұлдызы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1986. – 180-б.

10 **Қалқаманұлы, Б.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1992.

REFERENCES

1 XV–XVIII ğasyrlardağy qazaq poeziasy [Kazakh poetry of the XV–XVIII centuries] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1982. – 240 p.

2 **Utemisov, M.** Öleñder jinağy [Collection of poems] [Text]. – Almaty : QMKÄB, 1958. – 219 p.

3 **Mäşhür Jüsıp.** Şyğarmalary [Mashkhur Zhussip. Essays] [Text]. –Pavlodar : ECO, 2003. – T. 1.– 436 p.

4 **Mäşhür Jüsıp.** Şyğarmalary [Mashkhur Zhussip. Essays] [Text]. – Pavlodar : ECO, 2003. – T. 2.– 384 p.

5 **Balasagun, J.** Qūtty bılık [Blessed Shaft] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1986. – 616 p.

6 **Kozha Ahmet Yassaui.** Diuani Hikmet [Diwani Hikmet] [Text]. – Almaty : Muratas, 1993. – 262 p.

7 **Mäşhür Jüsıp.** Şyğarmalary [Mashkhur Zhussip. Essays] [Text]. –Pavlodar : ECO, 2004. – T. 4. – 535 p.

8 **Horezmi.** Oğyz-name. Mūhabbat – name [Oguz-Name. Muhabbat-name] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1986. – 208 p.

9 **Tokai, G.** Köñıl jūldyzy [Star of attention] [Text]. – Almaty : Jazuşy, 1986. – 180 p.

10 **Kalqamanyly, B.** Şyğarmalary [Essays] [Text]. – Almaty : QR ŪĞA M. Äuezov atyndağy ädebiet jäne öner instituty, 1992.

01.07.26 ж. баспаға түсті.
07.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. К. Жусупов[1], М. Н. Баратова[2], А. С. Аблаев[3]*
[1,2,3]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 01.07.26.
Поступило с исправлениями 07.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЛОВ «ХОРОШИЙ», «НЕВЕЖЕСТВЕННЫЙ», «ЗАБЛУЖДЕНИЕ» Т.Д. В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСИПА

В данной статье разносторонне рассмотрены использование понятий «хороший», «невежественный», «заблуждение» и т.д. в произведениях известного казахского поэта, мыслителя, востоковеда, фольклориста Машхур Жусип Копейулы. При этом сравнивалось использование этих понятий в произведениях поэтов и ученых, живших параллельно и до своего времени. А именно: Хорезми, Жусип Баласагун, Кожа Ахмет Иассауи, Шалкииз Тиленшиулы, Актамберди Сарыулы, Бухар Калкаманулы, Шал Кулекеулы, Махамбет Отемисулы, Габдулла Токай и др.

В ходе анализа стилевых особенностей поэзии Машхура Жусипа было установлено, что поэт обладает ярко выраженным индивидуальным почерком в использовании таких художественно-изобразительных средств, как эпитет, сравнение, метафора и метонимия. В основе этих художественных приемов лежит идея богопознания, а также стремление к утверждению духовно-нравственных ценностей, призывающих человека к добродетели и гуманизму. В художественном мировоззрении поэта идеи богопознания, почитания национальной самобытности, пропаганды религиозно-нравственных принципов и раскрытия национального своеобразия мастерски воплощаются также посредством олицетворения. Благодаря этому в поэзии Машхура Жусипа религиозно-философская мысль органично сочетается с национальной художественной традицией, что становится одной из

ключевых особенностей его авторского стиля. Использование средств художественной выразительности позволяет выявить поэтический стиль автора и показать образную значимость его стилевого своеобразия.

Ключевые слова: М. Ж. Копейулы, фольклор, религия, национальный колорит, стиль.

*N. K. Zhussupov[1], M. N. Baratova[2], A. S. Ablayev[3]
[1,2,3]Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 01.07.26.
Received in revised form 07.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

FEATURES OF THE USE OF THE WORDS “GOOD”, “IGNORANT”, “DELUSION” ETC. IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSSIP

This article provides a comprehensive analysis of the use of the concepts of “good”, “ignorant”, “delusion” etc. and related notions in the works of the prominent Kazakh poet, thinker, Orientalist, and folklorist Mashkhur Zhussip Kopeyuly. It also presents a comparative study of the use of these concepts in the writings of poets and scholars who preceded him, as well as those who were his contemporaries. In particular, the works of Khorezmi, Yusuf Balasaguni, Khoja Ahmed Yassawi, Shalkiiz Tilenshiuly, Aktamberdy Saryuly, Bukhar Kalkamanuly, Shal Kulekeuly, Makhambet Utemisuly, Gabdulla Tukay, and others are examined.

An analysis of the stylistic features of Mashkhur Zhussip’s poetry demonstrates the poet’s distinctive use of such figurative devices as epithets, similes, metaphors, and metonymy. These artistic techniques are fundamentally rooted in the idea of the knowledge of God (God-consciousness) and in the promotion of spiritual and moral values that encourage virtue and humanism. Within the poet’s artistic worldview, the ideas of the knowledge of God, reverence for national identity, the affirmation of religious and moral principles, and the expression of national cultural distinctiveness are also skillfully conveyed through personification. As a result, religious and philosophical thought is harmoniously integrated with the national literary tradition in Mashkhur Zhussip’s poetry, becoming one of the defining features of his individual artistic style. The use of expressive literary devices reveals the originality of the poet’s style and highlights the imagery and aesthetic significance of his poetic language.

Keywords: M. Zh. Kopeyuly, folklore, religion, national flavor, style.

ҒТАМР 17.07.31

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/301-312

***Г. К. Жусупова[1], А. Х. Бекбосынова[2], Е. К. Жусупов[3], Э. Ж. Емельбаева[4], Д. Б. Жанабекова[5]**
[1,4]«Тұран» университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;
[2]Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[3]Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.;
[5]Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0005-5723-7556
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3061-0005
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0007-5670-5711
[4]ORCID: https://orcid.org/0009-0007-7551-5892
[5]ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6280-8126
*e-mail: zhusip69@mail.ru

ИСЛАМДЫҚ МИФТЕР МЕН ПАЙҒАМБАРЛАР ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Мақалада араб мәдениетімен тығыз байланыста қалыптасқан түркі әдебиетінің негізгі тақырыптық өзегі ретінде Алланы мадақтау және пайғамбарды дәріптеу дәстүрі жан-жақты қарастырылады. Бұл үрдіс тек діни сипатпен шектелмей, көркемдік, эстетикалық және дүниетанымдық бағыттарды да айқындайтыны көрсетіледі. Сонымен қатар араб-қазақ, парсы-қазақ және жалпы шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің өзара байланысы сараланып, шығыс сюжеттерінің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы талданады. Шығыс классиктері – Фирдоуси, Низами Гянджеви, Сағди, Алишер Науаи шығармаларының қазақ қиссаларына әсері ғылыми еңбектер негізінде дәйектеледі.

Сондай-ақ, мол мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы мен әлем әдебиеті арасындағы үндестік пен дәстүр сабақтастығы қарастырылады. Мақалада осы

бағыттағы зерттеулер тарихы сараланып, мифтік аңыздардың әлем әдебиетіндегі рөлі мен назира дәстүрінің қазақ әдебиетіне ықпалы ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен бірге әдеби ықпалдастықтың көркемдік тәсілдері, поэтикалық образдар жүйесі мен идеялық мазмұны кеңінен талданып, олардың ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан үлесі айқындалады. Зерттеу нәтижелері әдеби байланыстардың тарихи сабақтастығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдар болашақ ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар береді. Ғылыми маңызы ерекше деп бағаланады.

Кілтті сөздер: фольклорист, этнограф, қисса-дастандар, медресе, хазырет, пайғамбар, миф, аңыз.

Кіріспе

Қазіргі әдебиеттану ғылымының жеткен биіктерін саралау үшін, кітап, баспасөз бетінде шығып жатқан зерттеулер мен мақалалар тасқынына алдымен көңіл бөлу керектігі айқын. Қазақ әдебиеттану ғылымында да қазақ поэзиясының толысу, даму тарихына қатысты еңбектер баршылық. Олар: А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, М. Базарбаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Т. Әбдірахманова, Р. Нұрғали, Б. Кәрібаева, С. Негимовтің т.с.с. жекелеген ізденіс нәтижелері [1]. Міне, бұл тақырыпты зерттеу барысында жоғарыда аты аталған қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілдерінің еңбектері ескеріліп, әлем әдебиетінде поэзия, оның ішінде қазақтың қиссаларын таныту үшін алдымен оған үлкен ықпал еткен шығыс ақындары Фердаусидің /934–1026/, Г. Низамидің /1141–1209/, Сағдидің /1184–1291/, Ә. Науаидің /1141–1501/ т.б. дастандарының мәнін ашуға зерттеуші Ә. Қоңыратбаев көп еңбек етті. Мәселен, ғалым: «Қисса, шайырлық әдебиетіне арналған зерттеулер ойдағыдай емес» – деп, сол олқылықтың орнын толтырарлық сараптауларын ортаға салды [2].

Сондай-ақ фольклорлық дастандардағы миф, аңыз мәнін сараптаған М. Қараев көне түркі дастандары мәніне назар аудартқан Р. Бердібаев, көне халық эпосының /демек кейін жазба әдебиетке әсер еткен шығармаларды – Г. Ж./ қалыптасу, даму тарихын сөз еткен Ш. Ыбыраев, ерте дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі дастан жанрын сараптап, сол арқылы кейінгі қиссалардың бастау көзін аша түскен Н. Келімбетов, «Оғызнама», «Мұхаббатнама» дастандары мәнін талдаған М. Жармұхамедов т.б. еңбектері де осы саладағы ізденістер өрісін кеңейтуге мұрындық болғаны анық [3].

Сонымен бірге араб-қазақ, парсы-қазақ, жалпы шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын зерттеп, ондағы сюжеттердің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын сараптаған: Ә. Дербісәлиев, Ө. Күмісбаев т.б. еңбектерін атап өткіміз келеді. Сондай-ақ діни қиссаларға арналмағанмен, жалпы дастан,

поэма жанры ерекшелігіне, оның жанр түрі ретінде қазақ әдебиетіндегі даму тарихына арналған: Ә. Нарымбетов, Б. У. Азибаева кітаптары да – елеулі ізденістер айнасы [4].

Мифтік аңыздардың әлем әдебиеті дамуындағы рөліне зерттеуші Е. Исмайловтың жоғары баға бергені белгілі: «Дүние жүзі әдебиетіндегі Фауст, Прометей сияқты образдардың төркінінде мифтік негіз жатқандығы бізге белгілі» [5]. Жалпы УШ-ХХ ғасыр аралығындағы араб, парсы, түркі халықтары әдебиетіндегі діни бағытта жазылған шығармаларды жинақтап, оларға «сопылық әдебиет« атауы қолданылып келгені де мәлім. Сопылық әдебиеттің қандай жағдайда пайда болып, қалай өрістегені туралы құнды пайымдауды арабтанушы ғалым Ә. Дербісәлиевтен табамыз:»Аббастық халифалар дәуірінде исламда мистикалы-аскеттік ағым-суфизм қалыптасады. Аскет-суфилер немесе факир дәруіш деп аталатын софылар ислам әлемінде христиан монахтары секілді роль атқарады. Софылар байлықтан безініп, жер бетінің ләззат қызығынан бас тартуға , жоқшылық өмірді және жаратушымен о дүниеде табысуға шақырған [6]. Ә. Қоңыратбаев сопылық поэзияны «дидактикалық поэзия» ретінде қарастырып: «Оның басында құдай, пайғамбарға сыйыну тұрған», – деп көрсетеді [7].

Зерттеуші Ы. Дүйсенбаев шығыстан қазақ әдебиетіне сюжет желісі ауысқан шығармалар туралы айта келіп, оның ішінде діни тақырыптағылардың біраз орын алатынын ашады: «Өйткені сол шығыстан ауысқан үлгілердің өзі бір текті емес, мысалы, халықтық туындылар, классиктердің шығармаларынан басқа «Жұм-Жұма», «Сал-сал», «Заркум», «Мұхаммет пайғамбардың Миғражға шыққаны», «Кербаланың шөлінде», «Мұхамметханафия», «Мәлікаждар» және тағы басқалар секілді негізінде ислам дінін уағыздауды мақсат еткен қисса-дастандар да аз емес» [8].

Сопылық әдебиеттің XI ғасырда жаңа мәнге ие болып толыққандығын Ә. Дербісәлиев белгілі ғалым Е. Э. Бертельс еңбегіне сүйеніп дәлелдейді: «Суфизм діни-мистикалық ағым ретінде VШ ғасырда-ақ пайда болғанымен, XI ғасырдың соңында өз идеологиясын антикалық және христиан ой-пікірімен толықтыра отырып жетіліп, жаңа мазмұндағы ағымға айналып үлгерген болатын» [9]. Сонымен қатар Ә. Дербісәлиев бұл идеяны өрістетіп, X ғасырдағы араб мәдениетінің өкілі Әбу Ибраһим Исхақтың «Диуан әл-адиб» / «Әдеби жинақ» / атты еңбегіне көңіл бөлгізеді: «Әбу Ибраһим Исхақ «Жинағы», «Кіріспемен» басталған. Онда ол сол кездегі өзге де авторлар секілді әуелі жаратушы мен оның елшісі Мұхаммадқа мадақ арнайды» [10].

Материалдар мен әдістері

Мақала жазылу барысында аналитикалық, типологиялық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық, нарративтік т.б. ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Ортағасырлық араб әдебиетінде алдымен Алланы, пайғамбарды мадақтау кең орын алды, десек, мұның әсері ХШ ғасырдағы ғұлама ақын Сағдидің «Гүлстан« дастанынан да толық көрінетіні белгілі. Ә. Қоңыратбаев шығармада: «д, тағдырға қанағат ету… ж. құдайға салауат… н. дұға», қысқасы, Аллаға мойынсыну бөлімдері бар екенін айтады [11].

Жоғарыда айтылғандай, араб мәдениетімен тығыз байланыста дамыған түркі әдебиетінде де басты тақырып, өзекті сарын алдымен Алланы, одан соң пайғамбарды дәріптеу болғаны аян. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның 1069-1070 жылы жазылған «Құтты білік« кітабының қара сөзбен берілген кіріспесінің ең басында мына сөздер тұр: «Бісмілләхи-р-рахмани-р-рахим! Әзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз» [12]. Ал, одан кейін берілген өлеңмен жазылған кіріспе бөлім де Аллаға сүйіспеншілік білдірумен басталады: «Құдіретті бір хақ барша алапқа, // Соған лайық мәртебе де, мадақ та» [13]. Сондай-ақ өлеңге құрылған негізгі бөлім беташары да Алла құдіретін жар етуге арналған:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт,бұл күнді [14].

Сонымен бірге «Құтты білікте» Алладан кейін Мұхаммед пайғамбар еңбегін аспандатуға біраз орын берілген:

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың!

Кейінгі зерттеудің бірінде XII ғасырдағы «Орта ғасырлық сопылық поэзия өкілдерінің бірі – Түркістан қаласында туып өскен Сүлеймен Бақырғани» екендігі көрсетілген. Түркі әлеміндегі сопылық поэзияда XII–ХШ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауи ерекше орын алатыны белгілі. Ә. Қоңыратбаев былай дейді: «Қожа Ахмет Яссауи поэзиясының мазмұнында екі түрлі жүйе бар. Оның бірі-суфизм, екіншісі – бұл дүниеге сыймай торығу, оны сынау сарыны» [15].

Қожа Ахмет Иассауи мұрасына әдебиетшілермен қатар философ ғалымдардың үңіле бастауы байқалады. Мәселен, профессор Ә. Нысанбаев: «… Сопылықтың негізін қалаған атақты ойшыл Иассаудің дүниетанымы мен философиясы туралы мағлұматтарды жүйелеуге» тырысқанын жазады. Рабғұзидің XIУ ғасырдағы «Қиссас сул-әнбия» /1310 ж. жазылған/ кітабында бұл дәстүрдің одан әрі жалғастырылып, дамытылғанын көреміз. Зерттеуші

А. Қыраубаева бұл туралы толығырақ мағлұмат береді: «Құрандағы мифтердің біразы «Тәурат», «Інжілден», исламға дейінгі арабтың аңыз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі пайғамбарлар жайлы аңыздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, Құраннан басқа, араб-парсы тілінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі ислам діні әсері өзалдына бір төбе әңгіме. Жалпы шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне қарап, мұсылман діні шыққанға дейінгі туындылар, немесе одан кейінгілері деп атау да көп ретте өзін ақтап жүр. Мәселен: «Көне эпостарға үлкен әлеуметтік мәселелер, таптық қайшылық, дін жолында күреске шығу сияқты мотивтер жат. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, күресі отбасы үшін, болмаса өз руының мүддесі үшін, соның шеңберінде ғана суреттеледі», – деген пікір орынды.

Зерттеуші Н. С. Смирнова қазақ фольклорына XIX ғасырда Ислам әсері күшейе түскенін атап өтсе, зерттеуші С. Талжанов «Мұхаммедия» /1855 ж. жазылған / кітабында «басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед пайғамбардың әулеті» мақталатынын ескерткен. Сондай-ақ ол Мұхаммед ұрпағы өмірі, қиындықтары бейнеленген «Кербаланың шөлі» дастанына да көңіл бөлген.

Мұның бәрі Алла, Мұхаммед пайғамбар туралы әр кезде көп қаламгердің жабыла үн қосқанын дәлелдесе, арнайы дастан арнамаса да, сөз арасында болсын, Алла мен Мұхаммедті жырламаған шығыс ақынын кездестіру қиындығы да аталған тақырыптың шығыс әдебиеті үшін қаншалық мәнді, өзекті болғанын дәлелдей түседі. Басқаны былай қойғанда, ұлы ақын Абайдың мына бір өлең жолдарын келтірсек те, аталған тақырыптың қаншалық жетекші болғаны көзге ұрады:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөз айырмас.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аталған тақырыпқа арнап көптеген қара сөз үлгілерін, өлең т.б. жазумен қатар арнайы дастандар жазған. Солардың ішінен арабтың көне және төте әріп үлгілерімен жазылған түрлі нұсқалары ақынның өз қолымен жазған түпнұсқаны, немесе, оның жиені Жолмұрат, баласы Мұхаммед-Фазыл көшірмелерін салыстыра отырып, баспа бетінде өзіміз жариялаған төрт қиссаны арнайы қарастырмақпыз. Олар: «Жер мен көк» /1894 ж. жазылған/, «Миғраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» / бұл екі дастанның тап қай жылы жазылғаны әзірше белгісіз/, «Хаятбақшы» /1925 ж./. Біз осы орайда Мәшһүр-Жүсіп дастандарын жазылу мерзіміне емес, тақырып ретіне қарай талдауды жөн көрдік. Екі дастанның жазылған жылы белгісіз болуы да шығармаларды уақыт ретімен талдауды қиындатумен

бірге пайғамбардың дүниеге келуіне арналған «Хаятбақшы» дастанының ең соңында /1925 ж./ тууы да осы біз таңдаған талдау жүйесі дұрыстығын дәлелдейді. Себебі пайғамбар тууын сөз етпей тұрып, мәселені оның өлімінен бастау ақынның пайғамбар бейнесін жасау табыстарын кең қамтуды, жүйелі жеткізуді қиындатары сөзсіз. Сөйтіп біз пайғамбар тууына арналған екі поэманы: «Жер мен көк«, «Хаятбақшыны» , оның 40 жасқа толғаннан кейінгі өмірін көрсететін «Миғраж» дастанына үшінші кезекте, ал «Пайғамбардың дүниеден өтуі» туындысына ең соңында берілуі сюжет өрісінің жалғастығына қарай бір ізділікті көріп отырмыз., Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» дастанына негіз болған аңыздар халықтың өткен наным-сенімін танытумен қатар ғылым үшін кейін ашылмақ көп тың жаңалықтардың да бастау көзі болуы ықтимал. Ақынның ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский тәрізді Европа, Россиядағы кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін межелей аламыз. Ақынның бұл дастанды қай жылы жазғаны туралы деректі оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасынан кездестірдік. Онда Мәшһүр-Жүсіптің бұл қиссаны 35 жасында , яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген. Демек бұл да Мәшһүр-Жүсіптің ертедегі аңыздарды XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі ғылыми жаңалықтармен үндес алуы мүмкіндігіне жарық түсірмей қоймайды. Ендеше ақынның бұл дастанын әрі халықтың көне дәуірдегі наным-сенімі айнасы, әрі Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік көрінісі деп бағаласақ, шығарманың тарихи мәні ашыла түседі. Шығарманың алдымен әдеби туынды екенін бағымдасақ, оның композициясына бірінші кезекте көңіл бөлуіміз заңды. Ақын ең әуелі жер мен көк жаратылысы туралы өз ойларын, ежелгі аңыздарға негізделген ойларын өзіндік дәлелдермен баяндап беріп, дастанның соңғы бөлімін Мұхаммед пайғамбардың Хадишаға үйленгенге дейінгі ауыр тұрмысын тәптіштеп бейнелеуге арналған. Демек жер мен көк жаратылысы туралы айтылған тұжырымдар мен Мұхаммед өмірін жалғастырушы өзекті идея неде десек, бәрі Алла тағаланың құдіретіне сендіруге бағытталған. Аллаға сенудің Абайда да жетекші роль атқаратынын зерделесек те, оның ар жағында бүкіладамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

XIX ғасырдың екінші жартысында В. В. Радлов жинап, жариялаған «Шәриар» қиссасында Мұхаммед пайғамбар төрт шәриарға және Бибі Патпаға /кенже қызы –Бибі Фатимаға – Г. Ж./ сауал береді: «Балдан тәтті, қылдан жіңішке, тастан нұрды, // Құраннан тауып берші, бар ма? – дейді». Бұл арада Мұхаммедтің алдына қойған заты жай емес, асыл тас екенін ескерсек, нұр сипаты жағынан содан не асқанын ашуға сауалдың бағытталғанын межелеуге болады. Сонда төрт шариардың бірі Әбубәкір /В. В. Радлов

кітабында «Абу Бәкір» деп берілген» – Г. Ж./ ең нұрлы деп намаз нұрын атаса, Омар да сол пікірді қолдайды. Ал, Әзірет Оспан, нұрлы деп Құранды бөліп көрсетсе, Фатима бабасының жүзін, яғни Мұхамедтің нұрын алады. Бұл жауаптар жеке-жеке алғанда, дұрыс көрінгенімен, Құдай әмірімен келген Жәбірәлі періште былай деп жауап береді:

Нұрды тұр осы тастан Алла жолы,
Бұл балдан Алла жолы тәтті болды.
Құдайға құлшылық қып шықпағымыз,
Жіңішке жалғыз қылдан маған қатты.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Алланың алдымен нұрды жаратуын айтумен бірге одан әрі жарықты- иманға, ал жарық көзі шамды /канадилді/ көкірекке балайтынын бейнелеген:

Екінші кітап қалған бір кеңеске,
Адам-тау, көкірек канадил сол емес пе?!
Болғанда жарық-иман, аруағы-ағаш
Ақылды оған қосып май демес пе?!

Бұл арада иман жетекші болса, ал ақыл себепші, көмекші ретінде келтірілгенін байқауға болады.

Адам өлгенде, алдымен қабір ішінде Алла нұры болуын тілеу XIII ғасырда жазылған Қожа Ахмет Иассауидің кітабында орын алған: «Алла нұры қабір ішін жарық қылғай// Періштелер өңірінен сәуле құйғай».

Осы орайда, ең алдымен не жаралды дегенде, нұрмен не тайталаса, не одан бұрын орын алған суға назар аударған жөн деп санаймыз. Ертедегі Грек ғылымы тарихында үлкен орын алатын Фалес Милетский /Б.э.д. VI ғ./ тірліктің судан бастау алғанын жазған. Фалес Милетский бұл пікірді қайдан алған десек, көпес ретінде шығыста көп болған оның Шығыс мифологиясына сүйену мүмкіндігі көңіл бөлерлік. Ал, «Шан Шу» деп аталатын Көне Қытай туындысында /Б.э.д. I мыңжылдық басында/ «Бірінші бастау – су, екінші – от, үшінші – ағаш, төртінші – металл және бесінші – жер», – деп берілген екен. Сондай-ақ ертедегі Месопотамия, Шумер, Вавилон тұрғындарының әлемнің бір кезде ұшы-қиыры жоқ Мұхит қоршауында болғаны… туралы ұғымы [40] да ой саларлық. Сонымен қатар судың бар тіршілік бастауы болғаны туралы ілімнің ертедегі Үнді мифологиясына да орын алғаны да көңіл бөлерлік.

Зерттеуші С. Талжанов отқа табынудың көне заманнан келе жатқанына назар аударады: «Осы күнгі совет ғалымы Г. Н. Румянцев те: «Түріктің, монғол, буряттың отқа табынуы өте ескі дін, сондықтан тек Иран әсері деу де өте қиын, әрине, ықпалы да бар шығар», – деп ескертіп өтеді. Әлем жаратылысы, жер мен көк арақатынасындағы су мәні хақында көне аңыздарда осы іспетті пікірлер орын алса, Мәшһүр-Жүсіп дастанында да суға ерекше мән берілген:

Бар құдай салды назар сонда суға,
Су қайнап айналасы толды буға.
Буынан сонда судың көкті жасап,
Білдірді өз құдіретін жас пен қуға.

Мәшһүр-Жүсіп үшін жер-әлемнің бір бөлшегі. Ол жердің пайда болуын айтпас бұрын, алдымен әлем жаратылысына, онда жер тәрізді тіршілік бастаулары көп екеніне ден қойғызады. Халықта «жеті қабат көк« ұғымы ежелден келе жатқаны белгілі. Ал, Мәшһүр-Жүсіпте көктің жетеу болуымен бірге жердің де жеті түрі бар екені айтылады:

Жеті көкке қойыпты жеті есікші,
Өтірік айтар емеспін мен өсекші.
…Жеті көк ғарыш күрсі, тоғыз аплақ,
Құрайын енді кеңес жеті жерден.

Осы орайда «жеті« сөзімен қатар Мәшһүр-Жүсіпте «жетпіс мың» тіркесі де біраз қолданылғанына да назар аударғымыз келеді. «Неге жеті көк, жеті жер және жетпіс мың арқан?» – деген сауалдарға жауап беруді ғарышты зерттеу ғылымының кейінгі даму үлесіне қалдыра отырып, мына жорамалды айтқымыз келеді /жорамалдың бәрі ғылым болмаса да, оның бәрі жарамсыз санала бермейтіні де белгілі – Г. Ж./. Біздіңше, «арқан» деген сөзде әзірше көзге де көрінбейтін, көруге арналған арнайы приборға да ілінбей жүрген тартылыс негізделген «тартылыс жібі» дейміз бе, әйтеуір бір ұзын да алып белдік аталуы да мүмкін. Сондай-ақ мына жолдардағы:

Басқышы, тірегі жоқ, Ғарыш қылды,
Қисапсыз ол Ғарышқа айлық берді.
Арасы аяқтарының сондай алыс,
Құс ұшса, отыз жыл мың жүрер жолды.

«аяқ» деп отырғаны біздің ұғымдағы адамның, не малдың, не тіпті алып бір прибордың таянышы, аяғы емес, тағы да жай көзге көрінбейтін, кейін ғылым дәлелдеуге тиіс, тартылысты негіздеп тұрған алып белдеу болуы да мүмкін демекпіз. Мәшһүр-Жүсіп сонымен бірге жердің жаратылуын айтпас бұрын, сегіз жұмақ, жеті тамұқтың қалай жаратылғанын да тәптіштеп баяндайды. Осы орайда көркем шығармадағы оқиғалар орны ретінде жұмақ пен тамұқ алынуы да Европа, Азия халықтары әдебиетінде ертеден бар екенін дәлелдеу үшін, белгілі араб әдебиеті зерттеушісі Ә. Дербісәлиев байқауына иек артқан жөн деп санаймыз. Зерттеуші онда X–XI ғасырлардағы араб шайыры Абул-Ала әл Мағарридің /973 ж. туған/ шығармасына сүйеніп пікір айтады: «Абу-л-Аланың екінші бір «Кешірім туралы арнау» атты трактаты да жоғарыда сөз болған туындысымен сарындас. Ғұламаның бұл еңбегі «әл-Карих» деген атпен белгілі болған Али ибн Мансур әл-Халабидің

арнау хатына жауап ретінде дүниеге келген. Оқиға Дантенің «Құдіретті комедиясындағы «жұмақ пен тамұқта өтеді».

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP26199787 «Мәшһүр Жүсіп және рухани құндылықтар»).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, түркі әлемінде, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларында әлем сыры, жаратылысы туралы наным-сенімінің көрінісі жан-жақты дәйектеледі. Сонымен бірге онда жалпыадамзаттық идея: Аллаға сену, әділдікті ту етіп ұстау идеясы назар аудартады. Көркем әдебиеттің көркемдік белесі тұрғысынан, оның ішінде ұнамды қаһарман жасау тарихы межесімен зерделесек, шығармада аз көрінсе де, есте қаларлық бейнелер бар екеніне көз жеткіземіз. Қысқасы, көркем әдебиет дамуы тарихында мифтік әдебиеттің алатын орны ерекше десек, ақын дастаны да – соның ерекше бір көрінісі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Байтұрсынов, А.** Шығ. – Алматы : Жазушы, 1988. – 320-б.

2 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы : Ғылым, 1987. – 244-б.

3 **Қараев, М.** Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары. – Алматы : Мектеп, 1986.

4 **Бердібаев, Р.** Ғасырлар толғауы. – Алматы : Жазушы, 1977. – 42-48-б.

5 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. – Алматы : Ғылым, 1993.

6 **Келімбетов, Н.** Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы : Ана тілі, 1991.

7 **Жармұхамедов, М.** Көненің көзі. – Алматы : Санат, 1996.

8 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1982.

9 **Күмісбаев, Ө.** Терең тамырлар. – Алматы : Ғылым, 1994.

10 **Нарымбетов, Ә.** Қазақ совет поэмасы. –Алматы : Ғылым, 1977.

11 **Азибаева, Б. У.** Казахские народные романические дастаны. – Алма-Ата : Ғылым, 1990.

12 **Исмаилов, Е.** Ақындар. – Алматы : ҚМКӘБ, 1956. – 173-б.

13 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1982. – 84-б.

14 **Талжанов, С.** Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1975. – 39-б.

15 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиет. – Алматы : Мектеп, 1982. – 146-б.

REFERENCES

1 **Baitursynov, A.** Shygarmalary [Works]. – Almaty : Zhazushy, 1988. – 320 p.

2 **Qonyratbaev, A.** Qazaq eposy zhane turkologia [Kazakh Epic and Turkology]. – Almaty : Gylym, 1987. – 244 p.

3 **Qaraev, M.** Qazaq adebietindegi realizmnin damu zholdary [Development of Realism in Kazakh Literature]. – Almaty : Mektep, 1986.

4 **Berdibaev, R.** Gasyrlar tolgaue [Reflections of Centuries]. – Almaty : Zhazushy, 1977. – P. 42–48.

5 **Ybyraev, Sh.** Epos alemi [World of the Epic]. – Almaty : Gylym, 1993.

6 **Kelimbetov, N.** Ezhelgi dauir adebieti [Literature of the Ancient Period]. – Almaty : Ana tili, 1991.

7 **Zharmukhamedov, M.** Konenin kozi [Echo of Antiquity]. – Almaty : Sanat, 1996.

8 **Derbisaliev, A.** Arab adebieti [Arabic Literature]. – Almaty : Mektep, 1982.

9 **Kumisbaev, O.** Teren tamyrlar [Deep Roots]. – Almaty : Gylym, 1994.

10 **Narymbetov, A.** Qazaq sovet poemasy [Kazakh Soviet Poem]. – Almaty : Gylym, 1977.

11 **Azibaeva, B. U.** Kazakhskie narodnye romanticheskie dastany [Kazakh Folk Romantic Dastans]. – Alma-Ata : Gylym, 1990.

12 **Ismailov, E.** Aqyndar [Poets]. – Almaty : QMKAB, 1956. – 173 p.

13 **Derbisaliev, A.** Arab adebieti [Arabic Literature]. – Almaty : Mektep, 1982. 84 p.

14 **Talzhanov, S.** Audarma zhane qazaq adebietinin maseleleri [Translation and Problems of Kazakh Literature]. – Almaty: Gylym, 1975. – 39 p.

15 **Derbisaliev, A.** Arab adebieti [Arabic Literature]. – Almaty : Mektep, 1982. – 146 p.

01.05.26 ж. баспаға түсті.
01.05.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Г. К. Жусупова[1], Е. К. Жусупов[2], А. Х. Бекбосынова[3],*
Э. Ж. Емельбаева[4], Д. Б. Жанабекова[5]
[1,4]Университет Туран,
Республика Казахстан, г. Астана;
[2]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;
[3]Костанайский региональный университет имени Байтурсынова,
Республика Казахстан, г. Костанай;

[5]КГУ «Инновационный центр развития образования
управления образования Павлодарской области»,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 01.05.26.
Поступило с исправлениями 01.05.26.
Принято в печать 10.08.26.

МЕСТО ТЕМЫ ИСЛАМСКИХ МИФОВ И ПРОРОКОВ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

В статье всесторонне рассматривается традиция восхваления Аллаха и прославления пророка как основной тематический стержень тюркской литературы, сформировавшейся в тесной связи с арабской культурой. Показано, что данное явление не ограничивается лишь религиозным содержанием, но также определяет художественные, эстетические и мировоззренческие направления.

Кроме того, анализируется взаимосвязь арабо-казахской, персо-казахской и в целом восточной литературы с казахской литературой, а также влияние восточных сюжетов на развитие казахской словесности. На основе научных трудов обосновывается влияние произведений восточных классиков – Фирдоуси, Низами Гянджеви, Сағди, Алишера Науаи – на казахские кисса-дастаны.

Также рассматриваются преемственность традиций и созвучие творчества Мәшһүр Жүсіпа Көпейұлы с мировой литературой. В статье прослеживается история изучения данной проблемы, раскрывается роль мифологических преданий в развитии мировой литературы, а также научно обосновывается влияние традиции назира на казахскую литературу.

Наряду с этим подробно анализируются художественные приемы литературного взаимодействия, система поэтических образов и идейное содержание, а также их вклад в развитие национальной литературы. Результаты исследования позволяют глубже понять историческую преемственность литературных связей и служат ориентиром для дальнейших научных изысканий. Отмечается высокая научная значимость исследования.

Ключевые слова: фольклорист, этнограф, кисса-дастаны, медресе, хазрет, пророк, миф, легенда.

*G. K. Zhussupova[1], E. K. Zhussupov[2], A. Kh. Bekbossynova[3],
E. Zh. Emelbaeva[4], D. B. Zhanabekova[5]
[1,4]Turan University,
Republic of Kazakhstan, Astana;
[2]Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;
[3]A. Baitursynov Kostanay Regional University,
Republic of Kazakhstan, Kostanay,
[5]Innovative Center for Education Development
of the Pavlodar Region Education Department,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 01.05.26.
Received in revised form 01.05.26.
Accepted for publication 10.08.26.

THE PLACE OF THE TOPIC OF ISLAMIC MYTHS AND PROPHETS IN KAZAKH LITERATURE

The article comprehensively examines the tradition of praising Allah and glorifying the Prophet as the central thematic core of Turkic literature, which developed in close connection with Arab culture. It is shown that this phenomenon is not limited to religious content but also shapes artistic, aesthetic, and worldview dimensions.

In addition, the interrelations between Arab-Kazakh, Persian-Kazakh, and, more broadly, Eastern literature and Kazakh literature are analyzed, along with the influence of Eastern narrative motifs on Kazakh literary development. Based on scholarly works, the impact of Eastern classical authors – Firdawsi, Nizami Ganjavi, Saadi, and Alisher Navoi – on Kazakh qissa-dastans is substantiated.

The article also explores the continuity of traditions and the consonance between the works of Mashkhur Zhusip Kopeev and world literature. It reviews the historiography of this research field, highlights the role of mythological narratives in the development of world literature, and provides a scholarly justification of the influence of the nazira tradition on Kazakh literature.

Furthermore, the study analyzes the artistic techniques of literary interaction, the system of poetic imagery, and ideological content, demonstrating their contribution to the development of national literature. The research findings deepen the understanding of the historical continuity of literary connections and provide guidance for future scholarly inquiry. The study is characterized by significant scientific value.

Keywords: folklorist, ethnographer, qissa-dastans, madrasa, khazret, prophet, myth, legend.

ҒТАМР 16.21.51

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/313-324

Ә. Қ. Жүнісқали[1], А. Ш. Юсупова[2]
[1]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[2]Қазан федералдық университеті,
Ресей Федерациясы, Татарстан Республикасы, Қазан қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0001-8319-7739
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4156-5705
*e-mail: bagdat-assiya@mail.ru

«КҮН АСТЫНДАҒЫ КҮНІКЕЙ ҚЫЗ» ЕРТЕГІСІНДЕГІ МИФОНИМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯСЫ

Сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, тарихы көрініс табады. Осыған орай қиял-ғажайып ертегілердегі этномәдени коннотацияны зерттеу ғылыми қызығушылық тудырады.

Мақалада қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясы зерттелді.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісіндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясына тілдік тұрғыда талдау жасау.

Зерттеудің өзектілігі «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісіндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясының ерекшеліктерін анықтау қажеттілігіне байланысты түсіндіріледі. Мақалада «коннотация», «этномәдени коннотация» терминдерінің анықтамалары беріліп, зерттелуіне шолу жасалынды. Сонымен бірге «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі мифонимдердің этномәдени ерекшеліктері мен тарихи-тілдік контексі анықталды, ертегіден алынған нақты мысалдар негізінде талданды.

Зерттеу барысында «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісіндегі мифонимдердің жағымды және жағымсыз этномәдени коннотациясы сараланды, мифонимдердің қазақ халқының дүниетанымындағы, этникалық мәдениетіндегі, фольклорындағы орны ерекше екендігі анықталды.

Тақырыпты зерттеу нәтижесінде «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі мифонимдердің мифоантропоним, мифоперсоним,

мифотопоним, мифозооним, мифофитоним сияқты түрлері анықталып, этномәдени коннотациялары жүйелі түрде зерделенді. Зерттеудің нәтижесі қазақ тіл білімінің лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете зерттеуге көмектеседі.

Кілтті сөздер: коннотация, этномәдени коннотация, мифоним, қиял-ғажайып ертегі, фольклор.

Кіріспе

Адам тіл арқылы өзін қоршаған әлемге, айналасындағы құбылыстарға, заттарға деген көзқарасын, эмоциясын, бағасын білдіреді. Эмоция мен бағадан тұратын сөз мағынасын ғалымдар эмоциялық, экспрессивтік, коннотаттық, прагматикалық мағына деп атап келеді.

Коннотацияны және оның компоненттерін Ч. Стивенсон, Ш. Балли, В. В. Виноградов, И. В. Арнольд, Р. М. Харе, Н. Д. Арутюнова, М. И. Черемисина, В. Н. Телия, Е. М. Вольф, Ф. А. Литвин, Д. Н. Шмелев, К. А. Долинин, Ю. Д. Апресян, В. И. Говердовский, И. А. Стернин, В. И. Шаховский, Е. С. Азнаурова және т.б. шетелдік лингвистер функционалдық-семантикалық, стилистикалық, лексикографиялық, прагматикалық бағыттарда зерттеген.

Қазақ тіл білімінде коннотацияны теориялық тұрғыдан арнайы зерттеген ғылыми еңбектер аз, дегенмен бұл мәселе Б. Әбілқасымов, Э. Сүлейменова, Р. Сыздық, С. Исаев, Д. Әлкебаева, Н. Уәли, М. Оразов, Е. Абақан, Р. Авакова, О. Бүркітов, Б. Момынова, А. Салқынбай, Ғ. Қалиев, Ж. Манкеева, Ғ. Хасанов т.б. зерттеулерінде лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингвопоэтика, лингвостилистика аспектілеріне сәйкес зерделенген.

Мақаланың мақсаты – «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісіндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясын зерттеп, тілдік тұрғыда талдау жүргізу.

Зерттеу нысаны ретінде «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісіндегі этномәдени коннотациясы бар мифонимдер алынды.

Қазақ халқының танымында ерекше орны бар мифонимдердің этномәдени коннотациясын қиял-ғажайып ертегілері шеңберінде зерттеу тақырыптың теориялық және практикалық маңызын көрсетеді. Қазақ тіл білімінің лингвофольклортану, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және т.б. жаңа бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете қарастыруда зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары.

Тақырыпты зерттеу нәтижесінде қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясы тілдік тұрғыдан талданды.

Материалдар мен әдістері

Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясын зерттеу үшін лингвистика, этнографиялық, мәдениеттану салаларының деректері зерделенді.

Мифонимдердің семантикасы мен коннотациясын анықтау мақсатында лингвистикалық түсіндірме, ономастикалық терминология, этимологиялық, қазақ тілінің аймақтық, қазақ әдеби тілінің сөздіктері пайдаланылды.

Тақырыпты зерттеу барысында тілдік деректерді жинау, жүйелеу, сипаттау, баяндау, талдау әдістері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде «Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісі алынды, ертегіде кездесетін мифонимдер жүйеленіп, этномәдени коннотациялары талданды.

Нәтижелер және талқылау

Коннотация – эмоция, бағалау, стилистикалық және этномәдени компоненттерден тұратын семантикалық категория.

Коннотация – тіл біліміндегі өзекті әрі күрделі семантикалық категориялардың бірі. Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Коннотация (лат. *connotatio, connato* – қосымша мағынаға ие) – тіл бірлігінің эмоциялық, стилистикалық реңі. Кең мағынада коннотация – тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті рең беретін кез келген түрі. Тар мағынада коннотация – тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағына, яғни троп не сөйлеу фигурасына тән мағына. Мысалы, *азамат* сөзінің *кәмелетке жеткен ер адам* мағынасы денотативтік (негізгі) мағына болса*, адамгершілік қасиеті жоғары, саналы адам* деген мағынасы коннотативтік көтеріңкі мағынасы болып табылады» [1, 197-б.].

Л. М. Штайнгарт атап өткендей, «сөздің мағынасында ассоциативті белгілерді бекіту – коннотациялардың пайда болуы – мәдени-ұлттық процесс. «Мәдени коннотация» ұғымы белгілі бір лингвомәдени қауымдастық үшін тілдік белгінің әлеуметтік, эмоционалды және эмоционалды-бейнелік маңыздылығын білдіреді» [2, 196-б.].

Сөздердің этномәдени коннотациясы арқылы ұлттың мәдениеті мен бірегейлігі, халықтың өмір салты, дүниетанымы, дәстүрі мен тарихы көрініс табады.

Мифтерде, қиял-ғажайып ертегілер мәтіндерінде кездесетін этномәдени коннотацияға ие тілдік бірліктер – мифонимдер.

«Мифоним (грек. *mythos* – аңыз, *onyma* – есім) *зат. лингв.* Мифтер мен аңыздағы кез келген (қаһарман, Құдай, жер аты) ойдан шығарылған нысан» [3, 250-б.].

А. В. Суперанская мифонимдерге шын өмірде ешқашан болмаған адам, жануар, өсімдік, халық, географиялық және космографиялық нысандардың атауларын жатқызады. Ол мифонимдерді зерттеу антропонимия (жеке есімдерді, олардың шығу тегін, құрылымын, мағынасын зерттейтін ономастика бөлімі) мен теонимия (құдайлардың және басқа да табиғаттан тыс жаратылыстардың атауларын зерттейтін ономастика бөлімі) салаларының аралық жағдайында жүзеге асады деп көрсетеді [4, 185-б.].

О. И. Быковаңың пікірінше, мифонимдер мифологиялық жаратылыстарды білдіретін лексикалық бірліктер, олар мифологиялық бейненің тілдік бейнеге семантикалық қайта кодталуы, этностың шынайы және ойдан шығарылған нысандары туралы түсініктермен байланыстырылып, мағынаның тереңдеуі және этникалық коннотациялардың пайда болуымен сипатталады [5, 17-б.].

Н. В. Подольскаяның пікірінше, мифоним – миф, эпопея, ертегі, аңыздардағы ономастикалық кеңістіктің кез келген саласының атауы. Ол мифонимдерді бірнеше топқа бөліп, қарастыруға болады деп есептейді: *мифоантропонимдер* (шынайы өмірде бар болуы мүмкін мифтер мен ертегілерде кездесетін кейіпкерлер); *мифоперсонимдер* (мифтерде, аңыздарда, ертегілерде ғана кездесетін шынайы өмірде болуы мүмкін емес кейіпкерлер); *мифотопонимдер* (адам шын өмірде бар деп ойлаған географиялық нысандардың атаулары); *мифозоонимдер* (шынайы өмірде жоқ, бірақ адам оны бар деп есептейтін тіршілік иелерінің атаулары) және *мифофитонимдер* (шын өмірде жоқ, тек адам қиялында туындаған өсімдік атаулары) [6, 83-б.].

«Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісінде кездесетін *мифоантропоним* – Күнікей қыз. Күнікей – жалқы есім, шынайы өмірде кездесуі мүмкін қиял-ғажайып ертегідегі адам есімі. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» «күнікей» сөзі «күнгей, күн жақ» деген мағынаны білдіретіндігі жазылған [7, 355-б.].

Күнікей есімінің негізі болып табылатын «күн» сөзінің қазақ этномәдениетінде, дүниетанымында, фольклорында, тұрмыс-тіршілігінде ерекше орны бар. «Күн – жер бетіндегі тіршілік иелеріне өмір нәрін беріп тұрған аспан денесі. Бағзыдан бері адам баласының наным-сенімі мен мәдениетінде үлкен мәнге ие болған объект. Күнді қазақтар ұдайы қозғалыстағы адасқақ жұлдыздар немесе жүрдекі аттар деп аталатын аспан денелерінің қатарында қарастырады. Археологиялық деректерді бағзыдағы мифтік дүниетанаммен шендестіре зерттеген ғалымдар атқа жегілген арба дөңгелегінің кегейін күнмен байланыстырған. Өйткені күн де, арба да дүниенің төрт бұрышын шарлайтын ұдайы қозғалыстағы объектілер деп түсінген» [8, 277-б.].

Күн сөзінің мағынасы – әлемге жарық, жылу беретін тіршілік көзі, сондықтан «Күнікей қыз» есімі жағымды этномәдени коннотацияға ие.

«Күн астындағы Күнікей қыз» қиял-ғажайып ертегісінде *мифоперсонимдер* көптеп кездеседі, олардың қатарында ерекше жаратылыс иелері Таусоғар, Сақұлақ, Көлтауысар, Желаяқ бар. Ертегіде олар «екі алақанына екі тауды салып жүрген бір дәу», «жер тыңдаушы», «екі көлдің суын екі ұртына ұрттап жүрген бір дәу», «екі аяғына екі батпан тас байлап алған, ойдан-қырдан жүгіріп жүрген желаяқ» деп суреттелген. Бұл кейіпкерлер – басты қаһарманның адал достары, жетістікке, жеңіске жету жолындағы көмекшілері.

Таусоғар, Сақұлақ, Көлтауысар, Желаяқ – қазақ халқының танымынан пайда болған кейіпкерлер. Баяғы адамдардың мифтік түсінігі бойынша жердің, желдің, таудың, судың «иесі», «киесі» бар деп есептеген.

Ертегіде «мыстан кемпір» мифоперсонимі бар. Мыстан кемпір – қазақ фольклорында жиі кездесетін тылсым күшке ие, зұлым, жағымсыз кейіпкер. Оның шаштары жалбыраған ұзын, тырнақтары өткір және тістері қисық. Әдетте ертегілерде ол азу тісімен жер қазады, тамақты улайды, басты кейіпкерді сықырлап, ұрлайды, байлап ұстайды немесе тірідей жейді.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» мыстан кемпірге келесі анықтама берілген: «*әдеб. миф.* Кемпір кейпіндегі ертегілерде кездесетін, адамзатқа қарсы айла-шарғысы көп, арамза, қара күш иесі» [3, 423-б.].

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде мыстан кемпір Желаяқпен жарысып, оны қулық қолданып жеңгісі келеді. Алайда арам ойы жүзеге аспайды. Мыстан кемпір – қауіп, қорқыныш, зұлымдық мағыналарымен байланысты жағымсыз коннотацияға ие мифоперсоним.

Ертегінің «Күн астындағы Күнікей қыз От тауының ар жағында тұратын бір ханның қызы екен» деген үзіндісінде «От тауы» деген *мифотопоним* бар. От тауы шынайы өмірде жоқ географиялық атау, оған жету үшін ертегі кейіпкерлері ұзақ, әрі шытырман оқиғаларға толы сапар шегеді.

От қазақ этномәдениетінде ерекше бағаланады, бұл жөнінде Ш. Уәлиханов: «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде: «Барлық шаман ұрпақтары ішінде қырғыздарда отқа табыну қазірге дейін үлкен күшке ие. Қырғыздар отты әулие деп атайды және қырғыз тақуаларын да осы атпен атайды. Моңғол типтес қырғыздар отқа табынғаннан оны ана атайды. От тазартқыш қасиетке ие. Екі оттың арасымен жүргізе отырып тазартады. Қырғыздарда тазарту салты аластау деп аталады. Қыстаудан көшіп келе жатып, олар көшпен екі оттың арасынан өтеді. Көпшілік алдында ант беретін адам да отпен тазалануы тиіс. ... Отқа табына отырып, оттың ашуынан қорыққан», – дейді [9, 58-б.].

«От» сөзінің «жылу, жарық, күш, құдірет, тазалық» сияқты жағымды коннотацияларымен қатар «қауіп, апат, тілсіз жау» деген жағымсыз коннотациясы жүреді. Ертегіде таудың От деп аталуы кездейсоқ емес, ол жерде кейіпкерлерді түрлі қауіпті сынақтар күтеді.

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде «алтын мүйізді киік» *мифозоонимі* бар. Ертегіде «Бір күндерде ешкілерін далада жайып жүріп, бір топ киікті көреді, оның ішінде бір *алтын мүйізді киік* жүреді», «Алтын қанатты тақтың үстінде *алтын мүйізді шұбар киік* ойнап тұрады», – деген үзінділер бар. Алтын мүйізді киік бейнесі қазақ халқының танымынан, ұшқыр қиялынан туындаған.

Киік – қазақ халқының мәдениетінде, фольклорында, дүниетанымында киелі, құт-береке әкелетін жануар ретінде бағаланады. Оның бейнесі табиғатпен үйлесімділікті, тазалықты білдіреді, киіктің мүйізі түрлі ауруға ем, қасиетті саналады. Киік сөзі қазақ қоғамында, этномәдениетінде, фольклорында әрдайым жағымды коннотацияға ие.

Зерттеу нысанына алынған ертегіде тылсым қасиеттері бар «бәйтерек», «алтын ағаш» сияқты *мифофитонимдер* кездеседі: «Келе жатса жолында бір үлкен бәйтерек тұр екен, оның түбіне келсе, екі құдық бар екен, біріншісінде алтын су, екіншісінде күміс су бар», «Сонан кейін сол үңгірден ішін аралап жүрсең, іздеген алтын ағашың сонда тұрар. Сен сол арада алтын ағаштың бұтағынан қысып, қолыңмен ұстарсың. Екі аяғыңмен ағаштың түпкі тамырын басып, екі көзіңді жұмсаң, сонда таң ата ханның есігінің алдына ағаш өзі келіп қонар».

«Бәйтерек» сөзінің қазақ этномәдениетінде, фольклорында, дүниетанымында терең мағынасы бар. «Ежелгі таным бойынша тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жерасты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. ...Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, бәй «үлкен» деген сөз, бай сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі (бәйбіше, бәйшешек), үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде – дарақ) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек, бәйтерек екі сөздің бірігуінен жасалып «зәулім ағаш» дегенді білдіреді» [10, 452-б.]. Қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін «бәйтерек», «алтын ағаш» мифофитонимдерінің этномәдени коннотациясы адамның табиғатпен бірлігін, үйлесімділігін білдіреді.

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алатын «алтын», «күміс» сөздері жиі кездеседі: «алтын мүйізді киік», «алтын ағаш», «тақтың екі қанаты болады: бірі алтын, бірі күміс», «бірі алтын суына малынған, бірі күміс суына малынған», «екі құдық бар екен: біріншісінде алтын су, екіншісінде күміс су», «алтын қанатты тақ». «Алтын,

күміс» сөздері байлықты, қымбат, құнды, бағалы нәрселерді білдіретін жағымды коннотацияға ие.

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» «алтын» сөзінің шығу тарихының бірнеше нұсқасы бар екендігін көрсетеді: «1. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, бұл сөз монғол тіліндегі *алтын \ алтин* – «қызғылт мыс» деген сөзден шыққан; 2. Басқа біреулер алтынның түсіне қарай түркі тілдерінің көбінде қолданылатын ал – «ашық қызыл, от тәрізді түс» деген сөзді негіз етіп алады; 3. Тағы кейбір ғалымдар *алтын* сөзі түркі тілдеріндегі «алты» (6) сөзінен шыққан дегенді айтады. Ертеректе Орта Азия халықтарында ақша ретінде әртүрлі нәрсе қолданылғаны мәлім. Мысалы, монғолдарда ақша ретінде жібек мата, алтайларда мал терісі жұмсалса, кейбір түркі халықтарында (болғарларда) нәрсенің құнын белгілеуші алты тиіннің терісі болған. Бара-бара алты мен тиін сөздері бірігіп, алтын болып өзгерген де, ақша пайда болған кезде үш тиіндік алтын (кейін бақыр) ақша есебінде қолданылған (әсіресе Ресейде және оған бағынған елдерде). Мысалы, орысша алтьшник – 3 тиіндік ақша, пятиалтьинник – 15 тиіндік ақша. Кейін алтын ақша орнына қағаз ақша келген кезде, алтын сөзі орыс тілінен осы өзгерген түрінде қайта оралып келіп, түркі тілдерінде қымбат металдың (бұрын ақша болған) атын ғана білдіретін болған тәрізді» [11, 35-б.].

Қазақ халқының танымындағы «алтын» сөзі тек қана металды емес, сонымен қатар адам өміріндегі ең бағалы заттарды да білдіреді. Мысалы, «алтын уақыт», «алтын жүрек», «алтын мінез», «алтын жан» т.б. «Алтын» сөзінің бұл этномәдени коннотациялары қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымында айрықша орын алады. Алтын тек материалдық байлықты ғана емес, рухани құндылықтарды білдіретін жағымды коннотацияға ие.

«Күміс» сөзінің де қазақ халқының мәдениетінде, танымында, тұрмыс-тіршілігінде орны бөлек. «Күміс – халықтық қолөнерде кең қолданылатын ақ түсті металдың бірі. Күміс жұмсақ, оңай балқитын, жеңіл, созылғыш металға жатады. Таза күмісті *ақ күміс, нақыра күміс, ақ жамбы, құйма күміс, кесек күміс, ұрғашы күміс* деп те атаған. Дәстүрлі ортада күміс тазалықтың символы ретінде бағаланған. Әйел адам ыдыс-аяққа көп араласатындықтан, тазалықтың нышаны ретінде қолына күміс тағуға міндетті болған» [8, 277-б.]. Ол, бір жағынан, бағалы металды, екінші жағынан, «сұлулық, тазалық, нәзіктік, жарықтық» сияқты жағымды коннотацияларды білдіреді: «күміс көл», «күміс таң», «күміс күй» және т.б.

Мифонимдер лингвистикалық эволюция туралы түсінігімізді байытып қана қоймайды, сонымен қатар уақыт пен кеңістікте адамдардың қарым-қатынасын қалыптастырған мәдени құндылықтар мен тарихи контекстерге терезе ашады [12, 15-б.]. Бұл тұрғыдан алғанда, мифонимдердің этномәдени коннотацияларын анықтау маңызды.

Қорытынды

Зерттеудің мақсатына сәйкес «Күн астындағы Күнікей қыз» қиялғажайып ертегісіндегі мифонимдердің этномәдени коннотациясына тілдік тұрғыда талдау жасалды. Тақырыпты зерттеу барысында қазақ қиялғажайып ертегілерінде мифонимдердің этномәдени коннотациясының орны ерекше екендігі анықталды. «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі негізінде мифоантропоним, мифоперсоним, мифотопоним, мифозооним және мифофитонимдердің этномәдени коннотацияларына жүйелі талдау жүргізіліп, нақты мысалдармен дәлелденді.

Этномәдени коннотацияға ие мифонимдер лингвистиканың әртүрлі салаларында зерттеу үшін бай материал болып табылады. Зерттеу нәтижелерін қазақ тіл білімінің лингвомәдениеттану, лингвофольклортану, әдебиеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және т.б. жаңа бағыттарының теориялық және практикалық мәселелерін тереңдете зерттеуге қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Мәтін]. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 548-б.

2 **Штейнгарт, Л. М.** Коннотация как показатель национальных особенностей картины мира (на материале пословиц и поговорок российских немцев) [Текст] // Вестник КрасГУ. – 2006. – № 3/1. – С. 241–247.

3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том [Мәтін] / Құраст. Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752-б.

4 **Суперанская, А. В.** Общая теория имени собственного [Текст]. – М. : Просвещение, 1973. – 363 с.

5 **Быкова, О. И.** Этноконнотация как вид культурной коннотации (на материале номинативных единиц немецкого языка): автореф. дис. ... д-ра филол. наук [Текст]. – Воронеж, 2005. – 42 с.

6 **Подольская, Н. В.** Словарь русской ономастической терминологии [Текст]. – М. : Наука, 1988. – 192 с.

7 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі [Мәтін] / Құраст. Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы : Арыс, 2005. – 824-б.

8 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том [Мәтін]. – Алматы : РПК «Слон» DPS, 2012. – 736-б.

9 **Уәлиханов, Ш.** Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том [Мәтін]. – Алматы : «Толағай групп», 2010. – 496-б.

10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том [Мәтін]. – Алматы : РПК «Слон» DPS, 2011. – 738-б.

11 **Ысқақов, А., Сыздықова, Р., Сарыбаев, Ш.** Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Қазақ ССР «Ғылым», 1966. – 240-б.

12 **Abduolimova, M. N.** The study of mythonyms in world linguistics: an in-depth exploration [Text] // American journal of education and learning.– 2024. – Vol. 2. – P. 12–15.

REFERENCES

1 **Qaliev, Ğ.** Tıl bılımı terminderınıñ tüsındırme sözdıgı [Explanatory Dictionary of linguistics terms] [Text]. – Pavlodar : S. Toraiğyrov atyndağy PMU, 2010. – 548 p.

2 **Şteingart, L. M.** Konnotasia kak pokazatel nasionälnyh osobenostei kartiny mira (na materiale poslovis i pogovorok rosiskih nemsev) [Connotation as an indicator of national characteristics of the worldview (based on the proverbs and sayings of Russian Germans)] [Text] // Vestnik KrasGU. – 2006. – № 3/1. – 241–247 p.

3 Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. 11-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 11] [Text] / Qūrast. : J. Mankeeva, S. Bizaqov, Ä. Jünısbek jäne t.b. – Almaty, 2011. – 752 p.

4 **Superanskaia, A. V.** Obşaia teoria imeni sobstvennogo [General theory of proper names] [Text]. – Moscow : Prosveşenie, 1973. – 363 p.

5 **Bykova, O. İ.** Etnokonnotasia kak vid külturnoi konnotasii (na materiale nominativnyh edinis nemeskogo iazyka): avtoref. dis. ... dok. filol. nauk [Ethnoconnotation as a type of cultural connotation (based on the material of nominative units of the German language)] [Text]. – Voronej, 2005. – 42 p.

6 **Podölskaia, N. V.** Slovär ruskoi onomasticheskoi terminologii [Dictionary of Russian onomastic terminology] [Text]. – Moscow : Nauka, 1988. – 192 p.

7 Qazaq tılınıñ aimaqtyq sözdıgı [Regional Dictionary of the Kazakh language] [Text] / Qūrast. : Ğ. Qaliev, O. Naqysbekov, Ş. Sarybaev, A. Üderbaev jäne t.b. – Almaty : Arys, 2005. – 824 p.

8 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. 3-tom [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia. Volume 3] [Text]. – Almaty : RPK «Slon» DPS, 2012. – 736 p.

9 **Uälihanov, Ş.** Köp tomdyq şyğarmalar jinağy. 4-tom [Collection of multi-volume works. Volume 4] [Text]. – Almaty : «Tolağai grupp», 2010. – 496 p.

10 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. 1-tom [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia. Volume 1] [Text]. – Almaty : DPS, 2011. – 738 p.

11 **Ysqaqov, A., Syzdyqova, R., Sarybaev, Ş.** Qazaq tılınıñ qysqaşa etimologialyq sözdıgı [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Qazaq SSR «Ğylym», 1966. – 240 p.

12 **Abduolimova, M. N.** The study of mythonyms in world linguistics: an in-depth exploration [Text] // American journal of education and learning. – 2024. – Vol. 2. – P. 12–15.

30.01.26 ж. баспаға түсті.
24.06.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ә. Қ. Жүнісқали[1], А. Ш. Юсупова[2]
[1]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;
[2]Казанский федеральный университет,
Российская Федерация, Республика Татарстан, г. Казань.
Поступило в редакцию 30.01.25.
Поступило с исправлениями 24.06.25.
Принято в печать 10.08.26.

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ КОННОТАЦИЯ МИФОНИМОВ В СКАЗКЕ «КРАСАВИЦА КУНИКЕЙ, ЖИВУЩАЯ ПОД СОЛНЦЕМ»

Через этнокультурную коннотацию слов отражаются культура, быт, мировоззрение, история народа. В связи с этим исследование этнокультурных коннотаций в волшебных сказках вызывает научный интерес.

В статье исследована этнокультурная коннотация мифонимов в казахских волшебных сказках.

Цель научного исследования – лингвистический анализ этнокультурной коннотации мифонимов в волшебной сказке «Красавица Куникей, живущая под Солнцем».

Актуальность исследования объясняется необходимостью выявления особенностей этнокультурной коннотации мифонимов в волшебной сказке «Красавица Куникей, живущая под Солнцем». В статье отражены определения терминов «коннотация», «этнокультурная коннотация», приведен обзор их изучения. В ходе

исследования были выявлены этнокультурные особенности и историко-языковой контекст мифонимов сказки «Красавица Куникей, живущая под Солнцем», которые были проанализированы с использованием конкретных примеров из сказки.

В процессе исследования были проанализированы положительные и отрицательные этнокультурные коннотации мифонимов в фантастической сказке «Красавица Куникей, живущая под Солнцем», выявив, что мифонимы играют важную роль в мировоззрении, этнической культуре и фольклоре казахского народа.

В результате исследования темы были выявлены такие виды мифонимов, как мифоантропоним, мифоперсоним, мифотопоним, мифозооним, мифофитоним и подробно изучены этнокультурные коннотации в сказке «Красавица Куникей, живущая под Солнцем». Результаты исследования помогут углубленно изучить теоретические проблемы направлений казахского языкознания: лингвофольклористика, лингвокультурология, этнолингвистика, когнитивная лингвистика и др.

Ключевые слова: коннотация, этнокультурная коннотация, мифоним, волшебная сказка, фольклор.

**A. Zhuniskali[1], A. Yusupova[2]*
[1]L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;
[2]Kazan Federal University,
Russian Federation, Republic of Tatarstan, Kazan.
Received 30.01.25.
Received in revised form 24.06.25.
Accepted for publication 10.08.26.

THE ETHNOCULTURAL CONNOTATION OF MYTHONYMS IN THE FAIRY TALE «THE BEAUTIFUL KUNIKEY, WHO LIVES UNDER THE SUN»

The ethnocultural connotation of the words reflects the culture, way of life, worldview, and history of the people. In this regard, the study of ethnocultural connotations in fairy tales is of scientific interest.

The article examines the ethnocultural connotation of mythonyms in Kazakh fairy tales.

The purpose of the research is a linguistic analysis of the ethnocultural connotation of the mythonyms in the fairy tale "The Beautiful Kunikey, who lives under the Sun". The relevance of the study is explained by the need

to identify the features of the ethnocultural connotation of the mythonyms in the fairy tale "The Beautiful Kunikey, who lives under the Sun". The article reflects the definitions of the terms "connotation", "ethnocultural connotation", and provides an overview of their study.

The research revealed the ethnocultural features and the historical and linguistic context of the mythonyms of the fairy tale "The Beautiful Kunikey, who lives under the Sun", which were analyzed using specific examples from the fairy tale.

In the course of the research, the positive and negative ethnocultural connotations of the mythonyms in the fairy tale "The Beautiful Kunikey, who lives under the Sun" were analyzed, revealing that mythonyms play an important role in the worldview, ethnic culture and folklore of the Kazakh people.

As a result of the research of the topic, such types of mythonyms as mythoanthroponym, mythopersonym, mythotoponym, mythozoonym, mythophytonym were identified and the ethnocultural connotations in the fairy tale "The Beautiful Kunikey, who lives under the Sun" were studied in detail. The results of the research will contribute to an in-depth study of the theoretical problems of the directions of Kazakh linguistics: linguofolkloristics, linguoculturology, ethnolinguistics, cognitive linguistics, etc.

Keywords: connotation, ethnocultural connotation, mythonym, fairy tale, folklore.

ҒТАМР 16.21.33

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/325-341

Ж. Ибраева[1], Г. Четиндаг Суме[2], О. Эртисхан[3]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[2]Фырат университеті, Түркия, Элязыг қ.;
[3]«Өрлеу» БАҰО АҚ-ының Павлодар облысы бойынша
Кәсіби даму институты,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-2632-6332
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4699-3944
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0004-8698-932X
*e-mail: zhanar.ibraieva.77@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ҚАТЫСЫМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Бұл мақалада қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің түрлері жинақталып, олардың тілдік көрінісі жан-жақты қарастырылады. Тілдің басты қызметі – қарым-қатынас құралы болуымен бірге, оның ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік, эстетикалық және прагматикалық қырлары ғылыми тұрғыдан талданады.

Мақалада мәтіннің тіл деңгейлері арасындағы орнын, басқа тілдік бірліктермен арақатынасын және мәтін лингвистикасының ұғымдары, қызметі туралы түсініктер толықтырылып берілген. Көзделген мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: 1) қатысым қызметінің теориялық негіздерін қарастыру; 2) қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің типологиясын айқындау; 3) қатысым қызметінің тілдік деңгейлердегі жүзеге асуын сипаттау. Адресаттың (ақпаратты қабылдайтын тұлға) мәтінді оқыған кездегі қабылдау ерекшеліктері сипатталып, сипаттама беріліп жіктеледі.

Зерттеу кезінде түрлі жанрдағы мәтіндер алынып, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектері мен қазіргі филология ғылымындағы зерттеу мақалалары, М. Мақатаевтың экспрессивтік, эстетикалық қызметті айқын көрсететін поэзиялық шығармалары қарастырылды. О. Бөкейдің әңгімелері, Ш. Мұртазаның шығармаларынан үзінділер, шешендік сөздер, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаевтың

халыққа Жолдауындағы мәтіндерден қатысым қызметінің қызметі зерделеніп, салыстырылды.

Мақалада қатысымдық бірліктердің сөйлеу актілеріндегі қызметін Ч. Моррис тұжырымдамасымен негізделіп, Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектері, қазіргі филология ғылымындағы зерттеу мақалалар, ақпараттық, прагматикалық, экспрессивтік, эстетикалық қызметті айқын көрсететін қазіргі қазіргі қазақ мәтіндеріндегі көрінісін нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

Кілтті сөздер: тілдің қатысымдық қызметі, қазақ мәтіндері, адресат, тілдік бірлік, мәтін лингвистикасы.

Кіріспе

Мәтін – сөз арқылы жеткізілетін, сөйлеудің шығармашылық нәтижесі. Қазіргі қазақ тілінде «мәтін» ұғымының қолданыла бастағанына көп уақыт бола қойған жоқ. Тілімізге дендеп ене бастаған мәтін сөзінен «мәтінтаным», «мәтінтану», «мәтінтанушы» секілді бірнеше жаңа баламалар туындады. Мәтін арқылы барлық тілдік бірліктер іске қосылатындықтан, мәтінді талдау, мәтін тану, мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметін анықтау, адресаттың қабылдау қызметтері бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәтінтану, қатысым теориясы мен прагмалингвистика бағыттары қарқынды дамып келеді. Мәтін арқылы тілдің қатысымдық қызметінің түрі жүзеге асады. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ мәтіндерінің қатысым қызметін анықтау, олардың типологиясын сипаттау-ұлттық тілдің коммуникативтік әлеуетін айқындауға жол ашады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің түрлерін анықтау және олардың тілдік көріністерін сипаттау. Зерттеу әдіснамасы – функционалды грамматика, прагмалингвистика, дискурс талдау, мәтін лингвистикасы.

Мәтінді тану, оның тілдік табиғатын ашу соңғы уақыттардағы жалпы тіл білімінде зерттеліп келе жатқан тың сала болып табылады. «Мәтін» деп нені тануға болады деген сауалдан басталып, әр жанр, стильге тән мәтіндерді талдау, мәтінтүзуші факторларды анықтау, оны тұтастай жүйе ретінде алып қарастыру, бөлшектерге, сегменттерге бөлу, бүтін мен бөлшек арасынан логикалық байланысты көре білу, таба алу, т.б. мәселелер мәтінді лингвистиканың зерттеу нысаны дәрежесіне көтерді.

Осы тұрғыда тіл зерттеушісі Г. Х. Рамазанова сөйлеу жанрлары қатысым қызметінің нақты көріністері болып табылатындығын атап көрсетті: В лингвистике представлены следующие жанры речевого общения: беседа, разговор, рассказ, история, предложение, признание, просьба, спор, замечание, совет, письмо, записка, сообщение (ватсапп и др.

гаджеты), дневник. Такое разделение основано на таких категориях как: тип коммуникативных установок, способ участия партнеров, ролевые отношения между участниками, характер их реплик, соотношение различных форм речи. Әр жанр белгілі бір коммуникативтік мақсатқа, адресатқа және сөйлеу жағдаятына байланысты қалыптасады. Сондықтан қатысым қызметінің ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік және прагматикалық түрлері осы жанрлардың құрылымынан айқын байқалады. Олар арқылы адресант пен адресат арасындағы өзара әрекет, сөйлеу ниеті мен прагматикалық бағыт айқындалады [6; 116–128].

Қазақ филологиясында мәтінді талдау көпке дейін әдебиеттану нысаны ретінде ғана қарастырылып келгені белгілі. Мәтінтанудың бір саласы текстология ғылымының өзі тұтасымен әдебиетшілердің мойнына жүктеліп келгені сондықтан. Шын мәнісінде мәтінтану мәселесін, оның негізгі категориясы мәтінді лингвистикалық тұрғыдан сараптау, анализ жасау қазақ тіл білімінде күрделі де қиын және қолға кеш алынған мәселе екені белгілі.

Мәтінтану мен мәтінге тілдік талдау жүргізу кеш қолға алынғандықтан, мәтінтану ғылымы мен мәтінталдау ғылымы терминдерінің тұтас жүйесі жоқтығы, көбінің баламасы табылып, тілде толық орныға қоймағаны, ғылыми басты ұғымдары туралы түсініктің қалыптаса қоймағаны белгілі. Бірақ осы бағытта соңғы жылдары зерттеушілер ізденісі арқасында тың баламалар ұсынылуда. Жұмыс жазу барысында мәтінтану мен мәтінталдауға қатысты кейбір терминдердің баламалары ұсынылды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалы ретінде әртүрлі жанрдағы қазіргі қазақ мәтіндері алынды. Соның ішінде, көркем әдебиет үлгілері (қазақ классиктерінің шығармаларынан үзінділер), қазіргі қазақ мәтіндері, ғылыми мәтіндерден үзінділер (қазақ тіл біліміндегі зерттеу мақалалары мен монографиялар), ресми мәтіндер, оның ішінде заң құжаттары, ресми хабарламалар, әкімшілік мәтіндер, сондай-ақ медиа мәтіндер (газет-журнал мақалалары, интернет жаңалықтары, әлеуметтік желідегі жазбалар) қарастырылды. Атап айтқанда, зерттеу ауқымына шамамен 250–300 бет көлеміндегі мәтіндер енгізілді.

Ғылыми зерттеу барысында төмендегідей әдістер пайдаланылды:

Мәтіндердегі қатысым қызметінің сипаттауда, олардың ерекшеліктерін айқындауда сипаттамалы әдіс қолданылды. Зерттеу кезінде түрлі жанрдағы мәтіндер алынып, салыстырмалы әдіс арқылы талданды. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектері мен қазіргі филология ғылымындағы зерттеу мақалалары, М. Мақатаевтың экспрессивтік, эстетикалық қызметті айқын көрсететін поэзиялық шығармалары қарастырылды. О. Бөкейдің әңгімелері, Ш. Мұртазаның шығармаларынан үзінділер, шешендік сөздер, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының

президенті Қ. Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы мәтіндерден қатысым қызметінің қызметі зерделеніп, салыстырылды.

Мәтіндердегі лексикалық және грамматикалық, стилистикалық құралдардың қатысымдық қызметін айқындауда функционалды-семантикалық талдау жасалды.

Автор мен адресат арасындағы қарым-қатынас, жағдаят, интенция, прагматикалық маркерлерді айқындауда прагмалингвистикалық талдау, қазіргі медиа мен әлеуметтік желідегі мәтіндердің ерекшеліктерін ашуда дискурстық талдау жүргізілді. Осы әдістердің кешенді қолданылуы қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің типологиясын толыққанды айқындауға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Қатысым қызметі мәселесі тіл білімінде функционалдық бағыттың қалыптасуымен тығыз байланысты қарастырылады. Тілдің тек құрылымдық жүйе емес, ең алдымен қоғамдық-коммуникативтік құбылыс екені XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми тұрғыда кеңінен дәлелдене бастады. Осы тұрғыдан алғанда, мәтіндегі қатысым қызметтерін анықтау мен жіктеу мәселесі мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика және семиотика салаларымен сабақтас дамыды. Жалпы тілдік коммуникацияның функционалдық табиғатын зерттеуде Ч. Морристің семиотикалық тұжырымдамасы маңызды орын алады. Ғалым тілдік таңбаның қызметін синтактика, семантика және прагматика деңгейлерінде қарастырып, таңбаның адресатпен байланысын басты назарға алады. Бұл бағыт кейін мәтіндегі қатысым қызметтерін прагматикалық тұрғыдан талдауға негіз болды [7]. Қатысымдық бірліктердің сөйлеу актісіндегі рөлі, адресант пен адресат арасындағы өзара әрекет осы теориялық ұстаным аясында түсіндіріледі.

Функционалдық лингвистикада тілдің ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік, эстетикалық және прагматикалық қызметтері әртүрлі ғылыми мектептерде әрқилы жіктелгенімен, олардың барлығы мәтіннің коммуникативтік табиғатын ашуға бағытталған. Бұл бағыттағы зерттеулерде мәтін тек сөйлемдер жиынтығы емес, мақсатты ұйымдасқан тұтас қатысымдық құрылым ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде тілдің қатысымдық қызметі мәселесі Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым тілдің қызметін ойды жеткізу, пікір білдіру, түсіндіру сияқты әрекеттермен байланыстыра отырып, тілдік бірліктердің қызметтік табиғатына назар аударған [1]. Оның «Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш» еңбектерінде тілдік категориялар тек грамматикалық тұрғыдан емес, қатысымдық-функционалдық тұрғыдан сипатталады. Бұл еңбектер қазақ мәтіндерін функционалдық бағытта зерттеудің алғашқы ғылыми негізі болып табылады.

Кейінгі кезеңдерде қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика, дискурс теориясы аясында қатысым қызметі жан-жақты қарастырыла бастады. Зерттеушілер мәтіндегі ақпараттық қызметті деректік мазмұнмен, экспрессивтік қызметті эмоциялық-бағалауыштық құралдармен, аппелятивтік қызметті ықпал ету және әрекетке шақырумен, эстетикалық қызметті көркемдік-образдылықпен байланыстыра талдайды. Сонымен қатар, мәтіндегі фатикалық, метатілдік, кумулятивтік, конструктивтік қызметтердің де коммуникативтік кеңістіктегі орны айқындалады.

Мәтінді қабылдаушының танымдық деңгейі, мәдени аясы, тілдік тәжірибесі қатысым қызметтерінің жүзеге асуына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қатысым қызметін тек мәтін ішкі құрылымымен шектеу жеткіліксіз, оны адресаттың қабылдау ерекшеліктерімен бірлікте қарастыру қажеттілігі туындайды.

Нәтижелер және талқылау

Қатысым (коммуникация) – тілдің басты қызметі әрі сөйлеу әрекетінің негізгі мақсаты. Түркі тіл білімінде бұл ұғым тіл мен ойлаудың, қоғам мен мәдениеттің өзара байланысында қарастырылып, тілдің антропоцентристік бағытының өзегіне айналды. Тілдің қатысымдық қызметін зерттеу арқылы адамзаттың танымдық тәжірибесі, дүниетанымы мен әлеуметтік қарым-қатынасы айқындалады.

Осы тұрғыда Әнес Ғарифолла өзінің докторлық диссертациясында оқырманның қабылдауының жан-жақтылығын көрсетіп берді. Кез келген мәтінді қабылдау үшін эмпатияны қабылдауға қабілеттілік керек, себебі шығармадағы қатардағы кейіпкерлердің, сонымен бірге басты кейіпкердің көңіл-күй, мінез-құлық ерекшеліктерін түсінуге эмпатиялық қабілеттілік қажет, өйткені осы қабілеттілік арқылы, тұтасымен алғанда, шығарма авторының біртұтас концепциясын ұғынуға болады. Мәтінді әркім әртүрлі қабылдайды, қабылдау үдерісіне оқырманның білім деңгейі, өмірлік тәжірибесі, шыққан ортасы т.б факторлар әсер етеді [5; 12–13].

Қатысымдық бірліктердің тіл мен оны қолданушы тұлғалардың арасындағы қызметті прагматика теориясының негізін салған Ч. Моррис тұжырымдамаларынан басталса, Т. А. Ван Дейк, В. А. Гак, И. Р. Галперин, А. А. Леонтьев, Н. А. Арутюнова сынды шетелдік тіл зерттеушілер, сонымен қатар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, М. Балақаев, Ф. Ш. Оразбаева, Б. Х. Хасанұлы, З. Ш. Ерназарова, Г. Н. Смагулова, Д. А. Әлкебаева сында қазақ ғалымдарының тұжырымдарымен сабақтасады.

Тілді таңбалық жүйе ретінде қарастырған американдық ғалым Ч. Моррис семиотиканың үш негізгі саласын айқындады: синтактика, семантика және прагматика. Ғалымның пікірінше, «прагматика – семиотиканың таңбалардың пайда болуы, қолданылуы және солардың орын алған мінез-құлықтағы

әсерлерін қарастыратын бөлігі» [7]. Яғни тілдік бірліктерді тек құрылымдық тұрғыда емес, оларды қолданушы тұлғалардың қарым-қатынас барысындағы мақсат-мүддесімен байланысты қарастыру қажет [7; 7–9].

Бұл қағидаға сүйене отырып, қатысымдық бірліктердің қызметін түсіндіруде сөйлеушінің ниеті (иллокутивтік күш) мен тыңдаушыға тигізетін әсері (перлокутивтік нәтиже) басты рөл атқарады. Демек, сөздің қатысымдық мәнін толық ашу үшін «кім айтты, қандай жағдайда айтты, кімге бағытталды» деген сұрақтарға жауап беру маңызды. Осы арқылы қатысым бірліктерінің ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік, эстетикалық және прагматикалық қызметтері айқындалады.

Тіл зерттеушілерінің пайымдауынша, тілдің қатысымдық қызметі бірнеше түрге бөлінеді: ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік, эстетикалық және прагматикалық. Бұл қызметтердің әрқайсысы тілдік қолданыстың түрлі жанрларында көрініс тауып, қоғамдағы қарым-қатынастың әр қырын жүзеге асырады.

Тілдің қатысымдық қызметінің бір түрі- ақпараттық қызмет. Бұл қызмет арқылы сөйлеуші объективті деректер мен мәліметтер береді. Ол көбінесе ғылыми мақалалар, ресми құжаттарда, газет-журнал, публицистикалық жазбаларда ақпараттық мазмұн басым болады. А. Байтұрсынұлының тілтану саласындағы «Тіл-құрал» еңбегінде «Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24. Бұлар 3 түрлі болғандықтан 3-ке бөлінеді. 5 дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, дауыстап айтуға көнетін болғандықтан, ашық дыбыс, яки дауысты дыбыс деп аталады. Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, тұйық дыбыс, яки дауыссыз дыбыс деп аталады. Екі дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан һәм дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын болғандықтан, орта дыбыс, яки жарты дауысты дыбыс деп аталады. 24 дыбысқа араб хәріптерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп хәріптер арналды» деп анықтама беруі, адресатқа берілген ақпарат болғандықтан, оны ақпаратты қабылдайтын тұлға тұтас ақпарат ретінде қабылдайды, осы ақпараттан білімін толықтырады, тәжірибеде қолданады [1; 34–36].

Адресаттың эмоциясын, сезімін жеткізудің құралы тіл болғандықтан, осы жерде қатысымның экспрессивтік қызметі басым тұрады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың «Сенсіз өткен өмірім тең өлікпен,

Сен иемсің, айырылғанмын еріктен.

Сенсіз өмірім қуанышсыз, серіксіз,

Тағдыр сені ыстық етті неліктен?» деген өлең жолдарында сөйлеушінің ішкі күйзелісі, лирикалық эмоциясы көрінеді [8; 76–77].

Адресатқа әсер ету, белгілі бір әрекетке шақыруда аппелятивтік қызметтің түрі көрінеді. Бұл қызмет шешендік сөздер, публицистикалық

мақалалар, шешендік сөз, жарнамаларда кездеседі. Мысал ретінде Төле би: «Төле бидің тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні – ел бірлігі!» Мұнда халықты бірлікке шақыру бар. Тыңдаушыны белгілі бір әрекетке итермелеу – аппелятивтік қызметтің басты белгісі.

Шерхан Мұртаза: «Халық бізден әділет күтеді, халық бізден шындық күтеді!». Қоғамдық санаға ықпал ету, әділетке шақыру, үндеу-аппелятивтік қызметтің белгісі болып тұр [9]. Шерхан Мұртазаның қанатты сөзі қоғамдағы әділет пен шындықтың маңызын айқындап, азаматтық үндеудің үлгісі ретінде көрініс табады Қазақ публицистикасында қатысым қызметінің маңызды түрлерінің бірі – аппелятивтік қызмет, адресатқа әсер ету, белгілі бір әрекетке үндеу, итермелеу, санасына ой салу, үндеу жасау. Бұл қызмет көбіне қоғамдық-әлеуметтік мазмұндағы мәтіндерде, публицистикалық және эссе жанрларында айқын байқалады. Мұнда автор оқырманның сана-сезіміне әсер етіп, оны әділет жолында белсенді болуға шақырады. Адресанттың тыңдаушыға бағытталған тікелей ықпалы, үндеу сипаты мен қоғамдық санаға әсер етуі-аппелятивтік қатысым қызметінің басты белгілері болып табылады.

Аппелятивтік қызметтің басты мақсаты- тыңдаушының эмоциясына, ерік-жігеріне әсер етіп, оны нақты әрекетке ынталандыру. Осы тұрғыдан алғанда, Ш. Мұртазаның аталған сөзі қазақ публицистикасындағы азаматтық үндеудің көркем үлгісі ретінде бағаланады. Мұндай мәтіндерде тілдің экспрессивтік және прагматикалық әлеуеті де айқын көрінеді, себебі автор тек ақпарат беріп қана қоймай, тыңдаушының дүниетанымына ықпал етуге ұмтылады.

Демек, Шерхан Мұртазаның бұл сөзі қоғамның моральдық санасын оятуға, әділет пен шындық қағидаттарын дәріптеуге бағытталған аппелятивтік қатысым қызметінің көрнекті мысалы болып табылады

Кейбір сөйлемдер ақпарат беріп қана қоймай, белгілі бір әрекетке үндейді. Мысалға алатын болсақ, Қ. Тоқаевтың халыққа Жолдауынан: «Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Әкімдердің аймақтағы инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін белгілеу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексін енгізуге тиіс. Мүмкін, бұл жұмысқа тәуелсіз сарапшыларды тартқан жөн болар.

Инвестицияға қолайлы ахуал қалыптастыруға тікелей әсер ететін ең басты мәселе – макроэкономикалық тұрақтылық.

Бірақ қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойып» жатыр.

Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бәріне ортақ болғанымен, ол біздің жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құрсаудан шығуымыз керек. Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет. Үкімет пен Ұлттық банк қазіргі қалыптасқан ахуалдың қиындығын ескере отырып, алдына қойған мемлекеттік ауқымдағы міндетті біртұтас команда ретінде атқаруы керек. Қазір әркім көрпені өзіне қарай тартатын кез емес».

Бұл сөйлемдер тек ақпарат беріп қана қойған жоқ, халықты әлемнің озық тәжірибелерін қолданып, инвестиция тартып, экономикамызды көтеруге үндейтіні көрініп тұр. Оқып отырған адресат әрекет жасайды, белгілі бір мақсатқа жұмыс жасайды. Өйткені осы аппелятивтік қатысымдағы сөздер тікелей оқып отырған тұлғаға әсер етеді, тапсырма береді, белгілі бір әрекетке ықпал етеді [10].

Кез келген мәтін оқырманына ләззат сыйлай алмайды. Ал, кейбір мәтіндер тек ақпарат беріп қана қоймай, эстетикалық ләззат береді. Мәтінді оқып отырған адресат біресе күйінеді, біресе лаулап жанып, біресе қиялға бой алдыруы мүмкін. Мұндай сөйлемдерді қатысымның эстетикалық қызметіне жатқызамыз. Талдап айтатын болсақ, О.Бөкейдің «Қар қызы» шығармасында: «Алтай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осындай қалың қар жауғанын көрген жоқпыз», – деседі қариялар. Расында да, бас көтертпей жауғаны соншама, есіктің алды, қораның маңындағы қарды тазалап үлгере алмайсың. Ауыл-үйдің арасына күреп жалғыз аяқ жол салудың өзі азабы мол жұмыс. Кейбір салақ кісілердің бел ағашы борсыған мал қамайтын қоралары сыр беріп алды – топ етіп төбесі ойылып түсіп жатыр. Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз.

Төрт түлік тебін жоқ, омалып қорада тұр. Тебінге шығарғанды қойып, суатқа апара алмай әуре-сарсаңда жүр. Міне, ұрланып басталып жапалақтай жауған қар мәңгілік сабырмен аспан астын түгел жаулап алған. Аспан деп, баяғы ұғыммен айтамыз, әйтпесе аспан жоқ, мың-миллион – сансыз қар көбелектер ғана бір-бірін қуа жарысып, ойына келгенін істейді. Осыншалық ғажап, құлаққа қорғасын құйғандай тыныштықты Нұржан бұрын көрмеп еді. Дүниеде қар жауған сәттегідей бейбіт те тыныш өмір бар ма екен, -деп ойлады жүзін аспанға қарата. Жыбыр-жыбыр қалықтаған қар жапалақтар бетіне асықпай келіп қонып, жылбысқалана еріп, суға айналып бетін айғыздап

аға жөнеледі. Ептеп қытықтай ма-ау...» – деп қардың жауғанын оқырманға соншалықты шынайы эстетикалық сипат береді. Адресат сөйлемдерді оқып отырып, «қар» туралы ақпарат алып қана қоймай, қардың сұлулығын көзбен көргендей болады, сезеді. Бұл да осы эстетикалық қатысымның бірден-бір ерекшелігі болып табылады [3; 2–3].

Сөйлеушінің тілдік таңдау арқылы белгілі бір мақсатқа жетуін қатысымның прагматикалық қызметі деп атаймыз. Қазақ прозасында О.Бөкейдің шығармаларындағы мәтіндерде қатысымның прагматикалық қызметі айқын көрінеді. О.Бөкейдің «Атау кере» шығармасы оқып отырған адамды философиялық түйін ретінде оқырманды рухани ізденіске, өзін-өзі тануға итермелейді. Мұнда әр сөйлемнің прагматикалық бағдары айқындалған.

«Пәле болатын себебі-табиғат-ана абыройдан айырылады, содан соң ашуланады, айталық, қазір жер бетінде табиғат апаты тым көбейіп кетті. Түбі неге апарып соғарын кім білсін; бекерден бекер мөңкитіндей не көрінді, ашуланады ғой жарықтық» деген сөйлемдерінде терең философиялық ой мен адамзаттың табиғатты құрметтеуі сияқты идеясы жатыр. Оқып отырған адресатқа ой салып, жақсы іс істеуді үгіттейді, ойландырады. Адресатты ойландырып отырып, жаңа көзқарас қалыптастыруға итермелейді [4; 86–87].

Фатикалық қызмет тілдің адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынасты орнату, сақтау және реттеу функциясы қызметін атқарады. Бұл қызметтің негізгі мақсаты – ақпарат жеткізу емес, коммуникациялық байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ету. Фатикалық қызмет барысында сөйлеу мазмұны екінші қатарға ығысып, қарым-қатынастың өзі алдыңғы орынға шығады.

Фатикалық қызмет көбіне ауызекі сөйлеу тілінде, диалогтік құрылымдарда, сондай-ақ көркем мәтіндегі кейіпкерлер арасындағы тілдесуде көрініс табады. Мұндай жағдайда қолданылатын тілдік бірліктер ақпараттық жүктемеден гөрі байланыс орнату мен эмоциялық жақындасуға бағытталады. Фатикалық қызмет тілдік коммуникациядағы өзге қызметтерден мақсаттық бағытымен ерекшеленеді. Ақпараттық, экспрессивтік немесе аппелятивтік қызметтерде негізгі назар мазмұнға, әсер етуге немесе әрекетке шақыруға бағытталса, фатикалық қызметтің басты нысаны- қатысымның өзі, яғни адресант пен адресат арасындағы байланысты орнату және сақтау.

Ақпараттық қызметте сөйлеу жаңа дерек беруге бағытталады, ал фатикалық репликаларда ақпараттық жүктеме минималды немесе мүлде болмайды. Экспрессивтік қызмет эмоцияны білдіруді көздесе, фатикалық қызмет эмоцияны білдіруді емес, сөйлесудің жалғасып жатқанын растауды мақсат етеді. Аппелятивтік қызмет адресаттың іс-әрекетіне ықпал етсе, фатикалық қызмет тек әлеуметтік-прагматикалық контактіні қамтамасыз етеді.

– Е, қалайсың?

– Жүріп жатырмыз ғой... деген диалогта «қалайсың?» сұрағы нақты ақпарат алуға емес, қарым-қатынасты бастауға бағытталған. Жауап та деректік сипатта емес, фатикалық қызмет атқарады [3]. Осы тұрғыдан алғанда, фатикалық қызмет мәтіннің мазмұндық құрылымына емес, коммуникативтік ұйымдасуына қызмет ететін функция ретінде сипатталады.

Метатілдік қызмет- тілдің өзін-өзі сипаттау, түсіндіру, талдау функциясы. Бұл қызметте тіл объект ретінде қарастырылып, тілдік бірліктердің мағынасы, қызметі, құрылымы тілдің өз көмегімен ашылады. Метатілдік қызметтің басты мақсаты – тілдік ұғымдарды нақтылау және жүйелеу. Метатілдік қызмет көбіне ғылыми-лингвистикалық мәтіндерде, сөздіктерде, оқулықтарда, анықтамалық еңбектерде жүзеге асады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде метатілдік қызмет айқын көрінеді. Мысалы, ол грамматикалық ұғымдарды арнайы анықтамалар арқылы түсіндіреді: *Сөйлем – пікірді білдіретін сөздер тобы.*

Бұл тұжырымда тіл тілдің өзін сипаттау үшін қолданылып отыр. Мұнда ақпараттық қызметтен гөрі метатілдік қызмет басым, себебі сөйлемнің мазмұны емес, оның тілдік табиғаты ашылады. Метатілдік қызмет ғылыми мәтіннің теориялық негізін қалыптастырып, ұғымдық аппараттың бірізділігін қамтамасыз етеді.

Кумулятивтік қызмет – тілдің тарихи, мәдени, әлеуметтік тәжірибені жинақтап, сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу функциясы. Бұл қызмет арқылы тіл ұлттық жадының қоймасы ретінде қызмет атқарады.

Кумулятивтік қызмет әсіресе фольклорда, тарихи мәтіндерде, көркем әдебиетте, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде көрініс табады. Көркем прозада ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, өмір тәжірибесі тіл арқылы сақталып беріледі. Мысалы, Оралхан Бөкей шығармаларында табиғат пен адам қарым-қатынасы ұлттық таным негізінде бейнеленеді.

Қазақ үшін тау – жай ғана жер емес, тағдыр.

Бұл сөйлемде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық көзқарас жинақталған. Мұнда тіл ақпарат беріп қана қоймай, мәдени тәжірибені сақтаушы құрал ретінде қызмет етеді. Кумулятивтік қызмет мәтіннің мәдени-танымдық әлеуетін арттырып, ұлттық болмысты тілдік деңгейде бекітеді.

Конструктивтік қызмет – тілдің ойды қалыптастыру, ұйымдастыру және жүйелеу құралы ретіндегі қызметі. Бұл қызметте тіл дайын ойды жеткізбей, ойдың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Конструктивтік қызмет көбіне ғылыми, философиялық, аналитикалық мәтіндерде айқын байқалады. Ғылыми мәтіндерде ұғымдар бірізді түрде құрылып, логикалық жүйе түзіледі:

Мәтін – көпқабатты құрылым. Оның семантикалық, прагматикалық және құрылымдық деңгейлері өзара тығыз байланыста қарастырылады.

Бұл үзіндіде ой кезең-кезеңімен құралып, тіл арқылы ғылыми пайым қалыптасады. Мұнда тіл тек жеткізуші емес, ойды құрастырушы механизм ретінде көрінеді. Конструктивтік қызмет мәтіннің логикалық тұтастығын қамтамасыз етіп, ғылыми танымның тілдік негізін қалыптастырады.

Метатілдік қызмет тілдің өзін сипаттауға бағытталса, кумулятивтік қызмет тіл арқылы тарихи-мәдени тәжірибені сақтайды, ал конструктивтік қызмет ойдың қалыптасуы мен жүйеленуін қамтамасыз етеді. Бұл қызметтер мәтінде дербес емес, өзара байланыста жүзеге асып, тілдің көпқырлы функционалдық табиғатын айқындайды.

1-кесте

Қызмет түрі	**Негізгі анықтамасы**	**Негізгі мақсаты**	**Жанрлық көрінісі**
Ақпараттық	Тіл арқылы адресатқа деректер, ақпараттар, мәліметтер жеткізу	Адресатты жаңа біліммен таныстыру, ақпарат беру	Ғылыми еңбектер, монографиялар, оқулықтар, ресми құжаттар, жаңалықтардың мәтіні
Экспрес-сивтік	Сөйлеушінің эмоциясы мен сезімін білдіру	Тыңдаушыға эмоциялық әсер ету	Поэзиялық және прозалық көркем шығармалар
Аппелятивтік	Тыңдаушыға ықпал ету, әрекетке шақыру	Қоғамдық санаға әсер ету, белгілі бір іс-әрекетке итермелеу	Публицистика, шешендік сөз, жарнама
Эстетикалық	Көркем тіл арқылы әсемдік сезімін туғызу	Эстетикалық ләззат сыйлау	Әдеби шығарма (поэзия, проза)
Фатикалық	Қарым-қатынасты орнату және сақтау қызметі	Коммуникацияны бастау, жалғастыру немесе аяқтау	Диалог, ауызекі сөйлеу, тұрмыстық қатынас мәтіндері
Метатілдік	Тілді тіл арқылы түсіндіру, сипаттау	Тілдік бірліктердің мағынасын нақтылау	Лингвистикалық зерттеулер, сөздіктер, оқу құралдары
Кумулятивтік	Тарихи-мәдени ақпаратты сақтау және ұрпаққа жеткізу	Ұлттық жадыны сақтау, мәдени тәжірибені жинақтау	Фольклор, шежіре, тарихи мәтіндер

Конструк-тивтік	Ойды қалыптастыру және жүйелеу құралы ретінде қызмет ету	Танымдық үдерісті ұйымдастыру	Ғылыми, философиялық мәтіндер

Ескерту: Кестеде қатысымдық қызметтің түрлеріне анықтама мен олардың қолданылуы туралы көрсетілген.

Кестеде мәтіндегі қатысым қызметтері адресат пен адресант арасындағы коммуникацияның мақсат-міндетіне байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табады. Ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік және эстетикалық қызметтер мәтіннің жанрлық сипатын айқындаса, фатикалық, метатілдік, кумулятивтік қызметтер мәтіннің функционалдық кеңістігін кеңейтеді.

Көркем және публицистикалық мәтіндерде қатысым қызметтері жекедара емес, кешенді түрде жүзеге асады. Мәселен, О. Бөкей шығармаларында эстетикалық және экспрессивтік қызметтер тоғысып келсе, Ш. Мұртаза публицистикасында аппелятивтік қызмет жетекші орын алады, ал М. Мақатаев поэзиясында эмоциялық-экспрессивтік сипат басым.

Қатысымдық қызметтердің барлығы тілдің қоғамдағы орны мен адам санасына ықпалын дәлелдейді. Сөйлеу тілдік қатынас жасау үдерісінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында орындалып, қатысымдық бірліктер арқылы жүзеге асады. Қатысымдық бірліктер ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың лингвокогнитивтік ерекшеліктерін көрсетеді. Қатысымдық бірліктерге тән бұл қасиеттер адамның физиологиялық қабілетін, психологиялық мүмкіндігін, танымдық зердесін, мәдени өркендеуін тануға арқау болады.

Мәтіннің жан-жақтылығын көрсете келіп, А. Байтұрсынұлы сөзімен түйіндеуге болады: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек» [2].

Сөйлеу дүниедегі болып жатқан құбылыстарды пайымдаудың, бағамдаудың тілдегі бейнесін анықтауға, адамзаттың ой-өрісін танытуға арқау болып, тілтанымның көпсалалы психологиялық негізін ашады. Сөйлеу үдерісі дүниені танудан басталып, адамның психологиясын танумен дамып, ойлаумен байланысқа түседі.

Қорытынды

Қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің типологиясы тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, оның қарым-қатынастағы рөлін айқындайды. Зерттеу барысында қатысым қызметінің ақпараттық, экспрессивтік, аппелятивтік, эстетикалық және прагматикалық түрлері әр жанрдағы мәтіндерде өзіндік ерекшелігімен көрініс беретіні анықталды.

Ақпараттық қызмет ғылыми еңбектер мен ресми мәтіндерде дерек пен мәлімет жеткізуге негізделсе, экспрессивтік қызмет поэзия мен көркем әдебиетте адамның ішкі сезімін, эмоциялық күйін бейнелеумен ерекшеленеді. Аппелятивтік қызмет публицистикалық мәтіндер мен ресми жолдауларда халықты әрекетке, қоғамдық жауапкершілікке шақыру арқылы жүзеге асады. Эстетикалық қызмет көркем шығарманың басты белгісі ретінде оқырманға рухани ләззат сыйласа, прагматикалық қызмет заманауи прозада оқырманды ойландыруға, көзқарасын қалыптастыруға бағытталады.

Қазақ әдебиеті мен публицистикасынан алынған мысалдар тілдің қатысымдық қызметтері жеке дара емес, бір-бірімен өзара байланысты, кешенді түрде іске асатынын дәлелдеді. Әдеби мәтінде ақпараттық мазмұн экспрессивтік және эстетикалық қызметпен ұштасып, публицистикада ақпараттық пен аппелятивтік қызмет қатар қолданылса, қазіргі прозада прагматикалық бағдар жетекші орынға шықты.

Осылайша, қазақ мәтіндеріндегі қатысым қызметінің типологиясын саралау – тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-прагматикалық, мәдени-эстетикалық құбылыс екендігін айқындайды. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінің антропоцентристік бағыттағы жаңа ізденістеріне негіз болып, қатысымдық талдау әдіснамасын толықтыра түседі.

Қатысым қызметінің типологиясын талдау қазақ тіл білімінің антропоцентристік бағытын толықтыра түсетін маңызды ғылыми нәтиже берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Рамазанова, Г. Х.** Стратегии реализации предложения в профессиональном дискурсе // Яссауи университетінің хабаршысы. – 2025. – № 3(137). – 116–128-бб.

2 **Моррис, Ч.** Foundations of the Theory of Signs. – Chicago: University of Chicago Press, 1938. – P. 7–9.

3 **Байтұрсынұлы, А**. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жалын, 1991. – 462-б.

4 **Әнес, Ғ.** Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект: PhD дис. ... филос. докторы (PhD). – Алматы, 2010. – Б. 12–13

5 **Макаров, М. Л**. Коммуникативная структура текста. – Тверь, 1990. – 152 с.

6 **Байтұрсынұлы, А**. Тіл-құрал / Е. Тілешовтың құрастыруымен. – Алматы, 2009. – 34–36-бб.

7 **Мақатаев, М**. Шығармалары: өлеңдері мен дастандары. – 3-басылым. – Алматы, 2013. – 1-т. – 76–77-бб.

8 **Шындықтың шарайнасы**: Ш. Мұртазаның көзқарасы мен ұстанымы // Egemen Qazaqstan. – 2022. – [Электронды ресурс]. – URL: https://egemen.

kz/article/322683-shyndyqtynh-sharaynasy-sherkhan-murtazanynh-kozqarasy-men-ustanymy (қаралған күні: 08.09.2022).

9 **Тоқаев, Қ.Ж.** Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оларды түбегейлі цифрлық трансформация арқылы шешу: Қазақстан халқына Жолдау // Ақорда. – 2025. [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (қаралған күні: 08.09.2025).

10. **Бөкей, О.** Қар қызы // Қазақ прозасының қазынасынан. – Алматы : Rarity, 2010. – Б. 2–3.

11 **Бөкей, О**. Шығармалары: роман, повестер. – Алматы, 2013. – 2-т. – 86–87-бб.

12 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік коммуникация негіздері. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 252-б.

REFERENCES

1 **Ramazanova, G. Kh.** Strategii realizatsii predlozheniya v professional'nom diskurse [Strategies for Sentence Realization in Professional Discourse]. // In Vestnik Yassawi Universiteta – 2025. – № 3(137). – P. 116–128.

2 **Morris, Ch.** Foundations of the Theory of Signs. – Chicago : University of Chicago Press, 1938. – P. 7–9.

3 **Baitursynuly, A.** Adebiet tanytqysh [Theory of Literature]. – Almaty : Zhalyn, 1991. – 462 p.

4 **Anes, G.** Matin kenistigi: semantikalyq, etimologiyalyq aspekt [Text Space: Semantic and Etymological Aspect]. PhD Dissertation. – Almaty, 2010. – 12–13-бб.

5 **Makarov, M. L.** Kommunikativnaya struktura teksta [Communicative Structure of the Text]. – Tver, 1990. – 152 p.

6 **Baitursynuly, A.** Til-qural [Language Manual] / Compiled by E. Tileshov. – Almaty, 2009. – P. 34–36.

7 **Maqatayev, M.** Shygarmalary: olenderi men dastandary [Collected Works: Poems and Epic Poems] / 3rd ed. Vol. 1. – Almaty, 2013. – P. 76–77.

8 **Shyndyqtyn sharainasy: Sh.Murtazanyn kozqarasy men ustanumy** [The Mirror of Truth: Sherkhan Murtaza's Views and Principles] // Egemen Qazaqstan, 2022. [Electronic resource]. – Available at: https://egemen.kz/article/322683-shyndyqtynh-sharaynasy-sherkhan-murtazanynh-kozqarasy-men-ustanymy (accessed 08 September 2022).

9 **Tokayev, K.-J.** Zhasandy intellekt dauirindegi Kazakhstan: ozekti maseleler zhane olardy tubegeyli cifrlyq transformatsiya arqyly sheshu [Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Current Issues and Their Solution through Comprehensive Digital Transformation]. // Address to the People of Kazakhstan. Akorda, 2025. [Electronic resource]. – Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (Accessed 08 September 2025).

10 **Bokei, O.** Qar qyzy [The Snow Maiden]. // In: Qazaq prozasynyn qazynasynan [Treasury of Kazakh Prose]. – Almaty : Rarity, 2010. – P. 2–3.

11 **Bokei, O.** Shygarmalary: Roman men povester [Collected Works: Novels and Novellas].– Almaty, 2013. – Vol. 2. – P. 86–87.

12 **Orazbayeva, F. Sh.** Tildik kommunikatsiya negizderi [Fundamentals of Language Communication]. – Almaty : Respublikalyq baspa kabineti, 1995. – 252 p.

29.04.26 ж. баспаға түсті.
25.05.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Ж. Ибраева[1], Г. Четиндаг Суме[2], О. Эртисхан[3]*
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;
[2]Университет Фырат, Турция, г. Элязыг;
[3]Институтапрофессионального развития
по Павлодарской области АО «Национальный центр
повышения квалификации «Өрлеу»»,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 29.04.26.
Поступило с исправлениями 25.05.26.
Принято в печать 10.08.26.

ВИДЫ КОММУНИКАТИВНОЙ ФУНКЦИИ В КАЗАХСКИХ ТЕКСТАХ И ИХ ЯЗЫКОВОЕ ВЫРАЖЕНИЕ

В данной статье обобщаются виды коммуникативных функций в казахских текстах и подробно рассматриваются их языковые проявления. Основная функция языка – быть средством общения, вместе с тем его информационные, экспрессивные, аппелятивные, эстетические и прагматические стороны анализируются с научной точки зрения.

В статье уточняется место текста среди языковых уровней, его соотношение с другими языковыми единицами, а также раскрываются понятия и функции лингвистики текста. Для достижения поставленной цели определены следующие задачи: 1) рассмотреть теоретические основы коммуникативных функций; 2) выявить типологию коммуникативных функций в казахских текстах; 3) описать реализацию коммуникативных функций на языковых уровнях. Особенности восприятия адресатом (получателем информации) текста при чтении описываются и классифицируются.

В ходе исследования были проанализированы тексты различных жанров, включая лингвистические труды Ахмета Байтурсынулы и современные филологические статьи. Рассматривались поэтические произведения М. Макатаева, ярко демонстрирующие экспрессивную и эстетическую функции языка. Также были изучены и сопоставлены коммуникативные аспекты текстов: отрывков из рассказов О. Бокея и произведений Ш. Муртазы, образцов ораторского искусства, а также Посланий Президента Республики Казахстан К. Токаева народу.

Коммуникативная роль языковых единиц в речевых актах обосновывается концепциями Ч. Морриса, а также трудами Ахмета Байтурсынулы, современными филологическими исследованиями и примерами информационной, прагматической, экспрессивной и эстетической функций в современных казахских текстах.

Ключевые слова: коммуникативная функция языка, казахские тексты, адресат, языковая единица, лингвистика текста.

**Zh. Ibrayeva[1], G. Çetindağ Süme[2], O. Ertiskhan[3]*
[1]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[2]Firat University, Elazığ, Turkey;
[3]Institute of Professional Development in Pavlodar Region,
Orleu National Center for Professional Development JSC,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 29.04.26.
Received in revised form 25.05.26.
Accepted for publication 10.08.26.

TYPES OF COMMUNICATIVE FUNCTIONS IN KAZAKH TEXTS AND THEIR LINGUISTIC MANIFESTATIONS

This article summarizes the types of communicative functions in Kazakh texts and examines their linguistic manifestations in detail. While the primary function of language is to serve as a means of communication, its informational, expressive, appellative, aesthetic, and pragmatic aspects are analyzed from a scientific perspective. The article elaborates on the position of the text within language levels, its relation to other linguistic units, as well as the concepts and functions of text linguistics.

To achieve the intended goal, the following objectives were set: 1) to examine the theoretical foundations of communicative functions; 2) to identify the typology of communicative functions in Kazakh texts; 3) to describe the realization of communicative functions at different language levels.

The study involved an analysis of diverse text genres, including the linguistic works of Akhmet Baitursynuly and contemporary philological research articles. The expressive and aesthetic functions of language were examined through the poetic works of M. Makataev. Furthermore, the communicative functions were analyzed and compared across several sources, including excerpts from the short stories of O. Bokei, the literary works of Sh. Murtaza, examples of oratory, and the official Addresses to the People by the President of the Republic of Kazakhstan, K. Tokayev.

The peculiarities of the addressee's (the recipient of information) perception while reading the text are described and classified. The communicative role of language units in speech acts is substantiated by Ch. Morris's theoretical framework, supported by the linguistic works of Akhmet Baitursynuly, modern philological research, and examples of informational, pragmatic, expressive, and aesthetic functions in contemporary Kazakh texts.

Keywords: communicative function of language, Kazakh texts, addressee, linguistic unit, text linguistics.

ҒТАМР 16.31.02

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/342-354

***Н. Б. Ибраева[1], Қ. С. Ерғалиев[2], С. Ж. Ерғалиева[3], Б. Ж. Сарыбаева[4], Ж. М. Бердыбекова[5]**

[1,2,4,5]Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;
[3]Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0009-5992-2193
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0479-6088
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2832-6996
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1096-8918
[5]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2199-3203
*e-mail: nazia-25@mail.ru

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Мақалада ерте заманадан бері қалыптасып, бүгінгі күнге дейін атадан балаға мирас болып беріліп, сақталып келе жатқан, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлық нормалары, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тарихы мен шаруашылығы, рухани әрі материалдық мәдениеті мен дүниетанымы жайлы мағлұматтарды жинақтаған асыл да бай тілдік мұра – қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестері қарастырылып, олардың бойындағы ұлттық құндылықтардың көрінісі жан-жақты талдауға түседі. Ал бұл сұрыптау, саралау, сипаттау, салыстыру және лингвомәдени талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Тақырыпты ашу барысында, алдымен, философия, әлеуметтану және тіл білімі іліміндегі ғалымдардың «құндылық» ұғымы туралы білдірген тұжырымдары сипатталып, құндылық пен құндылықтық бағдар, жалпыадамзаттық құндылық пен ұлттық құндылықтың өзара ұқсастықтары мен айырым белгілері зерделенеді. Кейін фразеологиялық бірліктер лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай отбасы құндылығы, еңбекқорлық, адамгершілік, қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, бірлік пен татулық, батырлық пен намыс сияқты топтарға жіктеліп, лингвомәдениеттанымдық қырдан сараланады. Нәтижесінде ұлттық мәдениетті, сана-сезімді, рухани құндылықтар мен халықтық дүниетанымды білдіретін тілдік бірліктер – қазақ фразеологизмдерінің әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесін қалыптастырудағы рөлі мен орны анықталады.

Кілтті сөздер: құндылық, жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, құндылықтық бағдар, фразеологиялық бірлік, әлемнің тілдік бейнесі.

Кіріспе

Қазіргі лингвистикалық еңбектерде тіл ұлттың тарихи жады мен дүниетанымын, рухани мәдениеті мен құндылықтар жүйесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құрал ретінде кең құлаш жайып зерделену үстінде. Оларда халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен қоршаған ортаға деген көзқарасы, адамгершілік ұстанымдары мен әлеуметтік тәжірибесі талданып, тілдік бірліктерде көрініс табатын ұлттың рухани-мәдени ерекшеліктері жан-жақты сарапануда. Дей тұрғанмен ерте заманадан бері қалыптасып, бүгінгі күнге дейін атадан балаға мирас болып беріліп, сақталып келе жатқан, халықтың тұрмыс салты мен мінез-құлық нормалары, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тарихы мен шаруашылығы, рухани әрі материалдық мәдениеті мен жалпы дүниетанымы жайлы ақпараттарды бойына жинақтаған асыл да бай тілдік мұра – қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестеріндегі ұлттық құндылықтардың көрінісі лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан толыққанды зерттелмеуі, олардың әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесін қалыптастырудағы рөлі мен орнының анықталмауы жұмыстың көкейкестілігін көрсетеді.

Халықтық даналықты, рухани тәжірибе мен моральдық-этикалық ұстанымдарды, ұлттық мінез-құлық пен болмысты, дүниетанымды бейнелейтін, этностың тарихи жады мен құндылықтық бағдарларын сақтайтын әрі оны келесі ұрпаққа жеткізетін фразеологиялық бірліктерді мәдени кодтың тілдік репрезентанты ретінде зерттеу бүгінгі ізденістердің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты – құндылық және құндылықтық бағдар, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық ұғымдарының мән-мағынасын ашып, қазақ фразеологизмдеріндегі ұлттық құндылықтардың репрезентациясын зерделеу.

Осы мақсатқа қол жеткізуде төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

• философиялық, әлеуметтік және лингвистикалық еңбектерде «құндылық» ұғымы жайлы қалыптасқан тұжырымдарға шолу жасап,

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау;

• құндылық пен құндылықтық бағдар түсініктерінің аражігін ашып, қазақ фразеологизмдеріндегі ұлттық құндылықтардың көрінісін лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдау, олардың әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесін қалыптастырудағы рөлі мен орнын анықтау.

Материалдар мен әдістер

Жұмыста теориялық әрі әдіснамалық негіз ретінде шетелдік және отандық зерттеушілердің құндылық, жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, құндылықтық бағдар, фразеологизмдердегі ұлттық құндылық мәселелеріне қатысты ғылыми ой-пікірлері пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында мақсат-міндеттерден туындаған мынадай әдіс-тәсілдер қолданылды: тақырып бағытындағы ғылыми зерттеу еңбектерін жинақтау мен жүйелеуде сұрыптау және саралау әдістері; тілдік деректерді зерделеуде салыстыру және сипаттау, лингвомәдени талдау әдістері. Бұлар құндылық ұғымының табиғаты мен мәнін жан-жақты ашуға, фразеологизмдердегі ұлттық құндылықтардың тілдік әрі мәдени көрінісін, олардың танымдық қызметі мен семантикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді, жинақталған материалдарды теориялық әрі тәжірибелік тұрғыдан жүйелі де дұрыс жеткізілуін қамтамасыз етті.

Нәтижелер және талқылау

Бүгінгі күні ғылыми ортада «құндылық» ұғымының табиғаты мен мәні жайлы алуан түрлі көзқарас қалыптасқан. Атап айтқанда, құндылық – а) адамның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыратын әрі пайдалы қасиеттерге ие зат не құбылыс; ә) тұлға мен қоғам дамуының жоғары идеалын білдіретін ұстаным; б) адам мінез-құлқын реттейтін норма; в) жеке адам немесе әлеуметтік топ үшін қандай да бір құбылыстың маңыздылығын танытатын түсінік. Аталған анықтамалар оның әмбебаптығын, көпқырлылығы мен күрделілігін, тарихи-мәдени шарттылығы мен динамикалық сипатын айғақтайды және олардың қай-қайсысы болса да құндылық табиғатының белгілі бір қырын ашады, сан түрлі теориялық тұжырымдарға негізделеді, құндылықтық қатынастардың субъектілерімен байланысты болады. Яғни олар әлеуметтік шындықта орын алатын құндылықтық қатынастырдың көріністерін бейнелейді. Сондықтан бұл көзқарастарды бір-біріне қарама-қарсы емес, керісінше, құндылық туралы тұтас теориялық тұжырымдаманы құрайтын өзара байланысты ғылыми таным-түсінік ретінде қарастырған абзал.

Қазіргі гуманитарлық ғылымда құндылықтың әрдайым адаммен байланысты болып, әлеуметтік сипатқа ие екендігі жалпыға ортақ қағида ретінде қабылданады. Олар қоғамдық тәжірибе, жеке тұлғаның іс-әрекеті,

белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік қатынастар мен адамдар арасындағы қатысым негізінде қалыптасады. Яғни құндылық қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, қайта әлеуметтік өзара әрекеттестік барысында туындап, дамиды және адамзаттың тарихи-мәдени тәжірибесін сипаттайды.

Қоршаған болмыстағы қандай да бір құбылыс немесе заттарға ықылас танытылып, ерекше көңіл бөлінуі, олардың өзгешелігі мен маңыздылығына айрықша назар аударылуы қызығушылықтың тууына әкеледі. Қызығушылық қажеттілік пен құндылықтың арасындағы дәнекер буын іспетті қызмет атқарады. Сондықтан олар бір-бірімен тығыз байланысты, бірінен екіншісі туындайтын ұғымдар саналады. Ол жөнінде Т. Шибутани: *«Егер қандай да бір затқа ерекше қызығушылық танытылса, онда оны құндылыққа ие деп айтуға болады»*, – дейді [1, 105-б.].

Осымен үндес пікірді А.Г.Здравомысловтың еңбектерінен де кездестіруге болады. Ғалым құндылықты қоғамның тарихи даму кезінде қалыптасатын әлеуметтік қызығушылықтардың туындысы ретінде зерделейді. Оның пікірінше, құндылық – «тарихи даму барысында қоғамдық қатынас нәтижесіндегі рухани салада пайда болған қызығушылық» [2, 166-б.].

Демек, құндылық қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың қоғамдық немесе жеке тұлғалық маңыздылығын білдіретін, қоғамдық қатынаспен байланысын көрсететін, тарихи даму барысында әлеуметтік қызығушылықты тудыратын түсінік болып табылады.

Құндылықты жекелеген зат немесе құбылыс тұрғысынан емес, олардың адам мен қоғам өміріндегі маңыздылығын сипаттайтын философиялық және әлеуметтік категория ретінде қарастырған зерттеушілердің бірі – М. В. Киссель оған «философиялық және әлеуметтік әдебиеттерде шынайы өмірдегі белгілі бір зат не құбылыстың адами, әлеуметтік және мәдени маңызын білдіру үшін қолданылатын термин» деген анықтама береді [3, 765-б.]. Сөйтіп, ғалым құндылық ұғымының әмбебап сипатын айқындап, оны адам, қоғам және мәдениет арасындағы өзара байланысты бейнелейтін теориялық категориялардың бірі деп түсінеді.

Құндылықты заттың табиғи қасиетімен немесе адамның субъективті түйсігімен түсіндіру жеткіліксіз деген ұстанымдағы З. К. Темірғазина құндылық белгілі бір заттың немесе құбылыстың онтологиялық қасиеті емес, керісінше, оның адам немесе әлеуметтік топ үшін алатын маңызын білдіретін субъект пен объектінің өзара қатынасының нәтижесі болып табылатынын, басқаша айтқанда, құндылық объектінің өзінен емес, оған субъектінің беретін мәнінен туындайтынын айтады. Ғалым құндылықтың екіжақты табиғатын атап көрсетеді: ол – біріншіден, белгілі бір объектімен байланысты түсінік, екіншіден, адамның дүниетанымымен, рухани дүниесімен, бағалау әрекетімен ұштасатын ұғым. Бұл жердегі объект – құндылықты тасымалдаушы, ал

субъект (жеке адам немесе әлеуметтік топ) – құндылықтық мәнді айқындап, объектінің маңызын білдіретін бағалаушы [4, 20–21-бб.].

Демек, құндылық – белгілі бір заттың немесе құбылыстың адам мен қоғамға деген маңыздылығын танытатын, жеке тұлғаның дүниетанымы мен өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал ететін түсінік. Ол қоғамның тарихи дамуы, ұлттық мәдениет, рухани мұра және әлеуметтік тәжірибе негізінде пайда болып, жеке тұлға мен тұтас қоғамның мінез-құлық ерекшеліктерін, іс-әрекеттерін реттейтін бағдар, адамның мақсат-мүддесін, таңдауы мен өмірлік бағытын айқындайтын өлшем болып табылады. Н. Д. Арутюнованың түсінігінше, құндылық – адам үшін қоршаған ортадағы ерекше мәнге ие зат пен құбылыс, жеке тұлғаның іс-әрекетінің мазмұны мен бағытын көрсететін мәдениеттің іргелі сипаттамаларының бірі [5, 6-б.].

Адам үшін қандай да болмасын зат, құбылыс немесе оқиғаның құндылығы оны бағалаумен айқындалады. Тарихи-мәдени дәстүр мен әлеуметтік тәжірибенің, адамгершілік қағидалар мен жеке тұлғаның өмірлік ұстанымдарының ықпалымен қалыптасатын бағалау адамның (қоғамның) қоршаған болмыстағы заттардың маңыздылығы, оларға деген қызығушылығы, қажеттілігі арқылы анықталып, өзінің дүниетанымымен, өзге құндылықтар жүйесімен салыстыру негізінде жүзеге асады. Сондықтан ол адамның көзқарасын, белгілі бір қоғамның құндылықтық түсініктерін сипаттайды.

Тіл білімінде дүниетанымның құрамдас бөлігі саналатын бағалау адам мен қоғамның шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстарға деген оң я теріс көзқарасы арқылы білдіріледі. Бұған Н. В. Якушинаның пікірі дәлел: бағалау – «тіл иелерінің қандай да бір затқа оның қасиеттерінің белгілі бір құндылықтық өлшемдерге сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі негізінде қалыптасатын оң я теріс қатынасты білдіретін ұғым» [6, 7-б.].

Сондай-ақ ғылымда құндылық ұғымымен қатар жүретін құндылықтық бағдар деген түсінік бар. Олар жеке тұлғаның құндылықтар жүйесінің әртүрлі қырын сипаттағандықтан, аталған ұғымдардың өзара ұқсастықтары мен айырым белгілерін ажырату қажет. Құндылық деп адам немесе белгілі бір әлеуметтік топ үшін ерекше мәнге ие, олардың материалдық, рухани әрі мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратын кез келген зат, құбылыс, идея немесе қағида түсінілсе, құндылықтық бағдар деп адамның санасында өмірлік мақсаттар мен дүниетанымдық ұстанымдардың негізі ретінде қабылданған құндылықтардың жүйелі көрінісі танылады. Құндылықтық бағдар тұлғаның мінез-құлық өзгешеліктерін, өмірлік ұстанымдарын, шешім қабылдау ерекшеліктерін, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіреді және адамның іс-әрекетін реттеп, оның әлеуметтік ортадағы бағытын анықтайды.

Е. Ф. Серебренниковаңың пайымдауынша, адамның құндылықтар жүйесі, алдымен, қоғамда тарихи тұрғыдан қалыптасқан идеологиялық

қағидалар мен әлеуметтік нормаларға, мәдени дәстүр мен аға буынның тәжірибесіне негізделеді, екіншіден, жеке тұлғаның өмірлік тәжірибесі, қызметі және өзіндік дүниетанымы арқылы қалыптасатын жеке құндылықтық бағдарлардан құралады. Демек, адамның құндылықтар жүйесі жеке және қоғамдық факторлар нәтижесінде қалыптасады [7, 12-б.].

Ғылымда құндылықтарды жалпыадамзаттық және ұлттық деп жіктеушілік бар. Қоғамның рухани сабақтастығын қамтамасыз ететін әрі түрлі мәдениет пен халыққа ортақ моральдық бағдар саналатын жалпыадамзаттық құндылықтардың құндылықтар жүйесінде алатын орны айрықша. Олар тарихи тұрғыдан мәдени, отбасылық, діни және әлеуметтік-тарихи дәстүрлер аясында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, таралады. Қазіргі кезде бұндай құндылықтар қоғамның бірлігі мен ынтымағын, мемлекеттердің тұрақты дамуы мен өркендеуін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Олар іштей патриотизм мен толеранттылық, бірлік пен ынтымақтастық, бейбітшілік пен сүйіспеншілік, мейірімділік пен әділдік, еңбек, шығармашылық қызмет, отбасы, табиғатқа құрмет, салауатты өмір салты т.б. болып бөлінеді. Алайда әр халықта, әр қоғамда, әр мәдениетте бұл құндылықтардың арақатынасы мен иерархиясы тарихи-мәдени даму ерекшеліктеріне байланысты әрқалай болады.

Халықтың тарихи тұрғыдан қалыптасқан ерекшелігі мен мәдени тәжірибесін, дәстүрі мен дүниетанымдық болмысын бейнелейтін, қоғамдық сананың тұрақты формаларын бекітіп, этнос өкілдерінің мінез-құлық үлгілерін айқындайтын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп, ұлттық мәдени бірегейлікті сақтайтын әрі әлеуметтік және мәдени-нормативтік негіз қызметін атқаратын ұлттық құндылықтар белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдеріне тән рухани идеалдар жүйесі болып табылады. Олар халықтың мәдени жады мен дүниетанымын сақтайтын басты құрал болғандықтан, ұлттың сөздік қорында «кодталып», әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесінен орын алады. Сондай ұлттық құндылықтарды білдіретін тілдік бірліктердің бірі – фразеологизмдер.

«Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын» [8, 166-б.] қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестері «...баста еркін тіркестің ауыспалы, образды мағынада қолданылуынан, тарихи оқиға, наным, аңызға байланысты сөздердің тұрақты қайталануынан пайда болған» [9, 49-б.]. Олардың «... мағыналарында халықтың тұрмыс күйін, өмір шындығын, идеологиясын айқын көрсететін белгілер бар» [10, 205-б.]. Яғни әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесінің құрамдас бөлігі болып табылатын, халықтың тарихи жадын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа мәдени дәстүрді, адамгершілік қағидалар мен ұлттық дүниетанымды жеткізетін қазақ тілінің

фразеологиялық бірліктері жұмыста іштей отбасы құндылығы, еңбекқорлық, адамгершілік, қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, бірлік пен татулық, батырлық пен намыс сияқты лексика-семантикалық топтарға жіктеліп қарастырылды. Бұлай зерделеу, біріншіден, аталған тілдік бірліктердің мән-мазмұнын, жалпы табиғатын жүйелі түрде талдауға септігін тигізсе, екіншіден, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ашып, әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесіндегі орнын айқындауға негіз болады.

Туыстық қатынастар мен үлкенді құрметтеуге, ұрпақ сабақтастығы мен баланы тәрбиелеуге, яғни отбасы құндылығына байланысты қалыптасқан фразеологизмдер қатарына ет жақын, жеті атасын білу, қара шаңырақ, отау тігу, тек тарту, тұқымын жалғау, тұяқ қалдыру, түтін түтету, шаңырақ көтеру, ізін жалғау т.б. сынды лексемалар жатады. Бұл жердегі қара шаңырақ – «үлкен үй; тәрбие алған, ұшып шыққан ұя» [11, 329-б.], түтін түтету – «өз алдына үй болу» [11, 529-б.] деген мағынаны білдіреді: Қара шаңыраққа берген құдайдың бақытын біреуге қиям деп рас айтып отырсың ба? (С. Мұқанов). Шолпан ауылға келгеннен кейін әркімнің есігінде жүрген жетім бауырларының басын қосып, өз алдына түтін түтетеді. (Ғ. Мүсірепов)

Демек, қазақ дүниетанымында «отбасы» – қоғамның басты тірегі, ал «шаңырақ» ұлттық мәдениет пен рухани сабақтастықтың символы саналады. Сондықтан отбасыға қатысты фразеологизмдер ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісін танытатын маңызды лингвомәдениеттанымдық бірлік болып табылады.

Қазақ тіліндегі еңбекқорлыққа қатысты фразеологизмдерге бел жазбай еңбек ету, білекті сыбану, жанын салу, күн көру, қара терге түсу, қол қусырып отырмау, қолы алтын, қолынан іс келу, маңдай терін төгу, нан табу, тірлік ету, тынбай еңбек ету т.б. сияқты тілдік бірліктер жатады және олар халықтың еңбекке құрметі мен адал кәсібін, маңдай термен күн көруін бейнелейді.

Мысалы, жанын салу, қара терге түсу, маңдай терін төгу тіркестері еңбектің оңайлықпен келмейтінін, ол адамнан табандылық пен күш-қуатты талап ететінін білдірсе, білекті (жеңді) сыбану тіркесі қандай да бір істі жауапкершілікпен, жан-тәнімен орындауды көрсетеді, қолы алтын, қолынан іс келу тіркестері адамның шеберлігі мен кәсіби біліктілігін аңғартады. Бұл фразеологизмдер қазақ танымында еңбекқорлық жеке адамның, тұтас қоғамның әл-ауқаты мен берекесінің негізі ретінде бағаланады.

Адалдық, әділдік, жомарттық, кеңпейілділік, кешірімділік, кішіпейілділік, қайырымдылық, мейірімділік, шыншылдық сияқты моральдық-этикалық құндылықтарды бейнелейтін адамгершілікке байланысты фразеологизмдерге адал жолдан таймау, ақ жүрек, ары таза, жақсылық жасау, жанашыр болу, жүзі жылы, жүрегі жұмсақ, кешіріммен қарау, көңілін қалдырмау, қол ұшын беру, қолы ашық, пейілі кең, сөзінде тұру, турасын айту т.б. жатады. Бұл жерде

«ақ жүрек» деп «ақ, адал көңіл» [11, 24-б.], «жүзі жылы» деп «жайдары, мейірімді» [11, 213-б.] адамды айтады: Құп білемін, сізге жақпас, Ескі жара білтелеу. Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу (Абай). Ол тілі майда, жүзі жылы, сақал-мұрты жоқ, көсе жігіт екен (С. Шәріпов)

Ақ жүрек, жүрегі жұмсақ тұрақты тіркестері адамның ішкі рухани тазалығын, мейірімді мінезін сипаттаса, қолы ашық, пейілі кең тіркестері жомарттық пен кеңпейілділікті, сөзінде тұру, турасын айту тіркестері адамның жауапкершілігін, шындыққа беріктігін білдіреді.

Демек, қазақ қоғамында адамгершілік қасиеттер жеке тұлғаның басты өлшемі ретінде қабылданып, ұлттық дүниетанымда ерекше орын алады.

Халқымыздың қонақты құрметтеу, дастарқан жаю, кеңпейілділік, жомарттық, сыйластық, ізеттілік сияқты ұлттық құндылықтарын бейнелейтін қонақжайлылыққа байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестерге дастарқан жаю, дәм ауыз тию, дәмдес болу, дәм-тұзын тату, ерулік беру, қонақ күту, құдайы қонақ, құтты қонақ, төрге шығару, төрден орын беру т.б. жатады.

Қазақ танымында қонақ күту әдеп пен адамгершіліктің, береке мен бірліктің белгісі болып табылады. Бұл жердегі төрден орын беру, төрге шығару тіркестері қонаққа деген құрметті, дастарқан жаю лексемасы қазақ мәдениетіндегі қонақ күту дәстүрінің мән-маңызын көрсетсе, құдайы қонақ ұғымы қазақ халқында кез келген жолаушыны құрметпен қарсы алу дәстүрінің қалыптасқанын, дәм-тұзын тату, дәм ауыз тию тіркестері адамдар арасындағы сыйластық, рухани жақындық белгісін білдіреді.

Демек, қонақжайлылыққа байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер қазақ халқының ұлттық танымында қонақты қадірлеу, дастарқан мәдениеті мен адами қарым-қатынастың маңызды құндылығы ретінде орныққан.

Қазақтың «үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру» ұстанымы – оның өзге халықтан ерекшелейтін басты белгісі. Олардың жасы үлкен адамдарды сыйлау, ақыл-кеңесіне құлақ асу, ізет көрсетуден туындаған ақ батасын алу, ақыл сұрау, ақылына құлақ асу, алдынан кесіп өтпеу, алдынан шығу, басын ию, жол беру, иіліп сәлем беру, ізет көрсету т.б. сынды үлкенді құрметтеуге қатысты тұрақты сөз тіркестері тәрбие, адамгершілік пен ұлттық дәстүрдің көрсеткіші саналады.

Мысалы, алдынан кесіп өтпеу, басын ию, жол беру тіркестері үлкенге деген құрметті, әдептілікті көрсетсе, ақ батасын алу, ақылына құлақ асу тіркестері жасы үлкен адамның өмірлік тәжірибесі мен даналығын жоғары бағалауды білдіреді. Қазақ қоғамында үлкенді сыйлау – тек этикалық норма емес, ұрпақ тәрбиесі, қоғамдық үйлесім мен рухани сабақтастықтың басты қағидаларының бірі.

Халықтың ынтымақ, ауызбіршілік, өзара сыйластық, келісім, ұйымшылдық сынды ұлттық құндылықтарын көрсететін бірлік пен татулыққа байланысты

қалыптасқан тұрақты тіркестерге ауызбірлігі жарасу, бас біріктіру, берекебірлігі арту, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару, жұдырықтай жұмылу, қол ұстасу, тізе қосу, ынтымағы жарасу, іргесі сөгілмеу т.б. жатады.

Мысалы, бас біріктіру, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару, жұдырықтай жұмылу тіркестері ортақ мақсат барысындағы күш біріктіру идеясын, ауызбірлігі жарасу, ынтымағы жарасу тіркестері адамдар арасындағы татулық пен өзара сыйластықтың сақталуын білдірсе, іргесі сөгілмеу тіркесі отбасы, әулет, ел бірлігінің берік болуын сипаттайды.

Бұлар қазақ қоғамында бірлік пен татулықтың жеке адамдар арасындағы қарым-қатынаспен қатар, елдің тұтастығы мен тұрақтылығының басты шарты ретінде бағаланады. Сондықтан ұлттық дүниетанымдағы ынтымақ идеясы елдікті танытатын маңызды лингвомәдени бірлік саналады.

Халықтың батырлық, ерлік, қайсарлық, ар-ождан, ел қорғау, жігер, мәрттік сынды ұлттық құндылықтарын бейнелейтін батырлық пен намысқа байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер қатарына абыройын төкпеу, арын аяққа таптатпау, бетінен оты шығу, ерлік көрсету, жанын шүберекке түю, жүрек жұтқан, жүрегінің түгі бар, намысқа тырысу, намысын қолдан бермеу, өлімге бас тігу т.б. жатады. Негізінен, олар көшпелі өмір салтына, жауынгерлік дәстүрге байланысты туындаған. Сондықтан бұндай фразеологизмдер адамның мінез-құлқын сипаттаумен қатар, қазақ қоғамындағы ер азаматтың моральдық-этикалық бейнесі мен ұлттық құндылықтар жүйесін көрсететін маңызды лингвомәдени бірліктер болып табылады.

Қорытынды

Қысқасы, қазақ тілінің тұрақты тіркестері ұлттық құндылықтарды танытып қана қоймайды, сонымен қатар халықтың тарихи тәжірибесін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани дүниесін сақтайтын мәдени код қызметін атқарады. Олардың мағыналарында ұлттық дүниетаным, этностың өмір сүру қағидалары көрініс тауып, әлемнің ұлттық құндылықтық бейнесі қалыптасады.

Демек, ұлттық мәдениетті, сана-сезімді, рухани құндылықтар мен халықтық дүниетанымды білдіретін аталған тілдік бірліктерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу қазақ тілінің ұлттық-мәдени әлеуетін тереңірек тануға, ұлттық бірегейлікті айқындауға және рухани мұраны сақтауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Shibutani, T.** Society and personality : an interactionist approach to social psychology [Text]. – New Yersey : Prentice-Hall, 1961. – 630 p.

2 **Здравомыслов, А. Г.** Потребности. Интересы. Ценности [Текст]. – М. : Политиздат, 1986. – 222 с.

3 **Киссель, М. В.** Ценность // Философский энциклопедический словарь / гл. ред. Л. Ф. Ильичев, П. Н. Федосеев, С. М. Ковалев, В. Г. Панов [Текст]. – Москва : Советская энциклопедия, 1983. – С. 765.

4 **Темиргазина, З. К.** Избранные работы по лингвистике : в 2-х т. I том : Лингвистическая аксиология : Оценочные высказывания в русском языке [Текст]. – Павлодар : ЭКО, 2010. – 310 с.

5 **Арутюнова, Н. Д.** Аксиология в механизмах жизни и языка // Проблемы структурной лингвистики 1982 [Сборник статей] / Отв. ред. В. П. Григорьев [Текст]. – М. : Наука, 1984. – С. 5–23.

6 **Якушина, Р. М.** Динамические параметры оценки (на материале современного английского языка) : автореф. дисс. … канд. филол. наук [Текст]. – Уфа, 2003. – 21 с.

7 **Серебренникова, Е. Ф.** Этносемиометрия как способ лингвистического аксиологического анализа // Лингвистика и аксиология : этносемиометрия ценностных смыслов : коллективная монография [Текст]. – М. : ТЕЗАУРУС, 2011. – С. 7–48.

8 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері : оқулық. 4-басылуы [Мәтін]. – Алматы : «Санат» баспасы, 2003. – 496-б.

9 **Айғабылов, А.** Қазақ тілінің лексикологиясы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : «Зият Пресс» баспасы, 2004. – 64-б.

10 **Кеңесбаев, І., Мұсабаев, Ғ.** Қазіргі қазақ тілі : лексика, фонетика. 2-басылуы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1975. – 304-б.

11 **Кеңесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712-б.

REFERENCES

1 **Shibutani, T.** Society and personality : an interactionist approach to social psychology [Text]. – New Yersey : Prentice-Hall, 1961. – 630 p.

2 **Zdravomyslov, A. G.** Potrebnosti. Interesy. Senosti [Needs. Interests. Values] [Text]. – Moscow : Politizdat, 1986. – 222 p.

3 **Kissel, M. V.** Senost [Value] // Philosophical Encyclopedic Dictionary / edited by L. F. Ilyichev, P. N. Fedoseyev, S. M. Kovalev and V. G. Panov [Text]. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1983. – P. 765.

4 **Temirgazina, Z. K.** İzbrannye raboty po lingvistike : v 2-h t. I tom : Lingvisticheskaia aksiologia : Osenochnye vyskazyvania v ruskom iazyke [Selected Works on Linguistics : In 2 Volumes. Volume I : Linguistic Axiology : Evaluative Statements in the Russian Language] [Text]. – Pavlodar : EKO, 2010. – 310 p.

5 **Arutyunova, N. D.** Aksiologia v mehanizmah jizni i iazyka [Axiology in the Mechanisms of Life and Language] // Problems of Structural Linguistics 1982 [Collection of Articles] / edited by V. P. Grigorev [Text]. – Moscow : Nauka, 1984. – P. 5–23.

6 **Yakushina, *R. M.*** Dinamicheskie parametry osenki (na materiale sovremennogo angliskogo iazyka) : avtoref. diss. … kand. filol. nauk [Dynamic Parameters of Evaluation (Based on the Material of Modern English) : abstract of the Candidate of Philological Sciences Dissertation] [Text]. – Ufa, 2003. – 21 p.

7 **Serebrennikova, E. F.** Etnosemiometria kak sposob lingvisticheskogo aksiologicheskogo analiza [Ethnosemiometry as a Method of Linguistic Axiological Analysis] // Linguistics and Axiology : Ethnosemiometry of Value Meanings : A Collective Monograph [Text]. – Moscow : Thesaurus, 2011. – P. 7–48.

8 **Akhanov, K.** Tıl bılımınıñ negızderı : oqulyq. 4-basyluy [Foundations of Linguistics] [Text]. – Almaty : «Sanat» Publishing House, 2003. – 496 p.

9 **Aigabylov, A.** Qazaq tılınıñ leksikologiasy : oqu quraly [Lexicology of the Kazakh Language : textbook] [Text]. – Almaty : «Sanat» Publishing House, 2004. – 64 p.

10 **Kenesbayev, I., Musabayev, G.** Qazipgi qazaq tili : leksika, fonetika. 2-basyluy [Modern Kazakh Language : Lexis, Phonetics] [Text]. – Almaty : Mektep, 1975. – 304 p.

11 **Kenesbayev, I.** Qazaq tılınıñ frazeologialyq sozdıgı [Phraseological Dictionary of the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : «Gylym» Publishing House of the Kazakh SSR, 1977. – 712 p.

12.07.26 ж. баспаға түсті.
14.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. Б. Ибраева[1], К. С. Ергалиев[2], С. Ж. Ергалиева[3],*
Б. Ж. Сарыбаева[4], Ж. М. Бердыбекова[5]
[1,2,4,5]Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар;
[3]Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 12.07.26.
Поступило с исправлениями 14.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В КАЗАХСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ

В статье рассматриваются устойчивые словосочетания казахского языка как ценное языковое наследие, сформировавшееся с древнейших времен и сохранившееся до наших дней благодаря передаче из поколения в поколение. Они аккумулируют сведения о повседневной жизни народа, нормах поведения, традициях и обычаях, истории, хозяйственной деятельности, духовной и материальной культуре, а также мировоззрении казахского народа. Особое внимание уделяется всестороннему анализу отражения национальных ценностей, заключённых в казахских фразеологизмах. Исследование проводится с использованием методов отбора, систематизации, описания, сопоставления и лингвокультурологического анализа.

В ходе исследования рассматриваются научные подходы к понятию «ценность», представленные в философии, социологии и языкознании, анализируется соотношение понятий «ценность» и «ценностная ориентация», а также сходства и различия между общечеловеческими и национальными ценностями. Далее фразеологические единицы классифицируются по их лексико-семантическим особенностям на группы, отражающие семейные ценности, трудолюбие, нравственность, гостеприимство, уважение к старшим, единство и согласие, мужество и честь, после чего анализируются с позиций лингвокультурологии. В результате исследования определяется роль и место казахских фразеологизмов как языковых единиц, отражающих национальную культуру, национальное самосознание, духовные ценности и народное мировоззрение, в формировании языковой картины мира и национальной ценностной картины мира.

Ключевые слова: ценность, общечеловеческая ценность, национальная ценность, ценностная ориентация, фразеологическая единица, языковая картина мира.

**N. B. Ibrayeva[1], K. S. Yergaliyev[2], S. Zh. Yergaliyeva[3],*
B. Zh. Sarybayeva[4], Zh. M. Berdybekova[5]
[1,2,4,5]A. Margulan Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;
[3]Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 12.07.26.
Received in revised form 14.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

REPRESENTATION OF NATIONAL VALUES IN KAZAKH PHRASEOLOGICAL UNITS

The article examines Kazakh phraseological units as a valuable linguistic heritage that has been formed since ancient times and preserved to the present day through intergenerational transmission. These stable expressions accumulate information about the people's everyday life, norms of behavior, traditions and customs, history, economic activities, as well as the spiritual and material culture and worldview of the Kazakh people. Particular attention is paid to a comprehensive analysis of the reflection of national values embodied in Kazakh phraseological units. The study employs the methods of selection, classification, description, comparison, and linguocultural analysis.

The study first reviews scholarly approaches to the concept of "value" developed in philosophy, sociology, and linguistics. It then examines the relationship between the concepts of "value" and "value orientation", as well as the similarities and differences between universal human values and national values. Furthermore, phraseological units are classified according to their lexical-semantic features into groups representing family values, diligence, morality, hospitality, respect for elders, unity and harmony, courage and honor, and are subsequently analyzed from a linguocultural perspective. The findings reveal the role and significance of Kazakh phraseological units as linguistic means reflecting national culture, national identity, spiritual values, and the people's worldview in shaping both the linguistic picture of the world and the national value-based picture of the world.

Keywords: value, universal human value, national value, value orientation, phraseological unit, language picture of the world.

ҒТАМР 17.01.09

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/355-367

Ж. А. Исабекова[1], *Э. С. Сейсенбиева[2], Ж. Ж. Аитова[3], Б. С. Бегманова[4]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы;
[2,4]Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы;
[3]Alikhan Bokeikhan University,
Қазақстан Республикасы, Семей.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6502-3487
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5198-9280
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3771-2656
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9135-6752
*e-mail: elka1975@inbox.ru

Р. МҰҚАНОВАНЫҢ «КҮНӘ» ӘҢГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ НАРРАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының көркемдік табиғаты мен нарративтік ерекшеліктері теориялық және практикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады. Әңгіме – әдебиеттегі шағын көлемді, бірақ мазмұны терең прозалық жанр. Ол автордың көркемдік дүниетанымын, өмір шындығына көзқарасын нақты оқиға мен кейіпкер арқылы танытатын форма. Зерттеуде әңгіменің ішкі құрылымын, сюжеттік-композициялық ұйымдасуын, баяндау тәсілдерін (бірінші жақ, үшінші жақ, авторлық баяндау) және кеңістік пен уақыт координаталарын талдау негізгі орын алады.

Мақалада баяндау формаларына (нарративтік позицияларға) ерекше назар аударылып, кейіпкердің ішкі әлемін, психологиясын ашуда ішкі монолог, естелік, психологиялық портрет, авторлық ремарка сияқты көркем тәсілдердің қызметі сараланады. Сонымен бірге қазіргі қазақ прозасында жиі кездесетін фрагментарлық құрылым, ретроспективті баяндау, көпфокалды наррация, метанарративтік элементтер, интертекстуалдылық сияқты құбылыстар авторлық стиль мен көркемдік ізденістердің жаңаша сипат алғанын айғақтайды.

Нарратология тұрғысынан алғанда, әңгіме жанры – баяндаушы мен баяндалатын оқиғаның арақатынасын, кейіпкердің бейнелену тәсілін, көркем кеңістіктің ұйымдасу ерекшеліктерін көрсету арқылы қазіргі әдебиеттанудың сұраныстарына жауап береді. Осы орайда баяндаушының фокализациясы, хронотоп, ішкі-тысқы көркемдік байланыстар, оқырманмен интерактивті қарым-қатынас орнату элементтері де назардан тыс қалмайды.

Мақала нәтижесінде әңгіме жанрының көркемдік болмысы Р. Мұқановаңың «Күнә» әңңгімесі тереңнен ашылып, оның нарратологиялық құрылымы қазіргі әдеби процестегі эволюциялық өзгерістермен сабақтастықта зерделенеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері мектептегі әдебиет сабағында көркем мәтінді оқытуда, оның құрылымдық-мағыналық қырларын талдауда, оқушылардың әдеби танымын арттыруда әдістемелік негіз бола алады.

Бұл мақала әдебиеттанушыларға, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне, көркем шығарманы талдауға ден қойған әдіскерлер мен болашақ зерттеушілерге арналған.

Кілтті сөздер: нарратология, психологиялық проза, ішкі монолог, көркемдік уақыт, символика, ұлттық дүниетаным.

Кіріспе

Әңгіме жанры көркем проза табиғатын зерттеудің негізгі нысандарының бірі болып табылады. Әңгіме жанрындағы нарративтік ерекшеліктерді айқындау ұлттық әдебиеттің көркемдік-эстетикалық даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада әңгіме жанрының көркемдік табиғатын, оның баяндау жүйесі мен құрылымын зерттеу арқылы қазіргі қазақ прозасындағы нарративтік ерекшеліктер анықталады.

Қазақ прозасында адамның ішкі рухани әлемін, психологиялық жай-күйін, ар-ұждан мәселесін көркемдік тұрғыдан бейнелеу XX ғасырдың соңындағы әдеби үдерісте ерекше көрініс таба бастады. Осы бағытта қалам тербеген жазушылардың бірі Роза Мұқанова десек қатлеспейміз. Жазушы шығармаларында адам жанының құпия қатпарлары, моральдық таңдаулар, рухани күйзеліс пен ар алдындағы жауапкершілік мәселелері терең әрі шебер суреттелген.

Жазушы Р. Мұқановаңың «Күнә» әңгімесі адам психологиясын, күйзелісін, рухани азап пен күнә сезімін көркемдік тұрғыдан бейнелеген туындыларының бірі. Шығармада басты кейіпкер Баянның өмір бойы арқалап өткен күнәсі, сол күнәның оның жан дүниесіне түсірген салмағы және Алладан үзбей кешірім сұрауы үмітінің негізгі идеялық өзегі.

Мақаланы зерттеудің мақсаты «Күнә» әңгімесінің көркемдік табиғаты мен нарративтік құрылымын талдау, шығармадағы баяндау формалары мен психологиялық бейнелеу тәсілдерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Мақалада зерттеу материалы ретінде Роза Мұқановаңың «Күнә» атты әңгімесінің мәтіні алынды. Шығармадағы басты кейіпкер Баянның тағдыры, оның жас кезінде жасаған күнәсі, өмір бойы сол күнәсінің моральдық салмағын көтеруі, Құдайдан кешірім сұрау арқылы рухани тазаруға ұмтылысы мақаланың зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Сонымен қатар әңгімедегі композициялық құрылым, баяндау жүйесі, уақыт пен кеңістік категориялары, символдық бейнелер мен діни-рухани мотивтер зерттеу материалының құрамына енгізілді.

Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымында қалыптасқан бірқатар теориялық және әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, нарратологиялық талдау әдісі арқылы әңгімедегі баяндау құрылымы, нарратор позициясы, уақыт пен кеңістік ұйымдасуы, ішкі монолог пен еске алу формалары сараланды. Бұл әдіс шығарманың баяндау жүйесін, кейіпкер санасының берілу ерекшеліктерін және оқиға мен психологиялық процестердің арақатынасын анықтауға мүмкіндік берді.

Психологиялық талдау әдісі кейіпкердің ішкі жан дүниесін, күнә сезімі мен ар алдындағы азаптың көркемдік бейнеленуін зерттеуге қолданылды. Әсіресе, Ақ Баянның ішкі монологтары, естелікке құрылған баяндау формасы, күйзеліс пен тәубеге келу процестері осы әдіс арқылы сарапталды.

Құрылымдық талдау әдісі шығарманың композициялық жүйесін, сюжеттік желінің ұйымдасуын, негізгі оқиға мен ретроспективті эпизодтардың байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл арқылы әңгіменің ішкі құрылымы, негізгі көркемдік түйіндері мен символдық детальдары талданды.

Семиотикалық талдау элементтері шығармадағы символдық бейнелер мен діни мотивтердің мәнін ашуға пайдаланылды. Күнә, кешірім, тәубе, бала бейнесі, жерлеу көрінісі сияқты символдық мәнге ие детальдар мәтіндік деңгейде интерпретацияланды.

Сонымен қатар интерпретациялық әдіс қолданылып, шығарма идеясы, авторлық позиция және кейіпкер тағдырының философиялық астары тұтас көркемдік жүйе ретінде қарастырылды.

Осы әдістердің кешенді түрде қолданылуы «Күнә» әңгімесінің көркемдік табиғатын, нарративтік құрылымын және психологиялық мазмұнын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында әңгіме жанрының табиғаты мен нарратологияға ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізе отырып іргелі ғылыми зерттеулерге атап

айтар болсақ, А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Б. Майтанов, А. Темірболат және орыс ғалымдары М. Бахтин, Ю. Лотман, О. Мамуркина, Джун Мира мен батыс ғалымдары Л. Долежал, Ж. Женнет, Дж. Принс, В. Шмид және т.б. ғалымдарының еңбектері негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

Әдебиеттану ғылымында әңгіме жанры прозаның шағын, ықшам, бірақ мазмұны терең түрі ретінде танылады. Әңгімеде, көбінесе, бір оқиға, бір немесе бірнеше кейіпкер және қысқа уақыт аралығындағы жағдайлар сипатталады. Әңгіме жанрының тағы бір ерекшелігі – оқиғаның шынайылығы мен көркем жинақтылығы.

«Қазақ әдебиетіндегі әңгіменің даму эволюциясы көркемдік деңгейдің үнемі өсуімен сипатталады. XX ғасырдың ортасынан бастап бұл жанрда авторлық интерпретация, лирикалық баяндау, ішкі монолог секілді нарративтік тәсілдер дами түсті» [1, 113-б.].

Нарратив – бұл оқиғаны баяндау тәсілі мен құрылымдық ұйымдасуы. Әдебиеттегі нарративтік құрылым белгілі бір мәтіннің сюжеттік құрылымы мен баяндау жүйесіне қатысты теориялық ұғым. Нарратив термині француз тілінен шыққан «narration» – «әңгімелеу» деген мағынада қолданылады.

Нарратив теориясы XX ғасырда структурализм мен постструктурализм бағыттарының негізінде дамыды. Л. Долежал, Ж. Женнет, Дж. Принс, В. Шмид М. Бал, Т. Тодоров сынды зерттеушілер көркем мәтіндегі баяндау табиғатын, оқиға құрылымын, автор мен кейіпкердің өзара қатынасын ғылыми негізде саралап берді.

«Нарратив – бұл тек мәтіндік құрылым ғана емес, ол – оқырман мен автор арасындағы коммуникативтік кеңістік. Көркем шығармада оқиға қалай баяндалады, кім баяндайды, қай перспективадан баяндалады – осы сұрақтар нарратив теориясының негізін құрайды» [2, 8-б.].

Нарративтік баяндау арқылы жазушы оқиғаны белгілі бір реттілікпен, көзқараспен, интонациямен береді. Бұл көркем шығарманың композициялық тұтастығына, оқырман қабылдауына, мәтіннің семантикалық деңгейіне тікелей әсер етеді.

Нарратология терминін алғаш ұлттық әдебиеттану саласындағы теориялық еңбектің авторы А. Байтұрсынов «Баяншы» еңбегінде жазған. Ғалымның пікірінше нарратор авторды әуезелеуші, толғаушы, жазушы, ақын, сарындаушы деп атаған. Автордың айтқан әуезелеуші немесе баяншы, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы нарратор, әңгімешімен тұтастықта көрінуі әлемдік көркем прозада бар тәсіл.

«Мәтінде оқиға болған күннің өзінде, сюжетсіз ол еш нәрсе емес. Мәтіндегі оқиғаларға жан бітіру үшін, міндетті түрде сюжет қажет» – деп ғалым В. Шмид айтқандай көркем шығарма немесе туынды жазушының

жанын беріп жазған қажырлы еңбегі, жан толғанысы, қоғамдағы әлеуметтік тұрмыстық-жағдай және т.б. [3, 55-б.]. Әдебиетте өмір шындығынан шығарма жазу, оны оқырманның қабылдауы үлкен еңбекті талап етеді. Шығармада өмір шындығын жазу бір алды, оны белгілі бір кейіпкер арқылы жеткізу, сол шындықты өз ойынмен баяндап беру мүлде бөлек дүние. Шығармада өмірде бастан кешкен оқиғаларды айна қатесіз тізбектеп кейіпкер жасау бұл авторлық шеберлік болып табылады.

«Нарратологиялық зерттеулер саласына енген құбылыстар бұрын әдебиеттану, лингвистика, психология, мифология және кино сыншылары және жалпы эстетикада зерттелген. Ресми және құрылымдық әдебиеттанудан шыққан нарратология бұдан әрі пәнаралық мәртебеге ие болды» [4, 19-б.].

Қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде жазушы психологиялық тақырыпта жазылған әңгімелер өзіндік ерекшеліктерімен дараланып тұрады. Сондай талантты жазушының бірі Роза Мұқановаңың психологиялық тақырыпта жазылған «Құбыжық» (2002), «Қаралы төбе», «Өзің», «Тұтқын» (2003), «Композитор», «Мұқағали», «Мәңгілік бала бейне» т.б. әңгімелерін атауға болады. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбек Р.Мұқанова туралы былай деген: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үңілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады» [5, 4-б.].

Қазіргі қазақ прозасында адам болмысы мен рухани ізденіс тақырыбы алдыңғы қатарда тұр. Бұл бағытта Роза Мұқановаңың шығармалары күрделі философиялық, психологиялық проблемаларды көркемдік-поэтикалық деңгейде көтеретін ерекше туындылар қатарына жатады. Жазушының «Күнә» атты әңгімесі – адам жанының қарама-қайшылықтарын, күнә мен кешірім, кінә мен ар-ождан мәселелерін тереңнен қозғайтын шығарма [6]. Бұл әңгімені нарратологиялық тұрғыда зерттейтін болсақ көркем проза табиғатын, баяндау құрылымының мүмкіндіктерін және кейіпкер психологиясының көркем берілу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

«Күнә» әңгімесінің негізгі өзегі – адам жанының рухани азабы мен күнәдан арылу жолындағы күресі. Шығармада Ақ Баянның өмір бойы арқалаған қылмысы – жаңа туған сәбиді өлтіруге қатысуы – оның бүкіл тағдырын айқындайтын моральдық жүк ретінде бейнеленеді.

Жазушы күнә ұғымын тек діни категория ретінде емес, адамның ішкі рухани әлеміндегі ең ауыр психологиялық салмақ ретінде көрсетеді. Ақ Баянның өмірі сырттай қарағанда қарапайым әйел тағдыры болғанымен, оның ішкі әлемі тоқтаусыз күйзеліс пен тәубеге келу сезіміне толы.

Кейіпкердің күнәмен өмір сүруі – экзистенциалдық трагедия ретінде суреттеледі. Ол күнәні ұмыта алмайды, одан қашып құтыла алмайды. Осы арқылы жазушы адамның ар алдындағы жауапкершілігін басты тақырыпқа айналдырады.

«Күнә» – көлемі жағынан шағын, бірақ идеялық-мазмұндық тұрғыдан ауқымды, психологиялық-философиялық сипаттағы проза жанр. Мұнда классикалық «сюжет-оқиға» жүйесінен гөрі, кейіпкердің ішкі ахуалы мен ой дүниесіндегі қақтығыстар алдыңғы орынға шығады. Бұл қазіргі нарратология ғылымының назарындағы интроспективті прозаға тән сипат. «Күнә» әңгімесінде баяндаушы оқиғаға тікелей қатыспайды, яғни үшінші жақтағы гетеродиегетикалық баяндаушы қызмет атқарады. «Баяндау мен ақыл-ойға деген көзқарастар қалыптасуды, дамуды және айқас тозаңдануды жалғастыруда және бұл тәсілдердің қайсысы болашақта ең генеративті болатынын болжау қиын, олардың сайып келгенде, нарратологияның кең саласына қандай әсер ететінін айтпағанда» [7, 52-б.].

«Өзін-өзі жазалаудың жолын таппай қамығып, тұншығып күй кешеді бұл байқұс. Түннің, қап-қараңғы қапас түннің тұнжырап енгенін қалайды. Тек ағарып таң атпаса екен. Алты қырдың астынан етегін жайып таң көрінсе-ақ сол түндегі жасаған күнәһарлығын бетіне салып аймандай етпек, о Құдай» [8, 45-б.].

Бұл баяндаушы оқиғалар мен кейіпкер ойларын объективті түрде жеткізгенімен, көбіне кейіпкердің ішкі әлеміне еніп, оның жан дүниесін, терең психологиялық күйзелісін суреттейді. Мұндай тәсіл ішкі фокализацияның кең қолданылғанын аңғартады. Кейіпкердің жан күйзелісі, психологиялық күйі баяндау барысында ішкі фокализация арқылы беріледі. Бұл оқырманға кейіпкердің эмоциялық хал-ахуалын терең сезінуге мүмкіндік беретін тәсіл. М. Б. Храпченко: «Ішкі монолог адамдардың рухани жан дүниесін жаңғырту құралы» – деп кейіпкер мінезін сомдаудағы негізгі қызметін атап көрсетсе, ғалым Б. Майтанов: «Қаһарман санасындағы стихияны таныту арқылы өмірді түрлі аспектілерде кең бейнелеуге негіз болады», – деп кейіпкердің көркемдік сипатына тоқталып өтеді [9, 112-б.]; [10, 56-б.]. Әңгімедегі негізгі нарративтік тәсілдердің бірі – ішкі монолог. Автор кейіпкердің жан дүниесін сыртқы әрекеттен гөрі, оның ішкі ой ағысы арқылы көрсетеді. Ақ Баянның өмірі өткен шақтағы естеліктер, өкініш, тәубе, қорқыныш сияқты психологиялық күйзелістер арқылы беріледі.

Кейіпкердің санасындағы уақыт үздіксіз кері шегіністер арқылы көрінеді. Өткен шақтағы бір ғана оқиға оның бүкіл өмірін көлеңкеде қалдырады. Бұл – психологиялық прозаның басты белгілерінің бірі.

Ішкі монологтар арқылы кейіпкердің жан айқайы, өз-өзімен күресі, Құдайдан кешірім сұрауы беріледі. Мұнда сыртқы әрекет аз, негізгі драматизм ішкі әлемде өтеді. Әңгімеде басты кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі арпалысты жеткізуде ішкі монолог пен сана ағыны ерекше көркемдік қызмет атқарады. Бұл – кейіпкердің адам өлтіру мен кешірім арасындағы моральдық таңдауы арқылы көрінеді:

«Таң алдындағы намазын оқып жатып: «Алла, Ал…ла», – деп ауырта дауыс шығарды кемпір. Сәлден соң ерінін ғана жыбырлатып, сыбыр-сыбыр етті. Қолына ұстап, тәсбиғының тізілген көзін санады. Бұрынғыдай емес, бұл жолы ұзақ санады. Ернін жымқыра тістеліп, көзін жұмып алып теңселіп отыр. Жылап отыр. Маржандап аққан көз жасы иегінен төмен қарай дөңгелеп түсіп, алдындағы жайнамазға сіңіп жоқ болады. Кемпір көзін ашпайды, тізесіне қойған екі қолын да қозғамайды. Көзін ашпайды кемпір, қорқады. Көзін жұмғаны – күнәсін мойындағаны» [8, 45-б.].

Бұл үзіндіде автор кейіпкердің ішкі санасындағы қақтығысты жеткізеді. Ішкі дауыс шын мәнінде, кейіпкердің ар-ожданының диалогы. Бұл жерде рефлексия мен моральдық шешімсіздік негізгі нарративтік қозғаушы күшке айналып отыр. Жазушы күнә мен кешірім, кек пен мейірім, мораль мен құндылық категорияларын терең толғаныстар арқылы бейнелейді. Бұл тақырыптарды жеткізуде тек оқиға желісі емес, баяндау тәсілдері де үлкен рөл атқарады.

«Нарратив құрылымының негізгі компоненттері – сюжет пен хронотоп. Сюжет – оқиғалардың реттілігі мен логикалық байланысы. Хронотоп – шығармадағы уақыт пен кеңістік өлшемдерінің көркемдік бірлігі» [11]. Роза Мұқановаңың «Күнә» әңгімесінде хронотоп шектеулі кеңістікте өтеді – көбінесе ауыл, үй сияқты символдық мәні бар кеңістіктер. Бұл шектеулі кеңістік кейіпкердің ішкі шектеулеріне параллель беріледі.

Роза Мұқанова – қазақ прозасында өзіндік үні бар, терең психологиялық иірімдерге бойлай білетін қаламгер. «Күнә» әңгімесі адам жанының қарама-қайшылығын, күнә мен тәубенің, рухани күйреу мен арылудың ара-жігін философиялық және психологиялық деңгейде суреттейді. «Баяндалған оқиғаны көзбен көріп, бастан кешкен куәгердің көзімен беру оқырманның оқиғаға сенуіне себепкер болары да сөзсіз. Үшінші жақтан, яғни авторлық баяндау мұнда басты рөл атқарса да мәтін сыршылдығымен, сенімділігімен, шынайылығымен оқырманға ой салады» – деп әдебиеттанушы ғалым Г.Пірәлі айтқандай әңгімеде авторлық баяндау, кейіпкердің ішкі монологтары мен символика арқылы оқырманды күнәнің салмағы мен адамның ішкі азабына терең үңілуге жетелейді [12]. Әңгіме бастан-аяқ үшінші жақтан, авторлық баяндау тәсілімен беріледі. Жазушы шеберлігімен, сенімдігілімен оқырманға терең ой қалдырып, әңгіме соңы былай аяқталады:

«...– Жер дүние айналып кетті дөңгелеп. Содан бері елу жыл өтті, елу жыл бойы жайраңдап бір сөйлемепті, күлмепті.Таң намазын жылаумен, зарлаумен қарсы алып күй кешіпті.

Тағы да төбе басында жападан жалғыз өз күнәсін өзі жуып отыр. Алақанын таң шапағына жайып, жылайды аңырап. Әжім кеулеген жұмсақ маңдайын қара жерге сүйгізіп теңселеді кемсеңдеп.

Түн – күнә, таң – ақталу еді бұл үшін. Ақталып отыр Арыла алмай күнәдан, ақталып отыр» [8, 55-б.].

Әңгімде он төртке жаңа толған Ақ Баянн байдың жалғыз ұлына ұзатылады. Бай ауылына келін болған Ақ Баянды бәйбіше жалғыз үйдің қатынын қазан-ошаққа майлыққа салмаңдар деп, сендерден тірлік артылмайды деген соң құс төсектің үстінде қайынсыңлісіне арнап, іс тігіп қана отырады. Нұғымардың қарындасы Гүлбаһрамды әкесі кедей жігітке 25 жылқы қалыңмалға беремін деп шарт қояды. Бере қояр ондай малы жоқ кедей жігіт қыздан айырылып қаламын деген қорқынышпен, қызды ауылға жиі-жиі келгіштеп жүреді, оны Ақ Баянда байқайды. Тоқал бір сұмдықты сезіп, Ақ Баянға қызға қарамадың, қарабет болдық, түнгі ұйқыңды азайт деп ескерту айтады. Түнделетіп тоқал, Баянды ертіп, Гүлбаһрамды ауылдан алысқа алып кетеді. Қыздың толғағы басталған еді. Туған жас нәрестені көзін құрт деп, сол жерде көміп кетеді. Осыдан бастап Ақ Баянның түн ұйқысы бұзылып, күндіз күлкіден қалады. Әңгімеде кейіпкердің ішкі монологы психологиялық күрделі көркемдік бейнелеу құралы арқылы баяндалады.

«– Әлһәмдү лилләһи, күнә деп, күнәһармын деп ойламадым. Азаптан құтқар, мазақтан құтқар біздерді дедім. Бар болғаны сол еді ғой, жаратқан. Ол кезде мен жас едім. Он беске келіп, оң-солымды білгеніммен бай туысы не айтса сол жөн шығар деп басымды шұлғи беретін жас едім. Тым жас едім: – кемпірдің иегі қимылдап, кемсеңдеп кетті, етегіне шалына қозғалып, еңбектей орнынан тұрды. Таң намазы кәрінің көз жасымен жуылып, үнемі осылай, шермен, мұңмен аяқталатын» [8, 47-б.].

Әңгіменің ең басты баяндаушысы ол гетеродиегетикалық нарратор, яғни оқиғаға қатыспайтын, сырттай бақылаушы. Дегенмен, автор кей сәттерде ішкі фокализацияны қолдана отырып, оқырманды кейіпкердің ішкі жан дүниесіне терең бойлатады.

Роза Мұқановаың «Күнә» әңгімесі – нарратологиялық құрылымы терең, психологиялық және философиялық мазмұнға толы шығарма. Автордың баяндау тәсілі, ішкі монологтар, символика, фокализация және уақыт құрылымы – әңгіменің көркемдік деңгейін арттыра түсті. Шығармадағы баяндау жүйесі мен кейіпкердің ішкі драмасы арқылы адам мен күнәнің, ар мен арылудың байланысы философиялық-психологиялық деңгейде ашылған.

Қорытынды

Мақаламызды қорытындылай келе, Роза Мұқановаың «Күнә» әңгімесі – қазіргі қазақ прозасындағы нарративтік-композициялық құрылымы күрделі, терең философиялық-психологиялық шығарма деген түйінге келдік. Себебі, талдау барысында анықталғандай, мәтіннің көркемдік қуаты тек тақырып өзектілігімен емес, сонымен қатар баяндау тәсілдерінің ерекшелігімен де тығыз байланысты. «Көркем прозадағы нарраторлық позиция – оқырманға

жеткізілетін ақиқаттың формасы. Бұл – әдеби шындық пен көркем қиялдың шекарасын анықтайтын тәсіл» [13, 215-б.].

Біріншіден, шығармада гетеродиегетикалық баяндаушының қызметі кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлап, ішкі фокализация мен сананың ағымы тәрізді баяндау формаларын шебер қолдану арқылы іске асырылған. Бұл тәсіл оқырманға кейіпкердің ар-ождан, күнә мен кешірім, сенім мен үміт арасындағы күресін жан-жақты сезінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, шығарманың уақыт пен кеңістік құрылымы нақты оқиғалық шеңбермен шектелмей, кейіпкердің жан дүниесіне тәуелді психологиялық хронотоп деңгейінде беріледі.

Үшіншіден, ішкі монолог, рефлексия, ретроспекция, полифония, символдық бейнелеу, имплицитті авторлық ұстаным сынды нарратологиялық элементтер мәтінге тереңдік пен көркемдік салмақ береді. Бұл көркем проза үлгісі ретінде постмодерндік баяндау формаларына да жақын келеді.

Осы талдау барысында «Күнә» әңгімесі қазақ әдебиетінде нарратология ғылымының терминдерімен толыққанды сипатталатын және ішкі адам болмысына бағытталған проза үлгісі ретінде бағаланады. Бұл – Роза Мұқанова шығармашылығының поэтикалық кеңістігін, адам табиғатын ашудағы жаңашыл жолын көрсететін маңызды көркем мәтін.

Нарратив – әңгіме жанрының ішкі құрылымын, көркемдік деңгейін айқындайтын басты құрал. Роза Мұқанова шығармаларында баяндау тәсілдерінің түрленуі, фокализацияның әрқилылығы, сюжеттік құрылым мен хронотоптың бірлігі жазушының шеберлігін айғақтайды. Нарративтік ерекшеліктер кейіпкер әлемін терең танып, оқырманды мәтінге эмоциялық тұрғыдан жақындата түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы: Санат, 2007. – 360-б.

2 **Bal, M.** Narratology: Introduction to the Theory of Narrative [Text]. – Toronto : University of Toronto Press, 2017. – 228 p.

3 **Шмид, В.** Нарратология [Текст]. – М. : Языки славянской культуры, 2003. – 312 с.

4 **Serdechnaya, V.** Narratology as a narrative philosophy [Text] // Context and reflection: philosophy about the world and man. Russian peer–reviewed journal. – № 1. – 2011. – 18–42 p.

5 **Қорғасбек, Ж.** «Мәңгілік бала бейнені іздеу» // «Түркістан» газеті, № 19. – 2014.

6 **Мұқанова, Р.** Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 2. – Алматы : Жазушы, 2004. – 328-б.

7 **Herman, D.** Cognitive Narratology [Text] // Handbook of Narratology 2nd edition / ed. Hühn P. et al. Berlin, NY : Walter de Gruyter, 2014. – 46-64 p. – [Electronic resource] – https://dokumen.pub/handbook-of-narratology -2nd-edition-fully-revised-and-expanded-9783110316469-9783110316346.html

8 **Мұқанова, Р.** Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаяттар [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2004. – 328-б.

9 **Храпченко, М.** Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы [Текст]. – М.,1972. – 242 с.

10 **Майтанов,** Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар [Текст]. –Алматы : Ғылым, 2002. – 344 б.

11 **Бахтин, М.** Эстетика словесного творчества [Текст]. – М. : Искусство, 2018. – 423 с.

12 **Пірәлі, Г.** Шәрбану шығармаларындағы нарратология мәселелері // Егемен Қазақстан. – 2021, 28 қаңтар. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https:// egemen. kz/ article /262876-sharbanu-shygharmalaryndaghy-narratologiya-maseleleri

13 **Genette, G.** Narrative Discourse: An Essay in Method [Text]. – Ithaca : Cornell University Press, 2020. – 142 p.

REFERENCES

1 **Qabdolov, Z.** Sóz óneri [The art of the word] [Text]. – Almaty : Sanat, 2007. – 360 p.

2 **Bal,** M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative [Text]. – Toronto : University of Toronto Press, 2017. – 228 p.

3 **Shmıd, V.** Narratologıa [Narratology] [Text]. – Moscow : slaván mádenıetiniń tilderi, 2003. – 312 p.

4 **Serdechnaya, V.** Narratology as a narrative philosophy [Text] // Context and reflection: philosophy about the world and man. Russian peer–reviewed journal. – № 1, 2011. – 18-42 p.

5 **Qorǵasbek, J.** Máńgilik bala beıneni izdeý [Eternal Child video search] [Text] // «Túrkistan» gazeti. – № 19. – 2014.

6 **Muqanova, R.** Kóp tomdyq shyǵarmalar jınaǵy [Collection of multi-volume works] [Text]. Vol. 2. – Almaty : Jazýshy, 2004. – 328 p.

7 **Herman, D.** Cognitive Narratology // Handbook of Narratology 2nd edition / ed. Hühn P. et al. Berlin, NY. : Walter de Gruyter, 2014. – 46-64 p. [Electronic resource]. – https://dokumen.pub/handbook-of-narratology -2nd-edition-fully-revised-and-expanded-9783110316469-9783110316346.html

8 **Muqanova, R.** Mýza. Áńgimeler men dramalyq hıkaıattar [Muza. Stories and dramatic stories] [Text]. – Almaty : Jazýshy, 2004. – 328 p.

9 **Hrapchenko, M.** Jazýshynyń shyǵarmashylyq daralyǵy jáne ádebıettiń damýy [The creative personality of the writer and the development of literature] [Text]. – Moscow, 1972. – 242 p.

10 **Maıtanov, B.** Sóz syny. Zertteýler, maqalalar [Word criticism. Research, articles] [Text]. – Almaty : Ǵylym, 2002. – 344 p.

11 **Bahtın, M.** Aýyzsha shyǵarmashylyqtyń estetıkasy [Aesthetics of verbal creativity] [Text]. – Moscow : Óner, 2018. – 423 p.

12 **Piráli, G.** Shárbanýý shyǵarmalaryndaǵy narratologıa máseleleri [Problems of narratology in the works of syrups] // Independent Kazakhstan. – 2021, January 28. [Electronic resource]. – Access mode: https:// egemen. kz/ article /262876-sharbanu-shygharmalaryndaghy-narratologiya-maseleleri

13 **Genette, G.** Narrative Discourse: An Essay in Method [Text]. – Ithaca : Cornell University Press, 2020. – 142 p.

31.01.26 ж. баспаға түсті.
01.07.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. А. Исабекова[1], *Э. С. Сейсенбиева[2], Ж. Ж. Аитова[3], Б. С. Бегманова[4]*
[1]Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;
[2,4]Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы;
[3]Alikhan Bokeikhan University,
Республика Казахстан, г. Семей.
Поступило в редакцию 31.01.26.
Поступило с исправлениями 01.07.26.
Принято в печать 10.08.26.

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ПРИРОДА И НАРРАТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАССКАЗА Р. МУКАНОВОЙ «ГРЕХ»

В статье всесторонне рассматриваются художественная природа и нарратологические особенности жанра рассказа в современной казахской литературе. Рассказ представляет собой компактную, но содержательно глубокую форму художественной прозы, посредством которой автор передаёт своё восприятие действительности через конкретные события и персонажи. Особое внимание в исследовании уделяется внутренней структуре рассказа, композиционному построению, видам повествования (от первого

и третьего лица, авторская речь), а также пространственно-временным координатам.

Анализируются такие нарративные приёмы, как внутренняя речь, воспоминания, психологический портрет, ремарка автора, которые способствуют раскрытию внутреннего мира героя. Современные казахские рассказы демонстрируют широкое применение фрагментарного повествования, ретроспектив, метанарратива, интертекстуальности, что указывает на эволюцию авторского стиля и развитие литературного сознания.

С точки зрения нарратологии, жанр рассказа позволяет исследовать отношения между рассказчиком и повествованием, способы изображения персонажа, организацию художественного пространства. Наряду с этим рассматриваются такие понятия, как фокализация, хронотоп, внутренняя и внешняя композиционная связь, а также интерактивные элементы взаимодействия с читателем.

В результате статьи художественное бытие жанра рассказа глубоко раскрывается в рассказе Р. Мукановой «Грех», нарратологическая структура которого изучается в преемственности с эволюционными изменениями в современном литературном процессе. Сделанные выводы могут быть полезны при обучении литературе в школах, особенно в части анализа структуры и смыслового содержания текста, а также для развития литературного мышления учащихся.

Статья адресована литературоведам, преподавателям казахского языка и литературы, методистам, а также всем, кто интересуется нарратологией и преподаванием художественного текста.

Ключевые слова: нарратология, психологическая проза, внутренний монолог, художественное время, символика, национальное мировоззрение.

*J. A. Isabekova[1], *E. S. Seisenbieva[2], Zh. Aitova[3], B. S. Begmanova[4]*
[1]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[2,4]Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[3]Alikhan Bokeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Received 31.01.26.
Received in revised form 01.07.26.
Accepted for publication 10.08.26.

ARTISTIC NATURE AND NARRATIVE FEATURES OF R. MUKANOVA'S SHORT STORY "SIN"

This article provides a comprehensive analysis of the artistic nature and narratological features of the short story genre in contemporary Kazakh literature. As a concise yet thematically rich form of prose, the short story offers authors a focused medium to express their worldview and depict reality through specific events and characters. The study examines the internal structure of the short story, its compositional organization, various narrative types (first-person, third-person, and authorial narration), and the spatial-temporal dimensions within the text.

The research emphasizes narrative strategies such as internal monologue, memory, psychological portraiture, and authorial commentary, which contribute to revealing the inner world of the characters. Modern Kazakh short stories increasingly exhibit narrative innovations including fragmentation, retrospection, multi-focal narration, metanarrative techniques, and intertextuality, reflecting a shift in authorial style and the evolving nature of literary consciousness.

From a narratological perspective, the short story genre allows for an in-depth exploration of the relationship between narrator and narrative, methods of character representation, and the organization of narrative space. Key theoretical concepts such as focalization, chronotope, internal and external compositional links, and reader-text interaction are also considered in this study.

As a result of the study, the artistic essence of the short story genre is explored in depth in R. Mukanova's short story "Sin", whose narratological structure is examined in connection with the evolutionary changes of the modern literary process. These findings offer methodological value for teaching literature in schools, particularly in helping students analyze the structural and semantic layers of fictional texts and develop literary thinking.

This article is intended for literary scholars, teachers of Kazakh language and literature, curriculum developers, and researchers interested in narrative theory and the pedagogy of literary analysis.

Keywords: narratology, psychological prose, inner monologue, artistic time, symbolism, national worldview.

ҒТАМР 17.07.41

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/368-382

***Д. М. Ихсан[1], Қ. Р. Кемеңгер[2]**

[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0006-3092-4791
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0691-4527
*e-mail: ikhsandaniyar@gmail.com

М. ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН БАСПАСӨЗІ НЕГІЗІНДЕ)

Түркістан Республикасының ресми басылымы саналған «Ақ жол» газетінде (1920–1926) қазақ халқының біртуар перзенті, көрнекті алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты құнды дерек көп кездеседі. Қалам қайраткерінің «Ақ жол» газетінде біршама мақаласы, хабары және алты өлеңі жарияланған. Аталған өлеңдердің үшеуі ақынның шығармалар жинағына еніп, ғылыми айналымға қосылса, қалған үшеуі арнайы қарастырылмаған. Мақаланың мақсаты – Міржақып Дулатұлы өмірінің Ташкент, Семей кезеңдерін Түркістан баспасөзінің ресми үні – «Ақ жол» газеті негізінде нақтылау және «Балқия» драмасы, арнайы қарастырылмаған үш өлеңнің шығу тарихы, жазылу кезеңін анықтап, автор бейнесін ашу. Бұл мақсатта газетте басылған мақалалар, өлеңдер, деректер және тұлғаға қатысты жазылған ғылыми зерттеулер, естеліктер, сол кезеңде шыққан мерзімді басылымдар қаралды. Ташкент кезеңіне дейінгі қызметін нақтылау үшін РФ Омбы облысының тарихи архивіндегі құжаттар қосымша қаралды. Мақалада мәдени-тарихи, биографиялық, құрылымдық-сипаттамалық әдістер қолданыс тапқан. Зерттеу нәтижесінде «Балқия» драмасы мен үш өлеңнің жазылуы, шығу тарихы нақтыланып, тарихи дерегі мол туындылар екені айқындалды. Зерттеу нәтижесінде 1920-жылдары жазылып, Ташкенттегі Халық ағарту комиссиясында баспаға дайындалған «Балқия» драмасы және үш өлеңнің жазылуы, шығу тарихы нақтыланып, тарихи дерегі мол, көркемдік әлеуеті жоғары туындылар екені айқындалды. Автордың өмірбаянында ерекше орын алатын Ташкент және Семей кезеңдері Түркістан баспасөзінің материалдары мен архив құжаттары негізінде жан-жақты нақтыланып, жаңа деректермен толықтырылды. Зерттеу нәтижелері Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді одан әрі зерттеуге, нақтылауға және толықтыруға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: Міржақып Дулатұлы, Түркістан, драма, поэтика, баспасөз, өлең.

Кіріспе

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ақын, жазушы, драматург, публицист Міржақып Дулатұлының есімі толық ақталғаннан бері өмірі мен шығармашылығы әдебиеттану, алаштану салалары бойынша жазылған еңбектерде жан-жақты қарастырылып, зерттеліп келеді. Әсіресе, Гүлнар Міржақыпқызының «Шындық шырағы» кітабында құнды деректер мен естеліктер молынан берілген [1]. Марат Әбсеметтің «Міржақып» кітабында ақынның өмірі мен шығармашылығы талданса [2], Сәбира Иманбаеваның «Міржақып Дулатов – Алаштың жарық жұлдызы» атты зерттеуінде өмірі мен қызметі жазылған [3].

Алайда қайраткердің ғұмырнамасы нақты түзіліп, әдеби мұрасы толық жинақталды дей алмаймыз. Сондықтан мақалада «Ақ жол» газетінде жарық көрген мақалалар мен хабарлар арқылы Ташкент, Семей кезеңдеріне қатысты ғұмырнамалық деректері толықтырылып, «Балқия» драмасы мен «Қайтер едім?», «Қазақ-қырғыз шәкірттеріне», «Мұңды тілек» өлеңдерінің шығу тарихы мен жазылу кезеңі нақтыланып, құрылымы мен мазмұны талданды.

Әуелі «Ақ жол» газетінің шығу тарихын қарастырған кезде Нәзір Төреқұл мен Сұлтанбек Қожанұлы қатар аталады. 1920 жылдың 19 қазанында Түркістан коммунистік партиясы Орталық атқару комитетінің хатшысы Нәзір Төреқұл қол қойған қаулыда «Ақ жол» газетіне Сұлтанбек Қожанұлы редактор, Міржақып Дулатұлы жауапты хатшы ретінде бекітілген [4, 147-б.]. Келесі айдан кейін, яғни бірінші қараша күні өткен Түркістан Республикасы КОАК-нің төралқа мәжілісінде «Ақ жол» мен «Қызыл байрақ» газеттері шығатыны жазылған [5, 297-б.]. Осылайша, 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап аптасына үш рет Түркістан Республикасының Кіндік Басқарма Комитеті мен Ортақшыл партияның Кіндік Комитеті атынан «Ақ жол» газеті жарыққа шықты. Жауапты хатшы, бас жазушы Міржақып Дулатұлы газеттің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып, 1920 жылдың желтоқсанынан 1921 жылдың мамыр айына дейін қызмет етті [6, 215-б.].

Алаш қайраткерінің Ташкент, Семей кезеңіне тоқталмастан бұрын 1920 жылы Ташкентке барғанға дейін Омбы кезеңі де өмірбаяны жайлы зерттеулерде көп ескерілмейтінін атаймыз. Патша үкіметі кезінде Омбы қаласында М. Дулатұлы қазақ жері 1920 жылдың 26 тамызында автономиялы республика болып бекітілгеннен кейін қызмет істегенін архив деректері растайды. РФ Омбы облысының Тарихи архивіндегі қорда 1920 жылдың қазан айында қызметтен босатылған адамдар тізімінде М. Дулатұлы есімі көрсетіледі [7]. Тізімде 28-ші адам болып жазылған М. Дулатұлының бұл мекемеде атқарған қызметі «инструктор по национальным меншинствам», яғни аз ұлттар бойынша нұсқаушы деп көрсетілген. Архив қорында атыжөні «Дулатов Мир-Якуб» деп жазылған қайраткер Омбыдағы қызметінен 1920 жылдың 25 қазанында Ташкенттегі Түркістан орталық атқару комитетіне ауысқаны көрсетілген. Бұл істің 52 парағында аталған қызметке Торғай облысының Сарықопа болысының №1 ауылынан келгені, Қостанай қаласында педагогика курсын бітіргені, әскерде болмағаны белгіленген [8]. Енді Түркістан баспасөзі негізінде Алаш қайраткерінің Ташкенттегі «Ақ жол» газеті мен Білім комиссиясында, Семейдегі «Аштарға жәрдем» комитетіндегі жұмыстарын нақтылай түсеміз.

М. Дулатұлының «Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» өлеңдер жинағы ғылыми қауымға етене таныс. Аталған жинақтарға енбеген өлеңдері сол кезеңдегі мерзімді басылымдарда жарияланған. Соның ішінде «Ақ жол» газетіне 6 өлеңі жарық көріпті. Көптомдық «Ақ жол» газетінің бірінші томына кірген «Қайтер едім?», «Мұңды тілек» өлеңдері ақынның 1991 жылғы алғашқы жинағына, екі томдықтың өлеңдері топтастырылған 1996 жылғы бірінші томына, 2002 жылғы бес томдығының бірінші томына және 2013 жылғы алты томдығының бірінші томына енбегені және «Қазақ-қырғыз шәкірттеріне» өлеңінің тек бір шумағы берілгені анықталды [9–12]. Ал қалған үш шығармасы – «Тарихи күн», «Мен азатпын, сен де азат», «Бүркіт кегі» өлеңдері жинаққа енген. Жоғарыда аталған үш өлеңі басқа шығармаларымен үндес, сарындас. Сол себепті М. Дулатұлының өмірі мен тарихи оқиғалар арқылы шығармалардың шығу тарихын анықтап, құрылымын талдау мақала мақсатының бірі етіп алынды.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамының басты мәселелерінің бірі қазақ қызының қалың малға сатылуы, өз ықтияры болмауы, өзінен жасы үлкен адамға, әйел үстінен әйелдікке алынуы болды. М. Дулатұлы қазақ қалам қайраткерлерінің арасынан алғаш болып осы тақырыпты көтеріп, роман жазды. Әдебиеттанушы Ж. Кынаджы «Балқия» жайлы зерттеуінде: «Бұл драма қазақ әйелінің мәселесін ғана емес, жәдит қозғалысын, усул-жәдидке деген айқын көзқарастың көрінуімен аса құнды туынды» [13], – деп тұжырым жасайды. Сондай-ақ драма 1922 жылы

Орынбор қаласында жазылып, басылып шыққаны көрсетілген. Шынында «Балқия» драмасында әйел құқы ғана емес, қазақ қоғамының бірнеше түйткілді, өзекті мәселесі көтерілген. Дегенмен «Ақ жол» газетіндегі деректер арқылы драманың 1922 жылға дейін жазылып, тіпті Орынборда емес, Ташкентте басылуы тиіс болғанын, 1921 жылдың қаңтарында Ташкенттегі «Колизей» театрында алғаш ойналғанын дәлелдей аламыз.

Материалдар мен әдістері

Мақалаға қатысты негізі деректер «Ақ жол» (газеті) көптомдығының 1, 2, 5, 7, 8-томдарына енген өлеңдер, қысқаша хабарлар мен мақалалардан алынды. Ташкент қаласына қашан, қайдан барғаны РФ Омбы облысының Тарихи архивінің 318-қорындағы деректермен қосымша нақтыланды. Деректерді талдау мен өлеңдерінің шығу тарихы, жазылу кезеңін нақтылау, құрылымын талдау кезінде мәдени-тарихи, биографиялық, құрылымдық-сипаттамалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Алаш қайраткерінің осы күнге дейін ғұмырнамасына қатысты ақтаңдақ тұстар анықталып, өлеңдері мен драмасының шығу тарихы, жазылу кезеңі нақтыланып, құрылымдық-сипаттамалық талдау жасалды.

Нәзір Төреқұл, Сұлтанбек Қожанұлы бастаған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің шақыртуымен Омбыдан Ташкентке келген М. Дулатұлы Алаш қозғалысы кезінде жанында болған тұлғаларды маңайына жинай бастады. Олардың қатарында Алаш қайраткерлері Ғазымбек Бірімжан мен Ахметсапа Жүсіп бар. Үшеуінің 1921 жылдың мамырында түскен суреті Гүлнар Міржақыпқызының қолында сақталған. М. Дулатұлы қаламдас інісі Ғ. Бірімжанды «Ақ жол» газетіне қызметке орналастырған [1, 56-б.].

Жарты жылға созылған Ташкент кезеңінде көп істің басы-қасында болған. Газет басқармасынан бөлек Түркістан ағарту халық комиссариаты жанынан құрылған Білім комиссиясының жұмысына араласты. «Ақ жол» газетінің 1921 жылдың 2 ақпаны күні шыққан санында қазақ-қырғыз оқушылары үшін керекті кітаптар даярланатын Білім комиссиясы құрылғаны жазылған [14, 25-б.]. Алтыншы ақпан күнгі қазақ ағарту институтында өткен мәжіліс туралы газеттің бірнеше санына «О. Ғ.» бүркеншік есімімен «Білім комиссиясының мәжілісі» атты көлемді мақала басылды [14, 88-б.]. Иса Тоқтыбай ашқан жиында Міржақып Дулатұлы баяндама жасап, оқу құралын жазу, бастыру, журнал шығару, білім тілін қадағалайтын комиссия құру мәселесін көтерген. «Ақ жол» газетінің 1921 жылғы №28 санында қазақ, өзбек, түрікпен тілдерінде халық ағартушы комиссариат жанындағы Білім комиссиясы атынан «Шолпан» журналы шығатын болып, жазушылар ұйымына Қ. Құлетов, И. Табынбаев, М. Дулатов, К. Бөриев, Ш. Фитрат, Айбек, Ғ. Сафаров кіретіні жазылған [14, 160-б.].

Оқу құралы мен кітап жазу жұмысы қарқынды басталса да, жыл ортасында саябырлап қалған. «Ақ жол» газетіне «Келден» псевдонимімен «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» атты көлемді мақала жарияланған [15, 131-б.]. Көсемсөзде 1921 жылдың басында құрылған комиссия жұмысының есебіндей жазылып, оқу құралдарының дені жазылмаған соң бұрын шыққан А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының кітаптары баспаға тапсырылғаны жазылған. И. Тоқтыбайдың орнына келген Х. Досмұхамедұлы білім, тарих-этнография, әдебиет, суретшілік, үгіт-насихат, библиография бөлімдерін ашып, сауық кітаптарына ден қойғанын да ұмыт қалдырмайды.

Ташкент баспасынан мына кітаптарды бастыруға лайық көріп, жаздыртып, даярлатыпты: «1) «Балқия» – 4 перделік драма М. Дулатұлынікі; 2) «Алтын сақина» – 3 перделік драма Қ. Кемеңгерұлынікі; 3) «Сылаң қыз» – 1 перделік комедия Ж. Аймауытұлынікі; 4) «Айлалы қонақтар» – 1 перделік комедия Қ. Басымұлынікі; 5) «Жебір болыс» – 3 перделік драма Ж.Аймауытұлынікі; 6) «Қызыл қашар» – 1 перделік М. Дулатұлынікі – «Қазақ» газетінен» [15, 131-б.].

Осы дерек арқылы алты сауық кітабы 1921 жылы, тіпті оған дейін жазылғанын және Ташкент қолжазбасы бар екенін нақтылай түсеміз. Мәселен, «Алтын сақина» драмасы 1923 жылы Ташкентте басылғаны туралы дерек ғана бар. Алайда Орынбор нұсқасынан басқасы табылмаған. Ал «Сылаң қыз» 1922 жылы Орынборда, «Жебір болыс» 1925 жылы Мәскеуде шыққан. М. Дулатұлының «Қызыл қашары» «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №160 санына жарияланған. Осының ішінде негізгі зерттеу нысанымызға жататын «Балқия» драмасы бірінші аталып тұр. «Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 12 қаңтарда шыққан №13 санына С. Қожанұлының «Қазақша сауық кеші» дейтін мақаласы жарияланған [16, 243-б.]. Автор сауық кеш жайында: «осы ғинуардың тоғызында Ташкентте мемлекет театры – «Колизейде» қазақ-қырғыз сауық кеші болып өтті. Бұл сауықты Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты атынан сол институттың оқушы һәм оқытушылары жасады. Белгілі қазақ жазушысы Міржақып Дулатұлы жазған «Балқия» деген драма ойналды» [16, 243-б.], – деп жазды. «Бұрын ойналмаған һәм дүниеге енді ғана шығып отырған драма» (С. Қожанұлы) 1920 жылы жазылды деп айта аламыз. Тағы бір айта кетерлігі, «Балқия» драмасынан кейін Ташкентте театр ойыншылар ұйымы ашылатын болып шешілген. «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы 9 шілде күнгі санында Орынбор баспасынан «Балқия» драмасы кітап болып шыққаны жазылған [17, 44-б.]. Демек Түркістан баспасөзінде жарық көрген хабарлар мен мақалалар арқылы «Балқия» драмасы Міржақып Дулатұлының Ташкент кезеңінде, нақтырақ айтсақ, 1920 жылдың соңына таман жазылды деуге негіз бар.

Ал драманың шығу тарихы туралы ғалым Марат Әбсемет мынадай дерек келтіреді: «Міржақып Қызылжарда Жанима есімді қызды ұнатып, сүйеді. «Оян, қазақ!» кітабы Уфада жарық көрген соң, әрі үкіметке қарсы қызмет еткендіктен патшаның күзетшілерінің қудалауынан ол Жәнимамен бірге Қызылжардан біржола кетеді. Сүйіскен жастар жасырынады. Бірақ олардың бұл бақыты ұзаққа созылмайды. Ақынның соңына түскен жергілікті жандармерия оны тұтқындап, түрмеге жабады. Осының негізінде кейін ол «Балқия» пьесасын жазады» [2, 21-б.]. Міржақыптанушы-ғалымның пікірінше, Қасымның прототипі – Міржақып, Балқия – Жәнима. Алайда «пікірлі, халықшыл, жәдит мұғалімнің» бейнесі – Міржақып Дулатұлы, ал оқиғаның орын алған уақыты 1910-1911 жылдары болса, драмада айтылатын «Қазақ» газеті, пьеса жайы, Тұрысбек Маман балаларының мұғалім іздеуі тура келмейді. Біздің пікірімізше, драма 1913–1914 жылдардағы оқиғаны бейнелейді. Бас кейіпкер Жәнима болуы біршама ойлантады. Жәнима – Міржақыптың балдызы. Оған арнап жазған өлеңдері де бар. Ақынның жары Ғайнижамал Баймұратқызының немере сіңлісі Ғазиза естелігінде: «Гүлнар, саған түсінік берейін: «Балдызға» – Жәнима сұлуға арнаған папаңның өлеңі 1914 жылы жазылған емес, оны тойларыңда көргенде Жәнима әлі жас болатын. Бұл өлең 1921 жылы Дулатовтың Қаржас ауылына келгенінде жазылған, Жәниманың бойжетіп сылаң қаққан кезі еді» [1, 202-б.], – деп жазған болатын. Демек бас кейіпкер Балқияның прототипі Жәнима деп дөп басып айта алмаймыз.

«Балқия» драмасы – «Бақытсыз Жамал» романының заңды жалғасы. Міржақыптың романы отарлық кезеңдегі әлеуметтік теңсіздік пен ұлттық құндылықтардың жойылу қаупін бейнелейтін терең психологиялық шығарма [18]. Роман мен драманың мекеншағы бір болса да, әртүрлі кезеңде жазылған. Роман 1909-10 жылдары патша үкіметі тұсында, драма 1920 жылдары Совет үкіметі орнай бастаған кезде жазылды. Екі шығарманың оқиғалары, мәселелері бір болғанымен, жазылу кезеңінің әсерінен Балқия Жамалға қарағанда батыл, еркін кейіпкер ретінде көрінеді. Кейінгі шығармада жаңа мен ескі оқу, мұғалім мен надан молда арасындағы қақтығыс, бай мен кедей арасындағы алшақтық, қыз баласының өз еркі жоқтығы, болыс сайлау мәселесі, жемқор тілмаш тірлігі, шешек ауруы, газет пен пьеса ісі романға қарағанда жан-жақты көрініс тапқан. Драманың жазылу кезеңі бай, кедей арасында теңдік орнап, кедей бейнесі басқа қырынан көрініп жатқан тұс болатын. Сол себепті драмада: «Кедейлікке көндім. Бірақ малға қызығып баламды жылатсам, мұсылман болмайын, жақсы-жаман болса да, өз теңіне берем» [12, 250-б.], – деп патша заманындағы кедей Нұрмақ арқылы жаңа заман кедейіне ой салады. Ал Балқия арқылы барша қазақ қызының мұң-зары «Елім-ай» әніне салынған Ғалияның өлеңімен беріледі. Қасым мұғалімнің

аузына молдалардың жинайтын зекеті мектеп пайдасына жұмсалуы керек деген сөз салады. Түйіндей айтқанда, драмада Совет үкіметіне дейін орын алған ескі әдет пен жаман қылықтарды өткір сынап, енді жаңа үкіметте мұның бірде бірі қайталанбауы керектігін ұқтырғысы келеді.

Ақынның үш өлеңінің екеуі Ташкент кезеңінде жазылған. Соның бірі – «Ақ жол» газетінің 1920 жылғы №1 санына «Азамат» бүркеншік есімімен жарияланған «Қайтер едім?» өлеңі [16, 33-б.]. Алты шумақтан тұратын өлең батырлар жырынша екпіндете жазылған. Ұлт тарихының қилы кезеңінде жұртты ағартуға зор үлес қосқан, қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағында ұлттық рухты асқақтатқан, Орта Азия республикалары арасында шекаралық межелеу барысында қазақ мүддесін қорғаған, мұраны түгендеген, тіл, әдебиет, мәдениет, саясат, экономика, әлеумет сынды түрлі саланың жаңалығын халыққа жылдам жеткізген қазақ баспасөзі тарихында қадірлі орны бар «Ақ жол» газеті Міржақып Дулатұлының рухты өлеңімен ашылған. Патша тақтан тайған 1917 жылы жазған өлеңінің тақырыбын ақын «Қайда едің?» деп екінші жақтан қойса, билікке большевиктер келе бастаған кездегі туындысын бірінші жақтан «Қайтер едім?» деп атайды. «Қайда едіңді?» жазған кезде ақын Алаш ұлттық автономиясынан үміт жібін әлі кеспеді. Өз билігі қолында автономиялы жұрт боламыз деп сенді. Бірінші шығармасында сес көрсету, өктем сөйлеу, менікі дұрыс деген мағынадан ақыл айту, сынау басым болса, екінші өлеңде «Әлі де болсам жүректі, «Ер болсам сондай бір керім» деп бұрынғы қайратты шағын жоқтағандай әсер қалдырады. Атауын риторикалық сауал ретінде алуы тегін емес. Ақынның аталған екі туындысынан бөлек «Азамат» жинағына енген «Қайтер едің?» атты белгілі туындысы бар. 1917 жылы жазылған «Қайда едің?» және одан бұрын туған «Қайтер едің?» өлеңдері ғылыми ортаға бұрыннан мәлім. Байқасақ, бұл шығарма да екінші жақтан берілген. Яғни өлеңді шығарушы автор бар да, оның мазмұнынан ғибрат алуға тиісті оқырман, екінші тарап бар. «Қайда едің?» өлеңінде аумалы-төкпелі заманда жасырынып, бастарын бұғып қалған, патша тақтан құлағаннан кейін кейбір көсем, шешен, данышпан, қамқор, жомарт, жанашыр болып шыға келген белсенділер ащы сыналады. Олардың намысын қайрайтын, жігерін жанитын, ұлтқа риясыз қызмет істеуін тілейтін үндеу айтылады. Ал «Қайтер едің?» өлеңінде жаны ашып, тура жолға бастайтын тұста кері тартушылардан түңіліп, сол орында «сен болсаң, не істер едің, қайтер едің» деп жауап қажет етпейтін сауал қояды.

«Қайтер едім?» өлеңінде өткен күнге деген ақынның өкініші, күйініші суреттеледі. 1918–1919 жылдары Торғайда Алаш әскерін құрғаны, басқарғаны белгілі. Енді ақын отарлықтың қамытын салған таптың үнін өшіріп, күлін көкке ұшыру үшін қандай болғысы келгенін көркем суреттейді:

«Сұлы мен сүтке семірген,
Сулығын шайнап кемірген,
Шапқан сайын елірген,
Наз бедеу болса мінгенім» [16, 33-б.],

– деп жазады. «Бедеу» сөзі бүгінгі күні бір ғана мағынада көбірек қолданылғанымен, батырлар жырында басқаша сипатты береді. Бұл турасында ғалым Р. Сыздық былайша пікір білдіреді: «Наз бедеу деген тіркес – қазақ жырларында тұрақты поэтизм, мұнда наз – парсы сөзі, мағынасы – «грациозный». Демек, наз бедеу – сұлу ат.

Қарағай менен бітер тал,
Кімге келмес керімсал,
Наз бедеу атқа бітер жал («Қобыланды батыр»).

Бедеу сөзі жеке келіп те, ат сөзімен тіркесіп те қолданыла берген» [19, 59-б.].

Басына дулыға сауыт киіп, астына наз бедеу мініп, нар кескенін асынып, найзасын қолына алған, жалтақтамайтын, саспайтын ер болса, қай жауға болса, «қайдасың» деп айғай саларын айтады. Батырлар жырымен сусындап өскен ақын қазақ даласында құрылған Алаш әскері жаугершілік замандағы қазақ батырларындай бес қаруы түгел болса кез келген жауға бас имейтін еді деп армандайды.

Екінші «Қазақ-қырғыз шәкірттеріне» өлеңі «Ақ жол» газетінің 1920 жылғы № 2 санына 7 шумақ болып басылған [16, 52-б.]. М. Дулатұлының шығармалар жинағына өлеңнің бір шумағы «Міржақыптың құттықтауы» деп М. Әбдіхалықовтың айтуымен берілген [12, 185-б.]. Қысқаша анықтамаға сүйенсек, өлең Орынбордағы қазақ халық ағарту институтының 1922-23 жылдары өткен жастар жиналысында айтылыпты.

1922 жылдары айтылған өлең 1920 жылдың желтоқсанында басылым бетін көрген. Тіпті желтоқсанда емес, одан бұрын жазылуы және Ташкенттегі қазақ ағарту институтының шәкірттеріне арналуы мүмкін. Қазақ ағарту институтында қазақ зиялыларының мәжілістері, Білім комиссиясының жиындары, «Талап» қауымының дәрістері жиі өткен. Семей қаласына кеткенге дейін ақын да жиі қатысып тұрған. Қыр қуарып, Сыр су алып, күйзелген қазақ даласы оқу-білім қуған жастарына ерекше қуанғанын газет арқылы көркем түрде жеткізе білген. Оқушылардан үлкен үміт күтетінін:

«Көңіл қошы, көз нұры сіз,
Қазақ-қырғыз халқының.
Жарық жұлдыз, ай-күні сіз,
Сәулеңді шаш, жарқыным» [16, 52-б.],

– деп білдіреді. «Ақ жол» газетіндегі деректер арқылы педагогика курсы мен училище негізінде құрылған институт 1920 жылдың қарашасынан бастап жұмыс істегенін біле аламыз [16, 282-б.].

Демек Міржақыптың құттықтау өлеңі Ташкенттегі қазақ ағарту институтының шәкірттеріне арналған. Біріншіден, өлең «Ақ жол» газетінің 1920 жылғы 10 желтоқсандағы екінші санына жарияланған. Екіншіден, ақынның Ташкентке келуі мен институттың ашылуы тұспа-тұс келеді. Үшіншіден, тұлғаның газет бетінде институт туралы жазған мақалалары мен кездесуге барғаны туралы деректер бар [16, 141-б.]. Сонымен қатар оқу орнының оқытушылары мен шәкірттері «Балқия» драмасын алғаш қойғанын да ерекше атауға болады.

М. Дулатұлы қысқа ғана Ташкент кезеңінде шығармашылығына көбірек көңіл бөліп, бірнеше өлең мен «Балқия» драмасын жазды. Ал Семей қаласына 1921 жылдың жазында барып, халық тергеушісі, кейін губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып, қайраткерлік қыры басым болды [6, 215-б.].

Семей кезеңінде жазылған, жинаққа енбеген «Мұңды тілек» өлеңі «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы №181 санына Ж. Аймауытұлының «Атқа мін, азамат» мақаласымен қатар жарияланған [20, 309-б.]. Өлең мен мақала мазмұны бірдей. Екеуі де аштыққа ұшыраған халыққа жәрдем жинау ісіне арналған. Жүсіпбек Аймауытұлы көсемсөзінде: «Ашыққан елді қайыршы деп жүрмесін. Сұраушыға, тіленшіге беретін малын ауырсынбасын. Қазақтың үлеспеген еншісі бар. Қазақтың бірінен бірі жейтін қонағасысы, алатын қолқасы бар» [20, 308-б.], – деген үндеуі өлеңде жалғасын тапқан.

М. Дулатұлының Семей кезеңіне қатысты көп айтыла бермейтін ісі – «Аштарға жәрдем» комитетінің жұмысына араласып, Семей уездерінен жылу жинауы. Тоғыз шумаққа 1921–22 жылы жұтқа ұшыраған халықтың ауыр тағдырын, күйзелген қазақ тұрмысын, жылу жинаған қазақ қайраткерлерінің жанкешті еңбегін көркем сыйдыра білген. Тарихи өлеңде қазақ зиялыларының:

«Азаматы алты алаштың нағып тұр?
Нағып тұрсын? Көзден жасы ағып тұр,
«Ел қыламын, елден жылу жиамын»,
Деп қамығып, елге мұңын шағып тұр» [20, 310-б.],

– деп сауапты іске жұмыла кіріскенін суреттейді. Қазақ үкіметінің басында тұрған қайраткердің көбі ел ішіндегі аштыққа мән бермеген тұста М. Дулатұлы 1921 жылдан бастап «Ақ жол» газетіне үндеулер жазып, Семейде жәрдем жұмысына араласты. Аштық туралы «Ел күйзелді», «Аштық қырғынынан қайтсек құтыламыз?», «Ашыққан елге жәрдем қайткенде мол жиналады?», «Жаз келді», «Қазақ әлі қорлықта», «Қоныс аудару керек» көсемсөздерін жазды.

1922 жылдың 9 наурызында Семейде қазақ азаматтарының мәжілісі өткен. Мәжілістің екінші мәселесі, яғни ашыққан елге, оның ішінде Торғай

еліне жәрдем беру шарасы бойынша баяндама жасап, жоба ұсынды. Қатысушылар жобаны бір ауыздан қабылдап, қаулы шығарды. Жеке жәрдем комитетін ашуға рұқсат берілмесе де, жоба негізінде губерниялық аштар комиссиясымен бірігіп, Қостанай губерниясына жақын уездерден жәрдем жинау жұмысы басталған. Өйткені, Қостанайға көмектесуі тиіс болған Ақмола губерниясы аштыққа ұшырап, бұл іс Семейге жүктелген. Елден жылу жинаушылар арасында М. Дулатұлының да аты аталады. Қарқаралы уезінен жиналған 7 мың малды апаруға басшы табылмай, Жүсіпбек Аймауытұлы екеуі келіседі. Алайда М. Дулатұлы басқа уездің малын жөнелту қызметіне қалады. Жылудың не себепті Торғайға апарылғаны туралы Ж. Аймауытұлының мақалаларында айтылады. Торғай жәрдемінен кейін шу шығып, 1926 жылдың наурызында өткен «Торғай ісі» сотына ұласқан болатын. «Мұңды тілек» өлеңі, міне, осындай арты үлкен дауға айналған жылу малы жиналып жатқан кезде шығарылған. Жәрдем жинау оңай болмағанын:

«Сенген елі – аман алаш нағып тұр?
«Міне, малым, айдап ал!» деп бағып тұр.
Бұл қиялым, бұл үмітім бос кетпей,
Жасаған-ай, елдің пейілін ағыттыр! [20, 310-б.]»,

– деген ақынның мұңды тілегі мен тәтті қиялынан айқын білінеді. Өлеңде Алаш оқығандарының бірлесе іс қылып аштыққа ұшыраған қазақ халқына жылу жиғанын анық көреміз.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713085 – XX–XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында орындалды.

Қорытынды

Түркістан баспасөзі, оның ішінде «Ақ жол» газеті және басқа да авторлардың мақалаларын зерттеп, талдаудың нәтижесінде М. Дулатұлы өмірінің Ташкент, Семей кезеңдерінде атқарған қызметтері нақтылана түсті. «Балқия» драмасы мен «Қайтер едім?», «Қазақ-қырғыз шәкірттеріне», «Мұңды тілек» өлеңдерінің жазылу, шығу тарихы, құрылымы, мазмұны ғұмырнамасы негізінде талданды.

Зерттеу барысында М. Дулатұлының өмірі мен шығармашылығын толықтыруда, зерттеуде XX ғ. 20 жылдарындағы Түркістан баспасөзіне қарасты «Ақ жол» газетінің деректік қоры жоғары екені туралы қорытынды жасалды. «Ақ жол» газетінен бөлек архив құжаттары мен естеліктер де қарастырылды. М. Дулатұлы өлеңдері мен драмасының жазылу, шығу тарихы, тақырыптық арқауы, жанрлық сипаты, мазмұны, құрылымы т.б. туралы пайымдаулар айтылды. Білім комиссиясы, «Аштарға жәрдем»

комитеттерінде істеген қызметтері шығармашылық лабораториясын талдау арқылы айқындалды.

Мақаланың нәтижелері тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілерге тың мағлұматтар қосып, ақынның мол мұрасын тереңірек қарастыруды, жіті зерттеуді одан әрі дамытуға пайдасын тигізеді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Дулатова, Г. М.** Шындық шырағы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2013. – 408-б.

2 **Әбсемет, М.** Міржақып [Мәтін]. – Алматы : Кенже-Пресс, 1995. – 154-б.

3 **Иманбаева, С.** Міржақып Дулатов – Алаштың жарық жұлдызы [Мәтін]. – Алматы : Қазмемагру, 2001. – 233-б.

4 **Тұрсұн, Х., Хазретәліқызы, Р., Арслонзода, Р. А.** Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. VII. [Мәтін].– Алматы : Нур, 2024. – 432-б.

5 **Қожанұлы, С.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2009. – 352-б.

6 **Дулатұлы, М.** Алты томдық шығармалар жинағы. 6-том [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2013. – 440-б.

7 РФ Омбы облысының Тарихи архиві [Мәтін], 318-қор, 1-тізбе, 61-іс, 6-бума, 5-п.

8 РФ Омбы облысының Тарихи архиві [Мәтін], 318-қор, 1-тізбе, 61-іс, 6-бума, 52-п.

9 **Дулатов, М.** Шығармалары [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1991. – 384-б.

10 **Дулатұлы, М.** Шығармалары. 1-т. [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1996. – 280-б.

11 **Дулатұлы, М.** Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2002. – 366-б.

12 **Дулатұлы, М.** Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 2013. – 368-б.

13 **Kınacı, C.** Ceditçi Kazak Aydını Mirjakıp Duvlatulı'nın (1885–1935) Balkıya (1922) Tiyatro Eserinde Kazaklarda Kadın Sorunu [Text] // Bilig. – 2017. – Vol. 82. – P. 41–63. [Электронды ресурс]. – https://dergipark.org.tr/tr/pub/bilig/issue/48713/619803

14 **Есенқарақызы, Х.** Ақ жол. Т.2 [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда қоғамдық қоры, 2020. – 384-б.

15 **Есенқарақызы, Х.** Ақ жол. Т.5 [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда қоғамдық қоры, 2020. – 384-б.

16 **Есенқарақызы, Х.** Ақ жол. Т.1 [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда қоғамдық қоры, 2020. – 384-б.

17 **Есенқарақызы, Х.** Ақ жол. Т.8 [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Алашорда қоғамдық қоры, 2020. – 384-б.

18 **Исмакова, А.** Міржақып Дулатұлының шығармашылығы: деколониялық дискурс [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2(151). – 218-б.

В ряде случаев производные номинации служат для выражения скрытых, имплицитных значений, которые становятся очевидными только в структуре высказывания. Например: «Старшего зовут братка, а меньшуху… еще скажут последыш это у нас, или заскребыш, скажут» (Акмолинская область).

Иногда мотивировка наименования утрачена или неизвестна самим носителям: «Нас кацапами зовут, а пошто, не знаю» (Костанайская область, п. Пресногорьковка). Подобные случаи относятся к идиоматически производной лексике с неясной этимологией[1, 115].

Особую группу составляют высказывания, где субъектная роль замещается производной формой бытийного типа, связанной с пропозицией действия. В таких структурах действие предшествует имени и мотивирует его: «А курятниками, курчами их звали потому, что они курят…» (Костанайская область, с. Ершовка). Пропозиция действия формирует таксономическую рамку, вводя объект в систему знаний слушающего. Это согласуется с позицией Н. Д. Арутюновой о необходимости знания групповой принадлежности для идентификации личности [2, 56].

В ряде высказываний активизируется пропозитивный смысл, а глагол-связка опускается: «запойник или напойник… предметом, которым

косят траву, ловко заправлят» (Костанайская область, с. Веселый подол). Производная форма выполняет идентифицирующую функцию, хотя мотивирующее суждение выражено неполно.

Имена бытийного типа часто включают оценочные и эмоционально-экспрессивные коннотации, связанные с культурными нормами и идеологемами:

«Она вся в мать глазастая. Ту тоже все лупанкой звали» – чрезмерно большие глаза воспринимаются как отклонение от нормы. (зафиксировано на территории Акмолинской области).

В речевой практике Северного Казахстана фокус высказывания нередко сосредоточен на действии субъекта, которое формирует функциональную характеристику лица и лежит в основе значения производного имени.

Субъектное значение объединяет характеристику объекта действия и указание на лицо – носителя признака. Например: «Эти люди – топщики, которые занимались лесом…» (с. Весёлый Подол, Костанайская область). Здесь словообразовательная модель фиксирует признак через соотнесённость с действием, но само наименование оформляется как результат коллективной или неопределённо-личной номинации, что отражает специфику региональной речевой традиции.

Включение производной номинативной формы в речи говорящего показывает репрезентирующую ключевую характеристику личности, в рему высказывания в качестве информативного компонента [3, 228]. В результате усиливается квалифицирующий компонент семантической структуры бытийного деривата, что позволяет говорящему обозначить и соотнести социальные роли человека в реальной действительности: «тот тамошный мужик – валенки, ботинки подшивал, и его прозвали так – прошивальщик» (Костанайская область, с.Пресногорьковка).

В случаях, когда субъектная позиция замещается неодушевлённым наименованием с конкретно-предметной семантикой, производное имя бытийного типа, функционирующее в каузативной роли, отражает процесс закрепления имени за объектом уже в «чужом» контексте [4, 211]. Это смещает коммуникативный акцент на сам акт номинации и его мотивацию в ходе речевого взаимодействия. Например: «Называется село так по тем людям, заселившимися изначально; (с. Троебратное, Костанайская область).

В подобных случаях объекту приписываются определённые признаки посредством семантики наименования, что обеспечивает его распознавание и включение в систему социальных ролей и оценок. Тем самым выделяется конкретный «контакт» в системе диспозиций, который в иных коммуникативных условиях мог бы быть представлен иначе [5, 46].

Оценочные и эмоционально-экспрессивные коннотации, лежащие в основе субъективной модальности мотивирующих суждений, усиливают качественные характеристики, первоначально связанные с культурными установками, отражающими актуализированную аксиологию носителей языка [6, 82].

Иллюстративный материал демонстрирует, что имена нередко фиксируют отклонение признака от локально принятой нормы и тем самым выполняют оценочно-характеризующую функцию. Так, в записях из Акмолинская область отмечается: «Ой да липушка ваша туды иде! Глядь вся в мать лупатая (большие глаза). Так все липчанкой звали» – имя липа соотносится с признаком чрезмерно больших глаз, выходящих за пределы представления о нормальном размере. Номинация строится на гиперболизированном выделении внешней черты и содержит выраженную пейоративную коннотацию [7].

В другом примере: «И тогда молодой когда была-то привыкла лодырничать, её и лодыркой прозвали таки» (Акмолинская область) – производное имя лодырка мотивировано поведенческой характеристикой: склонностью к безделью, уклонению от работы. Оценочность здесь соотнесена с традиционным представлением о социальной роли женщины – хозяйки, жены, матери; отклонение от ожидаемой модели поведения получает вербальное закрепление в форме деривата [8, 23]. В высказываниях «взлохмач, рогач – гривы, копна волос никак не чесаные… говорят: вот лохмы» (Акмолинская область) производные имена формируются на основе внешней характеристики – неопрятных, взъерошенных волос.

Аналогичным образом строятся номинации, связанные с физиологическими особенностями слуха: «если глуховат… про него всяко говорят здеся: как обзовут – глух, глухий… а когда ухо вовсе не слышать – так глухонем» (Акмолинская область; Павлодарская область). В данных случаях наблюдается вариативность производных форм, отражающая степень выраженности признака, при этом каждая из них несёт определённую оценочную нагрузку.

Совокупность подобных примеров свидетельствует о том, что в разговорно-просторечной практике Северного Казахстана словообразовательные средства активно участвуют в формировании оценочной характеристики личности. Производное имя выступает как инструмент социальной категоризации, фиксируя не только объективный признак, но и отношение к нему со стороны носителей региональной языковой традиции.

Вместе с тем в центре настоящего анализа находятся прежде всего пейоративные образования, поскольку именно они наиболее активно репрезентируют ключевые параметры человеческого поведения. Такие дериваты соотносятся с универсальными оценочными предикатами

«хорошо» / «плохо», выступающими базовыми ориентирами народной аксиологии и задающими шкалу интерпретации личностных качеств [9, 215].

Выводы

Проведённое исследование позволило установить, что словообразование имён в речевой практике Северного Казахстана представляет собой системно организованный и вместе с тем регионально маркированный процесс, отражающий специфику локальной языковой картины мира. Материал, собранный на территории Костанайской, Акмолинской и Павлодарской области, свидетельствует о высокой продуктивности деривационных моделей, ориентированных на характеристику личности через поведенческую установку или ярко выраженный признак.

Спецификой региональной номинативной практики является избирательность мотивации: в имени актуализируется один социально значимый признак, который становится доминирующим в характеристике лица. При этом значительную роль играют диспозиционные предикаты, фиксирующие устойчивую склонность субъекта к определённому типу поведения. Это указывает на тесную связь словообразовательных процессов с прагматическими установками говорящего и ценностными ориентирами сообщества.

Таким образом, региональные особенности словообразования имён в Северном Казахстане обусловлены совокупностью лингвистических и социокультурных факторов. Производное имя выступает не только результатом формально-структурной деривации, но и средством интерпретации реальности, отражающим нормы, стереотипы и аксиологические координаты локального социума. Перспективы дальнейших исследований связаны с расширением корпуса полевых материалов и сопоставительным анализом североказахстанской речевой практики с другими региональными вариантами русского языка.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Иванцова, Е. В.** Феномен языковой личности[Текст] – Томск : Изд-во Томского ун-та, 2002 – 312с.

2 **Темиргазина, З. К.** Оценочные высказывания в русском языке [Текст] – Павлодар : НПФ «ЭКО», 1999. – 272 с.

3 **Колпакова, Н. Б.** Участие производных имен лица в формировании смысловой структуры текста / Н. Б. Колпакова [Текст] // Проблемы лексикографии, мотивологии, дериватологии. – Томск : Изд-во Томского университета, 2008. – С. 227–234.

4 **Кунанбаева, С. С.** Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности [Текст]. – Алматы, 2017. – 264 с.

5 **Матвеева, Т. В.** К вопросу о ритме как жанрообразующем признаке разговорной речи / Т. В. Матвеева [Текст] // Жанры речи. – Саратов, 1997. – С. 44-51.

6 **Постовалова, В. И.** Картина мира в жизнедеятельности человека // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / отв. ред. Б. А. Серебренников. – М. : Наука, 2020. – 343 с.

7 **Сабитова, З. К.** Человек в языке, интерпретативная парадигма: учебное пособие / З. К. Сабитова.–2-е изд., испр. и доп. [Текст]. – Павлодар : Изд-во Типографии Сытина, 2011. – 481 с.

8 **Сулейменова, Э. Д.** «Russian Overseas Flagship» языковая ситуация в Казахстане [Текст] // Russian Language Journal. – 2020. – Vol.70: Iss.1.– С. 23-57

9 **Nurtazina, M. B.** Konceptualnoe prostranstvo rechevogo povedeniya kommunikantov / M. B. Nurtazina // Teoreticheskie i metodologicheskie aspekty yazykoznaniya: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-teoreticheskoj konferencii (30 noyabrya–1 dekabrya) [Text].– Almaty, 2004. – P. 214–219.

10 **Shakirova, G. R., Galiullina, G. R.** Forming of Morphological Competence of Students through Independent Activity at the Lessons of the Native Language / G. R. Shakirova, G. R. Galiullina [Text] // Journal of Research in Applied Linguistics. – 2019. – Vol.10, Is. – P. 861–868.

11 **Farnham, F.** Achilles Shield: Some Observations on Pope's Iliad / Fern Farnham. – Cambridge University Press, 2020. – 201 p.

REFERENCES

1 **Ivanczova, E. V.** Fenomen yazykovoj lichnosti [The phenomenon of linguistic personality] [Text]. –Tomsk : Izd-vo Tomskogo un-ta, 2002. – P. 312.

2 **Temirgazina, Z. K.** Ocenochnye vyskazyvaniya v russkom yazyke [Evaluative statements in Russian] [Text]. – Pavlodar : NPF «E`KO», 1999. – 272 p.

3 **Kolpakova, N. B.** Uchastie proizvodnyh imen lica v formirovanii smyslovoj struktury teksta [The participation of derived names of a person in the formation of the semantic structure of the text] / N. B. Kolpakova// Problemy leksikografii, derivatologii. – Tomsk : Izd-voTomskogo universiteta, 2008. – P. 227–234.

4 **Kunanbaeva, S. S.** Konceptologicheskie osnovy` kognitivnoj lingvistiki v stanovlenii poliyazychnoj lichnosti [Conceptual foundations of cognitive linguistics in the formation of a multilingual personality] [Text]. – Almaty, 2017. – 264 p.

5 **Matveeva, T. V.** K voprosu o ritme kak zhanroobrazuyushhem priznake razgovornoj rechi /T.V. Matveeva [К вопросу о ритме как жанрообразующем признаке разговорной речи] [Text] // Zhanry rechi. – Saratov, 1997. – P.44–51.

6 **Postovalova, V. I.** Kartina mira v zhiznedeyatelnosti cheloveka [The picture of the world in human life]. Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: YAzyk i kartina mira / otv. red B. A. Serebrennikov. – Moscow, Nauka, 2020. – 30–43 p.

7 **Sabitova Z. K.** Chelovek v jazyke, interppretativnaya paradigma: uchebnoje posobije /Z. K. Sabitova. –2-je izd., ispr. i dop. [Man in language, an interpretive paradigm: a textbook] [Text].– Pavlodar: Izd-vo Tipografii Sytina, 2011. – 481 p.

8 **Sulejmenova, E. D.** «Russian Overseas Flagship» i yazykovaya situaciya v Kazaxstane [The «Russian Overseas Flagship»and the language situation in Kazakhstan] [Text]. – Russian Language Journal. –2020.–Vol.70: Iss.1.– P. 23–57.

9 **Nurtazina, M. B.** Konceptualnoe prostranstvo rechevogo povedeniya kommunikantov / M.B. Nurtazina // Teoreticheskie i metodologicheskie aspekty yazykoznaniya: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-teoreticheskoj konferencii [The conceptual space of communicants' speech behavior] [Text]. – Almaty, 2004. – P. 214–219.

10 **Shakirova, G. R., Galiullina, G. R.** Forming of Morphological Competence of Students through Independent Activity at the Lessons of the Native Language / G.R. Shakirova, G.R. Galiullina // Journal of Research in Applied Linguistics [Text]. – 2019. – Vol. 10, Is. – P. 861–868.

11 **Farnham, F.** Achilles Shield: Some Observations on Pope's Iliad / Fern Farnham. – Cambridge University Press, 2020. – 201 p.

Поступило в редакцию 17.04.26.
Поступило с исправлениями 30.04.26.
Принято в печать 10.08.26.

*Б. Н. Калиев[1], *Б. З. Ахметова[2], А. Ш. Тлеулесова[3],*
Т. Ж. Токсанбаева[4], Б. К. Аяпбергенов[5]
[1]А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.;
[2,3,4,5]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
17.04.26 ж. баспаға түсті.
30.04.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӨЙЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ СӨЗЖАМДЫҚ АЙМАЙҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада тұжырымдамалық және когнитивтік лингвистика аясындағы Солтүстік Қазақстан тұрғындары әлемінің этномәдени тілдік бейнесі қарастырылады. Зерттеу психикалық модельдердің, мәдени кодтардың және құндылық көзқарастарының тілдік санада және көп тілді аймақтың сөйлеу тәжірибесінде қалай көрінетінін анықтауға бағытталған. Жұмыстың проблематикасы полиэтностық жағдайдағы тілдің, ойлау мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін және этномәдени мағыналардың өзгеруін кешенді талдау қажеттілігімен байланысты. Зерттеудің әдіснамалық базасы қазіргі заманғы әдістердің жиынтығын қамтиды: психолингвистикалық әдістер (сөйлеу реакцияларын талдау), тұжырымдамалар мен кадрлардың когнитивтілингвистикалық талдауы, сондай-ақ мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында тілдік процестердің динамикасын сипаттауға мүмкіндік беретін лингвистикалық модельдеу элементтері. Алынған нәтижелер Солтүстік Қазақстан әлеуметтік-мәдени кеңістігіне тән негізгі этномәдени тұжырымдамаларды қайта құруға, оларды дискурстың әртүрлі түрлерінде өзектендіру тетіктерін сипаттауға және мәдени мағыналардың тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Шындықты категориялаудың нақты тәсілдерін көрсететін номинацияның когнитивті механизмдерінің ерекшеліктері анықталды. Практикалық маңыздылығы мәдени мұраны сақтауға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, сондай-ақ көпэтностық қауымдастықтардағы мәдениетаралық коммуникацияны жетілдіруде нәтижелерді қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Кілтті сөздер: когнитивтік семантика, лингвоэкология, тілдік сана, психолингвистикалық әдістер, Солтүстік Қазақстан.

*B. N. Kaliev[1], *B. Z. Akhmetova[2], A. Sh. Tleulesova[3],*
T. Zh. Toksanbaeva[4], B. K. Ayapbergenov[5]
[1]A. Baitursynov Kostanay Regional University,
Republic of Kazakhstan, Kostanay;
[2,3,4,5]Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin,
Republic of Kazakhstan, Astana.
Received 17.04.26.
Received in revised form 30.04.26.
Accepted for publication 10.08.26.

REGIONAL FEATURES OF NAME FORMATION IN THE SPEECH PRACTICES OF NORTHERN KAZAKHSTAN

In this article, the ethnocultural linguistic worldview of the inhabitants of Northern Kazakhstan is examined within the framework of conceptual and cognitive linguistics. The study aims to identify how mental models, cultural codes, and value orientations are reflected in the linguistic consciousness and speech practices of a multilingual region. The research problem is linked to the need for a comprehensive analysis of the interaction between language, thought, and culture in conditions of polyethnicity and the transformation of ethnocultural meanings.

The methodological basis of the study includes a set of modern approaches: psycholinguistic methods (analysis of verbal reactions), cognitive-linguistic analysis of concepts and frames, as well as elements of linguistic modeling that make it possible to describe the dynamics of linguistic processes in the context of intercultural interaction. The results obtained allow for the reconstruction of key ethnocultural concepts characteristic of the sociocultural space of Northern Kazakhstan, the description of mechanisms for their actualization in various types of discourse, and the identification of factors influencing the stability of cultural meanings. The study establishes specific features of cognitive mechanisms of nomination that reflect distinctive ways of categorizing reality.

The practical significance of the research lies in the possibility of applying its findings to the development of educational programs aimed at preserving cultural heritage, as well as to improving intercultural communication in multiethnic communities.

Keywords: cognitive semantics, linguoecology, linguistic consciousness, psycholinguistic methods, Northern Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.21

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/409-424

А. К. Касенова[1], Г. К. Исмагулова[2], М. С. Кулахметова[3]

[1,2]Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

[3]Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0003-3264-4505

[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2342-575X

[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5500-6416

*e-mail: a.kasen_2010@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛДІ БЕЙРЕСМИ КОММУНИКАЦИЯДА ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақала гендерлік лингвистика аясында ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегияларын талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – гендерлік сөйлеу ерекшеліктерін анықтау, олардың әлеуметтік құрылымдармен, билік қатынастарымен және мәдени нормалармен байланысын көрсету, сондай-ақ гендерлік айырмашылықтардың тілдік деңгейде қалай көрініс табатынын айқындау.

Теориялық бөлімде феминистік лингвистика, дискурстық талдау және әлеуметтік-конструктивистік парадигма негізінде гендер ұғымының қалыптасуы қарастырылды.

Зерттеу жұмысының эмпирикалық материал ретінде ағылшын тіліндегі материалда ерлі зайыптың сұхбаты алынды. Зерттеуде сапалық, дискурстық, контент-талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Нәтижесінде ерлердің сөйлеуінде нарративтік баяндау, тікелей мәлімдеме, директивтілік және бәсекеге бағытталған стратегиялар басым екені анықталды. Әйелдердің сөйлеуінде эмоционалды қолдау стратегиялары жиі қолданылатыны байқалды.

Сонымен қатар теориялық еңбектерде нақты көрсетілмеген қосымша стратегиялар эмпирикалық жолмен анықталды. Зерттеу гендерлік сөйлеу мінез-құлқының әлеуметтік-прагматикалық сипатын дәлелдейді және ағылшын тіліндегі заманауи дискурсты талдауға үлес қосады.

Кілтті сөздер: гендерлік лингвистика, сөйлеу стратегиялары, гендерлік коммуникация, дискурстық талдау, билік қатынастары, hedging, interruption.

Кіріспе

XX ғасырдың екінші жартысында орын алған терең әлеуметтік-саяси және интеллектуалдық өзгерістер гуманитарлық ғылымдарда жаңа пәнаралық бағыт – гендерлік зерттеулердің қалыптасуына негіз қалады. Гендерлік талдау феминизмнің жалғасы ретінде дамып, оның идеялық алғышарттары Ж. Ж. Руссо мен Дж. С. Милль еңбектерінде көрініс тапты. Ж. Ж. Руссо жыныстық айырмашылықтарды табиғи әрі өзгермейтін құбылыс деп санап, ер мен әйелдің қоғамдағы рөлдері осы табиғи ерекшеліктерге сай қалыптасуы тиіс деді [1]. Ал Дж. С. Милль жыныстар арасындағы айырмашылықтарды әлеуметтік тәрбие мен қоғамдық институттардың нәтижесі деп түсіндіріп, теңсіздікті тарихи-құқықтық құрылымдармен байланыстырды [2]. Осы идеялар кейінгі феминистік теориялар мен гендерлік зерттеулердің әлеуметтік-конструктивистік негізін қалады.

Осы тұрғыдан, тілдік тәжірибе де гендерлік контекстте зерттеліп, әлеуметтік құрылымдар мен патриархаттық нормалардың әсерін көрсетуге мүмкіндік алды: Р. Т. Лакофф әйелдердің сөйлеу ерекшеліктерін дәл осы әлеуметтік бағыныштылық пен патриархаттық нормалардың тілдік көрінісі ретінде сипаттайды [1], ал Ч. Крамарае «үнсіз топ» теориясы арқылы әйелдердің ерлер тәжірибесіне негізделген үстем дискурсқа бейімделуге мәжбүр екенін дәлелдейді [2]. Бұл зерттеулер тілдің патриархаттық сипатын айқындап, гендерлік лингвистиканың теориялық негізін қалыптастырды.

Осы теориялық өзгерістердің нәтижесінде «гендер» ұғымы гуманитарлық ғылымдарда орталық аналитикалық категорияға айналды. Постструктуралистік теориялардың ықпалымен гендердің көптүрлілігі туралы идея қалыптасты. Осы бағытта американдық ғалымдар Л. Николсон мен В. Бергвалл гендерлік идентификацияның этникалық, таптық және мәдени факторлармен өзара байланысын талдап, гендерді әмбебап емес, әлеуметтік контекске тәуелді құбылыс ретінде қарастыруға негіз қалады [5].

Осы көпқырлы теориялық ұстанымдарды жүйелеу мақсатында Ресей ғалымы О. А. Воронина гендерді түсіндірудің жеті жетекші тәсілін ұсынды: әлеуметтік-демографиялық категория, әлеуметтік конструкция, субъективтілік формасы, идеологиялық құрылым, стратификациялық категория, технология және мәдени метафора ретінде қарастырылады [6, 20]. Бұл жіктеу гендердің әлеуметтік рөлдер, билік қатынастары мен мәдени символикамен тығыз байланысын көрсетеді. Гендер қазіргі

гуманитарлық ғылымда көпөлшемді категория болып, тіл арқылы гендерлік ерекшеліктердің қалыптасуын түсіндіреді.

Е. И. Горошко гендерлік лингвистиканың Еуропа мен АҚШ-та қалыптасқан үш негізгі зерттеу бағытын айқындайды: социолингвистикалық, психолингвистикалық және когнитивтік.

Зерттеулерге сәйкес, социолингвистикалық бағыт ерлер мен әйелдердің сөйлеуіндегі айырмашылықтарды әлеуметтік билік пен мәртебемен байланыстырады, психолингвистикалық бағыт статистикалық ерекшеліктерді анықтауға бағытталады, ал когнитивтік тәсіл тілдік айырмашылықтардың ойлау мен тілдік санамен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді [7, 508–542].

Аталған жіктеуді тереңдете отырып, А. В. Кирилина гендерлік лингвистиканың бірнеше өзара сабақтас бағыттарын бөліп көрсетеді. Бұл бағыттарға: социолингвистикалық зерттеулер (Джон Джозеф Гамперц), феминистік лингвистика (Робин Толмач Лакофф), гендерлік дискурс зерттеулері (Дебора Кэмерон, Адриан Пилкингтон), маскулиндікті зерттеу (Томас Эрхарт, Герман Херрманн), психолингвистикалық және лингвомәдени бағыттар (Дебора Таннен, Дэниел Мальц) жатады [8, 14–22].

Бұл бағыттардың әрқайсысы дербес әдіснамалық негізге ие болғанымен, барлығының ортақ мақсаты - тіл арқылы гендердің әлеуметтік табиғатын ашу.

Гендерлік дискурс зерттеулері гендерді статикалық құрылым емес, әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасатын үдеріс ретінде қарастырады. Сондықтан гендер мәселесін тілдік қатысымда талдау дискурстық парадигма аясында тереңдейді.

Д. Кэмерон мен А. Пилкингтон гендерді тұрақты сипат емес, коммуникацияда үнемі қайта құрылатын дискурсивтік категория деп түсіндіреді. Олардың пікірінше, ерлер мен әйелдер сөйлеуіндегі айырмашылықтар тілде алдын ала берілмейді, әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасады [9; 10].

1980–1990 жылдары гендерлік зерттеулер лексикалық ерекшеліктерден коммуникативтік стратегияларды талдауға ауысты. Американдық социолингвист Д. Таннен You Just Don't Understand: Women and Men in Conversation кітабында «genderlect» теориясын ұсынып, ерлердің сөйлеуін ақпарат беру мен статус орнатуға бағытталған (*report-talk*), ал әйелдердің сөйлеуін қатынасты нығайту, өзара түсіністікке қол жеткізуге бағытталған (*rapport-talk*) деп сипаттайды [11]. Бұл айырмашылықтар тілдің құрылымынан гөрі әлеуметтік интеракцияның мақсаттарына байланысты туындайды, және олар ер мен әйел арасындағы коммуникацияда жиі түсініспеушілікке әкеледі.

Гендерлік лингвистика аясында жүргізілген зерттеулер ерлер мен әйелдердің сөйлеу әрекетінде қолданатын стратегияларының бірдей еместігін көрсетеді.

Гендерлік коммуникацияны прагматикалық және дискурстық қырынан қарастырған зерттеулерде тілдік мінез-құлықтың әлеуметтік шарттылығы ерекше мәнге ие. К. Уэст пен Д. Циммерман, Дж. Коутс, В. П. ДеФранциско, М. Гудвин, Р. Лакофф, П. Браун мен С. Левинсон, сондай-ақ Дж. Пилкингтон, сондай-ақ қазақстандық зерттеушілер Г. К. Исмагуловаңың, Г. К. Шаикова, Г. А. Кривенко, Д. А. Сабирова, А. Е. Таскарина және жақын шетел ғалымы Кайназарова А. Б. ғылыми еңбектерінде гендерлік коммуникацияның түрлі қырлары жан-жақты талданады.

Аталған зерттеулерде комплимент айту, кешірім сұрау, жұмсарту формалары (hedging), сөзді бөлу, үнсіздік, минималды жауаптар және басқа да дискурстық амалдардың гендерлік тұрғыда әлеуметтік мағына қалыптастырып, билік пен статус көрсету, ынтымақтастық орнату, қарым-қатынасты реттеу сияқты коммуникативтік стратегиялармен тығыз сабақтасатыны дәлелденеді. Бұл ең алдымен сөзді бөлу стратегиясынан көрініс табады.

К. Уэст пен Д. Циммерманның зерттеулерінде әңгіме барысында сөйлеушінің сөзін бөлу, оның сөйлеу құқығын шектеу ретінде анықталады. Мұндай тактика әсіресе аралас жынысты топтарда байқалып, ерлердің әйелдерге қарағанда жиі қолданатыны дәлелденген. Авторлар бұл құбылысты қоғамдағы билік пен мәртебе асимметриясының тілдік көрінісі деп түсіндіреді [12, 105–129].

Сөйлеуде үстемдік тек сөзді бөлу арқылы емес, сұраққа жауап бермеу, жауапты кешіктіру және үнсіздік сияқты стратегиялар арқылы да жүзеге асады.

В. П. ДеФранциско *Gender in Communication: A Critical Approach* еңбегінде ерлердің осы тактикалар арқылы, сондай-ақ тақырыпты таңдау мен сөйлесу ұзақтығын реттеу арқылы диалог бағытын бақылауда ұстайтынын көрсетеді. Әйелдер белсенді қатысқанымен, негізгі бақылау көбіне ерлер жағында болады [13, 176]. Ерлер сөйлеуіне тән маңызды стратегияның бірі – директивті тактикалар, яғни тікелей бұйрықтар қолдану. М. Гудвиннің зерттеулерінде ер балалар топтарында көшбасшылардың тәртіпті тікелей нұсқаулар арқылы орнататыны көрсетілген [14]. Бұл модель ересек ерлердің коммуникациясында да сақталып, бәсекеге және мәртебеге бағытталған сөйлеу стилін қалыптастырады.

Ал нәзік жандыларға келгенде К. Уэст пен Д. Циммерман әйел сөйлеуінің маңызды белгісі – репликалардың немесе сөйлемдердің қабаттасуы (overlap) дейді. Яғни, К. Уэст пен Д. Циммерман overlap-ты қысқа, қолдаушы репликалар ретінде сипаттайды. Ғалымдардың зерттеуінде, бұл overlap-тың өзді бөлу стратегиясынан айырмашылығы-коммуникацияда басым болу емес, керісінше ынтымақтастыққа қызмет етеді [12].

Д. Лакофф және Дж. Коутстың пайымдауынша, әйелдердің сөйлеу стратегиялары ынтымақтастық пен келісімді сақтауға бағытталған. Олардың бірі – *hedging*, яғни тікелей жауаптан қашу, ол пікірталаста өз позициясын жұмсартып жеткізуге және коммуникативтік қақтығыстан сақтануға мүмкіндік береді [3].

Әйелдер сөйлесуінде минималды жауаптар (hmm, oh және т.б.) ерекше рөл атқарады. Дж. Коутс бұл репликаларды тыңдаушының белсенді қатысуының белгісі ретінде сипаттайды. Мұндай жауаптар сөйлеушіні қолдауға, әңгімені бірлесе құруға бағытталған және топ ішіндегі тең қатынасты нығайтады [15].

Әйелдер жиі қолданатын тағы бір стратегия – комплимент айту. Дж. Холмстың зерттеулерінде комплименттер позитивті сыпайылық формасы ретінде қарастырылады және әлеуметтік жақындықты орнату мен қолдаудың маңызды құралы болып табылады [16].

Бұған қоса, әйелдер коммуникациясында сыпайылық стратегиялары кеңінен қолданылады. Браун мен Левинсонның face теориясына сәйкес, әйелдер өздерінің төменірек әлеуметтік мәртебесін сезіне отырып, сұхбаттасушының «бет-бейнесін» сақтауға көбірек күш салады. Бұл оларды сыпайы, мұқият және келісімге бейім сөйлеуге итермелейді [17].

Жалпы алғанда, әйелдердің сөйлеу стилі кооперативті сипатқа ие. Олар үшін әңгіменің нәтижесінен гөрі, қарым-қатынастың өзі, өзара түсіністік пен әлеуметтік байланыс маңыздырақ.

Зерттеліп отырған тақырып бойынша белгілі лингвистердің еңбектерін талдай отырып, гендерлік аспектіде ерлер мен әйелдерге тән негізгі сөйлеу стратегияларының тізімі жасалды.

1-кесте – Гендерлік аспектіде ерлер мен әйелдерге тән негізгі сөйлеу стратегиялары

№	Ер адам	Әйел адам
1	Сөзді бөлу (interruption) Сөйлеушінің репликасына ірі көлемде кірігу арқылы оны сөз құқығынан айыру;	Әңгіме немесе репликаларды қабаттастыру (overlap) Қысқа, қолдаушы репликалар арқылы ынтымақтастық пен қатысымдық теңдікті білдіреді.
2	Тақырыпты бақылау Әңгіменің тақырыптық бағытын және ұзақтығын бақылау арқылы коммуникациялық нормаларды белгілеу	Сыпайылылық Face-needs-ті сақтау; коммуникацияда қысымға жиі ұшырайтын әйелдерге тән әдіс.

3	Жауап бермеу (non-response) Сұраққа жауап бермеу немесе жауапты кешіктіру арқылы әңгіме барысын басқару және сериктеске қысым көрсету.	Комплимент айту Позитивті вежливость формасы ретінде әлеуметтік байланыс пен келісімді нығайтуға қызмет етеді.
4	Үнсіздік Үнсіздік ерлердің сөйлеуінде билікті сақтау және коммуникациялық.	Минималды жауаптар (hmm, oh) Минималды репликалар тыңдаушының белсенді қатысуын білдіреді және әңгіме бірлесе құрылатынын көрсетеді.
5	Директивті тактикалар (бұйрық, команда) Иерархиялық топтарда тікелей командалар арқылы тәртіпті сақтау және көшбасшылық позициясын көрсету.	Hedging (тікелей айтудан қашу) Сөйлеуді жұмсарту, абсолютті позициядан бас тарту арқылы келісім мен ынтымақтастықты сақтау стратегиясы.
6	Бәсекеге бағытталған сөйлеу (competitive style) Сөйлеу барысында доминирлеу, бәсекелестік және мәртебені бекіту	Ынтымақтастыққа бағытталған сөйлеу (cooperative style) Сөйлеу топтық дауысқа, келісімге және ортақ тәжірибені растауға бағытталады.

Берілген мәтіндер негізінде ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегиялары әлеуметтік құрылымдармен, билік қатынастарымен және мәдени нормалармен тығыз байланысты екені байқалады. Ерлердің стратегиялары көбіне доминанттық пен бақылауға бағытталса, әйелдердің сөйлеу тактикалары ынтымақтастық (cooperative) пен сыпайылыққа негізделген.

Алайда қазіргі гендерлік лингвистика бұл айырмашылықтарды абсолютті деп қарастырмай, оларды коммуникация жағдайына, әлеуметтік ортаға және топтық тәжірибеге тәуелді құбылыс ретінде түсіндіреді.

Қорыта айтқанда, гендерлік лингвистиканың қалыптасуы әлеуметтік-конструктивистік парадигмамен тығыз байланысты және тілдің гендерлік иерархия мен билік қатынастарын қалыптастырып, қайта өндіретін механизм екенін айқындайды.

Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегияларының ерекшеліктерін анықтау, олардың әлеуметтік құрылымдармен, билік қатынастарымен және мәдени нормалармен байланысын көрсету, сондай-ақ гендерлік айырмашылықтардың тілдік деңгейде қалай көрініс табатынын талдау.

Қойылған мақсат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

– гендерлік лингвистика теорияларын талдап, негізгі ұғымдарды жүйелеу;

– ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегияларын анықтау;

– сұхбат негізінде тілдік стратегиялардың көрінісін талдау;

– коммуникативтік ерекшеліктерді салыстырып, нәтижелерді теориямен байланыстыру.

Бұл міндеттерді орындау гендерлік сөйлеу стратегияларының нақты коммуникациядағы көрінісін айқындауға және олардың әлеуметтік-прагматикалық сипатын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

Біздің жұмысымыздағы зерттеудің негізгі әдістері транскрипт жасау, дискурстық талдау, контент-талдау, салыстырмалы талдаулары арқылы гендерлік сөйлеу стратегияларын зерттеуге бағытталған.

Осы зерттеу жұмысының негізгі материалдары ретінде АҚШ-тағы таңғы жаңалықтар мен сұхбаттар бағдарламасы «CBS Mornings» таңдалып, онда ағылшын тілінде әйел мен ер адамның қатысуымен жүргізілген сұхбат қолданылды.

Зерттеу жұмысында мақала тақырыбы мен зерттеу бағытына сәйкес сапалық (qualitative) және сипаттамалы-аналитикалық әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегияларын нақты, теориялық тұрғыдан дәлелдеп көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеуде ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегияларын анықтау үшін сапалық және сипаттамалы-аналитикалық әдістер қолданылды. DownSub арқылы бейнематериалдан транскрипт алынып, дискурстық талдау жасалды. Контент-талдау арқылы теориялық стратегиялардың нақты көріністері анықталды, салыстырмалы әдіс арқылы ерлер мен әйелдердің тілдік мінез-құлықтары салыстырылды. Нәтижесінде теориялық стратегиялардың ағылшын тілінде сөйлейтін спикерлерде де кездесетіні, сондай-ақ қосымша стратегиялардың бар екені анықталды.

Талдау үдерісінде дискурс талдауы, контент-талдау, салыстырмалы талдау және сипаттамалы әдіс кешенді түрде қолданылып, гендерлік сөйлеу стратегияларының нақты коммуникациядағы көрінісі эмпирикалық тұрғыда дәлелденді.

Мұндай зерттеулер тіл мен қоғамның өзара байланысын түсінуге, гендерлік сөйлеу айырмашылықтарының әлеуметтік себептерін анықтауға және қарым-қатынастағы түсінбеушіліктерді азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар гендерлік стереотиптерді сын тұрғысынан бағалауға және тиімді коммуникацияны дамытуға ықпал етеді.

Нәтижелер және талқылау

Гендерлік сөйлеу мінез - құлқы тілде тарихи түрде қалыптасқан әлеуметтік стереотиптерге негізделеді, және бұл ерекшеліктер тілдік жүйеде қалыптасқан практикалар ретінде жазылған.

Қазақстандық зерттеуші Гульнар Исмагулова *«Лингвокультурологический аспект гендерных отношений»* диссертациясында ерлер мен әйелдердің

сөйлеу стратегияларын әлеуметтік, мәдени және тілдік аспектілер бойынша салыстырады. Ол ерлер қысқа сөйлемдер арқылы негізгі ойды жеткізсе, әйелдер үшін өзгелердің пікірі мен балама шешімдер маңызды екенін атап көрсетеді, бұл коммуникациялық стильдердің айырмашылығын және тосқауылдың қалыптасуын түсіндіреді [18].

Қазіргі кезде көптеген әйелдер нейтралды, ерлер стиліне жақын сөйлеу дағдысын меңгеруде, бұл гендерлік стратегиялардың жақындасуына ықпал етеді. Алайда бастапқы отбасылық стиль негізгі болып сақталып, бейтарап стиль қосымша меңгерілген дағды ретінде қалады.

Г. К. Шаикова, Г. А. Кривенко, Д. А. Сабирова, А. Е. Таскарина еңбектерінде ерлер мен әйелдердің диалогтік коммуникациядағы сөйлеу стратегиялары гендерлік және әлеуметтік факторларға байланысты қалыптасатыны көрсетіледі. Ерлердің сөйлеуі нәтижеге, логикаға және тікелейлікке бағытталса, әйелдердің сөйлеуі ынтымақтастыққа, жұмсақтыққа және эмоциялық қолдауға негізделеді. Авторлар қазіргі қоғамда бұл айырмашылықтар біртіндеп азайып келе жатқанын және тиімді коммуникация дұрыс стратегия мен тактиканы таңдауға тәуелді екенін қорытындылайды [19].

Кайназарова А. Б. «American Journal Of Philological Sciences» еңбегінде гендер тілдік қолданыс пен сыпайылық стратегияларына әсер етеді, ерлер көбіне тікелей және директивті стиль қолданса, әйелдер жұмсақ әрі қолдаушы тәсілдерге сүйенеді; бұл айырмашылықтар әлеуметтік және мәдени факторлармен тығыз байланысты, сондықтан инклюзивті әрі әділ коммуникацияны дамыту қажет деген қорытынды жасайды [20, 17–23].

Зерттеу материалына отандық және шетелдік ғалымдардың гендерлік лингвистика, феминистік теория және коммуникативтік стратегияларға қатысты еңбектері енгізілді.

Бұл зерттеу нақты репликаларға негізделген, ағылшын тіліндегі ер мен әйелдің сұхбатын талдайды. Репликалар жарияланымдардан алынған, онда ер мен әйел өз өмірі, махаббаты мен отбасы туралы ойларын бөліскен. Талдау тіл арқылы ер мен әйелдің коммуникациялық стратегияларын, олардың өз ойларын білдіру және диалогты басқару тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.

1-кесте – Ерлердің тілдік стратегиялары

Ерлер стратегиялары	Тілдік стратегияның көріну түсіндірмесі
Сөзді бөлу (interruption)	-
Әңгімені бақылау	-

Жауап бермеу (non-response)	George бастапқыда махаббат туралы сұраққа тікелей жауап бермей, өз тарихына ауысады: *«…I didn't know whether… she would like me…».*
Үнсіздік	Пауза мен күлімсіреу арқылы ойды күшейту: «… and uh, and the fun part was…».
Тікелей мәлімдемелер (direct statements)	*«We've never had a fight… We're trying to find something to fight about.»* – оларда ешқандай қақтығыс болмағанын тікелей айтады, гармониялық жұп бейнесін қалыптастырады.
Күлкі және өзін-өзі сынау (humor/self-deprecation)	«We're trying to find something to fight about.»– жеңіл күлкі арқылы қатынастарды оң сипатта көрсетеді.
Нарративтік стратегия	George сезімдері мен шешім қабылдау тарихын баяндап, әңгімені жеке және сенімді етеді: *«… the minute she walked in the door I was just taken by her…»; «I knew fairly quickly that I wanted to spend the rest of my life with Amal.»*
Фактілер арқылы мақтау (praise through facts)	*«…she's brilliant and stands for things that matter… and she's also beautiful and funny…»* – серіктесінің қасиеттерін фактілермен мақтайды.
Эмоциялық баға (emotional evaluation)	*«I feel so extraordinarily lucky to have met this incredible woman.»* – өзінің эмоционалды көзқарасын көрсетеді.

Кесте мәліметтеріне сүйенсек бұл коммуникацияда сөзді бөлу (interruption) және әңгімені бақылау стратегиялары кездеспеді. Ер адамның сөйлеу стратегиялары көбіне тікелей, сенімді және нарративтік сипатта көрінеді. Ол әңгіме барысында тақырыпты бақылап, өз тәжірибесін баяндау арқылы аудиторияға өз эмоциясын жеткізеді. Мысалы, тікелей мәлімдемелер арқылы қатынастардағы қақтығыстың жоқтығын көрсетіп, гармониялық жұп бейнесін қалыптастырады. Нарративтік стратегия эмоциялық және жеке тәжірибе арқылы әңгімені сенімді етеді. Сонымен қатар, күлкі және өзін-өзі сынау арқылы қарым-қатынасты жеңіл әрі оң сипатта көрсетеді. Фактілер арқылы мақтау және эмоциялық баға стратегиялары арқылы серіктесінің қасиеттерін ашып, өз сезімін көрсетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ер адамның стратегиялары competitive / report-talk стиліне тән, яғни ақпаратты басқару және өз ойларын сенімді жеткізуге бағытталған.

2-кесте – Әйелдердің тілідк стратегиялары

Стратегия	Тілдік стратегияның көріну түсіндірмесі
қолдау (overlap)	Amal қысқа әңгімені қолдайтын жауаптар береді: *«I don't know… I met him and I thought…»*
сыпайылық (politeness)	*«I didn't necessarily imagine…»*– George пікірін тікелей теріске шығармай, сыпайы жеткізеді
Мақтау / серіктесті бағалау	*«…I'm so glad that there's someone like him…»* – эмоционалды оң пікір білдіреді. Өз сөздерінде Амаль Джордж туралы жиі ризашылықпен және сүйіспеншілікпен айтады *(«…what I have found with you is the great love I always hoped existed»),* бұл олардың арасындағы жағымды эмоционалдық реңкті күшейтеді.
Минималды жауап (hmm, oh)	*«yeah», «I think that…»*– сөйлесуді қолдайды
Hedging (уклонение от прямого высказывания)	*«…I didn't necessarily imagine…»*– жұмсақ, жанжақты формулировка. Сұхбат барысында Амаль өз сезімдерін үзілді-кесілді емес, алғыс айту мен таңданыс білдіру арқылы жеткізеді, мысалы: *«I feel so lucky…».*
Кооперативтік стиль	*«…I think it starts with love…»*– логикалық емес, эмоционалды байланыс көрсетеді
Эмоциялық баға	*«…I'm so glad…»*«wonderful»– эмоционалды қолдау көрсетеді.
Отбасы құндылықтарына бағытталған	Әңгімеде отбасы, махаббат және гармонияны көрсетеді, позитивті тонды сақтайды.

Әйел сөйлеу стратегиялары көбінесе эмоционалды қолдауға, сыпайылыққа және комплимент айтуға бағытталады. Олар әңгімені қолдап, минималды жауаптар арқылы позитивті байланыс орнатады. Hedging тәсілі арқылы ойларын жұмсақ жеткізеді. Кооператив стиль мен отбасы құндылықтарына назар аудару олардың rapport-talk, яғни қатынасты нығайтуға бағытталған сөйлеу мәнерін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, әйелдердің сөйлеу стратегиясы эмоциялық қолдау мен жағымды диалог құруға негізделеді


Ер адамдарда теориялық модельде көрсетілмеген қосымша стратегиялар – нарративтік тәсіл, күлкі/self-deprecation, фактілер арқылы мақтау және эмоционалды баға – сұхбат репликалары негізінде эмпирикалық

түрде анықталды. Олар ойды жеткізу, әңгімені басқару және жеке тәжірибені көрсету ерекшеліктерін айқындайды.

Әйелдерге тән қосымша стратегиялар – эмоциялық баға және отбасы құндылықтарына бағытталу – қатысымды ынтымақтастықты сақтау, эмоцияны жұмсақ жеткізу және әлеуметтік реңкті қолдау тәсілдерін көрсетеді.

Қысқаша айтқанда: қосымша стратегиялар теориялық категориядан емес, нақты репликаларды талдау нәтижесінде, яғни эмпирикалық жолмен пайда болды және гендерлік сөйлеу мәдениетінің нақты көрінісін толықтырады.

4-кесте – Сөйлесу стратегиялары: George & Amal Clooney



Сол жақ бағанда ерлердің стратегиялары – нарративтік баяндау, фактілер арқылы мақтау, юмор/self-deprecation, доминанттық пен сенімділікті көрсетуге бағытталған. Оң жақта әйелдер көбінесе эмоционалды қолдау, келісімге ұмтылу және серіктесті мақтау арқылы rapport-talk стилін көрсетеді. Орта бағанда екі жынысқа ортақ элементтер – эмоциялық баға, комплимент және әңгімені қолдау, қатынас пен әлеуметтік байланысты нығайтуға қызмет етеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеу ерлер мен әйелдердің сөйлеу стратегиялары тілдік құрылымнан гөрі әлеуметтік факторлармен, билік қатынастарымен және мәдени нормалармен тығыз байланысты екенін көрсетті. Теориялық еңбектерге сүйене отырып, гендерлік коммуникацияның дискурстық және прагматикалық сипаты айқындалды. Эмпирикалық талдау нәтижесінде ерлердің сөйлеуінде директивтілік, тақырыптық бақылау және нарративтік басымдық байқалса, әйелдердің сөйлеуінде ынтымақтастыққа бағытталған overlap, hedging, минималды жауаптар мен комплимент стратегиялары жиі қолданылатыны анықталды.

Сонымен қатар зерттеу барысында классикалық теорияларда нақты сипатталмаған қосымша коммуникативтік амалдар да айқындалып, гендерлік сөйлеу мінез-құлқының көпқырлы әрі динамикалық құбылыс екені дәлелденді.

Бұл нәтижелер гендерлік лингвистиканың әлеуметтік-конструктивистік парадигмасын нақты тілдік материал негізінде қуаттайды және заманауи ағылшын дискурсын зерттеуге үлес қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Rousseau, J. J.** Emile, or On Education. Translated by Allan Bloom [Text]. – New York : Basic Books, 1979. – P. 358.

2 **Mill, J. S.** The Subjection of Women [Text]. – London : Longmans, Green, Reader, and Dyer, 1869. – P. 5.

3 **Lakoff, R.** Language and Woman's Place [Text]. – New York : Harper and Row, 1975. – P. 7–40.

4 **Kramarae, C.** Women and men speaking: Frameworks for analysis [Text]. – Rowley, MA : Newbury House Publishers, 1981.

5 **Nicholson, L. J.** Interpreting gender [Text] // Signs: Journal of Women in Culture and Society. – 1994. – Vol. 20. – № 1. – P. 30–50.

6 **Bergvall, V. L., Bing, J. M., & Freed, A. F.** Rethinking language and gender research: Theory and practice [Text] // London, UK : Routledge, 1996.

7 **Горошко Е. И.** Гендерная проблематика в языкознании. В I главе. А. Жеребкина (Ред.), Введение в гендерные исследования [Текст]. – Харьков : ХЦГУ, 2001. – 508–542 с.

8 **Кирилина, А. В.** Философская база и методология гендерных исследований в применении к российской лингвистике. Гендерный фактор в языке и коммуникации [Текст] // Московский государственный лингвистический университет. – 1999. – № 7. 446. – 14–22 с.

9 **Cameron, D.** Language, Gender, and Sexuality: Current Issues and New Directions [Text] // Applied Linguistics. – 2005. – Vol. 26. – № 4 – P. 482– 502.

10 **Pilkington, J.** Don't try and make out that I'm nice. The Different Strategies Women and Men Use when Gossiping [Text] / J. Pilkington // Coates J. (ed.) Language and Gender. – Blackwell Publishers Ltd., 2001. – P. 254–269.

11 **Tannen, D.** You Just Don't Understand: Women and Men in Conversation [Text]. – New York, NY : Ballantine Books, 1990.

12 **Zimmerman, D. H., West C.** Sex Roles, Interruptions and Silences in Conversation [Text] / D. H. Zimmerman, C. West // B. Thorne, N. Henley (Eds.). Language and Sex : Difference and Dominance. – Rowley : Newbury, 1975. – P. 105–129.

13 **Francisco, De V.** The Sounds of Silence How Men Silence Women in Marital Relations [Text] / V. De Francisco // Coates J. (ed.) Language and Gender. Blackwell Publishers Ltd., 2001. – P. 176–184.

14 **Goodwin, M.** Cooperation and Competition across Girls' Play Activities [Text] / M.Goodwin // Coates J. (ed.) Language and Gender. – Blackwell Publishers Ltd, 2001. – P. 121–146.

15 **Coates, J.** Women Talk: Conversation between Women Friends. – Oxford : Blackwell, 1975.

16 **Holmes, J.** Women, Men and Politeness [Text]. – London : Longman, 1995. – P. 270.

17 **Brown, P., & Levinson, S. C.** Politeness: Some Universals in Language Usage [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 1987.

18 **Исмагулова, Г. К.** Лингвокультурологический аспект гендерных отношений Сопоставительный аспект (на материале казахского, немецкого и русского) [Текст]: дис. ...кандидат филол. Наук 10.02.20: защищена/ Г. К. Исмагулова. – Тюмень, 2005. – 37 с.

19 **Шаикова, Г. К., Кривенко, Г. А., Сабирова, Д. А., Таскарина, А. Е.** Гендерная специфика речевых стратегий и тактик в диалогической коммуникации [Мәтін]. – Павлодар : Торайғыров университетінің хабаршысы, 2025. – 442–449-б.

20 **Kaniyazova, A. B.** Gender differences in language use and politeness strategies [Text] // American Journal Of Philological Sciences. – Oscar Publishing Services, 2024. – P.17–23.

REFERENCES

1 **Rousseau, J. J.** Emile, or On Education. Translated by Allan Bloom [Text]. –New York : Basic Books, 1979. – P. 358.

2 **Mill, J. S.** The Subjection of Women [Text]. – London : Longmans, Green, Reader, and Dyer, 1869. – P. 5.

3 **Lakoff, R.** Language and Woman's Place [Text]. – New York : Harper and Row, 1975. – P. 7–40.

4 **Kramarae, C.** Women and men speaking: Frameworks for analysis [Text]. – Rowley, MA : Newbury House Publishers, 1981.

5 **Nicholson, L. J.** Interpreting gender [Text] // Signs : Journal of Women in Culture and Society. – 1994. – Vol. 20. – № 1. – P. 30–50.

6 **Bergvall, V. L., Bing, J. M., & Freed, A. F.** Rethinking language and gender research: Theory and practice [Text] // London, UK : Routledge, 1996.

7 **Goroshko, E. I.** Gendernaya problematika v yazykoznanii [Gender issues in linguistics]. In Chapter I. A. Zherebkina (Ed.), Introduction to gender studies [Text]. – Kharkov : Kharkiv Center of State University of Economics, 2001. – 508–542 p.

8 **Kirilina, A. V.** Filosofskaya baza i metodologiya gendernykh issledovaniy v primenenii k rossiyskoy lingvistike [Philosophical basis and methodology of gender studies as applied to Russian linguistics] // In Gendernyy faktor v yazyke i kommunikatsii [Text]. – Moscow State Linguistic University. – 1999. – V7. 446. – P. 14–22.

9 **Cameron, D.** Language, Gender, and Sexuality: Current Issues and New Directions [Text] // Applied Linguistics. – 2005. – Vol. 26. – № 4 – P. 482– 502.

10 **Pilkington, J.** Don't try and make out that I'm nice. The Different Strategies Women and Men Use when Gossiping [Text] / J. Pilkington // Coates J. (ed.) Language and Gender. – Blackwell Publishers Ltd., 2001. – P. 254–269.

11 **Tannen, D.** You Just Don't Understand: Women and Men in Conversation [Text]. – New York, NY : Ballantine Books, 1990.

12 **Zimmerman, D.H., West C.** Sex Roles, Interruptions and Silences in Conversation [Text] / D.H. Zimmerman, C. West // B. Thorne, N. Henley (Eds.). Language and Sex: Difference and Dominance. – Rowley : Newbury, 1975. – P.105 –129.

13 **Francisco, De V.** The Sounds of Silence How Men Silence Women in Marital Relations [Text] / V. De Francisco // Coates J. (ed.) Language and Gender. Blackwell Publishers Ltd., 2001. – P. 176–184.

14 **Goodwin, M.** Cooperation and Competition across Girls' Play Activities [Text] / M. Goodwin // Coates J. (ed.) Language and Gender. – Blackwell Publishers Ltd, 2001. – P.121–146.

15 **Coates, J.** Women Talk : Conversation between Women Friends. – Oxford : Blackwell, 1975.

16 **Holmes, J.** Women, Men and Politeness [Text]. – London : Longman, 1995. – P. 270.

17 **Brown, P., & Levinson, S. C.** Politeness: Some Universals in Language Usage [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 1987.

18 **Ismagulova, G. K.** Lingvokul'turologicheskiy aspekt gendernykh otnosheniy. Sopostavitel'nyy aspekt (na materiale kazakhskogo, nemetskogo i russkogo) [Linguoculturological Aspect of Gender Relations. Comparative Aspect (Based on Kazakh, German and Russian Material)] [Text]: dis. ... candidate of philological sciences 10.02.20: defended / G. K. Ismagulova. – Tyumen, 2005. – 37 p.

19 **Shaikova, G. K., Krivenko, G. A., Sabirova, D. A., Taskarina, A. E.** Gendernaya spetsifika rechevykh strategii i taktik v dialogicheskoi kommunikatsii [Gender specificity of speech strategies and tactics in dialogical communication] [Text]. – Pavlodar : Toraigyrov University Bulletin, 2025. – 442–449 p.

20 **Kaniyazova, A. B.** Gender differences in language use and politeness strategies [Text] // American Journal Of Philological Sciences. – Oscar Publishing Services, 2024. – P. 17–23.

17.03.26 ж. баспаға түсті.
30.04.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Касенова[1], Г. К. Исмагулова[2], М. С. Кулахметова[3]*
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;
[3]Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлан,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 17.03.26.
Поступило с исправлениями 30.04.26.
Принято в печать 10.08.26.

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ В АНГЛОЯЗЫЧНОЙ НЕФОРМАЛЬНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Данная статья посвящена анализу речевых стратегий мужчин и женщин в рамках гендерной лингвистики. Цель исследования – выявить гендерные особенности речи, продемонстрировать их связь с социальными структурами, властными отношениями и культурными нормами, а также определить, как гендерные различия отражаются на лингвистическом уровне.

В теоретической части рассматривалось формирование концепции гендера на основе феминистской лингвистики, дискурсивного анализа и социально-конструктивистской парадигмы.

Эмпирическим материалом для исследования послужило интервью с супружеской парой, взятое в ходе англоязычной программы. В исследовании использовались качественные, дискурсивные, контент-анализ и сравнительные методы.

В результате было установлено, что в речи мужчин преобладали повествовательная манера, прямые высказывания, директивность и конкурентные стратегии. Было отмечено, что в речи женщин чаще использовались разные приемы и стратегии эмоциональной поддержки.

Кроме того, эмпирически были выявлены дополнительные стратегии, которые не упоминаются явно в теоретических работах. Исследование доказывает социально-прагматическую природу гендерно обусловленного речевого поведения и вносит вклад в анализ современного дискурса на английском языке.

Ключевые слова: гендерная лингвистика, речевые стратегии, гендерная коммуникация, дискурс-анализ, властные отношения, смягчение фраз, прерывание.

Мақалада жасанды интеллект (ЖИ) ұғымының тарихи-философиялық бастаулары мен оның тілдік жүйе ретінде қалыптасу үдерісі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында көне дәуірден бастау алатын «Логос» тұжырымы мен сөйлеу мен ойлаудың бірлігін бейнелейтін философиялық қағидаларға назар аударылып, олардың кейінгі логикалық және когнитивтік жүйелердің дамуына тигізген ықпалы сараланды. ЖИ философиясының басты мәселелерінің бірі – компьютердің саналы әрекетке қабілеттілігі Дж. Маккарти мен Дж. Серль еңбектері негізінде талданды. Компьютер тек синтаксистік операцияларды орындайды, бірақ тілдік мағынаны (семантиканы) түйсіне алмайды. Бұл көзқарас ЖИ жүйелерінің адам ойлауындағы мағыналық және контекстуалдық тереңдікті толық қамти алмайтынын дәлелдейді.

Зерттеуде табиғи тілді өңдеу (NLP) технологияларының даму кезеңдері мен олардың лингвистика, информатика және когнитивтік ғылымдар арасындағы байланысы ғылыми тұрғыда сарапталған. ChatGPT, Grok және Gemini сынды заманауи чат-боттардың қазақ тілінде мәтін генерациялау мүмкіндіктері салыстырмалы түрде талданып, олардың синтаксистік құрылымдарды құрастырудағы дәлдігі, семантикалық бірізділігі және прагматикалық икемділігі қарастырылды. Сонымен қатар ЖИ-дің қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік жүйесіне бейімделу деңгейі анықталып, оның тілдік нормаларға сай сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мен шектеулері айқындалды. ЖИ-дің тіл мәдениетін дамыту, цифрлық гуманитарлық ғылымдар контексінде қазақ тілін қолдау және ұлттық тілдік ресурстарды кеңейту бағыттарындағы әлеуеті де талқыланады.

Кілтті сөздер: жасанды интеллект, мәтін, цифрлық кеңістік, семантика, стилистика, грамматика, стиль, норма.

Кіріспе

XXI ғасырдың бас кезеңі қазіргі әлемнің келбетін айтарлықтай өзгерткен технологиялардың дамуындағы сапалы бетбұрыстармен ерекшеленді. Ақпараттық технологиялар коммуникацияның, экономиканың және басқарудың жаңа формалары үшін негіз болды. XXI ғасырда ақпаратты өңдеу, сақтау және беру технологиялары бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен дамыды, ал бұл қоғамның барлық салаларын түбегейлі өзгертті. Соңғы жылдары Қазақстанда ғана емес, жалпы әлем бойынша өзекті мәселеге айналған тақырыптардың бірі – жасанды интеллект мәселесі. Жасанды интеллект (ЖИ) жаңа заманғы әлемді өзгертудің негізгі факторына айналды. Машиналық оқыту мен нейрожүйелердің қазіргі заманғы алгоритмдері бұрын тек адам баласына ғана қолжетімді болған бейнелер мен сөйлеуді тану, мәтіндерді аудару, ауруларды диагностикалау, экономикалық процестерді болжау секілді міндеттерді шешу үшін қарқынды пайдаланылуда.

Ел президенті Қ. К. Тоқаев өз жолдауында еліміздің даму бағытын айқындай отырып, алдағы үш жылда Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекет деңгейіне көтеруді көздейтін стратегиялық міндет жүктегенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл үдерістің негізгі тетігі – жасанды интеллект, ол ұлттық жаңғырудың басты қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Мұнда басты ниет жаһандық немесе аймақтық көшбасшылыққа ұмтылу емес, ең әуелі Қазақстанды жаңа дәуірдің талаптарына сай өркениетті, озық елдердің қатарына қосу, қоғамды заманауи технологиялық мүмкіндіктермен қамтамасыз ету болып табылады [1].

ЮНЕСКО өз баяндамаларында ЖИ-дің адамзат игілігі үшін орасан зор әлеуетке ие екенін атап көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл технология адамзатқа пайда әкелу қағидаты негізінде дамытылып, жаһандық нормалар мен халықаралық стандарттарға сәйкес қолданылса, өркениетті прогрестің қуатты құралына айнала алады. Сонымен бірге бейбітшілік пен тұрақты дамудың құндылықтарына сүйену ЖИ-дің әлеуметтік, мәдени және экономикалық салалардағы тиімділігін арттыра түседі. Осылайша, ЮНЕСКО ЖИ-ді БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарына жетуді жеделдететін бірегей мүмкіндік деп қарастырды [2].

ЖИ саласының басты мақсаты – өздігінен ой түйіп, күрделі мәселелерді шешуге қабілетті әрі алынған мәліметтер негізінде тәжірибе жинақтай алатын бағдарламалық жүйелерді жасау. Бүгінгі таңда ол медицина, қаржы, көлік өнеркәсібі, өнер, білім беру және басқа да көптеген салаларда кең ауқымда қолданылып келеді. Мұндай кең қолданыс ЖИ-дің ауқымды деректерді талдауға, негізделген шешім қабылдауға және белгілі бір тапсырмаларды адамға қарағанда жылдам әрі тиімді орындауға мүмкіндік беретін ерекшелігімен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде ЖИ саласына қатысты ғылыми ізденістердің қарқыны айтарлықтай артып отырғаны белгілі. Әсіресе жасанды интеллекттің қазақ тілін өңдеу, тану және дамыту мәселелерін жүйелі түрде зерттеу – уақыт талабынан туындап отырған өзекті міндеттердің бірі.

Материалдар мен әдістері

ЖИ мәселесін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға кіріспес бұрын ең алдымен оның қалыптасу тарихын, жұмыс істеу тетіктерін, құрылымдық ерекшеліктері мен даму принциптерін жан-жақты меңгеру қажет. Себебі ЖИ тек техникалық құралдар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар адамның ойлау жүйесін үлгілеуге бағытталған күрделі ғылыми құбылыс болып табылады. Осыған байланысты оның эволюциясын, негізгі теориялық негіздерін, алгоритмдік модельдері мен қолданылу салаларын терең зерделеу лингвистикалық талдаулардың сапалы жүргізілуіне толық мүмкіндік береді.

ЖИ технологиялары сырт көзге «заманауи» әрі техникалық тұрғыдан күрделі болып көрінгенімен, олардың бастауын көне грек философиясындағы «Логос» ұғымынан кездестіруге болады. Логос ұғымы сөйлеу мен пайымдаудың, сөз бен ойдың өзара байланысын білдіреді. Аристотель еңбектерінде ойлау тетіктерін зерделейтін ғылым жөнінде біршама тұжырым кездеседі. Бұл ойлау, түптеп келгенде, шынайы білімге қол жеткізуге бастама болатыны айтылады [3, 7-б.].

Н. Ю. Клюеваның зерттеулерінде ЖИ дамуының бір кезеңі Готфрид Лейбниц есімімен байланыстырылады [4, 81-б.]. Лейбництің идеялары жалпы компьютерлік ғылымдардың әдіснамасына, сондай-ақ жасанды интеллектінің қалыптасуына ерекше ықпал еткен. Олардың ішінде ең маңыздылары ретінде мыналарды атауға болады:

1. Ғылым үшін әмбебап тіл құру және білімді формализациялау идеясы;
2. Логикалық есептеу теориясы;
3. Ойлаудың логикалық операцияларын есептеу машинасы арқылы механикалық үлгілеу идеясы.

Белгілі болғандай, ЖИ технологияларының күрделілігіне қарамастан, оларды түсінудің алғашқы теориялық әрекеттері әлдеқашан басталған

екен. Алайда «жасанды интеллект» термині ғылыми еңбектерде алғаш рет XX ғасырдың басында пайда бола бастады.

«Жасанды интеллект» ұғымының негізін қалаушы ретінде Джон Маккартиді атаған орынды. Ғалым 1950 жылдары мынадай тұжырымды ұсынды: «Адам белгілі бір іс-әрекеттерді орындаған кезде, саналы деп танылады, ендеше роботтарды да саналы деп есептеу үшін дәл сол әрекеттерді орындай алатындай ету қажет» [5].

Жоғарыда айтылған ойларды саралай келе мынадай сұрақтар туындайды: Компьютер ойлау операцияларын жүзеге асыруға қабілетті ме? ЖИ құрастырған мәтіндерді саналы қызметтің көрінісі дей аламыз ба? Саналы мінез-құлықтың елеулі белгілерін адамның коммуникативтік әрекеттерді жүзеге асыру кезінде өзінің табиғи тілін қалай пайдаланатынын қарастыра отырып анықтауға болады. ЖИ коммуникативтік жүйе болып табылады. Оның құрылымында адам мен компьютер әрекетінің интерактивті нысанын, яғни олардың коммуникациясын қамтамасыз ететін ерекше тіл-интерфейс пайдаланылады. Сондықтан да жоғарыда аталған мәселе лингвистикалық деңгейдегі зерттеулерді талап етеді.

ЖИ философиясы тарихында жасанды жүйелердің саналылығына қатысты лингвистикалық тәсіл шеңберінде анықталған ең танымал тұжырымдардың бірі ретінде 1980 жылдардың басында американдық тілші ғалым Джон Серль ұсынған «Қытай бөлмесі» деп аталатын тұжырымдаманы атауға болады [6, 241-б.].

Дж. Серльдің тұжырымдамасын түсіну үшін оқшау, жабық бөлменің ішінде отырған адамды елестетейік. Бұл бөлмеге қытай иероглифтері бар қағаздар келіп түседі. Ішіндегі адам қытай тілін білмейді, символдардың мағынасын түсінбейді және оларды оқи да алмайды. Алайда бөлменің ішінде қандай символды қолдану керектігі және жауап ретінде қандай қағаздарды беру керектігі туралы толық нұсқаулық бар. Нәтижесінде сырттағы адам қытай тілінде сұрақ қоя отырып, байланысқан жауаптар алады. Бақылаушы үшін ішіндегі адам шынымен де тілді түсініп, мағыналы диалог жүргізетіндей әсер қалдырады, ал шын мәнінде ол берген жауаптарының мазмұнын түсінбейді, тек механикалық ережелерді ұстанады. Оның үстіне бөлмедегі адам қытай тілін үйрене алмайды, өйткені оның сыртқы әлеммен жалғыз «байланысы» ол үшін мәнсіз болып қалатын символдар жиынтығымен шектеледі. Бұл жағдай, Серльдің ойы бойынша, компьютердің жұмысын көрсетеді. Машина мазмұнға ешқандай мән бермей, екілік жүйеде кодталған деректермен жұмыс істейді: ол берілген бағдарламаға сәйкес арифметикалық және логикалық операцияларды орындайды. Осылайша, Серль компьютердің шынайы түсінігі жоқ деген қорытынды жасайды, өйткені оның қызметі семантикаға қол жеткізбей, тек қана синтаксистік құрылымдарды манипуляциялауға келіп тіреледі [7].

Жасанды жүйелердің тілі семантикаға ие емес. «Адам – компьютер» интерфейсіндегі барлық жұмыс машина тарапынан тек қана синтаксистік деңгейде жүзеге асады. Қазіргі тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі – ЖИ ұсынатын синтаксистік құрылымдарды кешенді түрде талдау мен олардың тілдік заңдылықтарға сәйкестігін анықтау. Осы тұрғыдан алғанда, табиғи тілді өңдеу технологияларының дамуы ерекше мәнге ие. Себебі қазіргі кезеңде жасанды интеллекттің көмегімен тілдік деректерді өңдеу, талдау және генерациялау үдерістері қарқынды түрде жетіліп, тіл мен технологияның өзара ықпалдастығын тереңдетуде.

Табиғи тілді өңдеу (NLP – Natural Language Processing) – компьютердің адам тілін түсінуі мен оны жасауына мүмкіндік беретін технологиялық жүйе. Ол – ЖИ саласындағы басты зерттеу бағыттарының бірі. Табиғи тілді өңдеу – адамның табиғи тілін компьютерлік бағдарламалар арқылы талдау, ұғыну және генерациялау үдерісі. Бұл технология адам мен машина арасындағы тиімді коммуникацияны қамтамасыз етуге бағытталған.

Д. Хурана және басқалардың айтуынша, NLP саласындағы зерттеулер лингвистика, информатика және жасанды интеллект сияқты бірнеше ғылымның тоғысында жүргізіледі [8, 3115-б.].

Табиғи тілді өңдеу үдерісі әдетте үш негізгі деңгейде қарастырылады: синтаксистік, семантикалық және прагматикалық өңдеу. Синтаксистік өңдеу тілдің құрылымдық жағына, яғни сөйлемнің грамматикалық құрамына және сөздердің орналасу тәртібіне назар аударады. Семантикалық өңдеу тілдің мағынасын ашуға, яғни сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық мазмұнын анықтауға бағытталады. Ал прагматикалық өңдеу тілдің қолданылу жағдайы мен контексін, мысалы, диалогтағы мағыналық байланыстар мен сыпайылық нормаларын талдауға негізделеді.

Чен және басқа ғалымдар ЖИ-ді адамның интеллектуалдық әрекеттерін үлгілеуге бағытталған жүйе ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, ЖИ – бұл үйрену, пайымдау және күрделі мәселелерді шешу секілді адамға тән когнитивтік мінез-құлық үлгілерін қайталап орындай алатын компьютерлік бағдарламалар жиынтығы [9].

Жоғарыда қарастырылған деректер негізінде ЖИ табиғи тілді адам санасындағыдай деңгейде игере алмайтыны, оның жауаптары арнайы алгоритмдер мен кодтық жүйелер арқылы синтаксистік құрылымдар түрінде қалыптасатыны айқындалды.

Мақалада мұндай синтаксистік үлгілерге мысалдар ChatGPT, Grok және Gemini тәрізді ЖИ-ге негізделген ірі тілдік модельдерден алынды. Бұл модельдердің синтаксистік құрылымы мен стилистикалық белгілерін анықтау мақсатында стилистикалық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, чат-боттар ұсынған жауаптар кешенді түрде лингвистикалық талдаудан

өткізілді: олардың синтаксистік құрылымы, сөздердің өзара байланысу ерекшеліктері, мағыналық дәлдігі мен логикалық тұтастығы, прагматикалық сәйкестігі, сондай-ақ стильдік нормаларға қатыстылығы қарастырылды.

ЖИ жүйелері генерациялаған мәтіндердің мазмұндық және құрылымдық бірізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ алынған жауаптарды салыстырмалы талдау барысында дәлдік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында үш түрлі чат-ботқа да мазмұны мен құрылымы жағынан бірдей promt ұсынылды, берілген жауаптардың барлығы сол көлемде еш өзгертусіз алынды. Бұл зерттеу барысында модельдер арасындағы айырмашылықтарды сыртқы факторлардың ықпалынсыз айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Д. Алкебаеваның пікірінше, қазақ тілі – өзіндік бояуы мен айрықша ерекшелігі бар, әлеуеті жоғары, дамыған тілдердің бірі. Қазіргі кезеңде жасалып жатқан жасанды интеллект жүйелерінің сапасы мен бағыт-бағдары ұлттық тілдің болашақта сақталуына тікелей әсер етеді. Демек, қазақ тілінің табиғи қалпын келер ұрпаққа жеткізу ісі ЖИ технологияларында оның қаншалықты дұрыс және толық бейнеленуіне байланысты. Қазіргі таңда ЖИ саласында қазақ тілін пайдалану әлі де шектеулі болғанымен, оның бай тілдік қорын, құрылымдық және стильдік ерекшеліктерін дәл әрі толық трансформациялау мәселесі лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағыты ретінде қалыптасып келеді [10, 21-б.].

Қазақ тіліне жақсы бейімделген осы күнгі ең танымал ЖИ чаттардың бірі – ChatGPT. OpenAI компаниясы әзірлеген ChatGPT атты чат-бот «генеративті ЖИ» мен табиғи тілді өңдеу (NLP) технологияларының синтезі негізінде жұмыс істейді.

Р.А. Есениннің мақаласында бұл инновациялық жүйе үлкен көлемдегі мәтіндік деректерді талдап, машинамен оқыту алгоритмдері арқылы табиғи тілді түсіну, өңдеу және жаңа мазмұн тудыру қабілетіне ие екендігі айтылады [11, 121-б.]. Мұндай тәсіл адамның сөйлеу үлгілерін модельдеуге және мағыналық жағынан тұтастық сақтай отырып жауап құрастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда осындай үлгіде жұмыс істейтін ChatGPT-ден бөлек көптеген құралдар бар.

Grok – X платформасының негізін қалаушы Илон Масктың компаниясы әзірлеген ЖИ-ге негізделген чат-бот. Бұл жүйе генеративті ЖИ мен табиғи тілді өңдеу (NLP) технологияларын қолдана отырып, қолданушымен интерактивті түрде сөйлесуге, мәтінді талдауға және деректерге сүйенген аналитикалық жауаптар беруге қабілетті.

Gemini – Google DeepMind зертханасы жасаған көпмодальды ЖИ жүйесі. Ол табиғи тілді өңдеумен қатар, сурет, код және кесте сияқты түрлі деректер түрлерін түсіне және өңдей алады.

ЖИ-ге негізделген аталған үш чат-бот та қазақ тілінде жауап құрастыру қабілетіне ие. Олар пайдаланушының сұрақтары мен тапсырмаларына сәйкес қысқа немесе көлемді мәтін түрінде жауаптар беруге бағдарланған. Дегенмен олардың әрқайсысының құрастырған мәтіндерінде айырмашылықтар байқалады. Негізгі ерекшелік – қазақ тілінің грамматикалық, орфографиялық және стильдік нормаларын сақтау дәрежесінде. Яғни бұл жүйелердің генерациялаған мәтіндерінде синтаксистік үйлесім мен мағыналық тұтастық әртүрлі деңгейде көрініс табады.

Ең алдымен үш чат-боттың қазақ тілінде жұмыс істеу әлеуетін тексеру мақсатында амандасу үлгілерін пайдаланып көрдік. Біздің тараптан «Сәлем! Қалың қалай?» деген қарапайым сұрақ қойылды. Жауаптар үлгісі мынадай болды: «Сәлем! Рахмет, бәрі жақсы! Өзің қалайсың?» (ChatGPT жауабы), «Сәлем! Жақсы, рахмет! Өзіңіздің қалыңыз қалай?» (Gemini жауабы), «Сәлем! Мен жақсымын, рахмет! Сен қалайсың?» (Grok жауабы). Қарым-қатынас мәдениеттілігі барлық жауаптарда сақталған, тыныс белгілердің қойылуы да ескерілген, дегенмен «рахмет» сөзінің соңғы жарық көрген орфографиялық сөздіктегі нұсқасы «рақмет» екендігін анықтай алмаған. Тағы айта кету керек нәрсе – сыпайылық формасын қолданудағы ерекшеліктер. ChatGPT және Grok екінші жақтағы «Сен» формасын қолданса, Gemini ғана сыпайы «Сіз» формасын пайдаланғаны анықталды.

«Менде бәрі тамаша! Көңіл күйім өте жақсы» деген жауапқа берілген кері байланыс былайша көрініс тапты: «Керемет екен! Көңіл күйіңнің жақсы болғаны мені де қуантады. Бүгінгі тамаша көңіл-күйіңнің сыры неде?» (ChatGPT жауабы), «Тамаша! Олай болса, қуаныштымын. Не жаңалық? Бүгін немен айналысып жатырсыз?» (Gemini жауабы), «Керемет! Көңіл күйіңнің жақсы екеніне қуаныштымын! Не істеп жүрсің, қандай жоспарлар бар?» (Grok жауабы). Жауаптардың мазмұнынан чат-боттардың сыпайылық деңгейі мен прагматикалық ерекшеліктерін байқауға болады. Олар біздің жақсы көңіл күйімізге шын ниетпен қуанып, түрлі сұрақтар қою арқылы диалогті әрі қарай жалғастыруға ынталандырады. Мысалы, «Не жаңалық? Бүгін немен айналысып жатырсыз?» немесе «Не істеп жүрсің, қандай жоспарлар бар?» деген сұрақтар қарым-қатынасты үзбей, өзара байланыс орнатуға бағытталған. Ал ерекше прагматикалық ұстанымды ChatGPT-дің жауабынан көреміз: «Бүгінгі тамаша көңіл күйіңнің сыры неде?» деген сұрақ эмоционалдық әсері күштірек болып, сөйлесушінің ішкі сезіміне әсер ететін тереңірек коммуникацияны білдіреді.

Бүгінгі таңда адамдар арасындағы қарым-қатынас тілдік коммуникацияның жалғыз түрі болудан қалып барады: біз барған сайын ЖИ-мен өзара әрекеттесіп келеміз. Бұл жағдай коммуникацияның түрлі қырларын, соның ішінде сыпайылық аспектісін де қайта қарастыруға итермелейді.

П. Рибино еңбегінде келтірілген мәліметтер ЖИ жүйелерінің адамға қатысты сыпайылық танытуы сол жүйелерге деген сенімді арттыратынын көрсетеді [12, 446-б.]. Сыпайылық стратегиясы, қолданушымен эмоционалдық байланыс орнатуға және жылы, жақын қарым-қатынас атмосферасын қалыптастыруға бағытталады. Мұндай стратегиялар мақтаулар, мақұлдау сөздері мен ризашылық білдіру сияқты тәсілдерді қамтиды; олардың барлығы жағымды эмоцияларды күшейтіп, қолданушы мен ЖИ арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Ендігі кезекте ЖИ чат-боттарының белгілі бір стильдегі мәтін түзушілік мүмкіндігін тексеру мақсатында «Көркем әдебиет стилінде көктем туралы шағын мәтін құрастырып бер» деген нұсқау берілді. Жауаптар үлгісі:

1. «Көктем келді. Жер беті жұмсақ жылы лепке оранып, табиғат қайтадан тірілді. Күннің күлімдеген нұрына еріп, қар еріп, өзендер сылдырап аға бастады. Ағаштар бүршік атып, далаға жасыл кілем төселді. Аспан мөлдір, самал жел гүл иісін алып, айналаны жып-жылы мейірімге бөлейді. Көктем – үміттің, жаңа өмірдің бастауы. Әр таңның шуағында бір қуаныш, әр гүлдің ашылғанында бір сыр бар секілді» (ChatGPT жауабы).

2. «Көктем келді. Жер-дүние жаңа тыныс алғандай. Қыстың қаһарлы ызғары шегініп, күн нұры жер бетін аялай сүйеді. Аспанның көгілдір пердесі ашылып, күннің алтын сәулесі маңайды жылыта түсті. Еріген қар сулары сылдырлап, сай-салаға қарай ағып, табиғаттың ұйқыдан оянған әсем әніндей естіледі. Ағаштардың ұшында әлі бүршіктер ғана тұрса да, олардан жаңа өмірдің иісі аңқып тұр. Жылы жақтан оралған құстар әуеде шырылдап, жаңа жайлы үн қосады» (Gemini жауабы).

3. «Көктем келіп, табиғат оянды. Жұмсақ жел ағаштардың жапырақтарын сыбдырлатып, алғашқы гүлдердің нәзік жапырақшаларын ақырын тербетті. Күн сәулесі жерді алтын нұрға бөлеп, өзендердің мөлдір суларын жарқыратып жіберді. Далада қарлығаштар әуелете ән салып, аспан көгілдір шапанын жайып жатты. Әрбір бүршік, әрбір өскін өмірдің жаңа тынысын сезінді. Көктем – үміттің, махаббаттың және жаңа бастамалардың мезгілі еді» (Grok жауабы).

Үш жауаптың мазмұнын талдай отырып, ЖИ-дің көркем әдебиет стилінің басты белгілерін айтарлықтай меңгергенін байқауға болады. Мәтіндерде «күннің күлімдеген нұры», «аспанның көгілдір пердесі», «жаңа өмірдің иісі», «өмірдің жаңа тынысы» сияқты бейнелі тіркестер, метафоралар мен эпитеттер кеңінен қолданылған. Бұл көркемдік элементтер мәтінге әсерлілік пен эмоциялық бояу беріп тұр. Алайда мұндай стильдік тәсілдердің шамадан тыс жиі пайдаланылуы жазушыға тән табиғи авторлық экспрессиядан гөрі, жасандылықтың басым екенін көрсетеді. Соның салдарынан мәтін эстетикалық тұрғыдан бай көрінгенімен, көркемдік тұтастық пен табиғилықтың жетіспеушілігі сезіледі. Сонымен қатар, кей тұстарда, әсіресе ChatGPT жауабынан грамматикалық

қателер байқалады. Енді дәл осы көктем тақырыбында ғылыми мәтін құрастыруды сұрадық. Сонда берілген жауаптар мынадай болды: «Көктем – жылдың төрт мезгілінің бірі, табиғаттың жаңару және жандану кезеңі. Бұл уақытта ауа температурасы біртіндеп көтеріледі, күн сәулесінің ұзақтығы артады, ал өсімдіктер дүниесінде белсенді өсу процесі байқалады» (ChatGPT жауабы). «Көктем – жылдың төрт мезгілінің бірі. Астрономиялық тұрғыдан бұл мезгіл күн мен түннің көктемгі теңесуі (Солтүстік жарты шарда шамамен 20–21 наурыз) сәтінен басталып, жазғы күн тоқырауына дейін созылады. Көктем мезгілінің негізгі сипаттамасы – орташа тәуліктік температураның біртіндеп жоғарылауы» (Gemini жауабы). «Көктем – жыл мезгілдерінің бірі, климаттық және биологиялық процестердің өзгеруімен сипатталады. Бұл кезеңде орташа тәуліктік температура 0°С-тан жоғарылайды, бұл өсімдіктердің вегетациялық кезеңінің басталуына ықпал етеді. Көктемде гидрологиялық цикл өзгеріске ұшырайды: қардың еруі нәтижесінде өзендер мен су айдындарының деңгейі көтеріледі» (Grok жауабы). Жауаптардан байқайтынымыз ЖИ ғылыми стильді өте жақсы меңгерген. Олай болуы да заңды, себебі ЖИ көбіне ғылыми ақпаратпен жұмыс істеуге, солар негізінде мәтіндерді құрастыруға, өңдеуге бағдарланған. Сондықтан сөйлемдер құрылымы, грамматикалық байланыс жақсы сақталған, стильдік талаптар толық орындалған. Көркем мәтінді құрастыруда авторлық мен, эмоцияның түрлі спектрлері талап етілетіндіктен, ЖИ ұсынған мәтіндерде жасандылық элементтері жиі байқалады. Ал ғылыми стильде тура мағынаның болуы, экспрессивті-эмоционалдық бояудың болмауы, ғылыми деректер молдығы басты талап болғандықтан, ЖИ берген жауаптар өте сапалы көрінеді. Бұл ЖИ-дің ғылым және білім беру саласында көбірек пайдаланылуын дәлелдей түседі.

ЖИ-дің берілген тірек сөздерді пайдалана отырып сөйлем құрастыру әлеуетін тексеру үшін мынадай тапсырма берілді: «Түн, шам, көше» сөздерін пайдаланып, сөйлем құрастыр». Жауап ретінде берілген сөйлемдер сипаты мынадай: «Түн қоюлана бастағанда, көше бойындағы жалғыз шам әлсіз жарығын төгіп тұрды» (ChatGPT жауабы), «Түн қараңғылығында жалғыз көше шамы жымыңдап, жолды сәулелендіріп тұрды» (Gemini жауабы), «Түнде көше тыныш еді, тек жалғыз шам жарығы қараңғылықты нәзік жарып тұрды» (Grok жауабы). Gemini және Grok берген жауаптардан «көше шамы жымыңдап», «қараңғылықты нәзік жарып тұрды» деген қате тіркестерді байқадық. Олар образдылықты көбейткенмен, семантикалық тұрғыдан дұрыс емес құрастырылған. Ал ChatGPT ұсынған жауап толық қанағаттанарлықтай деуге болады.

ЖИ құрастыратын мәтіндердегі ғылыми ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін «Прагматика» терминінің ғылыми айналымға кім енгізді?» деген сұрақты қойдық. Бұл сұраққа үш чат-бот та «Прагматика» терминін ғылыми

айналымға алғаш енгізген – американдық семиотик Чарльз Моррис» деген жауапты ұсынды және аталған ғылымның «Foundations of the Theory of Signs» атты еңбегіне сілтеме жасады. Берілген жауаптар дұрыс және сөйлемдер құрылымы ғылыми стиль талаптарына сәйкес келеді. Орыс және ағылшын тіліндегі деректер қоры мол болғандықтан, бұндай сұрақтарға ЖИ қатесіз жауап бере алады. Енді қазақ тіл біліміне қатысты «Ахмет Байтұрсынұлы райдың неше түрін көрсетеді?» деген сұрақты қойдық. Бұл жолы жауаптар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленді. ChatGPT «Ахмет Байтұрсынұлы райдың 4 түрін (ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай) көрсетті» деген жауапты ұсынды, ал Grok «Ахмет Байтұрсынұлы шығыс рай, шартты және бұйрық рай деген 3 түрін атады» десе, Gemini Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл – құралы» атты еңбегінде райдың 15 түрін көрсеткенін айтты. Жауаптарды талдай келе ChatGPT А. Байтұрсынұлы жазған нақты санды атай алмаса да, қазіргі қазақ тілі оқулықтарында көрсетілетін 4 түрін дәл көрсеткенін, Grok мүлдем қате жауапты бергенін, ал Gemini чат-боты дұрыс әрі нақты жауапты ұсынғаны анықталды.

К. Николенконың айтуынша, филологиялық талдау үдерісінде ЖИ-дің мәтінді ұғыну және өңдеу қабілетінде өзіндік ерекшеліктердің жиі көрініс табатыны байқалады. Бұл ерекшелік, негізінен, адамның шығармашылық интуициясына сүйенетін, нақты алгоритмге толық сыймайтын күрделі тілдік заңдылықтар мен контекстуалдық байланыстарды қамтиды. Сол себепті ЖИ-дің қызметінде қателікке бейім жағдайлар туындауы мүмкін. Мұндай ауытқулар, әсіресе тілдің диалектілік белгілерін, мәдени реңкі бар сөздерді немесе мағыналық астары терең тілдік бірліктерді талдау кезінде жиірек кездеседі [13, 60-б.].

Бүгін ЖИ аударма саласында өте жиі қолданылады. Басқа тілдерден қазақ тіліне мәтіндерді аударған кезде қазақ тілінің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне назар аударған жөн. Сол себепті ЖИ аударған мәтіндерді мұқият тексеру маңызды. Чат-боттарға «Думаю, я должен купить это платье» сөйлемін қазақ тіліне аудар» деген тапсырма бердік. Аударманың нұсқалары үш чат-ботта да бірдей болды: «Менің ойымша, мен бұл көйлекті сатып алуым керек». Жауапта қазіргі қоғамда кең қолданылып жүрген «сатып алу керекпін» сәтсіз калькасы қолданылмағаны, модаль сөздерді қолдану ережесі сақталғаны қуантарлық. Сонымен қатар, жастар тілінде жиі кездесетін «Мен ойлаймын...» деп өз ойын қате бастау ЖИ тілінде жоқ.

Цифрлық аударма – бұл адам-аудармашының когнитивті-коммуникативтік іс-әрекеті мен цифрлық ақпараттық-коммуникациялық құралдардың желілік өзара әрекеттесу жүйесін білдіретін аударманың жаңа түрі. Адам – ЖИ биномында адам-аудармашының санасында жүретін когнитивті процестердің сипаты да өзгереді.

ЖИ-дегі маңызды мәселелердің бірі – ағылшын, орыс тілдерінен бөлек тілдерде мәтін құрастыру және өңдеу проблемасы. Көптеген генеративті модельдер мұндай тілдермен жұмыс істеуде қиындықтарға тап болады, өйткені бұл тілдер бойынша қолжетімді деректер көлемі шектеулі.

Мысалы, ағылшын тіліндегі корпустарда көбіне батыстық мәдени құндылықтар басым көрініс табады. Соның салдарынан модельдер Рождество немесе Алғыс айту күні сияқты танымал батыс мерекелеріне қатысты мазмұнды оңай тудыра алады, бірақ өзге елдердің мәдени дәстүрлерін елемеуі мүмкін. Қазақ немесе өзбек тілдері секілді тілдер үшін цифрлық форматтағы мәтіндердің жеткіліксіздігі модельдердің сапалы үйренуіне кедергі келтіреді және нәтижесінде осындай тілдердегі мәтіндерді өңдеу барысында дәлсіздіктер жиі кездеседі.

Зерттеу барысында ЖИ негізіндегі үш чат-ботты салыстыра талдау нәтижесінде анықталған ерекшеліктерді 1-кестеден көре аласыздар.

1-кесте – ChatGPT, Gemini, Grok тіліндегі ерекшеліктер

Бағалау өлшемі	**ChatGPT**	**Gemini**	**Grok**
Мәтін түзушілік әлеуеті	Көркем және ғылыми стильдерде мәтін құрастыру қабілеті жоғары	Өте жоғары. Мәтін құрылымы жүйелі, логикалық байланыс берік	Орташа. Мәтін әсерлі, бірақ семантикалық сәйкессіздіктер бар
Грамматикалық ережелердің сақталуы	Грамматикалық ережелер көбіне сақталған, кейде қателер кездеседі	Өте жақсы сақталған. Орфография мен тыныс белгілері дұрыс	Орташа. Грамматикалық үйлесім жиі бұзылады
Синтаксистік құрылым дұрыстығы	Сөйлем құрылысы күрделі, дұрыс	Құрылымы нақты, логикалық байланыс айқын	Кей сөйлемде синтаксистік қателер бар
Жауаптардың ғылыми анықтығы	Жоғары. Ғылыми сұрақтарға нақты жауап береді	Өте жоғары. Дереккөздерге сүйеніп, дәл жауап ұсынады	Орташа. Кей ғылыми деректерді шатастырады

ЖИ-дің қолданбалы тіл білмі саласына интеграциялануы тілдерді оқыту, үйрету, зерттеу, мәтіндерді құрастыру мен өңдеу үрдістерін түбегейлі өзгертудің зор әлеуетін танытып отыр. ChatGPT, Gemini және Grok секілді диалогтік форматтағы чат-боттардың пайда болуы осы технологиялардың тілдік білім мен ғылыми ізденістер жүйесіне әсерін тереңірек түсінуді

қажет етеді. Осыған байланысты жүргізілген зерттеулер ЖИ құралдарының лингвистикалық теория мен практиканы дамытудағы ықпалын айқындауға бағытталып, әсіресе чат-бот үлгілерінің функционалдық мүмкіндіктеріне назар аударды.

Қорытынды

Мақалада талданған ғылыми деректер мен мысалдар негізінде мынадай қорытындылар шығаруға болады:

1. ЖИ ұғымының бастауы көне дәуірдегі грек философиясындағы «Логос» түсінігімен байланысты, ол сөйлеу мен ойлаудың бірлігін бейнелеген. Кейін бұл идея логикалық және танымдық жүйелердің дамуына негіз болды. ЖИ философиясындағы басты мәселе – компьютердің саналы әрекетке қабілеті. Барлық тұжырымдар тұжырымы ЖИ тек синтаксистік операцияларды орындап, мағынаны түсінбейтінін дәлелдеді.

2. ЖИ құрастырған көркем және ғылыми мәтіндер сапасы стильге байланысты өзгереді. Көркем стильде ЖИ эмоциялық әсер мен бейнелілік тудыруға тырысқанымен, мәтіннің табиғилығы мен авторлық экспрессиясы жетіспейді. Ал ғылыми стильде керісінше дәлдік, логикалық байланыс пен құрылым сақталып, ЖИ жоғары сапалы мәтіндер ұсына алады. Бұл ЖИ-дің ғылым және білім беру салаларында тиімді қолдануға лайық екенін дәлелдейді.

3. Семантикалық және прагматикалық сәйкестік мәселесі ЖИ тілінде айқын байқалады. ChatGPT мен Gemini жауаптарында прагматикалық икемділік (сыпайылық, эмоциялық қолдау) бар болғанымен, кейбір тіркестерде семантикалық дәлсіздік кездеседі. Бұл ЖИ-де адамдық интенция мен мәдени кодтың толық бейнеленбейтінін көрсетеді. Филологиялық тұрғыдан алғанда, ЖИ мәтіндерінің құрылымдық және стильдік ұйымдасуы тіл табиғатын модельдеудің жаңа деңгейін танытады. Алайда ол тілдік контексті, мәдени астары бар бірліктерді және диалектілік ерекшеліктерді толық түсіне алмайды, бұл оның шектеулігін дәлелдейтін фактор.

4. ЖИ аударма сапасы тілдің табиғи құрылымына байланысты өзгеріп отырады. Орыс тілінен қазақ тіліне аудармада грамматикалық құрылым сақталғанымен, кейбір синтаксистік және морфологиялық сәйкессіздіктер байқалады. Сондықтан ЖИ аудармаларының нәтижесін міндетті түрде адам тарапынан редакциялық тексеруден өткізу қажет.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект жүйелері адамның тілдік және когнитивтік әрекеттерін ішінара модельдей алады, бірақ олар шынайы түсінік пен мағыналық тереңдікке ие емес. ЖИ синтаксистік тұрғыда жоғары нәтижелер көрсеткенімен, семантикалық және прагматикалық деңгейде адамның танымдық әлеуетін толық қайталай алмайды. Сол себепті ЖИ тілін зерттеу тек техникалық емес, филологиялық, когнитивтік және мәдени-лингвистикалық тұрғыдан кешенді талдауды қажет етеді. Болашақта ЖИ

технологияларының үнемі дамуына байланысты табиғи тілді өңдеу үдерісі анағұрлым интеллектуалды, жекелендірілген және гумандық сипатқа ие болады деп үміттенеміз. Себебі қазақ тілінің ЖИ жүйелеріндегі орны мен сапалы бейнеленуі ұлттық тілдің цифрлық кеңістіктегі өміршеңдігін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2025 [Электронды ресурс]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1

2 Жасанды интеллект жөніндегі ЮНЕСКО баяндамасы, 2020 [Электронды ресурс]. – https://www.unesco.org/ru/artificial-intelligence

3 **Антоненко, В. И.** Искусственный интеллект как социальный феномен [Текст] // Социально-гуманитарные технологии. – 2018. – № 4(8). – С. 3–9.

4 **Клюева, Н. Ю.** Влияние идеи Лейбница на развитие компьютерных наук и исследования в области искусственного интеллекта [Текст] // Вестник Московского университета. Философия. – 2017. – № 4. – С. 79–92.

5 **McCarthy, J.** Recursive Functions of Symbolic Expressions and Their Computation by Machine, Part I [Text] // Communications of the ACM. – 1960. – Vol. 3, № 4. – P. 184–195.

6 **Миндигулова, А. А.** Феномен искусственного интеллекта : история возникновения и развития [Текст] // Социология. – 2023. – № 5. – С. 239–244.

7 **Серль, Дж.** Разум мозга – компьютерная программа? [Текст] // В мире науки. – 1990. – №3. – С.7–13.

8 **Khurana, D., Koli, A., Khatter, K.** Natural language processing: state of the art, current trends and challenges [Text] // Multimed Tools Appl. – 2023. – Vol. 82. – С. 3713–3744.

9 **Chen, X., Xie, H., Zou, D., Hwang, G.** Application and theory gaps during the rise of artificial intelligence in education [Text] // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2020. – № 1. – P. 60–72.

10 **Алкебаева, Д. А., Султан, Е.** Қазақ тілді жасанды интеллекттегі лингвистикалық өзгерістер [Мәтін] // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2. – 19–33-бб.

11 **Есенин, Р. А.** Психологические вызовы цифровой реальности: искусственный интеллект сегодня и в перспективе [Текст] // Профессиональное образование и рынок труда. – 2023. –№ 2. – С. 121–128.

12 **Ribino, P.** The role of politeness in human – machine interactions: A systematic literature review and future perspectives [Text] // Artificial Intelligence Review. – 2023. – № 1. – P. 445–482.

13 **Nikolenko, K.** Artificial Intelligence and Society: Pros and Cons of the Present, Future Prospects [Text] // Futurity Philosophy. – 2022. – № 2. – P. 54–67.

REFERENCES

1 Kasy`m-Zhomart Kemeluly` Tokaevty`n «Zhasandy` intellekt dauirindegi Kazakstan: ozekti maseleler zhane ony` tubegejli cifrly`k ozgerister arky`ly` sheshu» atty` Kazakstan xalky`na Zholdauy`, 2025 [Address of Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan «Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Current Issues and Their Solution through Radical Digital Transformations», 2025] [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1

2 Zhasandy` intellekt zhonindegi YuNESKO bayandamasy`, 2020 [UNESCO Report on Artificial Intelligence, 2020] [Electronic resource]. – https://www.unesco.org/ru/artificial-intelligence

3 **Antonenko, V. I.** Iskusstvenny`j intellekt kak social`ny`j fenomen [Artificial Intelligence as a Social Phenomenon] // Social and Humanitarian Technologies. – 2018. – № 4(8). – P. 3–9.

4 **Klyueva, N. Yu.** Vliyanie idei Lejbnicza na razvitie komp`yuterny`x nauk i issledovaniya v oblasti iskusstvennogo intellekta [The Influence of Leibniz's Ideas on the Development of Computer Science and Research in the Field of Artificial Intelligence] [Text] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Filosofiya. – 2017. – № 4. – P. 79–92.

5 **McCarthy, J.** Recursive Functions of Symbolic Expressions and Their Computation by Machine, Part I [Text] // Communications of the ACM. – 1960. – Vol. 3, № 4. – P. 184–195.

6 **Mindigulova, A. A.** Fenomen iskusstvennogo intellekta: istoriya vozniknoveniya i razvitiya [The Phenomenon of Artificial Intelligence: History of Origin and Developmen] [Text] // Sociology. – 2023. – № 5. – P. 239–244.

7 **Serl`, Dzh.** Razum mozga – komp`yuternaya programma? [The Mind of the Brain – a Computer Program?] [Text] // In the World of Science. – 1990. – №3. – P. 7–13.

8 **Khurana, D., Koli, A., Khatter, K.** Natural language processing: state of the art, current trends and challenges [Text] // Multimed Tools Appl. – 2023. – Vol. 82. – P. 3713–3744.

9 **Chen, X., Xie, H., Zou, D., Hwang, G.** Application and theory gaps during the rise of artificial intelligence in education [Text] // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2020. – № 1. – P. 60–72.

10 **Alkebaeva, D. A., Sultan, E.** Kazak tildi zhasandy` intellekttegi lingvistikaly`k ozgerister [Linguistic changes in Kazakh-language artificial intelligence] [Text] // Bulletin of the Kazakh National University. Philology series.– 2025. – № 2. – P. 19–33.

11 **Yesenin, R. A.**– 2023. – No. 2. – P. 121–128.

11 **Esenin, R. A.** Psixologicheskie vy`zovy` cifrovoj real`nosti: iskusstvenny`j intellekt segodnya i v perspektive [Psychological challenges of digital reality : artificial intelligence today and in the future] [Text] // Professional education and the labor market. – 2023. –№ 2. – P. 121–128.

12 **Ribino, P.** The role of politeness in human – machine interactions : A systematic literature review and future perspectives [Text] // Artificial Intelligence Review. – 2023. –№ 1. – P. 445–482.

13 **Nikolenko, K.** Artificial Intelligence and Society: Pros and Cons of the Present, Future Prospects [Text] // Futurity Philosophy. – 2022. – № 2. – P. 54–67.

31.10.25 ж. баспаға түсті.
04.11.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. С. Мусаев[1], Е. Амангельдин[2], Д. А. Алкебаева[3]
[1,2,3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 31.10.25.
Поступило с исправлениями 04.11.25.
Принято в печать 10.08.26.

ГРАММАТИЧЕСКИЕ И СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ ТЕКСТОВ, СОЗДАННЫХ ИСКУССТВЕННЫМ ИНТЕЛЛЕКТОМ

В статье всесторонне рассматриваются историко-философские истоки понятия искусственного интеллекта (ИИ) и процесс его формирования как языковой системы. В ходе исследования особое внимание уделено концепции «Логос», зародившейся в античную эпоху и отражающей единство речи и мышления, а также её влиянию на развитие последующих логических и когнитивных систем. Одной из главных проблем философии ИИ является способность компьютера

к осознанным действиям, что анализируется на основе трудов Дж. Маккарти и Дж. Серля. Согласно Серлю, компьютер выполняет лишь синтаксические операции, но не способен постигать смысл (семантику), что доказывает ограниченность ИИ в охвате смысловой и контекстуальной глубины человеческого мышления.

В исследовании научно проанализированы этапы развития технологий обработки естественного языка (NLP) и их взаимосвязь с лингвистикой, информатикой и когнитивными науками. Проведено сравнительное исследование возможностей современных чат-ботов, таких как ChatGPT, Grok и Gemini, в генерации казахских текстов, выявлены особенности их синтаксической точности, семантической последовательности и прагматической адаптивности. Также определён уровень адаптации ИИ к морфологической и синтаксической системе казахского языка, обозначены его возможности и ограничения в формировании речевой культуры, соответствующей языковым нормам. Рассмотрен потенциал искусственного интеллекта в развитии языковой культуры, поддержке казахского языка в контексте цифровых гуманитарных наук и расширении национальных языковых ресурсов.

Ключевые слова: искусственный интеллект, текст, цифровое пространство, стилистика, грамматика, стиль, норма.

*A. S. Mussayev[1], Y. Amangeldin[2], D. A. Alkebaeva[3]
[1,2,3]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 31.10.25.
Received in revised form 04.11.25.
Accepted for publication 10.08.26.

GRAMMATICAL AND STYLISTIC FEATURES OF KAZAKH TEXTS GENERATED BY ARTIFICIAL INTELLIGENCE

This article comprehensively examines the historical and philosophical origins of the concept of artificial intelligence (AI) and the process of its formation as a linguistic system. The study pays special attention to the ancient concept of "Logos", which represents the unity of speech and thought, and its influence on the development of later logical and cognitive systems. One of the main philosophical issues of AI is the computer's ability to act consciously, analyzed through the works of J. McCarthy and J. Searle. According to Searle, the computer performs

only syntactic operations but cannot grasp meaning (semantics), proving that AI systems cannot fully capture the semantic and contextual depth of human thinking.

The research scientifically analyzes the stages of development of Natural Language Processing (NLP) technologies and their relationship with linguistics, informatics, and cognitive sciences. Comparative analysis of modern chatbots such as ChatGPT, Grok, and Gemini reveals their syntactic accuracy, semantic consistency, and pragmatic adaptability in generating Kazakh texts. Furthermore, the study identifies the degree of AI adaptation to the morphological and syntactic structure of the Kazakh language, outlining its capabilities and limitations in shaping linguistically normative communication. The potential of artificial intelligence to develop language culture, support the Kazakh language within the context of digital humanities, and expand national linguistic resources is also discussed.

Keywords: artificial intelligence, text, digital space, stylistics, grammar, style, norm.

ҒТАМР 16.21.37

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/589-604

***Д. Мұқият[1], Л. Т. Алимтаева[2]**

[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0005-8920-0248
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6679-6174
*e-mail: Mukiatdilnur@gmail.com

БИЛИНГВ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІНДЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯНЫҢ КӨРІНІСІ

Бұл зерттеуде билингв балалардың сөйлеуінде кездесетін фонетикалық интерференция құбылысы жан-жақты қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – екі тілді меңгеру процесінде қазақ және орыс тілдерінің дыбыстық жүйелерінің өзара ықпалын анықтау, фонетикалық интерференцияның негізгі түрлерін сипаттау және оны түзету жолдарын ұсыну. Зерттеу барысында билингв балалардың сөйлеу ерекшеліктері диагностикалық әдістер арқылы бағаланып, олардың қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс меңгеру деңгейі, интонациялық өзгерістер және артикуляциялық ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар ата-аналармен сауалнама жүргізіліп, тілдік ортаның фонетикалық интерференцияға әсері зерттелді. Алынған мәліметтер статистикалық әдістер арқылы өңделіп, фонетикалық интерференцияның жиілік көрсеткіштері анықталды. Зерттеу нәтижелері фонетикалық интерференцияның билингв балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазақ тілі мен орыс тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ажыратуда қиындықтар туындайтыны анықталды, әсіресе дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмастырылуы, сөйлемдегі екпіннің өзгеруі және интонацияның бұзылуы жиі кездесетін қателер ретінде тіркелді. Сондай-ақ тілдік ортаның ықпалы қазақ тілінің фонетикалық нормаларын меңгеруде шешуші фактор екені анықталды. Алынған нәтижелер негізінде фонетикалық интерференцияны түзетуге арналған әдістемелік ұсыныстар жасалды. Дыбыстарды дұрыс артикуляциялау жаттығулары, интонациялық ерекшеліктерді меңгеру әдістері, сөздік қорды байытуға арналған тапсырмалар және ата-аналар мен мұғалімдермен жұмыс жүргізу стратегиялары ұсынылды.

Кілтті сөздер: билингвизм, фонетикалық интерференция, қазақ тілі, орыс тілі, дыбыстық жүйе, артикуляция, интонация.

Кіріспе

Қазіргі заман – көптілділік кең таралған жаһандану дәуірі. Бүгінде әлемнің ешбір аймағында бір ғана тіл қолданыста болатын қоғам жоқтың қасы. Көптеген елдердегі миграциялық үдерістердің белсенділігі нәтижесінде әртүрлі ұлт өкілдері бір ортада білім алады, бірге өмір сүреді. Бұл құбылыс әсіресе білім беру саласында айқын көрінеді: мектептер мен балабақшаларда әртүрлі тілдік және мәдени ортадан шыққан балалар кездеседі.

ЮНЕСКО және БҰҰ-ның білім беру саласындағы зерттеулері көрсеткендей, көптілділік – тұлғаның когнитивтік дамуына оң әсер ететін маңызды фактор [1]. Алайда билингвизмнің артықшылықтарымен қатар, белгілі бір қиындықтары да бар. Психолингвистикалық зерттеулерге сәйкес, билингв балаларда келесі негізгі мәселелер жиі кездеседі [2; 3]:

• Фонетикалық интерференция – билингв балалар бір тілдің дыбыстық жүйесін екінші тілге бейімдеп қолдануы мүмкін. Мысалы, қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген балалар кейбір дыбыстарды алмастырып айтуы мүмкін.

• Лексикалық интерференция – балалар бір тілден екінші тілге сөздерді механикалық түрде аударады немесе сөздерді араластырып қолданады.

• Әр тілдің өзіндік синтаксистік құрылымы бар. Билингв балалар кейде бір тілдегі сөйлем құрылымын екінші тілде қолдана отырып, грамматикалық қателіктер жібереді.

• Билингв балалардың оқу және жазу дағдылары екі тілде де баяу дамуы мүмкін. Бұл әсіресе бірінші тіл мен екінші тілдің жазу жүйелері әртүрлі болған жағдайда айқын байқалады.

• Бірден екі тілді меңгеру когнитивтік жүктемені арттыруы мүмкін. Кейбір балаларда тілді меңгеру жылдамдығы баяулап, ақпаратты өңдеу барысында қиындықтар туындауы ықтимал.

ЮНЕСКО-ның «Көптілді білім беру» (Multilingual Education) саясаты бұл мәселенің білім беру жүйесіне әсерін зерттейді және әр бала үшін ана тілі мен екінші тілді меңгерудің теңгерімді әдістерін ұсынуды қолдайды [4]. Еуропалық Одақтың «Тілдік әртүрлілік және білім беру» (Linguistic Diversity and Education) бағдарламасы билингв балалардың тілдік интерференциясын зерттеуге бағытталған [5]. АҚШ-тың Білім департаменті «Екі тілді білім беру және тіл саясаты» (Bilingual Education and Language Policy) құжатында билингв балалардың когнитивтік дамуына әсер ететін факторлар зерттеліп, олар үшін арнайы оқыту әдістері ұсынылады [6]. Фонетикалық интерференция – билингв балалардың екі тілдің дыбыстық заңдылықтарын

араластырып қолдануы. Бұл мәселе қазақ-орыс, қазақ-ағылшын, басқа да билингв балалардың сөйлеуінде жиі кездеседі [7].


Фонетикалық интерференция туралы алғашқы теориялық зерттеулердің бірі У. Вайнрайхтың (Weinreich, 1953) «Languages in Contact» еңбегінде қарастырылған [8]. Автор интерференцияны билингвизмнің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды және оның фонетикалық, лексикалық, синтаксистік деңгейлерде қалай көрініс табатынын талдайды. Ресейлік зерттеуші Л. В. Щерба (1974) екі тілді меңгеру барысында артикуляциялық базаның өзгеріске ұшырайтынын анықтады [9]. Ол билингв балалардың фонетикалық интерференциясы олардың сөйлеуіне әсер етіп, бірінші және екінші тілдегі дыбыстарды дұрыс ажыратуды қиындататынын көрсетті. Қазақстандық ғалым Қ. Жұбанов (1999) қазақ-орыс билингвизмінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттей отырып, қазақ тіліне тән [қ] және [ғ] сияқты фонемалардың орыс тілімен араласқан жағдайда өзгеріске ұшырайтынын анықтаған [10]. Флеге «Speech Learning Model» атты еңбегінде билингв балалардың фонетикалық жүйесінің қалыптасуы олардың екінші тілді қандай жаста үйренуіне тікелей байланысты екенін көрсетті [11]. АҚШ-тың Білім департаменті (2021) «Bilingual Education and Language Policy» баяндамасында фонетикалық интерференцияны жеңу үшін арнайы фонетикалық жаттығулар мен тілдік орта құру маңызды екенін атап өтеді [12].

Ким және Лави (Kim & Lavi, 2019) фонетикалық интерференцияның билингв балалардың сөйлеуіне ықпалын зерттей отырып, дыбыстық ауытқулардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі көрініс табатынын анықтады [13]. Олардың зерттеуі бойынша, екі тілді қатар меңгерген балаларда дауыссыз дыбыстарды алмастыру жиі кездеседі. Бейкер (Baker, 2020) өз еңбектерінде билингвизм мен фонетикалық интерференция арасындағы байланысты талдайды [14]. Оның зерттеулері фонетикалық интерференцияның қарым-қатынас сапасына қалай әсер ететінін көрсетіп, билингв балаларда белгілі бір дыбыстарды игерудің баяу жүретінін дәлелдейді. Смит және Джонсон (Smith & Johnson, 2021) зерттеулері фонетикалық интерференция билингв балалардың когнитивтік дамуына қалай әсер ететінін қарастырады [15]. Авторлар фонетикалық интерференцияның оқуға және жазуға әсерін бағалай отырып, ерте тілдік интервенцияның маңыздылығын атап көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу Алматы қаласындағы білім беру орталығында оқитын 50 билингв баланың фонетикалық интерференциясын талдауға бағытталған. Билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның көрінісін анықтау үшін бірнеше кезеңнен тұратын кешенді әдіснама қолданылды (Сурет 1).

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ-орыс билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның ерекшеліктерін анықтау және оның тілдік дамуға әсерін бағалау.



1-сурет – Билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның көрінісін анықтауға арналған әдіснама

Зерттеудің бірінші кезеңінде билингв балалардың тілдік дағдыларын бағалау үшін арнайы диагностикалық материалдар әзірленді. Бұл материалдарда қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, зерттелетін дыбыстар тізімі құрастырылады. Осы мақсатта балаларға арнайы сөздік тестер, фразаларды оқу және еркін әңгімелеу тапсырмалары берілді. Зерттеудің екінші кезеңінде фонетикалық интерференцияның көріністерін анықтау мақсатында жазылған материалдарға фонетикалық-акустикалық және артикуляциялық талдау жасалды. Бұл кезеңде фонетикалық интерференцияның негізгі түрлері анықталады. Зерттеудің үшінші кезеңінде фонетикалық интерференцияның ықтимал себептерін анықтау үшін билингв балалардың ата-аналары және мұғалімдерімен сауалнама және сұхбат жүргізілді. Зерттеудің төртінші кезеңінде алынған деректер статистикалық әдістер арқылы өңделді

Нәтижелер және талқылау.

Диагностикалық кезеңде билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның көрінісін анықтау үшін үш негізгі тапсырма қолданылды: лексикалық-дыбыстық тест, сөйлеу актілерін орындау және еркін сөйлеу тапсырмасы. Алғашқы кезеңде лексикалық-дыбыстық тест жүргізілді. Балаларға екі тілдегі ұқсас, бірақ дыбысталуы әртүрлі сөздерді дұрыс айту тапсырылды. Мысалы, қазақ тіліндегі «қара» және орыс тіліндегі «кара»,

«қой» мен «кой», «қуыршақ» пен «кукла» сөздері арқылы қазақ тіліндегі [к] және орыс тіліндегі [к] дыбыстарының алмастырылу ықтималдығы тексерілді. Орыс тілінен енген сөздерде бұл дыбыстар жиі ауыстырылып қолданылып, кейбір балалар «қала» сөзін «кола» деп немесе «құм» сөзін «кум» деп айтуға бейім екені анықталды. Сондай-ақ «ғасыр» мен «группа», «бағдар» мен «гарантия», «бағалы» мен «голос» сөздері арқылы қазақ тіліндегі [ғ] дыбысының орнына орыс тілінің [г] дыбысын қолдану тенденциясы зерттелді. Кейбір балалар қазақша сөйлегенде орысша дыбыстау заңдылықтарын қолдана отырып, «ғасыр» сөзін «гасыр» деп айтуға бейім екені байқалды.

Зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Лексикалық-дыбыстық тест нәтижесі

Фонетикалық интерференция түрі	**Кездесу жиілігі** (%)	**Балалар саны (50-ден)**	**Мысалдар**
Қазақ тіліндегі [к] → орыс тіліндегі [к]	78 %	39 бала	«Қала» → «Кола», «Құм» → «Кум»
Қазақ тіліндегі [ғ] → орыс тіліндегі [г]	65 %	33 бала	«Ғасыр» → «Гасыр», «Бағдар» → «Гарантия»
Қазақ тіліндегі [ө] → орыс тіліндегі [о]	72 %	36 бала	«Өзен» → «Озен», «Өрік» → «Орик»
Қазақ тіліндегі [ә] → орыс тіліндегі [а]	63 %	32 бала	«Әлем» → «Алем», «Әже» → «Аже»
Созылыңқы дауысты дыбыстарды қысқарту	58 %	29 бала	«Балапан» → «Балпан», «Құдық» → «Кудык»
Орыс тілінің екпінін қазақ сөйлеміне енгізу	42 %	21 бала	«Менің атым – Асқар» → «Менің атым Асқар»

Бұл нәтижелер билингв балалардың қазақ тіліндегі артикуляциялық дағдылары толық қалыптаспағанын және екінші тілдің дыбыстық жүйесі сөйлеу әдеттеріне әсер ететінін көрсетті.

Екінші тапсырма сөйлеу актілерін орындау болды. Бұл кезеңде балаларға белгілі бір фонетикалық құрылымы бар сөйлемдерді қайталап айту ұсынылды. Тапсырма барысында қазақ және орыс тілдерінде бірдей мағына беретін сөйлемдер берілді, мысалы: «Жасыл қаламды алдым» және «Я взял зелёную ручку», «Менің кітабым үстелде жатыр» және «Моя книга лежит на столе», «Кешке театрға барамыз» және «Вечером мы идём в театр». Бұл сөйлемдерді қайталау кезінде балалардың дыбыстық интерференциясы әртүрлі деңгейде байқалды. Қазақша сөйлемдерді айтқан кезде кейбір балалар

орыс тіліндегі интонациялық үлгілерді қолданып, екпінді соңғы буынға ауыстырды немесе сөздерді орысша дыбыстауға тырысты (Кесте 2).

2-кесте – Сөйлеу актілерін орындау нәтижелері

Фонетикалық интерференция түрі	**Кездесу жиілігі** (%)	**Балалар саны (50-ден)**	**Мысалдар**
Қазақ сөйлемдерінде орысша екпінді қолдану	55 %	28 бала	«Менің кітабым үстелде жатыр» → «Менің кітабым үстелде жатыр»
Қазақ тіліндегі [ң] → орыс тіліндегі [н]	48 %	24 бала	«Менің атым – Асқар» → «Менин атым – Асқар»
Созылыңқы дауыссыз дыбыстарды қысқарту	60 %	30 бала	«Қонақ» → «Конак», «Құдық» → «Кудык»

Үшінші тапсырма еркін сөйлеу тапсырмасы болды. Бұл кезеңде балаларға алдын ала берілген тақырыптар бойынша сөйлеу ұсынылды. Тақырыптар қарапайым әрі баланың сөздік қорына сай таңдалды, мысалы: «Менің сүйікті ойыншықтарым», «Менің отбасым», «Менің мектебім», «Менің досым». Балалар өз ойын қазақ және орыс тілдерінде еркін жеткізуге тырысты. Бұл тапсырма барысында қазақша сөйлемдердің ішінде орыс тілінің артикуляциялық базасы жиі қолданылатыны байқалды. Кейбір балалар сөйлем ішінде қазақ және орыс тілдерін араластырып сөйлеуге бейім болды. Мысалы, «Менің ағам университетте оқиды» орнына «Менің брат оқиды универде», «Кеше мектепке бардым» орнына «Кеше пошла мектепке» деген сөйлемдер кездесті (Кесте 3).

3-кесте – Еркін сөйлеу тапсырмасы нәтижелері

Фонетикалық интерференция түрі	**Кездесу жиілігі** (%)	**Балалар саны (50-ден)**	**Мысалдар**
Қазақ және орыс тілдерін араластыру	68 %	34 бала	«Менің ағам университетте оқиды» → «Менің брат оқиды универде»
Қатаң және ұяң дауыссыздардың ауысуы	54 %	27 бала	«Тағам» → «Дағам», «Қорық» → «Горық»
Қазақша [ә] → орысша [а] дыбысына ауысуы	61 %	31 бала	«Әлем» → «Алем», «Әже» → «Аже»

Диагностикалық тапсырмалар нәтижесінде фонетикалық интерференцияның негізгі көріністері анықталды:

– Дауыссыз дыбыстардың алмастырылуы – [к] → [к], [ғ] → [г], [ң] → [н], [д] → [т].

– Дауысты дыбыстардың өзгеруі – [ө] → [о], [ә] → [а].

– Созылыңқы дыбыстардың қысқартылуы – қазақ тіліндегі ұзын дауысты және дауыссыз дыбыстардың орыс тілінің артикуляциялық базасына бейімделіп айтылуы.

– Екпіннің өзгеруі – қазақ тілінде алғашқы буынға түсетін екпіннің орыс тіліндегі соңғы буынға ауысуы.

– Сөйлем ішінде қазақ және орыс тілдерінің араласуы – сөз деңгейінде немесе грамматикалық құрылымдар арқылы интерференцияның көрінуі.

Бұл нәтижелер билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның айтарлықтай деңгейде көрінетінін дәлелдеді.

Фонетикалық-акустикалық және артикуляциялық талдау барысында билингв балалардың сөйлеуін тереңірек зерттеу үшін олардың айтылымы бейнежазбаға түсірілді. Бейнежазбалар негізінде жүргізілген фонетикалық-акустикалық және артикуляциялық талдау билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның тұрақты түрде кездесетінін көрсетті. Дауыссыз дыбыстардың жұмсаруы жиі тіркелген құбылыс болып шықты. Балалардың 77 %-ы қазақ тіліндегі қатаң дауыссыздарды орыс тілінің ұяң дыбыстарына алмастырып айтты. Мысалы, «Қар» сөзі «Кар», «Тапсырма» сөзі «Дапсырма», «Парта» сөзі «Барта» түрінде айтылды. Сонымен қатар, ұяң дауыссыздардың артикуляциялық әлсіреуі 65 % балада тіркелді. «Дағдарыс» сөзі «Тағдарыс», «Байқау» сөзі «Пайқау», «Ғаламтор» сөзі «Қаламтор» болып айтылған жағдайлар кездесті. Бұл ауытқулар қазақ тілінің қатаң дауыссыздарына тән артикуляциялық күштің билингв балаларда әлсіреуін көрсетеді.

Дауысты дыбыстардың өзгеруі де жиі кездесетін құбылыс болды. Қазақ тіліндегі [і] және [ы] дыбыстарының қысқартылып айтылуы 73 % балада байқалды. Балалар «Білім» сөзін «Билім», «Сынып» сөзін «Сұнып», «Мұғалім» сөзін «Мұғалим» деп айтуға бейім болды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың қысқаруы 68 % балада анық» сөзі «Шолмек» түрінде айтылды. Интонация мен екпіннің өзгеруі де жиі кездесетін интерференциялық құбылыс болды. Қазақ сөйлемдерінде орыс тілінің екпіндік заңдылықтарын қолдану 62 % балада байқалды. Мысалы, «Мен кітап оқыдым» сөйлемін балалар «Мен кітап оқыдым» деп, соңғы буынға екпін түсіріп айтты.

Бейнежазбаларда балалардың артикуляция ерекшеліктері де зерттелді. Еріндік дыбыстардың артикуляциясы өзгергені байқалды, әсіресе қазақ тіліндегі [ө], [ү], [ұ] дыбыстары дұрыс айтылмады. 59 % бала «Үлкен» сөзін

«Үлкен», «Өнер» сөзін «Онер», «Құрылыс» сөзін «Қурылыс» деп айтты. Сондай-ақ, тіл ұшының өзгерісі байқалып, [ш] дыбысының орнына [с], [ж] дыбысының орнына [з] қолданылды. Балалардың 64 %-ында «Жұмыс» сөзі «Зұмыс», «Шыдамды» сөзі «Сыдамды», «Жел» сөзі «Зел» болып дыбысталды. Тіл арты дыбыстарының жұмсаруы да 72 % балада анықталды. Қазақ тіліндегі [к] және [ғ] дыбыстары жұмсақ айтылып, «Қыс» сөзі «Кыс», «Ғарыш» сөзі «Гарыш», «Қарағай» сөзі «Карагай» болып өзгерді. Бұл өзгерістер балалардың орыс тілінің артикуляциялық базасына бейімделгенін көрсетеді (Кесте 4).

4-кесте – Фонетикалық-акустикалық және артикуляциялық талдау нәтижелері


Фонетикалық интерференция түрі	**Кездесу жиілігі** (%)	**Балалар саны (50-ден)**	**Мысалдар**
Қазақ тіліндегі қатаң дауыссыздардың жұмсаруы	77 %	39 бала	«Қар» → «Кар», «Тапсырма» → «Дапсырма», «Парта» → «Барта»
Ұяң дауыссыздардың артикуляциялық әлсіреуі	65 %	33 бала	«Дағдарыс»→ «Тағдарыс», «Байқау» → «Пайқау», «Ғаламтор» → «Қаламтор»
Дауысты дыбыстардың қысқаруы	68 %	34 бала	«Білім» → «Билім», «Сынып» → «Сұнып», «Мұғалім» → «Мұгалим»
Қазақ сөйлемдерінде орысша екпін қолдану	62 %	31 бала	«Мен кітап оқыдым» → «Мен кітап оқыдым», «Жазда ауылға барамыз» → «Жазда ауылға барамыз»
Еріндік дыбыстардың толық айтылмауы	59 %	30 бала	«Үлкен» → «Улкен», «Өнер» → «Онер», «Құрылыс» → «Қурылыс»
Тіл арты дыбыстарының жұмсаруы	72 %	36 бала	«Қыс» → «Кыс», «Ғарыш» → «Гарыш», «Қарағай» → «Карагай»

Фонетикалық-акустикалық және артикуляциялық талдау нәтижесінде билингв балалардың сөйлеуінде келесі негізгі өзгерістер анықталды. Дауыссыз дыбыстардың жұмсаруы жиі тіркеліп, [к] → [к], [п] → [б], [т] →

[д], [ш] → [с], [ж] → [з] дыбыстары ауыстырылды. Дауысты дыбыстардың қысқаруы байқалып, [і] → [ы], [ө] → [о], [ү] → [у] дыбыстары өзгерді. Еріндік дыбыстар толық айтылмай, [ө], [ү], [ұ] дыбыстары орысша артикуляциялық жүйеге сәйкес бейімделді. Қазақ сөйлемдерінде орыс тілінің интонациясы мен екпін заңдылықтары қолданылып, екпін сөздің соңғы буынына түсті.

Бұл нәтижелер билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның артикуляциялық, акустикалық және интонациялық деңгейде тұрақты түрде кездесетінін көрсетті. Осыған байланысты келесі кезеңде фонетикалық интерференцияны түзету әдістері ұсынылады.

Ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелері билингв балалардың сөйлеу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Жалпы сауалнамаға 38 ата-ана қатысты. Алынған мәліметтер балалардың күнделікті қарым-қатынасында қай тілді басым қолданатынын, олардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның қалай көрініс табатынын және ата-аналардың бұл мәселеге қаншалықты мән беретінін анықтауға көмектесті. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ата-аналардың 52 %-ы баласының көбінесе орыс тілінде сөйлейтінін, 40 %-ы қазақ тілін жиі қолданатынын, ал 8 %-ы екі тілді бірдей деңгейде пайдаланатынын айтты (Сурет 2). Бұл билингв балалардың басым көпшілігі орыс тілінің ықпалына ұшырайтынын көрсетеді. Сонымен қатар ата-аналардың 58 %-ы баласының орыс тілінде оқуды және жазуды жақсы меңгергенін атап өтті, ал 36 %-ы қазақ тілінде сауаттырақ екенін айтты. Қалған 6 %-ы екі тілде бірдей деңгейде жазып, оқи алатынын көрсеткен.



2-сурет – Ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелері

Балалардың сөйлеуінде екі тілді араластыру мәселесі де өзекті болып шықты. Ата-аналардың 74 %-ы баласының сөйлеу барысында қазақ және орыс тілдерін араластырып сөйлейтінін растады, ал 26 %-ы мұндай жағдайдың

сирек немесе мүлдем кездеспейтінін айтты. Бұл нәтиже фонетикалық интерференцияның тек жеке дыбыстар деңгейінде ғана емес, жалпы сөйлеу құрылымына да әсер ететінін білдіреді.


Сондай-ақ 60 % ата-ана баласының қазақ тілінде сөйлегенде орыс тілінің екпінін қолданатынын байқаған. Бұл балалардың сөйлем ішіндегі екпінді соңғы буынға қоюға бейім екенін және интонацияның да орыс тіліне жақындайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, ата-аналардың 55 %-ы баласының кейбір қазақша дыбыстарды дұрыс айта алмайтынын атап өтті. Балалардың қай тілде өз ойын еркін жеткізетіні туралы сұраққа ата-аналардың 59 %-ы орыс тілінде, 32 %-ы қазақ тілінде, ал 9 %-ы екі тілде бірдей деңгейде сөйлей алатынын айтты. Бұл қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдысының жеткіліксіз екенін және фонетикалық интерференцияның сөйлеу еркіндігіне әсер ететінін көрсетеді. Жалпы, сауалнама нәтижелері билингв балалардың сөйлеуінде фонетикалық интерференцияның жоғары деңгейде кездесетінін және оның басты себебі ретінде күнделікті қарым-қатынаста орыс тілінің басым қолданылатынын айқындады.

Зерттеу нәтижелері фонетикалық интерференцияның деңгейі балалардың тілдік ортасына, сөйлеу әдеттеріне және тіл меңгеру деңгейіне тікелей байланысты екенін көрсетті. Қазақша ортада тәрбиеленген балаларда фонетикалық интерференция деңгейі 41 %-ды құраса, орысша ортада өскен балаларда бұл көрсеткіш 78 %-ға жетті. Тіл меңгеру деңгейіне қарай қазақ тілін жақсы меңгерген балаларда фонетикалық интерференция 39 %-ды құраған, ал орысша жақсы меңгергендер арасында бұл көрсеткіш 80 %-ға дейін көтерілген (Кесте 5).

5-кесте – Фонетикалық интерференцияның жиілік көрсеткіштері

Зерттелген факторлар	**Фонетикалық интерференция деңгейі (%)**	**Балалар саны (50-ден)**
Тілдік орта (қазақша басым)	41 %	21 бала
Тілдік орта (орысша басым)	78 %	39 бала
Тіл меңгеру деңгейі (қазақша жақсы)	39 %	20 бала
Тіл меңгеру деңгейі (орысша жақсы)	80 %	40 бала
Қазақша жиі сөйлейтін балалар	45 %	22 бала
Орысша жиі сөйлейтін балалар	76 %	28 бала
Қазақша және орысша тең қолданатын балалар	55 %	10 бала

Сөйлеу дағдысы да маңызды рөл атқарды: қазақша жиі сөйлейтін балаларда фонетикалық интерференция 45 % болса, орыс тілін басым қолданатын балаларда бұл көрсеткіш 76 %-ға жеткен. Қазақша және орысша тең қолданатын балаларда фонетикалық интерференция 55 % деңгейінде тіркелді. Бұл мәліметтер қазақ тілі басым қолданылатын орта мен тұрақты сөйлеу тәжірибесі фонетикалық интерференция деңгейін төмендетуге ықпал ететінін дәлелдейді. Зерттеудің соңғы кезеңінде алынған нәтижелерді талдау негізінде билингв балалардың сөйлеуіндегі фонетикалық интерференцияны азайтуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар жасалды. Бұл ұсыныстар фонетикалық интерференцияның негізгі себептерін ескере отырып, түзету жұмыстарына бағытталды (Сурет 3).



3-сурет – Фонетикалық интерференцияны түзетуге арналған әдістемелік ұсыныстар

Зерттеудің соңғы кезеңінде алынған нәтижелер негізінде билингв балалардың сөйлеуіндегі фонетикалық интерференцияны түзетуге арналған әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Алдымен, дыбыстарды дұрыс артикуляциялауға арналған жаттығулар ұсынылды, себебі зерттеу барысында қазақ тіліндегі қатаң және ұяң дауыссыздарды шатастыру, дауысты дыбыстарды дұрыс артикуляциялама жиі кездесетіні анықталды. Осыған байланысты балаларға айна әдісі арқылы өз айтылымдарын бақылау ұсынылды, бұл әсіресе [к] және [қ], [г] және [ғ] дыбыстарын ажырата білуге көмектеседі. Сонымен қатар тіл бұлшықеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар енгізілді. Бұл жаттығулар тілдің қозғалысын икемді етіп, артикуляциялық дағдыларды жетілдіруге бағытталды. Әріптерді бөліп айту әдісі арқылы балаларға сөздерді дұрыс

буындап айту үйретілді, мысалы, «тағам» сөзін «та-ға-м» деп емес, «та-ғам» деп айтуға жаттықты.

Жалпы, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, фонетикалық интерференцияны азайтуға бағытталған нақты әдістемелік ұсыныстар жасалды. Олардың ішінде дыбыстарды дұрыс артикуляциялауға арналған жаттығулар, қазақ тіліндегі интонациялық ерекшеліктерді меңгеру әдістері, сөздік қорды дамытуға арналған тапсырмалар, екі тілдің айырмашылықтарын түсіндіру, ата-аналар мен мұғалімдермен бірлескен жұмыс жүргізу бар.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері билингв балалардың қазақ тіліндегі фонетикалық нормаларды меңгеруін жақсарту үшін тілдік орта мен сөйлеу тәжірибесін күшейту қажеттігін көрсетті. Бұл баланың сөйлеуіне саналы түрде әсер ету арқылы интерференцияны азайтуға болатынын дәлелдейді. Сонымен қатар ата-аналардың және мұғалімдердің балалардың тілдік дағдыларын қалыптастырудағы рөлі ерекше екені анықталды. Егер қазақ тілі үйде де, мектепте де белсенді қолданылса, балалардың дұрыс сөйлеу дағдылары тұрақты дамып, фонетикалық интерференция деңгейі төмендейді. Бұл зерттеудің нәтижелері тек билингв балалардың тілдік дамуын зерттеумен ғана шектелмейді. Ол қазақ тілін меңгерту процесінде кездесетін қиындықтарды жеңу үшін білім беру саласында жаңа әдістемелік тәсілдер енгізуге негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 MTB MLE resource kit : Including the excluded. [Electronic resource]. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark%3A/48223/pf0000370046

2 **Fortier, V., Simard, D.** Exploring the contribution of phonological memory to metasyntactic abilities in bilingual children [Text] // Language Awareness. – 2017. – Vol. 26, No 2. – P. 78–95. – https://doi.org/10.1080/09658416.2017.1345919

3 **Ali, A. M.** The Effect of Bilingualism on Cognitive Development in Children Review Article [Text] // Alustath Journal for Human and Social Sciences. – 2023. – Vol. 62, No 4. – P. 387–404. – http://dx.doi.org/10.36473/ujhss.v62i4.2278

4 **Ouane, A.** Towards a multilingual culture of education [Text]. – Hamburg : UNESCO Institute for Education, 2003. – P. 200–202.

5 **Hélot, C.** Linguistic diversity and education [Text] // The Routledge handbook of multilingualism. – Routledge, 2012. – P. 231–248.

6 **Shoba, J. A., Chimbutane, F.** Bilingual education and language policy in the global south [Text]. – New York : Routledge, 2013. – P. 876–878.

7 **Chionidou, A., Nicolaidis, K.** Voice onset time in bilingual Greek-German children [Text] // ICPhS. – 2015. – P. 71–73.

8 **Weinreich, U.** Languages in contact: Findings and problems. – Walter de Gruyter, 2010. – No 1. – P. 15–18.

9 **Щерба, Л.** Преподавание иностранных языков в школе [Текст]. – Litres, 2019. – С. 115–116.

10 **Кайыров, А.** Профессор Қ. Жұбанов және қазақ тілінің фонетикасы мәселелері [Мәтін] // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Хабаршысы. – 2024. – Т. 32. – № 4. – С. 107–116.

11 **Flege, J. E.** Origins and development of the Speech Learning Model [Text] // Retrieved December. – 2005. – Vol. 13. – P. 20–21.

12 **Johnson, D. C.** Implementational and ideological spaces in bilingual education language policy [Text] // International Journal of Bilingual Education and Bilingualism. – 2010. – Vol. 13, No 1. – P. 61–79.

13 **Vikhrova, A. Y., Lypkan, T. V.** Softness of consonants in the oral speech of Russian-speaking bilinguals in Germany and monolinguals in Russia [Text] // Russian Language Studies. – 2023. – Vol. 21, No 3. – P. 261–277.

14 **Baker, C.** Foundations of bilingual education and bilingualism. – Multilingual matters, 2011. – P. 112–113.

15 **Johnson, J.** Factors related to cross-language transfer and metaphor interpretation in bilingual children [Text] // Applied Psycholinguistics. – 1989. – Vol. 10, No 2. – P. 157–177.

REFERENCES

1 MTB MLE resource kit: Including the excluded. [Electronic resource]. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark%3A/48223/pf0000370046

2 **Fortier, V., Simard, D.** Exploring the contribution of phonological memory to metasyntactic abilities in bilingual children [Text]. Language Awareness. – 2017. – Vol. 26, No 2. – P. 78–95. – https://doi.org/10.1080/09658416.2017.1345919

3 **Ali, A. M.** The Effect of Bilingualism on Cognitive Development in Children Review Article [Text]. Alustath Journal for Human and Social Sciences. – 2023. – Vol. 62, No 4. – P. 387–404. – http://dx.doi.org/10.36473/ujhss.v62i4.2278

4 **Ouane, A.** Towards a multilingual culture of education [Text]. – Hamburg : UNESCO Institute for Education, 2003. – P. 200–202.

5 **Hélot, C.** Linguistic diversity and education [Text]. The Routledge handbook of multilingualism. – Routledge, 2012. – P. 231–248.

6 **Shoba, J. A., Chimbutane, F.** Bilingual education and language policy in the global south [Text]. – New York : Routledge, 2013. – P. 876–878.

7 **Chionidou, A., Nicolaidis, K.** Voice onset time in bilingual Greek-German children [Text]. – ICPhS. – 2015. – P. 71–73.

8 **Weinreich, U.** Languages in contact: Findings and problems. – Walter de Gruyter, 2010. – No 1. – P. 15–18.

9 **Shcherba, L.** Prepodavanie inostrannykh yazykov v shkole [Teaching foreign languages at school] [Text]. – Litres, 2019. – P. 115–116.

10 **Kayyrov, A. Professor Қ.** Zhubanov zhane kazak tilinin fonetikasy maseleleri [Professor K. Zhubanov and problems of phonetics of the Kazakh language] [Text] // Batys Kazakstan innovatsiyalyk-tekhnologiyalyk universitetinin Khabarshysy. – 2024. – Vol. 32 , No 4. – P. 107–116.

11 **Flege, J. E.** Origins and development of the Speech Learning Model [Text]. – Retrieved December. – 2005. – Vol. 13. – P. 20.

12 **Johnson, D. C.** Implementational and ideological spaces in bilingual education language policy [Text] // International Journal of Bilingual Education and Bilingualism. – 2010. – Vol. 13, No 1. – P. 61–79.

13 **Vikhrova, A. Y., Lypkan, T. V.** Softness of consonants in the oral speech of Russian-speaking bilinguals in Germany and monolinguals in Russia [Text] – Russian Language Studies. – 2023. – Vol. 21, No 3. – P. 261–277.

14 **Baker, C.** Foundations of bilingual education and bilingualism. – Multilingual matters, 2011. – P. 112–113.`

15 **Johnson, J.** Factors related to cross-language transfer and metaphor interpretation in bilingual children [Text] // Applied Psycholinguistics. – 1989. – Vol. 10, No 2. – P. 157–177.

07.04.25 ж. баспаға түсті.
13.10.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Д. Мұқият[1], Л. Т. Алимтаева[2]*
[1,2]Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 07.04.25.
Поступило с исправлениями 13.10.25.
Принято в печать 10.08.26.

ОТРАЖЕНИЕ ФОНЕТИЧЕСКОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ В РЕЧИ ДЕТЕЙ-БИЛИНГВОВ

В этом исследовании билингв подробно рассмотрел явление фонетической интерференции, обнаруживаемое в речи детей.

Основная цель исследования-выявить взаимодействие звуковых систем казахского и русского языков в процессе овладения двумя языками, охарактеризовать основные виды фонетической интерференции и предложить пути ее коррекции. В ходе исследования были оценены речевые особенности билингв-детей с помощью диагностических методов, проанализированы их уровень правильного усвоения звуков казахского языка, интонационные изменения и артикуляционные особенности. Кроме того, были опрошены родители, а также изучено влияние языковой среды на фонетические помехи. Полученные данные обрабатывались статистическими методами и определялись частотные показатели фонетической интерференции. Результаты исследования показали, что фонетическая интерференция играет важную роль в формировании речевых навыков у детей. Установлено, что возникают трудности в различении фонологических особенностей казахского и русского языков, особенно в качестве частых ошибок регистрировались замещение гласных и согласных, изменение акцента в предложении и нарушение интонации. На основании полученных результатов разработаны методические рекомендации по коррекции фонетической интерференции. Были предложены упражнения на правильную артикуляцию звуков, методы овладения интонационными особенностями, задания на обогащение словарного запаса и стратегии работы с родителями и учителями.

Ключевые слова: билингвизм, фонетическая интерференция, казахский язык, русский язык, звуковая система, артикуляция, интонация.

**D. Mukiyat[1], L. T. Alimtaeva[2]*
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 07.04.25.
Received in revised form 13.10.25.
Accepted for publication 10.08.26.

REFLECTION OF PHONETIC INTERFERENCE IN THE SPEECH OF BILINGUAL CHILDREN

In this study, a bilingual examined in detail the phenomenon of phonetic interference found in children's speech. The main purpose of the study is to identify the interaction of the sound systems of the Kazakh and Russian languages in the process of mastering two languages, to characterize

the main types of phonetic interference and suggest ways to correct it. The study assessed the speech characteristics of bilingual children using diagnostic methods, analyzed their level of correct assimilation of Kazakh language sounds, intonation changes and articulatory features. In addition, parents were interviewed, and the influence of the language environment on phonetic interference was studied. The results of the study showed that phonetic interference plays an important role in the formation of speech skills in children. It was found that there are difficulties in distinguishing the phonological features of the Kazakh and Russian languages, especially the substitution of vowels and consonants, a change in accent in a sentence and a violation of intonation were registered as frequent errors. Exercises for the correct articulation of sounds, methods of mastering intonational features, tasks for enriching vocabulary and strategies for working with parents and teachers were offered.

Keywords: bilingualism, phonetic interference, Kazakh language, Russian language, sound system, articulation, intonation.

ҒТАМР 14.25.09

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/605-619

***Г. Ә. Мұхиддинова[1], Қ. Ө. Есенова[2]**

[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.;
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0002-9902-8590
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7402-3625
*e-mail: guljdil@mail.ru

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: PRISMA ӘДІСІМЕН ЖАСАЛҒАН СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ӘДЕБИ ШОЛУ

Бұл жүйелі шолу 1996 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі лингвистика және аксиология ғылымдарының қазіргі жағдайын және оның әлем бойынша зерттеу белсенділігін талдауға бағытталады. Scopus және Google scholar дерекқорынан құжаттар тауып, олардың ішінен ағылшын, орыс тілінен басқа тілдегі мақалалар алып тасталды. Құжаттарды сұрыптау нәтижелері бойынша конференция материалдары, мақалалар, шолу мақалалары, кітаптар, кітап тараулары, шағын сауалнамалар таңдап алынды. Бұл мәліметтер ғылыми ізденістердің кең спектрін қамтиды және лингвистика және аксиология саласындағы зерттеулерді түсіну үшін маңызды дереккөздер болып табылады және бұл зерттеудің сенімділігі мен ғылыми негізділігін арттырады. Жарияланымдар санының жыл сайын артуы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Осы зерттеуді басшылыққа алған екі негізгі зерттеу сұрағын шешу үшін PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдісі қолданылды. Мақалада әр түрлі елдердегі зерттеулердің таралуы салыстырмалы түрде қарастырылды. Нәтижелер көрсеткендей, АҚШ, Польша, Солтүстік Америкада, әсіресе, Ресей Федерациясында лингвоаксиологияға қатысты зерттеулердің саны айтарлықтай жоғары, ал Оңтүстік Америка, Африка елдерінде бұл салада зерттеулер салыстырмалы түрде аз. Зерттеу нәтижелері лингвоаксиологияға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын әлі де көп жетілдіру мен дамыту қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар,

аксиология және лингвистика салаларының қай уақыт аралығында жемісті және қай жылдар аралығында жеткіліксіз зерттелгендігі жөнінде анықталды. Лингвоаксиология ғылымының даму кезеңдері, лингвоаксиология мен методиканың байланысы, оны зерттеушілер туралы зерделеу жасалды.

Кілт сөздер: лингвистика және аксиология, лингвоаксиология ғылымы, құндылық, лингвометодика, PRISMA, жүйелі әдеби шолу.

Кіріспе

Қазіргі таңда қазақ тілінің жүйелі-құрылымдық қызметімен қатар, танымдық қызметінің де шеңбері кеңейе түсті. Тіл ғылымының жаңа бағыттары жөнінде алғашқы пікірлер, көзқарастар ертеректе басталғанымен, кейінгі кезеңде ғана зерттеу нысанына айналып, «антропоөзектік» деген тілдің өзекті мәселесіне айналған жалпы ұғымға ие этнолингвистика, психолингвистика, социолингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану, лингвоаксиология салалары зерттелуде.

Осы салалардың ішінде лингвоаксиология туралы айтатын болсақ, ең алдымен, аксиология ғылымына басымдық беретініміз анық. Аксиология (axia – құндылық және logos – сөз) құндылықтарды зерттейтін ілім. Аксиология – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта алатын орны және құндылық ұғымының жіктелуін зерттейтін философия ғылымының бір саласы. Қазіргі кезде аксиологиялық зерттеулер арасында тілге қатысты «лингвистикалық аксиология» дамып келе жатыр. Құндылықтар термині тіл арқылы ғана әлеммен байланыстыратыны белгілі. Тіл білімі мен аксиологияның арақатынасы тілдің аксиологиялық өрісін қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі кезде лингвистика және аксиология ғылым салаларының зерттелуі қандай географиялық аумақты қамтиды және қандай ғылыми салалар мен уақыт аралығында зерттелген, лингвоаксиология ғылымының даму кезеңдерін, лингвоаксиология мен методиканың арақатынасы, оны зерттеушілер туралы анықтау.

Осы мақсатқа жету жолында төмендегідей зерттеу сұрақтары негізге алынып, оларға жауаптар берілді:

1. Лингвистика және аксиология салаларының зерттелуі қандай географиялық аумақты қамтиды және қай уақыт аралығында зерттелген?

2. Лингвистика және аксиология ғылымдары, олардың зерттеу объектісі, зерттеуші ғалымдар және лингвоаксиология мен методиканың арақатысы туралы қандай пікірлер бар?

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу Scopus және Google scholar мәліметтер базасынан алынған деректерді талдау негізінде құрылды. Зерттеудің басты мақсаты – лингвоаксиология ғылымы, оның зерттелуі, зерттеу объектісі, құндылық ұғымы, оның жіктелуі туралы жарияланған ғылыми жұмыстарды жүйелі түрде шолу жасау. Scopus платформасындағы іздеу кезінде «лингвистика және аксиология» кілт сөздері енгізілді. Іздеу нәтижесінде 184 құжат табылды, олардың өзінен ағылшын, орыс тілінен басқа тілдегі мақалаларды алып тастағанда 153 мақала қалды. Олар мақалалар, конференция материалдары, кітаптар, шолу мақалалар түрінде берілген. Табылған ғылыми мақалалар жылдар бойынша жүйеленді, ол 1996 жылдан 2024 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтыды. Келесі кезең құжаттарды сұрыптау нәтижелері бойынша мына құжат түрлері таңдалды: конференция материалдары 84 құжат, мақалалар 37 құжат, шолу мақалалары 11 құжат, кітаптар 12 құжат, кітап тараулары 7 құжат, шағын сауалнамалар мен шолулар 2 құжат. Бұл мәліметтер ғылыми ізденістердің кең спектрін қамтиды және лингвистика және аксиология саласындағы зерттеулерді түсіну үшін маңызды дереккөздер болып табылады. Жарияланымдар санының артуы: графикте уақыт өткен сайын жарияланымдардың санының біртіндеп өскені байқалады, бұл тақырыптың өзектілігінің артуын көрсетеді. Осы зерттеуді басшылыққа алған екі негізгі зерттеу сұрағын шешу үшін PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдісі қолданылды [1,1-б]. Бұл әдіс зерттеулерді жүйелі түрде іздеу, іріктеу, бағалау және талдау процесін кезең-кезеңімен сипаттайды. 1-кестеде қандай критерийлерге байланысты мақалалардың алынғандығы көрсетілді.


1-кесте. Қосу және алып тастау критерийлері

Қосу критерийлері (Inclusion Criteria)	**Алып тастау критерийлері (Exclusion Criteria)**
Эмпирикалық зерттеулер жүргізілген	Шолу мақалалар
Лингвистикаға бағытталған зерттеулер	Лингвистикаға қатысы жоқ
Тақырыпқа сәйкес келетін зерттеулер	Лингвоаксиологияға қатысты емес

Барлық табылған деректерді қарап шығып, олардың тақырыптары мен тезистерін тексеріп, сәйкес келмейтіндерін алып тастап, осы жүйелі шолуға қатыстылығы анықталды. Аннотацияны зерделеу арқылы эмпирикалық зерттеу екендігі анықтала бермейді, сондықтан таңдап алынған мақалалар толық оқылып, шешім қабылданды. Негізгі Scopus дерекқоры мен қосымша Google scholar дерекқорларынан алынған жазбаларды Excel бағдарламасына

біріктіріп, дубликаттар бар-жоғы тексерілді. Тексеру нәтижесінде мақалалардың бірін-бірі қайталамағандығы анықталды. 2-кестеден көріп тұрғандай жалпы 153 мақала сарапталып, соңында PRISMA әдісіне сәйкес Scopus және Google scholar дерекқорынан іріктелген 16 ғылыми мақалаға жүйелі әдеби шолу жасалды.

2-кесте – PRISMA 2020 жүйелі шолулар үшін арналған ағын диаграммасы (тек мәліметтер базалары мен тіркеу платформаларынан алынған іздеулер негізінде)



Нәтижелер және талқылау

Зерттеудің негізгі сұрақтарына жауап беру мақсатында төменде әр сұраққа жеке-жеке талдау жасалды.

1. *Лингвистика және аксиология салаларының зерттелуі қандай географиялық аумақты қамтиды және қай уақыт аралығында зерттелген?*


Аксиология және лингвистика ғылымдары бойынша 1996 жылдан бастап 2024 жыл аралығында (1996–2024) ғылыми-зерттеу жұмыстарының айтарлықтай өсуі байқалады. 1996 жылдан 2014 жылға дейін өте аз, тек 1,2 жұмыс қана ұсынылған, 2019, 2021, 2023 жылдары осы тақырыпқа арналған жарияланымдар санының едәуір артқаны көрінеді (1-сурет). Бұл салаға деген қызығушылықтың қазіргі жоғары деңгейі оның өзектілігі мен маңыздылығын айқындайды. Алайда 2025 жылға жоспарланған ғылыми басылымдар әлі жарияланып үлгермегендіктен, бұл жылға қатысты толық мәлімет жоқ. Зерттеу жарияланымдарының соңғы жылдарда өсуі лингвоаксиология ғылымына ерекше назар аударылып жатқанын және бұл бағытта жүргізілетін зерттеулердің болашақта да өзекті болатынын көрсетеді.



1-сурет – Лингвоаксиология саласының жылдар бойынша зерттелу хронологиясы

Лингвистика және аксиология туралы 153 зерттеу жарияланым әлемнің 32 елін, бес құрлықты қамтиды. Алайда бұл зерттеулердің таралуы құрлықтар арасында біркелкі болмаған. Еуропада 106 зерттеу жүргізілген, бұл жалпы зерттеулердің 69 %-ын құрайды. Еуропада зерттеулер әртүрлі елдерде жүргізілгенімен, ең көп ғылыми жұмыс Ресейде (73), Польшада (11). Солтүстік Америкада 18. Бұл құрлықтағы зерттеулердің 15-і АҚШ-та жүргізілген, бұл АҚШ-тың зерттеу саласындағы басым рөлін көрсетеді.

Азия зерттеулер саны бойынша үшінші орында. Азияда зерттеулердің саны 12, оның 5-еуі Қазақстанға, 2-еуі Оңтүстік Америкаға тиесілі. Оңтүстік Америкада зерттеулер санының аздығы аймақтағы ғылыми жұмыстардың жеткіліксіздігін көрсетеді. Африка құрлығында, оның ішінде Оңтүстік Африкада тек бір ғана еңбек жазылған. 6 зерттеу жұмысының географиялық аймағы көрсетілмеген. Аксиология және лингвистика саласындағы зерттеулердің таралуы көбіне дамыған елдерде шоғырланған. Еуропа елдері көш бастап тұр, оның ішінде Ресей 69 %-бен жетекші зерттеу орталығына айналып отыр. Азия мен Солтүстік Америка елдері, әсіресе АҚШ, Польша елдерінде жеткілікті зерттелген, Қазақстанда 5 зерттеу еңбегі бар. (2-сурет).



2-сурет – Лингвистика және аксиология ғылым салаларының әлем елдері бойынша зерттелуі.

2. *Лингвистика және аксиология ғылымдары, олардың зерттеу объектісі, зерттеуші ғалымдар және лингвоаксиология мен методиканың арақатысы туралы қандай пікірлер бар?*

Лингвистика және аксиология ғылымдарының байланысы, олардың зерттеу объектісі, қай жылдардан бастап зерттеле бастады деген мәселе зерделенеді. Ең біріншіден, әрине, жүйелі зерттеуіміздегі аксиология ғылымының мәні, зерттеу объектісі туралы айтылған мақалаларға тоқталдық [2, 66-б.]; [3, 181-б.]; [4, 14-б.]; [5, 454-б.]; [6, 275-б.].

Аксиология философияның ерекше бір саласы ретінде пайда бола бастады. Кейбір деректерде аксиология XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап дами

бастады деген пікір айтылады. Алғаш терминді 1902 жылы француз философы П. Лапи енгізді, ал 1904 жылы Э. фон Гартманн бұл терминді құндылықтармен айналысатын философияның бір бөлімін атау үшін қолданды [2, 66-б.]. Аксиология ежелгі философиядан бастап қалыптаса бастаған. Аксиология, шын мәнінде, философияның өзі сияқты ежелгі ғылым деп айтуға да болады. Аксиология (гр. axios – құнды, logos – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта алатын орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Бүгінде аксиологиялық ізденістер мен зерттеулер саны көбеюде [3, 181-б.]. Соңғы жылдары «аксиология» ұғымы ғылыми ортада кеңінен қолданылып келеді. Бұл – құндылықтарды, олардың функцияларын, табиғатын және өзара қатынастарын зерттейтін ғылым. Н. А. Асташова құндылықтарды адамның моральдық тәрбиесінің элементтері, ішкі адам мәдениетінің ең маңызды құрамдас бөліктері, жеке ойлау, тұлғалық қасиеттер мен сапалар түрінде көрініс табатынын және адамдардың қоғамға, табиғатқа, басқа адамдарға және өздеріне деген қатынасын анықтайтынын айтады [4, 14-б.]. Ал, ғалым Л. В. Баева аксиология мәдениеттерді, экономикалық монополияларды және әлеуметтік-саяси өмір драмасын теңестірудің әсерінсіз рухани жеке бостандықты сақтауға мүмкіндік береді деді [5, 454-б.]. Қазіргі замандағы құндылықтарды түсіну мен зерттеудің маңыздылығы әлемнің заманауи және іргелі антропологиялық мәселелерін шешуде оның мүмкіндіктері мен теориялық салдарын практикалық қолдануды қарастыруды қамтитындығын айтады [6, 275-б.].

Ал, мына мақалаларда лингвистика мен аксиология ғылымдарының байланысы, лингвоаксиология ғылымының зерттелуі, зерттеушілер, зерттеу объектісі жөнінде тоқталады [7, 110-б.]; [8, 410-б.]; [9, 1161-б.]; [10, 4-б.]; [11, 59, 61-б.]; [12, 227-б.]; [13, 203-б.]; [14, 14-б.].

Соңғы онжылдықтарда философиялық пән ретінде қалыптасқан аксиология ғылымы өзінің шеңберін кеңейтіп, қазіргі кезде көптеген гуманитарлық және әлеуметтік пәндерді де қамтып келеді [7,110-б.]. Құндылық категориясының зерттелу тарихы гуманитарлық білімде дәстүрге айналған. Алайда «тілдегі құндылықты» лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің басталғанына көп болған жоқ. 2000 жылдардың басынан бастап «аксиологиялық лингвистика» немесе «лингвистикалық аксиология» деген толық ғылыми бағыт қалыптасты десек болады [8, 410-б.].

Авторлардың пікірінше, лингвоаксиологияны зерттеуде Н. Д. Арутюнова, Е. М. Вольф, Г. Павлов, Е. Ф. Серебрянникова, В. Н. Телия, Л. М. Васильев, Г. Лакофф, Н. А. Лукиановалардың еңбегі зор [9, 1161-б.]; [10, 4-б]. Г. Лакоффтың пікірінше, «лингвистиканың дамуы тілдік элементтердің таралуын зерттеу ретінде емес, адам мен оның тіл арқылы көрінетін құндылықтарын зерттеу ретінде қарастырылатын философия, психология,

логика, антропология, әлеуметтану және басқа да көптеген ғылым салаларында ғана айтарлықтай алға жылжу байқалады» [9, 1161-б.]. Шетелдік лингвист Эйхенвальд құндылық ұғымының көп қырлы және адам өмірінде жақсы, дұрыс, қалаулы нәрселер бағаланатынын, осыдан-ақ бұл ұғымның адамдардың өмір жолындағы жақсы, дұрыс, қалаулы нәрсені, оқиғаны немесе әрекетті айқындайтынын айтты. Құндылықтар тілде осы заттар, оқиғалар, іс-әрекеттер арқылы вербалданатынын және құндылық ұғымының лингвистикамен байланысты екендігін жеткізді [10, 4-б.].

Г. Павлов «тіл – сана – қоғам – мәдениет – адам» кешенін лингвистикалық аксиологияның объектісі деп санады. Н. Д. Арутюновтың «Тілдік мағынаның түрлері: бағалау, жағдай, факт» және Е. Ф. Серебрянниковаңың жетекшілігімен шыққан «Лингвистика және аксиология: құндылық мағыналарының этносимметриясы» ұжымдық монографиясы осы саладағы бірден-бір маңызды еңбек деп айтсақ болады [11, 61-б.]. Волгоград университетінің профессоры В. И. Карасиктің «аксиологиялық лингвистика» ғылыми-зерттеу зертханасының ашылуымен лингвоаксиологияның дамуы айтарлықтай алға жылжыды, онда әлемнің және мәдени доминанттардың тілдік бейнесінің құндылық фрагментін сипаттаудың теориялық бағдарламасын ұсынуға алғашқы әрекет жасалды.

Лингвоаксиологияны зерттеу мәселелері қазір лингвистердің жіті назарында, себебі бұл аспект ана тілін меңгерушілердің құндылық бағыттарын ашып көрсетеді, олар адамның когнитивтік әрекетімен байланысты эпистемологиялық, этикалық, философиялық, мәдени және әлеуметтанушылық мәселелердің күрделі жиынтығымен анықталады [12, 227-б.].

Е. В. Бабаева лингвоаксиологиялық пәнді құндылықтарды қалыптастыру және білдіру құралының тілі, аксиологиялық лингвистика ғылымы зерттеу объектісін «тіл – адам – құндылықтар – мәдениет» үштігінде қарастыратындығын жеткізді [13, 203-б.].

Тілді аксиологиялық талдаудың мақсаты – әлемнің тілдік бейнесінің аксиосферасын және әр түрлі әлеуметтік топтар мен идиолектердің аксиосфераларын қайта құру. Қазіргі тіл біліміндегі лингвоаксиология құндылықтарды тануға және құндылықтар жүйесін зерттеуге кең мүмкіндіктер береді [14, 14-б.].

Аксиологияның методикаға қатыстылығы туралы О. В. Алексеева, С. В. Николаенко, З. Ш. Ерназаровалардың мақаласында қозғалады [15, 424-б.]; [16, 91-б.]; [13, 204-б.]. Орыс тіл білімінде XX ғасырдың 90 жылдарында ғылыми әдістемелік терминосфераға А. Д. Дейкина «Аксиологиялық тәсіл» ұғымын енгізеді. Тілге құндылықтық қатынас идеясы білім беру ұйымдарының әр түрлі салаларында: мектеп, колледж,

университетте, пәндік нәтижелер мен метапәндерді қалыптастыру әдістемесінде, морфология, стилистика, сөйлеу мәдениетін дамыту әдістемесінде біршама дамиды. «Аксиологиялық лингвометодика» ғылыми мектебі мектепте және ЖОО-да орыс тілін оқытудың дүниетанымдық және құндылық аспектілерін жаңаша талдай бастайды. Орыс тіл білімінің қалыптасқан әдістемелік мектептері әр нәрсенің «әдістемелік тамырын» зерттесе, ғылымның жоғары деңгейде нәтижеге жетуге болатындығын айтады [15, 424-б.]. С. В. Николаенко мақаласында лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және педагогика тұрғысынан оқушыларда құндылық ұғымын зерттеудің негізгі тәсілдері қарастырылады. Әлеуметтік аксиологиялық бағдарды қалыптастыру мақсатында орыс тілі сабақтарында жүргізілетін әдістемелік жұмыстар, оқушыларда құндылықтық адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың түрлері ұсынылды [16, 91-б.]. Ал, қазақ тіл білімінде «Аксиологиялық лингвометодика» ұғымы әлі ене қойған жоқ. Лингвоаксиологияның әдістемеде қамтылуы тек осы бір ғана мақалада берілген. Бұнда ұлттық құндылықтардың қазақ тілі оқулықтарында қандай мазмұнда қамтылғаны, мектеп түлектері танымында ұлттық құндылықтар концептосферасының мазмұны қандай сипатта қалыптасқаны туралы, қазақ тілін оқыту мазмұнында қамтылған құндылықтар жүйесін лингвомәдениеттаным саласында ғылыми түрде зерттеліп мойындалған құндылықтар жүйесімен салыстырып, анықтауға байланысты мәселелер қозғалған [13, 204-б.].

Қорытынды

Қазіргі кезде аксиологияны лингвистикамен байланыстыра зерттеу, оның түрлі ғылым салаларымен қатыстылығы, негізгі термині құндылық ұғымын сипаттаудағы әр түрлі ұстанымдар, олардың жіктелуін сараптау лингвистердің жіті назарында болып отыр. PRISMA әдісін қолдану арқылы Scopus және Google scholar деректер базасынан алынған ғылыми еңбектерге жүйелі әдеби шолу жасау кезеңінде осы мәселелер зерделенді. Бірінші зерттеу сұрағында лингвистика және аксиология салаларының зерттелуі қандай географиялық аумақты және қандай ғылыми салалар мен қай уақыт аралығында қамтығаны қарастырылды. Аксиология саласы бойынша ең көп зерттеулер әлеуметтік ғылымдарға, содан соң өнер және гуманитарлық ғылымдарда жарияланған зерттеу жұмыстарына тиесілі. Ал, жер және планетарлық ғылымдар, энергия, математика, неврология, физика және астрономия ғылым салаларының үлесі мүлдем аз. «Лингвистикалық аксиологияны» зерттеуде Н. Д. Арутюнова, Е. М. Вольф, Г. Павлов, Е. Ф. Серебрянникова, В. Н. Телия, Л. М. Васильев, Н. А. Лукиановалардың еңбегі зор. Ғалымдардың еңбектерінен тіл және құндылықтар арасындағы байланыстарды зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы лингвоаксиологияның

өзектілігін, адамзаттың дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы, «әлемнің тілдік бейнесі» шеңберінде тіл мен құндылықтар әлемінің өзара байланысы және белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың ұғымдарын, бағалау өлшемдерін тіл фактілері арқылы айқындауға болатындығы зерделенді.

Аксиологияны методикамен байланыстыра зерттеген О. В. Алексеева, С. В. Николаенко, З. Ш. Ерназаровалардың мақалаларының маңыздылығы байқалды. Бұл жүйелі әдеби шолу жұмысы бізге лингвоаксиология ғылымының даму барысы, оның түйінді мәселелері жөнінде мол мағлұмат береді. Алайда соңғы онжылдықтарда зерттеле бастаған лингвоаксиология ғылымына қатысты зерттеулер мен қажетті материалдардың кемшін екендігі, құндылық категориясына берілген анықтамаларда бірізділіктің болмауы байқалады. Қарастырған мақалалардың ішінде тек үш жұмыстың әдістеме ғылымымен байланысты зерделенгендігі – әлемдік және Отандық зерттеу жұмыстарында әдістеме мен аксиологияны біріктіре қарау, яғни құндылыққа бағдарлап оқыту мәселесі де толық қарастырылмағандығының дәлелі.

Қорыта келгенде, бұл жүйелі әдеби шолу арқылы жасалған талдау жұмыстары әлі де лингвоаксиология ғылымын зерттеуді қолға алып, білім беруде құндылықтық бағдарға баса назар аударатын, жетілдіретін зерттеу жұмыстарын дамыту қажеттігін көрсетіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 PRISMA. PRISMA 2020 flow diagram for new systematic reviews [Electronic resource]. – 2020. [Electronic resource]. – URL : https://www.prisma-statement.org/ (Accessed: 07.11.2025).

2 **Ивин, А. А.** Современная аксиология: некоторые актуальные проблемы. [Текст] // Философский журнал. – 2010. – No2 1(4). – С. 66–78.

3 **Смағұлова, Г. Н., Өтеген, Б. Ұ.** Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту [Мәтін] // ҚР Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. – 2022. – No1(395). – 179–186-бб.

4 **Gordienko, O. A., Zinkovskaya, V. E., Ryzhenko, Y. A., Rybalchenko, O. V., Kholodionova, S. I.** Axiological Components in Teaching Students from the CIS States the Russian Language in Non-Philological Universities [Text] // Revista ESPACIOS. ISSN 0798. – 2017. – Vol. 38 (№ 25). – P. 4–27.

5 **Krasnobayeva-Chorna, Z.** The Qualification of Value in a Linguistics. [Text] // X/1. – 2019. – P. 453–462.

6 **Qiaohua, L.** The Critical Role and Impact of Axiology in Understanding the Interaction Between Consciousness and Culture. Cultura. [Text] // International Journal of Philosophy of Culture and Axiology. – 2024. – 2.1(1). – P. 275–295.

7 **Sedakova, I., Kitanova, M., Zivkovich, S.J., Gusev, N.** Traditional and non traditional values in Russia, Bulgaria and Slovakia: Ethnolinguistic, comparative and historical dimensions. [Text] // Yearbook of Balkan and Baltic Studies. – 2020. – P. 109–132.

8 **Радбиль, Т. Б.** «Псевдоценности» в современном отечественном медийном дискурсе: опыт логического анализа имплицитной оценочности в языке печатных СМИ* [Text] // Медиалингвистика. – 2021. – Т. 8, № 4.– С. 406–420.

9 **Avazbakieva, F. R.** Linguoaxiological Features of Adjectives' Semantics, Describing a Person in Terms of Politeness in Tatar, Russian and English Languages. [Text] // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – No16 (8). – P.1161–1169.

10 **Minnikulov, U., Babanov, B. A.** An interdisciplinary approach to the study of the concept of value.[Text] // E3S Web of Conferences 413, 03019. – 2023. – P. 1–7.

11 **Коцюбинская, Л. В., Кузина, О. А.** К вопросу об аксиологии в лингвистике. [Текст] // Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. – 2015. – No 7 (1). – Б. 59–66.

12 **Kozhakhmetova, A., Ospanova, Z., Mussatayeva, M., Bissenbayeva, Z.** Axiological concepts of journalistic texts (lingua- stylistic analysis) [Text] // XLinguae. – 2020. – Vol. 13 Iss. 2, ISSN 1337-8384. – P. 225–234.

13 **Ерназарова, З. Ш.** Қазақ тілін оқытудың аксиологиялық бағыты [Мәтін] / Eurasian Journal of Philology : Science and Education. – 2018. – No2 (170). – Б. 201–209.

14 **Кәкімжанова, Ә. Л.** Шәкәрім Құдайбердіұлы дискурсындағы ұлттық құндылықтардың вербалдануы [Мәтін] // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. – 2023. – № 3. – 11–19-бб.

15 **Алексеева, О. В.** Опыт научной школы А. Д. Дейкиной : концептуальность аксиологического подхода в процессе преподавания русского языка [Текст] // Русистка. Русский язык в современной школе: чему и как учить. – 2019. – № 4. – С. 414–427.

16 **Николаенко, С. В.** Социальные общеславянские ценности в аспекте методики обучения русскому языку [Текст] // Вестник Российского университета дружбы народов. – 2015. – №4. – С. 92–99.

REFERENCES

1 PRISMA. PRISMA 2020 flow diagram for new systematic reviews [Electronic resource]. – 2020. [Electronic resource]. – URL: https://www.prisma-statement.org/ (Accessed: 07.11.2025).

2 **Ivin, A. A.** Sovremennaya aksiologiya: nekotorye aktual'nye problemy [Modern axiology : Some current issues] // Philosophy Journal. – 2010. – Vol. 1, No. 4. – P. 66–78.

3 **Smagulova, G. N., Otegen, B. U.** Zhalpy bilim beretin mektepterde qazaq adebıetin qundylyqtarga negizdep oqyty [Teaching Kazakh literature based on values in general education schools] // Vestnik Natsional'noi akademii nauk Respubliki Kazakhstan [Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. – 2022. – Vol. 1(395). – P. 179–186.

4 **Gordienko, O. A., Zinkovskaya, V. E., Ryzhenko, Yu. A., Rybalchenko, O. V., Kholodionova, S.** Aksiologicheskie komponenty v obuchenii studentov stran SNG russkomu yazyku v nefilologicheskikh vuzakh [Axiological components in teaching students from the CIS states the Russian language in non-philological universities] // Revista ESPACIOS. – 2017. – Vol. 38, No. 25. – P. 4–27. – https://doi.org/10.21638/spbu22.2021.407.

5 **Krasnobayeva-Chorna, Z.** Kvalifikatsiya tsennosti v lingvistike [The qualification of value in linguistics] // X. – 2019. – No. 1. – P. 453–462.

6 **Qiaohua, L.** The critical role and impact of axiology in understanding the interaction between consciousness and culture // International Journal of Philosophy of Culture and Axiology. – 2024. – Vol. 2, No. 1. – P. 275–295.

7 **Sedakova, I., Kitanova, M., Zivkovich, S., Guseev, N.** Traditsionnye i netraditsionnye tsennosti v Rossii, Bolgari i Slovaki: etnolingvisticheskie, sravnitelnye i istoricheskie aspekty [Traditional and non-traditional values in Russia, Bulgaria and Slovakia: Ethnolinguistic, comparative and historical dimensions] // Yearbook of Balkan and Baltic Studies. – 2020. – P. 109–132.

8 **Radbil, T. V.** «Psevdotsennosti» v sovremennom otechestvennom mediadiskurse: opyt logicheskogo analiza implitsitnoi otsenochnosti v yazyke pechatnykh SMI [«Pseudo-values» in modern Russian media discourse: A logical analysis of implicit evaluation in print media language] // Medialinguistics. – 2021. – Vol. 8, No. 4. – P. 406–420. – https://doi.org/10.13165/IE-21-15-1-04.

9 **Avazbakieva, F. R.** Lingvoaksiologicheskie osobennosti semantiki prilagatel'nykh, opisivayushchikh cheloveka s tochki zreniya vezhlivosti v tatarskom, russkom i angliskom yazykakh [Linguoaxiological features of adjectives semantics describing a person in terms of politeness in Tatar, Russian and English language] // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – Vol. 16, No. 8. – P. 1161–1169.

10 **Minnikulov, U., Babanov, B. A.** Mezhdistsiplinarnyi podkhod k izucheniyu ponyatiya tsennosti [An interdisciplinary approach to the study of the concept of value] // E3S Web of Conferences. – 2023. – Vol. 413. – P. 03019.

11 **Kotsiubynska, L. V., Kuzina, O. A.** K voprosu ob aksiologii v lingvistike [On the issue of axiology in linguistics] // Vestnik Leningradskogo

gosudarstvennogo universiteta imeni A. S. Pushkina [Bulletin of Leningrad State University named after A. S. Pushkin]. – 2015. – Vol. 7, No. 1. – P. 59–66.

12 **Kozhakhmetova, A., Ospanova, Z., Mussatayeva, M., Bissenbayeva, Z.** Aksiologicheskie kontsepty zhurnalistskikh tekstov : lingvostilisticheskii analiz [Axiological concepts of journalistic texts: Linguа-stylistic analysis] // XLinguae. – 2020. – Vol. 13, No. 2. – P. 225–234.

13 **Ernazarova, Z. Sh.** Qazaq tilin oqytudyn aksiologiyalyq bagyty [Axiological approach to teaching the Kazakh language] // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2018. – Vol. 2(170). – P. 201–209.

14 **Kakimzhanova, A. L.** Shakarim Kudaiberdiuly diskursyndagy ulttyk kundylyqtardyn verbaldanuy [Verbalization of national values in the discourse of Shakarim Kudaiberdiuly] // Vestnik KazUIR & WL named after Abylai Khan. – 2023. – No. 3. – P. 11–19.

15 **Alekseeva, O. V.** Opyt nauchnoi shkoly A. D. Deikinoi: kontseptualnost aksiologicheskogo podkhoda v protsesse prepodavaniya russkogo yazyka [Scientific school of A. D. Deikina : Conceptualization of the axiological approach in Russian language teaching] // Rusistika: Russian Language in the Modern School. – 2019. – No. 4. – P. 414–427.

16 **Nikolaenko, S. V.** Sotsial'nye obshcheslavyanskie tsennosti v aspekte metodiki obucheniya russkomu yazyku [Common Slavic social values in the methodology of teaching Russian] // Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov [Bulletin of Peoples' Friendship University of Russia]. – 2015. – No. 4. – P. 92–99.

01.10.25 ж. баспаға түсті.
25.05.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Г. Ә. Мұхиддинова[1], Қ. Ө. Есенова[2]*
[1]Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, г. Кызылорда;
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Қазақстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 01.10.25.
Поступило с исправлениями 25.05.26.
Принято в печать 10.08.26.

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА: СИСТЕМАТИЧЕСКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР, ПРОВЕДЕННЫЙ МЕТОДОМ PRISMA

Этот систематический обзор направлен на анализ современного состояния лингвистики и аксиологии и ее исследовательской деятельности во всем мире в период с 1996 по 2024 год. Документы были получены из баз данных Scopus и Google Scholar, при этом были исключены материалы на языках, отличных от английского и русского. По результатам сортировки документов были отобраны материалы конференций, статьи, обзорные статьи, книги, главы книг, мини-опросы. Эти данные охватывают широкий спектр научных исследований и являются важными источниками для понимания исследований в области лингвистики и аксиологии, а также повышают надежность и научную обоснованность этого исследования. Ежегодное увеличение количества публикаций свидетельствует об актуальности темы. Метод PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) был использован для решения двух основных исследовательских вопросов, которые привели к этому исследованию. В статье относительно рассматривается распространенность исследований в разных странах. Результаты показывают, что в США, Польше, Северной Америке, особенно в Российской Федерации, количество исследований, связанных с лингвоаксиологией, значительно выше, тогда как в странах Южной Америки, Африки исследований в этой области относительно мало. Результаты исследования показывают, что исследовательские работы, связанные с лингвоаксиологией, все еще нуждаются в большом совершенствовании и развитии. Кроме того, было написано, в какой период времени области аксиологии и лингвистики были недостаточно изучены, в какой период времени они были плодотворными. Разработаны этапы развития науки лингвоаксиологии, взаимосвязь лингвоаксиологии и методики, ее исследователи, различные позиции в изучении понятия ценностей.

Ключевые слова: лингвистика и аксиология, лингвоаксиология, ценность, классификация ценностей, лингвометодика, PRISMA, систематический обзор литературы.

**G. A. Mukhiddinova[1], K. U. Yesenova[2]*
[1]Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 01.10.25.
Received in revised form 25.05.26.
Accepted for publication 10.08.26.

THE SCIENCE OF LINGUOAXIOLOGY: A SYSTEMATIC LITERATURE REVIEW MADE BY THE PRISMA METHOD

This systematic review aims to analyze the current state of linguistics and axiological sciences in the period from 1996 to 2024 and its research activity around the world. Documents were retrieved from Scopus and Google Scholar, and items in languages other than English and Russian were excluded. Based on the results of sorting documents, conference materials, articles, review articles, books, book chapters, and small questionnaires were selected. These data cover a wide range of scientific research and are important sources for understanding research in the field of linguistics and axiology, and this increases the reliability and scientific validity of the study. The annual increase in the number of publications indicates the relevance of the topic. The PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) method was used to solve the two main research questions that guided this study. The article examined the prevalence of research in different countries in comparison. The results showed that in the USA, Poland, North America, especially in the Russian Federation, the number of studies related to linguoaxiology is quite high, and in the countries of South America, Africa, there are relatively few studies in this area. The results of the study show that much improvement and development of research work related to linguoaxiology is still needed. At the same time, it was written about what periods of time the fields of Axiology and Linguistics were fruitful and during what years they were insufficiently studied. The study of the stages of development of the science of linguoaxiology, the relationship between linguoaxiology and methodology, its researchers, various positions in the study of the concept of values, their classification was developed.

Keywords: linguistics and Axiology, the science of linguoaxiology, value, classification of values, linguomethodics, PRISMA, systematic literature review.

ҒТАМР 16.21.51

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/620-631

***Г. Б. Нурмаганбетова[1], Г. Т. Шоқым[2]**

[1,2]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университет,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0007-4832-2040
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5243-591X
*e-mail: nurmaganbetova0606@mail.ru

МЕДИАДИСКУРСТАҒЫ ГЕНДЕРЛІК АСИММЕТРИЯ: ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада 2019–2025 жж. медиадискурстағы гендерлік асимметрия мәселесі қарастырылады. Гендерлік асимметрия – гендерлік лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі. Тілдегі гендерге байланысты әлеуметтік теңсіздіктер-гендерлік асимметрияның негізгі нысаны. Осыған сәйкес мақалада гендерлік асимметрияның негізгі факторы ретінде әлеуметтік теңсіздік пен ұлттық-мәдени стереотиптер зерттелді. Мақалада БАҚ-тағы гендерлік асимметрия Н. Фэркло моделі негізінде қарастырылып, дискурстық талдау нәтижелері берілді.

Зерттеуде гендерлік асимметрияда анықталатын әлеуметтік рөл, әлеуметтік-мәдени стереотиптер маңызды фактор ретінде қарастырылды. Бұның негізінде БАҚ-тағы ер адамдар мен әйел адамдарға қатысты қалыптасқан гендерлік фрейминг үлгілері анықталды. Аталған ұғым қоғамдағы ер адамдар мен әйел адамдарға қатысты ерекшеліктерді көрсететін факторлар ретінде қаралады. Зерттеудің мақсаты – дискурстық талдау негізінде гендерлік асимметрия көріністерін анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін egemen.kz сайтындағы мақалалар маңызды ресурстар ретінде қаралып, зерттеу объектісі ретінде алынып, үш деңгейлі талдау жүзеге асырылды. Зерттеу әдісі ретінде алынған дискурстық талдау гендерлік асимметрияның материалдарда қолданыс табуын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде гендерлік асимметрияның БАҚ-тағы көрінісі эмоциялық бояу, гендерлік маркерлер, гендерлік бейтарап тіл көріністері негізінде анықталды. Гендерлік бейтарап тіл көріністері ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік концепциясын айқындай түседі.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистиканың маңызды мәселесі деп анықталатын гендерлік асимметрияның бағыт ретінде қалыптасуына өз үлесін қосады. Мақала нәтижесінде алынған тұжырымдар қазіргі қазақ қоғамындағы (филологиялық зерттеулерде) гендерлік асимметрияның прагматикалық потенциалын анықтауда практикалық маңызға ие болуы мүмкін.

Кілтті сөздер: Медиадискурс, гендерлік асимметрия, медиамәтін, гендерлік лингвистика, стереотип, репрезентация.

Кіріспе

Ерлер мен әйелдердің тілдік ерекшеліктері жыныстың (гендердің) әлеуметтік-мәдени байланысының көрінісінде анықталады. Гендерлік лингвистиканы алғашқылардың бірі болып зерттеген Г. Шоқым гендер мен тілдің байланысының алты бағытта жүзеге асатынын айтады. Олар: әлеуметтік-лингвистикалық бағыт, психолингвистикалық бағыт, идентификациялық бағыт, лингвомәдениеттанымдық бағыт, тілдегі феминистік сын, маскулиндік зерттеулер [1, 102-б.]. Гендерлік лингвистикадағы өзекті мәселелердің бірі де бірегейі – гендерлік асимметрия. Тіл біліміндегі гендерлік асимметрия – тілдегі әйелдер мен ерлердің әлеуметтік рөліндегі теңсіздіктердің көрінісі. Ауызекі сөзде «мұғалім – мұғалима», «азамат – азаматша» түрінде қолданылуымен ерекшеленеді, бұл жұптар грамматикалық формалар емес, дегенмен жыныстық мағына үстейтін сөзжасамдық немесе лексикалық варианттар. Тілдегі гендерге байланысты стереотиптердің көрініс табуы: ерлердің батыл, ақылды берілетін оң бағамен; әйелдерге берілетін нәзік, сұлу сынды сыртқы келбеттің бағалануымен анықталады. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдердің сыртқы келбеті жиі бағаланып, кәсібилігі еленбей жатады. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей (Р. Лакофф зерттеулерінде), ерлер мен әйелдердің тілдік стильдерінде айырмашылық бар. Ерлер бәсекелестікке негізделген кәсіби стильде, әйелдер қолдау, жалпы эмоциялық стильде танылады [2]. Бұл өз кезегінде қоғамдағы гендерлік асимметрияның бейнелеуіне алып келеді. Зерттеуімізде гендерлік асимметрия медиакеңістікте, соның ішінде баспасөз құралдары мен әлеуметтік желі негізінде қарастырылды. Медиадискурстағы гендерлік асимметрия – тіл мен визуал арқылы бейнеленетін қоғамдағы гендерлік иерархияның мәдени көрінісі.

Гендерлік лингвистиканың қалыптасуы феминистік қозғалыстармен байланысты. Дегенмен, басты айырмашылық – әйелдер мен ерлердің биологиялық ерекшеліктеріне қарамастан, мәдени, психологиялық белгілерін зерттеуде жатыр. Тілдегі гендерлік ерекшеліктерді лингвистер XVII ғасырдан бастап қарастырды. Посткеңестік кеңістікте XX ғасырдың

екінші жартысында зерттеле бастады. Мәселен, зерттеуші А. Кирилина Ресейдегі гендерлік лингвистиканың негізгі екі бағыты барын көрсетеді: ерлер мен әйелдер тіліндегі басымдық, анығырақ гендерлік асимметрия; коммуникациялық құралдар арқылы гендерлік белгілердің ажыратылуы [3]. Қазіргі кезеңде гендерлік лингвистикада мәдени-символикалық мазмұн, ұлттық-мәдени гендерлік түсініктердің сипатталуы маңызды [4, 49-б.]. Осылайша гендерлік лингвистикадағы басым бағыттың бірі гендерлік асимметрия жан-жақты талдауды қажет екенін көреміз.

Зерттеу барысында гендерлік асимметрияның медиадискурстағы (БАҚ, әлеуметтік желі) көріністері лингвомәдени аспектісінде зерттеу көзделеді. Сонымен бірге гендерлік асимметрияның белгілерін анықтай отырып, қазіргі кезеңдегі өзгерістерді анықтау мақсат етіледі. Осыған сәйкес мынадай міндеттер жүзеге асырылады:

1. Медиадискурстағы гендерлік асимметрияның аспектілерін дискурстық талдау әдісінде анықтау.

2. 2019–2025 жж. БАҚ-тағы гендерлік асимметрия көріністерін талдау және өзгерістерді айқындау;


3. Қазіргі медиадискурстағы ұлттық-мәдени стереотиптердің басымдығын қарастыру;

Материалдар мен әдістері

Гендерлік асимметрия ұғымы – тілдік, әлеуметтік, мәдени контексте маңызды рөл атқарады. Посткеңестік кеңістікте гендерлік зерттеулердің филология ғылымында ерекше назарға ие болуы гендерлік жіктелімдерге байланысты стереотиптердің қоғамдық санадағы көрінісі негізінде анықталады.

Дискурстық талдау зерттеуші Н. Фэрклоның үш деңгейлі зерттеу моделі негізінде жүзеге асырылды [5, 59-б.]. БАҚ мәтіндеріне талдау жасау әлеуметтік-когнитивтік аспектіден бөлек, дискурстық талдауда анықталатын мәтін өзгерісін (трансформациясын) қамтиды. Бұл дегеніміз БАҚ мәтіндерінің қабылдау ерекшеліктерін белгілі бір уақыт кезеңінде өзгеріске ұшырайтынын көрсетеді. Сонымен бірге БАҚ мәтінін талдау әлеуметтік-мәдени контексті саралауға, оған билік пен идеологияның әсерін қарастыруды қажет етеді. Осы ретте Н. Фэрклоның үш деңгейлі моделі (1-кестеде) медиадискурстағы гендерлік асимметрияны анықтауда тиімді саналады.

1-кесте – Н.Фэрклоның үш деңгейлі моделі



Н. Фэрклоның үш деңгейлі моделінде бірінші құрылым – мәтін деңгейі. Аталған деңгейде БАҚ мәтінінің құрылымы, тілдік ерекшеліктер анықталады. Екінші деңгейде дискурстық практика медиамәтіннің жасалуы, таралуы, жалпы медиамәтіннің құрылуына назар аударылады. Үшінші деңгейде әлеуметтік практика тілдік құрылымдардың әлеуметтік-мәдени стереотиптерді анықтайтынын көрсетеді. Мәселен, медиадағы әйелдердің орнын көрсету немесе әлеуметтік рөлдердің мәдени код ретінде анықталуы талданады.

Зерттеу материалы ретінде egemen.kz электронды сайтындағы 2020–2024 жж. аралығындағы 70 мақала таңдалынып алынды. Дискурстық талдау барысында әйелдер мен ерлердің медиадағы қалыптасқан ұлттық-мәдени стереотиптерінің басымдығы, тілдік ерекшеліктері талданды.

Нәтижелер мен талқылау

Л. Ахметова бастаған зерттеушілер 2020–2024 жж. 13 журнал материалдарын талдау арқылы БАҚ-тағы ерлер басымдығын көрсетті [6, 36-б.]. Десек те ендігі бір топ зерттеушілері ғаламтордың дамуымен медиадағы әйелдер репрезентациясының күрделене түскенін алға тартады [7, 10-б.]. Сонымен бірге медиадағы әйелдер образы кәсіпкерлікпен, саясатпен байланысты анықталса да, ұлттық-мәдени стереотиптердің («отбасылық міндеттер», «ана болу» және т.б.) әлі де сақталғанын көреміз [8, 456–б.]. Этнографиялық контекстегі зерттеулерде анықталғандай, гендерлік экономиканың әлі де ерлерге басымдық беруін жалғастыруда [9, 382-б.]. БАҚ-тағы жарнамада еркек образы: отбасының тірегі, ата, табысты еркек, күйеу жігіт ретінде сомдалса; әйел образы: отбасының сақтаушысы, әже, табысты қыз, қалыңдық деп беріледі [10]. Осы тұста «табысты» сын

есімі көп жағдайда еркектерге қатысты жағымды бағалауға ие екенін атап өтуіміз керек.

Осы тұста egemen.kz [11] газетінің электронды нұсқасында 2020–2024 жж. аралығында «іскер әйел» тақырыбындағы 42 мақаланың болуы, сонымен бірге «іскер еркек» тақырыбында ешбір мақаланың болмауы-гендерлік асимметрияның көрінісі. Мұндағы «іскер әйел» гендерлік маркер ретінде қолданыс тапқан. Зерттеу материалы ретінде БАҚ-та жарияланған мақалаларды алуымыз адамның қоршаған әлем жайлы білім алуының көзі болуымен байланысты [12, 171-б.]. В. Максимова БАҚ-тағы гендерлік стереотиптерді зерттеу нәтижесінде «әйелдер» журналында эмоциялық бояудың басымдығына назар аударады. Сәйкесінше «ерлер» аудиториясына арналған журналдарда «біз» есімдігі жиі кездесетінін айтады [13, 101-б.]. Келесі кезекте egemen.kz газетіндегі гендерлік асимметрияға талдау (2-кестеде) берілген.

2-кесте – Гендерлік асимметрияны талдау (Н. Фэркло моделі бойынша)

№	Материал	Мәтін	Дискурстық практика	Әлеуметтік-мәдени практика
1	«Іргелі істің басындағы іскер әйелдер» egemen.kz (2020)	««Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген жақсы сөз бар». Осы арқылы *әйел адамның* кез келген істе жетістікке жете алатынын алға тартады.	Автор – ер адам, ауыл шаруашылығы мен тігіншілік саласындағы әйелдер мысал ретінде келтірілген.	Медиамәтін әйелдің «нәзік жанды» екенін алға тартып, кәсіпкер әйелдердің қоғамдағы маңызына тоқталады. Дегенмен ер адам моделі басымдық танытатынын көреміз.
2	Еркектерді аяламдар!» egemen.kz (2023)	Осылайша жалқаулық пен маскүнемдікке бой алдырған көпшілік, әсіресе ер азаматтар кеңес одағы ыдырағаннан кейін … екі қолдарына бір күрек таппай қиналды.	Автор – ер адам, ҚР суицидті көп жасайтындар ер адамдар екенін көрсете отырып, Кеңестік одағы ыдыраған кезбен сәйкестендіре отырып, ер адамды қолдауға шақырады.	Медиамәтінде ер адамды қолдау айқын сезіледі. Ер адам моделі айқын берілген.

3	«Әйел атқа қонса...» egemen.kz (2025)	Қос білегін сыбанып, қолына құрық ілген келіншектің кәтепті қара нарға жүк болатын шаруаны атқаруы – өзгеге өнеге, миятты мысал.	Автор – ер адам, әйел адамның ауыл шаруашылығымен айналысуын дәріптеу, эмоциялық бояу басым.	Медиамәтінде әйелді ат баптау ісін ерекшелеп, ер адамды моделін үлгі етеді: *қайратты адам*.

Сонымен бірге бұдан өзге 70 мақаланы талдау барысында әйелдерге қатысты гендерлік маркерлердің жиі кездесетінін және ер адам моделімен салыстыру жиі кездесетінін анықтай түсеміз. Әлеуметтік-мәдени стереотиптерде қалыптасқандай, ер адамдар «адам» ұғымында әрі қолдау қажеттігімен беріледі. Әйелдерге қатысты мақалаларда эмоциялық бояу басымдық тақырыптарда да көрінеді. Осы негізде БАҚ-тағы гендерлік асимметрия негізінде қалыптасатын гендерлік фреймингіге назар аударсақ. Ер адамға қатысты: жолбасшы, саясаткер, кәсіпкер; әйел адамға қатысты: ана, іскер әйел, саясаткер әйел (гендерлік маркер үнемі көрсетіліп отырады) атаулары жиі кездеседі.

Дегенмен egemen.kz газетіндегі бейтарап тіл көріністері де бар. Соңғы кездегі гендерлік асимметриядағы тенденцияның бірі – гендерлік бейтарап тіл. Мәселен, ағылшын тіліндегі fireman – firefighter деген үлгі бүгінгі БАҚ-та да көрініс тапқан (3-кесте).

3-кесте – БАҚ-тағы гендерлік бейтарап тіл көріністері

№	Материал	Бейтарап тіл көріністері	Түсіндірме
1	«Жаһан және гендерлік алшақтық» egemen.kz (2024)	«Гендерлік паритет», «гендерлік алшақтық».	Мақалада еркек, әйел деп бөлу кездеспейді, жалпы жеке тұлға деңгейінде қарастырады.
2	«Гендерлік теңдік мәселесі талқыланды» egemen.kz (2025)	«Гендерлік теңдік», «гендерлік алшақтық», «кәсіби біліктілік», «мансаптық өсу».	Мақалада ер мен әйелге ортақ кәсіби біліктілік аталады.
3	«Гендерлік теңдік – тек сандық көрсеткіш емес» egemen.kz (2025)	«Азаматтар», «кәсіби міндеттер», «кәсібилік», «мемлекеттік қызметшілер»	Мақалада әйелдер мен ерлердің жұмыс істеуі статистикалық мәліметтер келтірілген.

Осылайша бүгінгі қазақ қоғамында БАҚ материалдарында әйелдер мен еркектер арасындағы гендерлік асимметрия бейтарап тараптан да кездеседі. Бұған қарамастан басты модель ер адаммен байланысты анықталады. Әйелге қатысты дәстүрлі стереотиптер әлі де сол күйінде сақталуда. БАҚ-тағы материалдарда гендерлік маркерлер жиі кездеседі, десек те қоғамдағы өзгерістер бары да байқалады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Н. Фэркло моделіндегі дискурстық талдау барысында БАҚ-тағы гендерлік асимметрияға қатысты өзгерістер анықталды. Бұған қарамастан медиадискурста әйелге қатысты гендерлік маркерлер жиі қолданылып, дәстүрлі стереотиптер сақталуда. Әйелдің кәсіби біліктілігі көбіне эмоциялық бояулармен жеткізіліп, негізгі міндеті отбасымен байланыстырылады. Ерлерді қоғам тарапынан қолдау жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік алшақтықтың әлеуметтік-мәдени аспектіде барын көрсетеді.

Медиадискурстағы гендерлік асимметрия әйелдердің орнын көрсету және кәсіби салада ерлермен салыстырудың жиі кездесетінін анықтауға мүмкіндік береді. egemen.kz газетінде талданған 70 мақалада гендерлік маркерлер, гендерлік фрейминг, гендерлік бейтарап тіл көріністері айқындалды. Талдау барысында әйелдерге қатысты нәзік жанды, әйел адам, келіншек деп көрсету-гендерлік маркердің көрінісі. Ерлерге қатысты ер азаматтар, қайратты адам деу әйел адамдармен салыстырудың нәтижесінде қалыптасқан. Дей тұрғанмен соңғы жылдары жарияланып жүрген мақалаларда азаматтар, кәсіби міндеттер, мемлекеттік қызметшілер деген тілдік бірліктер әр саладағы гендерлік маркерлердің азая бастағанын, гендерге жіктеудің бейтараптана бастағанын көрсетеді. Қорытындылайтын болсақ, 2019–2025 жж. медиадискурстағы гендерлік асимметрия көріністері әлі де ұлттық дәстүрден ажырамағанын, сонымен бірге кері құбылыс «гендерлік бейтарап» орын алып жатқанын анықтаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Шоқым, Г. Т.** Қ. Жұбановтың гендерлік лингвистикалық пайымдаулары. Профессор Қ. Жұбанов және лингвистикадағы жаңашылдық (ұжымдық монография). – Орал: «ГҰЛІМ» баспасы, 2015. – 101–111-бб.

2 **Lakoff, R.** Language and Woman's Place [Электронды ресурс] – URL: https://web.stanford.edu/class/linguist156/Lakoff_1973.pdf (Қараған уақыты: 16.03.2025)

3 Большая российская энциклопедия. [Электронды ресурс] – URL: https://old.bigenc.ru/linguistics/text/2349842 (Қараған уақыты: 16.03.2025)

4 **Жумашева, К. Б.** Қазақ тіліндегі «Еркек-әйел» бинарлы оппозициясының лексикографиялық репрезентациясы // Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1, 2022. – Б. 45–57. – https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.004

5 **Fairclough, N.** Media discoyrse. – London : Edward Arnold, 1995. – 206 p.

6 **Akhmetova, L. S., Shorokhov, D. P., Verevkin, A. V., Lifanova, T. U., Akhmetov, S. S., & Lifanov, S. V.** The gender balance of newspapers in kazakhstan: a critical content analysis // Al-Farabi Kazakh national university. Herald of Journalism. – 2024. – Vol. 73(3). – P. 29–43. – https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v73.i3.3

7 **Cardella, G. M., Hernández-Sánchez, B. R., & Sánchez-García, J. C.** Women entrepreneurship: A systematic review to outline the boundaries of scientific literature // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – Article 1557. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01557

8 **Baskynbayeva, N., Massalimova, A., Omirbekova, A., Kuderina, A., & Abikenov, Zh.** Trends in the Transformation of Gender Stereotypes: Representation of Women's Image in the Modern Media Space of Kazakhstan // Changing Societies & Personalities. – 2024. – Vol. 8. – No 2. – P. 443–464. – https://doi.org/10.15826/csp.2024.8.2.282

9 **Kudaibergenova, D. T.** Project Kelin: Marriage, women, and re-traditionalization in post-soviet Kazakhstan // Women of Asia. – Routledge, (2018). – P. 379–390.

10 **Бейсенова, М. К., Имамбаева Г. Е.** Образ мужчины и женщины в казахстанской рекламе // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2016. – №1. – С. 33–36

11 **Дәуітбай, Г.** Маңғыстауда іскер әйелдер бас қосты / Г. Дәуітбай // Егемен Қазақстан. – 2024. – 30 қаңтар. [Электрондық ресурс]. – URL: https://egemen.kz/article/357128-manhghystauda-isker-ayelder-bas-qosty (Қараған уақыты: 16.03.2025)

12 **Малышева, Н. Г.** Гендерные стереотипы в средствах массовой коммуникации, ориентированных на аудиторию разных возрастов [Текст] / Н. Г. Малышева // Мир психологии. – 2004. – №3. – С. 171–176.

13 **Максимова, В. Е.** Репрезентация гендерных стереотипов в СМИ //Lingua mobilis. – 2011. – №7 (33). – С. 96–102.

REFERENCES

1 **Shoqym, G. T.** K.Zhubanovtyn genderlik lingvistikalyk paiymdaulary [K. Zhubanov's gender linguistic considerations.] / Profesor K.Zhubanov zhane lingvistikadagy zhanashyldyk (uzhymdyk monografia). – Oral : «GULIM» baspasy, (2015). – P. 101–111 [in Kazakh].

2 **Lakoff, R.** Language and Woman's Place [Electronic resource] – URL: https://web.stanford.edu/class/linguist156/Lakoff_1973.pdf (Accessed: 16.03.2025) [in English].

3 Bol'shaja rossijskaja jenciklopedija [The Great Russian Encyclopedia]. [Electronic resource]. –URL: https://old.bigenc.ru/linguistics/text/2349842 (Accessed: 16.03.2025) [in Russian].

4 **Zhumasheva, K. B.** Kazak tilindegi «Erkek–aiel» binarly opozisiasynyn leksikografialyk reprezentasiasy [Lexicographic representation of the binary opposition «man»and «woman»in the Kazakh language] // Abylai han at. KazHQzhATU Habarşysy. «Filologia gylymdary» seriasy, №1, (2022). – P. 45–57. – https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.004 [in Kazakh].

5 **Fairclough, N.** Media discoyrse. – London : Edward Arnold, 1995. – 206 p.

6 **Akhmetova, L. S., Shorokhov, D. P., Verevkin, A. V., Lifanova, T. U., Akhmetov, S. S., & Lifanov, S. V.** The gender balance of newspapers in kazakhstan: a critical content analysis // Al-Farabi Kazakh national university. Herald of Journalism. – 2024. – Vol. 73(3). – P. 29–43. – https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v73.i3.3.

7 **Cardella, G. M., Hernández-Sánchez, B. R., & Sánchez-García, J. C.** Women entrepreneurship: A systematic review to outline the boundaries of scientific literature // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – Article 1557. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01557.

8 **Baskynbayeva, N., Massalimova A., Omirbekova A., Kuderina A., & Abikenov, Zh.** Trends in the Transformation of Gender Stereotypes: Representation of Women's Image in the Modern Media Space of Kazakhstan // Changing Societies & Personalities. – 2024. – Vol. 8. – No 2. – P. 443–464. – https://doi.org/10.15826/csp.2024.8.2.282.

9 **Kudaibergenova, D. T.** Project Kelin: Marriage, women, and re-traditionalization in post–soviet Kazakhstan // Women of Asia. – Routledge, 2018. – P. 379–390. [in English].

10 **Bejsenova, M. K., Imambaeva, G. E.** Obraz muzhchiny i zhenshhiny v kazahstanskoj reklame [The image of men and women in Kazakhstani advertising] // Vestnik Innovacionnogo Evrazijskogo universiteta. – 2016. – №1. – P. 33–36 [in Russian].

11 **Däuıtbai, G.** Mañğystauda ısker äielder bas qosty [Business women gathered in Mangystau] / G. Dautbay // Sovereign Kazakhstan. – 2024, January 30. [Electronic resource]. – URL: https://egemen.kz/article/357128-manhghystauda-isker-ayelder-bas-qosty (Accessed: 16.03.2025).

12 **Malysheva, N. G.** Gendernye stereotipy v sredstvah massovoj kommunikacii, orientirovannyh na auditoriju raznyh vozrastov [Malysheva, N. G. Gender Stereotypes in Mass Media Aimed at Audiences of Different Ages] [Text] / N. G. Malysheva // Mir psihologii. – 2004. – № 3. – P. 171–176 [in Russian].

13 **Maksimova, V. E.** Reprezentacija gendernyh stereotipov v SMI [Representation of Gender Stereotypes in the Media] // Lingua mobilis. – 2011. – № 7 (33). – P. 96–102. [in Russian].

03.01.26 ж. баспаға түсті.
08.02.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Г. Б. Нурмаганбетова, Г. Т. Шоқым[2]*
[1,2]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г. Ақтөбе.
Поступило в редакцию 03.01.26.
Поступило с исправлениями 08.02.26.
Принято в печать 10.08.26.

ГЕНДЕРНАЯ АСИММЕТРИЯ В МЕДИАДИСКУРСЕ: ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ

В данной статье рассматривается проблема гендерной асимметрии в медиадискурсе за 2019–2025 годы. Гендерная асимметрия является одной из ключевых проблем гендерной лингвистики. Социальное неравенство, проявляющееся в языке в связи с гендером, выступает основным объектом анализа. В соответствии с этим в работе исследованы социальное неравенство и национально-культурные стереотипы как главные факторы формирования гендерной асимметрии.

Определение гендерной асимметрии в СМИ проводилось на основе модели Н. Фэркло, в рамках которой выполнен дискурсивный анализ. В исследовании важное значение придается социальным ролям и социокультурным стереотипам, выявленным как основные факторы гендерной асимметрии. На этой основе были определены модели гендерного фрейминга, отражающие особенности восприятия мужчин и женщин в СМИ.

Цель исследования – проанализировать проявления гендерной асимметрии на основе дискурсивного анализа. Для достижения цели в качестве исследовательского материала были выбраны статьи сайта egemen.kz, на которых проведён трёхуровневый анализ. Используемый метод дискурсивного анализа позволил выявить формы проявления гендерной асимметрии в медиатекстах.

Результаты исследования показали, что гендерная асимметрия в СМИ проявляется через эмоциональную окраску, использование гендерных маркеров и элементы гендерно-нейтрального языка. Последние отражают концепцию равенства между мужчинами и женщинами.

Научная значимость исследования заключается в том, что оно способствует развитию направления гендерной лингвистики в казахском языкознании и вносит вклад в изучение гендерной асимметрии как лингвистического феномена. Полученные выводы могут иметь практическую ценность для определения прагматического потенциала гендерной асимметрии в современной филологической науке Казахстана.

Ключевые слова: медиадискурс, гендерная асимметрия, медиатекст, гендерная лингвистика, стереотип, репрезентация.

**G. Nurmaganbetova[1], G. Shokym[2]*
[1,2]K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.
Received 03.01.26.
Received in revised form 08.02.26.
Accepted for publication 10.08.26.

GENDER ASYMMETRY IN MEDIA DISCOURSE: A DISCOURSE ANALYSIS

This article examines the issue of gender asymmetry in media discourse during the period of 2019–2025. Gender asymmetry is one of the key problems in gender linguistics. Social inequalities reflected in language through gendered expressions are considered the main object of study. Accordingly, the article explores social inequality and national-cultural stereotypes as primary factors contributing to the formation of gender asymmetry.

The identification of gender asymmetry in the media was conducted using N. Fairclough's model, applying a three-level discourse analysis. The study highlights the importance of social roles and sociocultural stereotypes as crucial factors in shaping gender asymmetry. Based on this, patterns of gender framing were identified, illustrating how men and women are represented in the media.

The main purpose of the research is to analyze the manifestations of gender asymmetry through discourse analysis. To achieve this, articles from

egemen.kz were selected as the main research corpus, and a three-tier analysis was conducted. The discourse analysis method allowed the identification of patterns and features of gender asymmetry in media materials.

The results revealed that gender asymmetry in the media is reflected through emotional tone, the use of gender markers, and the presence of gender-neutral language. The latter contributes to emphasizing the concept of equality between men and women.

The scientific significance of this study lies in its contribution to the development of gender linguistics within Kazakh linguistic research and its role in conceptualizing gender asymmetry as a linguistic phenomenon. The findings have practical relevance for understanding the pragmatic potential of gender asymmetry in contemporary Kazakh philological studies.

Keywords: media discourse, gender asymmetry, media text, gender linguistics, stereotype, representation.

ҒТАМР 17.01.45

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/632-649

Ғ. Н. Отарбаева[1], Б. Д. Жұмақаева[2], Ә. Р. Алпысбай[3]

[1,2]SDU University, Қазақстан Республикасы, Қаскелең қ.;
[3]Мемлекеттік тілді дамыту институты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3557-9070
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2160-8117
[3]ORCID: https://orcid.org/0009-0000-6937-4578
*e-mail: alpysbai.aliya@bk.ru

КӨРКЕМ МӘТІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЗИЯТЫН (EQ) ДАМЫТУ МОДЕЛІ

Мақалада шығармаға интерпретация жасау, көркем мәтін арқылы білімгерлердің «жұмсақ дағдыларын» (soft skills) дамыту, соның ішінде эмоциялық зиятын дамыту мүмкіндіктерін айқындау мәселелері зерттеліп, оны жаңашыл көзқарастар тұрғысынан сараланған.

Мақаланың міндеттері жаңартылған білім бағдарламасындағы «талдау және интерпретация» оқу мақсатының жүзеге асуына диагностика жүргізу, көркем шығармаға интерпретация арқылы эмоциялық зиятты дамыту кезеңдерін және оған сәйкес қалыптасуы тиіс құзыреттіліктерді анықтау сынды жұмыстар бойынша алынған нәтижелермен бөлісу, оны ғылыми түрде негіздеуге бағытталады. Себебі оқушылардың көркем шығарманы түсіну, талдау, зерделеу дағдысын дамыта отырып, өзінің және өзгенің эмоцияларын танитын, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген адам капиталын қалыптастыру үшін ұсынылған тақырыпта кешенді зерттеу жұмыстары мен нақты қолданбалы құралдар керек екені анық.

Мақалада көркем әдебиет пен эмоциялық зият ұғымдарының өзара байланысы қазіргі әдебиеттану, рецептивті эстетика және әдеби рефлексия теориялары тұрғысынан сараланып, олардың гуманитарлық білім кеңістігіндегі ғылыми әлеуеті айқындалады. Бұл зерттеу гуманитарлық білім кеңістігінің ғылыми әлеуетін арттырады. Сондай-ақ интерпретацияны оқу әрекетінің өзегі ретінде қарастырып, білім беру мазмұнын жаңаша пайымдауға негіз болады.

Кілтті сөздер: эмоциялық зият, мәтін интерпретациясы, әдеби рефлексия, көркем рецепция, рефлексивті талдау.

Кіріспе

Бүгінгі «VUCA әлем» (әлемдік тұрақсыздық, белгісіздік, күрделілік пен біркелкі емес жағдайларда) кезеңінде әлемдік білім беру парадигмалары да үнемі жаңарып, түрлі трансформацияға ұшырып жатқанын байқаудамыз. Ақпараттардың толассыз ағыны, ақпараттық технологиялар мен медиакеңістіктің жылдам қарқынмен дамуы, цифрлық коммуникацияның қолжетімділігі білім берудегі адам құндылықтарының қайта алға шығуын, білімгердің рухани, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан қалыптасуын өзекті ете түсті. Осыған орай білімгерлердің пән бойынша теориялық білімдерін ғана емес, алған білімін әлеуметтік, рухани, мәдени ортада іске асырып, пайдалана алуына басымдық берілуде. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 5-бағытына сәйкес «Білім алушылардың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектісін дамыту» қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеудің негізі бөлімі ретінде көрсетілген [1].

Соңғы зерттеулерге сүйенсек, адамның кез келген саладағы табысты іс-әрекетінің 34 %-ы ақыл-ой зиятына, 66 %-ы эмоциялық зиятына байланысты екендігі көрсетілген [2]. Ал оқушының эмоциялық зиятын қалыптастыру мен дамытуға мектеп бағдарламасындағы бірден-бір әлеуетті пән – әдебиет. Көркем шығармаға жасалатын интерпретация мен оқушының эмоциялық зиятын дамыту – бір-бірінсіз жүзеге асуы екіталай, өзара байланысты екіжақты процесс. Эмоциялық зияты төмен оқушының мәтіннен керек ақпаратты тауып, оны өздігінше интерпретациялап, баға бере алуы да төмен. Сол сияқты білімгерге жас ерекшелігі мен қызығушылығына сәйкес кітапты ұсына білу, оны ортақ талқыға салу, талдау, кейіпкерге эмпатия білдіру, сюжеттік түйткілдерді шешу дағдыларын қалыптастыру – эмоциялық зиятты дамытудағы негізгі құралдардың бірі.

Материалдар мен әдістер

Мақалада төмендегідей зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылды: көркем мәтін интерпретациясы және эмоциялық зият тақырыптары бойынша ғылыми әдебиеттерді әдіснамалық және теориялық талдау; оқушы зиятын дамыту мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың, білім беру жүйелерінің инновациялық тәжірибелеріне анализ және синтез; талдау, диагностикалық әдістер және зерттеу барысында қажет деп табылатын басқа да теориялық және эмпирикалық әдістер.

Нәтижелер және талқылау

Әдебиеттану ғылымында көркем мәтін интерпретациясы туралы зерттеулердегі негізгі көзқарастарды екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі – көркем шығармаға жасалатын интерпретация әдеби талдаулар жасаудың құралы ретінде айқындалады. Ал екіншісі – көркем шығармадағы жай-күйді, эмоцияларды оқырман тарапынан сезініп, оқырманның ішкі әлемінің көрінісі ретінде қайта жарыққа шығуы. Біздің нысанымыз болып отырған мектеп оқушысы әлі кәсіби оқырман деңгейіне жетпеген, сондықтан шығарманы эмоциялық деңгейде қабылдап, жаңа өнімге айналдыра білуі қажет. Осы жерде «Баланың бойында эмоциялық интеллектіні қалыптастыруға әдебиет әлеуетті ме?», «Егер әлеуеті жетіп жатса, ол қалай жүзеге асады?» деген сұрақ туындайды.

«Баланың бойында эмоциялық зиятты қалыптастыруға әдебиет әлеуетті ме?» деген сұраққа ғалым О.В.Миронов былайша тоқталады: «Шығарманы терең түсініп, зерделей оқу жасөспірімдерде сананың рефлексивті компоненттерін қалыптастыруға, яғни ойлаудың динамикасы мен ассоциативтілігін, зейіннің белсенділігін, қиял, жады, және тағы басқа психикалық танымдық үдерістерді іске қосып, шынайы әлемді қабылдаудың жаңа сапа деңгейіне өтуге мүмкіндік береді» [3, 102-б.]. Аталған пікір көркем мәтінді қабылдау тек таным деңгейінде жүретін емес, оқырманның ішкі психоэмоциялық жай-күйіне әсер ететін үдеріс екенін негіздейді. Көркем шығарма мазмұнын терең түсіну барысында оқырман мәтіндегі оқиғалар мен кейіпкер әрекеттерін тек сырттай бақылап қана қоймайды, оны өзіндік эмоциялық тәжірибесі арқылы шынайы өмірмен байланыстыра қабылдайды. Яғни көркем мәтін оқырман санасында белгілі бір эмоциялық резонанс тудырып, қабылдау, пайымдау және мағыналық қайта құру сатыларынан өтеді. Бұл ойды В. А. Кухаренко төмендегі сызбада ұсынады [4, 243-б.]:

суреткердің қабылдауындағы шындық > Көркем шығарма < оқырман жасап алған шындық

Әдіскер-ғалым В. А. Доманский де қабылдаудың үш деңгейін көрсетеді: 1) сюжетті-оқиғалық деңгей (төменгі деңгей); 2) бейнелі-аналитикалық деңгей (орташа деңгей); 3) идеялық-эстетикалық деңгей (жоғары деңгей) [5, 17-б.]. Соның ішінде бейнелі-аналитикалық деңгейді екі топқа жіктейді: логика-түсіндірмелік және эмоциялы-бейнелік деңгей. Эмоциялы-бейнелік типке жататын білім алушылардың оқыған шығармаларына эмоционалдық қарым-қатынасы айқын байқалады және ол көп жағдайда субъективті ассоциацияларына негізделеді. Шығарманы оқу барысында кейіпкердің жан

әлемін барынша сезініп, кейіпкерлермен біте-қабысып кетіп жатады. Кейіпкерлер бейнесі оқырманның жеке тұлғалық бастан кешкендеріне сай еркін бейнеде қабылданатыны болмаса, бұл тип білім алушылары қиялы мен шығармашылық ойлауы тұрғысынан жоғары белсенділік танытады. Бұл деңгейде оқырманның шығарманы бағалаудағы басты критерийлері – эмоционалдық әсер ету дәрежесі, сюжеттің тартымдылығы, өмірлік мәселелерді көтеруі, шынайылығы, жеке өмірлік тәжірибесімен сәйкес келуі [6, 59-б.].

1-кесте – В. А. Доманский ұсынған білім алушылардың көркем шығарманы қабылдау деңгейлері

Қабыл дау деңгейлері	Қосымша деңгей	Ерекшеліктері	Көркем туындыны бағалау критерийлері	Оқырман-дық қызығу-шылықтары	Оқу мотивтері
1	2	3	4	5	6
Сюжетті-оқиғалық деңгей		Шығарма сюжетін шығарманың өзге элементтерімен өзара байланысы жоқ оқиғалар тізбегі деп қана санайды. Оқыған шығармадан алған әсерінің толық еместігі, ойлау үдерісінің жүйесіздігі байқалады. Сюжетті нақты өмірлік деректердің көрінісі ретінде қарап, тәрбиелік мәнін ұғуға тырысады. Шығарманың идеясын қарапайым, жеңіл түрде түсінеді. Эмоционалдық белсенділіктері жоғары болғанымен, шығарманың формалық ерекшеліктеріне, авторлық позицияның берілуіне назар аудармайды.	– өмірлік оқиғаларды суреттеуі; –шынайылығы; –қызықтылығы; –сюжеті тартысты оқиғаларға толы болуы; –тілінің қарапайым әрі жеңіл болуы.	Детективтер, тарихи және шытырман оқиғалы романдар. Поэзияға мүлде қызықпайды десе де болады.	Танымды, ойын-сауықтық, эмоционал-дық

Бейнелі-аналитикалық деңгей	Логика-түсініктемелік	Шығарманың эмоционалды-бейнелік компонеттеріне назар аудармайды, талқылауға бейім. Шығарманың тәрбиелік-этикалық, құндылықтық мәнін ашуға көбірек мән беріп, нақты деректерден алыстап кетіп жатады. Шығарма идеясын толық түсінбейді. Аталған білім алушыларда Эмоционалдық әсер ету дәрежесі өте төмен, шығармашылық ойлау мен қиял жоқтың қасы.	– танымдық құндылығы; – көркемдік материалдық өзектілігі; – композициялық құрылымының нақтылығы.	танымдық, тәрбиелік-дүниетанымдық	саясат, тарих, соғыс және қаһармандық, танымал тұла-лардың биографиялары мен мемуарлар, саяхат және шытыр-ман оқиғалар.
	Эмоционалды-бейнелік	Шығармаға эмоционалдық қарым-қатынасы айқын байқалады және ол субъективті ассоциацияларына негізделеді. Кейіпкердің жан әлемін барынша сезінеді. Қиял мен шығармашылық ойлау тұрғысынан белсенді. Шығарма идеясын толық әрі жүйелі түсіне бермейді. Өзіндік өмірлік тәжірибелері мен ұстанымдарына сүйеніп талдаулар жасайды, жазушының идеялық-эстетикалық көзқарастарын кейіпкерлер бейнесінен іздейді.	– танымдық құндылығы; – көркемдік материалдық өзектілігі; – композициялық құрылымының нақтылығы.	танымдық, тәрбиелік-дүниетанымдық.	саясат, тарих, соғыс және қаһармандық, танымал тұла-лардың биографиялары мен мемуарлар, саяхат және шытыр-ман оқиғалар.

Идеялық-эстетикалық деңгей		Көркем мәтінді толық, жүйелі, эстетикалық тұрғыда адекватты түсінумен, жоғары эмоционалдық және саналы интеллектуалдық түрде қабылдауымен ерекшеленеді. Өнер туындысын адамдарды, өмірді тану, өзін-өзі тану, рухани баю, тұлғалық тұрғыда өсу құралы деп таниды.	–психологиялық шынайылығы; –образдардың жан-жақтылығы; – көркемдік мәнері, шығарманың идеялық-көркемдік тереңдігі; – гуманизм және көтеріп отырған мәселесінің көркемдік тұрғыда сенімділігі; – көркемдік идеядарының қазіргі заманның руханяты тұрғысынан талаптарына сай болуы.	көркемдік деңгейі жоғары шығарма-ларды оқу	классика

Психология заңдылықтары мен механизмдерін зерттеп жүрген психолог С. Бақимова: «Эмоциялық интеллектіні дамытудың бір жолы өзі сезінетін эмоцияларды жақсы тану, атын атай алу. Яғни бізде болатын эмоциялардың барынша палитрасын беру үшін бізге сәйкесінше сондай бай сөздік қор керек. Ал оны қалай дамытуға болады? Оның маңызды бөлігі көркем әдебиет. Эмоциялық интеллектіні дамытудан басқа рөлі жайлы өзім сүйенетін психоанализ теориясынан айтсам, бұл жерде клиенттің еркін ассоциациясы маңызды, образды ойлай білетін адам мазмұнға бай, мағына жағынан бірнеше деңгейден тұратын терең ассоциацияларды көбірек ұсына алады», – дейді [7]. Өнердің, соның ішінде лирикалық шығармалардың, адамның эмоциялық, рухани әлеміне әсері туралы орыс ғалымдары Л. С. Выгодскийдің, А. А. Леонтьевтің, В. П. Зинченконың еңбектеріне де кездестіруге болады.

Г. Айзенк: «Эмоциялық зият» және «рухани зият» ұғымдары практикалық қолдану саласында тығыз байланыста. «Рухани зият» деп адамның өз өмірінің, түрлі оқиғалардың мәнін түсінетін, сонымен қатар құндылық бағдарларын анықтайтын қабілеті түсініледі. Рухани зият эмоциялық зияттың дамуына ықпал етіп, өзінің және басқалардың эмоцияларын түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың мәнін түсінуге, өз құндылықтарын тануға және әрекет етуге, өзі үшін және басқалар үшін құнды нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі», - дейді [8, 73-б.]. Ал рухани зиятты қалыптастырудың

да негізі көркем әдебиет екені анық. Алайда көркем шығарманың эмоциалық зиятты көтеруге ықпалы бар екендігі айтылып жүргенімен, оның қалай жүзеге асатыны, қандай әдістемемен берілетіні, білім беру жүйесіне қалай енгізілетіні жайлы зерттеулер мен қадам-қадамымен көрсетілген әдістемелік нұсқаулығы жасалмаған.

Білім беру жүйесі білім алушылардың интеллектуалды дамуына (IQ) көбірек көңіл бөледі де, эмоциялық тұрғыдан дамуына бейжай қарайды. Мемлекет әсіресе жаратылыстану және математика бағытындағы білімге көбірек назар аударуда. Осы орайда оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, эмоциялық интеллектісін ұштайтын пәндерге аз сағат берілетінін байқауға болады. Бұл – тек Қазақстанның білім беру жүйесінде ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне тән үрдіс. Мысалы, заманауи білім беру жүйесін зерттеуші Кен Робинсонның айтуынша, батыстық білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдайтын пәндердің азайып кетуі негативті көрсеткіштерге әкелді. Ал шығармашыл тұлға өмір ағынында кездесетін үлкенді-кішілі мәселелерді оңай еңсеріп, сәтті шешімдер қабылдай алады. Ал бұл жеке тұлғаның сапалы өмір сүруіне сеп болатыны белгілі [9].

Интерпретация – қазіргі әдебиеттану мен гуманитарлық ғылымдарда әлі де түбегейлі зерттеуді қажет ететін күрделі теориялық мәселе. Әсіресе көркем шығарманы талдау мен интерпретациялау ұғымдарының аражігін нақты ажыратып көрсету, оқырмандық интерпретацияның жекелеген қырларын жүйелі түрде зерделеу бағытындағы еңбектер саны әлі де шектеулі. Дегенмен көркем мәтінді талдау мен талқылау үдерісінде жүзеге асатын қабылдау, түсіну, зерделеу, түйсіну секілді сатылы әрекеттердің психологиялық, педагогикалық және эстетикалық қырларын зерттеуде интерпретация әмбебап әдіс ретінде танылады.

Интерпретация үдерісінде, ең алдымен, көркем шығарманың мазмұны мен мағынасын, астарлы ойын әр оқырманның өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып түсінуі маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, А.Б. Есиннің «Интерпретация дегеніміз – адамның жеке өзінің түсінуі» деген тұжырымы ерекше мәнге ие. Ғалым бұл формуладағы негізгі салмақ «өзінің» деген ұғымға түсетінін атап көрсетіп, оны «өз басынан өткерген тәжірибе» ретінде түсіндіреді [10, 187-б.].

А. Б. Есин ұсынған «өзінің түсінуі» авторлық мағынаны жоққа шығару немесе оған қарсы қою емес, керісінше, оқырманның жеке тәжірибесі мен білім деңгейі автор ойымен сабақтасып, шығарманың идеялық мазмұны тереңдей түсіп, мағыналық өрісі кеңейе түсуін білдіреді. Демек, көркем мәтінді интерпретациялаудағы негізгі шарт – қабылдау (рецепция) мен түсінудің өзара бірлігі.

Герменевтикалық тұрғыдан алғанда, интерпретация «түсіну» актісі арқылы жүзеге асады және бұл түсіну әрдайым эмоциялық тәжірибемен астасып жатады.

Оқырман көркем мәтінді түсініп-түйсіну арқылы кейіпкердің жан дүниесіне еніп, оның психологиялық күйін, ішкі қайшылығын, моральдық таңдауын сезіне бастайды. Мұндай эмпатиялық қатынас эмоциялық зияттың өзегін құрайтын өзгенің эмоциясын тану мен түсіну қабілетін қалыптастырады. Осы тұрғыдан интерпретация үдерісі эмоциялық эмпатияны табиғи түрде дамытатын құрал ретінде көрінеді.

Интерпретацияның эмоциялық зиятты дамытудағы маңызды қыры – оқырманның рефлексивті қабілетін күшейтуі. Көркем мәтінді интерпретациялау барысында оқырман кейіпкер әрекетін бағалай отырып, өз эмоциялық реакциясын зерделейді, «мен не сезіндім?», «неліктен шығарма маған дәл осылай әсер етті?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл ішкі рефлексия эмоциялық өзін-өзі тануға, эмоцияны саналы түрде қабылдауға және оны реттей білуге негіз болады. Демек, интерпретация эмоциялық зиятты оқырмандық тұрғыдан реттеу компонентін қалыптастыруға ықпал етеді.

Демек, көркем шығармаларды түсіну мен интерпретациялау барысында дамитын әдеби интерпретация студенттердің эмоциялық зиятын тұлғалық рефлексияға ұласады. Г. И. Богин әдеби интерпретацияның маңыздылығын атап, «Интерпретация дегеніміз – мәтін семантикасына жасалатын рефлексия» деп сипаттайды [11, 232-б.].

Көркем рефлексия оқырманы автор интенциясын, болмысы және ішкі әлемін тануға, автор – мәтін – оқырман арасындағы эмоционалды байланыстың құрылуына ықпал етеді. Кейде бұл процесс оқырманның эстетикалық және эмоционалды әрекеттерін тудырып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Осы арқылы оқырманның қалыптан тыс, креативті ойлау дағдылары да жетіле түседі.

Филологиялық зерттеулер мен герменевтика аясында «әдеби рефлексия» кеңінен қарастырылады. Оның негізгі мақсаты – оқырманның мәтінді өздігінен түсінуі және талдауына мүмкіндік беру. Рефлексияның нысаны ретінде оқырманның жеке субъективтік ерекшеліктері мен шығарманың көркемдік компоненттері, мазмұндық құрылымы ескеріледі. Әдеби рефлексия көркем туындының эстетикалық мәнін бағалауға бағытталған үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Г. И. Богин мәтінді түсіну типологиясын негізге ала отырып, көркем мәтінді интерпретациялау мен рефлексивті талдау келесі кезеңдерін атап көрсетеді: 1) Мағыналық түсіну – физикалық таңбаларды (сөздер, түстер, қарапайым формалар) қабылдау, оларды таныс немесе бейтаныс нысан ретінде тану және тілдік мағынасын түсіну; 2) Когнитивтік түсіну – мәтіннің мәнмәтініне назар аударып, таңбалық жағдайларды анықтау; 3) Кеңейтілген түсіну – жеке тұлғалық рефлексияның метамағына көшу. Тек осы кезеңде әдеби немесе көркем рефлексия толық көрініс табады [11, 247-б.].

Яғни көркем мәтінге жасалатын интерпретация және әдеби рефлексия – мәтінмен тек танысу емес, оны оқырманның жеке тәжірибесімен байланыстыра отырып, терең талдау және шығармашылық тұрғыда қайта ойлау процесі. Әр кезең оқырманның түсіну қабілетін дамытып, мәтінге эмоциялық тұрғыдан реакция тудыруына әсер етеді. Олай болса, көркем шығармаға жасалатын интерпретация арқылы оқушылардың эмоциялық зиятын дамыту әдіс-тәсілдерін айқындау – өзектілігі арта беретін мәселе. Осы мәселенің бір шешімі ретінде оқушылардың эмоциялық зиятын көркем шығармаға интерпретация арқылы дамыту моделін ұсынамыз. Ұсынылып отырған көркем шығармаға интерпретация арқылы оқушылардың эмоциялық зиятын дамыту моделі қазіргі білім беру жүйесіндегі бірқатар өзекті қайшылықтарды шешуге бағытталған.

Біріншіден, VUCA әлем жағдайында білім беру жүйесі тек пәндік білім берумен шектелмей, білім алушының эмоциялық тұрақтылығы, бейімделгіштігі, тұлғалық және рухани кемелденуін қамтамасыз етуді талап етеді. Ақпарат ағынының көптігі мен цифрлық коммуникацияның басымдығы оқушының шынайы өмірмен байланысын, шынайы қарым-қатынастар құру тәжірибесін таяздатып, эмпатия, рефлексия, өзін-өзі тану дағдыларының әлсіреуіне әкелуде. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған модель эмоциялық зиятты дамыту арқылы оқушыны әлеуметтік және рухани тұрғыда қолдаудың тиімді тетігін ұсынады.

Екіншіден, қазіргі мектеп тәжірибесінде эмоциялық зияттың маңыздылығы жиі айтылғанымен, оны қалыптастырудың нақты пәнішілік, жүйелі және ғылыми негізделген әдістемелік үлгілері жеткіліксіз. Әсіресе әдебиеттің эмоциялық зиятты дамытудағы әлеуеті толық іске асырылмай отыр. Ұсынылып отырған модель көркем мәтінді интерпретациялау үдерісін эмоциялық зиятты дамытудың негізгі механизмі ретінде қарастырып, бұл олқылықтың орнын толтырады.

Үшіншіден, модель көркем шығарманы оқытуды формалды талдаудан тұлғалық-мағыналық деңгейге көтереді. Оқушы мәтінді тек ақпарат көзі ретінде емес, өзін-өзі тану, эмоциялық тәжірибе жинақтау, құндылықтарды пайымдау құралы ретінде қабылдайды. Бұл әдебиетті оқытудағы ынтасын арттырып, оқырмандық мәдениетті қалыптастырады.

Төртіншіден, модельдің өзектілігі оның пәнаралық және интегративтік сипатында көрінеді. Ол әдебиеттану, психология, педагогика, мәдениеттану салаларының тоғысында жасалып, эмоциялық және рухани дамуды кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Осылайша, көркем шығармаға интерпретация арқылы эмоциялық зиятты дамыту моделі қазіргі білім беру жүйесінің тұлғалық, құндылықтық және гуманистік бағдарын күшейтетін, теория мен практиканы өзара ұштастыратын өзекті ғылыми-әдістемелік шешім бола алады.

2-кесте – Көркем шығармаға интерпретация арқылы оқушылардың эмоциялық зиятын (EQ) дамыту моделі

Мақсаты *– шығармаға жасалатын интерпретация арқылы оқушылардың эмоциялық зиятын дамыту*

Ұсынылып отырған модель төмендегі теориялар мен тұжырымдамаларға сүйенеді:
- **Герменевтикалық тәсіл** (көркем мәтінді мағыналық қайта құру, оқырман тәжірибесі арқылы түсіндіру);
- **Оқырман рецепциясы теориясы** (оқырман – мәтін мағынасын жасаушы субъект);
- **Эмоциялық зият теориялары** (Д. Гоулман, Г. Айзенк – эмоцияны тану, түсіну, басқару);

Көркем мәтінді интерпретациялау кезеңдері:
- **Эмоциялық қабылдау кезеңі** алғашқы әсер, оқырманның шығарманың реакциясы, «маған не әсер етті?» деген сұраққа жауап.
- **Эмпатиялық талдау кезеңі** кейіпкердің күйін сезіну, «егер мен оның орнында болсам…» тәсілі.
- **Рефлексивті интерпретация кезеңі** мәтін мен жеке өмірді байланыстыру; құндылықтық пайымдау.
- **Мағыналық қайта құру кезеңі** мәтіннен алынған эмоциялық тәжірибені әлеуметтік ортада қолдану.

Әдеби интерпретация арқылы EQ-ді дамытудың негізін қалаушы құрамдас бөліктері

Мақсаттық-бағдарлық:
– Оқушылардың эмоциялық зиятын көркем мәтін интерпретациясы арқылы дамыту.

Мазмұндық:
– Көркем мәтіндегі оқырман эмоциясын тудыратын сюжеттер мен жағдаяттар, кейіпкердің ішкі әлемі, тарихи-әлеуметтік контекстер, авторға бағдарлы өмірбаяндық талдаулар т.б.

Әдістемелік:
– Көркем мәтінге интерпретация;
– Әдеби рефлексия;
– Эмоциялық ассоциация.

Бағалаушылық-нәтижелік:
– Оқырманның эмоциялық зиятының дамуы, тұлғалық өсу, рухани құндылықтардың қалыптасуы.

Тұлғалық-бағдарлы, құндылыққа негізделген білім беру
Интерпретация үдерісінде оқырман пассивті қабылдаушы ғана емес, өзінің өмірлік тәжірибесі, эмоциялық күйі мен құндылықтық бағдарлары арқылы туындыға мән үстеуші, автормен бірлескен шығармашылық иесі ретінде көрініс табады.

Әдебиетті рухани-әлеуметтік тәжірибе ретінде қабылдау
Интерпретация үдерісінде оқырманның кейіпкерлер тағдырын өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра пайымдауына, эмоциялық күйді сезінуі мен түсінуіне, соның негізінде эмпатия, рефлексия жасауына ықпал етеді.

Оқырмандық интерпретациядан шығармашылық интерпретацияға өту.
Шығармашылық интерпретация көркем мәтін мазмұнын оқушының қиялы мен эмоциялық тәжірибесі арқылы қайта құруға мүмкіндік беріп, эмоцияларды тану, атау, түсіну және эмпатия білдіру дағдыларының қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Әдеби интерпретация арқылы EQ-ді дамытудың ұстанымдары

Нәтиже *– эмоциялық зияты жоғары оқырман*

Ұсынылған модельдің теориялық негіздерін нақтылау мақсатында анықтау эксперименті жүргізілді. Зерттеуге екі жалпы білім беретін мектептің 159 оқушысы қатысты. Диагностикалық кезеңде Google Forms платформасы арқылы эмоциялық зияттың негізгі компоненттерін (эмоцияларды тану және түсіну, эмпатия, эмоциялық рефлексия, эмоциялық экспрессия, көркем шығарманы эмоциялық қабылдау) анықтауға бағытталған сауалнама ұйымдастырылды. Алынған мәліметтер оқушылардың көркем мәтіндегі эмоцияларды қабылдау, кейіпкерге жанашырлық таныту және көркем интерпретация арқылы шығарманы эмоциялық қабылдау, оқырмандық эмпатия қабілеттерінің артқанын көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері оқушылардың эмоцияларды терең интерпретациялау, олардың себеп-салдарын түсіндіру, кейіпкердің ішкі психологиялық күйін талдау және өз эмоцияларын дәл вербализациялау дағдыларының біркелкі дамымағанын анықтады. Бұл әдеби шығарманы дәстүрлі талдау тәсілдері эмоциялық зияттың барлық компоненттерін дамытуға жеткіліксіз екенін көрсетті. Осы анықтау экспериментінің нәтижелері көркем шығарманы эмоциялық қабылдау, эмпатиялық талдау, рефлексивті интерпретация және мағыналық қайта құру кезеңдеріне негізделген авторлық модельді әзірлеуге теориялық әрі практикалық негіз болды.


Төменде модельдің құрылымымен тікелей байланысты негізгі көрсеткіштердің нәтижелері берілді.

Мысалы, 1-сұрақ кейіпкердің эмоциясын тану деңгейін анықтауға құрылған. Эксперимент нәтижелері оқушылардың көпшілігі кейіпкердің эмоциялық күйін ажырата алатынын көрсетті. Алайда эмоцияны интуитивті тану оны саналы интерпретациялаумен әрдайым ұштаса бермейтінін ескерген жөн.




1-сурет – Сауалнама нәтижесі

2-сұрақ эмоцияның себептерін түсінуге бағытталған. Бұл көрсеткіш эмоцияны тануға қарағанда төменірек нәтиже көрсетті. Демек, оқушылар эмоцияны байқаса да, оның психологиялық себептерін түсіндіруде қиындықтарға кездеседі.



2-сурет – Сауалнама нәтижесі

3-сұрақ көркем мәтіннің тұлғалық әсерін анықтайды. Нәтижелер көркем шығарманың оқушылардың тұлғалық қабылдауына ықпал ететінін көрсетті. Алайда барлық білім алушыларда бұл ықпал тұрақты емес, сондықтан эмоциялық интерпретацияға негізделген арнайы әдістеменің қажеттілігі анықталды.



3-сурет – Сауалнама нәтижесі

Қорытынды

Қорытындыласақ, интерпретация үдерісінде мәтін мен оқырман өмірі арасындағы мағыналық байланыс орнайды. Эмоциялық зияты жоғары білімгерлер баяндау әлеміне терең еніп, иммерсивті оқудан көбірек ләззат алады, бұл олардың оқуға деген мотивациясын арттырып, мәтінді түсіну қабілетін жетілдіруі мүмкін [12].

Оқырман көркем шығармада бейнеленген эмоциялық тәжірибені өз әлеуметтік ортасымен, өмірлік жағдаяттарымен салыстыра отырып, эмоцияның әлеуметтік мәнін ұғынады. Бұл кезеңде эмоциялық тәжірибе тек жеке сезім деңгейінде қалмай, оның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы маңызы зерделене түседі. Нәтижесінде эмоциялық зият тұлғалық-әлеуметтік құзырет ретінде қалыптасып, оқырманның моральдық таңдауы мен мінез-құлқына ықпал етеді.

Оқырмандық интерпретациядан шығармашылық интерпретацияға өту барысында эмоциялық зияттың дамуы жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Шығармашылық интерпретацияда оқырман көркем мәтінді қайта құрып, балама шешімдер ұсынады, кейіпкер тағдырын жаңаша пайымдайды. Бұл үдеріс эмоцияларды тек сезіну ғана емес, оларды саналы түрде атау, сипаттау, символдау қабілеттерін дамытады. Мұндай әрекеттер эмоциялық зияттың күрделі құрылымын – эмоцияны тану, түсіну, білдіру және басқару дағдыларын біртұтас жүйе ретінде қалыптастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтінді интерпретациялау эмоциялық зиятты дамытуда әмбебап педагогикалық-психологиялық құрал ретінде танылады. Интерпретация арқылы жүзеге асатын қабылдау, эмпатия, рефлексия және мағыналық қайта құру әрекеттері оқырманның эмоциялық тәжірибесін тереңдетіп қана қоймай, оны саналы, құндылыққа негізделген деңгейге көтереді. Нәтижесінде көркем мәтінмен жұмыс істеу оқушы тұлғасының эмоциялық мәдениетін қалыптастыратын маңызды факторға айналады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

AP26103915 Мектеп оқушыларының эмоционалдық интеллектін (EQ) дамыту мақсатында әдебиет пәнінің мазмұнын өнермен біріктірудің ғылыми және әдістемелік негіздері.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Электрондық ресурс]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z44 (Қаралған күні: 8.11.2023).

2 **Сардарова, Ж. И.** Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті мәселелері [Электрондық ресурс]. – http://taisoigan.kz/rukhaniyat/article_post/bilim-berudi%D2%A3-zha%D2%A3a-paradigmasy-zhagdajynda-pedagogtardy%D2%A3-k%C9%99sibi-k%CB%8C%D2%B1zyrettiligin-arttyrudy%D2%A3-%D3%A9zekti-m%C9%9-9seleleri (Қаралған күні: 8.11.2023).

3 **Миронов, О. В.** Развитие герменевтических практик в толковании сакрального текста: дис. … канд. филос. наук [Текст]. – Воронеж, 2002. – 151 с.

4 **Кухаренко, В. А.** Интерпретация текста [Текст]. – Л. : Просвещение, 1978. – 192 с.

5 **Доманский, В. А.** Чтобы не работать вслепую (Знания об уровнях читательского восприятия старшеклассников как фактор их дальнейшего развития) [Текст]. // Русский язык и литература в средних учебных заведениях Украины. – 1992. – № 1 (141). – С. 20–23.

6 **Отарбаева, Г. Н.** Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация [Мәтін]. – Алматы, 2022. – 191 б.

7 Көркем шығарма оқудың пайдасы қандай? [Электрондық ресурс]. – https://egemen.kz/article/205360-korkem-shygharma-oqudynh-paydasy-qanday (Қаралған күні: 5.10.2025).

8 **Айзенк, Г. Ю.** Интеллект: новый взгляд [Текст]. – М. : Вопросы психологии, 1995. – 111 с.

9 Убогая учебная программа порождает убогое образование. Культовая лекция Кена Робинсона о том, как школы убивают креативность [Электрондық ресурс]. – URL : https://dyjalog.by/ubogaya-uchebnaya-programma-porozhdaet-ubogoe-obrazovanie-kultovaya-lekciya-kena-robinsona-o-tom-kak-shkoly-ubivayut-kreativnost/ (Қаралған күні: 4.02.2026).

10 **Есин, А. Б.** Интерпретация литературного произведения как теоретическая проблема. Проблемы интерпретации художественных произведений [Текст]. – М. : МГПИ, 1985. – 248 с.

11 **Богин, Г. И.** Субстанциональная сторона понимания текста [Текст]. – Тверь, 1993. – 185 с.

12 **Yu, Liyan, McBride, C., Tong, X.** Emotional intelligence predicts initial status and growth of reading comprehension in primary school students [Text]. // Learning and Individual Differences. – 2026. – Vol. 125. – Article 102814. – https://doi.org/10.1016/j.lindif.2025.102814

REFERENCES

1 Kazakhstan Respublikasynda mektepke deingi, orta, tehnikalyk zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly : Kazaкstan Respublikasy Ukımetının 2023 zhylgy 28 nauryzdagy № 249 kaulysy [Resolution No. 249 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023, On the Approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029] [Electronic resource]. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z44 (Review date: 8.11.2023).

2 **Sardarova, Zh. I.** Bilim berudin zhanga paradigmasy zhagdayynda pedagogtardyn kasibi kuzyrettiligin arttyru dyn ozekti maseleleri [Topical issues of improving teachers' professional competence in the context of a new educational paradigm] [Electronic resource]. – http://taisoigan.kz/rukhaniyat/article_post/bilim-berudi%D2%A3-zha%D2%A3a-paradigmasy-zhagdajynda-pedagogtardy%D2%A3-k%C9%99sibi-k%CB%8C%D2%B1zyrettiligin-arttyrudy%D2%A3-%D3%A9zekti-m%C9%99seleleri (Review date: 8.11.2023).

3 **Mironov, O. V.** Razvitie germenevticheskikh praktik v tolkovanii sakralnogo teksta [Development of hermeneutic practices in the interpretation of sacred texts: dissertation for the degree of candidate of philosophical sciences]. [Text]. – Voronezh, 2002. – 151 p.

4 **Kukharenko, V. A.** Interpretatsiya teksta [Text interpretation] [Text]. – Leningrad: Prosveshchenie, 1978. – 192 p.

5 **Domanskii, V. A.** Chtoby ne rabotat vslepuyu (Znanie ob urovnyakh chitatelskogo vospriyatiya starsheklassnikov kak faktor ikh dalneishego razvitiya) [Not to work blindly (Knowledge of levels of senior pupils' reading perception as a factor of their further development)] [Text]. In Russkii yazyk i literatura v srednikh uchebnykh zavedeniyakh Ukrainy. – 1992. – № 1. (141). – p. 20–23.

6 **Otarbaeva, G. N.** Korkem matinge interpretatsiya arkhyly studentter shygharmashylygyn damytu adistemesi [Methodology for developing students' creativity through interpretation of a literary text]: dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) [Text]. – Almaty, 2022. 191 p.

7 Korkem shygharma okudyn paidasy kandai? [What are the benefits of reading fiction?] [Electronic resource]. – https://egemen.kz/article/205360-korkem-shygharma-oqudynh-paydasy-qanday. (Review date: 5.10.2025).

8 **Eysenck, H. J.** Intellekt: novyi vzglyad [Intelligence: a new look] [Text]. – Moscow: Voprosy psikhologii, 1995. – 111 p.

9 Ubogaya uchebnaya programma porozhdaet ubogoe obrazovanie. Kul`tovaya lekciya Kena Robinsona o tom, kak shkoly` ubivayut kreativnost` [A Poor Curriculum Produces Poor Education: Ken Robinson's Iconic Lecture on How Schools Kill Creativity] [Electronic resource]. – URL : https://dyjalog.by/ubogaya-uchebnaya-programma-porozhdaet-ubogoe-obrazovanie-kultovaya-lekciya-kena-robinsona-o-tom-kak-shkoly-ubivayut-kreativnost/ (Review date: 4.02.2026).

10 **Esin, A. B.** Interpretatsiya literaturnogo proizvedeniya kak teoreticheskaya problema [Interpretation of a literary work as a theoretical problem] [Text]. In Problemy interpretatsii khudozhestvennykh proizvedenii. – Moscow: MGPI, 1985. 248 p.

11 **Bogin, G. I.** Substantsionalnaya storona ponimaniya teksta [The substantive aspect of text comprehension] [Text]. – Tver, 1993. – 185 p.

12 **Yu, Liyan & McBride, C. & Tong, X.** *E*motional intelligence predicts initial status and growth of reading comprehension in primary school students. [Text]. – Learning and Individual Differences, Volume 125, January 2026, 102814. – https://doi.org/10.1016/j.lindif.2025.102814

09.03.26 ж. баспаға түсті.
18.06.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Г. Н. Отарбаева[1], Б. Д. Жұмакаева[2], А. Р. Алпысбай[3]*
[1,2]SDU University, Республика Казахстан, г. Каскелен;
[3]Институт развития государственного языка,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 09.03.26.
Поступило с исправлениями 18.06.26.
Принято в печать 10.08.26.

МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА (EQ) УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

В данной статье исследуются вопросы интерпретации художественного произведения, развития «soft skills» обучающихся посредством художественного текста, в том числе возможностей развития их эмоционального интеллекта, а также проводится их анализ с позиций современных научных подходов.

Цели статьи – проведение диагностики реализации образовательной цели «анализ и интерпретация» в обновленной учебной программе, представление полученных результатов таких работ, как выявление этапов развития эмоционального интеллекта посредством интерпретации художественного произведения и

компетенций, которые должны формироваться в соответствии с ним, а также научное обоснование данной работы. Это обусловлено тем, что для развития у учащихся навыков понимания, анализа и изучения художественного произведения, формирования человеческого капитала, распознающего собственные и чужие эмоции, и усвоения универсальных ценностей, необходимы комплексные исследования и конкретные прикладные инструменты по предложенной теме.

В статье анализируется взаимосвязь между понятиями художественной литературы и эмоционального интеллекта с точки зрения современных литературоведческих исследований, рецептивной эстетики и теорий литературной рефлексии, а также определяется их научный потенциал в области гуманитарного образования. Это исследование повышает научный потенциал гуманитарного образовательного пространства. Кроме того, оно рассматривает интерпретацию как ядро учебной деятельности и служит основой для нового осмысления содержания образования.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, интерпретация текста, литературная рефлексия, художественная рецепция, рефлексивный анализ.

**G. N. Otarbayeva[1], B. D. Zhumakaeva[2], A. R. Alpysbai[3]*
[1,2]SDU University, Republic of Kazakhstan, Kaskelen;
[3]The State Language Development Institute,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 09.03.26.
Received in revised form 18.06.26.
Accepted for publication 10.08.26.

MODEL OF DEVELOPMENT OF STUDENTS' EMOTIONAL INTELLIGENCE (EQ) THROUGH ARTISTIC TEXT INTERPRETATION

The article explores the issues of interpreting literary works, developing students' "soft skills" through literary texts, including the opportunities for fostering their emotional intelligence, and analyzes these issues from the perspective of contemporary scholarly approaches.

The objectives of the article are to conduct diagnostics of the implementation of the educational goal "analysis and interpretation" in the updated educational program, to share the results obtained in such works as identifying the stages of developing emotional intelligence

through interpretation of an artistic work and the competencies that should be formed in accordance with it, and to scientifically substantiate it. This is because it is clear that in order to develop students' skills in understanding, analyzing, and studying an artistic work, to form human capital that recognizes their own and others' emotions, and to internalize universal values, comprehensive research and specific applied tools are needed on the proposed topic.

The article analyzes the relationship between the concepts of fiction and emotional intelligence from the perspective of modern literary studies, receptive aesthetics, and theories of literary reflection, and identifies their scientific potential in the field of humanitarian education.

Keywords: emotional intelligence, text interpretation, literary reflection, artistic reception, reflective analysis.

ҒТАМР 16.21.45

https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/665-679

М. Б. Тлеулинова[1], А. Е. Алпысбаева[2],
А. Қ. Саргелтаева[3], И. А. Олькова[4], Ж. Ж. Манапбаева[5]
[1,2,3]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[4]М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.;
[5]Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5505-7202
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5947-6084
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8118-3846
[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1045-0887
[5]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4650-1727
*e-mail: tleulinova_mb@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ПАРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАСЫ: ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ «ГАУҺАРТАС» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

Мақалада белгілі жазушы Д. Исабековтің «Гауһартас» шығармасындағы паралингвистикалық элементтердің орыс және ағылшын тілдеріндегі көркем аудармаларында берілу ерекшеліктері қарастырылады. Паралингвистикалық элементтердің көркем шығармада көрініс табуы және олардың аудармада берілуі – отандық аударматану ғылымындағы тың әрі ерекше қызығушылық тудыратын мәселе. Бейвербалды мағыналарды жеткізу – аудармашы үшін әрдайым күрделі міндет. Ал Д. Исабеков туындыларындағы паралингвистикалық элементтер қазақ халқының болмысын, мінезін, қарым-қатынас мәдениетін бейнелейді. Оларды басқа тілде дұрыс жеткізу – түпнұсқаның стилі мен мазмұнын, ұлттық сарынын сақтау үшін аса маңызды. Сондықтан зерттеудің негізгі мақсаты – зерттеу нысанындағы паралингвистикалық элементтерді анықтап, түпнұсқамен орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын құрылымдық-семантикалық тұрғыдан

салыстырып, олардың аударма мәтіндерінде толыққанды жеткізілу деңгейі мен орын алған аударма трансформацияларын талдау. Жалпы зерттеу құрылымдық-мағыналық, контекстуалдық және аударматанымдық талдау әдістері, сондай-ақ сөздік анықтамаларды талдау әдісі арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде жазушының «Гауһартас» шығармасындағы ремарка, ишара, үнсіздік, қозғалыс пен интонациялық бейнелердің орыс және ағылшын тілдерінде берілу ерекшеліктері анықталып, аудармашылық шешімдердің түпнұсқа мазмұнын жеткізудегі әлеуеті талқыланды. Сонымен қатар жүргізілген талдау негізінде паралингвистикалық элементтердің сәтті аударылу мүмкіндігін арттыратын критерийлер ұсынылды.

Кілтті сөздер: көркем аударма, паралингвистикалық элементтер, Дулат Исабеков, аударма трансформациялары.

Кіріспе

Паралингвистикалық элементтер – вербалды тілмен қатар жүретін бейвербалды коммуникация құрамдастары, оған интонация, екпін, ырғақ және әртүрлі дауыс сапалары, ым-ишара, көзқарас, дене қозғалысы жатады. Аталмыш құралдардың көркем контексте атқаратын нақты қызметі – кейіпкердің ішкі дүниесін, көңіл күйін, қарым-қатынастағы реңкті, қозғалыс пен сөйлеу ерекшелігін көрсету. Олар автор мен кейіпкер арасындағы психологиялық байланысты нақтылай түседі, сөзбен айтылмайтын мағынаны жеткізеді, кейіпкердің жан дүниесін көрнекі түрде ашады, автордың стилистикалық мақсатын жүзеге асырып, мәтіннің көркемдік құнын арттырады. Әрі реципиентке түпнұсқа мәтінді дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін маңызды контекст ұсынады.

Алайда паралингвистикалық элементтерді аудару олардың мәдени және жағдаяттық факторлармен тығыз байланысты болғандықтан бірқатар қиындықтар туғызады. В. Машарипованың пікірінше, көркем мәтіндегі паралингвистикалық құралдарды жіктеу олардың контекске тәуелділігі мен интерпретацияның субъективті сипатына байланысты күрделі үдеріс болып табылады [1, 175-б.]. Бұл мәселе бірыңғай жіктеу жүйесінің болмауымен одан әрі күрделене түседі, нәтижесінде аудармашылар бұл элементтерді жүйелі түрде тану мен дәл жеткізуде қиындыққа тап болады. Қосымша қиындықтар паралингвистикалық белгілердің эмоциялық жүктемесін ескерумен байланысты. Д. Гиббон бойынша ым-ишаралар мен дауыс вариациялары сөйлеумен бірге интерпретациялануы тиіс, себебі олар мағынаны едәуір өзгертуі мүмкін [2]. Осындай күрделі өзара байланыс көркем мәтінді аудару барысында түпнұсқаның эмоциялық тереңдігін жоғалтпай жеткізуді қиындатады.

Қазіргі аударматану ғылымында тілдік және паралингвистикалық белгілерді біртұтас қарастыратын кешенді модельдерді қолдану қажеттігі айқындалуда. Мультимодальды талдау паралингвистикалық элементтердің көркем мәтіндегі қызметін түсінуде маңызды әдіс ретінде танылады. Нақты көркем шығармаларды талдау паралингвистикалық элементтерді аударудың практикалық қырларын терең түсінуге мүмкіндік береді. И. Уайлс Прамудья Ананта Турдың «Bumi Manusia» романын аудару процесін зерттей отырып, күнделікті қарым-қатынасты бейнелеуде паралингвистикалық элементтердің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді, осылайша олардың аудармадағы маңызын дәлелдейді [3, 13-б.]. Сол сияқты К. Учегбу-Эквуэме паралингвистикалық қасиеттердің мәтіндегі мағына мен стильге әсерін талдап, тілдік және паралингвистикалық деңгейлердің өзара динамикалық байланысын айқындайды [4, 234-б.]. Сонымен қатар А. Мұхаммадтың зерттеулері, әсіресе Құран сияқты сакралды мәтіндерді аудару барысында паралингвистикалық айырмашылықтарға байланысты мәдени және стильдік жоғалтулардың жиі орын алатынын көрсетеді [5, 519-б]. Бұл аудармашының паралингвистикалық белгілерге сіңірілген мәдени реңктерді терең түсінуінің маңызын айқындайды.

Сонымен қатар, тілдер арасындағы флексиялық айырмашылықтар эмоциялардың қалай білдірілетініне және қалай қабылданатынына елеулі әсер етеді. Мысалы, И. Гарсия-Марко бастаған зерттеушілер лингвистикалық белгілердің мәтіндегі қабылдау ракурсын қалыптастыруға әсер ететінін атап өтеді, ал бұл кейіпкердің үні мен көзқарасын оның мәдени контексінде дұрыс жеткізу үшін аса маңызды [6, 2021-б.]. Мұндай тұжырымдар кейіпкер бейнесін бұрмалауға әкелуі мүмкін қате түсіндірулердің алдын алу үшін паралингвистикалық аударма стратегияларын мәдени пайымдаулармен үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің когнитивтік өңделуі де маңызды рөл атқарады. П. Цзиракис пікірінше, семантикалық және паралингвистикалық белгілерді айқындау және талдау әдістерін қолдану аударма барысында туындайтын кейбір алшақтықтарды азайтып, диалогтің көзделген эмоционалдық реңктерін сақтауға мүмкіндік береді [7, 6279-б.]. Дегенмен сөзбе-сөз аударма мен экспрессивтік дәлдік арасындағы дұрыс тепе-теңдікті табу күрделі мәселе болып қала береді. Дж. Хаус аударма үдерісінде «мәдени сүзгіні» қолдану қажеттігін атап өтіп, қандай паралингвистикалық элементтер өз маңызын сақтайтынын және қайсысын бейімдеу қажет екенін айқындауды ұсынады [8, 244-б.].

Осы қиындықтарды еңсеру үшін түрлі стратегиялар ұсынылған. Мәселен, паралингвистикалық ерекшеліктерді аудару сипаттамалық бейімдеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, яғни аудармашы интонация немесе дауыс биіктігінің эмоционалдық мағынасын тікелей аударуға тырысқаннан гөрі,

оны түсіндіріп береді. И. Уайлстың зерттеуі түпнұсқаның әсерін жоғалтпай, оқырманның қабылдауын байытатын, аударылған мәтінді толықтыратын контекске негізделген аннотацияларды қолдануды қолдайды. Дж. Калич еңбегінде мұндай стратегиялардың практикалық қолданылуын көрсете отырып, эмоцияны тану мен білдіруді тілдер арасында бағалау арқылы баяндаудың тұтастығын сақтауға қатысты маңызды тұжырымдар ұсынады [9]. Бұл пайымдаулар көркем мәтіндердегі паралингвистикалық белгілерді аударудың трансформациялық сипатын және мұндай бейімдеулердің оқырманның эмоционалдық қабылдауына қалай әсер ететінін айқындайды.

Жоғарыдағы паралингвистика мен аудармаға қатысты еңбектерге шолу жасай келе, біз зерттеу мақаламызда белгілі аударматанушы ғалым П. Ньюмарк ұсынған аударманың екі негізгі стратегиясына (түпнұсқаға және оның авторына бағытталған семантикалық аударма (source-oriented translation) және аударма процесінің адресатына бағытталған коммуникативтік аударма (target-oriented translation)) және аударма техникаларына сүйенеміз [10]. Коммуникативтік аударма ең алдымен аударма тіліндегі оқырманға бағытталады, түпнұсқа тілдің ерекшеліктері аса маңызды болмауы мүмкін, керісінше ол бастапқы мәтіндегі негізгі ақпараттың өз мәдениеті мен тіліне табиғи түрде жеткізілуін күтеді. Ал семантикалық аударма негізінен түпнұсқаның мәдени-тілдік ортасына бағдарланады. Коммуникативтік аударма айтылымның экспрессивтік және прагматикалық әсерін күшейтсе, семантикалық аударма мазмұндық, мағыналық компонентке басымдық береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы – Д. Исабековтың «Гауһартас» шығармасындағы паралингвистикалық элементтер мен олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары болып табылады. Орыс тілінде «Гауһартас» (2003) – аудармашылар Л. Космухамедова, В. Берденников [11], ағылшын тілінде «The little pearl» (2014) деп К. Юдельсон тәржімелеген [12].

Ғалымдар паралингвистикалық құралдарды жіктеудің әртүрлі тәсілдерін ұсынған. Алайда паралингвистикалық құралдардың ең толық әрі жиі қолданылатын жіктемесінің авторы – Г. В. Колшанский. Ол паралингвистикалық құралдардың келесі түрлерін бөліп көрсетеді: 1. Фонациялық (дыбыс); 2. Кинесикалық (қимыл); 3. Графикалық (жазба көрініс, мысалы, тыныс белгілері – леп белгісі, көп нүкте т.б.) [13, 32-б.]. Зерттеу барысында аталмыш жіктемеге сүйене отырып, паралингвистикалық құралдар түпнұсқа/аударма жұбында жан-жақты семантика-құрылымдық талдауға түсіп, орын алған аударма трансформациялары анықталып, олардың түпнұсқаны жеткізудегі әлеуеті интерпретацияланады. Нәтижесінде паралингвистикалық элементтердің барынша толыққанды аударылуына себеп болатын критерийлер ұсынылады.

Семантика-құрылымдық талдау әдісі арқылы түпнұсқа мен аударма мәтіндеріндегі паралингвистикалық элементтердің мағыналық құрылымы мен тілдік берілу ерекшеліктері салыстырылды. Контекстуалдық талдау әдісі әрбір паралингвистикалық бірліктің көркем мәтіндегі қызметін, кейіпкердің эмоциялық күйі мен қарым-қатынас реңкін ашудағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Аударматанымдық талдау әдісі негізінде аударма барысында қолданылған трансформация түрлері айқындалып, олардың түпнұсқа мазмұнын жеткізудегі тиімділігі бағаланды. Аталмыш талдау П. Ньюмарк ұсынған аударма стратегиялары мен техникаларын (эквиваленттік, сипаттамалық, функционалдық балама, омиссия және т.б.) негізге алады.

Нәтижелері мен талқылау

Көркем шығармадан алғашқы мысалға назар аударсақ, түпнұсқада: «Әкем бір саусағын ғана қимылдатып мені өзіне шақырып алады да: «Қойға бар, қиналсаң суды өзім-ақ әкелемін», – дейді ақырын ғана» [14, 168-б.]. «Бір саусағын ғана қимылдатып мені өзіне шақырып алады» тіркесі кинесикалық паралингвистикалық элемент болып табылады. Бұл қимыл вербалды емес коммуникация құралы ретінде кейіпкердің бұйыру немесе шақыру әрекетін білдіреді және қарым-қатынастағы иерархиялық қатынасты көрсетеді. Ал «ақырын ғана» бірлігі фонациялық паралингвистикаға жатады, яғни дауыс ырғағы мен тон арқылы кейіпкердің байсалды, сабырлы күйін білдіреді. Осылайша, берілген үзіндіде кинесикалық және просодикалық элементтер кейіпкердің мінезі мен коммуникативтік ниетін ашуда маңызды қызмет атқарады.

Орысша аудармада: В таких случаях отец подзывал меня пальцем и говорил: «Иди к овцам, а воды я сам наношу» [11, 75-с.].

Ағылшынша аударма: «At moments like that my father would beckon me over to him and say: You go off to the sheep now, I'll see to the water» [12, p. 9].

Демек, орыс тіліндегі аудармада «Отец подзывал меня пальцем…» тіркесі арқылы «бір саусағын ғана қимылдатып» деген нақты кинесикалық деталь жалпыланып берілген. Бұл жағдайда қимылдың нақтылығы сақталмай, тек оның жалпы коммуникативтік қызметі – шақыру әрекеті жеткізілген. Яғни түпнұсқадағы қимылдың нәзік сипаты ішінара редукцияға ұшыраған. Ағылшын тіліндегі «would beckon me over to him» нұсқасы функционалдық балама тәсілімен жүзеге асқан. «Beckon» етістігі ым арқылы шақыру мағынасын білдіреді, алайда қимылдың нақты формасын (бір саусақпен ишара жасау) көрсетпейді. Соған қарамастан, бұл аудармада бейвербалды әрекеттің негізгі коммуникативтік қызметі толық сақталған. Осылайша, екі аудармада да кинесикалық паралингвистикалық элементтің нақты формасы жалпыланып берілгенімен, оның прагматикалық және коммуникативтік функциясы сақталған. Ағылшын тіліндегі нұсқада бұл қызмет мәдени

тұрғыдан бейімделген функционалдық балама арқылы жүзеге асқан. П. Ньюмарк бойынша коммуникативті аударма стратегиясына сай келеді.

Келесі мысал түпнұсқада: «Дудар бас, – деді ол бір кезде салмақты қоңыр үнмен. Мен селт ете түстім» [14, 169-б.]. Бұл сөйлемдегі паралингвистикалық элементтер – фонациялық және кинестикалық сипатта. Салмақты қоңыр үнмен фонациялық паралингвистикаға жатады. Дауыстың тембрі мен реңі кейіпкердің сабырлы, байыпты, сенімді күйде екенін көрсетеді. Тыңдаушыға әсер ету мақсатында қолданылған эмоциялық рең. Мен селт ете түстім кинестикалық паралингвистикаға жатады. Кейіпкердің рефлексі, дене қозғалысы арқылы күтпеген реакциясы берілген. Бұл таңырқау, шошу немесе назар аудару эмоциясын білдіреді. Сөйлемдегі паралингвистикалық құралдар кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың эмоциялық тонусын көрсетеді: бірінің сабырлы, салмақты дауысы, екіншісінің соған рефлексі – ішкі психологиялық күйді айқын жеткізеді.

Орысша аудармада: «Дудар бас! – позвал он меня через некоторое время. Я вздрогнул» [11, с. 77]. Орысша аудармасында салмақты қоңыр үнмен деген бөлікті аудармашы түсіріп тастаған, тек нақты шақыру мен реакцияны (вздрогнул) ғана қалдырған. Нәтижесінде дауыс реңкінен туындайтын эмоциялық рең әлсіреген. Омиссия орын алып, паралингвистикалық реңк (дауыс тембрі) берілмей, тек кинестикалық элемент сақталған.

Ағылшын тіліндегі аудармада «Curly-head», he said, when he called me over a little while later» [12, p. 78] түпнұсқадағы «салмақты қоңыр үнмен» және «мен селт ете түстім» бірліктері берілмеген. Бұл жағдайда фонациялық және кинесикалық паралингвистикалық элементтер омиссияға ұшыраған. Нәтижесінде кейіпкерлер арасындағы эмоциялық-психологиялық реңк ішінара редукцияланып, түпнұсқадағы әсер толық көлемде сақталмаған. Яғни, бастапқы мәтіндегі эмоциялық әсер мен кейіпкердің ішкі күйі толық жеткізілмеген. Демек, екі аудармада да омиссия мен жалпылау орын алып, мақсатты оқырманға ақпаратты қарапайым жеткізуге бағытталған коммуникативті аударма стратегиясы орын алған.

Түпнұсқада: «Әріде, қарауытқан төбенің бергі етегінен Сырттанның әуп-әуп үргені естіледі. Ойпаңдағы қамаулы қойлар мамыражай күйсеп жатыр» [14, 169-б.]. Бұл сөйлемдегі паралингвистикалық элементтер – дыбыстық бейнелеу көру арқылы берілетін сипаттамалар, сондай-ақ қимылсыз тыныштықты білдіретін бейвербалды суреттеу арқылы көрінеді: Сырттанның әуп-әуп үргені естіледі – бұл дыбыстық сигнал, иттің үруі арқылы тыңдаушыға белгілі бір эмоциялық күй, сақтық немесе қауіп жайлы хабар беріледі. Бұл паралингвистикалық белгі бейвербалды, бірақ қатынас құралдарының бір бөлігі ретінде қызмет етеді. Қарауытқан төбенің бергі етегі көру арқылы қабылданатын бейнелеу – кеңістік пен атмосфераны

суреттеу арқылы эмоциялық фон жасайды. Бұл паралингвистикалық контекст тыңдаушыны оқиға орнына еліктіріп, кейіпкердің сезімін жеткізеді. Қамаулы қойлар мамыражай күйсеп жатыр бұл тыныштық пен бейбіт жағдайды көрсетеді. Қимылсыз, жайбарақат күй паралингвистикалық құрал ретінде орта атмосферасын жеткізеді. Сөйлемде паралингвистикалық элементтер ретінде дыбыстық белгі иттің үргені, тыныштық күйді сипаттау қойлардың күйсеп жатуы арқылы эмоциялық, психологиялық фон беріледі.

Орысша аудармада: «Чуть дальше, со стороны темного кургана, доносился приглушенный лай Сырттана» [11, с. 77].

Ағылшынша аударма: «From a little further away by the dark shape of the burial-mound there came the muted sound of Syrttan's barking» [12, p. 10].

Бұл үзіндідегі паралингвистикалық элементтер дыбыс, көру және эмоциялық атмосфераны жеткізетін бейнелер орыс және ағылшын тілдеріне аудармасында сақталып, трансформациялау және эквивалентті аударма әдістерімен берілген. Қазақша түпнұсқада нақты дыбыстық бейнелеу әуп-әуп, орысша аудармада приглушенный лай Сырттана – стиль мен эмоция сақталған, бірақ дыбыстық элемент әуп-әуп жойылған, бұл трансформация. Ағылшынша аудармасында the muted sound of Syrttan's barking эквиваленттік әдіспен берілген, эмоционалды әсер сақталған, бірақ нақты дыбыс та жойылған. Ағылшыншада burial-mound мәдени тұрғыда нақтылау жасалған курган = қорған, бұл – адаптацияланған аударма. Аудармаларда паралингвистикалық элементтер сақталған, бірақ түпнұсқадағы дыбыстық бейнелеу әуп-әуп жойылған. Жалпы мағына мен құрылым сақталған, бірақ кейбір экспрессиялық реңктер жұмсартылған.

Келесі мысал – қазақтың ер адамдарының дәстүрлі отыру қалпына байланысты – малдас құрып отыру: «Табалдырықтан аттай бергенде әкемнің қарсы алдында малдас құрып отырған Ыбыштың еңгезердей денесін көрдім» [14, 10-б.]. Бұл паралингвистикалық құрал аудармада мүлдем түсірілген: «Тастан сидел напротив отца. Он, видно, не совсем еще отошел ото сна: веки заплыли, глаза казались щелочками [11, с. 78]. «Tastan was sitting opposite father. It seemed as if he had not yet woken up properly» [12, p. 10]. Бұл П. Ньюмарк бойынша бастапқы мәтіндегі негізгі ақпараттың мақсатты мәдениеті мен тілге табиғи түрде жеткізілуін меңзейтін коммуникативті аударма стратегиясын көрсетеді. Алайда, маңызды мәдени паралингвистикалық элементтің жоғалуына алып келген.

Түпнұсқада: «Тойға жиналған елу шақты адам үйден үдере шығып, өздерінше гу-гу сөйлесіп қыр басынан бақылап тұр» [14, 172-б.]. Бұл сөйлемдегі үдере шығып» кинесикалық қимыл арқылы белгі. Адамдардың бір мезетте жаппай, шұғыл қозғалғанын көрсетеді. Бұл тың жаңалық, күтпеген жағдайға реакция. Жиылғандардың көңіл күйі, қобалжу немесе

таңырқау сезімі осы әрекет арқылы көрінеді. Өздерінше гу-гу сөйлесіп – паралингвистикалық дауыс үні, сөйлеу мәнері. Гуілдеу нақты сөз естілмейді, бірақ сөйлесу, шуласу байқалады. Бұл эмоциялық қарбаластың белгісі, адамдар оқиғаны талқылап, түрліше реакция білдіріп жатыр. Қыр басынан бақылап тұр – позициялық паралингвистика. Адамдардың алыстан бақылауы қашықтықты сақтау, оқиғаның мазмұнына әлі толық араласпағандарын, бейтарап не күмәнді күйде тұрғандарын көрсетеді. Сөйлемде қимыл, дауыс және кеңістіктік қашықтық арқылы берілген паралингвистикалық белгілер арқылы қоғамдық қобалжу, назар аудару және күту ахуалы нақты суреттелген.

Орысша аударма: «Человек пятьдесят гостей, приехавшие на той, шумно высыпали из юрт. Оживленно переговаривались друг с другом, наблюдали за путниками со склона холма» [11, с. 80].

Ағылшынша аударма: «About fifty guests who had arrived for the celebrations poured out of the yurts, making a great deal of noise. They were talking excitedly to each other, watching the travelers arrive from their vantage point at the top of the hill» [12, p. 15].

Бұл сөйлемдегі паралингвистикалық элементтер орыс және ағылшын тілдеріне келесі аударма әдістері арқылы аударылған. Үдере шығып орыс тіліне шумно высыпали из юрт, ағылшын тіліне poured out of the yurts, making a great deal of noise деп дәл мағынасын берген, қимыл арқылы берілген көпшіліктің бір сәтте, дүркірей қозғалғаны poured out, высыпали деген тіркестермен жақсы сақталған. Өздерінше гу-гу сөйлесіп орысшада оживленно переговаривались друг с другом, ағылшын тіліне talking excitedly to each other, түпнұсқадағы гу-гу – дыбыстық бейнелеуіш (ономатопея), аудармада ол нақты сипаттамамен оживленно, excitedly арқылы мәндік жағынан жеткізілген. Дыбыстық стиль жойылғанымен, эмоциялық бояуы сақталған. Қыр басынан бақылап тұр орыс тілінде наблюдали за путниками со склона холма, ағылшын тілінде watching the travelers arrive from their vantage point at the top of the hill, яғни қыр басы нақты сипатталып, ағылшын тілінде vantage point деп эмоционалды, бейнелі формада күшейтілген. Мағынасы негізінен сақталған. Паралингвистикалық элементтер қимыл, дауыс, позиция жоғалмай, стильге сай бейімделіп берілген. Ағылшын тіліндегі аудармасы көркем және нақтырақ, эмоционалды әсер күшейген. Орыс тіліндегі аудармасы сәл қысқалау, бірақ мағыналық дәлдік бар. Демек, бұл мысал аудармасынан коммуникативті және семантикалық стратегиялардың үйлесімін көреміз.

Түпнұсқада: «Мен де, апам да солармен бірге кеттік. Апам қуаныштан күліп жүр, жылап жүр. Көзінен аққан жасты байқайтын емес. Қара баласынан да, келінінен де «айнала» береді» [14, 172-б.]. Бұл үзіндіде бірнеше паралингвистикалық элементтер кейіпкердің дене тілі, эмоция,

дауыс ырғағы, мимикасы арқылы берілген. Апам қуаныштан күліп жүр, жылап жүр бұл аралас эмоциялық күйді білдіреді (қуаныш пен мұң бірдей). Мимикасы мен көз жасы эмоцияны білдіреді, ал күлу мен жылау қатар жүруі – ол ішкі толқудың, тебіреністің көрінісі. Көзінен аққан жасты байқайтын емес бұл сөйлемде анасының эмоциясын бақылау мүмкін емес дәрежеде сыртқа шығарып жатқаны көрсетіледі. Бақылаудың жоғалуы – дене тілі мен эмоцияны тежей алмауы. Қара баласынан да, келінінен де айнала береді, мұндағы айналу – қазақ мәдениетіне тән вербалды және паралингвистикалық элемент. Бұл сөздің айтылу интонациясы, дауыс реңкі махаббатты, мейірімділікті, ризашылықты білдіреді. Сөзден тыс элементтер анасының жылы сезімі мен қимастықты жеткізіп тұр.

Орысша аударма: «Не утерпели и мы с матерью. Мать и смеялась и плакала. Она не замечала ни слез своих, ни улыбки, бормотала нескончаемое «айналайын» и своему «чернявому» и будущей невестке, мысленно обнимала и гладила обоих» [11, с. 80].

Ағылшынша аударма: «My mother and I could not hold back any longer either. Mother was laughing and crying at the same time. She was oblivious to her own tears and smiles and kept on showering her «dark-haired» boy and his bride with terms of endearment. In her thoughts she was already hugging and caressing them both» [12, p. 15].

Орысша аудармада: Мать и смеялась и плакала тура және нақты берілген, түпнұсқамен сәйкес. Она не замечала ни слез своих, ни улыбки мағына сақталған. Бормотала нескончаемое «айналайын»… мысленно обнимала и гладила – айналайын транскрипциямен берілген, нақты баламасы жоқ сөзді түсіндірме арқылы жеткізген. Обнимала и гладила бұл ішкі эмоциялық күйді паравербалды әрекет ретінде суреттеп тұр. Showering with terms of endearment – айналайын сөзі түсіндіріліп, дескриптивті эквивалент әдісімен аударылған. In her thoughts she was hugging and caressing them both ішкі эмоция қимыл арқылы жеткізілген. Мағынасы мен құрылымы екі аудармада да жалпы сақталған. Екі тілдегі аудармаларда да түпнұсқаның эмоционалды реңкі мен бейвербалды ишаралары дәл жеткізілген. Бұл П. Ньюмарк бойынша коммуникативті аударма стратегиясына сай келеді.

Талдау нәтижелерін қорытындылай келе, паралингвистикалық элементтерді тәржімелеуде көбінесе коммуникативті, яғни, мақсатты оқырманға түпнұсқаны барынша түсінікті етіп жеткізу стратегиясы қолданылған. Осыдан көркем мәтіндегі паралингвистикалық элементтердің дәл әрі толық аударылуына ықпал ететін бірқатар маңызды критерийлерді айқындауға болады. Біріншіден, аудармашының түпнұсқа тілді терең меңгеруі шешуші рөл атқарады. Қазақ тілі құрылымдық, семантикалық және прагматикалық тұрғыдан күрделі болғандықтан, паралингвистикалық

мағыналарды дұрыс тану үшін аудармашы сөз мағынасына ғана емес, интонация, ишара, үнсіздік пен қимыл арқылы берілетін астарлы мәндерге де назар аударуы қажет. Осы тұрғыда қазақ тілінің табиғи қолданысын, сөйлеу нормалары мен эмоциялық реңктерін терең түсіну, ал ең тиімді жағдайда түпнұсқа тілінің тасымалдаушысы болу аударманың сапасын арттырады. Екіншіден, аудармашының түпнұсқа мәдениетін, ұлттық дүниетанымды және қарым-қатынас моделін жақсы білуі маңызды. Қазақ мәдениетінде ым-ишара, үнсіздік, дауыс ырғағы мен қимыл-қозғалыс айрықша мағыналық жүктемеге ие, сондықтан оларды аудару барысында мәдени баламаларды дұрыс таңдау немесе сипаттамалық бейімдеу тәсілін қолдану түпнұсқаның ұлттық колоритін сақтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, паралингвистикалық элементтердің мәтіндегі функциясын дұрыс анықтау қажет. Әрбір ремарка, ишара немесе интонациялық белгі кейіпкер мінезін ашып, эмоциялық фонды қалыптастыратын маңызды көркем құрал екенін ескеру аудармадағы орынсыз қысқартулар мен омиссиялардың алдын алады. Төртіншіден, аудармада құрылымдық-семантикалық тепе-теңдікті сақтау маңызды. Паралингвистикалық элементтер сөзбе-сөз берілмеген жағдайда да, олардың коммуникативтік және прагматикалық қызметі сақталуы тиіс, бұл үшін функционалдық балама, экспликация және мәдени бейімдеу тәсілдерін жүйелі қолдану қажет. Бесіншіден, аудармашының интерпретациялық жауапкершілігі ерекше мәнге ие. Паралингвистикалық элементтердің көпмағыналылығы мен контекске тәуелділігін ескере отырып, аудармашы мәтіннің кең контексін, кейіпкерлер арасындағы қатынасты және эмоциялық динамиканы назарда ұстауы тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар келесі тұжырымға келеді: көркем мәтіндегі паралингвистикалық құралдар кейіпкердің эмоциялық күйін, ішкі жан дүниесін және авторлық ниетті терең әрі әсерлі жеткізуде шешуші рөл атқарады. Тілдер арасындағы құрылымдық, мәдени және когнитивтік айырмашылықтар бұл элементтердің аудармада дәл сақталуын күрделендіреді, сондықтан аудармашы тек лексикалық сәйкестікке емес, мәдени контекст пен прагматикалық мағынаға да ерекше назар аударуы қажет. Зерттеулер көрсеткендей, семантикалық және паралингвистикалық белгілерді үйлестіре отырып қолдану көркем мәтіннің эмоционалдық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, паралингвистикалық элементтерді аударуда сөзбе-сөздік пен экспрессивтік дәлдіктің арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Сипаттамалық бейімдеу, контекске негізделген түсіндірмелер мен мәдени сүзгіні қолдану аударманың көркемдік құнын арттырып, оқырман қабылдауын байытады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем аударма тек тілдік трансформация ғана емес, мәдени

және эмоционалдық қайта құру үдерісі болып табылады. Мұндай көзқарас ұлттық әдеби мұраны өзге мәдени кеңістіктерде дәл әрі әсерлі танытуға жол ашады.

Зерттеу болжамы ретінде паралингвистикалық элементтерді аудару тиімділігі аудармашының тек тілдік құзыретіне ғана емес, оның мәдени-когнитивтік дайындығына және мәтінді интерпретациялау қабілетіне тікелей тәуелді екендігі ұсынылады. Яғни паралингвистикалық мағыналарды адекватты жеткізу үшін аудармашы мәтінді тек тілдік деңгейде емес, мультимодальды құбылыс ретінде қабылдауы қажет. Осыған байланысты авторлар келесі ұсыныстарды ұсынады: көркем аударма тәжірибесінде паралингвистикалық элементтерді жүйелі түрде талдауға негізделген әдістемелік ұстанымдарды енгізу; аудармашыларды даярлау барысында мәдени және паралингвистикалық құзыреттілікті дамытуға басымдық беру; сондай-ақ аудармада омиссия тәсілін шектеп, оның орнына функционалдық балама мен сипаттамалық бейімдеуді кеңінен қолдану. Бұл тәсілдер түпнұсқаның эмоциялық, мәдени және стилистикалық тұтастығын барынша сақтауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Masharipova, V.** Difficulties classifying paralinguistic means in a literary text [Text] // Actual Problems of Humanities and Social Sciences. – 2024. – № 4(10). – P. 175–182. – https://doi.org/10.47390/spr1342v4i10y2024n28.

2 **Gibbon, D.** Modelling gesture as speech: A linguistic approach [Text] // Poznan Studies in Contemporary Linguistics. – 2011. – Vol. 47. – https://doi.org/10.2478/psicl-2011-0026.

3 **Wiles, E.** Translating paralinguistic and onomatopoeia: An analysis on the novel «Bumi Manusia»by Pramoedya Ananta Toer and its translation «This Earth of Mankind»by Max Lane [Text] // International Journal of English Linguistics Literature and Education (IJELLE). – 2021. – Vol. 3. – № 1. – https://doi.org/10.32585/ijelle.v3i1.1333.

4 **Uchegbu-Ekwueme, C.** A study of style in Adimora-Ezeigbo's House of Symbols with comparisons to Achebe's Things Fall Apart [Text] // Clarep Journal of English and Linguistics. – 2019. – № 1. – P. 233–255. – https://doi.org/10.56907/ga3kr5vr.

5 **Mohammad, A.** Cultural and stylistic losses and gains faced in translating the Qur'anic Arabic words known as Kur'hun كُرْك into English: A comparative study [Text] // International Journal of Religion. – 2024. – Vol. 5, № 3. – P. 519–532. – https://doi.org/10.61707/sx9kzx85.

6 **García-Marco, E., Branca, I., Castillo, D., León, I., Beltrán, D., Vega, M.** Regional accents modulate perspective in geographical space [Text] //

Psychological Research. – 2021. – Vol. 86, № 6. – P. 2021–2029. – https://doi.org/10.1007/s00426-021-01607-1.

7 **Tzirakis, P., Nguyen, A., Zafeiriou, S., Schuller, B.** Speech emotion recognition using semantic information [Text] // Proceedings of ICASSP. – 2021. – P. 6279–6283. – https://doi.org/10.1109/ICASSP39728.2021.9414866.

8 **House, J.** Translation quality assessment: Linguistic description versus social evaluation [Text] // Meta: Journal des Traducteurs. – 2002. – Vol. 46, № 2. – P. 243–257. – https://doi.org/10.7202/003141ar.

9 **Calić, G., Glumbić, N., Petrović-Lazić, M., Đorđević, M., Mentus, T.** Searching for best predictors of paralinguistic comprehension and production of emotions in communication in adults with moderate intellectual disability [Text] // Frontiers in Psychology. – 2022. – Vol. 13. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.884242.

10 **Newmark P.** Translation and Culture // Meaning in Translation / ed. by P. Newmark. – Bern : Peter Lang GmbH, 2010. – P. 171–182.

11 **Исабеков, Д.** Транзитный пассажир. Повести [Текст]. – М. : Русская книга, 2003. – 304 с.

12 **Isabekov, D.** The Little Pearl and Other Stories [Text] / Transl. by K. Judelson. – London: The Aitmatov Academy, 2014.

13 **Колшанский, Г. В.** Паралингвистика [Текст]. – М. : Наука, 1974. – 94 с.

14 **Исабеков, Дулат.** Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Үшінші том. Повестер [Текст]. – Алматы : Жазушы баспасы, 1992. – 430-б.

REFERENCES

1 **Masharipova, V.** Difficulties classifying paralinguistic means in a literary text [Text] // Actual Problems of Humanities and Social Sciences. – 2024. – № 4(10). – P. 175–182. – https://doi.org/10.47390/spr1342v4i10y2024n28

2 **Gibbon, D.** Modelling gesture as speech: A linguistic approach [Text] // Poznan Studies in Contemporary Linguistics. – 2011. – Vol. 47. – https://doi.org/10.2478/psicl-2011-0026.

3 **Wiles, E.** Translating paralinguistic and onomatopoeia: An analysis on the novel «Bumi Manusia»by Pramoedya Ananta Toer and its translation «This Earth of Mankind»by Max Lane [Text] // International Journal of English Linguistics Literature and Education (IJELLE). – 2021. – Vol. 3. – № 1. – https://doi.org/10.32585/ijelle.v3i1.1333.

4 **Uchegbu-Ekwueme, C.** A study of style in Adimora-Ezeigbo's House of Symbols with comparisons to Achebe's Things Fall Apart [Text] // Clarep Journal of English and Linguistics. – 2019. – № 1. – P. 233–255. – https://doi.org/10.56907/ga3kr5vr.

5 **Mohammad, A.** Cultural and stylistic losses and gains faced in translating the Qur'anic Arabic words known as Kur'hun كُرْهًا into English: A comparative study [Text] // International Journal of Religion. – 2024. – Vol. 5, № 3. – P. 519–532. – https://doi.org/10.61707/sx9kzx85.

6 **García-Marco, E., Branca, I., Castillo, D., León, I., Beltrán, D., Vega, M.** Regional accents modulate perspective in geographical space [Text] // Psychological Research. – 2021. – Vol. 86. – № 6. – P. 2021–2029. – https://doi.org/10.1007/s00426-021-01607-1.

7 **Tzirakis, P., Nguyen, A., Zafeiriou, S., Schuller, B.** Speech emotion recognition using semantic information [Text] // Proceedings of ICASSP. – 2021. – P. 6279–6283. – https://doi.org/10.1109/ICASSP39728.2021.9414866.

8 **House, J.** Translation quality assessment: Linguistic description versus social evaluation [Text] // Meta: Journal des Traducteurs. – 2002. – Vol. 46, № 2. – P. 243–257. – https://doi.org/10.7202/003141ar.

9 **Calić, G., Glumbić, N., Petrović-Lazić, M., Đorđević, M., Mentus, T.** Searching for best predictors of paralinguistic comprehension and production of emotions in communication in adults with moderate intellectual disability [Text] // Frontiers in Psychology. – 2022. – Vol. 13. – https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.884242.

10 **Newmark, P.** Translation and Culture // Meaning in Translation / ed. by P. Newmark. – Bern : Peter Lang GmbH, 2010. – P. 171–182.

11 **Isabekov, D.** Tranzitnyi passazhir. Povesti [Transit Passenger. Novellas]. – Moscow : Russkaya kniga, 2003. – 304 p. (in Russian)

12 **Isabekov, D.** The Little Pearl and Other Stories [Text] / Transl. by K. Judelson. – London : The Aitmatov Academy, 2014.

13 **Kolshanskiy, G. V.** Paralingvistika [Paralinguistics]. – Moscow : Nauka, 1974. – 94 p. (in Russian)

14 **Isabekov, Dulat.** Eki tomdyq tandamaly shygarmalar zhinagy. Ushinshi tom. Povester [Selected Works in Two Volumes. Volume Three. Novellas]. – Almaty : Zhazushy baspasy, 1992. – 430 p. (in Kazakh)

19.01.26 ж. баспаға түсті.
19.01.26 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**М. Б. Тлеулинова[1], А. Е. Алпысбаева[2], А. Қ. Сергелтаева[3], И. А. Олькова[4], Ж. Ж. Манапбаева[5]*
[1,2,3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы;
[4]Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева, Республика Казахстан, г. Петропавл;
[5]Международный университет информационных технологий, Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 19.01.26.
Поступило с исправлениями 19.01.26.
Принято в печать 10.08.26.

ПАРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА И ИХ ПЕРЕВОД: НА ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ДУЛАТА ИСАБЕКОВА «ГАУХАРТАС»

В статье рассматриваются особенности передачи паралингвистических элементов в художественных переводах произведения известного писателя Д. Исабекова «Гаухартас» на русский и английский языки. Репрезентация паралингвистических элементов в художественном тексте и способы их передачи в переводе являются актуальной и малоизученной проблемой отечественного переводоведения. Передача невербальных значений всегда представляет значительную трудность для переводчика. В произведениях Д. Исабекова паралингвистические элементы отражают национальный характер, менталитет и культуру общения казахского народа. Их адекватное воспроизведение на другом языке имеет важное значение для сохранения стилистики и содержания оригинала, а также национального колорита произведения. В связи с этим основной целью исследования является выявление паралингвистических элементов в анализируемом произведении и их структурно-семантическое сопоставление с русским и английским переводами, а также анализ степени их полноценной передачи и используемых переводческих трансформаций. В исследовании применялись структурно-семантический, контекстуальный и переводоведческий методы анализа, а также метод анализа словарных дефиниций. В результате исследования были выявлены особенности передачи ремарок, жестов, пауз, движений и интонационных образов в русских и английских переводах произведения «Гаухартас», а также обсужден потенциал переводческих решений в сохранении содержания оригинального текста. Кроме того, на основе проведённого анализа предложены критерии, способствующие более успешной передаче паралингвистических элементов в художественном переводе.

Кілтті сөздер: художественный перевод, паралингвистические элементы, Дулат Исабеков, переводческие трансформации.

*M. B. Tleulinova[1], A. Y. Alpysbayeva[2], A. K. Sargeltaeva[3],
I. A. Olkova[4], Zh. Zh. Manapbayeva[5]
[1,2,3]Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[4]Manash Kozybayev North Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Petropavl;
[5]International University of Information Technologies,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 19.01.26.
Received in revised form 19.01.26.
Accepted for publication 10.08.26.

Медиакоммуникация тіл нормасы мен ауытқуды үнемі тоғыстыра отырып, оның дамуын жеделдетеді. Медиакеңістікте тіл коммуникативтік, ақпараттық, экспрессивтік және манипулятивтік функцияларды атқарып, аудиторияның эмоционалдық көзқарасын қалыптастырады. Медиадискурс – тіл нормалары, жанрлық талаптар, аудитория күтімі мен технологиялық мүмкіндіктер тоғысқан жүйе [5]. Мысалы, Twitter-де хабарламалар қысқа,

ал TikTok-та мәтін ықшам әрі визуалды болуы тиіс, бұл жаңа тілдік формаларды туғызады.

Осы өзгерістерді зерттейтін медиалингвистика ғылымы медиа тілін қоғамдық сана мен құндылықтарға әсер ететін символдық код ретінде қарастырады. Мысалы, Г. Н. Смағұлова мен Г. Д. Айтжанова медиамәтіндерден енген шеттілдік жаңа сөздердің қазақ тіліндегі қолданысын зерттеп, олардың тілдік жүйеге әсерін талдаған [6].

Медиаорта тілдің эволюциясын жеделдетіп, оны бағыттайтын мінбеге айналды. Ол, бір жағынан, тіл нормаларын көрсетіп, тұрақты категориялар қалыптастырса, екінші жағынан, жанрлық, қысқартылған және интернетке бейімделген тіл формаларын дамыта отырып, норма мен ауытқу шекарасын үнемі қайта қарауға мәжбүр етеді. Бұл – қазіргі заманғы лингвистиканың негізгі зерттеу объектісі [7].

Қазіргі медиадағы тілдік ауытқуларды толық түсіну үшін олардың тарихи қалыптасуы мен даму контексін қарастыру қажет. Қазақстанда медиа тілі XX ғасырдың аяғынан бастап, әсіресе ел тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан кейін қарқынды өзгерістерді бастан кешірді. Алғашқы қазақша басылым – «Түркістан уәлаятының газеті» 1870 жылы 28 сәуірде шыға бастады, бұл тарихи оқиға қазақ тілінің баспасөздегі алғашқы қадамдарына жатады [8].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы он жылдықта («Егемен Қазақстан», «Қазақ телевизиясы», «Хабар» т.б.) қазақ тілді газеттер мен теле-радиохабарлар саны күрт өсті. Алайда әкімшілік-идеологиялық стильден қазіргі коммуникативтік модельдерге көшу жаңа жанрлар, стильдер мен лексикалық шешімдерді іздеуді қажет етті [9].

Қазіргі қазақстандық медиадискурс келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

– Русизмдер мен калькаланған құрылымдар: мектептердегі және университеттердегі билингвизм, аударма мәдениетінің төмендігі салдарынан «пресс-конференция өткізілді», «онлайн режимінде» сияқты тіркестер белсенді қолданылады.

– Ағылшын тілінен енген терминдер: «контент», «брендинг», «стриминг», «таргет», оларды қазақшаландыруға арналған терминологиялық қордың толық болмауы;

– Тілдік стандарттау әлсіздігі: латынға көшу, орфография мен орфоэпияның жаңа талаптары медиада бірізді қолданылмауы маңызды сын-қатер тудырады [10].

Осылайша, шет тілдік ықпал мен жаһандану салдарынан қазақ тілі медиакеңістікте ұлттық стандарт ретінде күшейіп жатқанымен, диглоссия

мен цифрландыруға байланысты лексикалық және синтаксистік ауытқулар артып, бұл құбылыстарды жүйелі зерттеу мен ғылыми қолдау қажет.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында медиакеңістіктегі тілдік ауытқуларды анықтау және олардың себеп-салдарын талдау үшін бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Зерттеу екі негізгі материалға сүйенді:

қазақтілді медиамәтіндер (онлайн жаңалықтар, әлеуметтік желілердегі жазбалар, бейнематериалдардағы мәтіндік контент);

Талдықорған қаласында жүргізілген сауалнама нәтижелері.

1. Контент-талдау әдісі. 2023–2024 жылдардағы 150-ден астам медиамәтінге контент-талдау жүргізіліп, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стильдік ауытқулар жүйеленді.

2. Лингвистикалық талдау. Медиамәтіндердегі ауытқуларды анықтау үшін салыстырмалы, құрылымдық және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер нормадан ауытқудың түрлері мен себептерін айқындауға мүмкіндік берді.


3. Эмпирикалық әдіс. Тілдік нормаларды қабылдау деңгейін анықтау үшін 15–60 жас аралығындағы 50 респондентке face-to-face сауалнама жүргізілді. Сауалнама тіл тазалығы, код араластыру, орфографиялық сауат және медиатілге көзқарасты анықтауға бағытталды.

4. Статистикалық өңдеу. Сауалнама нәтижелері пайыздық үлес арқылы есептеліп, диаграммада көрсетілді. Сандық мәліметтер салыстырмалы түрде талданып, жас ерекшелігі бойынша айырмашылықтар анықталды.

5. Жүйелеу және интерпретация әдісі. Алынған деректер теориялық тұжырымдармен салыстырылып, медиалингвистика, тіл мәдениеті және лингвоэкология бойынша ғылыми әдебиеттермен интерпретацияланды.

Нәтижелер және талқылау

Сауалнама нәтижелері қазіргі ақпараттық ортадағы тілдік тәжірибенің ерекшеліктерін айқындап, теориялық тұжырымдарды практикалық деректермен толықтырады. Енді осы нәтижелерге тоқталып, олардың маңызын талдап көрейік (диаграмма 1).



1-диаграмма – Сауалнама нәтижесі

Сауалнама барысында жас ерекшелігіне байланысты пікірлердің де айырмашылығы байқалды. 15–25 жас аралығындағы респонденттердің басым бөлігі (76 %) аралас тілді (қазақ-орыс) жиі қолданатынын мойындады. Ал 40 жастан асқан адамдардың арасында нормадан ауытқуды «мәдениетке қауіп» ретінде қабылдағандар көбірек (89 %). Зерттеу нәтижесі бойынша, жалпы, әлеуметтік желілерде қазақ тілі кең қолданылғанымен, норманы сақтау деңгейі төмен, ең жиі байқалған құбылыс – аралас тілде сөйлеу (71 %). Көпшілік тілдің бұзылуын мәдениетке зиян деп санап (83 %), медиажазбаларда таза қазақ тілін сақтаудың маңызын мойындады (90 %).

Медиакеңістіктегі тілдік ауытқулар – әртүрлі қателік пен нормадан тыс қолданыстың жиынтығы. Оларды түсіну үшін, алдымен негізгі түрлерін білу керек. Келесі бөлімде біз медиа мәтіндерде ең жиі кездесетін кемшіліктерді қарастырамыз: Лексикалық қателер (жаргон, шет сөздер, жаңа терминдер), Орфографиялық қателер (сөзді қате жазу, бас-кіші әріпті шатастыру), Пунктуациялық қателер (тыныс белгілерін дұрыс қоймау), Грамматикалық қателер (сөз формасын, жұрнақты қате қолдану), Синтаксистік қателер (сөйлем құрылымын бұзып жазу), Стильді қолданудағы ауытқулар (жанрға сай келмейтін стиль қолдану), Жанрлық қателер (мәтінді басқа жанр талабына сай жазбау) (Кесте 1).

1-кесте – Медиа мәтіндерде жиі кездесетін кемшіліктер

Кемшіліктер	Қолданылу себебі, аясы.	Мысал
Жаргонизмдер	белгілі бір әлеуметтік топқа тән ауызекі сөздер, олар медиакеңістікте репортаждар, сұхбаттар мен ойын-сауық бағдарламаларында жиі кездесіп, мәтінге бейресмилік беріп, аудиториямен жақындық орнатады.	жарнама сөздерінде жиі кездеседі. Мысалы: – LG компаниясының слоганы: «Барынша ләззат ал!» – «M&M's» конфеттерінің ұраны: «Супер қаптама – көңілді түс!» [11]
Шет сөздер	жаһандану, халықаралық коммуникация және технологиялық өзгерістерге байланысты, ал экономика, мәдениет пен ғылымда ағылшын терминдері баламасы жоқ жаңа ұғымдарды белгілеуде қолданылады.	мысалдар: «бренд», «стартап», «флешмоб», «кликбейт» секілді сөздер маңызды ұғымдарды дәл жеткізсе де, оларды шамадан тыс қолдану тілдік сәйкестікті әлсіретіп, мәтінді түсінуді қиындатады [12].
Неологизмдер	қоғам, мәдениет немесе технологиядағы өзгерістерден туындаған жаңа сөздер мен өрнектер; олар медиакеңістікте жаңа өнімдер мен құбылыстарға байланысты пайда болып, көпшілігі уақытша қолданыста ғана сақталады.	интернет пен жаһандану әкелген «аккаунт», «флешмоб», «коуч» сияқты неологизмдер қазақ медиасында жиі қолданылып, ақпаратты ықшам жеткізуге көмектеседі, бірақ түсінікті болу үшін оларға қазақша балама табу маңызды [13].
Орфографиялық ауытқулар	мәтіннің қабылдануына елеулі әсер етеді және қазіргі медиаортада жиі кездеседі, себебі ақпараттың жылдамдығы тілдік нормаларды сақтаудан басым түседі [14].	бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі; *ә* әрпінің екінші буында жазылуы; бейүндес сөздердің жазылуы *ы, і* әріптерінің емлесі; *х, һ, ф* әріптерінің берілуі; *и, у* әріптерінің жазылуы; бас әріптің таңбалануы; шеттілдік сөздердің қосымша қабылдау тәртібі; халықаралық, терминдік сөздердің жазылуы [15].

Тыныс белгілері бойынша ауытқулар	тыныс белгілеріндегі қателер мәтін құрылымы мен мағынасына әсер етеді және көбіне жедел жариялау кезінде дұрыс қойылмауынан туындайды [14].	тым көп қолданбау, әдетте нүктелер мен үтірлерді қолдану да жеткілікті [16].
Грамматикалық ауытқулар	сөздердің дұрыс байланыспауын емес тілдің грамматикалық құрылымдарын бұзу.	грамматикалық ауытқуларға септеу мен жалғауларды қате қолдану, сын есім мен зат есімнің сәйкес келмеуі, сан есімдерді дұрыс қолданбау сияқты қателер жатады, олар мәтіннің мағынасын бұзып, оқырманды шатастырады [17].
Синтаксистік ауытқулар	синтаксистік қателіктер сөйлем құрылымының бұзылуынан емес, сөздердің дұрыс орналаспауынан байқалады.	сөйлем құрылымының дұрыс құрылмауы, шылау мен жалғаулардың орынды қойылмауы сөйлемді түсініксіз етеді [17].
Стильдік ауытқулар	белгілі бір стильге тән сөздер мен өрнектердің талапқа сай қолданылмауынан туындайды және ол контекске сай келмейтін тым күрделі не тым қарапайым тілдік бірліктерді пайдаланудан көрінеді.	жаңалық мәтіндерінде ауызекі сөйлеу не жаргон қолдану («қымбатты достар, сізді керемет жаңалық күтеді!») ресми стильді бұзып, жанр талаптарына сай келмейді [13; 14].
Жанрлық ауытқулар	мәтін өзіне жататын жанрдың ерекшеліктерін бұзған кезде орыналады. Жанр мәтіннің құрылымын, оның мақсатын, сондай-ақ құрылыс ережелерін анықтайды.	мысалы, «Х компаниясы нарық туралы көзқарасты өзгертуге арналған жаңа өнімді таныстырды» – бұл сөйлем жаңалық мәтініне тән ақпараттық сипатқа ие [16].

Орфографиялық, пунктуациялық және грамматикалық ережелердің сақталмауы кең таралған сайын, дұрыс жазуға деген қажеттілік азаяды. Қате жазылған сөздер мен тіркестер уақыт өте келе қалыптыға айналып, әсіресе жастар арасында тілдік нормаларды ұстануға жауапкершілік әлсірейді [15]. БАҚ тілінде де шұбалаңқы сөйлемдер, логикалық байланыссыз абзацтар және

стилдік бірізділіктің болмауы байқалады, бұл оқырманның тілдік талғамына кері әсер етеді және қоғамдық тіл мәдениетінің деңгейін төмендетеді [13].

Сонымен қатар білім беру жүйесіндегі тілдік талдау сабақтарының қысқаруы мен жазба дағдыларына аз көңіл бөліну медиакеңістіктегі ауытқуларға ықпал етеді. Бұл болашақ мамандардың сауаттылығын төмендетіп, ақпаратты қабылдау сапасына әсер етеді [13]. Коммерцияландыру мен аудиторияны тарту мақсатымен басылымдар мен онлайн платформалар тілдік нормаларды жиі бұзып, кликбейт тақырыптар мен сенсациялық мазмұнға сүйенеді [11].

Қысқа форматтағы контенттің кең таралуы адамдардың ақпаратты қабылдауын өзгертті: клиптік ойлау күрделі мәтіндердің орнына қысқа, әсерлі ақпараттарды таңдауға бейімделеді. Бұл тілдің логикалық, құрылымдық және стильдік сапасын төмендетеді [16]. Редакторлық бақылаудың әлсіреуі де қателіктердің жиілеуіне алып келеді, себебі көптеген платформалар шапшаңдықты бірінші орынға қояды [11; 13].

Жаһанданудың әсерінен қазақ тіліне шет тілдік элементтер еніп, көбінесе баламасыз немесе аударылмай қолданылады («контент», «таргет», «блогер», «реклама жасау» т.б.), бұл тілдің табиғи даму заңдылықтарына қайшы келеді. Сонымен қатар батыстық медиаформаттар қазақ тілінің риторикалық құрылымдарын ығыстырып, сөйлеудің стильдік және прагматикалық нормаларының өзгеруіне ықпал етеді: сөйлем құрылымы жеңілдетіліп, диалог форматы мен эмоцияға құрылған сөйлеу жиілейді [17].

Медиакеңістіктегі тілдік ауытқулардың бірнеше маңызды салдары бар. Біріншіден, қоғамның тілдік санасы әлсірейді: қате мәтіндерге үздіксіз ұшырау нормадан тыс формаларды қалыпты деп қабылдауға әкеледі, бұл әсіресе жастар үшін қауіпті [7; 16]. Екіншіден, жаргонизм мен тыныс белгілерінің қателері ақпаратты түсінуді қиындатып, мазмұн сапасын төмендетеді [16]. Үшіншіден, тіл нормасының әлсіреуі ауызекі және әдеби тіл арасындағы шекараны бұзып, тілдің дәлдік құрал ретіндегі рөлін азайтады [17]. Төртіншіден, бұл мәдениет пен білімге әсер етеді: интернет тіліне үйренген студенттер оқу барысында жиі қате жіберіп, бұл тіл мәдениеті мен үлгерімге кері әсер етеді [17]. Кейбір лингвистер мұны тілдің табиғи эволюциясы деп бағаласа да, нормадан алшақтау тілдің танымдық мүмкіндігін әлсіретуі мүмкін [13; 16].

Медиаконтенттің басты жасаушылары – журналистер мен блогерлер. Ақпаратты күн сайын тарататындықтан, олардың тіл мәдениеті мен кәсіби сауаттылығы жоғары болуы шарт. Бұл үшін үздіксіз оқыту, тілдік стандарттарды меңгерту және этикалық нормаларды сақтау қажет. Сонымен қатар редакцияларда лингвист-редакторлардың болуы және әлеуметтік желілерде тіл нормаларын бақылау жүйесін енгізу маңызды. Қорытындылай келе,

медиакеңістік тіл нормалары мен ауытқулардың қатынасын көрсетіп, қоғамдағы тілдік мәдениеттің деңгейін айқындайтын маңызды факторға айналды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл жұмыс ЖТН BR24993133 – «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты мақсатты қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қазіргі медиакеңістікте байқалып отырған тілдік ауытқулар тек техникалық қателер немесе жазу мәдениетіндегі кемшіліктер емес, тілдің қоғамдық қызметіне, ұлттық сананың қалыптасуына тікелей әсер ететін лингвоәлеуметтік құбылыс екені анықталды. Зерттеу барысында медиамәтіндерге жүргізілген контент-талдау мен сауалнама нәтижелері қазақ тілді медианың жедел кеңейгенімен, тілдік нормаларды сақтау деңгейінің төмен екенін көрсетті. Ең жиі таралған ауытқуларға код араластыру, шеттілдік элементтердің шамадан тыс қолданылуы, орфографиялық және пунктуациялық қателер, синтаксистік құрылымдардың бұзылуы жатады. Бұл құбылыстардың жиі кездесуі жастардың тілдік санасына тікелей ықпал етіп, қалыпты норманы қабылдау шекарасын өзгертуде.

Зерттеу нәтижелері қазақ медиатіліндегі ауытқулардың бірнеше маңызды себебін анықтады:

– цифрлық ортаның жылдамдығы мен қысқа форматқа бейімделуі;

– журналистер мен блогерлердің тіл мәдениетіне қатысты кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі;

– редакциялық бақылаудың әлсіреуі;

– жаһандану ықпалы және терминологиялық бірізділіктің толық қалыптаспауы.

Сонымен бірге бұл ауытқулардың салдары да айқындалды: ақпараттың түсініктілігі төмендейді, қоғамдық тіл мәдениеті әлсірейді, әдеби тіл нормаларының беделі кемиді, ал интернет ұрпағы үшін нормадан тыс қолданыс қалыпты дағдыға айнала бастайды. Бұл өз кезегінде тілдің ұлттық мәдени кодты сақтаудағы рөлін әлсірететін фактор ретінде бағаланады.

Мақала нәтижелеріне сүйене отырып, медиакеңістікте тілдік нормаларды сақтау үшін келесі ғылыми негізделген ұсыныстар ұсынылады:

- білім беру жүйесінде тіл мәдениеті мен стилистика сабақтарының үлесін арттыру;
- журналистер мен медиаконтент өндірушілеріне арналған тілдік стандарттар бойынша тұрақты курстар мен тренингтер ұйымдастыру;
- медиаредакциялар жұмысына лингвист-редактор институтын енгізу;
- шеттілдік терминдерге қазақша балама ұсыну жұмысын жүйелеу;

- медиамәтіндерге арналған орфографиялық және стильдік мониторинг жүргізу.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ тілінің медиакеңістіктегі болашағы тілдік нормаларды сақтау деңгейіне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Цифрлық платформада сауатты, мәдениетті тілдік орта қалыптастыру – ұлттық болмысты сақтаудың, тілдің даму векторын дұрыс бағыттаудың маңызды шарты. Мақалада ұсынылған тұжырымдар медиалингвистика, тіл мәдениеті және лингвоэкология салалары үшін теориялық маңызы бар, ал берілген ұсыныстар практикалық қолданысқа ие бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сыздықова, Р.** Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) [Мәтін]. – Ел-шежіре, 2014. – 312-б.

2 **Салқынбай, А. Б., Сәрсенбай, Ж. А.** Қазіргі қолданыстағы тілдік үрдістер: норма мен үзушылық ерекшеліктер [Мәтін] // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. – 2023. – № 1 (189). – 85-92-бб. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph10.

3 **Уәли, Н.** Графика. Орфография. Орфоэпия: монография [Мәтін]. – Ғылым, 2018. – 235-б.

4 **Сохрякова, Е. С.** Язык рекламы как способ управления массовым сознанием в контексте массовой культуры [Текст] // Система ценностей современного общества. – 2016. – № 44. – С. 43–48.

5 **Смағұлова, Г. Н., Айтжанова, Г. Д.** Медиамәтіндерден енген шеттілдік жаңа сөздердің қазіргі қолданылу сипаты [Мәтін] // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ хабаршысы. – 2022. – Т. 64. – № 1. – 17-25-бб. – https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.017.

6 **Зайцева, Н. Н.** Влияние средств массовой информации на развитие современной языковой ситуации [Текст] // Международный журнал гуманитарных және естественных наук. – 2024. – Т. 2-2 (89). – https://doi.org/10.24412/2500-1000-2024-2-2-222-225.

7 Қазақстан ұлттық телеарнасы. «Қазақ тіліндегі тұңғыш басылым 'Түркістан уәлаятының газеті' жарыққа шыққанына – 150 жыл» [Электрондық ресурс] // Qazaqstan TV. – 28.04.2020.

8 **Алтынбекова, О. Б., Бектурганова, Г. З.** Казахский и русский языки в законодательстве Казахстана [Текст] // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – 2023. – С. 131–136.

9 **Барлыбаева, С.** Вехи развития казахского телевидения: 60 лет [Текст] // Вестник КазНУ. – 2018. – Т. 48. – № 2. – С. 84-89.

10 **Лошакова, А. И.** Использование жаргонизмов в СМИ как одна из особенностей языка СМИ [Текст] // Молодой ученый. – 2020. – № 48 (338). – С. 595-597.

11 Қазақ тілі – ұлт тұтастығының негізі // Termincom.kz. [Электрондық ресурс] – URL: https://termincom.kz – (Қол жеткізген күні: 10.06.2025).

12 Медиа және журналистика: теория мен тәжірибеге жаңа көзқарас // OpenU.kz. [Электрондық ресурс] – URL: https://openu.kz – (Қол жеткізген күні: 10.05.2025).

13 **Горина, Е. В.** Почему так много ошибок? К вопросу о грамотности современных медиатекстов [Текст] // Международный научно-исследовательский журнал. – 2021. – № 12 (114). – https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.114.12.156.

14 **Голованова, Д. С., Якименкова, И. Н.** Влияние интернет-сленга на речевую культуру современной молодежи [Текст] // Юный ученый. – 2019. – № 3 (23). – С. 1-3.

15 **Аукешева, А., Токпанова, А. А.** Медиамәтіндегі лингвистикалық ерекшеліктер [Мәтін] // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2024. – № 1 (71). – Б. 103-116. – https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v71.i1.10.

16 **Омарбекова, Г. Ә.** Тіл және жаһандану : оқу құралы [Мәтін]. – Fastprint, 2019. – 160 б.

17 Тіл және мәдениетаралық коммуникация // OpenU.kz. [Электрондық ресурс] – URL: https://openu.kz – (Қол жеткізген күні: 10.06.2025).

REFERENCES

1 **Syzdykova, R.** Tildik norma zhane onyn kaliptanuy (kodifikatsiyasy) [Linguistic norm and its codification] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2014. – 312 p. – (Koptomdyk shygharmalar).

2 **Salkynbai, A. B., Sarsenbai, Zh. A.** Kazirgi qoldanylǵan til'dik úrdister: norma men úzýshylyq erekshelikter [Current linguistic trends: norms and disruption features] [Text] // Filologiya seriyasy. – Almaty : Al-Farabi QazNU, 2023. – No. 1 (189). – P. 85-92. – https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v189.i1.ph10.

3 **Uali, N.** Grafika. Orfografiya. Orfoepiya: monografiya [Graphics. Orthography. Orthoepy: monograph] [Text]. – Almaty : Gylym, 2018. – 235 p.

4 **Sokhryakova, E. S.** Yazyk reklamy kak sposob upravleniya massovym soznaniem v kontekste massovoy kultury [Advertising language as a way of managing mass consciousness in the context of mass culture] [Text] // Sistema tsennostey sovremennogo obshchestva. – 2016. – No. 44. – P. 43-48.

5 **Smagulova, G. N., Aitzhanova, G. D.** Mediamätinderden engen shettildik zhana sózderdiń qazirgi qoldanylý sipaty [The current use of foreign words in media texts] [Text] // Khabarshy. – 2022. – Vol. 64. – No. 1. – P. 17-25. – https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.017

6 **Zaitseva, N. N.** Vliyanie sredstv massovoy informatsii na razvitie sovremennoy yazykovoy situatsii [The influence of mass media on the development of the modern language situation] [Text] // International Journal of Humanities and Natural Sciences. – 2024. – Vol. 2-2 (89). – https://doi.org/10.24412/2500-1000-2024-2-2-222-225

7 Qazaqstan ulttyq telearnasy. «Qazaq tilindegi túngsh basylym 'Túrkistan uelaıatynyń gazeti' zharyqqa shyqqanyna – 150 jyl» [The first Kazakh-language publication 'Turkistan ualayatynyń gazeti' – 150 years since its release] [Electronic resource] // Qazaqstan TV. – 28.04.2020

8 **Altynbekova, O. B., Bekturganova, G. Z.** Kazakhsky i russky yazyk v zakonodatel'stve Kazakhstana [Kazakh and Russian languages in the legislation of Kazakhstan] [Text] // Kazakh National University named after Al-Farabi. – 2023. – P. 131-136

9 **Barlybaeva, S.** Vekhi razvitiya kazakhskogo televideniya: 60 let [Milestones in the development of Kazakh television: 60 years] [Text] // KazNUvestnik. – 2018. – Vol. 48. – No. 2. – P. 84-89

10 **Loshakova, A. I.** Ispol'zovanie zhargonizmov v SMI kak odna iz osobennostey yazyka SMI [Use of jargon in the media as a feature of media language] [Text] // Molodoy uchenyy. – 2020. – No. 48 (338). – P. 595-597

11 Qazaq tili – últ tútastyǵynyń negizi [The Kazakh language as the basis of national unity] [Electronic resource]. – Termincom.kz: official site

12 Media zhane zhurnalistika: teoriya men tájiribeye jaña kózqaras [Media and journalism: a new perspective on theory and practice] [Electronic resource]. – OpenU.kz

13 **Gorina, E. V.** Pochemu tak mnogo oshibok? K voprosu o gramotnosti sovremennykh mediatekstov [Why so many mistakes? On the literacy of modern media texts] [Text] // Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatelskiy zhurnal. – 2021. – No. 12 (114). – https://doi.org/10.23670/IRJ.2021.114.12.156

14 **Golovanova, D. S., Yakimenkova, I. N.** Vliyanie internet-slenga na rechevuyu kulturu sovremennoy molodezhi [The influence of internet slang on the speech culture of modern youth] [Text] // Yuny uchenyy. – 2019. – No. 3 (23). – P. 1-3

15 **Aukesheva, A., Tokpanova, A. A.** Mediamätindegi lingvistikalıq erekshelikter [Linguistic features in media texts] [Text] // Khabarshy. Zhurnalistika seriyasy. – 2024. – No. 1 (71). – P. 103. – https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v71.i1.10

16 **Omarbekova, G. Ä.** Til zhane zhaģandanu: oku quraly [Language and globalization: textbook] [Text] // Fastprint. – 2019. – 160 p.

17 Til zhane mädenietaralyq kommunikatsiya [Language and intercultural communication] [Electronic resource]. – OpenU.kz

01.10.25 ж. баспаға түсті.
24.10.25 ж. түзетулерімен түсті.
10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Шукенай[1], Н. М. Уали[2], Г. М. Мамырбек[3]
[1]Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган;
[2,3]Институт языкознания имени А. Байтурсынулы,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 01.10.25.
Поступило с исправлениями 24.10.25.
Принято в печать 10.08.26.

ЯЗЫКОВЫЕ АНОМАЛИИ В СОВРЕМЕННОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ: ТИПЫ, ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

В современном медиапространстве несоблюдение языковых норм становится все более частым явлением, и это явление оказывает существенное влияние на общественное сознание и языковую культуру. В статье анализируются не только виды и причины языковых девиаций в медиапространстве, но и их социальные и культурные последствия. Авторы раскрывают взаимосвязь языковых норм и девиаций, описывая такие факторы, как характер общения в Интернете, языковые сокращения в социальных сетях, явление кодового смешения, частота орфографических и грамматических ошибок на конкретных примерах. В рамках исследования в Талдыкоргане был проведен опрос с целью изучения отношения общественности к использованию казахского языка в медиапространстве. В результате было выявлено, что хотя большинство респондентов признают важность соблюдения чистоты языка, кодовое смешение и орфографические ошибки встречаются часто. Кроме того, результаты опроса определяют отношение простых людей к чистоте языка и уровень восприятия языка СМИ. Данное исследование позволяет оценить развитие казахского языка в цифровую эпоху и его трансформацию в условиях глобализации.

В статье подчеркивается, что поддержание языковых норм является не только лингвистическим вопросом, но и важным вопросом, связанным с национальным сознанием и культурой. В связи с этим авторы предлагают конкретные рекомендации, такие как повышение языковой грамотности, усиление профессиональной языковой подготовки журналистов и блогеров, а также приоритетность стилистики и языковой культуры в системе образования.

Ключевые слова: медиапространство, языковое отклонение, языковая культура, интернет-язык, цифровая среда.

*G. Shukenay[1], N. Uali[2], G. Mamyrbek[3]
[1]Zhetysu University named after I. Zhansugurov,
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan;
[2,3]A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 01.10.25.
Received in revised form 24.10.25.
Accepted for publication 10.08.26.

LINGUISTIC ANOMALIES IN THE MODERN MEDIA SPACE: TYPES, CAUSES, AND CONSEQUENCES

Non-observance of language norms has become more frequent in the modern media space, and this phenomenon has a significant impact on public consciousness and linguistic culture. The article analyzes not only the types and causes of linguistic deviations occurring in the media space, but also their social and cultural consequences. The authors reveal the relationship between linguistic norms and deviations, using specific examples to characterize such factors as the nature of communication on the Internet, linguistic compactness in social networks, the phenomenon of code mixing, the frequency of spelling and grammatical errors. As part of the study, a survey was conducted in Taldykorgan, the attitude of the population to the use of the Kazakh language in the media space was studied. As a result, it was found that although the vast majority of respondents recognized the importance of maintaining language purity, code mixing and spelling errors were commonplace. In addition, the survey results determine the attitude of ordinary people to the purity of the language and the level of perception of the media file. This study allows us to assess the development of the Kazakh language in the digital age,

transformation in the context of globalization. The article emphasizes that the observance of linguistic norms is a serious problem not only of linguistic, but also of national consciousness and culture. In this regard, the authors propose specific recommendations for improving language literacy, strengthening professional language training for journalists and bloggers, and prioritizing stylistics and language culture in the education system.

Keywords: media space, language deviation, language culture, Internet language, digital environment.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Абдыханова Бактыгуль Айдапкелевна, PhD, кауымд. профессор м.а., шетел және орыс тілдері кафедрасы, Шәкәрім университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы, e-mail: baktygul.abdykhanova73@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8076-2336

Абишева Шарапат Сабитовна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы, e-mail: abisheva_sharapat@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4856-9936

Аблаев Азимхан Серикович, педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: azimkhan-ablaev@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-2801-5818

Абужалитова Ақбаршын Талғатқызы, докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: akbarshyn@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6251-7203

Адильбаева Даметкен Сартаевна, педагогика ғылымының магистрі, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: adildana@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9862-8012

Ажгалиев Марат Қайыржанұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы, e-mail: marat_ajigaliev@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0267-5231

Аитова Жанар Жұмабекқызы, филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы. e-mail: aitova_1@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-3771-2656

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ әдебиеті кафедрасы, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010010, Қазақстан Республикасы, e-mail: a_zhanat@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7061-3000

Айтуғанова Сәулеш Шамшақызы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, қазақ әдебиеті кафедрасы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: s-aituganova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7619-4310

Акишева Жанаргуль Сапаровна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымд. профессор, Қазақ және орыс тілдері кафедрасы,

Satbayev University, Алматы қ., 050013, Қазақстан Республикасы, e-mail: z.akisheva@satbayev.university, https://orcid.org/0009-0008-2899-6707

Алимтаева Лаззат Тұрғынқызы, филология ғылымының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050060, Қазақстан Республикасы, e-mail: ali-mtayeva.lazzat@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-6679-6174

Алкебаева Дина Ақбергенқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Филология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: alkebaeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2348-4047

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы, PhD, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5947-6084

Алпысбай Әлия Рүстемқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: alpysbai.aliya@bk.ru, https://orcid.org/0009-0000-6937-4578

Амангельдин Еркин Абилгазиевич, докторант, Филология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: erkin.amangeldin@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-2785-4547

Аминова Ляззат Аманаевна, педагогика ғылымдарының магистрі, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Lazzat19942208@mail.ru, https://orcid.org/0009-0008-6285-6193

Андрющенко Ольга Константиновна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: andryucshenko_olga@ppu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-4269-9588

Анесова Альбина Женисовна, PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anesova_albina@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2338-0996

Арзиева Евгения Руслановна, PhD, ассистент-профессор, Гуманитарлық ғылымдар мектебі, Нархоз университеті, Алматы қ., 050035, Қазақстан Республикасы, e-mail: belong_to_dreams@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3916-4451

Ашинова Күнипа Ахатовна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Педагогика институты, Астана Халықаралық университеті, Астана қ., 020000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kunipa_almaty@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-6938-2092

Ахметова Бигайша Зейнулльевна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bigaisha@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8018-6532

Аяпбергенов Булат Кабиденович, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: abitovad@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0001-5327-9058

Әбдісәмет Қаракөз Ерланқызы, докторант, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: karakoz_24-98@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8871-0706

Әбдуәлиұлы Бекжан, филология ғылымдарының докторы, профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республика-сы, e-mail: Bekzhan_A7@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1481-8850

Әділбекова Жанар Болатқызы, докторант, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 100000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhanara-snowy@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-0109-7743

Әуесбаева Пакизат Теңізбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., 050028, Қазақстан Республикасы, e-mail: ksaryarka@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0002-7716-9715

Байжігіт Ботагөз Сабитқызы, PhD, қауымд. профессор м.а., Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bota_bs90@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5384-466X

Баймыш Лаура Құрманәліқызы, филология ғылымдарының кандидаты, оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ., 160013, Қазақстан Республикасы, e-mail: Laura.baymysh@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-4166-5429

Байсыдық Индира Болатбекқызы, PhD, қауымд. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., e-mail: i.baissydyk@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-5013-4398

Баратова Мухаббат Нұржауқызы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., 140008, e-mail: baratova.muhabbat1970@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7509-5652

Бахралинова Әсел Жақсылыққызы, PhD, филология ғылымдарының кандидаты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: 87013271319@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-1535-1706

Балхимбекова Перизат Жанатовна, PhD, доцент м.а., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Peri_75_@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4510-8379

Бәкірова Шолпан Әбдікәрімова, филология ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ., 160013, Қазақстан Республикасы, e-mail: sholpan.2030@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8197-2711

Бегманова Бибіжан Сейтханқызы, филология ғылымдарының кандидаты, қауым.профессор, қазақ әдебиеті кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050028, Қазақстан Республикасы, e-mail: bibizhan.begmanova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-9135-6752

Бекбосынова Асия Хасанқызы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, e-mail: assia-bek@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3061-0005

Бекен Асель Абдирашовна, PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: Assel_bakber@mail.ru, https://orcid.org/0009-0007-5994-3651

Бердыбекова Жанар Маженовна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhanarberdib@ mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2199-3203

Бертаева Анар Секеновна, докторант, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: anar-teacher@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0002-8891-2746

Бейсембаев Амангельды Ракишұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aman2908@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7627-2040

Бирай Нергис, доктор, профессор, Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері кафедрасының меңгерушісі, Гуманитарлық ғылымдар факультеті, Памуккале университеті, Денизли қ., 20000, Түркия, e-mail: nergisb@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-4168-220X

Вахитова Танзиля Фанисовна, PhD, аға оқытушы, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы, e-mail: tanzilusha_v@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7473-4336

Демченко Алена Сергеевна, PhD, Филология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: alenchika@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0635-9247

Джумашева Алина Булатовна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты, Алматы қ., 050013, Қазақстан Республикасы, e-mail: a.jumasheva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0001-5123-0066

Ерғалиев Қуаныш Советұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ә. Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: ergaliev1976@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0479-6088

Ерғалиева Самал Жанатқызы, PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: samal17.12@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2832-6996

Ереханова Фатима Туреханова, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, «Тілдер және әдебиет» кафедрасы, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы, e-mail: siliconoasis702@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-3344-3839

Емельбаева Эльвира Жұмағалиқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, Гуманитарлық-заң факультеті, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: e.emelbaeva@tau-edu.kz, https://orcid.org/0009-0007-7551-5892

Есенова Қалбике Өмірбайқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kalbike_65@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7402-3625

Жанабекова Динара Болатбекқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, әдіскер, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: dinara.pvl1984@gmail.com, https://orcid.org/0009-0000-6280-8126

Жанғалиева Дина Ағыбайқызы, магистр, оқытушы, шетел және орыс тілдері кафедрасы, Шәкәрім университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан

Республикасы, e-mail: dina_zhangalieva@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-8433-4263

Жорашова Айжан Маратовна, докторант, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: ayzhan.zhorashova@mail.ru, https://orcid.org/0009-0000-6984-4779

Жумагулова Айша Алгабековна, PhD, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: aisha_jumagulova@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-9473-0204

Жумабекова Бейбитнур Капаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: beibitnur@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3327-0931

Жуманбаева Риза Оразгалиевна, PhD, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: riza.zhumanbayeva18@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-9469-8686

Журавлева Елена Александровна, филология магистрі, аға оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: milsoph_1982@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1090-1358

Жүсіпов Ертай Қуандықұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: Ereke1972@inbox.ru, https://orcid.org/0009-0007-5670-5711

Жүсіпов Нартай Қуандықұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: nartai1970@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2111-6833

Жүсіпова Гүлназ Қуандыққызы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Гуманитарлық-заң факультеті, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhusip69@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-5723-7556

Жүнісқали Әсия Қайырқызы, докторант, «8D02305-Филология» білім беру бағдарламасы, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bagdat-assiya@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-8319-7739

Жұмақаева Береке Дәулетханқызы, профессор, «Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасы, Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультеті, SDU University, Қаскелең қ., 040900, Қазақстан Республикасы, e-mail: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-2160-8117

Зейнулина Айман Файзулловна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: akbura66@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7039-2375

Ибрагимов Жұмағали Баянбайұлы, PhD, аға оқытушысы, жетекші ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0001-9111-7586

Ибраева Назгуль Бауржановна, докторант, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: nazia-25@mail.ru, https://orcid.org/0009-0009-5992-2193

Ибраева Жанар, PhD, А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhanar.ibraieva.77@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-2632-6332

Ихсан Данияр Маратұлы, докторант, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: ikhsandaniyar@gmail.com, https://orcid.org/0009-0006-3092-4791

Исабекова Жұлдыз Абайдуллаевна, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050028, Қазақстан Республикасы, e-mail: djuzi-85@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-6502-3487

Исмагулова Гульнар Кульмухамбетовна, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulnar.ism@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2342-575X

Калиев Болат Назымович, докторант, 8D02303 «Орыс филологиясы» білім беру бағдарламасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bolatico@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-6165-6068

Кадырова Галина Рабиковна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., 500013, Қазақстан Республикасы, e-mail: g.kadyrova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-3825-4423

Қадыров Жанбай Тұраруұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhkadyrov_777@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5494-91058-775-137-26-10

Қадыров Асылхан Жанбайұлы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Тіл және әдебиет институты, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы, e-mail: k-sean@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-5066-8324

Капенова Жанарсын Жуматовна, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, «Мемлекеттік және шет тілдері» кафедрасы, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ бизнес және технология университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zhanarsyn_k@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-8246-9149

Касенова Айгерим Калмахановна, докторант, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: a.kasen_2010@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-3264-4505

Касымова Асем Аленовна, PhD, қауымд. профессор, Шәкәрім университеті, Семей қ., 071410, Қазақстан Республикасы, e-mail: assemzere.ak@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8783-888X

Кемеңгер Қайырбек Ризбекұлы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kkemenger@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-0691-4527

Кенбаева Айнур Зинеловна, PhD, аға оқытушы, Филология факультеті, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., 090000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kenbayeva84@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-3536-8713

Килевая Людмила Тимофеевна, филология ғылымдарының докторы, профессор, Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., 050013, Қазақстан Республикасы, e-mail: kilevaya@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5477-8756

Клюшина Зоя Владимировна, филология магистрі, аға оқытушы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: zoya.klyushina@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1443-7193

Кос Валентина Владимировна, докторант, шетел тілі филологиясы факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: valikikos2@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-4901-9509

Кошимова Бибатпа Амирхановна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, доцент, «Қазақ филологиясы» кафедрасы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы, e-mail: bibatpa.koshimova@yu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0001-5544-3712

Қожас Дина Алтынбекқызы, докторант, «Филология» мамандығы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров унивеситеті, 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: kapar.dina@mail.ru, https://orcid.org/0009-0006-1306-7249

Қазақбаева Камила Рысбекқызы, аға оқытушы, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасы, Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті, М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы, e-mail: kamila_kazakh@mail.ru, https://orcid.org/0009-0006-1927-7984

Кривенко Галина Анатольевна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, доцент, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140011, Қазақстан Республикасы, e-mail: krivenko.ga@teachers.tou.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-0370-6044

Құмар Лаура Қайратқызы, докторант, «Қазақ филологиясы» мамандығы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: kumarlaura1996@gmail.com, https://orcid.org/0009-0005-2637-0936

Кулахметова Мергуль Сабитовна, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, 140000, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: kmergul@yandex.ru, https://orcid.org/0000-0001-5500-6416

Курманова Бактыгул Жакеновна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, орыс филологиясы және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы, e-mail: baktigul_2001@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5305-215X

Құрман Несібелі Жәкенқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Филология кафедрасы, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, e-mail: nessibeli_k@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-5757-9031

Мадеева Асия Айтуаровна, педагогика мен психология магистрі, докторант, аға оқытушы, шетел филологиясы кафедрасы, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Торайғыров университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы, e-mail: assiya_madeyeva@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-0261-5132

Мамыр Сабина Дүйсенбайқызы, докторант, Филология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: sabina.mamyr@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-7818-4946

Мамырбек Гүлфар Мәжитқызы, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulfar76@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7399-2122

Манапбаева Жаннура Жарқынбековна, PhD, қауымд, профессор, Тұрақты даму мақсаттарын интеграциялау орталығының директоры, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы, e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-4650-1727

Мәди Баян, докторант, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: Bayan.Madi@outlook.com, https://orcid.org/0009-0008-1906-8167

Медетова Эльвира Батырбековна, докторант, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, e-mail: medelvira.0306@gmail.com, https://orcid.org/0009-0009-5494-3147

Мекебаева Лейла Адамовна, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы, e-mail: mekebaeva.leyla@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-5543-9676

Монгилёва Наталья Викторовна, филология ғылымдарының кандидаты, доценті м.а., шетел филологиясы кафедрасы, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы, e-mail: 77772456222@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2150-2312

Мукатаева Гульнур Елеусизовна, география магистрі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығы республикалық мемлекеттік мекемесі, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы, e-mail: mukataeva.gulnur071181@mail.ru, https://orcid.org/ 0009-0007-1516-5528

